

Құлшылықтар фикһы (Ханафи мәзһабы бойынша) Имам Әбу Ханифа ан-Нұғман

Имам Әбу Ханифаның заманында ілім көбінесе арабтардан басқа ұлт өкілдеріне ие мұсылмандарда болатын. Олар сахабалардан кейін, Аллаһ тағала оларға разы болсын, ұзақ уақыт ислам мемлекетінің ғылыми орталығы болып қызмет етеді. Бұл құбылыс - пайғамбарымыздың (с.ғ.с) ғайыптан жеткізген хабарының расталуы. Имам Ахмад жеткізген хадисте Аллаһтың елшісі (с.ғ.с) былай деді: **«Ілім жұлдыздар шоғырында болса да, парсы ұрпақтарынан шығатын адамдар, әлбетте, оған қол жеткізеді».**

Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Пайғамбардың (с.ғ.с) қасында отырған едік. Оған «Жұма» сүресі түсті. Ол оны оқып, **«Сондай-ақ бұлардан кейінгілерге де. Олар әлі бұларды көздерімен көрмеді»** деген жерге жеткенде біз: «Әй, Аллаһтың елшісі, олар кімдер?»-дедік. Үш мәрте сұралмайынша жауап бермеді. Арамызда парсылық Салман болатын. Аллаһтың елшісі (с.ғ.с) қолын парсылық Салманға қойды. Сосын былай деді: **«Иман жұлдыздар шоғырында болса да, мыналардан тарайтын адамдар, әлбетте, оған қол жеткізеді»¹.**

Имам Әбу Ханифа, Аллаһ тағала оған рахымшылық етсін, һижраның сексенінші жылы Куфа қаласында дүниеге келеді. Сонда ер жетіп, тәрбие алады. Өмірінің едәуір бөлігі Куфада өтеді. Ата-анасы жайлы онша көп мағлұмат сақталмаған. Бар білетініміз, екеуі де мұсылман отбасында туып, тақуалық тәрбие алған. Әкесі Сәбит сауда ісімен айналысады. Тарих кітаптарында Сәбиттің кішкентай кезінде Әлимен, Аллаһ тағала оған разы болсын, кездескені жайлы мағлұмат бар. Әли оған және ұрпағына береке тілеп, дұға жасаған екен. Баласының кәметет жасын көруін жазмыш нәсіп етпей, өмірден озады. Әбу Ханифа әкесінен қалған үлкен дәулетті мұраланады. Сәбиттің Әбу Ханифадан басқа баласының бар-жоғы белгісіз. Сақталған деректер бойынша, анасы баласынан ұзақ өмір сүреді.

Әбу Ханифа шынайы мұсылман отбасында тәрбие алады. Өмірінің алғашқы қадамын еңбек саласында әкесі секілді саудамен бастайды. Жас кезінен-ақ көпшілік арасында ерекше парасаттылығымен танылады. Мұны байқаған тарихшы фақиһ Аш-Шаъби оған білім саласына берілуін өсиет етеді. Осы өсиеттің рухымен Әбу Ханифа саудасына сенімді кісіні тағайындап, өмірін ілім саласына арнайды.

Әбу Ханифаның өмірлік жолы ислам мәдениетінің биік шыңында көрінетін. Ол Құран Кәрімді Асим қырағатымен жаттайды. Кейін араб тілі грамматикасы мен әдебиетін, хадис ілімін, ислам ақидасы негіздерін үйренеді. Өз ғасырында бой көтерген түрлі топтардың ақида мәселесіне қатысты шақырған пікір таластарына қатысатын. Әбу Ханифа пікірталастың әдептері мен ережелерін мұқият сақтайтын. Бірде баласы әкесінің жолын қуып, пікірталасқа берілмекші болғанда, ол оны бұл жолдан қайтарады. Баласы одан: «Сіз пікірталасқа өзіңіз қатысатынсыз. Бізге неге тыйым саласыз?»-деп сұрағанда оған былай жауап береді: «Рас, біз ой таластыратынбыз. Алайда ой таластырғанда тақуалық шекарасынан аттамайтынбыз және қарсыласымыздың адасуын еш қаламайтынбыз. Ал сендер қарсыластарыңды қатерге апарасыңдар. Кім бұлай істесе - өз қарсыласын күпірлікке итергісі келгені. Ал кім қарсыласын күпірлікке итеруді қаласа, күпірлікке, алдымен, өзі түскен болады». Өмірінің қалған күндерін имам фикһ ілімін зерттеуге арнайды. Имам фикһ ілімін таңдау себебін түсіндіре отырып, былай деген: «Мен фикһ ілімін ақтарған сайын ол өз маңыздылығын арттыра түсті. Сосын көзім жеткені - оны жақсы білмейінше парыздар да дұрыс атқарылмайды, дін де дұрыс орнамайды және құлшылық та дұрыс жасалмайды. Онсыз, тіпті, дүние мен ақиреттің табысы да жөн таппайды».

Имам өз ғасырындағы үлкен ғалымдардың пәтуаларымен танысады. Жиырма екі жасынан бастап Хаммад ибн Әбу Сүлеймен ғалымнан дәріс алады. Ол кісі дүниеден өткенше қасында болады. Ұстазы дүниеден озған жылы имам қырық жасқа толады. Ол Хаммад ұстазымен бірге

¹ Әл-Бұхари, Мүслим және Ат-Тирмизи жеткізді

Меккеге бірнеше мәрте қажылық жасаған болатын. Ондағы факиһтармен¹, мұхаддистермен², басқа да ғалымдармен кездесіп көп хадистер естиді. Фикһ мәселелерін ортаға салып, тәжірибе алмасады.

Сахабалардан фикһ пен ижтиһадты меңгерген табиғундардан білім алуы үшін, имам олардың елдеріне барып тұратын. Осы ғылыми сапарларына қатысты имам Әбу Ханифа былай деген: «Мен табиғундардан Омардың фикһын, Ибн Масғудтың фикһын және Ибн Аббастың фикһын үйрендім».

Қырық жасында имам Куфадағы мешітте ұстазы Хаммадтың орнына шәкірттеріне тәлім беруге отырады. Құран мен сүннетке және факиһ сахабалардың сөздеріне негізделген пәтуәлары жарық көреді. Бұл дереккөздерде үкімі айтылмаған мәселені соған ұқсас мәселемен салыстыру негізінде үкім беру тәсілін - қияс тәсілін қолданады. Осылайша, Куфада төрт мәзһабтың алғашқысы - ханафи мәзһабы пайда болады.

Имам Әбу Ханифа пайғамбарымызды (с.ғ.с) өнеге тұтып, күнінің күндізін оразамен, түнін Құран оқып тәһажжуд намазымен өткізетін. Көңілінің көктемі мен жүрегінің нұры Құран болатын. Адамдар оны әрдайым Аллаһ тағалаға бағынышты күйде жүретінін көретін. Көршілерінен жеткен хабарда имам Әбу Ханифаның таһажжуд намазында жылап тұратыны және қарапайым мінезді болғаны айтылады. Әке-шешесіне дұға жасап, олардың атынан пақырларға садақа тарататын. Табысына арам табыс араласпас үшін саудасын мұқият тексеріп отыратын. Бірде серігі ақауы бар киімді біле тұра сатып қояды. Мұны ести сала имам сөредегі бүкіл тауарын садақа етіп таратып жібереді. Аманатқа сенімділігін көрген халық оны сауда ісінде Әбу Бәкірге, Аллаһ тағала оған разы болсын, ұқсататын. Замандастарының бірі Малих ибн Уакиъ имам жайлы былай деді: «Әбу Ханифа өзіне тапсырылған аманатқа қатты қарайтын. Аллаһ дегенде жүрегі қалтырайтын. Аллаһтың разылығын бүкіл нәрседен артық көретін. Аллаһ үшін қылыш көтеру қажет болса, көтерер еді». Фадил ибн Ыяяд имамның көркем мінезділігі жайлы былай деді: «Әбу Ханифа - фикһ ілімін жетік меңгерген ғалым. Мол дәулетін мұқтаждармен бөлісетін. Күдіз-түні білім іздеуде сабырлық танытатын. Түні құлшылықпен өтетін. Көп ойланатын. Аз сөйлейтіні соншалықты, өзіне шарифат мәселесінде қойылған сұраққа пәтуа айтуы үшін ғана сөйлейтін секілді. Адамдарды ақиқатқа бастайтын. Сұлтаннан мал алудан азаптан қорыққандай қашатын».

Имам Әбу Ханифаның ғасыры түрлі қайшылықтар мен ағымдарға толы болатын. Ол Ұмауия мемлекетін де, Аббасия мемлекетін де көзімен көрді. Сұлтандардың алдындағы ұстанымы ашық және берік болатын. Ұмауия мемлекетінің Куфаға тағайындаған әкімі Омар ибн Һабира имамды өз қасына қызметке шақырғанда ол бас тартады. Әкім оны абақтыға қамап, азап шектіреді. Абақтыдан шыққанда Әбу Ханифа Меккеге қоныс аударуға мәжбүр болып, һижраның 130-136 жылдары сонда тұрады. Меккеде Ибн Аббастың, Аллаһ тағала оған разы болсын, ғылыми мұрасы саналатын фикһ пен хадис ілімдерін үйренуін жалғастыруы нәсіп болады. Билік басына аббасиялықтар келгенде имамның Куфаға оралуына мүмкіндік туады. Куфадағы мешітте дәріс беруін қайта жалғастырады. Халифа Мансұрдың Әлидің әулетіне қатысты қате ұстанымын бірде Әбу Ханифа сынға алады. Мансұрдың қасындағы кейбір адамдар имамды күндеп, халифаны оған қарсы жауластырады. Имамның сұлтанға деген ықыласын сынамақшы болған халифа оған сотқазы қызметін ұсынады. Бұл қызметте нәпсі күнәға былғанып, үлкен қатерге ұшырайтынын жете білетін имам Аллаһтан қорқып, ұсыныстан бас тартады. Қызметті қабыл алмағаны үшін халифа оны абақтыға салып, ұзақ уақыт азап шектіреді. Кейін рақмет айтып, шүкір етуі үшін пәтуа қызметіне кіріссін деп, халифа имамды абақтыдан шығарады. Алайда имам пәтуа беру қызметіне отырмайды. Халифа оны абақтыға қайта салып, ұзақ уақыт азап шектіреді. Кейін босатып, адамдармен кездесуіне де, пәтуа беруіне де мүлде тыйым салады. Осыдан кейін имам Әбу Ханифа һижраның 150 жылы өмірден озғанша үй қамауында болады.

¹ Фикһ ілімін зерттеуші ғалымдар

² Хадис ілімін зерттеуші ғалымдар

Өсиеті бойынша имам Хизранда жерленеді. Жаназасына елу мың адам қатысады. Тіпті халифа Мансұрдың өзі қателігі мен имамның діндарлығын мойындаған түрде имамның жаназасына қатысады. Аллаһ тағала имам Әбу Ханифаны рахымына бөлесін!

Имамның ғылыми дәрежесі және сүйенген негіздері

Имам Әбу Ханифа - тәуелсіз фақих. Фихі ілімінде имам ешкімге еліктемейтін тәуелсіз жолды ұстанып, оны терең меңгереді. Имаммен араласқан ғұламалардың бірінің былай дегені бар: «Әбу Ханифаның қасында бес жыл болдым. Көп сөйлемей, ұзақ үнсіздік сақтайтын кісі еді. Ал, енді фихтан бір мәселе сұралса болды, әңгімеге ашылып, өзен арнасындай ағатын. Даусы күшейіп, дауыстап сөйлейтін». Замандасы Абдулла ибн Ал-Мұбарак имамды «Ілім көзі»-деп сипаттайтын. Имамның ақыл-ойы, көзқарастары мен білімі ғасырына үлкен әсерін тигізді. Философтармен және түрлі ағым өкілдерімен пікір таластырып, оларды қате көзқарастарынан қайтаратын. Имам фих саласында, хадистерді түсінуде, айтқан үкімдерінің дәлелдерін баяндауда ерекше парасатты болатын. Замандастары ол жайында былай дейді: «Өз кезімізде хадисті одан артығырақ түсінетін ешкімді білмедік».

Бұл білім имам Әбу Ханифаға қайдан келді? Сүйенген негіздері қандай? Ислам әлемі тарихында имамның мәртебесін не көтерді?

Әбу Ханифаның ғылыми көркем бейнесінің қалыптасуы төрт факторға негізделеді. Олар: 1) сипаттары; 2) ұстаздары; 3) жеке ізденісі мен тәжірибесі; 4) ғасыры.

1) Сипаттары. Әбу Ханифаны көрген ғұламалар оның бойынан болашақ ғалымның бейнесін байқайтын. Имам бастаған ісіне табандылықпен берілетін. Шешіміне сенімді болатын. Алысқа қарап ойлайтын. Дауға билік айтарда, алдымен, істің жәйттерін анықтайтын. Сезімдеріне ұстамды болып, нәпсісін бақылауынан шығармайтын. Қарсы сөзді әрдайым жеңіл қабылдап, ақиқаттан ауытқымайтын. Қарсыласының қатты сөзін «Аллаһым! Бізді күндеген адамдарға жүрегіміз әрдайым ашық»-деп қабылдайтын. Пәтуа беруінде ешкімнің көңіліне ермейтін. Құран мен сүннеттің мәтіндеріне ғана, сондай-ақ сахабалардың пәтуаларына сүйенетін. Мәселені зерттегенде мәтін мен істің де сыртқы мағыналарымен шектелмей, жәйттерді есепке алып, алысқа қарап ойлайтын. Ақиқатқа жетуде ықыласты болатын. Пікір таластырғанда ақиқатқа жетуден басқаны көздемейтін. Өз пәтуасын ұстануды ешкімге міндеттемейтін және оны ойлардың ең дұрысы деп пайымдамайтын. Керісінше, адамдарға былай дейтін: «Біздің бұл сөзіміз - ойымыз ғана. Қол жеткізген ойларымыздың жақсырағы осы болды. Кім бұл сөзімізден жақсырағын әкелсе, онда оның сөзін ұстану лайықтырақ болады». Міне, осы аталған сипаттар Әбу Ханифадан үлкен фақихты жасап шығарды.

2) Ұстаздары. Имам Әбу Ханифаның кішкентай күнінде біраз сахабалармен кездескені рас. Олар: Анас ибн Мәлик, Абдулла ибн Әбу Ауфа, Саһіл ибн Сағд, Аллаһ тағала оларға разы болсын. Бірақ кішкентай болғандықтан, олардан ешнәрсе жеткізбеген. Тарихшы ғалымдардың жеткізген нақты деректер бойынша имам үлкен табиғундармен кездесіп, олардан дәріс алған. Табиғундардың сахабалардан алған фихын үйреніп, біраз хадистер мен сахабалардың сөздерін жеткізгені бар. Мұны имамның өз сөзі бекітеді: «Білім мен фих бұлағында болдым және оның басындағы ғұламалармен отырдым. Нәтижесінде, Аллаһқа шүкір, сол бұлақтан сусынданған фақихтардың біріне айналуым нәсіп болды».

Әбу Ханифаның үлкен ұстаздары: Шейх Ата ибн Әбу Рабах пен Шейх Нафиъ. Ата ибн Әбу Рабах фихты Икримадан, ал Икрима Ибн Аббастан үйренген.

Ал Нафиғ фихты Ибн Омардан үйренген. Осылайша, имам Әбу Ханифа табиғундар арқылы Омардың, Әлидің, Ибн Аббастың, Ибн Масғудтың және Ибн Омардың білімдерін мұралады, Аллаһ тағала оларға разы болсын. Сонымен қатар имам Әбу Ханифа пайғамбарымыздың (с.ғ.с) әулетінен болған Зайд ибн Әли, Мұхаммед Ал-Бақир, Жағфар Ас-Садық, Абдулла ибн Хасан ибн Хасан секілді тұлғалардың білімінен де хабардар еді.

Имам өз ғасырында бой көтерген түрлі ағымдардың өкілдерімен кездесіп, олардың да көзқарастарымен, сөздерімен, келтірген дәлелдерімен таныс еді. Олардың сөздерінде дұрыс болғанын алып, қате болғанын түзететін.

3) Жеке ізденісі мен тәжірибесі. Имам Әбу Ханифаның өмірлік бағыты, білім ізденісі және мол тәжірибесі оның фақиһ ғалым болуына зор ықпалын тигізді. Білім іздеуімен қатар саудасын тастамаған еді. Ерте кезден саудамен айналысқандықтан бұл кәсіптің егжей-тегжейін және онымен байланысты ғұрыптар мен мәселелерді жақсы білетін. Бұл тәжірибе оның муамалат (қарым-қатынастар) саласындағы үкімдерді айтуына зор пайдасын тигізді. Ол Құран мен сүннет мәтіндерінен, сахабалардың пәтуаларынан, «қияс», «ғұрып», «истихсан», «жағдайларды есепке алу», «екі зиянның ең жаманын қақпайлау» секілді тәсілдерді қолданып, үкім шығара алатын мужтаһид дәрежесіне жетті. Осы ыждағаттың негізінде адамдарға фикһты үйрететін жаңа мәзһабтың негізі салынды.

Имамның тәлім беруде арнайы тәсілі болатын. Бұл тәсіл ұстаз бен шәкірттің ойлау жүйесін қоса арттыратын. Мәселенің үкімін бекітуде имам, алдымен, ол мәселені шәкірттерімен отырғанда ортаға салып талқылайтын. Шәкірттерінің ойларын тыңдап, кейін өз ойын айтатын. Сөйтіп, осы талқылаудан барлығы келіскен түйінді ойды шығаратын. Осы тәсілдің рухымен имамның және шәкірттерінің ілімі мен ойы үздіксіз дамуда болатын.

4) Ғасыры. Имам Әбу Ханифа Ұмауия мемлекетінің қуатты кезеңін де, құлдыраған кезеңін де, ал Аббасия мемлекетінің қуатты кезеңін ғана көрді. Ұмауия мемлекеті кезінде елу екі жыл өмір сүріп, ғылыми дәрежесі кемеліне жетті. Ғұмырының қалған он сегіз жылын Аббасия мемлекетінде өткізді.

Имам Әбу Ханифаның фикһы

Фикһ ғалымдарының кейбірі үкім шығаруда көбінесе хадиске, кейбірі көбінесе көзқарасқа сүйенген. Имам Әбу Ханифа көбінесе көзқарасқа сүйенетін. Хадиске сүйенуші ғалымдардың әйгілісі - имам Мәлік. Көзқарасқа сүйену дегеніміз - Құранда, сүннетте және сахабалардың пәтуаларында үкім айтылмаған мәселеге «қияс», «ғұрып», «истихсан», «жағдайларды есепке алу» секілді тәсілдерді қолданып үкім шығару.

Хадиске сүйенушілер мен көзқарасқа сүйенушілер арасындағы айырмашылық екі нәрсеге байланысты: 1) көзқарасқа сүйену; 2) мәселенің жауабын көзқарасқа тапсыру. Хадиске сүйенушілер болған оқиғаға ғана пәтуа шығаруды жөн көреді. Сондай-ақ көзқарасқа ешқашан сүйенбейді. Ал көзқарасқа сүйенуші ғалымдар алдарына түскен мәселенің үкімін сөйлейтін сахих хадис болмаған жағдайда ижтиһад етіп пәтуа шығарады. Сондай-ақ олар болған оқиғалармен шектелмей, болмаған оқиғаларға да алдын-ала пәтуа беруді теріске шығармайды. Хадиске сүйенушілердің көбісі Хижазда тұратын. Хижаз - сахабалардың алғашқы отаны. Бұл жердегі табиғундар фикһты көзқарасқа көп сүйенбеген сахабалардан үйренген. Ал көзқарасқа сүйенуші сахабалардың көбісі Иракта қоныстанған болатын. Ол жердегі табиғундар фикһты Ибн Масғудтан үйренген еді. Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Әбу Мұса ал-Ашъариді Иракқа жібергенде былай өсиет етеді: «Сен баратын елдегі адамдар мешіттерінде ызылдаған аралар секілді Құранды ынтамен оқып отырады. Оларды сол қалпында қалдырып, көңілдерін хадиспен көп алаңдатпа». Сол себептен Куфада Ибн Масғуд, Аллаһ тағала оған разы болсын, өзінің дәрістерінде: «Білім дегеніміз - хадистің көптігінде емес, бірақ тақуалықта»-деп, хадистерді көп айтпайтын. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) хадистерін жеткізуден қымсынып, ойымен ижтиһад ететін. Өйткені, Ирак түрлі философиялар мен ескі танымдардың отаны болатын. Ибн Масғудтың бұл бағытын имам Әбу Ханифа жетекшілікке алады.

Имам Әбу Ханифа әлі болмаған мәселеге қатысты үкім айтуды теріске шығармайтын. Имамның былай дегені бар: «Расында, біз сынаққа келмей тұрып, дайындаламыз. Сонда, ол басымызға түссе, оған қалай кіруімізді және одан қалай шығуымызды алдын-ала білетін боламыз». Осылайша, имам Әбу Ханифа шамалау фикһін дамытты. Одан кейін келген фикһ ғалымдары пәтуа саласында шамалау фикһін пайдаланатын болды.

Имам Әбу Ханифаның «Муснад Әби Ханифа» деген кітабі әлі күнге дейін бар. Бұл кітапта пайғамбарымыздың (с.ғ.с) көптеген хадистері мен сахабалардың пәтуалары жинақталған. Имам фикһ іліміне қатысты арнайы кітап жазбаған. Оның фикһі шәкірттерінің жазбаларында сақталуда.

Әбу Ханифаның шәкірттері

Негізінде, имамның шәкірттері көп. Кейбіреуі имамның қасына басқа елден келіп-кетіп дәріс алатын. Кейбірі жергілікті болатын. Өзінің бір сөзінде олардың санын баяндайды: «Мына отыз алты шәкіртімнің жиырма сегізі қазы болуға жарайды. Алтауы пәтуа беруге, ал екеуі: Әбу Юсуф пен Зуфар қазылар мен пәтуа берушілерді тәрбиелеуге жарайды». Ұстаздарының бұл сөзі шәкірттерінің, шын мәнінде, ғылыми дәрежеге ие екеніне куәлік беруде. Мұхаммед ибн ал-Хасан ұстазы өмірден озғанда он сегіз жаста болғандықтан, қазы болуға әлі лайықты болмады. Алайда, Әбу Ханифаның фикһі мен жалпы ирактықтардың фикһін кітаптарға жинаған осы - Мұхаммед Ал-Хасан.

Имам Әбу Юсуф (h.113-182 ж). Толық аты: Яъқуп ибн Ибраһим ибн Хабиб. Тегі - ансарлық, ал туып өскен жері - Куфа. Тәлім алу жолына аяқ басқанда кедейлік өмірі талабына біраз кедергі келтіреді. Уақытының көбісі қаражат табуына жұмсалғандықтан ұстазының дәрістерінен біраз қалып қояды. Талабын байқаған имам Әбу Ханифа оған білім алуын жалғастыруы үшін ақшалай көмек көрсетеді. Әбу Ханифадан бұрын ол фақиһ Ибн Әбу Ләйлидан білім алады. Кейін Әбу Ханифаның алдына келеді. Әбу Юсуф фикһ ілімінің үлкен ғалымына айналады. Құран мен көп хадисті жатқа алады. Имам Әбу Ханифаның шәкірттерінің ішінде хадисті көп жаттағаны - осы Әбу Юсуф. Аббасия халифаты кезінде үш халифаның: Маһди, Һади және Рашидтің қасында сотқазы қызметін атқарады. Әбу Юсуфтың арқасында ханафи фикһі мұсылмандарға үлкен пайдасын тигізеді. Сотқазы қызметінде Әбу Юсуф әлеуметтік мәселелер мен адамдар арасындағы проблемалармен кеңірек танысып, оларды шешу жолдарын жақсы меңгереді. Кешегі теориялық «қияс», «истихсан» және «ғұрып» секілді тәсілдер тұрмыстың үзілмес іс-тәжірибесіне айналады. Әбу Юсуфтың Аббасия халифатының әуелгі сотқазысы болуымен ханафи мәзһабы әбден шындалып, ықпалы күшейеді. Көзқараспен қатар хадиске сүйенуді қолданған фақиһ ғалымдардың әуелгісі - Әбу Юсуф. Осылайша, ол екі тәсілді қосып ұстанатын. Әбу Юсуф ұстазы мен өзінің көзқарастарын жинақтап, көп кітаптар жазды. Олар: «Китаб әл-Әсәр», «Китаб Әби Ханифа уа Ибн Әби Ләйли», «Китаб ар-Рад ала Сиар ал-Аузаби» және т.б.

Мұхаммед ибн ал-Хасан аш-Шайбани (h.132-189 ж). Мұхаммедтің баласының атын байланыстырып атағандағы есімі - Әбу Абдулла. Ол - Шайбан әулетінен. Ұстазы қайтыс болғанда жасы он сегізде болғандықтан көп білім алып үлгермейді. Алайда Әбу Юсуфтың қызметімен шындалған фикһты тереңірек меңгеруін жалғастырады. Бұған қосымша, ол Хижазға барып имам Мәліктің фикһін және Шамға барып имам Әл-Аузабидің фикһін үйренеді. Әдебиетті жақсы меңгереді. Сонымен қатар Мұхаммед кітапта мәтіні ғана келген хадистердің дәрежесі мен жеткізушілерін баяндау дәрежесіне жетеді. Имам аш-Шафиғи ол жайында былай деді: «Мұхаммед ибн ал-Хасан сөйлегенде көзінді де, көңілінді де тойғызатын ділмар шешен еді. Тілінің әдебиеттік деңгейі соншалықты, естуші кісі оның тілін Құран тіліне ұқсататын». Ол да Әбу Юсуф секілді кейін сотқазы қызметін атқарады. Бұл қызметінің нәтижесінде теориялық білімі тәжірибеге ұласады. Мұхаммед алған білімін кітап бетіне түсіруді жақсы көретін. Ирактықтардың фикһін кейінгі ұрпақтарға жеткізген - осы Мұхаммед ибн ал-Хасан. Оның кітаптары ханафи фикһінің негізгі қайнары саналады. Олар: «Ал-Мабсут», «Ал-Зиядат», «Ал-Жамиғ Ал-Сағир», «Ал-Сияр Ал-Сағир», «Ал-Сияр Ал-Кабир», «Ал-Жамиғ Ал-Кабир», «Ал-Усул». Бұл кітаптардың бәрі ханафи фикһында «Кутуб Заһир ар-Риуая» ұғымында. Бұл кітаптың мазмұны Мұхаммедтің ұстазы Әбу Ханифадан және Әбу Юсуфтан естіген ілімді, сондай-ақ олардың үкімдеріне негіз болған сенімді ғалымдардың «мутауатир» және «мәшһүр» дәрежедегі ілімін қамтиды. Мұхаммед өзінің «Китаб ал-Асар» кітабында имам Әбу Ханифадан жеткен хадистер мен біраз сахабалардың сөздерін жинақтаған.

Зуфар ибн Һазил (h.110-158 ж). Зуфар имам Әбу Ханифаның алдына білім алуға Әбу Юсуф пен Мұхаммедтен бұрын келген еді. Дәлел келтіруге икемді, өте парасатты тұлға болатын. Имамның фикһінен көзқарасқа сүйенуді үйреніп, қияс тәсілін жақсы меңгереді. Зуфар да

ұстазы секілді кітап жазбағанымен, ұстазының көзқарастарын тәлім беруімен таратады. Басрада көптеген ғалымдармен кездесіп, фикһи пікірталастар жүргізеді. Фикһ илімін лайықты дәрежеде меңгерген кезде Басрада сотқазы қызметіне тағайындалады. Имам Әбу Ханифадан кейін мешіттегі тәлім беру орнына, алдымен, отырған - осы Зуфар еді. Кейін Әбу Юсуф отырады.

Имам Әбу Ханифаның бұл үш шәкірті имамның ережелеріне негізделетін мужтаһид дәрежесіне жетеді.

Ханафи мәзһабының тарауы

Ханафи мәзһабы тек қана имам Әбу Ханифаның көзқарастарына негізделмейді. Бұлай пайымдау үлкен қателік. Өйткені ол өз шәкірттерінің алдына ижтиһад есіктерін айқара ашқан болатын. Сондықтан ханафи мәзһабі имам Әбу Ханифаның көзқарастары мен ижтиһадтарына, шәкірттерінің ижтиһадтарына және олардан кейінгі ғұламалардың ижтиһадтары мен қағидаларына негізделеді.

Ханафи мәзһабының тарауы Куфада басталады. Кейін оны Бағдад ғалымдары үйренеді. Кейін бара-бара ислам әлемінің көптеген аймақтарына тарайды. Алдымен, Иракқа, кейін Мысырға, Сирияға, Рим мемлекетінің мұсылмандардың қолына өткен елдеріне, Мауараннаһр елдеріне, Ауғанстанға, Үндістанға және Қытайға тарайды.

Аббасия мемлекеті кезеңінде Рашид халифаның қасындағы сотқазы қызметіне Әбу Юсуф отырғалы ханафи мәзһабы ислам әлеміне ресми дәрежеде тарайды. Ислам әлемінің түкпір-түкпірінде Қиыр Шығыстан Солтүстік Африкаға дейінгі аймақтарда сотқазы қызметіне тек ханафилік фақиһ тағайындалатын. Осылайша, аббасиялықтар заманында, кейін османдықтар заманында ханафи мәзһабі мемлекеттік ресми мәзһабқа айналады. Ханафи мәзһабінің осындай ықпалына Әбу Юсуфтың қызметі әуелгі себеп болса, кейінгісі өзінің бейімделгіш қасиетіне байланысты еді. Мұндай қасиеті оны барлық замандарға және түрлі жағдайлар мен орталарға қолайлы етті.

Ислам міндеттеген амалдардың ханафи мәзһабіндегі үкімдері

1) Парыз. Құранның анық аяттарында, немесе мутауатир хадистерде, немесе ижмаъ шешімінде істелуі кесімді дәлелмен бекіп бұйырылған іс. Атқарылуы - міндетті, тасталуы - күнә. Тастаған кісі жазаға бұйырылады. Теріске шығарған кісі кәпір болады. Мұндай парыздарды білу және атқару - әрбір мұсылманның міндеті.

Парыз не құлшылықтың өзі, не құлшылықтың кіріспе немесе құрауыш бөлігі болуы мүмкін. Мысалы, намаз - парыз. Дәрет - оның міндетті кіріспе бөлігі немесе сыртқы парызы. Ал тахрим тәкбірі, қиям, қырағат, рукуғ, сәжде және соңғы отырыс - міндетті құрауыш бөліктері немесе ішкі парыздары. Бұлардың біреуі қалып кетсе, намаз дұрыс болмайды.

Сонымен қатар парыз сипаты тұрғысынан парыз айн және парыз кифая болып екіге бөлінеді. Парыз айн дегеніміз әркімге жеке жүктелген парыз. Әркім өзі істемейінше, мүлде мойнынан түспейді. Мысалы, отбасы мүшелері бесеу болып, біреуі ғана намаз оқыса, бұл намаздан басқа төртеуіне ешқандай үлес жоқ. Өздері оқымайынша, парыз мойындарынан түспейді. Ал парыз кифая дегеніміз көпшілікке жүктелген парыз. Көпшіліктен біреу оны орындаса, басқалардың мойнынан түседі. Ешкім істемесе, күнә бәріне бөлінеді. Мысалы, жаназа намазы.

2) Уәжіп. Құранның анық емес, түсіндірмелі аяттарында, немесе мутауатир емес хадистерде істелуі болжамды дәлелмен бекіп бұйырылған іс. Уәжіптің үкімі парыз секілді. Тек теріске шығарушы кәпір болмайды. Бұған пітір садақасы, үтір намазы, айт намаздары секілді құлшылықтар кіреді. Ханафи мәзһабі басқалардан осы үкімді парыздан бөлек қарастыруымен ерекшеленеді. Басқа мәзһаптарда парыз бен уәжіп - бір нәрсе.

3) Сүннет. Шариғат алдында істелуі міндетті емес, ұнамды болатын амал. Істеген кісіге сауап, ал істемегенге жаза жоқ. Алайда мүлде істемеуші кісі сөгіске лайықты.

Сүннет екіге бөлінеді: бекітілген сүннет және бекітілмеген сүннет. Бекітілген сүннет дегеніміз - пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) әрдайым істеген іс. Мысалы: парыз намаздарының сүннеттері. Мұндай сүннетті біле тұра істемеу мәкрүһ танзиһан. Бекітілмеген

сүннет дегеніміз - пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) бірде істеп, бірде істемеген іс. Мысалы, екінді намазының алдында оқылатын төрт рәкат сүннет. Істелуі - сауап, істелмеуі мәкруһ емес. Бекітілмеген сүннеттің басқа атаулары: мәндуп, мустахап және әдеп.

4) Харам. Құранның анық аяттарында, немесе мутауатир хадистерде, немесе ижмаъ шешімінде тасталуы кесімді дәлелмен бекіп бұйырылған іс. Мысалы: кісі өлтіру, арақ ішу, зина жасау, ұрлық және т.б. Тасталуы - міндетті. Істеуші күнәсінің түріне тиісті жазаға бұйырылады. Оны адал деп пайымдаушы кәпір болады.

5) Мәкруһ. Шарифаттың алдында істелуі жеккөрінішті іс. Ол екіге бөлінеді: мәкруһ тахриман және мәкруһ танзиһан. Мәкруһ тахриман дегеніміз - Құранның анық емес, түсіндірмелі аяттарында немесе мутауатир емес хадистерде тасталуы болжамды дәлелмен бекіп бұйырылған іс. Тастаушыға сауап, істеушіге жаза тиесілі. Харамдығын теріске шығарушы кәпір болмайды. Мәкруһ танзиһан дегеніміз тасталуы міндетті емес, бірақ ұнамды болатын іс. Тастаған кісіге сауап, ал тастамағанға жаза жоқ.

Ханафи мәзһабінде ең дұрыс ойды шығару қағидалары

1) Бір мәселеде имам¹ мен екі шәкіртінің² ойлары келісімді болса, ол пәтуадан шегінуге болмайды.

2) Имам мен бір шәкірті бір ойда болса, ал екінші шәкіртінің ойы бөлек болса, оның ойы ұстанылмайды.

3) Екі шәкірті бір ойда болса, мәселенің бағытына қаралады. Мәселе құлшылыққа қатысты болса, имамның ойы алға шығады. Мәселе сотқа, мирасқа және куәліктерге қатысты болса, Әбу Юсуфтың ойы алға шығады. Мәселе туыстық қатынастарға қатысты болса, Мұхаммедтің ойы алға шығады.

4) Үшеуінің келісімі бойынша истихсан тәсілі қияс тәсілінің алдына шығады. Қияс ижмағ пен ғұрыпқа қайшы болған жағдайда истихсан қиястың алдына шығады.

5) Бір мәселеге қатысты имамның пәтуасы табылмаса, алдымен, Әбу Юсуфтың, кейін Мұхаммедтің, кейін Зуфардың, кейін Хасан ибн Зиядтың сөздері алынады.

6) Бір мәзһабтағі үкімді басқа мәзһабтің үкімімен жарамсыз ету дұрыс емес.

7) Өз мәзһабі бойынша қате істелген құлшылықты қайта атқармауы үшін, басқа мәзһабтағі «дұрыс» деген үкімге сүйену дұрыс емес.

8) Бір мәзһап бойынша істеліп жатқан құлшылық сол мәзһап бойынша аяқталуы уәжіп.

9) Бір мәселеге қатысты «дұрысы мынау», ал «пәтуа» мынау деген екі ой кездескенде пәтуа алға шығады. Өйткені ханафи мәзһабіндегі «Заһир ар-риуая» дәрежесіндегі мәтіндерде ыждағатты бекіген «пәтуа» ұғымы «сахих» ұғымынан күштірек.

10) Мұқтаждық қысқан ауыр күй тумаса, мүфти әлсіз сөзбен үкім айтпайды және пәтуа бермейді.

Таһарат (Тазалық)

Бірінші бөлім: Таһарат

Мұсылманның құлшылығы өзін таза ұстаудан басталады. Сол себептен фикһ кітаптары өз мазмұнын «Таһарат» мәселесінен бастайды. «Таһарат» - намаздың кілті, ал намаз иманның кілті. Әлиден, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(مفتاح الصلاة الطهور، وتحريمها التكبير، وتحليلها التسليم)

«Тазалық - намаздың кілті. Тәкбір³ намазға (қасиетті мінәжатқа) кіргізеді, ал сәлем беру шығарады»⁴.

¹ Имам Әбу Ханифа

² Әбу Юсуф пен Мұхаммед

³ Тахрим тәкбірінің айтылуымен намаз сәлем берілгенше өзінен басқа адал істердің бәрін арам етеді.

⁴ Әбу Дәуд жеткізді

«Таһарат» сөзінің мағынасы:

Тілдік мағынасы: тазалық, таза болу, тазару.

Шариғаттық мағынасы: дәретсіздіктен тазару және нәжістен тазару.

Тазалықтың артықшылығы турасында Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай дейді:

﴿ إِنَّ اللَّهَ يُحِبُّ التَّوَّابِينَ وَيُحِبُّ الْمُتَطَهِّرِينَ ﴾

«Расында, Аллаһ тәуба етушілерді және таза жүрушілерді жақсы көреді»¹. Оның артықшылығы, сондай-ақ пайғамбарымыздың (саллаллаһу алайһи уа саллам) хадисінен де көрінеді:

(الطهور شرط الإيمان)

«Тазалық – иманның жартысы»². Жалпылап айтқанда, тазалық дегеніміз - адамның лас нәрселердің барлық түрінен таза болу. Деректі тұрғыдан денедегі, киімдегі, құлшылық орнындағы сезіп білінетін нәжістерден, ал дерексіз тұрғыдан күнәлардан тазару.

Дәретсіздіктен тазару

Дәретсіздік екіге бөлінеді:

1. Кіші дәретсіздік. Кіші дәретсіздіктен тазару шарасы дәрет алу арқылы жасалады.

2. Үлкен дәретсіздік. Үлкен дәретсіздіктен тазару шарасы ғұсыл құйыну арқылы жасалады.

Нәжістен тазару

Нәжістен тазару дегеніміз - денедегі, киімдегі және намаз оқылатын орындағы нәжісті жуып кетіру. Нәжісті де, дәретсіздікті де кетіретін негізгі нәрсе – су.

Нәжіс екіге бөлінеді:

1. Ауыр нәжіс

1. Арақ. Аллаһ тағала айтады:

(ا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِنَّمَا الْخَمْرُ وَالْمَيْسِرُ وَالْأَنْصَابُ وَالْأَزْلَامُ رِجْسٌ مِّنْ عَمَلِ الشَّيْطَانِ فَاجْتَنِبُوهُ لَعَلَّكُمْ تُفْلِحُونَ)

«Әй иман келтіргендер! Расында, арақ, құмар, пұттар және бал ашатын оқтар – шайтанның амалына жататын арам істер. Оларға жақындамандар, сонда құтыласындар»³. Спирттің⁴ де үкімі осындай. Оны ішке қабылдауға тиым салынады. Алайда шарасыз жағдайларда баршаның қажетсінуіне айналғандықтан, спиртті сырт ем үшін қолдануға рұқсат етіледі.

2. Хайуанаттардан аққан қан. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

(قُلْ لَّا أَجِدُ فِي مَا أُوحِيَ إِلَيَّ مُحَرَّمًا عَلَى طَاعِمٍ يَطْعَمُهُ إِلَّا أَنْ يَكُونَ مَيْتَةً أَوْ دَمًا مَّسْفُوحًا أَوْ لَحْمَ خِنْزِيرٍ فَإِنَّهُ رِجْسٌ)

«(Әй, Мұхаммед!) Маған уахи етілген нәрседе тамақтанушы үшін өлекседен, аққан қаннан және доңыз етінен басқа нәрселерді арам көрмеймін...»⁵. Мал бауыздалып қаны аққан соң еттің, бауырдың, көкбауырдың және тамырдың бойында қалған қан есепке алынбайды. Абдулла ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(أحلت لكم ميتتان ودمان، فأما الميتتان فالحوت والجراد، وأما الدمان فالكبد والطحال)

«Сендерге екі өлік және екі қан адал етілді. Екі өлік дегенім - балық пен шегіртке, екі қан дегенім - бауыр мен көкбауыр»⁶.

¹ «Бақара» сүресі: 222

² Мүслім жеткізді

³ «Маида» сүресі: 90

⁴ Спирт әртүрлі болады. Медицинада тазартылған 96% немесе 70%-тік этил спирті (этанол) қолданылады. Ол «медициналық спирт» деп аталады. Спирттің пайдалы қасиеті - инфекцияны жояды. Тағы ол тері илеуге пайдаланылады.

⁵ «Әнғам» сүресі: 145

⁶ Ибн Мажә жеткізді

3. Адамның зәрі мен нәжісі, денесінен бөлінетін қан мен ірің, мүшесінен бөлінетін шәует, мәзи, уәди сулары. Ибн Аббастан, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) екі қабірдің қасынан өтіп былай деді:

(إنهما ليعذبان، وما يعذبان في كبير، أما أحدهما فكان لا يستتر من البول، وأما الآخر فكان يمشي بالنميمة)

«Расында, бұл екеуі қабірлерінде азап шегуде және үлкен күнә үшін емес. Біреуі зәрінен сақтанбайтын, ал екіншісі өсек таситын»¹.

Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, айтады: «Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) дәрет сындырғанда мен су әкеліп беретінмін. Ол астын сумен жуатын»².

Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, айтады: «Шәует, мәзи³ және уәди суларына қатысты үкім мынандай: шәуеттен кейін ғұсыл құйыну қажет, ал мына екеуінен кейін дәрет алғаны - жеткілікті, яғни мүшесін жуып дәрет алады»⁴. Шәует мейлі адамдыкі, мейлі жануардыкі болсын, нәжіс саналады. Киімге тиген шәует дымқыл болса, сумен жуып тазартылады, ал кебу болса, жумай-ақ ысқылап тазартуға болады.

Айша, Аллаһ тағала оған разы болсын, шәует жайында былай деді: «Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) киімінен шәуетті жуып кетіретінмін. Ол намазға шыққанда киімінің жуылған жері көрініп тұратын»⁵. Тағы бір сөзінде: «Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) киімінен шәуетті кебу болса, ысқылап кетіретінмін, ал дымқыл болса, жуатынмын»⁶.

4. Доңыз. Доңыз - мүлде нәжіс.

(قُلْ لَا أَجِدُ فِي مَا أُوحِيَ إِلَيَّ مُحَرَّمًا عَلَى طَاعِمٍ يَطْعَمُهُ إِلَّا أَنْ يَكُونَ مَيْتَةً أَوْ دَمًا مَسْفُوحًا أَوْ لَحْمَ خِنْزِيرٍ فَإِنَّهُ رِجْسٌ)

«(Әй, Мұхаммед!) Маған уахи етілген нәрседі тамақтанушы үшін өлекседен, аққан қаннан және доңыз етінен басқа нәрселерді арам көрмеймін...»⁷. Доңыздың етімен қоса сүйегі де, қылы да, терісі де, тіпті өңделген болсын нәжіс саналады.

5. Еті арам ит, жыртқыш, тышқан секілді хайуанаттардың зәрі, тезегі және сілекейі. Имам Әбу Ханифаның айтуынша, иттің жалпы болмысы нәжіске жатпайды. Адамдар оны күзетке, аңға, тағы да басқа қажеттеріне пайдаланады.

6. Өлексе. Бірақ сүйегі мен терісін пайдалануға болады. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Сәубанға, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(يا ثوبان اشتر لفاطمة قلادة من عصب وسوارين من عاج)

«Сәубан! Фәтимаға сүйектен жасалған алқа мен піл сүйегінен жасалған екі білезік сатып әкелші»⁸. Ибн Аббастан, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(أيما إهاب دبغ فقد طهر)

«Қандай тері болсын, өңделсе, таза болады»⁹.

Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін естіді:

(إذا دبغ الإهاب فقد طهر)

«Тері өңделсе, таза болады»¹⁰. Тері не химиялық заттармен не күнге кептіру жолымен өңделеді.

7. Жерде жүріп іш босататын тауық, үйрек және қаз тәрізді құстардың саңғырығы.

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Әл-Бұхари жеткізді

³ «Мәзи» дегеніміз жыныстық қатынасты ойлау нәтижесінде шәуаттың қозуымен атылмай бөлініп шығатын мөлдір су. «Уәди» дегеніміз зәрден кейін немесе ауыр көтергенде бөлініп шығатын бұлдыр әрі жылы, ақ түсті су.

⁴ Ибн Мажа жеткізді

⁵ Әл-Бұхари жеткізді

⁶ Ад-Дарақұтни жеткізді

⁷ «Әнғам» сүресі: 145

⁸ Әбу Дәуд жеткізді

⁹ Ан-Насаи мен Ат-Тирмизи жеткізді

¹⁰ Мүслім жеткізді

8. Еті адал хайуандардың тезегі имам Әбу Ханифаның көзқарасында ауыр нәжіске жатады. Алайда Әбу Юсуф пен Мұхаммед оны жеңіл нәжіске жатқызады.

II. Жеңіл нәжіс

1. Еті адал жануардың зәрі. Анастың айтуынша, Аллаһ тағала оған разы болсын, Мәдинада біраз адамдар жеркенушілік сезіп іштері ауырады. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) оларға түйелерге жақын жүрулерін, олардың сүті мен зәрін ішулерін бұйырады¹. Осы себептен, имам Әбу Ханифа түйенің зәрін жеңіл нәжіске жатқызады.

2. Жыртқыш құстардың және жыртқыш болмағанымен еті арам құстардың, сонымен қатар әуеде іш босататын құстардың саңғырықтары - жеңіл нәжіс. Ал еті желінетін торғай, көгершін секілді құстардың саңғырығы - таза.

Нәжістің мөлшері төмендегідей болса, есепке алынбайды:

1. Ауыр нәжіс дирхамның салмағындай² болса, немесе көлемі алақан терендігіндей болса.
2. Жеңіл нәжіс киімнің немесе дененің төрттен біріндей көлемге жайылса.

Есепке алынбайтын нәжіс түрлері:

1. Киімге, денеге және орынға иненің ұшындай шашыраған зәр.
2. Денесінде нәжіс болған мәйітті жуындырғанда жуушы кісінің үстіне шашырайтын су.
3. Төсеке нәжіс тиіп, кеуіп кетсе, оған ұйықтаған кісінің киімі мен денесі былғанбайды. Алайда ұйқы кезінде терлегендіктен нәжістің әсері киіміне жұқса, киімі нәжістенеді.
4. Жайылып тұрған киім жердегі кебу нәжіс орынға түссе және нәжіс киімге жұқпаса, киім нәжістенбейді. Сол сияқты ол жерге адамның қолы не аяғы тисе, осы үкім жүреді.

Нәжіс қалай тазартылады?

Бірінші: Көзге көрінетін нәжістер

1. Денедегі, киімдегі және орындағы нәжіс жуып тазартылады. Бір мәрте жуылса жеткілікті. Бірақ үстіне таза су құйылып шайылуы немесе ағынды суға жуылуы шарт. Киім бір ыдыста жуылса, үш мәрте жуылып, үш мәрте сығылуы қажет. Нәжістің түсі сіңген киім су мөлдір болғанша жуылады. Су мөлдір болғанда киім үш мәрте шайылады. Әбу Һурайрадан, Аллаһ тағала оған разы болсын, Хаула бинт Ясар, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбарымызға (саллаллаһу алайһи уа саллам) келіп, былай дейді: «Әй, Аллаһтың елшісі, менің бір ғана киімім бар және еттегі кезімде былғанып қалады. Не істеуім керек?». Ол: «**Тазартқан кезінде оны жуып, намазыңды оқи бер**»-деп жауап береді. Ол: «Жуылғанымен қан кетпейді ғой?»-деп сұрайды. Ол: «**Қанның жуылуы - жеткілікті. Дақ болса, зиян келтірмейді**»-дейді³.
2. Жаралардың аузы мен қан алдырған орын сулы үш шүберекпен кезек-кезек сүртіліп тазартылады. Бұл жуудың орнына жүреді.
3. Төсек пен кілем секілді сығылмайтын нәрселерді нәжістен тазарту үшін, Әбу Юсуфтың айтуынша, үш мәрте жуып, үш мәрте кептіру қажет.
4. Қыш-құмыра және ағаш бұйымдар сумен үш мәрте жуылады. Жуған сайын тамшылардың ағып бітуін күтеді.
5. Май түрлерін тазарту үшін, үстіне су құйылып, кейін бетінен төгіп тасталады.

Екінші: Көзге көрінбейтін нәжістер

Киімнің үш мәрте жуылуы - уәжіп және жуылған сайын сығылып отырады. Ағынды суға немесе су құйыла отырып жуылса, бірте мәрте жуылуы жеткілікті. Иттің нәжісі тиген нәрсе жеті мәрте жуылады және біріншісі топырақпен. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(طهور إناء أحدكم، إذا ولغ فيه الكلب، أن يغسله سبع مرات. أولاهن بالتراب)

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Дирхамның салмағы 3,17гр.

³ Әбу Дәуд жеткізді

«Біреудің ыдысын ит жаласа, жеті мәрте жусын және біріншісін топырақпен»¹.

Нәжісті кетірудің басқа да жолдары:

1. Аяқкиімге жұққан нәжіс топырақпен ысқылап тазартылады. Әбу Һурайрадан, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(إِذَا وَطِئَ أَحَدُكُمْ بِنَجْوِهِ الْأَذَى فَإِنَّ التُّرَابَ لَهُ طَهْرٌ)

«Біреу аяқкиімін нәжіске былғап алса, әрине, оны тазалаушы - топырақ»².

Аяқкиімнің беті тегіс болмаса немесе нәжіс аяқкиімге сіңетіндей сұйық болса, сумен жуылуы қажет.

2. Айна, шыны тәріздес нәрселер сүртіліп тазарады.

3. Нәжістенген жер күнге және желге кебуімен тазарады. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбарымыздың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(إِذَا سَأَلْتَ عَلَيْهَا الْأَمْطَارَ وَجَفَفَتِ الرِّيحُ فَلَا بَأْسَ بِالصَّلَاةِ فِيهِ)

«Жерге жаңбыр жауып, желмен кеуіп кетсе, оған намаз оқуға болады»³. Алайда дәл сол орынға таяммум жасауға болмайды. Өйткені нәжіс тиген жер желге немесе күнге кебуімен намаз үшін таза болғанымен, тазалаушы бола алмайды.

4. Киімге тиген шәует кеуіп қалса, ысқыланып тазартылады. Киімдегі орны зиянсыз болады. Шәует дымды болса, жуылады. Айша, Аллаһ тағала оған разы болсын, айтады: «Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) киіміндегі шәуетті кеуіп қалса, ысқылап тазартатынмын, ал дымды болса, жуатынмын»⁴.

1. Тоң май мен балға түскен нәжіс, алдымен өзі алынады, кейін айналасы қырып алынады. Маймунаның айтуынша, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбарымыздан (саллаллаһу алайһи уа саллам) тоң майға түсіп, өліп қалған тышқан туралы сұралғанда ол былай дейді:

(أَلْقَوْهَا وَمَا حَوْلَهَا وَكَلَّوْهُ)

«Тышқанды алып тастандар, орнының айналасын қырып алындар, сосын майды жей беріндер»-деп жауап береді⁵.

2. Жүн мен мақта түтіліп тазартылады.

3. Тері өңделіп тазартылады.

4. Еті желінетін хайуан Аллаһтың есімімен бауыздалып, адал болады. Ал еті арам хайуан бауыздалса, терісі ғана таза болады. Еті адал жануар, мейлі мұсылманның қолымен, мейлі кітап иелерінің қолымен бауыздалсын, адал болады. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай деді:

(الْيَوْمَ أُحِلَّ لَكُمْ الطَّيِّبَاتُ وَطَعَامُ الَّذِينَ أُوتُوا الْكِتَابَ حِلٌّ لَكُمْ)

«Сендерге бүгін жақсы нәрселер адал етілді және кітап иелерінің тағамдары да адал етілді...»⁶. Бұл аяттағы «кітап иелерінің тағамдары»-на олар бауыздаған еті адал мал түрлері де кіреді.

5. Киімнің нәжістенген орны ұмытылса, киім толық жуылады.

6. Нәжіс өзінің таза затқа айналуымен тазарады. Айналыру процесімен шарап сірке суына, нәжістенген май сабынға, ғазелдің (қарақұйрықтың) қаны жұпарға (миск) айналады.

Екінші бөлім: Судың түрлері

Тазалануға жарамды су алтыға бөлінеді. Олар - көктен жауатын және жерден шығатын сулар:

1. Жаңбыр суы. Аллаһ тағала Құранда былай дейді:

¹ Мүслім жеткізді

² Әбу Дәуд жеткізді

³ Мажмағ аз-Зауаид

⁴ Ад-Дарақұтни жеткізді

⁵ Әл-Бұхари жеткізді

⁶ «Маида» сүресі: 5

«...Және көктен таза су жаудырдық»¹.

2. Теңіз суы. Әбу Һурайрадан, Аллаһ тағала оған разы болсын, бір кісі Аллаһтың елшісінен (саллаллаһу алайһи уа саллам) теңіз суының үкімін сұрайды, ол былай жауап береді:

(هو الطهور ماؤه، الحِلُّ مِيتته)

«Теңіз суы - таза және ондағы өлген жануарлар адал»².

3. Өзен суы.

4. Құдық суы.

5. Қар мен бұршақ суы. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дұға ететін:

(اللَّهُمَّ طَهِّرْنِي بِالطَّلَجِ وَالْبَرْدِ وَالْمَاءِ الْبَارِدِ. اللَّهُمَّ طَهِّرْنِي مِنَ الذُّنُوبِ وَالْخَطَايَا كَمَا يَنْقِي الثَّوْبَ الْأَبْيَضَ مِنَ الْوَسْخِ)

«Аллаһым, мені қармен, бұршақпен және сумен тазалашы. Аллаһым, ақ киімнің кірден тазалануындай мені де күнәларымнан және қателіктерімнен тазалашы»³.

6. Бұлақ суы.

Шариғаттың сипаттауында су бес түрге бөлінеді:

1. Таза және тазалаушы су

Бұл - шүбәсіз таза су. Дәретсіздіктен тазартады және нәжісті кетіреді. Зәмзәм суымен дәрет алып, ғұсыл құйынудың сауабы - өте зор. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(فُرِّجَ سَقْفِي وَأَنَا بِمَكَّةَ، فَنَزَلَ جَبْرِيْلُ عَلَيْهِ السَّلَامُ فَفَرَّجَ صَدْرِي ثُمَّ غَسَلَهُ بِمَاءِ زَمْزَمِ)

«Меккеде болғанымда төбе ашылып, Жебірейіл түсті. Ол кеудемді ашып, зәмзәммен жуды»⁴. Алайда зәмзәм суымен астыңғы жақты немесе денедегі, киімдегі, орындағы нәжісті тазалау - харам болмағанымен соған жақын ұнамсыз іс. Өйткені зәмзәм басқа суларға қарағанда қасиетті саналады.

Таза және тазалаушы су жеті жағдайда өз үкімін жоғалтпайды:

ә) Оған түскен жансыз таза нәрсе су сипаттырының (дәмі, түсі, иісі) бірін немесе бәрін өзгертсе, алайда аққыштығын жоймаса және «су» атауынан басқа атауға өзгертпесе, су «таза және тазалаушы» үкімін жоғалтпайды. Айша анамыздың айтуынша, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) жүніп кезінде басын құлқайыр (алтей) езілген сумен жуғанда таза сумен шаймайтын⁵.

а) Оған араласқан таза сұйықтық су құрамына басым әсерін тигізбесе, су «таза және тазалаушы» үкімін жоғалтпайды. Басым әсері дегеніміз не? Таза сұйықтықтың бір сипаты судың құрамында пайда болуы әсердің басымдылығын білдіреді. Мысалы, суға төгілген сүттің бір сипаты (түсі және дәмі) суда пайда болса, су дәрет алуға жарамайды. Ал сірке суы секілді таза сұйықтық араласып, судың құрамында оның бір қасиеті пайда болса, су «таза және тазалаушы» үкімін жоғалтпайды.

б) Суға қаны ақпайтын шыбын, маса, шаян, тарақан секілді жәндіктер түскенде, тіпті өліп қалса да, су «таза және тазалаушы» үкімін жоғалтпайды. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(إِذَا وَقَعَ الذَّبَابُ فِي إِنَاءِ أَحَدِكُمْ فَلْيَغْمَسْهُ كُلَّهُ ثُمَّ لِيَطْرَحْهُ فَإِنْ فِي أَحَدِ جَنَاحَيْهِ شَفَاءٌ وَفِي الْآخَرِ دَاءٌ)

«Біреудің ыдысына шыбын түссе, бүкіл денесін оған батырсын, сосын алып тастасын. Расында, оның бір қанатында шипа, екінші қанатында дерт болады»⁶.

¹ «Фурқан» сүресі: 48

² Ат-Тирмизи жеткізді

³ Мүслім жеткізді

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

⁵ Әл-Байһақи жеткізді

⁶ Әл-Бұхари жеткізді

в) Суда балық секілді су жануарлары өлген жағдайда су «таза және тазалаушы» үкімін жоғалтпайды. Әбу Һурайраның жеткізуімен, Аллаһ тағала оған разы болсын, бір кісі

Аллаһтың елшісінен (саллаллаһу алайһи уа саллам) теңіз суының үкімін сұрағанда, ол: «**Теңіз суы - таза және ондағы өлген жануарлар адал**»-деп жауап береді¹.

г) Қолданылған суға араласқан таза судың көлемі басым болса, су «таза және тазалаушы» үкімін жоғалтпайды.

д) Көп тұрып қалған су.

е) Суға түскен бақа өліп қалса, су нәжістенбейді және тазалануға жарайды. Алайда бақаның еті арам болғандықтан ол суды ішуге болмайды.

2. Таза және тазалаушы, бірақ пайдалануы мәкруһ су

Бұл - қоқыс аралаған тауықтар, жыртқыш құстар және мысық секілді жануарлар ішкен су. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) мысық туралы былай деген:

(إنها ليست بنجس إنها من الطوافين عليكم والطوافات)

«**Расында, мысық нәжіс емес, ол сендерді көп айналып, қастарыңнан шықпайтын жануар**»².

3. Таза, бірақ тазалаушы емес су.

ә) Қолданылған су. Қолданылған су дегеніміз - кіші немесе үлкен дәретсіздіктен тазару үшін, немесе дәрет үстіне дәрет жаңарту үшін аяқ немесе дене толық тиген су. Енді оны басқа адам дәрет пен ғұсыл үшін қолдана алмайды. Сол себептен пайғамбарымыз (алайһи ас-солату уа ас-салам) былай деп ескерткен: «**Ешкім жүніп күйінде ақпайтын тоспа судың ішінде жуынбасын**»³.

Кіші немесе үлкен дәретсіз адам жуынбай тұрып ыдыстағы немесе ваннадағы суға қолын малса, су «қолданылған» болып саналмайды. Бұған Айша анамыздың, Аллаһ тағала оған разы болсын, мына сөзі дәлел: Мен де, Аллаһтың елшісі де (алайһи ас-солату уа ас-салам) ортамызға қойылған бір ыдыстағы сумен бірге жуынатынбыз. Су алғанда қолдарымыз соғылысып қалатын. Менен озып кететіні соншалықты, тіпті: «Маған да қалдырыңыз, маған да қалдырсаңызшы»-деуімнен басқа амалым қалмайтын. Екеуміз де жүніп күйде болатынбыз»-деді⁴.

Дәрет алу үшін, немесе тамақтанудың алды-артында қол жууға немесе ауыз, мұрынды шаюға ыдыс бетінен алақан уысымен қалқып алынған су «қолданылған» болып саналмайды.

а) Ағаш пен жеміс суы таза болғанымен «тазалаушы» бола алмайды.

б) Қайнау нәтижесінде ішіне оны мөлдірлігінен айыратын бір нәрсе түсіп кеткен су «тазалаушы» үкімін жоғалтады.

в) Оған араласқан таза әрі қатты зат оны «су» атауынан «тұнба» атауына айналдырса, ол «тазалаушы» үкімін жоғалтады. Мысалы, мия тамыры ерітілген су мия тұнбасына айналып, «тазалаушы» болмайды.

4. Нәжістенген су

Судың нәжістенген, нәжістенбегенін білу үшін, алдымен судың төмендегі екі түрімен танысуымыз қажет:

ә) Ағынды су. Сипаттарының (дәмі, иісі, түсі) бірі өзгермейінше ағынды су мүлде нәжістенбейді. Бассейндегі судың ағып шығарылатын жолы мен краны бір мезгілде ашық болса, ағынды судың үкіміне кіреді.

а) Ақпайтын тоспа су. Бұл судың көлемі аз да, көп те болуы мүмкін.

¹ Ат-Тирмизи жеткізді

² Әбу Дәуд жеткізді

³ Мүслім жеткізді

⁴ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

- Көлемі аз суға нәжіс түссе, нәжістенеді. Тіпті еш өзгермесе де. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) тоспа су жайында былай деген:

(لا يبولن أحدکم في الماء الدائم الذي لا يجري ثم يغتسل فيه)

«Сендерден ешкім ақпайтын тоспа суға дәрет сындырмасын, сосын оның ішінде (қалай) жуынады»¹.

Нәжістенген көлемі аз суды тазарту үшін, орнынан ағып кететіндей көлемде үстіне таза су құяды.

- Көлемі үлкен су. Көлемі үлкен су дегеніміз - бір жағын қозғағанда екінші жағы қозғалмайтын көлемдегі су. Ханафи ғұламаларының пәтуәсінде көлемі 49м² су «көлемі үлкен» суға жатады. Ал тереңдігіне келсек, суды қалқып алғанда түбі көрінбеуі қажет. «Көлемі үлкен су» сипаттарының бірі өзгермейінше нәжістенбейді. Көлемі үлкен судың бір жерінен нәжіс көрінсе, дәрет судың басқа жерінен алынады.

5. Таза, бірақ тазалығы күмәнді су

Бұл өзінен есек пен қашыр секілді жануарлар ішкен су.

ә) Өзінен көп мөлшердегі таза сумен араласса, тазалығы күмәнсіз суға айналады.

а) Өзінен басқа таза су бар болса, оны ғұсыл мен дәретке қолдануға болмайды. Бұл сумен өзінен басқа таза су жоқ болған жағдайда ғана дәрет алуға болады. Тазалығы күмәнді болғандықтан, одан кейін тайаммум алу мұстахап.

б) Бұл сумен дене мен киімдегі нәжісті кетіруге болады.

Құдық суы

Құдық суы қанша терең болғанымен аз көлемдегі тоспа су саналады. Құдық суына тән үкімдер:

Құдық суына ауыр нәжіс түссін, не жеңіл нәжіс түссін, тіпті, бір тамшы қан немесе зәр түссе де нәжістенеді. Аз мөлшердегі түйенің тезегі бұл үкімге қосылмайды. Бірақ көп мөлшерде түссе, құдық суы нәжістенеді. Құдықтан шелекпен су алғанда нәжіс қайта-қайта көрінсе, нәжістің көп болғаны. Құдыққа түсіп кеткен адам немесе денесінде нәжіс жоқ жануар тірідей шығарылса, су нәжістенбейді. Жануардың аузынан су ішкені көрінсе, судың үкімі оның сілекейінің үкіміне байланысты.

Құдық суы қалай тазаланады?

1. Нәжіс түскен құдық шағын көлемді болса, алдымен, нәжіс шығарылады. Сосын құдық суы толық қалқып шығарылады. Нәжіс түскен үлкен көлемді құдықтың суын тазарту шарасы нәжістің түрлері мен көлемдеріне байланысты болады. Үлкен құдықтан 200-300 орташа шелек су шығарылатын жағдайлар:

ә) доңыз түсіп кетсе, өлі шыға ма, тірі шыға ма, бәрібір;

а) ит немесе кез келген жыртқыш жануар түсіп кетіп, аузы суға тисе;

б) қой, ит немесе адам түсіп, ішінде өліп қалса;

в) түсіп кеткен кішкене жануар өліп қалып, ісінсе немесе шірісе.

2. Нәжіс шығарылған соң 40-60 шелек су шығарылатын жағдайлар:

ә) тауық және мысық көлемдес жануар өліп қалғанымен, әлі ісініп немесе шіріп үлгермесе;

а) тауық пен қой аралық көлемдегі жануар өліп қалғанымен, әлі ісініп немесе шіріп үлгермесе.

3. Нәжіс шығарылған соң 20-30 шелек су шығарылатын жағдайлар:

ә) тышқан және торғай көлемдес жануар өліп қалғанымен, әлі ісініп немесе шіріп үлгермесе;

¹ Әл-Бұхари жеткізді

а) тышқан мен көгершін аралық көлемдегі жануар өліп қалғанымен, әлі ісініп немесе шіріп үлгермесе.

Су қоймасындағы және цистернадағы судың үкімі

Су қоймасындағы және цистернадағы судың көлемі құдық суының көлемімен өлшенбейді. Цистернада бетінің көлемі 49м², ал тереңдігі 25см суға нәжіс түссе, судың толық төгілуі шарт. Көлемі бұдан көбірек болса, су үкімі нәжіс әсерінің көлеміне байланысты болады. Бұған түскен жануар өлгенімен, әлі шіріп бастамаған күйде шығарылса, бұл сумен дәрет немесе ғұсыл алып намаз оқыған кісі, лайықты көлемде су шығарылмағандықтан, бір күндік намазын қайта оқиды. Жануар ісініп, шіріген күйде шығарылса, үш күндік намазын қайта оқиды. Бұл сумен жуылған киім қайта жуылады.

Ішілгеннен қалған сулар

Ішілгеннен қалған су дегеніміз - адам немесе жануар ішкен ыдыстағы су.

Үкімі: ішілген судың тазалығы - оны ішкен жануардың етінің тазалығына байланысты. Өйткені сілекей еттен бөлінеді. Ішілгеннен қалған су төртке бөлінеді:

1. Таза және тазалаушы

ә) Адам ішкен су. Мұсылман немесе кәпір болса да, жүніп немесе етеккір халде болса да. Әл-Бұхари жеткізген хадисте пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) сүт ішкенде оң жағында бәдеуи, ал сол жағында Әбу Бәкір отырады¹. Сонда пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) сүтті, алдымен, бәдеуиге беріп: «Оң жақтан, оң жақтан»-дейді.

Айша анамыз, Аллаһ оған разы болсын, былай деді: «Мен етеккір күйде болғанымда пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) ыдысымен сусын ішетінмін. Менің аузым тиген жерге аузын тигізіп, сол ыдыстан ол да ішетін»².

а) Қаны ақпайтын жәндіктерден қалған су.

б) Жылқы және еті адал жануарлар ішкеннен қалған су.

2. Нәжіс

ә) Доңыз, ит, жыртқыш аңдар және еті арам болған жануар ішкеннен қалған су.

Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

(قُلْ لَّا أَجِدُ فِي مَا أُوحِيَ إِلَيَّ مُحَرَّمًا عَلَىٰ طَاعِمٍ يَطْعَمُهُ إِلَّا أَنْ يَكُونَ مَيْتَةً أَوْ دَمًا مَّسْفُوحًا أَوْ لَحْمَ خِنزِيرٍ فَإِنَّهُ رِجْسٌ)

«(Әй, Мұхаммед!) Маған уахи етілген нәрседе тамақтанушы үшін өлекседен, аққан қаннан және доңыз етінен басқа нәрселерді арам көрмеймін...»³.

Әбу Нурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді: «**Біреудің ыдысын ит жалап кетсе, жеті мәрте жусын және біріншісін топырақпен**»⁴.

а) Арақ ішкен адам арақтан кейін бірден ыдыстан су ішсе, ол ыдыстағы ішкенінен қалған су нәжіс саналады. Өйткені арақ - нәжіс.

б) Аузы нәжістенген мысық, тауық, түйе және сиыр ішкеннен қалған су.

3. Таза, бірақ, таза болғанымен қолданылуы мәкруһ

ә) Қоқыс аралаған мысық пен тауық ішкеннен қалған су.

а) Жыртқыш құс ішкеннен қалған су.

б) Үй жәндіктерінен болған тышқан және жылан ішкеннен қалған су. Өйткені олардың еттері арам.

Мұндай су тиген киіммен намаз оқу мәкруһ.

4. Таза, бірақ, тазалығында күмән бар

¹ «Ал-фикһ ал-ислами уа адиллатуһу»:1/282

² Мүслім жеткізді

³ «Әнғам» сүресі: 145

⁴ Мүслім жеткізді

Бұл - қашыр мен есек ішкеннен қалған су. Егер өзінен басқа таза су табылмаса, онымен дәрет алуға болады. Алайда дәреттен кейін таяммум алу қажет. Тер араласқан судың үкімі ішілген судың үкіміне ереді. Өйткені тер де сілекей секілді еттен бөлінеді.

Үшінші бөлім: Іш дәрет

Іш дәреттің сүннеттері

1. Дәретханаға кірер алдын келесі дұғаны айту:

(بِسْمِ اللَّهِ، اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنَ الْخَبْثِ وَالْخَبَائِثِ)

«Аллаһтың атымен. Аллаһым! Еркек және ұрғашы жындарға қарсы Сенен пана тілеймін»¹.

«Мажмағ әз-Зауaid» атты хадис жинағында Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегені келтіріледі:

(سَتَرُ مَا بَيْنَ أَعْيُنِ الْجَنِّ وَعَوْرَاتِ بَنِي آدَمَ إِذَا وَضَعُوا ثِيَابَهُمْ أَنْ يَقُولُوا: بِسْمِ اللَّهِ)

«Адам балалары киімдерін шешкенде «Бисмиллаһ» айтулары олардың әуреттері мен жын көздерінің арасына перде болады».

2. Сол аяқпен бастап кіруі.

3. Адамдардың көзінен жасырыну және киімді жамбас жерге таяғанша шешпеу. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(وَمَنْ أَتَى الْغَائِطَ فَلْيَسْتَبِرْ)

«Кім дәретханаға барса, жасырынып отырсын»².

Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا أَرَادَ الْحَاجَةَ لَمْ يَرْفَعْ ثَوْبَهُ حَتَّى يَدْنُو مِنَ الْأَرْضِ)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) түзге отыруды қалағанда (жамбасы) жерге таямайынша киімін көтермеуші еді³. Сондай-ақ қажетін өтеген кісі орнынан тұрғанда іштік киімін кие түрегеледі.

4. Сол жағына сүйеніп отыру. Сарақа ибн Жағшам, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(عَلِمْنَا رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا دَخَلَ أَحَدُنَا الْخِلَاءَ أَنْ يَعْتَمِدَ الْيَسْرَى وَيَنْصِبَ الْيَمْنَى)

«Аллаһтың елшісі (алайһи ас-солату уа ас-салам) бізге дәретханада сол аяғымызға басылып, оң аяғымыздың тізесін тік ұстап отыруымызды үйреткен еді»⁴.

5. Қатты тегіс жерге отырмау. Өйткені зәр денеге шашырайды. Әбу Мұса, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: «Бір күні мен Аллаһтың елшісімен (алайһи ас-солату уа ас-салам) бірге болдым. Дәрет сындыру үшін жұмсақ жер таңдады. Кейін былай деді:

(إِذَا أَرَادَ أَحَدُكُمْ أَنْ يَبُولَ فَلْيُرْتَدْ لِبَوْلِهِ مَوْضِعًا)

«Сендерден біреу дәрет сындырса, зәрі шашырамайтын жер таңдасын»⁵.

6. Оң аяқпен шығу . Дәретханадан шыққан соң мына дұғаны айту:

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Әбу Дәуд жеткізді

³ Ат-Тирмизи жеткізді

⁴ Әл-Байһақи жеткізді

⁵ Әбу Дәуд жеткізді

(غفرانك الحمد لله الذي أذهب عني الأذى وعافاني)

«Кешіре гөр! Менен зиянды кетіріп, саулық беруші Аллаһқа мақтау айтамын»¹

7. Дәретханадан келгенде қолды сабынмен жуу. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان النبي صلى الله عليه وسلم إذا أتى الخلاء أتيته بماء في تَوَرُّ أو زَكْوَة فاستنجى ثم مسح يده على الأرض ثم أتيته بإناء آخر فتوضاً)

«Аллаһтың елшісі (алайһи ас-солату уа ас-саллам) дәретханаға кірерде мен оған құманмен су апаратынмын. Іш дәретін аяқтағанда қолын жерге ысқылайтын. Кейін басқа ыдыспен су әкелетінмін. Ол дәрет алатын»².

Іш дәреттің мәкруһаттары

1. Дәретханаға кірерде қасында Аллаһтың есімі жазылған нәрсенің болуы. Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, айтады:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم إذا دخل الخلاء نزع خاتمته)

«Аллаһтың елшісі (алайһи ас-солату уа ас-салам) дәретханаға кірмей тұрып, сақинасын шешетін»³.

Пайғамбарымыздың (алайһи ас-солату уа ас-салам) сақинасында «Мұхаммед Аллаһтың елшісі» деген жазу болатын.

2. Желге қарсы отыру.

3. Құбылаға қарап отыру мәкруһ тахриман. Салман, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(لقد نهانا أن نستقبل القبلة لغائط أو بول أو أن نستنجي باليمين أو أن نستنجي بأقل من ثلاثة أحجار أو أن نستنجي برّجيع أو بعظم)

«Үлкен немесе кіші дәрет сындырғанда құбылаға қарап отыруымызға, оң қолмен тазалануымызға, үштен кем кесек таспен тазалануымызға, сүйек немесе тезекпен тазалануымызға тыйым салынды»⁴.

Әбу Аюптан, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(إذا أتيتم الغائط فلا تستقبلوا القبلة ولا تستدبروها ببول ولا غائط، ولكن شرفوا أو غربوا)

«Түзге шыққандарыңда құбылаға түзу қарап та, теріс қарап та кіші және үлкен дәрет сындырмаңдар. Алайда (құбыланы) оң жақтарыңда немесе сол жақтарыңда қалдырыңдар»⁵. Осының негізінде сәбиді де құбылаға қаратып тосуға болмайды.

Пәтер ішіндегі әжетханада құбылаға қаратылып қойылған унитазға дәрет сындырудың үкімі, негізінде, мәкруһ тахриман. Алайда мәжбүрлі жағдайды және құбыла мен адам арасында дуалдың бар екенін есепке алумен мұндай әжетхананы қолдануға әбден болады. Жәбір, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(نهى النبي صلى الله عليه وسلم أن نستقبل القبلة ببول فرأيته قبل أن يقبض بعام يستقبلها)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) құбылаға қарап дәрет сындыруымызға тиым салған еді. Қайтыс боларынан бір жыл бұрын (дуал артында) құбылаға қарап отырғанын көрдім»⁶.

4. Аллаһты зікір ету. Түшкіргенде «Әл-хамду лилләһи»-деу, біреудің сәлеміне жауап қайыру, азаншыға еріп азан сөздерін қайталау. Мүһәжир ибн Қанфаз, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбарға (алайһи ас-солату уа ас-салам) сәлем береді. Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа

¹ Ан-Насаи және Ибн Мажа жеткізді

² Әл-Байһақи жеткізді

³ Ат-Тирмизи жеткізді

⁴ Мүслім жеткізді

⁵ Мүслім жеткізді

⁶ Ат-Тирмизи жеткізді

саллам) кіші дәрет сындырып жатқандықтан оған сәлем қайырмайды. Дәрет алған соң сәлем қайтарып, ғапу етуін сұрайды:

(إني كرهت أن أذكر الله عز وجل إلا على طهر)

«Расында, мен тазаланып жатқанда Үстем әрі Ұлы Аллаһты еске алуды мүлдем ұнатпаймын»¹.

Әбу Саъид әл-Худри, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(لا يخرج الرجلان يضربان الغائط كاشفين عن عورتهم يتحدثان فإن الله عز وجل يمقت على ذلك)

«Дәретханаға барған екі адам әуреттерін ашып, түзге отырғанда сөйлесіп отырса, әрине, бұл істері - Аллаһқа жеккөрінішті»².

5. Адамдар жүретін жолдың үстіне, тынығатын көлеңкелерде, әсіресе, жемісті ағаштардың түбінде дәрет сындыру. Әбу Һурайрадан, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісі (алайһи ас-солату уа ас-салам): «Екі қарғалушыдан сақтаныңдар!»-дейді. Олар: «Әй, Аллаһтың елшісі! Екі қарғалушы дегеніңіз кім?»-деп сұрайды. Ол:

(الذي يتخلى في طريق الناس أو ظلهم)

«Адамдар жүретін жолға немесе тынығатын көлеңкеге дәрет сындырушы»³.

6. Жануарлардың індеріне дәрет сындыру. Абдулла ибн Саржас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (алайһи ас-солату уа ас-салам) жануарлардың індеріне дәрет сындыруға тыйым салғанын жеткізді. Қатададан: «Жануарлардың індеріне дәрет сындыруға нәліктен болмайды?»-деп сұралғанда ол: «Өйткені, олар - жындардың мекені»-деп жауап береді⁴.

7. Ақпайтын тоспа суға дәрет сындыру. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (алайһи ас-солату уа ас-салам) былай дегенін жеткізді:

(لا يبولن أحدكم في الماء الدائم الذي لا يجري)

«Сендерден ешкім ақпайтын тоспа суға дәрет сындырмасын..»⁵.

Көлемі аз суға дәрет сындыру харам іс. Ал көлемі үлкен суға дәрет сындыру мәкрүһ тахриман. Ағынды суға дәрет сындыру мәкрүһ танзиһан.

8. Жағдай қыспаса, түрегеп тұрып дәрет сындыру. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деген:

(من حدثكم أن النبي صلى الله عليه وسلم كان يبول قائماً فلا تصدقوه، ما كان يبول إلا قاعداً)

«Сендерге біреу Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) түрегеп дәрет сындыратын десе, оған сенбеңдер. Өйткені ол отырып қана дәрет сындыратын»⁶.

9. Мүшеге және одан шыққан нәрсеге қарау. Ғалымдардың айтуы бойынша, бұлай істеген адам ұмытшақ болады.

10. Дәрет алатын жерде дәрет сындыру. Ғалымдардың айтуы бойынша бұлай істеген адам шайтанның азғыруына ұшырайды. Абдулла ибн Мағфал, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (алайһи ас-солату уа ас-салам) былай дегенін жеткізеді:

(لا يبولن أحدكم في مستحمة، ثم يغتسل فيه)

«Ешкім жуынатын жеріне дәрет сындырмасын. Соңыра ол жерге жуынады ғой»⁷.

¹ Әбу Дәуд жеткізді

² Әбу Дәуд жеткізді

³ Әбу Дәуд жеткізді

⁴ Әбу Дәуд жеткізді

⁵ Әл-Бұхари жеткізді

⁶ Ат-Тирмизи жеткізді

⁷ Әбу Дәуд жеткізді

Имам Ахмад: «Соңыра ол жерге дәрет алады ғой, расында, барлық азғырушы осыны пайдаланады»-деді.

11. Қабір басы мен мешіт қасында дәрет сындыру. Сүйек пен тезек секілді нәрсемен астыңғы жақты тазалау және олардың үстіне дәрет сындыру. Өйткені сүйек пен тезек - жындардың азығы.

12. Ұзақ отыру. Өйткені ұзақ отыру геморрой дертін келтіреді.

Истинжа

Истинжа дегеніміз - кіші немесе үлкен дәрет сындырғанда былғанған жолдың аузын сумен жуып тазалау.

Истибра дегеніміз - кіші дәрет сындырғанда мүшенің бойында қалған зәрден мұқият тазалану.

Истижмар дегеніміз - екі жолдың аузын кесек таспен немесе топырақпен тазалау. Қағазбен тазалану да осыған кіреді.

Истинжаның үкімі

Екі жолдың аузын сумен жуып тазалау - бекітілген сүннет. Шыққан нәжістің көлемі дирхамның көлеміндей жайылса, не одан да көбірек болса, сумен тазалану - уәжіп. Әйел кісінің зәр шығатын жолы ер кісінікімен салыстырғанда көлемді болғандықтан, оған әрдайым сумен тазалану - уәжіп.

Анас ибн Мәлик, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(يا معشر الأنصار إن الله قد أثنى عليكم خيراً في الطهور فما طهوركم هذا، قالوا يا رسول الله نتوضأ للصلاة والغسل من الجنابة فقال رسول الله صلى الله عليه وسلم: هل مع ذلك غيره. قالوا: لا غير أن أحداً إذا خرج من الغائط أحب أن يستنجي بالماء. قال: هو ذاك)

«Әй, ансарлар! Аллаһ тағала тазалану әдептеріңе қатысты сендерді мадақтады ғой! Бұл тазалықтарың жайлы білуге бола ма?». Олар: «Әй, Аллаһтың елшісі, намаз үшін және ғұсыл құйынуудан бұрын дәрет алатын әдебіміз бар»-деді. Ол: **«Бұдан басқа істейтіндерің бар ма?»**-деп сұрады. Олар: «Бұдан басқасы істейтініміз жоқ. Алайда дәрет сындырғанда былғанған жолды сумен жуып тазалайтынымыз бар»-деді. Ол (саллаллаһу алайһи уа саллам): **«(Сұрағаным) - осы ғой»**-деді¹.

Тек судың өзімен ғана тазалану - жеткілікті. Алайда, алдымен, кесек таспен тазаланып, сосын сумен жуу бұдан да абзал. Ибн Аббастың айтуынша, Аллаһ тағала оған разы болсын, ансарлардың тазалану әдебін мадақтаған түрде Аллаһ тағала мына аяттарды түсіреді:

﴿فيه رجال يحبون أن يتطهروا والله يحب المطهرين﴾

«..Онда тазаруды жақсы көретін еркектер бар. Расында, Аллаһ тазарушыларды жақсы көреді»². Сол кезде пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) олардан бұның сырын сұрайды. Олар: «Кесек тасты пайдаланған соң, сумен жуып тазаланамыз»-деп жауап береді³. Осының негізінде истинжадан бұрын истижмарды қолдану - сүннет.

Дәрет сындырғанда жыныс жолында нәжіс қалмаған жағдайда кесек таспен немесе қағазбен тазаланса да жеткілікті. Алайда сумен жуу тазалықты мақсатына жеткізеді. Кесек тас пен қағазды пайдаланғанда жыныс жолын үш мәрте тазалаған дұрыс. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(ومن استجمر فليوتر، ومن فعل فقد أحسن، ومن لا فلا حرج)

«Кім кесек таспен тазаланса, тазалану санын тақ қылсын (үш рет, бес рет). Кім осылай істесе, жақсы істеді. Кім олай істемесе, оқасы жоқ»⁴.

¹ Ал-Мустадрик

² «Тәуба» сүресі: 108

³ Мажмаъ аз-Зауид: 1/212

⁴ Әбу Дәуд жеткізді

Истинжаның сүннеттері

1. Екі жолдан да нәжіс шыққан жағдайда, алдымен, зәрден тазалану сүннет. Кейін артқы жыныс жолы тазаланады. Артқы жол ортан және одан төменгі саусақтардың көмегімен жуылады.

2. Мүше «қолданылған» сумен жуылса, сақтық үшін мүшедегі суды кептірген жөн.

3. Истинжадан кейін екі қолды сабынмен жуу. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان النبي صلى الله عليه وسلم إذا أتى الخلاء أتيت به ماء في تَوَرُّ أو زَكْوَة فاستنجى ثم مسح يده على الأرض ثم أتيت به بإناء آخر فتوضأ)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) дәретханаға кірерде оған құманмен су апаратынмын. Дәрет сындырған соң қолын жерге жақсылап ысқылайтын. Кейін дәрет алуы үшін басқа ыдыспен су әкелетінмін»¹.

Истинжаның мәкруһаттары

1. Оң қолмен тазалану. Қатада, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(إذا بال أحدكم فلا يأخذن ذكره بيمينه، ولا يستنج بيمينه، ولا يتنفس في الإناء)

«Сендерден біреу дәрет сындырса, мүшесін оң қолымен ұстамасын. Сондай-ақ оң қолымен тазаланбасын және ыдыс ішіне дем алмасын»².

2. Сүйекпен немесе тезекпен тазалану. Ибн Масғуд, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لا تستنجوا بالروث ولا بالعظام فإنه زاد إخوانكم الجن)

«Тезекпен де, сүйекпен де тазаланбаңдар. Өйткені бұлар - жын бауырларыңның азығы»³.

Төртінші бөлім: Дәрет

Дәреттің мағынасы

1. Тілдік мағынасы: әдемілік, тазалық.

2. Шарифаттық мағынасы: арнайы, ерекше тазалық.

Дәреттің шарифаттық мағынасы тілдік мағынасына негізделеді. Өйткені дәретпен дене мүшелері тазарып, әдемі өңге келеді. Сондай-ақ дәрет тиген дене мүшелері ақиретте нұрша жарқырайды. Бұл жайында Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деген:

(إن أمّتي يدعون يوم القيامة غرا محجلين من آثار الوضوء. فمن استطاع منكم أن يطيل غرته فليفعل)

«Расында, Қиямет күні менің үмметім дәрет орындары (аттың маңдайы мен аяқтарындағы ақтықтары секілді) жұлдызша жарқырап шақырылады. Іштерінде кім (нұрлы) жұлдызшасын соза түсуге шамасы келсе, онда оны істесін»⁴.

Дәреттің артықшылығы

Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(إذا توضأ العبد المسلم – أو المؤمن – فغسل وجهه خرج من وجهه كل خطيئة نظر إليها بعينيه مع الماء – أو مع آخر قطر الماء

– فإذا غسل يديه خرج من يديه كل خطيئة كان بطشتها يدها مع الماء – أو مع آخر قطر الماء – فإذا غسل رجله خرجت كل

خطيئة مشتها رجلاه مع الماء – مع آخر قطر الماء – حتى يخرج نقياً من الذنوب)

¹ Әл-Байһақи жеткізді

² Әл-Бұхари жеткізді

³ Ат-Тирмизи жеткізді

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

«Аллаһтың мұсылман (немесе мүмін) құлы дәрет алып, бетін жуғанда екі көзімен көрген барлық күнәсі жүзінен сумен бірге немесе соңғы тамшымен ағып түседі. Қолдарын жуғанда екі қолымен істеген барлық күнәсі қолдарынан сумен бірге немесе соңғы тамшымен ағып түседі. Аяқтарын жуғанда екі аяғымен барған барлық күнәсі аяқтарынан сумен бірге немесе соңғы тамшымен ағып түседі. Сөйтіп, күнәлерінән әбден тазарып шығады»¹.

Осман ибн Аффан, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(من تَوَضَّأَ فَأَحْسَنَ الْوَضُوءَ خَرَجَتْ خَطَايَاهُ مِنْ جَسَدِهِ، حَتَّى تَخْرُجَ مِنْ تَحْتِ أَظْفَارِهِ)

«Кім дәрет алса және дәретті жақсылап алса, күнәләрі денесінен шығып кетеді. Олар, тіпті тырнақтарының астынан да шығады»².

Дәреттің шарттары

I. Дәреттің парыз болуы келесі шарттар мен жағдайларға негізделеді:

1. Есті болуы.
2. Кәмелетке толуы.
3. Мұсылман болуы.
4. Суды пайдалана алуы.
5. Дәретсіз болуы.
6. Әйел кісі үшін хайыз³ бен нифастың⁴ тоқтауы.

II. Дәреттің дұрыс болуы келесі шарттар мен жағдайларға негізделеді:

1. Мүшенің толық жуылуы. Жуылуға бұйырылған мүшенің ине ұшындай жеріне су тимей қалуы дәреттің дұрыстығын жояды.
2. Саусақ бастарына жабысып қалған қамыр, тырнаққа жағылған лак және балауыз (воск) секілді су өткізбейтін затты дәрет алардан алдын дене мүшелерінен толық кетіру шарт. Қолды жуғанда тар сақинаны айналдырып қозғау шарт.
3. Дәрет алып жатқанда немесе дәрет алып болғанда дәретті бұзатын нәрсенің пайда болмауы.
4. Хайыз бен нифасы тоқтамайынша әйел кісінің дәреті дұрыс болмайды.
5. Дене мүшелерін сулы қолмен сипалап емес, үстіне су құйып жуу шарт.

III. Дәреттің үкімі

1. Намаз үшін дәреттің үкімі парыз болады.

Аллаһ тағала Құран Кәрімде Былай дейді:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِذَا قُمْتُمْ إِلَى الصَّلَاةِ فَاغْسِلُوا وُجُوهَكُمْ وَأَيْدِيَكُمْ إِلَى الْمَرَافِقِ وَامْسَحُوا بِرُءُوسِكُمْ وَأَرْجُلَكُمْ إِلَى الْكَعْبَيْنِ﴾

«Ей иман келтіргендер! Намазға тұрар кездерінде беттеріңді және қолдарыңды шынтақтарға дейін жуыңдар. Бастарыңа мәсх жасап, аяқтарыңды тобықтарға дейін (жуыңдар)»⁵.

Негізінде, бұл аят Мәдинада түскен. Ал дәрет намазбен бірге Меккеде парыз етіледі. Жебірейіл періште пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) дәрет алуды Меккеде үйретеді. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін естіді:

(لا تقبل صلاة بغير طهور)

«Тазалықсыз намаз қабыл етілмейді»⁶. Бұл хадистегі «тазалықсыз» сөзі «дәретсіз» деген мағына береді. Намаз түрі, мейлі парыз, мейлі уәжіп, мейлі нәпіл болсын, тіпті, тиләуат сәждесі дәретсіз мүлде дұрыс болмайды.

¹ Мүслім жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Ай сайын қайталанбалы етеккір циклы

⁴ Босанғаннан кейін бөлінетін қан

⁵ «Маида» сүресі: 6

⁶ Мүслім жеткізді

Құранды ұстау үшін де дәрет алу парыз. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай дейді:

﴿ لَا يَمَسُّهُ إِلَّا الْمُطَهَّرُونَ ﴾

«**Оны тазарғандар ғана ұстайды**»¹. Тәпсір ғалымдарының пайымдауынша бұл аяттағы «**Оны**» сөзі негізінде «Лаух ал-Махфуз»-ды көздейді. Ал «**таза болғандар**» дегеніміз - періштелер. Қасиетті Құран «Лаух ал-Махфуз»-да жазулы. Осы тәпсірдің негізінде «**Оны**» сөзімен Құран да көзделеді. Сол себептен оны дәретсіз, бойдәретсіз кісі ұстауына болмайды. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(لا يَمَسُّ الْقُرْآنَ إِلَّا طَاهِرًا)

«**Құранды тек дәретті кісі ғана ұстайды**»².

2. Қағбаны тауап ету үшін дәреттің үкімі уәжіп. Ибн Аббастан, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(الطواف بالبيت صلاة، إلا أن الله قد أحل فيه النطق فمن نطق فيه فلا ينطق إلا بخير)

«**Қағбаны тауап ету дегеніміз - намаз. Айырмашылығы, Аллаһ тауап кезінде сөйлесулеріне рұқсат етті. Кім тауап кезінде сөйлесе, жақсылықтан басқасын сөйлемесін**»³.

3. Ұйықтау алдында дәрет алу үкімі сүннет. Ал-Барра ибн Азиб, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) оған былай дегенін айтты:

(إذا أتيت مضجعك فتوضأ وضوءك للصلاة، ثم اضطجع على شقك الأيمن، ثم قل: اللهم أسلمت وجهي إليك، فوضت أمري إليك، وألجأت ظهري إليك، رغبة ورهبة إليك، لا ملجأ ولا منجى منك إلا إليك، اللهم آمنت بكتابك الذي أنزلت، وبنبيك الذي أرسلت، فإن متَّ من ليلتك فأنت على الفطرة، واجعلهن آخر ما تتكلم به)

«**Төсегіне жатарда намазға сияқты дәрет ал. Кейін оң жағыңа жатып, былай де: (Аллаһым, жүзімді Саған бағындырдым, ісімді Саған тапсырдым, тыл жағыма Сені қорған етемін. Осының бәрін Саған үміттеніп және Сенен қорқып істедім. Сенің қасыңда болмаса, Сенен қашып құтылатын да, паналайтын да жер жоқ. Аллаһым, түсірген кітабыңа және жіберген елшіңе иман келтірдім). Осы сөздерді айтқан түнінде өлсең, мұсылман күйінде өлесің. Сол себептен әр күнгі сөйлейтін соңғы сөзің осы болсын!**»⁴.

4. Төмендегі жағдайларда дәрет алу ұнамды:

ә) Ашу қысқанда. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(إن الغضب من الشيطان، وإن الشيطان خلق من النار، وإنما تطفأ النار بالماء، فإذا غضب أحدكم فليتوضأ)

«**Шындығында, ашу - шайтаннан. Шайтан оттан жаратылған, ал от сумен ғана өшеді. Сендерден біреу ашуланса, дереу дәрет алсын!**»⁵.

а) Жүніп халіндегі кісі үшін. Егер тамақ жегісі келсе, не су ішкісі келсе, не ұйықтағысы келсе, не тағы да жұбайына жақындасуды қаласа, дәрет алғаны ұнамды болады. Айша анамыздан, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) жүніп кезінде тамақтануды немесе ұйықтауды қаласа, намазға сияқты дәрет алатын⁶. Әбу Саьид Әл-Худри, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

¹ «Уақиға» сүресі: 79

² Малик, Ан-Насаи және Ад-Дарақұтни жеткізді

³ Ибн Хиббан, Әл-Хаким және Ат-Тирмизи жеткізді

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

⁵ Ахмад жеткізді

⁶ Мүслім жеткізді

«Сендерден біреу әйеліне жақындасса, кейін тағы қаласа, дәрет алсын»¹.

б) Кіші күнәлардан кейін. Өйткені дәрет Аллаһтың қалауымен кіші күнәларды жуады. Осман ибн Уффан, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай айтқанын жеткізді: «**Кім дәретін жақсылап алса, күнәлары денесінен, тіпті, тырнақтарының астынан да шығып кетеді**»². Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай айтқанын жеткізді: «**Аллаһтың мұсылман (немесе мүмін) құлы дәрет алып, бетін жуғанда екі көзімен көрген барлық күнәсі жүзінен сумен бірге немесе соңғы тамшымен ағып түседі. Қолдарын жуғанда екі қолымен істеген барлық күнәсі қолдарынан сумен бірге немесе соңғы тамшымен ағып түседі. Аяқтарын жуғанда екі аяғымен барған барлық күнәсі аяқтарынан сумен бірге немесе соңғы тамшымен ағып түседі. Сөйтіп, күнәлерінән әбден тазарып шығады**»³.

Жоғарыдағы жағдайларға қосымша Аллаһ тағаланы еске алу, жатталған сүрелерді қайталау, білім жиылыстарына қатысу, уағыз айту кездерінде дәрет алу ұнамды.

Дәреттің парыздары

Дәреттің парыздары - төртеу. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿ يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِذَا قُمْتُمْ إِلَى الصَّلَاةِ فَاغْسِلُوا وُجُوهَكُمْ وَأَيْدِيَكُمْ إِلَى الْمَرَافِقِ وَامْسَحُوا بِرُءُوسِكُمْ وَأَرْجُلَكُمْ إِلَى الْكَعْبَيْنِ ﴾

«Ей иман келтіргендер! Намазға тұрар кездерінде беттеріңді және қолдарыңды шынтақтарға дейін жуыңдар. Бастарыңа мәсх жасап, аяқтарыңды тобықтарға дейін (жуыңдар)»⁴.

1. Бетті бір мәрте жуу. Беттің көлемі - ұзындығы жағынан маңдай төбесінен иектің түбіне дейін, ал ені жағынан екі құлақ сырғалықтарының арасына дейін жалғасады. Қас пен мұрт астындағы тері қоса жуылады. Сақал сирек болса, теріге судың тиюі уәжіп. Ал қалың болса, сақалдың беті жуылса жеткілікті. Сақалдың беттен асқан бөлігін жуу шарт емес.

2. Екі қолды шынтақтарға дейін бір мәрте жуу. Фихһ ғалымдарының келісімімен екі қол шынтақпен бірге жуылады. Олардың сөзі келесі дәлелге негізделеді: Наъим ибн Абдуллаһ, Аллаһ тағала оған разы болсын, айтады:

(رأيت أبا هريرة يتوضأ، فغسل وجهه فأسيغ الوضوء، ثم غسل يده اليمنى حتى أشرع في العضد، ثم يده اليسرى حتى أشرع في العضد، ثم مسح رأسه، ثم غسل رجله اليمنى حتى أشرع في الساق، ثم قال: هكذا رأيت رسول الله صلى الله عليه وسلم يتوضأ)

Мен Әбу Һурайраның, Аллаһ тағала оған разы болсын, дәрет алғанын көрдім. Ол бетін жуып дәретті жақсылап алды. Сосын оң қолын білекке (иық бұлшық етіне) дейін жуды, кейін сол қолын білекке дейін жуды. Кейін басына мәсх жасады. Сосын оң аяғын сираққа дейін жуды, кейін сол аяғын да сираққа дейін жуды. Сосын былай деді: «Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) дәретті осылай алғанын көрдім»⁵.

3. Басқа мәсх жасау. Мәсх жасау дегеніміз - белгілі бір дене мүшені сулы қолмен сипап өту. Мәсх бастың төрттен біріне жасалады. Өйткені қол алақанының көлемі бастың төрттен бірін ғана қамтиды. Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, айтады:

(رأيت رسول الله صلى الله عليه وسلم يتوضأ وعليه عمامة قطرية، فأدخل يده من تحت العمامة فمسح مُقَدِّمَ رأسه ولم ينقص العمامة)

¹ Мүслім жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Мүслім жеткізді

⁴ «Мәида» сүресі: 6

⁵ Мүслім жеткізді

«Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) дәрет алғанын көрдім. Басында Қатарда тігілген сәлдесі болатын. Қолын сәлденің астына кіргізіп, басының алдыңғы жағына мәсх жасады және сәлдесін шешпеді»¹.

4. Екі аяқты тобыққа дейін бір мәрте жуу. Фихр ғалымдарының келісімімен аяқ тобықпен бірге жуылады. Нағим ибн Абдуллаһ, Аллаһ тағала оған разы болсын, айтады: Мен Әбу Һурайраның, Аллаһ тағала оған разы болсын, дәрет алғанын көрдім. Ол дәретін жақсылап алды. Сосын оң қолын білекке (иық бұлшық етіне) дейін жуды, кейін сол қолын білекке дейін жуды. Кейін басына мәсх жасады. Сосын оң аяғын сираққа дейін жуды, кейін сол аяғын да сираққа дейін жуды. Сосын былай деді: «Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) дәретті осылай алғанын көрдім»².

Абдулла ибн Амру, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Бірде Аллаһтың елшісімен (саллаллаһу алайһи уа саллам) бірге Меккеден Мәдинаға келдік. Жолда екінді намазына дәрет алу үшін суға қарай жүгіріскен адамдарды көрдік. Оларға біз де қосылдық. Дәретті асығып алғандықтан кейбірінің өкшесіне су тимегені пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) көрініп қалады. Сол кезде Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деп дауыстайды:

(ويل للأعقاب من النار)

«(Толық жуылмаған) өкшелерге от азабы болады»³.

Дәреттің сүннеттері

1. Ниет ету. Ханафи мәзһабінің көзқарасында ниет дәреттің шарты емес, сүннеті саналады. Өйткені, оларда құлшылықтар, **біріншіден**, төмендегідей бөлінеді:

ә) Негізгі құлшылықтар. Олар намаз бен ораза секілді құлшылықтар. Құлшылықтың бұндай түрін атқаруда ниет парыз болады.

б) Негізгі құлшылықтың кіріспе бөлімдері. Бұған дәрет алу секілді құлшылықтар кіреді. Сауапқа жолығу үшін дәрет алуды ниетпен бастаған сүннет. Ниет уақыты іш дәреттің алдында немесе екі қолды жуғанда басталады.

Екіншіден, дәреттің парыздарын баяндаған аятта мүшелерді жуу мен басқа мәсх жасау болмаса, ниет бұйырылмаған.

Үшіншіден, дәрет алу дегеніміз - сумен тазалану. Адам жүзу немесе салқындау, немесе батып бара жатқан адамды құтқару ниетімен суға бір сүңгіп алса, ниет етпесе де дәретті болып шығады.

Қорыта айтқанда, дәреттің дұрыс болуына ниет шарт емес.

2. Тәртіп. Тәртіптің парыз емес екендігіне дәлел: Әли, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(ما أبالي إذا أتممت وضوئي بأيّ أعضائي بدأت)

«Дәретімді қай мүшеден бастап, қай мүшемен аяқтасам да, бәрібір»⁴.

Мужаһидтің жеткізуімен Абдулла ибн Масъуд, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(لا بأس أن تبدأ برجليك قبل يديك)

«Екі қолыңнан бұрын екі аяғыңнан бастасаң да, оқасы жоқ»⁵.

3. «Бисмиллә»-мен бастау. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

¹ Әбу Дәуд жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Мүслім жеткізді

⁴ Ад-Дарақұтни жеткізді

⁵ Әл-Байһақи жеткізді

(من تَوَضَّأَ وَذَكَرَ اسْمَ اللَّهِ تَطَهَّرَ جَسَدَهُ كُلَّهُ، وَمَنْ تَوَضَّأَ وَلَمْ يَذْكُرْ اسْمَ اللَّهِ لَمْ يَتَطَهَّرْ إِلَّا مَوْضِعَ الْوَضْوَاءِ)

«Кім дәрет алғанда Аллаһты еске алса, бүкіл денесі тазарады. Кім дәрет алғанда Аллаһты еске алмаса, тек жуған жерлері ғана тазарады»¹.

4. Екі қолын білезіктерге дейін жуу. Сүннет бойынша дәрет екі қолды білезіктерге дейін жуудан басталады. Өйткені басқа мүшелер қолмен жуылады. Аус ибн Аус, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(رَأَيْتَ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ اسْتَوَكَّفَ ثَلَاثًا)

«Мен Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) екі қолына үш мәрте су құйып жуғанын көрдім»². Ұйықтап тұрған адамға екі қолын жуу сүннет.

Әбу Һурайрадан, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(إِذَا اسْتَيْقَظَ أَحَدُكُمْ مِنْ نَوْمِهِ فَلَا يَغْمَسُ يَدَهُ فِي الْإِنَاءِ حَتَّى يَغْسِلَهَا ثَلَاثًا، فَإِنَّهُ لَا يَدْرِي أَيْنَ بَاتَ يَدَهُ)

«Сендерден біреу ұйықтап тұрса, қолын үш мәрте жумайынша ыдыстағы суға салмасын. Өйткені ол қолының түн ішінде қай жерді аралағанын білмейді»³.

5. Тіс тазалау. Ауыз шайып, тіс тазалау - бекітілген сүннет. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لَوْلَا أَنْ أَشَقَّ عَلَيَّ أُمَّتِي لِأَمْرَتِهِمْ بِالسَّوَاكِ عِنْدَ كُلِّ وَضْوَاءٍ)

«Үмметіме ауыр бола ма деп қорықпағанымда, әлбетте, оларға әр дәреттің кезінде тістерін тазалауын бұйырар едім»⁴.

Дәрет алған кезде тіс тазаланса, сол дәретпен оқылған намаздың артықшылығы өте зор. Дәрет кезінде тіс тазаланбаса, намаздың алдында тазалануы ұнамды. Сонымен қатар мешітке барарда, намаз оқырда, адамдармен кездесу алдында ауыздағы жағымсыз иісті кетіру үшін тіс тазалау ұнамды.

Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ إِذَا دَخَلَ بَيْتَهُ بَدَأَ بِالسَّوَاكِ)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) үйіне кірсе болды, алдымен, тісін тазалауға кірісетін»⁵.

Әбу Умама, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(تَسَوَّكُوا فَإِنَّ السَّوَاكَ مَطْهَرَةٌ لِلْفَمِ، مَرْضَاةٌ لِلرَّبِّ، مَا جَاءَنِي جَبْرِيلُ إِلَّا أَوْصَانِي بِالسَّوَاكِ حَتَّى لَقَدْ خَشِيتُ أَنْ يُفَرِّضَ عَلَيَّ وَعَلَى أُمَّتِي)

«Тістерінді тазаландар! Расында, мәсуәк⁶ ауызды тазартады, Раббыларыңды разы қылады. Маған келген сайын Жебірейілдің мәсуәкті өсиет еткені соншалық, тіпті, маған да, үмметіме де парыз бола ма деп ойладым..»⁷.

Бірде ансарлардың бірі пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дейді: «Әй, Аллаһтың елшісі, бізді мәсуәкке қызықтырып жібердің. Оның орнына басқа қандай нәрсені қолдануымызға болады». Ол (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дейді:

(إِصْبَعَاكَ سَوَاكٌ عِنْدَ وَضْوَتِكَ تَمْرَهُمَا عَلَيَّ أَسْنَانِكَ)

«Дәрет алған кезінде екі саусағың мәсуәк болады. Ол екеуімен тістерінді тазалайсың»⁸.

¹ Әл-Байһақи жеткізді

² Ан-Насаи жеткізді

³ Мүслім жеткізді

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

⁵ Мүслім жеткізді

⁶ Сиуак - «парсы сальвадоры» деп аталатын ағаштың бұтағы, егер оның ұшын тістелесе, қылшақ-қылшақ болып тіс тазалағышқа айналады. Бұл ағаш арапша «арак» ағашы деп аталады.

⁷ Ибн Мажа жеткізді

⁸ Әл-Байһақи жеткізді

Мәсуәкті пайдаланған соң, өзіне жабысқан нәрселерді кетіру үшін жуу сүннет. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان نبي الله صلى الله عليه وسلم يستاك فيعطيني السواك لأغسله فأبدأ به فأستاك ثم أغسله وأدفعه إليه)

«Пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) тістерін тазалап болған соң, мәсуәкты жууым үшін маған беретін. Мен оны алып, тістерімді тазалай бастайтынмын. Сосын жуып оған беретінмін»¹.

6. Ауыз бен мұрынды шаю. Ауыз бен мұрын қуысы сумен толық шайылады. Ораза ұстамаған адамға ауыз бен мұрынға суды тереңірек жіберіп, үш мәрте шаю сүннет. Лақит ибн Сабара, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінен (саллаллаһу алайһи уа саллам) дәрет алуды үйретуін сұрайды. Ол былай деп үйретеді:

(أسبغ الوضوء، وخلل بين الأصابع، وبالغ في الاستنشاق إلا أن تكون صائماً)

«Дәретті жақсылап ал. Саусақ араларын тарамдап жу. Ораза ұстамаған болсаң, мұрныңа суды тереңірек жіберіп шай»².

Ауыз бен мұрынды шаюда бес нәрсе сүннет:

- тәртіп (алдымен ауыз, кейін мұрын);
- үш мәрте шаю;
- суды жаңалау;
- суды оң қолмен жіберіп, сол қолмен шығару;
- суды тереңірек жіберу.

7. Қалың сақалды тарамдау. Бет жуылған соң сақал төменнен жоғары тарамдалады. Осман, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن رسول الله صلى الله عليه وسلم توضع فخلل لحيته)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) дәрет алғанда сақалының арасын тарамдайтын»³.

Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن رسول الله صلى الله عليه وسلم كان إذا توضع أخذ كفاً من ماء فأدخله تحت حنكه فخلل به لحيته وقال: هكذا أمرني ربي عز وجل)

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) дәрет алғанда қолымен азғантай су алып, сақалын төменгі жағынан жоғары тарамдап, былай деді: «Үстем әрі Ұлы Раббым осылай бұйырды»⁴.

8. Қол мен аяқ саусақтарының арасын тарамдап жуу. Қол саусақтарының арасы бір-бірімен тарамдалып жуылады. Башпайлардың арасы сол қолдың шынашағымен жуылады. Аяқ башпайларын жуу оң аяқтың кіші саусағынан басталып, сол аяқтың кіші саусағымен аяқталады. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا توضأت فخلل بين أصابع يديك ورجليك)

«Дәрет алғанда қол және аяқ саусақтарының арасын тарамдап жу!»⁵.

9. Дене мүшелерін үш мәрте жуу. Ғамру ибн Шуъайп әкесінен, ал әкесі атасынан жеткізді: Бір кісі пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) келіп:

¹ Әбу Дәуд жеткізді

² Әбу Дәуд жеткізді

³ Ибн Мажа жеткізді

⁴ Әбу Дәуд жеткізді

⁵ Ат-Тирмизи жеткізді

(يا رسول الله كيف الطهور؟ فدعاء بماء في إناء، فغسل كفيه ثلاثاً، ثم غسل وجهه ثلاثاً، ثم غسل ذراعيه ثلاثاً، ثم مسح برأسه فأدخل أصبعيه السبّاحتين في أذنيه ومسح يابهامه على ظاهر أذنيه وبالسبّاحتين باطن أذنيه، ثم غسل رجليه ثلاثاً ثلاثاً، ثم قال: هكذا الوضوء فمن زاد على هذا أو نقص فقد أساء وظلم)

«Аллаһтың елшісі, дәрет қалай алынады?»-деп сұрайды. Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) дереу құманмен су алдыртып, алдымен, қолдарын үш мәрте жуады. Кейін бетін үш мәрте жуады. Кейін білектерін үш мәрте жуады. Кейін басына мәсх жасайды. Кейін сұқ саусақтарын құлақтарының іштеріне кіргізеді. Құлақтарының сыртқы жағына бас бармақпен, ал ішкі жағына сұқ саусақпен мәсх жасайды. Кейін аяқтарын үш мәрте жуады. Сосын былай дейді: «Дәрет осылай алынады. Кім бұдан асырса немесе кемітсе, нашар және теріс істеген болады»¹.

10. Басқа бір мәрте мәсх жасау. Абд ар-Рахман ибн Әбу Ләйлә, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(رأيت علياً رضي الله عنه توضأ فغسل وجهه ثلاثاً، وغسل ذراعيه ثلاثاً، ومسح برأسه مرة واحدة، ثم قال: هكذا توضحاً رسول الله صلى الله عليه وسلم)

«Мен Әлидің, Аллаһ тағала оған разы болсын, дәрет алғанын көрдім. Ол бетін үш мәрте жуды. Кейін білектерін үш мәрте жуды. Кейін басына бір мәрте мәсх жасады. Сосын былай деді: «Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) дәретті осылай алатын»².

Басқа мәсхтің жасалу жолы. Микдам ибн Муад Якраб, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(رأيت رسول الله صلى الله عليه وسلم توضحاً، فلما بلغ مسح رأسه وضع كفيه على مقدم رأسه فأمرهما حتى بلغ القفا ثم ردهما إلى المكان الذي منه بدأ)

«Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) дәрет алғанын көрдім. Басына мәсх жасауға келгенде екі алақанын басының алдыңғы жағына қойып желкесіне дейін бір сипап өтті. Кейін екі алақанымен бастаған орнына қайтып оралды»³.

Шаш қалың болса, екі алақан бастың алдыңғы жағына қойылып, желкеге дейін бір мәрте сипалады. Сосын желкеден бастың алдыңға жағына қайтып оралады. Шаш жұқа немесе қырқылған болса, екі алақанмен бастың алдыңғы жағынан желкеге дейін бір мәрте сипалуы жеткілікті.

11. Екі құлаққа мәсх жасау. Екі құлаққа мәсх жасау - сүннет. Бұл үшін қол саусақтарын арнайы суламай, басқа жасалған мәсхтан қалған сумен жасаса да болады. Амру ибн Шұғайып әкесінен, ал әкесі атасынан жеткізді: Бір кісі пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) келіп: «Аллаһтың елшісі, дәрет қалай алынады?»-деп сұрайды. Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) дереу құманмен су алдыртып, алдымен, қолдарын үш мәрте жуады, кейін бетін үш мәрте жуады, кейін білектерін үш мәрте жуады, кейін басына мәсх жасайды, кейін сұқ саусақтарын құлақтарының іштеріне кіргізеді. Құлақтарының сыртқы жағына бас бармақпен, ал ішкі жағына сұқ саусақпен мәсх жасайды. Кейін аяқтарын үш мәрте жуып, былай дейді: «Дәрет осылай алынады. Кім бұдан асырса немесе кемітсе, нашар және теріс істеген болады»⁴.

Құлаққа мәсх жасағанда, екі үлкен саусақпен екі құлақтың сыртқы жағына, екі сұқ саусақпен ішкі қалталарына мәсх жасалады. Екі шынашақ құлақ тесіктеріне кіргізіліп, әрі-бері қозғалады. Ар-Рабиъ бинту Мағуз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن النبي صلى الله عليه وسلم توضحاً فأدخل أصبعيه في حجري أذنيه)

¹ Әбу Дәуд жеткізді

² Әбу Дәуд жеткізді

³ Әбу Дәуд жеткізді

⁴ Әбу Дәуд жеткізді

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) дәрет алғанда екі саусағын екі құлағының тесіктеріне кіргізіп (мәсх жасады)»¹.

12. Дене мүшелерін екі қолмен ысқылап жуу. Абдулла ибн Зайд, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن النبي صلى الله عليه وسلم توضعاً فجعل يقول هكذا يدللك)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) дәрет алып: «(Дене мүшелері) осылай ысқыланады»-деді².

13. Кол мен аяқты оңнан бастап жуу. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا توضعتم فابدءوا بميامنكم)

«Дәрет алғанда (дене мүшелерін жууды) оң жақтан бастаңдар!»³.

14. Дене мүшелерін жуу арасында үзілістің болмауы.

Дәреттің әдептері

Тілдік мағынада әдеп дегеніміз - адам бойындағы мақтаулы қасиет. Ал шарифаттық мағынада әдеп дегеніміз - пайғамбарымыздың (саллаллаһу алайһи уа саллам) бірде істеп, бірде істемеген амалы. Сонымен қатар әдеп «мустахап», «мандуп» және «ерікті іс» деп те аталады.

Үкімі: істелсе сауап, істелмесе айып жоқ.

Дәреттің әдептері:

1. Құбылаға қарап отыру. Өйткені дәрет құлшылыққа жатады.

2. Денеге және киімге кір су шашырамас үшін, биіктеу жерге отыру.

3. Жүрекпен де, тілмен де ниет ету.

4. Саусақтар жуылғанда кең сақинаны айналдырып қозғау. Әбу Рафиъ, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم إذا توضعاً حرك خاتمته)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) дәрет алғанда сақинасын қозғайтын»⁴.

5. Ауыз бен мұрынға суды оң қолмен жіберу және сол қолмен сіңбіру. Әли, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) дәретін былай сипаттады:

(.. فأدخل يده اليمنى في الإناء فملاً فمه فتمضمض واستنشق واستنثر بيده اليسرى ففعل ذلك ثلاثاً)

«..Оң қолымен ыдыстан су алып, аузын толтырып шайқады. Мұрнына су жіберіп, сол қолымен сіңбірді. Осы нәрсені үш мәрте жасады»⁵.

6. Екі шынашақты екі құлақтың тесіктеріне кіргізу.

7. Дәрет алғанда жуылуы парыз әр мүшені «Бисмилла» айтып жуу. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(إذا توضع فقل بسم الله والحمد لله فإن حفظتك لا تبرح تكتب لك الحسنات حتى تحدث من ذلك الوضوء)

Дәрет алғаныңда: «Бисмилләһи уал-хамду лилләһи»-деп айт. Осыны ұстанатын болсаң, сол дәретің бұзылғанша жақсы істердің жазылуы еш тоқтамайды»⁶.

¹ Әбу Дәуд жеткізді

² Ахмад жеткізді

³ Ибн Мажа жеткізді

⁴ Әл-Байһақи жеткізді

⁵ Әл-Байһақи жеткізді

⁶ Ат-Табарани жеткізді, хадистің иснады - жақсы.

8. Намазға дайындалу ниетімен намаздың уақыты кірмей тұрып дәрет алу. Бұл әдеп мұсылманды ынталыққа үйретеді. Алайда дәреті ұстамайтын кісі үшін намаз уақыты кірген кезде алғаны дұрысырақ.

9. Дәреттен соң куәлік сөздерін айту. Уқба ибн Амир, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ما منكم من أحد يتوضأ فيحسن الوضوء، ثم يقول حين يفرغ من وضوئه: أشهد أن لا إله إلا الله وحده لا شريك له وأشهد أن محمداً عبده ورسوله إلا فتحت له أبواب الجنة الثمانية يدخل من أيها شاء)

Сендерден біреу дәрет алып, дәретті жақсылап алса сосын дәретінің соңында: «Серігі болмаған жалғыз Аллаһтан басқа тәңір жоқтығына куәлік беремін және Мұхаммед Оның құлы әрі елшісі екеніне куәлік беремін»-дейтін болса, оған жәннаттың сегіз есігі бірдей ашылып, қалаған есігінен кіреді»¹.

Бұл хадистің Ат-Тирмизи келтірген мәтінінің соңында мына сөздер қосылған:

(اللهم اجعلني من التوابين واجعلني من المتطهرين)

«..Аллаһым, мені тәуба етушілерден және тазалардан қылшы».

10. Дәреттен кейін дене мүшелерін сүртпей кептіру. Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) ғұсыл құйынған соң, оған Маймуна анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, орамал алып келеді. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) орамалды алмай былай дейді: «Суды, былай, сілқуге болады»². Әрине, бұл хадистің мәтіні суды мүлдем сүртуге болмайды деген мағынаны бермейді, алайда сүртілмей кебуі абзал. Дегенмен, суық жерлерде дәрет пен ғұсылдан кейін сүртіну абзал. Өйткені адамның денсаулығын қорғау - шарифаттың асыл мақсаттарынан.

11. Дәреттен кейін құбылаға қарап, дәреттен қалған суды ішу. Хусейн ибн Әли, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай дейді:

(دعاني أبي عليّ بوضوء ، فقربته له ، فبدأ فغسل كفيه ثلاث مرّات قبل أن يدخلهما في وضوءه ، ثم مضمض ثلاثاً واستنثر ثلاثاً ، ثم غسل وجهه ثلاث مرات ، ثم غسل يده اليمنى إلى المرفق ثلاثاً ، ثم اليسرى كذلك ، ثم مسح برأسه مسحاً واحدة ، ثم غسل رجله اليمنى إلى الكعبين ثلاثاً ، ثم اليسرى كذلك ، ثم قام قائماً فقال : ناولني ، فناولته الإناء الذي فيه فضل وضوئه فشرب من فضل وضوئه قائماً ، فعجبت ، فلمّا رأني قال : لا تعجب ، فإني رأيت أباك النبي صلى الله عليه وسلم يصنع مثل ما رأيتني صنعت يقول لوضوئه هذا ، وشرب فضل وضوئه قائماً)

Әкем Әли, Аллаһ тағала оған разы болсын, дәрет алуы үшін су әкелуіме шақырады. Мен су әкеліп, оған жақынырақ қойдым. Екі қолын ыдыстағы суға кіргезбес бұрын үш мәрте жуып алды. Сосын үш мәрте аузын және үш мәрте мұрнын шайды. Сосын үш мәрте бетін жуды. Сосын оң қолын шынтаққа дейін үш мәрте жуды. Сосын сол қолын да солай жуды. Сосын басына бір мәрте мәсх жасады. Сосын оң аяғын тобыққа дейін үш мәрте жуды. Сосын сол аяғымен де осылай істеді. Сосын орнынан түрегеліп, маған: «Әперіп жіберші»-деді. Мен оған дәрет суынан қалған ыдысты әпердім. Түрегеп тұрған бойы дәретінен артылған судан ішті. Мен аң-таң болдым. Менің таң қалғанымды көріп, былай дейді: «Таң қалмай-ақ қой. Расында, менің істегенімді көргеніңдей, мен де пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) атаңның осылай істегенін көрдім. Ол да осылай дәрет алған және түрегеп тұрып дәретінен артылған судан ішкен»-деді³.

12. Дәреттен кейін екі рәкат намаз оқу. Ықба ибн Ыамир, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ما من مسلم يتوضأ فيحسن وضوءه ثم يقوم فيصلّي ركعتين يقبل عليهما بقلبه ووجهه إلا وجبت له الجنة)

¹ Мүслім жеткізді

² Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

³ Ан-Насаи жеткізді

«Қайсыбір мұсылман дәрет алғанда дәретін жақсылап алса, сосын тұрып екі рәкат намаз оқыса және намазына жүрегімен және жүзімен берілсе, әлбетте, оған жәннат уәжіп болады»¹.

13. Екі қолды шынтақтан асырып, ал екі аяқты тобықтан асырып жуу. Наъим ибн Абдуллаһ, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Мен Әбу Һурайраның, Аллаһ тағала оған разы болсын, дәрет алғанын көрдім. Ол бетін жуып дәретті жақсылап алды. Сосын оң қолын білекке (иық бұлшық етіне) дейін жуды, кейін сол қолын білекке дейін жуды. Кейін басына мәсх жасады. Сосын оң аяғын сираққа дейін жуды, кейін сол аяғын да сираққа дейін жуды. Сосын былай деді: «Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) дәретті осылай алғанын көрдім»².

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(أنتم الغر المحجلون يوم القيامة من إسيغ الوضوء فمن استطاع منكم فليطل غرته وتحجيلة)

«Дәретті жақсылап алғандарың үшін, Қиямет күні сендер жарқыраған жұлдыз және аппақ боласындар. Сендерден кімнің шамасы келсе, жұлдызы мен ақтығын арттырсын»³. Бұл хадистің мағынасы кім дәрет алғанда бетін міндетті көлемінен асыра жуса, Қиямет күні жүзі жұлдыздай жарқырайды. Сондай-ақ екі қолын шынтақтан асырып жуса және екі аяғын тобықтан асырып жуса, жуған орындары шыр айнала аппақ болып жарқырайды.

14. Қол мен аяқты саусақ бастарынан бастап жуу.

15. Мойынға мәсх жасау. Омар ибн әл-Хаттаб, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(مسح الرقبة أمان من الغل يوم القيامة)

«Мойынға мәсх жасау Қиямет күні боғаудан сақтайды»⁴.

Талха ибн Мусарриф әкесінен, ал әкесі атасынан жеткізген хадисте былай делінеді:

(أن رسول الله صلى الله عليه وسلم يمسح رأسه حتى بلغ القذال و يديه من مقدم العنق)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) басына мәсх жасағанда қолдарын желкесіне дейін және оған жалғасқан мойнына дейін апарды»⁵.

Дәреттің мәкруһаттары

1. Суды ысырап ету мәкруһ танзиһан. Ғамру ибн Ғас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) дәрет алып отырған Саъдтің қасынан өтіп бара жатып: «Мынау не деген ысырапшылдық!» дейді. Ол: «Дәрет алуда да ысырап бар ма?»-деп сұрайды. Ол (саллаллаһу алайһи уа саллам):

(نعم وإن كنت على نهرٍ جارٍ)

«Әрине! Ағып жатқан өзеннің қасында отырсаң да (суды ысырап қылма)»-дейді⁶.

2. Дене мүшелерін үш мәртеден асырып немесе кемітіп жуу мәкруһ танзиһан. Өйткені, бұл сүннетке қайшы. Ғамру ибн Шуъайп әкесінен, ал әкесі атасынан жеткізді: Бір кісі пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) келіп:

(يا رسول الله كيف الطهور؟ فدعاء بماء في إناء، فغسل كفيه ثلاثاً، ثم غسل وجهه ثلاثاً، ثم غسل ذراعيه ثلاثاً، ثم مسح برأسه فأدخل أصبعيه السبّاحتين في أذنيه ومسح يابهما على ظاهر أذنيه وبالسبّاحتين باطن أذنيه، ثم غسل رجليه ثلاثاً ثلاثاً، ثم قال: هكذا الوضوء فمن زاد على هذا أو نقص فقد أساء وظلم)

¹ Мүслім жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Мүслім жеткізді

⁴ Әбу Мансур Ад-Дайлами «Муснад ал-Фирдаус» кітабында жеткізді. Бұл хадистің иснады - әлсіз.

⁵ Имам Ахмад жеткізді

⁶ Ибн Мажа жеткізді

«Аллаһтың елшісі, дәрет қалай алынады?»-деп сұрайды. Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) дереу құманмен су алдыртып, алдымен, қолдарын үш мәрте жуады. Кейін бетін үш мәрте жуады. Кейін білектерін үш мәрте жуады. Кейін басына мәсх жасайды. Кейін сұқ саусақтарын құлақтарының іштеріне кіргізеді. Құлақтарының сыртқы жағына бас бармақпен, ал ішкі жағына сұқ саусақпен мәсх жасайды. Кейін аяқтарын үш мәрте жуады. Сосын былай дейді: **«Дәрет осылай алынады. Кім бұдан асырса немесе кемітсе, нашар және теріс істеген болады»¹.**

3. Дене мүшелерін жуғанда суды тым үнемдеу мәкруһ танзиһан. Дене мүшелерін сулы қолмен сипалап емес, су құйып отырып жуу керек. Дене мүшелерінен судың тамып тұрғаны көрінуі қажет. Талханың атасы, Аллаһ тағала оларға разы болсын, былай деді:

(دخلت - يعني على النبي صلى الله عليه وسلم - وهو يتوضأ والماء يسيل من وجهه ولحيته على صدره)

«Пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) барған едім. Ол дәрет алып отыр екен. Су беті мен сақалынан кеудесіне тамып жатты»².

4. Дәрет алғанда сөйлесу мәкруһ танзиһан. Өйткені ол - намаздың кілті. Алайда, Аллаһ тағаланы еске алып дұға қылуына болады. Әбу Һурайрадан, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) дәрет алған кезінде былай дейтін:

(اللهم اغفر لي ذنبي ووسع لي في داري وبارك لي في رزقي وقلعني بما رزقتني و لا تفتني بما زويت عني)

«Аллаһым, күнәмды кешіре гөр. Үйімді кеңейте гөр. Ырыс-несібеме береке бере гөр. Берген нәсібіңе қатысты мені қанағатты ете гөр. Сондай-ақ менен жасырған нәрсемен мені сынай (азғыра) көрме»³.

5. Дәретті біреудің көмегімен алу мәкруһ танзиһан. Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(رأيت رسول الله صلى الله عليه وسلم يستقي ماء لوضوئه فبادرته أستقي له فقال: مه يا عمر فإنني أكره أن يشركني في طهوري أحد)

«Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) дәрет алайын деп жатқанын көріп, оған су күйюға асыққан едім. Ол: **«Әй, Омар, былай тұр, қажет емес. Дәрет алуыма біреудің араласқанын жеккөремін»**-деді⁴.

6. Лас жерде дәрет алу мәкруһ танзиһан. Абдулла ибн Мағфал, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(لا يبولن أحدكم في مستنجمه ثم يغتسل فيه)

«Сендерден ешкім жуынатын жерде дәрет сындырып жүрмесін! Өйткені ол жерде жуынады ғой»⁵.

7. Дәрет сүннеттерінің бірін атқарусыз қалдыру мәкруһ танзиһан.

Дәретті бұзатын нәрселер

1. Түзге отыру және жел шығу. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай деді:

﴿أَوْ جَاءَ أَحَدٌ مِّنْكُم مِّنَ الْغَائِطِ﴾

«..не сендерден біреу іш босатып келсе..»⁶.

¹ Әбу Дәуд жеткізді

² Әбу Дәуд жеткізді

³ Ат-Тирмизи жеткізді

⁴ Мажмағ аз-Зауаид

⁵ Әбу Дәуд жеткізді

⁶ «Ниса» сүресі: 43

2. Жел шығу. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لا تقبل صلاة من أحدث حتى يتوضأ)

«Дәреті бұзылған кісі қайта дәрет алмайынша намазы қабыл болмайды».

قال رجل من حضرموت: ما الحدث يا أبا هريرة؟ قال: (فساء أو ضراط)

Сонда Хадрамауттан келген бір кісі: «Әй, Әбу Һурайра! Дәреті бұзылған дегеніміз не?»-деп сұрайды. Ол: «Естілетін жел мен естілмейтін жел»-деп жауап береді¹.

Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لا وضوء إلا من صوت أو ريح)

«Желдің даусы естілмейінше немесе иісі сезілмейінше дәрет алынбайды»².

3. Мәзи³ және уәди суларының бөлінуі. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Аллаһтың елшісінен (саллаллаһу алайһи уа саллам) адамнан бөлінетін мәзи суынан кейін не істеу керектігі жайында сұралғанда ол:

(توضأ وانضح فرجك)

«Дәрет ал да мүшеңе су сеп»-дейді⁴.

Ибн Масъуд, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(الودي الذي يكون بعد البول فيه الوضوء)

«Уәди дегеніміз - зәрден кейін бөлінетін су. Ол үшін дәрет алу қажет»⁵.

4. Жыныс жолдарынан тас немесе құрт шығуы. Ата ибн Рабахтан артқы жыныс жолынан құрт шыққан кісінің дәреті жайында сұралады. Ол: «Дәрет алуы керек»-деп жауап береді⁶.

Сондай-ақ артқы жыныс жолына урологиялық массаж үшін кіргізілген саусақтың немесе қызу өлшейтін аспаптың басында дым көрінсе, дәрет бұзылады. Дым көрінбесе, дәрет бұзылмайды. Дымның бар не жоғы мақтамен тексеріледі. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(الوضوء مما خرج وليس مما دخل)

«Артқы жыныс жолынан бір нәрсе шықса ғана дәрет алынады. Ал кіріп шыққан нәрсе үшін дәрет алынбайды»⁷. Артқы жыныс жолынан тас немесе құрт шықса, дәрет бұзылады.

Әйел адам белгілі бір себептерге қатысты дәретін сақтау үшін, бөлінетін су сыртқа шықпасын деген ниетпен қынабының аузына мақта салып қойса, кейін мақтаның сырттағы ұшынан дымқылдық көрінсе, дәреті бұзылады. Алайда мақтаның ішкі жағы ғана дымқылданып, сырты құрғақ болса, дәреті бұзылмайды.

5. Дене мүшелерінен қан, сарысу және ірің бөлінсе. Жараның аузынан қан ақса, мұрын қанаса, дәрет алынады. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(الوضوء من كل دم سائل)

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Ат-Тирмизи және Ибн Мажа жеткізді

³ Мәзи суы дегеніміз - жыныстық құмарлықты қоздыратын сөзді естумен, тәнді көрумен, ойға берілумен ләззаттану нәтижесінде бөлінетін ақ мөлдір су. Уәди дегеніміз - зәрден кейін бөлінетін ұйыған ақ су. Уәди суының бөлінуі, көбінесе қуық ауруларымен байланысты.

⁴ Мүслім жеткізді

⁵ Әл-Байһақи жеткізді

⁶ Әл-Байһақи жеткізді

⁷ Әл-Байһақи жеткізді

«Қандай қан ақсын, дәрет алу керек»⁸.

Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من أصابه قيء أو رعاف أو قلس أو مذي فليصرف فليتوضأ)

«Кім құсса, немесе мұрны қанаса, немесе лоқсыса, немесе одан мәзи бөлінсе, дереу барып дәрет алсын..»².

Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ليس في القطرة ولا في القطرتين من الدم وضوء إلا أن يكون دما سائلا)

«Тоқтамай аққан қан болмаса, бір не екі тамшы тамған қан үшін дәрет алынбайды»³.

Жараның аузынан қан мен ірің араласпаған су шықса, дәрет бұзылмайды. Жараның аузына оралған таңғыштың бетіне шыққан қан сыртқа ақпаса, дәрет бұзылмайды.

Қан, сарысу немесе ірің жараның аузынан шықпаса, дәрет бұзылмайды. Сонымен қатар қан жара аузынан сәл ғана шығуымен тоқтаса, дәрет бұзылмайды. Алайда жараның аузынан асып ақса, бұзылады. Терінің астына қан ұйып қалса, дәрет бұзылмайды.

Сығылған безеуден су немесе қан ақса, дәрет бұзылады. Қан немесе су ақпаса, дәрет бұзылмайды.

Жараның аузынан шыққан қан мақтамен сүртілген сайын қайта-қайта шыға беретін болса, қанды сүртпей сәл күту қажет. Жара қанай берсе, дәрет бұзылады. Қан жара аузынан аспай тоқтап қалса, дәрет бұзылмайды. Бірақ басқа нәрселерді былғамауы үшін, жараның аузына бірнәрсені таңып алу қажет. Дененің бір жеріне маса қонып, қан сорған болса, дәрет бұзылмайды.

Зат ар-Рукаъ шайқасында намазда тұрған сахабалардың біріне садақ оғы тиіп, жарасының аузы қанай бастайды. Қанның ағуына қарамастан ол рүкуғ, сәжде жасап намазын жалғастыра береді⁴. Негізінде, оның бұл ісін жаралы жағдайы, яғни қанының жуғарақта тоқтамауы ақтайды. Табиғундар ішіндегі әйгілі тұлғалардың бірі Хасан ал-Басридің айтуынша, сахабалар қанап тұрған жараларына қарамай намаздарын оқи беретін⁵. Мұның жауабы: жараның аузынан аққан қан біразға дейін тоқтамаса, ондай кісінің намаз оқи беруі еш айыпталмайды. Өйткені оның жағдайы шарифатта «маъзур», яғни «айыпсыз» саналады. Мұндай үкімдегі адамның жарасы тоқтамай қанаса, дәреті бұзылмайды. Сондай-ақ Хасан ал-Басридің сөзінде сахабалардың намазда аққан қандарын керек қылмай тұра бергендері көзделмейді, алайда қандарының жуғарақта тоқтамауынан намаздарын оқи бергендері көзделуде.

6. Ауыз толтыра шыққан құсық. Ауыз тола құсылған нәрсе мейлі тамақ, мейлі су, мейлі қан болсын, сондайақ құрамы өзгерсін, өзгермесін, бәрібір дәрет бұзылады. Әбу әд-Дарда, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(إن رسول الله صلى الله عليه وسلم قاء فتوضأ)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) құсты да дәрет алды»⁶.

Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من أصابه قيء أو رعاف أو قلس أو مذي فليصرف فليتوضأ)

«Кім құсса, немесе мұрны қанаса, немесе лоқсыса, немесе одан мәзи бөлінсе, дереу барып дәрет алсын..»⁷.

⁸ Ад-Дарақутни жеткізді

² Ибн Мажа және Ад-Дарақутни жеткізді

³ Ад-Дарақутни жеткізді

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

⁵ Әл-Бұхари жеткізді

⁶ Ахмад пен Ат-Тирмизи жеткізді

⁷ Ибн Мажа және Ад-Дарақутни жеткізді

Ауыз тола құсу дегеніміз - құсықтың ауыз қуысына симауы.

Асқазаннан келген құсық - нәжіс. Асқазанға жетпей шыққан құсық нәжіс емес. Өйткені ол анасының төсін еміп отырып, лоқсыған нәрестенің құсығы секілді.

7. Тістен немесе ауыздан шыққан қан түкіріктің басым көлемін құраса. Ауыздан шыққан қан асқазаннан немесе бастан келген болса, тіпті, аз көлемде болса да, дәрет бұзылады. Нан, жеміс немесе көкөністі тістегенде олардың бойынан қан көрінсе, дәрет бұзылмайды. Сол сияқты тіс тазалаған кезде тіс тазалағыштың қылшақтарынан қан көрінсе, дәрет бұзылмайды. Алайда тіс түптерінен немесе ұртты тістеп алғандықтан шыққан қан түкіріктің түсін қанға бояса, дәрет бұзылады. Сіңбірген кезде мұрыннан кеуіп қалған қан шықса, дәрет бұзылмайды.

8. Денеден қан алдыру үшін сүлік пайдаланылса, дәрет бұзылады. Шприцпен қан алынса, дәрет бұзылады. Сол сияқты хижам¹ да дәретті бұзады. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(الوضوء من كل دم سائل)

«Қандай қан ақсын, дәрет алу керек»².

Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(جاءت فاطمة بنت أبي حبيش إلى رسول الله صلى الله عليه وسلم فقالت: يا رسول الله إني امرأة أستحاض فلا أطهر. أفأدع الصلاة. قال: لا. إنما ذلك عرق وليس بالحیضة. اجتنبی الصلاة أيام حیضك ثم اغتسلي وتوضئي لكل صلاة وإن قطر الدم على الحصى)

Пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) Әбу Хабиш қызы Фатима келіп: «Әй, Аллаһтың елшісі, расын айтсам, менде истихада қаны келетін әйелмін және одан тазара алмаймын. Сонда намаз оқымаймын ба?»-деп сұрайды. Ол: «**Жоқ, ол айтып тұрғаның етеккір емес, алайда жатырдан тыс орналасқан тамырдан келетін қан. Еттекірің келген бетте намазға жақындама. (Қашан етеккіріңнің уақыты бітсе, келіп жатқан қаннан) жуынып, намазыңды оқы. Сондай-ақ әр намазыңа дәрет алатын бол, тіпті (намазда тұрғаныңда) ши тоқыманың үстіне қан тамса да**»-дейді³.

9. Ұйқы. Әли, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(وكاء السَّهِّ العینان، فمن نام فلیتوضأ)

«(Ояу болғандағы) екі көз - артқы жыныс жолын (желдің шыққан, шықпағанын) бақылаушы. (Сондықтан) кім ұйықтаса, дәрет алсын»⁴.

Муъауия, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(العین وكاء السَّهِّ، فإذا نامت العینان استطلق الوکاء)

«Көз - артқы жыныс жолын бақылаушы. Көздер ұйқыға кетсе, бақылау үзіледі»⁵.

Адам ешнәрсеге сүйенбестен жерде немесе аттың үстінде денесіне ие болатындай күйде ұйқыға кірсе, дәреті бұзылмайды. Буындары босап, денесіне ие бола алмай қалса, дәреті бұзылады. Намаз үстінде қиямда, немесе рүкуғта, немесе сәждеде көзі ілініп кеткен кісінің дәреті бұзылмайды. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(ليس علی من نام ساجدا وضوء حتی یضطجع فإنه إذا اضطجع استرخت مفاصله)

¹ Хижам дегеніміз - емдеу мақсатымен денеден қан алдыру.

² Ад-Даракутни жеткізді

³ Әл-Бұхари жеткізді

⁴ Ахмад, Әбу Дәуд және Ибн Мажа жеткізді

⁵ Ахмад және Ад-Даракутни жеткізді

«Сәждеде көзі ілініп кеткен кісінің дәреті жерге жатып қалмайынша бұзылмайды. Өйткені жерге жатуымен буындары босап, (нағыз ұйқыға кетеді)»⁶.

Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان أصحاب رسول الله صلى الله عليه وسلم ينتظرون العشاء فينامون قعودا ثم يصلون و لا يتوضؤون)

«Сахабалар мешітте құптан намазын күтіп отырғанда отырған күйлерінде ұйықтап кететін. Кейін дәрет алмастан намаздарын оқи беретін»².

Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(رأيت النبي صلى الله عليه وسلم نام ساجدا حتى غط أو نفخ ثم قام يصلي فقلت: يا رسول الله صلى الله عليه وسلم إنك قد نمت؟ قال: "إن الوضوء لا يجب إلا على من نام مضطجعا فإنه إذا اضطجع استرخت مفاصله")

«Пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) сәждеде ұйықтап кеткенін көрдім, тіпті қорылдаған еді. Кейін қиямға көтеріліп намазын оқи береді. Мен оған: «Әй, Аллаһтың елшісі, сіз ұйықтап кеттіңіз ғой?»-деп едім, ол: «**Жерге жатып ұйықтаған кісіден басқаға дәрет алу уәжіп емес. Ал жерге жатқанда буындар босайды (ұйқыға кетеді)**»-деп жауап береді³. Бұл хадистер бойынша жеңіл ұйқы дәретті бұзбайды.

10. Қарқылдап күлу. Егер намазда тұрған кісі жамағат еститіндей дауыспен күлсе, дәреті де, намазы да бұзылады. Маъбадтің айтуынша, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) жамағатпен намаз оқып тұрады. Соқыр кісі мешітке кіргенінде кішкене шұңқырға сүрініп құлап қалады. Мұны сезіп қалған адамдар намаз үстінде қарқылдап күліп жібереді. Намаздан кейін пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дейді:

(من كان منكم قهقهه فليعد الوضوء والصلاة)

«**Сендерден кім қарқылдап күлсе, дәретін қайта алып, намазын қайта оқысын**»⁴.

Намазда тұрған кісінің күлкісін жанындағы кісілер естімесе, оның дәреті бұзылмайды, бірақ намазын қайта оқиды. Намазын аяқтауға сәлем беріп жатқан кісі қарқылдап күліп жіберсе, дәреті бұзылып, намазы бұзылмайды. Өйткені сәлем - намаздың соңы.

11. Есінен талғанда, жындылық ұстағанда, сондай-ақ ес кетіретін, мас қылатын нәрсені қабылдаумен ес кеткенде немесе мас болғанда.

Дәретті бұзбайтын жағдайлар:

1. Қан шыққан жерінен асып ақпаса.

2. Дене мүшесінен ет немесе тері үзіліп түсіп, қан ақпаған болса.

3. Дененің жыныс жолдарынан басқа жерінен құрт шықса.

4. Әуретке қолдың тиюі. Әлидің айтуынша, Аллаһ тағала оған разы болсын, бір кісі келіп, пайғамбардан (саллаллаһу алайһи уа саллам): «Ей, пайғамбар! Дәрет алған соң, адам өзінің ұятты жерін ұстаса, не болады?»-деп сұрағанда былай жауап береді:

(هل هو إلا مضغة منه أو قال: بضعة منه)

«**Ол оның бір бөлігі емес пе?**»-деп жауап береді⁵.

Омар, Әли, Ибн Масъуд, Зайд ибн Сәбит, Хузайфа ибн ал-Йаман, Әбу ад-Дарда және Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оларға разы болсын, бұл сахабалардың көзқарасында ұятты жерді ұстау дәретті бұзбайды. Тіпті Әлидің, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай дегені бар: «Мүшемді ұстағаным не, мұрнымның ұшын ұстағаным не, бәрібір»⁶.

5. Жұбайын құшақтау немесе сүю. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

⁶ Ахмад жеткізді.

² Мүслим, Ат-Гирмизи және Әбу Дәуд жеткізді

³ Әбу Дәуд пен Ат-Гирмизи жеткізді

⁴ Ад-Даракутни жеткізді

⁵ Әбу Дәуд жеткізді

⁶ «Ал-фикһ ал-ислами уа адиллатуһу»:1/431

(أن النبي صلى الله عليه وسلم قبل امرأة من نسائه، ثم خرج إلى الصلاة، ولم يتوضأ)

«Пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) әйелдерінің бірін сүйіп, намазға шыққанында дәрет алмаған еді»¹.

Құшақтасу немесе сүйісу нәтижесінде ерлі-зайыптылардың қайсысынан мәзи бөлінсе, соның дәреті бұзылады.

6. Құсық, ауыз толмаған болса.

7. Қақырық пен кекірік.

8. Қалғып кету. Анастың айтуынша, Аллаһ тағала оған разы болсын, сахабалар мешітте құптан намазын күтіп отырған кездерінде ұйықтап кететін, кейін дәрет алмастан на-маздарын оқи беретін»².

Намаз оқып тұрған кісі қиямда, рүкуғта көзі ілініп кетсе, дәреті бұзылмайды. Ал сәжде кезінде көзі ілінсе, шынтақтары ашық көрінуі және ішінің екі санынан ажырап тұрған болуы шарт. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(ليس على المحتبي النائم ولا على القائم النائم ولا على الساجد النائم وضوء حتى يضطجع فإذا اضطجع توضأ)

«(Ешнәрсеге сүйенбей) отырып ұйықтаушыға, түрегеп ұйықтаушыға және сәждеде ұйықтаушыға, жатып ұйықтамайынша дәрет алуы уәжіп емес. Ал жатып ұйықтаса дәрет алады»³.

Дәретсіз күйде не істеуге болмайды?

1. Намазды және оған ұқсайтын тиләуат сәждесі, шүкір сәждесі, жаназа намазы секілді құлшылықтарды атқаруға болмайды. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لا تقبل صلاة من أحدث حتى يتوضأ)

«Дәреті бұзылған кісі қайта дәрет алмайынша намазы қабыл болмайды»⁴.

2. Құран кітабын, құран аяттары жазылған нәрсені, құран аяттарымен безендірілген қабырғаны және жиектемені ұстауға болмайды. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لا يَمَسُّ الْقُرْآنَ إِلَّا طَاهِرًا)

«Құранды дәретті кісі ғана ұстайды»⁵.

Алайда Құран кітабы салынған қапшықты, сөмкені, қолдорбаны, портфельді ұстауға болады. Сонымен қатар дәретсіз кісіге Құран аятын қағазға жазуға тыйым салынбайды. Тәпсір кітабына келетін болсақ, егер тәпсірдің көлемі Құраннан көп болса, дәретсіз ұстауға болады. Тәпсірдің көлемі Құраннан аз немесе оған тең болса, дәретсіз ұстауға болмайды.

3. Қағбаны тауап ету. Ибн Аббастан, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(الطواف بالبيت صلاة، إلا أن الله قد أحل فيه النطق فمن نطق فيه فلا ينطق إلا بخير)

«Қағбаны тауап ету дегеніміз - намаз. Айырмашылығы, Аллаһ тауап кезінде сөйлесулеріне рұқсат етті. Кім тауап кезінде сөйлесе, жақсылықтан басқасын сөйлемесін»⁶.

Үзірлі кісінің дәреті

¹ Әбу Дәуд жеткізді

² Мүслім, Ат-Тирмизи және Әбу Дәуд жеткізді

³ Әл-Байһақи жеткізді

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

⁵ Малик, Ан-Насаи және Ад-Дарақұтни жеткізді

⁶ Ибн Хиббан, Әл-Хаким және Ат-Тирмизи жеткізді

Зәрі тоқтамайтын, желі ұстамайтын, мұрны қанайтын, жараланған және жарасы бітпеген кісілер, сондай-ақ етеккірден кейін жатырдан тыс тамырдан қан келетін әйел кісілерге дәреттерін алып, намаздарын оқи берулеріне болады. Мұндай себептерді «үзір» деп атайды. Сол сияқты аурудың әсерімен құлақтан, кіндіктен, емшектің үрпінен қан, ірің, сарысу ақса, безеу мен сыздауықтың аузынан сарысу шықса және дәрет алынған соң, әлі де шығуын тоқтатпаса, намазын оқи береді.

Харижа ибн Зайд, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كبر زيد حتى سلسل منه البول فكان يداويه ما استطاع فإذا غلبه توضأ وصلى)

«Қартайған кезінде Зайдтің зәрі тоқтамайтын болды. Ол қолдан келгенше емделетін. Алайда зәрі тоқтамағандықтан, дәрет алып, намазын оқи беретін»¹.

Әл-Масур ибн Махраманың айтуынша, Аллаһ тағала оған разы болсын, Омар ибн әл-Хаттаб, Аллаһ тағала оған разы болсын, соғыста жарақаттанған түннің таңында жарасынан қаны ағып тұрса да, намаз оқыды².

Икримадан, Аллаһ тағала оған разы болсын, мұрнынан қаны тоқтамай тұрған кісі туралы сұралғанда, ол:

(يسد أنفه ويتوضأ ويصلي)

«Мұрнын бітесін. Кейін дәрет алып, намазын оқи берсін»-деді³.

Үзірлі кісіге қатысты үкімдер:

1. Үзірлі кісі әр парыз намазының уақыты кіре сала дәрет алады. Бұл дәретімен парыз намазын да, нәпіл намазын да оқи алады. Сондай-ақ өткізіп алған намазының қазасын өтей алады, уәжіп намаздарын және Құран оқи алады. Бұл үкім пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) мына хадисіне негізделеді:

(المستحاضة تتوضأ لوقت كل صلاة)

«Истихада⁴ келетін әйел әр парыз намазының уақыты кіргенде дәрет алады»⁵. Аналогия бойынша, басқа үзірлі кісілер де осылай істейді.

2. Үзір дәретті бұзбайды. Алайда, дәретті бұзатын басқа себептердің пайда болуымен дәрет бұзылады. Үзірлі кісінің дәреті парыз намазының уақыты шығуымен бұзылады. Имам Әбу Ханифа, оған Аллаһ тағаланың рақымы болсын, үзірлі кісінің дәреті жайлы былай деді: «Үзірлі кісінің дәреті намаз уақытының кіруімен емес, шығуымен бұзылады...».

Үзірлі кісі қолдан келгенше үзіріне сақтық қылғаны жөн. Мысалы, намаз оқығанда көп қозғалу, көтерілу, еңкею зәр немесе желдің қайта-қайта шыға беруіне әсер етсе, намазды отырып оқыған дұрыс болады.

Үзірлі кісіден талап етілетін шарттар

1. Үзірдің нақты болуы.

2. Үзірдің тоқтамауы.

3. Үзір тоқтай ма деп, намазды соңғы уақытына дейін кешіктіруі. Мысалы, намаз уақыты кірді. Мұрыннан немесе жарадан қан ағып тұр. Қанның тоқтауын намаздың ақырғы уақытына дейін күтеді. Егер қан тоқтамаса, дәретін алып, намазын оқи береді. Қанның намаз уақыты шыққанға дейін тоқтамайтындығы сезілсе, намазын оқи береді және намазды үзірге қатысты жарамды болады. Бесін намазының уақыты кезінде жарадан қан ақса, оның тоқтауын бесіннің соңғы уақытына дейін күтеді. Сосын соңғы уақытында оқиды. Қан келесі намаздың уақыты кіруімен бірге тоқтаса, үзір жойылып, оқыған намазын қайта оқиды.

Үзірлі кісінің үзірі бір аптадан кейін тоқтаса, бір апта бойы оқыған намаздарын қайта оқымайды. Өйткені үзірлі жағдайда оқыған намаздарының бәрі - дұрыс. Үзірлі кісінің киіміне

¹ Әл-Байһақи жеткізді

² Әл-Байһақи жеткізді

³ Әл-Байһақи жеткізді

⁴ Истихада дегеніміз - етеккірден кейін жатырдан тыс тамырдан келетін қан.

⁵ Әбу Ханифадан Сабт ибн ал-Жаузи жеткізді

үзірінің нәжісі тисе, киімін жууы шарт емес. Өйткені үзірі тоқтамайынша таза киімі қайта былғанады. Алайда әр парыз намазына жаңа дәретпен тұруы шарт.

Бесінші бөлім: Мәсінің үстіне мәсх¹ жасау

Мәсі дегеніміз - аяқ табанынан тобыққа дейін киілетін былғарыдан тігілген өкшесіз аяқкиім.

Үкімі. Мұсылмандар үшін жеңілдік мақсатымен, әсіресе сапарда, сондай-ақ қыстыгүні, суық күндері әскер қатарындағы сарбаздарға, зауыттарда ұзақ істейтін жұмыскерлерге, дәрет алу мүмкіндігі қиынға соққан оқу орындарында білім алушы талапкерлерге берілген шариғаттың рұқсаты. Ер кісіге де, әйел кісіге де, мейлі жолаушы болсын, мейлі тұрғылықты болсын, дәрет алған кезде аяқты жуудың орнына мәсінің үстіне мәсх жасауына болады.

Дәлелі:

Сексеннен астам мутауатир² хадис аяқты жуудың орнына мәсінің үстіне мәсх жасаудың заңды екенін дәлелдейді. Мұғира ибн Шаъба, Аллаһ тағала оған разы болсын, айтады:

(كنت مع النبي صلى الله عليه وسلم في سفر، فأهويت لأنزع خفيه فقال: (دَعُوهما فَإني أدخِلتهما طاهرتين، فمسح عليهما)

Мен Аллаһтың елшісімен (саллаллаһу алайһи уа саллам) бірге сапарда болған едім. (Дәрет алған кезінде) мәсілерін шешуге еңкейгенімде ол: «**Мәсілерімді шешпе. Ол екеуін дәретті аяқтарыма кидім**»-деп, мәсілерінің үстіне мәсх жасады³.

Сафуан ибн Ассал, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم يأمرنا إذا كنا سَفَرًا أن لا ننزع خفافنا ثلاثة أيام ولياليهن إلا من جنابة، ولكن من غائط وبول ونوم)

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) жолаушы кезімізде түзге отыру мен ұйқыны есепке алмағанда, жүніп болмайынша мәсілерімізді үш тәулік бойы шешпеуімізді бұйыратын⁴.

Имам Әбу Ханифа, Аллаһ тағаланың оған рақымы болсын, былай деді: «Маған күннің жарығындай айқын дәлел келгенше, мәсінің үстіне мәсх жасау мәселесінде ешнәрсе айтпадым».

Шарттары

1. Дәретті аяққа киілуі. Дәретті аяққа кию дегеніміз - толық дәрет алған бетте немесе біраздан кейін дәрет бұзылмай кию.

Мұғира ибн Шаъба, Аллаһ тағала оған разы болсын, айтады: «Мен Аллаһтың елшісімен (саллаллаһу алайһи уа саллам) бірге сапарда болған едім. Дәрет алған кезінде мәсілерін шешуге еңкейгенімде ол: «**Мәсілерімді шешпе. Ол екеуін дәретті аяқтарыма кидім**»-деп, мәсілерінің үстіне мәсх жасады⁵.

2. Мәсінің нәжістен таза болуы және аяқты тобықпен қоса жабуы. Тобыққа жаппаған мәсіге мәсх жасауға болмайды. Сондай-ақ доңыздың терісінен тігілген болмауы.

3. Мәсінің бір фарсах⁶ жерді жүруге жарауы.

4. Мәсінің аяқта баусыз берік тұруы.

5. Мәсіде үлкен тесіктің болмауы. Аяқтың кіші үш башпайының көлеміндей тесік үлкен саналады. Кішкене тесіктің болуына рұқсат етілудің себебі аяқкиімнің кішкене тесіктен аман болуы сирек кездесетін жәйт.

¹ «Мәсх» сөзінің мағынасы: сулы колмен сүртіп өту

² Көпшіліктен жеткен хадис.

³ Әл-Бұхари жеткізді

⁴ Ат-Тирмизи жеткізді

⁵ Әл-Бұхари жеткізді

⁶ Бір фарсах қашықтық метрге шаққанда шамамен 5544м болады.

6. Су өткізбеуі. Мәсі былғарыдан не су өткізбейтін материалдан тігілген болуы шарт. Өйткені кез келген аяқкиімнің мақсаты аяққа су өткізбеу. Ал су өткізетін аяқкиім аяқты жылытпайды.

Мерзімі

Тұрғылықты адам үшін - бір тәулік, жолаушы үшін - үш тәулік. Әлиден, Аллаһ тағала оған разы болсын, мәсінің мерзімі жайында сұралғанда былай деді:

(جعل رسول الله صلى الله عليه وسلم ثلاثة أيام ولياليهن للمسافر، ويوماً وليلة للمقيم)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) (мәсінің мерзімін) жолаушы үшін үш тәулік, тұрғылықты адам үшін бір тәулік қылды»¹.

Тұрғылықты адам үшін бір тәулік бойы, жолаушы үшін үш тәулік бойы мәсілерін шешпеулері рұқсат. Дәрет алған сайын олар аяқтарын жуудың орнына мәсілерінің үстіне мәсх жасайды.

Тұрғылықты адам мәсісінің үстіне мәсх жасап, жолға шықса, мерзімді үш тәулікке толтырады. Жолаушы кісі бір тәуліктен соң, қайтып келсе, мерзімі тоқталады. Мерзім мәсі аяққа киілгеннен кейін, дәреттің бұзылуымен басталады.

Мәсінің үстіне мәсх қалай жасалады?

Мұғира ибн Шаъба, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن النبي صلى الله عليه و مسح على خفيه و وضع يده اليمنى على خفه الأيمن و يده اليسرى على خفه الأيسر ثم مسح إلى أعلاه مسحة واحدة)

Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) мәсілеріне мәсх жасады. Оң қолын оң мәсісінің үстіне, сол қолын сол мәсісінің үстіне қойды. Сосын мәсілерінің үстіне (төменнен) жоғары қарай бір мәрте мәсх жасады².

Әли, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: «Дін ойға ерген болса, мәсх мәсінің үстіне емес, астына жасалар еді. Алайда, мен Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) мәсхті мәсілерінің үстіне жасағанын көрдім»³.

Қорытынды: Мәсх жасау үшін сулы қолдың аралары ашылған кіші саусақтарының үшеуінің ұштарымен аяқ башпайларынан тобықтың деңгейіне дейін мәсінің үсті сүртіп өтіледі. Оң қолдың саусақтарымен оң аяқтың мәсісінің үсті, сол қолдың саусақтарымен сол аяқтың мәсісінің сүртіледі.

Мәсхті бұзатын нәрселер мен жағдайлар

1. Дәретті бұзатын нәрселер мен жағдайлар.

2. Мәсінің шешілуі немесе үлкен тесіктің пайда болуы. Бір мәсі шешілсе де мәсх бұзылады. Сондықтан екіншісін шешуге тура келеді.

3. Судың өтіп кетуі. Тіпті біреуіне өтсе де, мәсх бұзылады.

4. Мерзімнің аяқталуы. Тұрғылықты кісі үшін - бір тәулік, жолаушы үшін - үш тәулік.

Мәсі шешілгенде, мәсіге су өткенде, мәсінің мерзімі аяқталғанда адам дәретті болса, дәретін жаңартуы шарт емес. Мұндай жағдайда тек аяқтарын жуады. Алайда, судың немесе күннің суықтығынан, немесе басқа да себептерге қатысты шарасыз болса, имам Әбу Ханифаның көзқарасында мәсілерін шешпей, үстілеріне мәсх жасауға болады. Аяқтарын жууға қолайлы жағдай туғанша осылай істейді.

Шұлықтың үстіне мәсх жасау мәселесі

¹ Мүслім жеткізді

² Әл-Байһақи жеткізді

³ Әбу Дәуд жеткізді

Имам Әбу Ханифаның, Аллаһ тағаланың оған рақымы болсын, әуелгі көзқарасында әдеттегі шұлықтың үстіне мәсх жасауға болмайды. Өмірінің соңғы уақытында Әбу Юсуп пен Мұхаммедтің көзқарасын қолдап, ауырған кезінде аяқтарын жуудың орнына шұлықтарының үстіне мәсх жасайды. Жағдайын сұрауға келген адамдарға былай дейді: «Адамдарға рұқсат етпеген нәрсені бүгін істеудемін». Ханафи мәзһабінің ғұламалары имамның бұрынғы пәтуасынан қайтқандығына осы сөзін дәлел етеді. Сөйтіп, ханафи мәзһабінде шұлыққа мәсх жасау мәселесіне қатысты Әбу Юсуп пен Мұхаммедтің көзқарасына негізделген пәтуа: «Шұлық аяқ терісіне жарық түсірмейтін қалың әрі берік матадан тігілсе, оның үстіне мәсх жасауға болады»¹. Өйткені пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) шұлықтарының үстіне мәсх жасаған. Мұғира ибн Шаъба, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن رسول الله صلى الله عليه وسلم توضأ ومسح على الجوربين والنعلين)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) дәрет алды және шұлықтары мен шәркейлерінің (сандалдарының) үстіне мәсх жасады»².

Сөйтіп, үстіне мәсх жасауға болатын шұлықтың шарттары:

1. Қалың әрі берік матадан тігілген болуы немесе жүннен тоқылған болуы.
 2. Бір фарсах³ қашықтықты жүруге жарауы.
 3. Астынан аяқ терісінің көрінбеуі.
 4. Аяққа жабысып тұруы және тобықты толық жабуы.
 5. Үсті мен табаны былғарымен қапталған болуы, немесе өзі жұқа былғарыдан болуы, немесе сыртынан аяқкиімнің киілуі.
- Ұзақ қашықтық жүруге жарамайтын, аяқ терісін жасырмайтын, жарық өткізетін жұқа шұлыққа мәсх жасау Құран мен сүннеттің негізінде ешбір мәзһапта рұқсат етілмейді.

Таңғыштың үстіне мәсх жасау

Дене мүшелерінің бірі жарақаттанған немесе сынған кісі жууға шамасы келмегендіктен таңғыштың немесе гипстің үстіне мәсх жасауына болады. Әли, Аллаһ тағала оған разы болсын, айтады:

(انكسرت إحدى زُنْدَيَّ فسألت النبي صلى الله عليه وسلم (فأمرني أن أمسح على الجبائر)

«Білек сүйектерімнің бірі сынғанда пайғамбардан (саллаллаһу алайһи уа саллам) (ол жайында) сұрадым. Ол маған таңғыштың үстіне мәсх жасауыма бұйырды»⁴.

Мәсінің үстіне мәсх жасау мен таңғыштың үстіне мәсх жасаудың парқы

1. Таңғыш таңылатын мүшенің дәретті болуы шарт емес. Ал мәсі үшін шарт.
2. Таңғышқа тартылатын мәсхтің мерзімі шектелмеген. Ал мәсінің мерзімі шектеулі.
3. Бір аяқта жара болып, екіншісі сау болса, жаралы аяқтағы таңғыштың үстіне мәсх жасалып, сау аяқ жуылады.
4. Жара жазылмай тұрып таңғыш шешіліп қалса, мәсхтің күші жойылмайды. Алайда жара жазылған соң шешіліп қалса, мәсхтің күші жойылады.
5. Таңғыштың үстіне мәсх дәрет пен ғұсылдың кезінде жасалса, мәсінің үстіне ғұсыл кезінде жасалмайды.
6. Таңғыштың үстіне мүшені жууға шама келмейтін кезде ғана мәсх жасалады. Ал мәсінің үстіне сау кезде де жасауға болады.
7. Мәсх жасалған соң таңғыш суланып қалса, таңғыштың жаңартылуымен мәсх жаңартылмайды.

Сондай-ақ дененің ауырып тұрған кез келген жеріне судың тиюі зиянды болса, ол жерді жумай, орнына қолмен мәсх жасауға болады.

Алтыншы бөлім: Ғұсыл

¹ «Ал-фикһ ал-ислами уа адиллатуһу»:1/498

² Ат-Тирмизи мен Әбу Дәуд жеткізді

³ Бір фарсах қашықтық метрге шаққанда шамамен 5544м болады.

⁴ Ибн Мажа жеткізді

Аллаһ тағала Құран Кәрімде намаз оқуымыз үшін дәрет алуымызды бұйырған соң, жүніп кезімізде ғұсыл құйынуымызды бұйырады:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِذَا قُمْتُمْ إِلَى الصَّلَاةِ فَاغْسِلُوا وُجُوهَكُمْ وَأَيْدِيَكُمْ إِلَى الْمَرَافِقِ وَامْسَحُوا بِرُءُوسِكُمْ وَأَرْجُلَكُمْ إِلَى الْكَعْبَيْنِ وَإِنْ كُنْتُمْ جُنُبًا فَاطَّهَّرُوا

«Ей иман келтіргендер, намазға тұрар кездерінде беттеріңді және қолдарыңды шынтақтарға дейін жуыңдар. Бастарыңа мәсх жасап, аяқтарыңды тобықтарға дейін (жуыңдар). Егер жүніп болсаңдар (ғұсыл құйынып) тазаланыңдар..»¹.

«الغسل» - «ғұсыл» сөзі денені толық жуу немесе жуыну, шомылу деген мағыналарды береді.

Ғұсылдың шарифаттық мағынасы: таза судың бүкіл денеге арнайы жолмен құйылуы.

Ғұсыл құйынғанда адамның қайраттылығы жаңарып, сергектігі артады. Өйткені шәуеттің бөлінуімен пайда болған бой дәретсіздік адам организміне жағымсыз әсерін тигізеді. Бұл жағымсыз әсер жуынумен немесе суға шомылумен жойылады. Сондай-ақ мұсылманға әрдайым таза әрі сергек жүруге дағдыландырады. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) айтқандай: «Тазалық - иманның жартысы»².

Ғұсыл үкімі

Ғұсыл құйынудың үкімі түрлі жағдайларға байланысты кейде парыз, кейде сүннет, кейде ұнамды болады.

I. Ғұсылды парыз қылатын жағдайлар

1. Шаһауаттық сезіммен шәуеттің бөлінуі. Әбу Саъид әл-Хұдри, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إنما الماء من الماء)

«Суға түсу шәует бөлінсе ғана (жасалады)»³.

Шәует ер кісінің бел сүйегі мен әйел кісінің кеуде сүйегінен бөлінеді. Шәует ер мен әйелінің жақындасуымен, не ұйқы кезінде, не құмартып қараумен және не өзін-өзі ләзаттандырумен бөлінеді. Үмму Салама, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(جاءت أم سليم إلى النبي صلى الله عليه وسلم فقالت: يا رسول الله إن الله لا يستحي من الحق فهل على المرأة من غسل إذا احتلمت؟ فقال رسول الله صلى الله عليه وسلم: (نعم إذا رأت الماء). فقالت أم سلمة: يا رسول الله وتحتلم المرأة؟ فقال: (ترويت يداك فبم يشبهها ولدها)

Үмму Сулайм, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) келіп былай дейді: «Аллаһтың елшісі-ау, әлбетте, Аллаһ тағала шындықты айтуда ұялмайды. Әйел кісі ұйқы кезінде жыныс ләзатын сезсе, ғұсыл құйынуы қажет пе?». Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам): «**Әрине, егер бөлініп шыққан су байқаса**»-дейді. Сонда Үмму Салама одан: «Әй, Аллаһтың елшісі! Әйел кісіден су бөліне ме?»-деп сұрайды. Ол (саллаллаһу алайһи уа саллам): «**Әрине, әйтпесе, бала анасына қалай ұқсауы мүмкін?**»-дейді⁴.

Ұйқыдан оянғанда шәуеттің дымқылы байқалса, ғұсыл алынады. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(سئل رسول الله صلى الله عليه وسلم عن الرجل يجد البلبل ولا يذكر احتلاماً. قال: (يغتسل)

¹ «Мәида» сүресі: 6

² Мүслім жеткізді

³ Мүслім жеткізді

⁴ Мүслім жеткізді

Аллаһтың елшісінен (саллаллаһу алайһи уа саллам) ұйқыдан оянған соң дымқыл байқап, алайда қашан бөлінгенін білмейтін адам жайында сұралады. Ол: «**Ғұсыл құйынсын**»-деп жауап береді¹.

Ал кімде-кім ұйықтап жатқанда шәуеттің бөлінгенін сезсе, алайда оянғанда ешқандай дымқыл көрмесе, ғұсыл құйынбайды.

Біреудің шәуеті ауырғандықтан, шаршағандықтан, ауыр көтергеннен, омыртқаға соққы тигеннен бөлінсе, ғұсыл құйынбайды. Шәуеті осындай жағдайлармен шыққан кісі шаһуат сезбегендіктен және тұла бойы сезімнен дірілдемегендіктен «жүніп» үкіміне кірмейді. Ал Құран аятында: «..Егер жүніп болсаңдар..»-делінген².

Мужаһид айтады:

(بيننا نحن أصحاب ابن عباس حلق في المسجد، طاووس، وسعيد بن جبیر، وعكرمة، وابن عباس قائم يصلي، إذ وقف علينا رجل فقال: هل من مُفْتٍ؟ فقلنا: سل. فقال: إني كلما بليت تبعه الماء الدافق، قلنا: الذي يكون منه الولد؟ قال: نعم، قلنا: عليك الغسل، قال: فولى الرجل وهو يرجع، قال: وعجل ابن عباس في صلاته، ثم قال لعكرمة: عليّ بالرجل، وأقبل علينا فقال: أ رأيتُم ما أفيتُم به هذا الرجل عن كتاب اللّٰه؟ قلنا: لا، قال: فعن رسول اللّٰه صلى الله عليه وسلم؟ قلنا: لا، قال: فعن أصحاب رسول اللّٰه صلى الله عليه وسلم؟ قلنا: لا، قال: فعن رسول اللّٰه صلى الله عليه وسلم؟ قلنا: لا، قال: فما وجد شهوة في قبلك؟ قال: لا، قال: فهل تجد خدرًا في جسدك؟ قال: لا، قال: إنما هي إبرة يجزيك منها الوضوء)

«Біз мешіт ішінде Ибн Аббастың қасында, Аллаһ тағала оған разы болсын, білім алып отырған ізбасарлары едік: Тауыс, Саъид ибн Жубайр және Икрима. Ибн Аббас намазда тұрғанда алдымызға бір кісі келіп: «Пәтуә беруші бар ма?»-деді. Біз оған: «Сұра»-дедік. Ол: «Мен кіші дәрет сындырғанда зәрден кейін шәует шығады»-деді. Біз: «Бала пайда болатын суды айтып тұрсың ба?»-деп сұрадық. Ол: «Иә»-деді, біз оған: «Саған ғұсыл алу керек»-дедік. Ол кісі кетіп қалады. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, намазын тездетіп аяқтады да Икримаға: «Әлгі кісіні маған алып кел»-деді. Кейін бізге жақындап: «Әлгі кісіге берген пәтуәлерінді Аллаһтың кітабынан көрдіңдер ме?»-деп сұрайды. Біз: «Жоқ»-дедік. Ол: «Аллаһтың елшісінен (саллаллаһу алайһи уа саллам) естідіндер ме?»-деп сұрайды, біз: «Жоқ»-дедік. Ол: «Сахабалардан естідіндер ме?»-деп сұрайды, біз: «Жоқ»-дедік. Ол: «Онда қайдан алдыңдар?»-деді. Біз: «Көзқарасымыз солай болды»-дедік. Сонда ол былай деді: «Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам): **«Құлшылық жасаушы кәдімгі мың адамға қарағанда бір фақиһ адам шайтанға ауыр келеді»**-деп, бекер айтпапты,-дейді. Әлгі кісі келген соң, Ибн Аббас оған жақындап: «Сенен ол нәрсе бөлінгенде шәһуат сезесің бе?»-деп сұрады. Ол: «Жоқ»-деді. Ибн Аббас одан: «Денеңде бір нәрсе (діріл) сезесің бе?»-деп сұрады. Ол: «Жоқ»-деді. Ибн Аббас: «Бұл - суық тигеннен. Дәрет алсаң, жеткілікті»-деді.

2. Екі мүшенің кездесуі. Тіпті, су бөлініп шықпаса да. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(إذا قعد بين شعبها الأربع، ثم مسح الختان الختان، فقد وجب الغسل)

«Ер кісі әйелінің қолдары мен аяқтарының шырмауында отырғанда мүше мүшеге енсе, **ғұсыл уәжіп болады»**³.

Айша анамыздан жеткен тағы бір хадисте былай делінеді:

(إذا التقى الختانان فقد وجب الغسل و إن لم ينزل)

«Екі мүше кездессе, ғұсыл уәжіп болады, тіпті шәует бөлінбесе»⁴.

3. Хайыз бен нифас тоқтағанда. Аллаһ тағала айтады:

¹ Ат-Тирмизи жеткізді

² «Мәида» сүресі: 6

³ Ахмад, Мүслім және Ат-Тирмизи жеткізді

⁴ Мүслім және Ибн Мажа жеткізді

﴿وَيَسْأَلُونَكَ عَنِ الْمَحِيضِ قُلْ هُوَ أَذَى فَأَعْتَرِلُوا نَتَّسَاءَ فِي الْمَحِيضِ وَلَا تَقْرُبُوهُنَّ حَتَّىٰ يَطْهُرْنَ فَإِذَا تَطَهَّرْنَ فَأْتُوهُنَّ مِنْ حَيْثُ أَمَرَكُمُ اللَّهُ إِنَّ اللَّهَ يُحِبُّ التَّوَّابِينَ وَيُحِبُّ الْمُتَطَهِّرِينَ﴾

«(Әй, пайғамбар!) Олар сенен етеккір жайында сұрайды. Ол сүйкімсіз нәрсе,-деп айт, етеккір кезінде әйелдеріңе (төсектік қатынасқа) жоламаңдар, әрі етеккірден тазармайынша оларға жақындаспаңдар. Ал тазарған кездерінде өздеріне Аллаһ бұйырған жерінен жақындасыңдар. Расында, Аллаһ тәубашылар мен тазарушыларды жақсы көреді»¹.

4. Өлген мұсылманды жуындыру. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:
(أَنَّ رَجُلًا كَانَ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَوَقَعَتْهُ نَاقَتُهُ وَهُوَ مُحْرَمٌ فَمَاتَ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: (اغسلوه بماء وسدر)

Пайғамбармен (саллаллаһу алайһи уа саллам) бірге келе жатқан ихрамдағы бір кісіні түйесі жығып кетеді де мойны үзіліп, мерт болады. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам): «Оны сумен және сидрмен² жуындырыңдар»-дейді³.

II. Ғұсыл сүннет болатын жағдайлар

Негізінде, жамағатпен кездесетін күндері дене мен киімдегі жағымсыз иісті кетіру үшін мұсылман адамға ғұсыл құйыну сүннет:

1. Жұма намазы үшін. Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(إِذَا جَاءَ أَحَدَكُمْ إِلَى الْجُمُعَةِ فَلْيَغْتَسِلْ)

«Сендерден біреу жұма намазына келсе, ғұсыл алсын»⁴.

2. Екі айт намазы үшін. Факиһ ибн Саъд, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كَانَ يَغْتَسِلُ يَوْمَ الْجُمُعَةِ وَيَوْمَ عَرَفَةَ وَيَوْمَ الْفِطْرِ وَيَوْمَ النُّحْرِ)

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) жұма, Арафа, Ораза айты мен Құрбан айт күндері ғұсыл құйынатын»⁵.

3. Арафада тұрарда. Абдрахман ибн Язид, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(اغتسلت مع ابن مسعود يوم عرفة تحت الأراك)

«Мен Ибн Масъудпен бірге Арафа күні мәсуәк ағашының астында ғұсыл құйынған едім»⁶.

4. Үлкен немесе кіші қажылыққа ихрам кигенде.

(رَوَى عَنْ زَيْدِ بْنِ ثَابِتٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّهُ (رَأَى النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ تَجَرَّدَ لِإِهْلَالِهِ وَاغْتَسَلَ)

Зайд ибн Сабит, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) ихрамға кірерде ғұсыл құйынғанын көріпті⁷.

5. Ислам қабылдау үшін.

(لِحَدِيثِ قَيْسِ بْنِ عَاصِمٍ أَنَّهُ أَسْلَمَ فَأَمَرَهُ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنْ يَغْتَسِلَ بِمَاءٍ وَسَدْرٍ)

¹ «Бақара» сүресі: 222

² Сидр дегеніміз «Набк ағашының тамыры не жапырағы». Бұл ағашты орыс тілінде «крушина» деп атайды, ал «крушина»-ның қазақшасы - итшомырт және қасқыржеміс.

³ Әл-Бұхари жеткізді

⁴ Мүслім жеткізді

⁵ Азмад жеткізді

⁶ Мажмағ аз-Зауаид

⁷ Ат-Тирмизи жеткізді

«Қайс ибн Ыасим, Аллаһ тағала оған разы болсын, ислам қабылдағанда пайғамбар оған сумен және сидрмен ғұсыл құйынуын бұйырды»¹.

6. Кәмелетке толғанда.

III. Ғұсыл құйынуға ұнамды жағдайлар

1. Жындылығы немесе мастығы басылған кісі үшін. Сондай-ақ есінен талған кісіге есін жиғанда ғұсыл құйынуы мустахап. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: (ثقل النبي صلى الله عليه وسلم. فقال: أصلى الناس؟ قلنا: لا. وهم ينتظرونك يا رسول الله! قال: ضعوا لي ماء في المِخْضَبِ. ففعلنا. فاغتسل. ثم ذهب لِنُوءٍ فأغمي عليه. ثم أفاق فقال: أصلى الناس؟ قلنا: لا. وهم ينتظرونك يا رسول الله فقال: ضعوا لي ماء في المِخْضَبِ. ففعلنا. فاغتسل..)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) қатты ауырып қалған күні: «Адамдар намаз оқыда ма?»-деп сұрайды. Біз: «Әй, Аллаһтың елшісі, олар сізді күтіп, әлі оқымады»-дедік. Ол: «Маған су әзірлендер»-деді. Біз оны әзірледік. Ол ғұсыл құйынды. Орнынан тұра бергенде талып түсті. Кейін есін жинап: «Адамдар намаз оқыда ма?»-деп тағы сұрады. Біз: «Әй, Аллаһтың елшісі, олар сізді күтіп, әлі оқымады»-дедік. Ол: «Маған су әзірлендер»-деді. Біз айтқанын істедік. Ол ғұсыл құйынды...»².

2. Мәйітті жуындырған кісіге. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(من غَسَّلَ مَيْتاً فليغتسل)

«Кім мәйітті жуындырса, ғұсыл құйынсын»³.

3. Күн мен ай тұтылғанда оқылатын намаз бен жаңбыр тілеу намазы үшін.

4. Кімге өлім жазасы белгіленсе, жазаны қабылдаудан бұрын ғұсыл құйынуы ұнамды.

5. Сапардан келген кісі үшін.

6. Күнәсінән тәубаға келуші кісі үшін.

7. Мекке мен Мәдинаға кірген кісі үшін.

عن ابن عمر رضي الله عنهما أنه (كان لا يقدم مكة إلا بات بذي طوى، حتى يصبح ويغتسل، ثم يدخل مكة نهاراً ويذكر عن النبي صلى الله عليه وسلم أنه فعله)

Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Меккеге келерінде әрдайым Зи Туа деген жерде түнеп, ертесіне ғұсыл құйынатын. Кейін Меккеге күндіз кіретін. «Пайғамбар да (саллаллаһу алайһи уа саллам) осылай істейтін»-деп айтатын⁴.

8. Қажылықта шайтанға тас лақтыру үшін.

9. Муздалифада тұру үшін.

10. Меккені зиярат еткенде Қағбаны тауап ету үшін.

11. Етеккірі тоқтағанымен, истихада қаны келе беретін әйел үшін әр намазға ғұсыл құйынуы.

(أم حبيبة استحيت فسألت النبي صلى الله عليه وسلم فأمرها أن تغتسل فكانت تغتسل عند كل صلاة)

Үмму Хабиба, Аллаһ тағала оған разы болсын, истихада кезінде пайғамбардан (саллаллаһу алайһи уа саллам) пәтуа сұрайды. Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) оған ғұсыл құйынуын бұйырады. Сөйтіп, ол әр намазға ғұсыл құйынатын⁵.

¹ Ахмад, Ат-Тирмизи, Әбу Дәуд және Ан-Насаи жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Ибн Мажа жеткізді

⁴ Мүслім жеткізді

⁵ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

12. Қан алдырған соң.

(كان النبي صلى الله عليه وسلم يغتسل من أربع: من الجنابة و يوم الجمعة و من الحجامة و من غسل الميت)

Айша анамыздан, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) төрт жағдайда ғұсыл құйынатын: жүніп болғанда, жұма күні, қан алдырғанда, мәйітті жуғанда¹.

Ғұсылдың парыздары

Ғұсылды дұрыс құйыну - оның парыздарының толық атқарылуымен байланысты:

1. Дененің барлық жеріне, шаштың түбіне, қолтықтарға, кіндікке, жыныс жолдарына судың тиюі. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(تحت كل شعرة جنابة فاغسلوا الشعر وأنقوا البشر)

«Әр тал шаштың түбінде бойдәретсіздік болады. Шашты жақсылап жуындар және терілеріңді жақсылап тазалаңдар»².

Шаш, мейлі ұзын, мейлі қысқа болсын, мейлі сирек, мейлі қалың болсын әйел кісі бүкіл шашын жууы шарт емес. Алайда су әр шаш талшығының түбіне жетуі шарт.

قالت أم سلامة: يا رسول الله صلى الله عليه وسلم إنني امرأة أشد شعر رأسي أفأنقضه لغسل الجنابة أو الحيضة؟ فقال: لا إنما يكفيك أن تحشي علي رأسك ثلاث حثيات)

Үмму Салама, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардан (саллаллаһу алайһи уа саллам): «Әй, Аллаһтың елшісі, мен шашым өрілетін әйелмін. Бой дәретсіздіктен немесе етеккірден тазалануым үшін шашымның бұрымын тарқатуым қажет пе?»-деп сұрайды. Ол (саллаллаһу алайһи уа саллам): «**Жоқ, тек екі алақаныңа үш мәрте су толтырып, басыңа құйсаң жеткілікті**»-дейді³.

Ғұсылдың дұрыстығы үшін бастың жуылуы дегеніміз - шаштың емес, бас терісінің жуылуы.

Асма, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардан (саллаллаһу алайһи уа саллам) ғұсыл жайында сұрағанда ол оған былай дейді:

(تأخذ إحداكن ماء فتطهر، فتحسن الطهور ثم تصب علي رأسها فتدلكه حتى تبلغ شؤون رأسها ثم تفيض عليها الماء)

«Жуынатын біреуің (ыдыстан) су алып, тазалансын және жақсылып тазалансын. Кейін басына су құйып, бас терісі жуылғанға дейін оны ысқыласын. Кейін үстіне су құйсын»⁴.

Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын,

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم إذا اغتسل من الجنابة، يبدأ فيغسل يديه ثم يفرغ يمينه على شماله فيغسل فرجه)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) бой дәретсіздіктен тазару үшін ғұсыл құйынғанда, алдымен, екі қолын жуудан бастайтын. Сосын оң қолымен сол қолына су беріп, мүшесін жуатын...»-деді⁵.

2. Ауыз бен мұрынды шаю. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, нағашы тәтесі Маймунаның, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай дегенін жеткізді:

(وضعت للنبي صلى الله عليه وسلم ماء للغسل فغسل يديه مرتين أو ثلاثا ثم أفرغ على شماله فغسل مذاكيره ثم مسح يده

بالأرض ثم مضمض واستنشق وغسل وجهه ويديه ثم أفاض على جسده ثم تحول من مكانه فغسل قدميه)

«Мен пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) ғұсыл суын әзірлеп қойған едім. Ол екі қолын екі не үш мәрте жуды. Кейін сол қолына су алып мүшесін жуды. Кейін жерге қолын

¹ Әбу Дәуд жеткізді. Ибн Хазима бұл хадисті сахих деді.

² Әбу Дәуд және Ат-Тирмизи жеткізді

³ Мүслім жеткізді

⁴ Мүслім жеткізді

⁵ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

сүртті. Кейін аузы мен мұрнын шайды. Кейін беті мен екі қолын жуды. Кейін үстіне (денесіне толық) су құйды. Кейін орнын өзгертіп, аяқтарын жуды»¹.

3. Судың денеге тиюіне кедергі болатын нәрселерді денеден кетіру.

Ғұсылдың сүннеттері

1. Әурет ашылардан бұрын «бисмиллә»-ні айту. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(من تَوَضَّأَ وَذَكَرَ اسْمَ اللَّهِ تَطَهَّرَ جَسَدَهُ كُلَّهُ، وَمَنْ تَوَضَّأَ وَلَمْ يَذْكُرْ اسْمَ اللَّهِ لَمْ يَتَطَهَّرْ إِلَّا مَوْضِعَ الْوَضْوَاءِ)

«Кім дәрет алғанда Аллаһты еске алса, бүкіл денесі тазарады. Кім дәрет алғанда Аллаһты еске алмаса, тек жуған жерлері ғана тазарады»².

2. Ниет. Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إنما الأعمال بالنيات و إنما لكل امرئ ما نوى)

«Шындығында, амалдар (іс-қимылдар) - ниеттермен байлаулы және әркімге ниетіндегі болады...»³.

3. Алдымен қолдың жуылуы. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم إذا اغتسل من الجنابة يبدأ فيغسل يديه ثم يفرغ بيمينه على شماله فيغسل فرجه، ثم يتوضأ وضوءه للصلاة، ثم يأخذ الماء فيدخل أصابعه في أصول الشعر، حتى إذا رأى أن قد استبرأ حفن على رأسه ثلاث حَفَنَات، ثم أفاض على سائر جسده، ثم غسل رجليه)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) бой дәретсіздіктен тазару үшін ғұсыл кұйынғанда, алдымен, екі қолын жуудан бастайтын. Сосын оң қолымен сол қолына су беріп, мүшесін жуатын. Сосын намазға секілді дәрет алатын. Сосын су алып, шашының түптеріне саусақтарын кіргізетін. (Шаш түптерін) толық тазартқаны өзіне білінгенде алақанына үш мәрте су толтырып басына құйды. Сосын бүкіл денесіне су құйды. Сосын аяқтарын жуды»-деді⁴.

4. Денеде болған нәжісті кетіру. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) екі қабірдің қасынан өтіп, былай деді:

(إنهما ليعذبان، وما يعذبان في كبير، أما أحدهما فكان لا يستتر من البول، وأما الآخر فكان يمشي بالنميمة)

«Расында, бұл екеуі қабірлерінде азап шегуде және үлкен күнә үшін емес. Біреуі зәрінен сақтанбайтын, екіншісі өсек таситын»⁵.

5. Мүшені жуу. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم إذا اغتسل من الجنابة، يبدأ فيغسل يديه ثم يفرغ بيمينه على شماله فيغسل فرجه)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) бой дәретсіздіктен тазару үшін ғұсыл кұйынғанда, алдымен, екі қолын жуудан бастайтын. Сосын оң қолымен сол қолына су беріп, мүшесін жуатын...»-деді⁶.

6. Намазға сияқты дәрет алу. Тек аяқтарын кейін жуады. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(ثم يتوضأ وضوءه للصلاة)

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Әл-Байһақи жеткізді

³ Әл-Бұхари жеткізді

⁴ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

⁵ Әл-Бұхари жеткізді

⁶ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) бой дәретсіздіктен тазару үшін ғұсыл кұйынғанда, алдымен, екі қолын жуудан бастайтын....Сосын намазға секілді дәрет алатын....Сосын аяқтарын жуды»-деді¹.

7. Сулы қолмен шаштардың түбін үш мәрте тарамдап жуу. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(ثم يأخذ الماء فيدخل أصابعه في أصول الشعر، حتى إذا رأى أن قد استبرأ حفن على رأسه ثلاث حَفَنَات، ثم أفاض على سائر جسده، ثم غسل رجليه)

«...Сосын су алып, шашының түптеріне саусақтарын кіргізетін. (Шаш түптерін) толық тазартқаны өзіне білінгенде алақанына үш мәрте су толтырып басына кұйды...»-деді².

9. Денеге үш мәрте су кұю. Егер өзен суына, көл суына сүңгіп шықса, жүніптен тазарған болады. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(ثم أفاض على سائر جسده)

«...Сосын бүкіл денесіне су кұйды..»³.

10. Су, алдымен, басқа кұйылады, кейін денесінің оң және сол жақтарына кұйылады. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

«... (Шаш түптерін) толық тазартқаны өзіне білінгенде алақанына үш мәрте су толтырып басына кұйды. Сосын бүкіл денесіне су кұйды..»⁴.

11. Үш мәрте жуу.

12. Суды бірінші мәрте кұйғанда денені ысқылап жуу. Қалған екі мәртеде тек су кұйылса жеткілікті.

13. Үзілістің болмауы.

14. Ғұсылға бір саь⁵ су пайдалану. Суфайна, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أنه صلى الله عليه وسلم كان يغسله الصاع و يوضئه المد)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) бір саь сумен ғұсыл кұйынатын және бір муд⁶ сумен дәрет алатын»⁷.

Алайда дәрет пен ғұсыл үшін су мөлшері бұдан асса да болады. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كنت أغتسل أنا و النبي صلى الله عليه وسلم من إناء واحد من قدح يقال: الفرق)

«Мен пайғамбармен бірге «фарақ»⁸ деп аталатын бір ыдыстан ғұсыл кұйынатынбыз.»⁹.

Ғұсылдың әдептері

1. Әуретті кұбылаға қаратпау. Салман, Аллаһ тағала оған разы болсын, айтады: «Кұбылаға қарап отыруымызға тыйым салынған еді...»¹⁰.

2. Жуынып жатқанда сөйлемей, дұға қылмау.

3. Суды ысырап қылмау. Абдалла ибн Мағфал, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін естіді:

(إنه سيكون في هذه الأمة قوم يعتدون في الطهور والدعاء)

¹ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

² Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

³ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

⁴ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

⁵ 1 саь шамамен 2,75л болады

⁶ 1 муд шамамен 0,688л болады.

⁷ Мүслим, Ахмад, Ибн Мажа және Ат-Тирмизи жеткізді

⁸ Фарақ дегеніміз - 8,25л су сиятын мыс тегене.

⁹ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

¹⁰ Мүслім жеткізді

«Расында, бұл үмметтің ішінде тазалану мен дұға жасауда шектен шығатындар пайда болады»¹.

4. Сырт көзге көрінбей жуыну. Яъла, Аллах тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(فإذا اغتسل أحدكم فليستتر)

«..Сендерден біреу ғұсыл құйынса, жасырынсын»².

5. Дәрет алған соң, екі рәкат намаз оқу қалай ұнамды болса, ғұсылдан кейін де екі рәкат намаз оқу солай ұнамды.

Ғұсылдың мәкруһаттары

Ғұсылдың мәкруһаттары дәреттің мәкруһаттары секілді:

1. Суды ысырап ету. Тамру ибн Ғас, Аллах тағала оған разы болсын, былай деді: Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) дәрет алып отырған Саъдтің қасынан өтіп бара жатып: «Мынау не деген ысырапшылдық!» дейді. Ол: «Дәрет алуда да ысырап бар ма?»-деп сұрайды. Ол (саллаллаһу алайһи уа саллам):

(نعم وإن كنت على نهرٍ جارٍ)

«Әрине! Ағып жатқан өзеннің қасында отырсаң да (суды ысырап қылма)»-дейді³.

2. Дене мүшелерін үш мәртеден асырып немесе кемітіп жуу мәкруһ танзиһан. Өйткені, бұл сүннетке қайшы. Тамру ибн Шуъайп әкесінен, ал әкесі атасынан жеткізді: Бір кісі пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) келіп:

(يا رسول الله كيف الطهور؟ فدعاء بماء في إناء، فغسل كفيه ثلاثاً، ثم غسل وجهه ثلاثاً، ثم غسل ذراعيه ثلاثاً، ثم مسح برأسه فأدخل أصبعيه السبّاحتين في أذنيه ومسح يابهماه على ظاهر أذنيه وبالسبّاحتين باطن أذنيه، ثم غسل رجليه ثلاثاً ثلاثاً، ثم قال: هكذا الوضوء فمن زاد على هذا أو نقص فقد أساء وظلم)

«Аллаһтың елшісі, дәрет қалай алынады?»-деп сұрайды. Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) дереу құманмен су алдыртып, алдымен, қолдарын үш мәрте жуады. Кейін бетін үш мәрте жуады. Кейін білектерін үш мәрте жуады. Кейін басына мәсх жасайды. Кейін сұқ саусақтарын құлақтарының іштеріне кіргізеді. Құлақтарының сыртқы жағына бас бармақпен, ал ішкі жағына сұқ саусақпен мәсх жасайды. Кейін аяқтарын үш мәрте жуады. Сосын былай дейді: «Дәрет осылай алынады. Кім бұдан асырса немесе кемітсе, нашар және теріс істеген болады»⁴.

3. Дене мүшелерін жуғанда суды тым үнемдеу мәкруһ танзиһан. Дене мүшелерін сулы қолмен сипалап емес, су құйып отырып жуу керек. Дене мүшелерінен судың тамып тұрғаны көрінуі қажет. Талханың атасы, Аллах тағала оларға разы болсын, былай деді:

(دخلت - يعني على النبي صلى الله عليه وسلم - وهو يتوضأ والماء يسيل من وجهه ولحيته على صدره)

«Пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) барған едім. Ол дәрет алып отыр екен. Су беті мен сақалынан кеудесіне тамып жатты»⁵.

4. Ғұсыл құйынғанда сөйлесу мәкруһ танзиһан. Өйткені ол - намаздың кілті. Алайда, Аллах тағаланы еске алып дұға қылуына болады. Әбу Һурайрадан, Аллах тағала оған разы болсын, пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) дәрет алған кезінде былай дейтін:

(اللهم اغفر لي ذنبي ووسع لي في داري وبارك لي في رزقي وقلعني بما رزقتني و لا تفتني بما زويت عني)

¹ Әл-Байһақи жеткізді

² Әбу Дәуд жеткізді

³ Ибн Мажа жеткізді

⁴ Әбу Дәуд жеткізді

⁵ Әбу Дәуд жеткізді

«Аллаһым, күнәмды кешіре гөр. Үйімді кеңейте гөр. Ырыс-несібеме береке бере гөр. Берген нәсібіңе қатысты мені қанағатты ете гөр. Сондай-ақ менен жасырған нәрсемен мені сынай (азғыра) көрме»¹.

5. Ғұсылды біреудің көмегімен алу мәкруһ танзиһан. Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(رأيت رسول الله صلى الله عليه وسلم يستقي ماء لوضوئه فبادرته أستقي له فقال: مه يا عمر فإني أكره أن يشركني في طهوري أحد)

«Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) дәрет алайын деп жатқанын көріп, оған су құюға асыққан едім. Ол: «Әй, Омар, былай тұр, қажет емес. Дәрет алуыма біреудің араласқанын жеккөремін»-деді².

6. Лас жерде ғұсыл құйыну мәкруһ танзиһан. Абдулла ибн Мағфал, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(لا يبولن أحدكم في مستحمه ثم يغتسل فيه)

«Сендерден ешкім жуынатын жерде дәрет сындырып жүрмесін! Өйткені ол жерде жуынады ғой»³.

7. Ғұсылдың сүннеттерінің бірін атқармау.

Бой дәретсіз орындауға болмайтын құлшылықтар

1. Дәретсіз орындауға болмайтын құлшылықтардың бәрі ғұсылсыз атқаруға тиым салынады. Олар: намаз және оған ұқсайтын тиләуат сәждесі, шүкір сәждесі, жаназа намазы, Қағбаны тауап ету. Сонымен қатар дәретсіз ұстауға болмайтын нәрселерді ғұсылсыз ұстауға тиым салынады. Олар: Құран кітабы, құран аяттары жазылған нәрсені, құран аяттарымен безендірілген қабырға мен жиектеме.

2. Құран оқу. Әли, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم يقرأ القرآن على كل حال ليس الجنابة)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Құранды бой дәретсіз болған кезде ғана оқымайтын»⁴.

Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(لا يقرأ الجنب والحائض شيئاً من القرآن)

«Жүніп және етеккір күйдегі адамға құраннан ешнәрсе оқуына болмайды»⁵.

3. Мешітке кіру. Умму Салама, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(إن المسجد لا يحل لجنب ولا لحائض)

«Расында, жүніп және етеккір күйдегі адамға мешітке кіруге болмайды»⁶.

Мешітке қатысты үкімдер⁷

1. Жүніп кісіге және етеккір мен нифас күйдегі әйелге мешітке кіру харам.

¹ Ат-Тирмизи жеткізді

² Мажмағ аз-Зауаид

³ Әбу Дәуд жеткізді

⁴ Ан-Насаи жеткізді

⁵ Ибн Мажа жеткізді

⁶ Ибн Мажа жеткізді

⁷ «Ал-фиqh ал-ислами уа адиллатуһу»: 1/546-554

2. Мешітте ұйықтаған кісіден шәует бөлінсе, дереу мешіттен шығуы уәжіп.
3. Кіші дәретсіз кісіге мешітте отыруына болады.
4. Жолаушы мен иътикафтағы кісіден басқаларға мешітте ұйықтау мәкрүһ.
5. Ораза ұстаған кісіге мешітте ауыз ашуына болады.
6. Пияз бен сарымсақ жеген кісіге мешітке кіруі мәкрүһ тахриман. Өйткені Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(من أكل من هذه الشجرة - يعني الثوم - فلا يقربن مساجدنا)

«Кім мына өсімдіктен жесе, - яғни сарымсақтан, - мешіттерімізге жуымасын»¹.

7. Мешітте түкіру мәкрүһ. Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(البصاق في المسجد خطيئة و كفارتها دفنها)

«Мешітте түкіру - күнә және кінәсінің жуылу - көміп тасталуында»².

8. Мешітте түзге отыру және қан алдыру харам. Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إن هذه المساجد لا تصلح لشيء من هذا البول و لا القدر. إنما هي لذكر الله و قراءة القرآن)

«Расында, бұл мешіттердің зәр немесе нәжіс секілді нәрселермен былғануы дұрыс емес. Расында, олар Аллаһты еске алу мен Құран оқу үшін ғана арналған»³.

9. Мешітте ағаш егу және құдық қазу мәкрүһ.

10. Мешітте жанжал шығару, дауласау және дауыс көтеру, бір заттың жоғалғанын жариялау, сауда жүргізу мәкрүһ тахриман. Өйткені Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(إذا رأيتم من يبيع أو يبتاع في المسجد فقولوا: لا أربح الله تجارتك وإذا رأيتم من ينشد ضالة فقولوا: لا ردها الله عليك)

«Кімнің мешітте (бір нәрсені) сатқанын немесе сатып алғанын көрсендер, оған: «Аллаһ сауданды пайдасыз етсін»-деңдер. Жоғалған нәрсесін мешітте жариялаған кісіні көрсендер, оған: «Аллаһ оны саған қайтара көрмесін»-деңдер»⁴.

11. Мешітте садақа сұрау харам, ал садақа беру мәкрүһ.

12. Сәбиді мешітке кіргізу мәкрүһ. Өйткені сәби білместіктен мешітті былғауы мүмкін.

13. Мешітте тәлім отырыстарын ұйымдастыру және уағыз айтып имандасу мустахап.

14. Мешіттің тазалығын қадағалау сүннет. Мешітте түкірік немесе нәжіс байқаған кісіге оны өздігінен алып тастау сүннет. Өйткені Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) мешітте кеуіп қалған түкірікті өз қолымен қырып кетірген⁵.

15. Сапардан оралған кісіге алдымен мешітке соғып, екі рәкат намаз оқуы сүннет. Каъб ибн Мәлик, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه و سلم إذا قدم من سفر بدأ بالمسجد فصلى ركعتين)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) сапардан оралғанда мешіттен бастап, екі рәкат намаз оқыды»⁶.

16. Мешітте отырған кісі келесі намазды күтуі, онда Құран жаттап немесе оқып отыруы, сондай-ақ басқа да құлшылық түрлерімен шұғылданып отыруы қажет.

17. Ұрлықтың кесірінен парыз намаздары арасында мешіттің жабылуы күнә емес.

18. Жұманың құтпасы айтылып жатқан уақыттан басқа уақыттарда мешітке кірген кісі екі рәкат намаз оқымай отыруы мәкрүһ.

¹ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

² Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

³ Мүслім жеткізді

⁴ Ат-Тирмизи жеткізді

⁵ Әл-Бұхари мен Мүслім Анастан, Аллаһ тағала оған разы болсын, жеткізді

⁶ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

19. Азан айтылған соң қажет қыспаған кісіден басқаларға намаз аяқталмай мешіттен шығу мәкрүһ. Әбу Шаһсә, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كنا قعودا مع أبي هريرة رضي الله عنه في المسجد فأذن المؤذن فقام رجل من المسجد يمشي فأتبعه أبي هريرة بصره حتى خرج من المسجد فقال أبي هريرة: أما هذا فقد عصى أبا القاسم صلى الله عليه وسلم)

Әбу Һурайрамен, Аллаһ тағала оған разы болсын, бірге мешітте отырған едік. Азаншы азан айтты. Бір кісі орнынан тұрып, мешіттен шығуға бет алды. Ол мешіттен шыққанша Әбу Һурайра одан көзін алмады. Сосын Әбу Һурайра былай деді: «Мынау кісі, расында да, Әбу Қасимнің, (саллаллаһу алайһи уа саллам) тілін алмаған болды»¹.

20. Мешітке кірерде мына дұғаны айту:

(أعوذ بالله العظيم ووجهه الكريم و سلطانه القديم من الشيطان الرجيم. باسم الله و الحمد لله اللهم صل على سيدنا محمد و على آل محمد و سلم. اللهم اغفر لي ذنوبي وافتح لي أبواب رحمتك)

«Рахымнан қуылған шайтаннан Ұлы Аллаһпен, Оның Ардақты жүзімен және Мәңгі үстемділігімен қорғанамын. Аллаһтың атымен және Аллаһқа мақтау. Аллаһым, жетекшіміз Мұхаммедке және Мұхаммедтің әулетіне рахымың мен есендігің болсын. Аллаһым, менің күнәләрімді кешіре гөрші және маған рахым есіктеріңді аша гөрші».

21. Мешіт салу және мешіт жөндеу сүннет. Осман ибн Ғаффан, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من بنى لله مسجدا بنى الله له مثله في الجنة)

«Кім Аллаһ үшін мешіт салса, Аллаһ оған жәннатта соған ұқсасын салады»².

Моншаларға қатысты үкімдер³

1. Жалпы моншаға түсудің үкімі мубах. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің былай дегенін айтты:

(ستفتح عليكم أرض العجم و ستجدون فيها بيوتا يقال لها الحمامات فلا يدخلنها الرجال إلا بالإزار وامنعوها النساء)

«Әлі сендерге басқа халықтардың жерлері ашылады және онда моншалар деп аталатын үйлерді байқайсындар. Ер кісілер оған іштік киімсіз⁴ кіруші болмасын! Сондай-ақ әйелдердің оған кіруіне тиым салындар!...»⁵.

2. Көпшілікпен моншаға түсу ер кісілерге болады. Ал әйел кісіге жалғыз болмаса, көпшілікпен моншаға түсуі харам. Әйел кісі өз үйіндегі жеке моншаға жалғыз түсуі қажет. Өйткені шарифатта ер кісімен салыстырғанда әйел денесінің көп бөлігі әурет саналады. Сол себептен ер кісіге көпшілікке арналған моншаға іштік киімсіз жалаңаш кіруі, ал әйел кісіге жалпы кіруі харам. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من كان يؤمن بالله واليوم الآخر من ذكور أمته فلا يدخل الحمام إلا بمئزر و من كانت تؤمن بالله واليوم الآخر فلا تدخل الحمام)

«Менің үмметімнен Аллаһқа және ақирет күніне иман келтіруші ер кісілер моншаға іштік киімсіз кірмесін! Сондай-ақ Аллаһқа және ақирет күніне иман келтіруші әйел кісі мүлде моншаға кірмесін»⁶.

3. Ер кісі әйелімен бірге моншаға түсуіне болады. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(احفظ عورتك إلا من زوجتك)

¹ Мүслім жеткізді

² Әл-Бұхари, Мүслім және Ахмад жеткізді

³ «Ал-фиқһ ал-ислами уа адиллатуһу»: 1/556-559

⁴ Кіндіктен сираққа дейін жабатын іштік киім

⁵ Әбу Дәуд жеткізді

⁶ Ахмад жеткізді

«Әйелінді есепке алмағанда, басқалардан әуретінді сақта!..»¹.

4. Моншаға түсудің әдептері:

- Моншаға көңіл көтеру ниетімен емес, тазалану ниетімен кіру.
- Монша ақысын кірер алдын төлеу.
- Кірерде: «Бисмиллә» мен «Әбузу»-ді айту.
- Сол аяқпен кіріп, оң аяқпен шығу.
- Буланатын бөлмедегі ыстықты сезуімен тозақ отын еске алу.
- Ішінде жалаңаш кісі жүрген моншаға кірмеу. Ең абзалы моншаны жеке өзіне жалдау.
- Буланатын бөлмеге кірер алдын бірінші бөлмеде тер шығарып алу. Бұл денсаулыққа пайдалы.
- Көп сөйлемеу және жан-жаққа қарай бермеу. Өйткені монша шайтандардың орны.
- Моншадан шыққан соң Аллаһ тағаладан кешірім сұрап, екі рәкат намаз оқу. Өйткені әуелгі мұсылмандар моншаға түскен күндерін «күнәлі күн» деп санайтын.
- Ораза ұстаған кісіге моншаға түсу мәкрүһ. Өйткені моншаға түсуімен ол әлсіздігіне әлсіздік қосады.
- Моншадан шығарда аяқты салқын сумен жуу. Бұл денсаулыққа пайдалы.

Жетінші бөлім: Таяммум

"التيمم" - «таяммум» сөзінің тілдік мағынасы: ниеттену. Ал шарифаттағы мағынасы: «Дәретсіздікті кетіру үшін (судың орнына) таза жер жынысымен тазаруға ниеттену». Анықтап айтқанда, таяммум дегеніміз таза топыраққа ниеттеніп ұрылған екі алақанмен бетті және екі қолды арнайы бейнеде сипау. Таяммум үшін таза топырақты іздеу - міндет. Өйткені бұл әрекет ниетке жатады.

Таяммум - ислам үмметіне ғана тән ерекшелік. Аллаһ тағаланың бұйрығымен таяммум хижраның алтыншы жылында Бану Мусталақ шайқасында рұқсат етілді. Бұған Айша анамыздың, Аллаһ тағала оған разы болсын, алқасын жоғалтып алуы себеп болады. Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алайһи уа саллам) талабымен адамдар оны іздеуге кіріседі. Намаздың уақыты кіргенде адамдар дәрет алуға су таппай қалады. Сонда Аллаһ тағала «таяммум» аятын түсіреді. Усайду ибн Хадир, Аллаһ тағала оған разы болсын, Айша анамызға қатысты былай деді: «Әй, Айша, Аллаһ тағала сені рақымына бөлесін! Өзіңе ұнамайтын бір оқиға басыңа түссе болды, Аллаһ тағала сол арқылы мұсылмандарға жеңілдік тудыратын».

Таяммум белгілі шарттарға сай дәрет пен ғұсылдың орнына қолданылады. Таяммумді намаз уақыты кірерден бұрын да, кейін де алуға болады. Таяммуммен парыз намаздары да, нәпіл намаздары да оқылады. Бір алынған таяммум, әрине, егер бұзылмаған болса, бірнеше намазды атқаруға жарамды. Имам Әбу Ханифаның көзқарасында сумен дәрет алған кісіге таяммум алған кісіге ұйып намаз оқуына әбден болады.

Таяммумнің заңдылығына дәлел:

Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

(وَإِنْ كُنْتُمْ مَّرْضَىٰ أَوْ عَلَىٰ سَفَرٍ أَوْ جَاءَ أَحَدٌ مِّنْكُمْ مِنَ الْغَائِطِ أَوْ لَامَسْتُمُ النِّسَاءَ فَلَمْ تَجِدُوا مَاءً فَتَيَمَّمُوا صَعِيدًا طَيِّبًا فَامْسَحُوا بِرُءُوسِكُمْ وَأَيْدِيكُمْ)

«..Егер науқас болсаңдар немесе жолға шықсаңдар, сондай-ақ кім түзге отырып келсе, немесе әйелдеріне жақындассаңдар, сөйтіп су таба алмасаңдар, таза жер қыртысымен таяммум алыңдар: беттеріңе және қолдарыңа мәсх жасаңдар»².

Жабир ибн Абдалла, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

¹ Ахмад, Әбу Дәуд, Ибн Мажа, Ан-Насаи және Ат-Тирмизи жеткізді

² «Ниса» сүресі: 43

(أَعْطَيْتُ خَمْسًا لَمْ يُعْطَهُنَّ أَحَدٌ قَبْلِي، نُصِرْتُ بِالرَّعْبِ مَسِيرَةَ شَهْرٍ وَجُعِلَتْ لِي الْأَرْضُ مَسْجِدًا وَطَهْرًا فَأَيُّمَا رَجُلٍ مِنْ أُمَّتِي أَدْرَكْتَهُ الصَّلَاةَ فليصل، وَأَحَلَّتْ لِي الْمَغَانِمَ وَلَمْ تَحِلَّ لِأَحَدٍ قَبْلِي، وَأَعْطَيْتُ الشَّقَاعَةَ، وَكَانَ النَّبِيُّ يُبْعَثُ إِلَى قَوْمِهِ خَاصَّةً وَيُبْعَثُ إِلَى النَّاسِ عَامَّةً)

«Маған менен бұрынғыларға берілмеген бес нәрсе берілді: жауымның жүрегіне бір айлық жерден қорқыныш салыну жәрдеміне ие болдым; жер маған мешіт және таза қылынды, сондықтан менің үмметімнен болған адамды намаз қай жерде кезіктірсе, сол жерде оны оқысын; маған олжалар адал етілді, ал менен бұрынғыларға адал етілмеген еді; маған шапағат ету берілді; әр пайғамбар өз қауымына ғана жіберілген еді, ал мен барлық адамдарға жіберілдім»¹.

Дәрет пен ғұсыл орнына таяммумді қолдану себебі: дәретсіз және ғұсылсыз орындауға тыйым салынатын істің су болмаған жағдайда орындалу қажеттілігі таяммумнің қолданылуына себеп болады.

Имран ибн Хасин, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) адамдармен бірге намаз оқымай шеттеп жүрген бір кісіні көріп, одан:

(يا فلان، ما منعك أن تصلي في القوم. فقال: يا رسول الله، أصابني جنابة ولا ماء قال: عليك بالصعيد فإنه يكفيك)

«Ей, пәленше! Адамдармен бірге намаз оқуына не кедергі болды?»-деп сұрайды. Ол: «Ей, Аллаһтың елшісі! Жүніп болып қалдым және су болмады»-дейді. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) оған: «Саған таза топырақпен таяммум алу керек. Әрине, ол (жүніптен) тазалануына жеткілікті»².

Таяммумды рұқсат ететін себептер

Бірінші себеп. Судың мүлдем немесе жеткілікті болмауы. Судың 1миль³ қашықтықта болуы. 1миль қашықтық дегеніміз - шамамен 1847м. Сондықтан таяммум алушы кісі, алдымен су іздеп, ең азы 1847м жүруі шарт. Егер су таппаса және жеткілікті қаражаты болса, суды сатып алу жолын қарастыруы шарт. Су мүлдем табылмаса, таяммум алуы рұқсат етіледі. Өйткені Аллаһ тағала: «...сөйтіп су таба алмасаңдар, таза топырақпен таяммум алыңдар»⁴-деді.

Екінші себеп. Науқас болу. Аллаһ тағала: «..Егер науқас болсаңдар.....сөйтіп су таба алмасаңдар, таза топыраққа таяммум алыңдар»⁵-деді. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: «Науқасқа таза топырақпен таяммум алуы рұқсат етілді». Бұл себепке қосымша жағдайлар:

- күннің немесе судың суықтығынан ауырып қалудан қорықса;
- аурудың асқынуынан қорықса;
- емді кешіктіретін болса (тәжірибе бойынша немесе дәрігердің айтуы бойынша);
- операциядан кейін суды қолдану үшін орнынан тұруға шамасы келмейтін кісіге;
- паралич және мүгедек жағдайдағы адамға, егер дәрет алғызатын адам таба алмаса;
- дәрет алуға да, тайаммум алуға да біреудің көмегімен болмаса, өздігінен шамасы келмейтін науқасқа.

- денесі жартылай немесе көп бөлігі жарақатты болған кісі. Мысалы, басы, жүзі және қолдары жарақаттанған кісі таяммум алады. Денесінің көп бөлігі сау болса, сау бөлігі жуылып, жарақатты бөлігіне қолмен мәсх жасалады. Егер мәсх жасау зиянды болса, оны да істемейді. Іші жарақаттанған кісі тайаммум алады.

- суық күні суды ысытуға еш мүмкіндік болмаған жағдайда.

Тамру ибн Тас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Әл-Бұхари жеткізді

³ 1 миль шамамен 1848м болады.

⁴ «Ниса» сүресі: 43

⁵ «Ниса» сүресі: 43

(احتلمت في ليلة باردة، في غزوة ذات السلاسل، فأشفتك إن اغتسلت أن أهلك فتيمنت ثم صليت بأصحابي الصبح، فذكروا ذلك للنبي صلى الله عليه وسلم ، فقال: (يا عمرو صليت بأصحابك وأنت جنب؟) فأخبرته بالذي منعي من الاغتسال وقتلت: إني سمعت الله يقول: {ولا تقتلوا أنفسكم إن الله كان بكم رحيماً} فضحك رسول الله صلى الله عليه وسلم ولم يقل شيئاً)

«Зэт ас-Саласил шайқасында суық түні бой дәретсіз болып қалдым. Ғұсыл кұйынсам, кұримын-ау¹ деп қорықтым. Сөйтіп, таяммум алып, бауырларыммен таң намазын оқыдым. Олар бұны пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) білдірді. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) маған: «**Ей, Амру, жүніп бола тұра достарыңмен намаз оқығаның қалай?**»-деді. Мен оған мені ғұсыл кұйынудан не тоқтатқанын хабарлап: «Расында, мен Аллаһ тағаланың: «**Өздеріңді өлтірмеңдер! Әлбетте, Аллаһ сендерге мейірімді**»-дегенін естідім»-дедім. Сонда Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) күлді де ешнәрсе демеді².

Үшінші себеп. Дәретсіз немесе жүніп болған кісі жаназа намазы мен айт намаздарын өткізіп алудан қорықса, бұл намаздарға таяммум алып қатысуына болады. Өйткені бұл намаздар қайта оқылмайды. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, бір жаназаға келгенінде дәреті болмағандықтан таяммум алып, жаназа намазын оқиды³.

Таяммумді дұрыс ететін шарттар:

1. Ниет. Таяммумнің дұрыстығы үшін ниеттің болуы шарт. «Неге ниет дәреттің дұрыстығы үшін шарт емес, ал таяммумнің дұрыстығы үшін шарт?»-деген сұрақтың жауабы: «Өйткені су табиғаты бойынша тазарту қасиетіне ие. Мысалы, кім өзенге тазару ниетімен емес, малту ниетімен сүңгіп шықса, бой дәретті болып шығады. Ал топырақ болса, керісінше, былғайды. Сондықтан топырақпен тазару ниетпен қабаттаспаса болмайды. Таяммумға ниет екі алақанды таза топыраққа ұрар кезде жасалады.

2. Таяммумды рұқсат ететін себептің болуы.

3. Таяммумның таза жер қыртысымен алынуы. Аллаһ тағала былай деді:

(فَتَيَمَّمُوا صَعِيداً طَيِّباً)

«..таза жер қыртысымен таяммум алындар..»⁴.

Имам Әбу Ханифа мен Мұхаммед, Аллаһ тағаланың оларға рахымы болсын, былай деді: «Топырақ, шаң, құм, тас, гипс, әк, сүрме ұнтағы, күшән (мышьяк) секілді жер қыртысынан болған бүкіл нәрсемен таяммум алуға болады. Тіпті олардың үстінде шаң болмаса да. Аяттағы жер қыртысы дегеніміз жер бетінің атауы болғандықтан, тек топырақ қана көзделмейді, керісінше жердің бүкіл бөліктері көзделеді». Таспен таяммум алу үшін, үстінде шаң болуы шарт емес. Ұрғанда қолға шаңы ілінбейтін ылғалды топырақпен де, сор (тұзды) топырақпен де таяммум алуға болады. Сонымен қатар шаңмен де таяммум алуға болады. Мысалы, екі қолды бойына шаң жинаған нәрсеге ұрып, шаң көтерумен де таяммум алуға болады⁵.

4. Бет пен екі қолды сипау. Таяммумнің дұрыстығы үшін қолдағы сақина мен білезік секілді әшкейлер кең болса да, шешілуі уәжіп. Саусақтардың арасы тарамдалу қажет. Таяммум дәрет орнына жүретін болғандықтан, дәреттегі бет пен қолға қатысты шарттар таяммумнің дұрыстығы үшін де қатысты.

5. Таяммум алынатын мүшелерге алақан бүтіндей тиюі қажет.

6. Екі алақан жер қыртысына екі рет ұрылады.

7. Хайыз бен нифастың тоқтауы.

8. Терінің бойында мәсх жасауға кедергі болатын май тәріздес нәрселердің кетірілуі.

¹ Аурып қаламын-ау деп

² Әбу Дәуд жеткізді

³ Әл-Байһақи жеткізді

⁴ «Ниса» сүресі: 43

⁵ «Ал-фикһ ал-ислами уа адиллатуһу»: 1/589

Таяммумның парыздары

Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай деді:

(فَتَيَّمُّوْا صَعِيْدًا طَيِّبًا فَاْمَسْحُوْا بِوُجُوْهِكُمْ وَاَيْدِيكُمْ)

«Таза жер қыртысымен таяммум алыңдар: беттеріңе және қолдарыңа мәсх жасандар..»¹. Осы аяттың негізінде таяммумның парыздары екеу:

1. Бетті сипау.

2. Екі қолды шынтаққа дейін сипау.

Әбу Жаһм, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أقبل رسول الله صلى الله عليه وسلم من بئر جمل إما من غائط أو من بول. فسلمت عليه فلم يرد علي السلام. فضرب الحائط بيده ضربة فمسح بها وجهه، ثم ضرب أخرى فمسح بها ذراعيه إلى المرفقين ثم رد علي السلام)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) түзге отырған соң Жамал құдығының қасына келді. Мен оған сәлем бердім. Ол маған сәлем қайырмады. Ол (саллаллаһу алайһи уа саллам) екі алақанын дуалға бетіне ұрып, бетіне мәсх жасады. Кейін екі алақанын тағы ұрып, екі қолына шынтақтарына дейін мәсх жасады. Кейін маған сәлем қайырды².

Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(التيمم ضربتان، ضربة للوجه، وضربة لليدين إلى المرفقين)

«Таяммум екі ұрумен жасалады. Біріншісі - бетке мәсх жасау үшін, ал екіншісі - екі қолға шынтақтарға дейін мәсх жасау үшін»³.

Таяммумның жасалу жолы

Имам Әбу Юсуф ұстазы Имам Әбу Ханифадан таяммумның жасалу жолын сұрағанда имам оған былай жауап береді: «Таяммумға ниет қылған кісі, алдымен, жер қыртысына бір мәрте екі алақанын ұрады. Ондағы жабысқан нәрселерді үріп немесе сілкіп түсіреді де екі алақанымен бетін сипайды. Кейін жер қыртысына екі алақанын екінші мәрте ұрады. Ондағы жабысқан нәрселерді үріп немесе сілкіп түсіреді де сол қолының төрт саусағымен оң қолының сыртқы жағын - саусақтардың басынан шынтаққа дейін бір сипап өтеді. Кейін алақанымен қолының ішкі жағын сипап өтеді. Сол қолының бас бармағының ішкі жағымен оң қолының бас бармағының сыртын сипап өтеді. Кейін сол қолымен де осылай істейді».

Таяммумның сүннеттері

1. «Бисмиллә»-ні айту.

2. Рет тәртібі: алдымен бет, кейін қол.

3. Оң қолдан бастау.

4. Алақанға жабысқан нәрселерді үріп немесе сілкіп түсіру. Абдрахман ибн Абза әкесінен, Аллаһ тағала оларға разы болсын, былай деді:

(أن النبي صلى الله عليه وسلم ضرب بكفيه الأرض، ونفخ فيهما، ثم مسح بهما وجهه وكفيه)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) екі алақанын жерге ұрды және (жабысқан нәрсені түсіру үшін) ол екеуіне үрді. Кейін беті мен қолдарын сипады»⁴.

5. Саусақтар арасының ашық болуы.

6. «Су табылып қалар»-деген үмітпен таяммумді намаздың соңғы уақытына дейін кешіктіру. Әли, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(إذا أجنب الرجل في السفر تلوم ما بينه وبين آخر الوقت، فإن لم يجد الماء تيمم وصلى)

¹ «Мәида» сүресі: 6

² Ад-Дарақұтни жеткізді

³ Ад-Дарақұтни жеткізді

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

«Сапарға шыққан кісі (намаз уақыты кіргенде) бой дәретсіз болып қалса, (су табыла ма деген үмітпен) намаздың кірген уақыты мен соңғы уақытының арасын күтсін. Егер су табылмаса, таяммум алып, намазын (соңғы уақытында) оқысын»⁵.

Таяммумды бұзатын нәрселер

1. Дәрет пен ғұсылды бұзатын нәрселер таяммумді де бұзады.
2. Таяммумді рұқсат ететін себептің жойылуы.
3. Намаз оқып тұрғанда су табылса, намаз бұзылады. Су намаз оқылған соң табылса, намаз бұзылмайды және қайтадан оқылмайды. Нафий, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(تيمم ابن عمر على رأس ميل أو ميلين من المدينة فصلى العصر فقدم والشمس مرتفعة فلم يعد الصلاة)

«Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Мәдинадан бір немесе екі миль жерде (су болмағандықтан) таяммум алып, екінді намазын оқыды. Мәдинаға жеткенде күн әлі батпаған болатын, алайда намазын қайта оқымады»².

Сегізінші бөлім: Хайыз, нифас және истихада

Әйел кісілер үшін бұл мәселелерді білу өте маңызды. Өйткені дәрет, ғұсыл, намаз, Құран оқу, ораза, иътиқаф, қажылық, балиғатқа толу, төсек қатынасы, талақ, ыдда және т.б. нәрселердің үкімдері осы мәселелербен тығыз байланыста.

I. Хайыз. (الحيض) - «хайыз» дегеніміз - әйел кісінің жатыранан ай сайын қайталанып бөлінетін қан. Әрайлық қайталанбалы етеккір кезеңі 3-7 күн аралағына созылады. Жатырдың ішкі қабығы (эндометрий) қанмен бірге қынап арқылы сыртқа шығарылады. Етеккірдің құрамын қан, шырыш және организм клеткалары құрайды. Етеккір аяқталған соң аналық безде аналық жасуша (яйцеклетка) пайда болады. Аналық жасуша аналық безден шыққан кезде 48 сағаттың ішінде ұрықтануға дайын болады. Келесі етеккірдің келуіне екі апта қалғанда овуляция процесі басталады. Бұл процесте аналық жасуша аналық безден шыға сала жатыр түтігінің түктерімен ұсталып, жатырға бағытталады. Жатыр түтігінің бойымен қозғалады. Бұл уақытта жатырдың ішкі қабығы қалыңдап, аналық жасушаны қабылдау үшін жұмсарады. Бұдан кейінгі процесс екі түрлі:

- Егер әйел кісі жұбайымен қатынаста болса, аталық ұрықпен қосылудың нәтижесінде аналық жасуша ұрықтанады және әйел кісі жүкті болады. Бұдан кейін ұрықтанған аналық жасуша жатырдың ішкі қабығына батып, ұрықтың дамуы жалғасады.

- Аталық ұрықпен қосылуға бұйрық болмаса, аналық жасуша ұрықтанбайды. Бұл кезде аналық жасуша жатырдың ішкі қабығымен бірге жиналып, бірнеше күннің ішінде қынап арқылы қан мен шырыш бейнесінде бөлініп шығады.

Айша анамыздан, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(إن هذا أمر كتبه الله على بنات آدم)

«Расында, Аллаһ бұл нәрсені (етеккірді) Адам қыздарына тән қасиет етіп жазды»³.

Шариғат бойынша етеккір, біріншіден, дәретсіздік саналады. Екіншіден, нәжіс саналады. Етеккірдің басталуы қанның қынап сыртына бөлінуімен анықталады.

Етеккір қай жастан бастап келеді және қай жаста тоқтайды?

Қыз баланың шашамен ай есебі бойынша тоғыз жаста балиғатқа толуымен етеккірі келе бастайды. Содан елу, елу бес жасқа дейін жалғасады. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

⁵ Әл-Байһақи жеткізді

² Ад-Даракутни жеткізді

³ Әл-Бұхари жеткізді

(إذا بلغت امرأة خمسين سنة خرجت من حد الحيض)

«Әйел кісі елу жасқа толғанда етеккір жасынан шығады»¹. Тағы бір сөзінде: «Елу жастан кейін құрсағына бала бітпейді»-деді².

Алайда кейбіреуінің етеккірі аталмыш көрсеткіштерден кеш басталып, кеш аяқталуы да мүмкін. Етеккірі келуімен қыз бала балиғатқа толады және оған бұл уақыттан бастап шарифаттың намаз, ораза, қажылық секілді міндеттері жүктеледі. Сол секілді ұл бала да алғашқы шәуетінің бөлінуімен балиғатқа толады. Етеккірі келмеген қыз және алғашқы шәуеті бөлінбеген ұл он бес жасқа толуларымен балиғатқа толады³.

Етеккірдің шарттары

1. Екі етеккір арасындағы таза аралықтың ұзақтығы ең азы 15 күн болуы шарт.
2. Етеккірдің келуі ең азы 3 тәулікке созылу шарт. Егер 3 тәуліктен аз келсе, дәрет алып өткізген намаздарын оқиды. Өйткені үш тәуліктен аз келген қан етеккір емес.

Етеккір ұзақтығы

Етеккір ұзақтығы ең азы – 3 тәулік, ең көбі – 10 тәулік. Олай болса, 3 тәулікке жетпей келген қан мен 10 тәуліктен асқан қан етеккір емес, истихада қаны саналады. Әбу Умамадан, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(أقل ما يكون من المحيض للجارية البكر والثيب ثلاث، وأكثر ما يكون المحيض عشرة أيام، فإذا رأت الدم أكثر من عشرة أيام فهي مستحاضة)

«Жас қыз бен жесір әйелдің етеккірі ең азы 3 күн болады. Ал ең көбі 10 күн болады. Етеккір қаны 10 күннен аса келген әйел истихада болады»⁴.

Етеккірдің түсі

Етеккір қанының түсі алты түрлі болады. Олар: кара, қызыл, сары, күңгірт, жасыл және сұр. Етеккір күндері осы түстердің кез келгенімен бөлінген қан етеккір қаны саналады. Ең соңында етеккір мөлдір түспен аяқталады. Сахабалардың әйелдері, Аллаһ тағала оларға разы болсын, етеккір көргенде оның мерзімінің тоқтағанын білулері үшін, Айша анамызға, Аллаһ тағала оған разы болсын, қорапқа салынған мақтаның түсін көрсететін. Сол мақталардың бірінде сарғыш түс болса, Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай дейтін:

(لا تعجلن حتى ترين القصة البيضاء)

«Ақшыл (мөлдір) түсті байқағанға шейін (етеккірден шығуға) асықпандар»⁵.

II. Нифас.(النفاس) - «нифас» сөзі тілдік мағынасы: босану. Ал шарифаттық тұрғыдан нифас дегеніміз - әйел кісінің жатырынан босанған соң бөлінетін қан. Босанған соң әйел кісінің жатыры қысқара бастайды. Сол уақытта жатырда баланың шуы біткен жердегі ірі қан тамырларының жабылу процесі ұзаққа созылады. Алғашқы 2-3 күн бойы қан едәуір көп бөлінеді. Кейін бірте-бірте азая береді. Бұл күндері қанның түсі қызыл қоңыр болады, ал 10-14 күн өткенде сарғыш түске айналады. Қанның бөлінуі, әсіресе, бала емізген кездерде көп болады.

Нәрестенің табиғи жолмен тууы анаға да, балаға да қауіп төндіретін болғандықтан, нәресте анасының іші жарылып алынғанда мүшеден қан келсе, нифас үкімі жүреді. Қан келмесе, нифас үкімі жүрмейді.

Нифастың ұзақтығы ғалымдардың көзқарасында 40 тәулікке созылады. Үмму Салама, Аллаһ тағала оған разы болсын, айтады:

(كانت النفساء تجلس على عهد رسول الله صلى الله عليه وسلم أربعون يوماً)

¹ Ахмад жеткізді

² «Ал-фикһ ал-ислами уа адиллатуһу»: 1/612

³ «Ал-фикһ ал-ислами уа адиллатуһу»: 1/611

⁴ Ад-Даракутни жеткізді. Әлсіз хадис.

⁵ Әл-Бұхари жеткізді

«Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) заманында жас босанған әйелдер нифастың тоқтауын 40 күн күтетін»¹.

Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم وقتاً للنفساء أربعين يوماً إلا أن ترى الطهر قبل ذلك)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) жас босанған әйелдерге (тазару үшін) 40 күн күтулерін бұйырған еді. Алайда кім одан бұрын тазарып қойса, нифастан тазарған болады»². 40 күннен асқан қан - истихада қаны.

Түсік тастаған әйел нифас күйінде бола ма? Бұның жауабы: ұрық 40 күндей тамшы қалпында, кейін 40 күндей ұйыған қан қалпында, кейін 40 күндей кесек ет қалпында болады. Кесек еттің жасы 81-120 күн аралығында болады. Осы аралықта ұрықтың бейнесі жетіледі. Түсік бейнесі жетілмей немесе одан да ертерек уақытта түскендегі бөлінген қан нифас емес, хайыз болады. Ал жетіліп қалған бейнеде түссе, нифас болады.

III. Таза аралық. Таза аралық дегеніміз - екі етеккір арасындағы, немесе етеккір мен нифас арасындағы қан келмейтін аралық. Ұзақтығына келетін болсақ, екі етеккір арасындағы, немесе етеккір мен нифас арасындағы таза аралықтың ұзақтығы аз дегенде 15 күн болады. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(أقل الحيض ثلاثة أيام، وأكثره عشرة، وأقل ما بين الحيضتين خمسة عشر يوماً)

«Етеккірдің ең аз мерзімі -3 күн, ең көп мерзімі – 10 күн. Екі етеккір арасындағы таза аралықтың ең азы - 15 күн». Етеккірдің ұзақтығы 10 күннен асса, асқан күндерде бөлінетін қан етеккір емес, истихада қаны саналады. Етеккір қаны истихада қанымен салыстырғанда, түсімен және жаман исімен ерекшеленеді. Егер етеккірдің ең көп мерзімі 15 күн болса, таза аралықтың ең аз мерзімі де 15 күн болады. Таза аралықтың ең ұзақ мерзімі белгілі бір уақытпен шектелмейді. Ол бір не екі жылға да созылуы мүмкін. Кейбір әйелде мүлдем етеккір болмайды, ал кейбірі жылына бір-ақ рет көреді. Етеккір қаны күнде емес, күн ара бөлінетін болса, әдеттегі күні толғанша, бәрібір, етеккір саналады. Күн ара келген қанның аралығындағы тазалық таза аралыққа жатпай, етеккір күндерінің бірі саналады. Етеккірдің ең ұзақ мерзімі әйелдердің етеккірге қатысты өзгешеліктеріне сай өзгеше болады:

- Етеккірі енді басталған жас қыз. Етеккірін он күн күтеді. Одан асқанын истихада санайды. Қайсыбір қыздың алғашқы етеккірі бір күн келіп, сосын он төрт күн бойы таза болса, кейін қаны тағы бір күн келсе, бұл күндердің алғашқы оны етеккір саналады.

- Етеккірі үнемі келіп жүрген әйел. Әдеттегі күндеріне үш күн қосып күтеді. Етеккірі әдеттегі басталатын күнінен бұрын басталып, бір күн келсе, сосын он күн бойы қан келмей, кейін тағы бір күн қан келсе, қан келмеген он күні етеккір саналады, егер әдеті он күн болса. Ал әдеті басқаша болса, есеп әдеттегі күніне негізделеді.

- Таза аралығы мен етеккір күндері араласып келетін әйел. Бұның нәтижесінде таза аралығы он бес күнге толмайды. Ол етеккірін он бес күн күтеді. Бұл он бес күн араларындағы таза күндердің «таза үкімі» жойылып, етеккірге есептеледі. Он бес күннен асқаны истихада және таза аралық саналады.

Етеккір мен нифасқа тән үкімдер

1. Етеккір немесе нифас халіндегі әйелдің алған дәреті, құйынған ғұсылы дұрыс емес. Бірақ жүрегінде намаздың маңыздылығы әлсіреп кетпес үшін, намаз уақытында дәрет алып, Аллаһ тағаланы пәктеу, мақтау, ұлықтау және бірлеу сөздерін айтып отыруы ұнамды.

2. Иътикафті тоқтатады. Иътикаф кезінде әйел кісінің етеккірі келсе, иътикаф бірден бұзылады.

3. Меккеге келгенде және Меккеден кетерде Қағбаны тауап етудің уәжіптілік үкімін тоқтатады. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

¹ Ат-Тирмизи жеткізді

² Ибн Мажа жеткізді

(أَمَرَ النَّاسَ أَنْ يَكُونَ آخِرَ عَهْدِهِمْ بِالْبَيْتِ، إِلَّا أَنَّهُ خُفِّفَ عَنِ الْحَائِضِ)

«(Қажылықтағы) адамдарға ең соңғы міндет етіліп Қағбаны тауап етулері бұйырылды. Тек қана етеккір халіндегі әйелге жеңілдік қылынды»¹.

4. Талақ жасауға болмайды. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, әйелін етеккір кезінде талақ қылады. Омар ибн әл-Хаттаб, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінен (саллаллаһу алайһи уа саллам) бұл жайында сұрайды. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) оған былай дейді:

(مُرّه فليراجعها ثم ليطلقها طاهرا أو حاملا)

«Оған былай бұйыр! Әйелін қайтарсын және етеккірден тазарған кезде немесе жүкті кезде талақ қылсын!»².

Ер кісі әйелімен етеккір кезінде некені бұза алмайды. Етеккірі тоқтаған кезде, тіпті әлі ғұсыл құйынбаса да, талақ қылуына болады. Кім әйелін етеккір кезінде талақ қылса, әйелін қайтаруы қажет, алайда бір талақ түсіп қояды.

5. Жас қыз алғашқы етеккірдің келуімен кәмелетке толады. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لا يقبل الله صلاة حائض إلا بخمار)

«Етеккірі келген қыздың намазын Аллаһ орамалсыз қабыл етпейді»³.

6. Етеккір мен нифас тоқтағанда ғұсыл құйыну уәжіп. Айша анамыздан, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Үмму Хабиба, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінен (саллаллаһу алайһи уа саллам) етеккір қаны жайында сұрайды. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) оған былай дейді:

(امكثي قدر ما كانت تحبسك حيضتك ثم اغتسلي وصلي)

«Етеккіріңді әдеттегі мерзімің бойынша күт. Кейін ғұсыл құйынып, намазыңды оқы»⁴.

7. Намазды атқарудан тоқтатады. Етеккір кезінде оқылмаған намаздардың қазасы өтелмейді. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Әбу Хабиш қызы Фатимаға былай деді:

(فإذا أقبلت الحيضة فدعي الصلاة)

«Етеккір келген кезде намаз оқыма»⁵.

8. Ораза ұстаудан тоқтатады. Алайда намаздан айырмашылығы оразаның қазасы кейін өтеледі. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان يصيبنا ذلك فنؤمر بقضاء الصوم ولا نمر بقضاء الصلاة)

«Бізге бұл нәрсе (еттеккіріміз) келгенде (үзілген) оразаның қазасын өтеуіміз бұйырылатын. Ал намаздың қазасын өтеуіміз бұйырылмайтын»⁶.

9. Мешітке кіруден тыяды. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(فإني لا أحل المسجد لحائض ولا جنب)

«Расында, мен етеккір халіндегі әйелге және бой дәретсіз кісіге мешітке кіруге тыйым саламын»⁷.

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Ахмад және Ибн Мажа жеткізді

⁴ Мүслім жеткізді

⁵ Мүслім жеткізді

⁶ Мүслім жеткізді

⁷ Әбу Дәуд жеткізді

10. Қағбаны тауап етуден тыяды. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, қажылық парызын атқарып жатқан кезінде етеккірі келіп, оған Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дейді:

(افعلي ما يفعل الحاج غير أن لا تطوفي بالبيت حتى تطهري)

«Қажы кісі атқарып жатқан істерді орындай бер. Бірақ (етеккірден) тазармайынша Қағбаны тауап етпе»¹.

11. Құран ұстаудан тыяды. Сонымен қатар Құран аяттары жазылған нәрсені, Құран аяттарымен безендірілген қабырғаны және жиектемені ұстауға болмайды. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(لا يَمَسُّ الْقُرْآنَ إِلَّا طَاهِرًا)

«Құранды дәретті кісі ғана ұстайды»². Алайда Құран кітабы салынған қапшықты, сөмкені, колдорбаны, потфельді ұстауға болады.

12. Құран оқудан тыяды, тіпті. бір аят оқудан. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(لا يقرأ الجنب والحائض شيئاً من القرآن)

«Бой дәретсіз кісіге және етеккірі келген әйелге Құраннан ешнәрсе оқуына болмайды»³.

13. Төсек қатынасынан тыяды. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай деді:

﴿وَيَسْأَلُونَكَ عَنِ الْمَحِيضِ قُلْ هُوَ أَذَى فَأَعْتَرِلُوا نِسَاءَ فِي الْمَحِيضِ وَلَا تَقْرُبُوهُنَّ حَتَّىٰ يَطْهُرْنَ فَإِذَا تَطَهَّرْنَ فَأْتُوهُنَّ مِنْ حَيْثُ أَمَرَكُمُ اللَّهُ إِنَّ اللَّهَ يُحِبُّ التَّوَّابِينَ وَيُحِبُّ الْمُتَطَهِّرِينَ﴾

«(Әй, пайғамбар!) Олар сенен етеккір жайында сұрайды. Ол сүйкімсіз нәрсе,-деп айт, етеккір кезінде әйелдеріңе (төсектік қатынасқа) жоламаңдар, әрі етеккірден тазармайынша оларға жақындаспаңдар. Ал тазарған кездерінде өздеріне Аллаһ бұйырған жерінен жақындасыңдар. Расында, Аллаһ тәубашылар мен тазарушыларды жақсы көреді»⁴.

Етеккір кезінде жақындасу екі жақтың жан дүниесі мен денсаулықтарына үлкен залал әкеледі. Алайда құшақтауға және сүйеге болады. Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(اصنعوا كل شيء إلا الجماع)

«Төсек қатынасынан басқасын істей беріңдер»⁵.

Ер кісі әйелімен етеккір кезінде жақындасып қойса, садақа беруі ұнамды. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(إذا كان دماً أحمر فدينار، وإذا كان دماً أصفر فنصف دينار)

«Қан қызғылт болса, бір динар, ал сарғылт болса, жарты динар беріледі»⁶.

14. Ер кісіге әйелінің кіндігі мен тізелерінің аралығын етеккір кезінде киімсіз қызықтауына болмайды. Зайд ибн Аслам, Аллаһ тағала оған разы болсын, бір кісінің Аллаһтың елшісіне

¹ Өл-Бұхари жеткізді

² Малик, ан-Насаи және ад-Даракутни жеткізді

³ Ибн Мажа жеткізді

⁴ «Бақара» сүресі: 222

⁵ Ибн Мажа жеткізді

⁶ Ат-Тирмизи жеткізді. Қызғылт дегені етеккірдің басталған кезі, ал сарғыш дегені етеккірі аяқталатын кезі.

(саллаллаһу алайһи уа саллам) келіп, былай сұрағанын жеткізді: «Әйелімнің етеккірі келгенде денесінің қай жерін қызықтауыма болады?». Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам):

(لَتَشُدَّ إِزَارَهَا، ثُمَّ شَأْنُكَ بِأَعْلَاهَا)

«(Әйелің) іштік киімін тартыңқырап байласын. Сосын саған одан жоғарысын (қызықтауыңа) болады»¹.

Имам Әбу Ханифа айтады: «Ер кісіге әйелінің ішкі киімінің астын етеккір кезінде ұстауға да, қарауға да болмайды».

Етеккір қашан аяқталады?

1. Он күннен кейін аяқталуы мүмкін. Кімнің етеккірі он күннен соң аяқталса, ғұсыл құйынбастан күйеуіне жақындасуына болады. Дегенмен, ғалымдар арасындағы қайшылықтан шығу үшін, ғұсыл құйынғаны ұнамды. Он күннен кейін қанның бөлінуі тоқтамаса, ғұсыл құйынып, намазын оқуына болады.

2. Он күннен кем уақытта, немесе әдеттегісінен аз уақытта, немесе үш күннен артық уақытта тоқтауы да мүмкін. Әдеттегі мерзімі 7 күн болатын әйелдің етеккірі 6 күннен кейін тоқтаса, ғұсыл құйынып, намазын оқи береді және оразасын да ұстай береді. Бірақ қан қайта келіп қалар деген сақтықпен күйеуіне жақындасуға болмайды.

3. Қан әдеттегісіндей мерзімде тоқтаса, ғұсыл құйынып, намазын оқиды және оразасын ұстайды. Ғұсыл құйынған соң жақындасуына болады.

III. Истихада. Истихада дегеніміз - етеккір мерзімі мен нифас мерзімінен тыс уақытта келетін қан. Сол себептен 3 тәуліктен кем немесе 10 тәуліктен асып келетін қан етеккір емес, истихада болады. Әбу Умадан, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(أقل ما يكون من المحيض للجارية البكر والثيب ثلاث، وأكثر ما يكون المحيض عشرة أيام، فإذا رأت الدم أكثر من عشرة أيام فهي مستحاضة)

«Жас қыз бен жесір әйелдің етеккірі ең азы 3 күн болады. Ал ең көбі 10 күн болады. Етеккір қаны 10 күннен аса келген әйел истихада болады»².

Олай болса, истихада дегеніміз:

- үш күннен аз келетін қан;
- етеккірден кейін келетін қан;
- таза аралықта келіп кететін қан;
- жүкті кезде келетін қан;
- нифастан кейін (40 күннен кейін) келетін қан.

Истихадаға тән үкімдер:

1. Истихада намаз оқудан тыймайды. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(جاءت فاطمة بنت أبي حبيش إلى رسول الله صلى الله عليه وسلم فقالت: يا رسول الله إني امرأة أستحاض فلا أطهر. أفأدع الصلاة. قال: لا. إنما ذلك عرق وليس بالحیضة. اجتنبي الصلاة أيام محيضك ثم اغتسلي وتوضئي لكل صلاة وإن قطر الدم على الحصى)

Пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) Әбу Хабиш қызы Фатима келіп: «Әй, Аллаһтың елшісі, расын айтсам, менде истихада қаны келетін әйелмін және одан тазара алмаймын. Сонда намаз оқымаймын ба?»-деп сұрайды. Ол: «**Жоқ, ол айтып тұрғаның етеккір емес, алайда жатырдан тыс орналасқан тамырдан келетін қан. Еттекірің келген бетте намазға жақындама. (Қашан етеккіріңнің уақыты бітсе, келіп жатқан қаннан) жуынып,**

¹ Имам Мәлик «Ал-Муатта» кітабында жеткізді

² Ад-Дарақұтни жеткізді. Әлсіз хадис.

намазынды оқы. Сондай-ақ әр намазыңа дәрет алатын бол, тіпті (намазда тұрғаныңда) ши тоқыманың үстіне қан тамса да»-дейді¹.

2. Ораза ұстаудан және төсектік қатынастан тыймайды. Истихада қаны бөлінетін әйел кісі жайында пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

﴿تَدَعُ الصَّلَاةَ أَيَّامَ أَقْرَائِهَا النَّبِيُّ كَانَتْ تَحِيضَ فِيهَا، ثُمَّ تَغْتَسِلُ وَتَتَوَضَّأُ عِنْدَ كُلِّ صَلَاةٍ، وَتَصُومُ وَتُصَلِّي﴾

«Еттеккірі келген күндері намаз оқымайды. Сосын ғұсыл құйынады. Сосын әр намаз үшін дәрет алып отырады және ораза(сын) ұстайды, намаз(ын) оқиды»².

Икрима, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: «Үмму Хабиба истихада халінде болғанда күйеуі оған жақындасатын»³.

Үзірлі кісіге қатысты үкімдер истихада халдегі әйелге де қатысты болады⁴.

Намаз

Екінші тарау: Намаз

Бірінші бөлім: Намаз бөліміне кіріспе

Араб тілінде намаз "الصلاة" деп айтылады. "الصلاة" сөзінің тілдік мағынасы – дұға.

Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай дейді:

﴿وَصَلِّ عَلَيْهِمْ إِنَّ صَلَاتَكَ سَكَنٌ لَهُمْ وَاللَّهُ سَمِيعٌ عَلِيمٌ﴾

Бұл аяттың қазақша мағынасы: «..(Әй, пайғамбар!) олар үшін дұға жаса. Расында, дұға жасауың оларға тыныштық (ұялатады). Сондай-ақ Аллаһ бәрін естуші, бәрін білуші»⁵.

(الصلاة)- «намаз» сөзінің шарифаттағы мағынасы: Тәкбірмен басталып, сәлем берумен аяқталатын арнайы сөздер мен арнайы қимылдар.

Намаз жалпы парыз, уәжіп және сүннет болып үшке бөлінеді. Бес уақыт намаз парызға, үтір мен айт намаздары уәжіпке, басқа намаздар сүннетке жатады.

Бес уақыт намаз оқудың парыздығына дәлел

Аллаһ тағала былай дейді:

﴿فَأَقِمْوَا الصَّلَاةَ وَآتُوا الزَّكَاةَ وَاعْتَصِمُوا بِاللَّهِ هُوَ مَوْلَاكُمْ فَنِعْمَ الْمَوْلَى وَنِعْمَ النَّصِيرُ﴾

«..Намаз оқыңдар және зекет беріңдер, әрі Аллаһқа сүйеніңдер. Ол иелерің ғой. Қандай жақсы Ие және қандай жақсы Жәрдемші!»⁶.

﴿إِنَّ الصَّلَاةَ كَانَتْ عَلَى الْمُؤْمِنِينَ كِتَابًا مَوْقُوتًا﴾

«..Расында, намаз иман келтіргендерге белгілі уақыттарда парыз етілді»⁷.

Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

﴿بُنِيَ الْإِسْلَامُ عَلَى خَمْسٍ: شَهَادَةِ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللَّهِ، وَإِقَامِ الصَّلَاةِ، وَإِيتَاءِ الزَّكَاةِ، وَالْحَجِّ، وَصَوْمِ رَمَضَانَ﴾

¹ әл-Бұхари жеткізді

² Ат-Тирмизи жеткізді

³ Әбу Дәуд жеткізді

⁴ Осы кітаптың ішіндегі үзірлі кісіге қатысты үкімдерді қарап шығыңыз.

⁵ «Тәуба» сүресі: 103

⁶ «Хадж» сүресі: 78

⁷ «Ниса» сүресі: 103

«Исламның негізі - бесеу: Аллаһтан басқа тәңірдің жоқтығына және Мұхаммед Аллаһтың елшісі екендігіне куәлік беру, әрі намаз оқу, әрі зекет беру, әрі қажылыққа бару, әрі Рамазан оразасын ұстау»¹.

Намаздың мақсаты

Намаз - құл мен Аллаһ тағала арасындағы байланыс. Құл намаз арқылы Раббысымен құпия сырласады. Оған төмендеп иіледі, нығметтеріне шүкір етеді. Бұл байланыстан рухани қуат алады. Аллаһ тағала айтқандай:

﴿قَدْ أَفْلَحَ الْمُؤْمِنُونَ الَّذِينَ هُمْ فِي صَلَاتِهِمْ خَاشِعُونَ﴾

«Мүміндер құтылды (1). Олар намаздарында бойұсынып (төмендеп) тұрады (2)»².

Намаз мұсылманды дүниенің бітпейтін әуреліктерінен босатып, жанына тыныштық әкеледі. Жанды нәпсінің қалауынан азат етіп, жүрегін нұрландырады. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай дейді:

﴿اتْلُ مَا أُوحِيَ إِلَيْكَ مِنَ الْكِتَابِ وَأَقِمِ الصَّلَاةَ إِنَّ الصَّلَاةَ تَنْهَى عَنِ الْفَحْشَاءِ وَالْمُنْكَرِ﴾

«Кітаптан өзіне уахи етілгенін оқы және намазға тұр. Негізінде, намаз арсыздық пен жамандықтан қайтарады...»³ дейді.

Сонымен қатар намаз мұсылманның өмірін жүйелейді. Ерте тұруға үйретіп, отбасы мен тірлігіне береке әкеледі. Және оның бойына келісімді орындау, уәдеде тұру секілді мақтаулы қасиеттерді егеді.

Намаз қашан парыз болды?

Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (саллаллаһу алайһи уа саллам) елшілік міндеті Қасиетті Меккеде басталған соң, намаз, әуелгі кезде күн шығардан бұрын екі рәкат және күн батардан кейін екі рәкат етіп оқылатындай бейнеде парыз етілді. Кейін Исра мен Миғраж оқиғасында бес уақыт намаз түрінде парыз етілді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(فرض الله على أمتي ليلة الإسراء خمسين صلاة فلم أزل أراجعه و أسأله التخفيف حتى جعلها خمسا في كل يوم و ليلة)

«Аллаһ менің үмметіме Исра түні елу намазды парыз етті. Мен Одан жеңілдетуін қайта-қайта сұрап қоймадым. Сонда бір тәулікте оқылатын намаз санын бесеу қылды»⁴.

Бұл Хижрадан бір жарым жыл бұрын рамазан айының 17-ші жұлдызында болды. Кейбір ғалымдардың көзқарысында режеп айының 27-ші жұлдызында парыз етілді. Көпшілік екінші көзқарасты ұстанады.

Бастапқы кезде ақшам намазынан басқасы екі рәкат болып парыз етілді. Кейін жолаушы үшін сол бетінде қалдырылып, тұрғылықты адам үшін бесін, екінді және құптан намаздарына тағы екі рәкаттан қосылды.

Түйін: Бес уақыт намазды атқару әр мұсылман үшін парыз айн. Бұл дегеніміз - әркім өзі атқармайынша парыз мүлде мойнынан түспейді және Қиямет күні жазаға бұйырылады. Намаздың парыздығы кәмелетке толған, ақыл-есі дұрыс мұсылманның мойнынан мейлі тұрғылықты, мейлі жолаушы, мейлі науқас, мейлі үйде не жұмыста болсын, өле-өлгенше түспейді. Алайда жолаушы мен науқастың намазына қатысты арнайы үкімдер бар. Оған кейінірек келеміз.

Намазды парыз ететін шарттар

1. Мұсылман болу.

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² «Мүминун» сүресі: 1,2

³ «Ғанкабут» сүресі: 45

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

2. Кәмелетке толу. Шариғат талабы бойынша бала жеті жасынан бастап намаз оқуға бұйырылады. Оң жасқа толғанда оқымаған намазы үшін таяқталады. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(مرؤا أولادكم بالصلاة وهم أبناء سبع سنين واضربوهم عليها وهم أبناء عشر وفرقوا بينهم في المضاجع)

«Балаларыңа намазды жеті жастарыңда бұйырыңдар және он жастарыңда намаз үшін таяқтаңдар. Сондай-ақ оларды (бұл жаста) бөлек жатқызыңдар!»¹.

Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿وَأْمُرْ أَهْلَكَ بِالصَّلَاةِ وَاصْطَبِرْ عَلَيْهَا﴾

«Отбасыңа намаз (оқуларың) бұйыр! Әрі өзің де оған сабыр ет!»².

3. Ақыл-есі дұрыс болу. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(رفع القلم عن ثلاثة، عن النائم حتى يستيقظ، وعن الصبي حتى يحتلم، وعن المجنون حتى يعقل)

«Қалам үш адамның амалын жазбайды: ұйқыдағы адам, оянғанша; сәби, кәмелетке толмайынша; жын ұрған кісі, есі оралмайынша»³.

Намаз тастаған адамның үкімі

Негізінде намаз кәмелетке толған, ақыл-есі дұрыс әр мұсылманның парызы. Намаз тастаушы дегеніміз - иманның ақиқатын танып және намазды атқарып жүріп, саналы түрде тастаған кісі. Мұндай кісіге қатысты үкім үшеу:

1. Егер ол намазды тастауымен қатар оның парыздығын теріске шығарса, діннен шығады.
2. Егер ол намазды жалқауланып, құмарлығы жеңіп тастаса, пасық болады.
3. Егер ол намазды уақытында оқымаса, күнәқар болады.

«Ал-фиқһ ал-ислами уа адиллатуһу» кітабында доктор Уаһба Аз-Захили былай дейді: «Лә иләһә иллаллаһу» деуімен кісі мұсылман болады. Күнәләрінің кесірініен от азабына душар болғанымен, онда мәңгі қалмайды. Мұны пайымдайтын көптеген кесімді дәлелдер бар. Егер ол намазды жалқауланып немесе құмарына жеңіліп тастаса, кәпір болмайды. Бірақ тозақта жазалану мерзімін өтейді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(من قال لا إله إلا الله وكفر بما يعبد من دون الله حرم ماله ودمه و حسابه على الله)

Кім: «Лә иләһә иллаллаһу»-десе және Аллаһтан басқа пұттарды теріске шығарса, малы мен қанына қол сұғылмайды және оны Аллаһ Өзі есептейді⁴.

Тағы бір хадисте:

(يخرج من النار من قال لا إله إلا الله و في قلبه وزن شعيرة من خير. و يخرج من النار من قال لا إله إلا الله و في قلبه وزن برة من خير. يخرج من النار من قال لا إله إلا الله و في قلبه مثقال ذرة من خير)

«Лә иләһә иллаллаһу»-деген кісі жүрегінде арпа салмағындай жақсылық болса, оттан шығады. «Лә иләһә иллаллаһу»-деген кісі жүрегінде бидай салмағындай жақсылық болса, оттан шығады. «Лә иләһә иллаллаһу»-деген кісі жүрегінде тозаң салмағындай жақсылық болса, оттан шығады⁵.

Әбу Һурайрадан, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

¹ Ахмад, Әбу Дәуд, Ал-Хаким және Ат-Тирмизи жеткізді

² «Таһә» сүресі: 132

³ Әбу Дәуд жеткізді

⁴ Мүслім жеткізді

⁵ Әл-Бұхари жеткізді

(إن أول ما يحاسب به العبد يوم القيامة: الصلاة المكتوبة فإن أتمها و إلا قيل: انظروا هل له من تطوع؟ فإن كان له تطوع أكملت الفريضة من تطوعه ثم يفعل بسائر الأعمال المفروضة مثل ذلك)

«Қиямет күні құл, ең алдымен парыз намаз үшін сұралады, егер оны толық атқарған болса. Әйтпесе, қосымша намаздары барма екен, қараңдар,-делінеді. Нәпіл намаздары бар болса, кем парыздарының орны нәпілімен толықтырылады. Кейін басқа да парыз амалдарымен осылай етіледі»¹.

Ғибада ибн Ас-Самит, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбарымыздың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(خمس صلوات كتبهن الله على العباد من أتى بهن لم يضيع منهن شيئاً استخفافاً بحقهن كان له عند الله عهد أن يدخله الجنة و من لم يأت بهن فليس له عند الله عهد إن شاء عذبه و إن شاء غفر له)

«Аллаһ *тағала* құлдарына бес намазды парыз етті. Кім олардың қақына жеңіл қарамай, ешнәрсесін жоймаған түрде келсе, Аллаһтың қасында оны жәннатқа кіргізетін серт бар. Ал кім оларсыз (парыз намаздарынсыз) келсе, Аллаһтың қасында оны құтқаратын ешқандай серт жоқ. Қаласа, оны азаптайды. Қаласа, оны кешіреді»².

Намаз уақыттары

Мұсылман Аллаһ тағалаға жақындауы үшін бес уақыт парыз намаздай құлшылықты қанша іздесе таппайды. Әркімнің қаншалықты иман келтіргендігі өзіне намаз уақыты кіргенде белгілі болады. Аллаһ тағала парыз намаздарының күнделікті атқарылуына себеп болатын уақыттарды белгіледі. Әр намаз үшін кірер уақыты мен шығар уақыты белгіленген. Намаз уақыты деп, оның кірер уақыты мен шығар уақытының аралығын айтады. Намаз осы аралықта оқылса, атқарылған болады. Бұл аралықтан кешіктіру күнә және ол өткізіп алынған намаз саналады. Оның қазасының өтелуі - парыз.

Уақыттың кіруі намаздың атқарылуына шарт. Намазды уақыты кірмей атқару дұрыс емес. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай дейді:

﴿إِنَّ الصَّلَاةَ كَانَتْ عَلَى الْمُؤْمِنِينَ كِتَابًا مَّوْقُوتًا﴾

«..Расында, намаз иман келтіргендерге белгілі уақыттарда парыз етілді»³.

Жәбир ибн Абдулла, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) Жебрейіл (алайһи ас-салам) келіп: «**Тұр және оны оқы!**»-деді. Ол бесін намазын күн аспан биігінен шалқайғанда оқыды. Кейін екінді уақытында келіп: «**Тұр және оны оқы!**»-деді. Ол екінді намазын әр нәрсе өзінің көлеңкесіндей болғанда оқыды. Кейін ақшам уақытында келіп: «**Тұр және оны оқы!**»-деді. Ол ақшамды күн батқанда оқыды. Кейін құптан уақытында келіп: «**Тұр және оны оқы!**»-деді. Ол құптанды шапақ кеткенде оқыды. Кейін таң намазы уақытында келіп: «**Тұр және оны оқы!**»-деді. Ол таң намазын таң атқанда оқыды. Сосын ертеңіне Жебрейіл (алайһи ас-салам) оған бесін уақытында тағы келіп: «**Тұр және оны оқы!**»-деді. Ол бесінді әр нәрсенің көлеңкесі өзіндей болып екіндіге таяғанда оқыды. Кейін екінді уақытында келіп: «**Тұр және оны оқы!**»-деді. Ол екіндіні әр нәрсенің көлеңкесі өзіндей екеу болғанда оқыды. Кейін ақшам уақытында келіп, ақшамды баяғы уақытында оқыды. Кейін құптан үшін түн жарымда немесе түннің үшінші бөлігі өткенде келіп, *пайғамбар(саллаллаһу алайһи уа саллам)*құптанды оқыды. Кейін таң намазы үшін ағараңда келіп: «**Тұр және оны оқы!**»-деді. Ол таң намазын оқыды. Кейін Жебрейіл (алайһи ас-салам) оған: «**Кешегі мен бүгінгі осы екі уақыт аралығы - намаз уақыты**»-деді⁴.

Бесін намазының уақыты

¹ Ат-Тирмизи жеткізді

² Ахмад, Әбу Дәуд және Ан-Насаи жеткізді

³ «Ниса» сүресі: 103

⁴ Ахмад және Ан-Насаи жеткізді

Уақыты күн аспан биігінен еңкейген кезде кіреді және әр нәрсенің көлеңкесі өзіндей болған кезде шығады. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай дейді:

﴿ أَقِمِ الصَّلَاةَ لِذُلُوكِ الشَّمْسِ ﴾

«Күн аспан биігінен еңкейгенде намаз оқы..»¹.

Бесін намазын ыстық күні біраз кешіктірген абзал. Әбу Саъид Ал-Хұдри, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(أبردوا بالظهر فإن شدة الحر من فيح جهنم)

«Бесінді ыстық қайтқанда оқыңдар. Расында, қатты ыстық - жәһәннамның бұрқылдап қайнауынан»².

Ал салқын күндері, әсіресе, қыста және көктемде бесін намазын әуелгі уақытында оқуға асыққан ұнамды. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(ما رأيت أحداً كان أشد تعجلاً للظهر من رسول الله صلى الله عليه وسلم)

«Бесін намазына Аллаһтың елшісінен (саллаллаһу алайһи уа саллам) қаттырақ асыққан ешкімді көрмедім..»³.

Екінді намазының уақыты

Уақыты әр нәрсенің көлеңкесі өзіндей болғанда кіреді және күн батпай шығады. Жазда да, қыста да кешіктіріп оқу ұнамды. Әли ибн Шайбан, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(قدمنا على رسول الله صلى الله عليه وسلم المدينة فكان يؤخر العصر ما دامت الشمس بيضاء نقية)

«Біз Мәдинаға Аллаһтың елшісіне (саллаллаһу алайһи уа саллам) келгенде екінді намазын күн айнадай аппақ болғанда оқитын»⁴.

Алайда, екіндіні күн сарғайғанша кешіктіріп оқу мәкруһ тахриман, тіпті, жолаушы мен науқасқа да. Абдулла ибн Тамру ибн әл-Бас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(وقت العصر ما لم تصفر الشمس)

«Екіндінің уақыты күн сарғаймайынша шықпайды»⁵.

Екінді намазын күн сарғайғанша кешіктіріп оқу - мұнапықтардың сипатынан. Анас ибн Мәлик, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін естідім:

(تلك صلاة المنافقين، تلك صلاة المنافقين، تلك صلاة المنافقين، يجلس أحدهم حتى إذا اصفرت الشمس فكانت بين قرني

شيطان أو على قرني شيطان قام فنقر أربعاً لا يذكر الله فيها إلا قليلاً)

«Ол - мұнапықтардың намазы ғой. Ол - мұнапықтардың намазы ғой. Ол - мұнапықтардың намазы ғой. Олардан әркім күн сарғайғанша отырады. Бұл уақытта күн шайтанның екі мүйізінің арасында немесе екі мүйізінің үстінде болады. Сосын ол төрт рәкатті жер шұқығандай оқып, Аллаһты аз еске алады»⁶.

Бұлтты күндері екінді намазын ертерек оқыған ұнамды. Барида әл-Әслами, Аллаһ тағала оған разы болсын, айтады: Пайғамбармен (саллаллаһу алайһи уа саллам) бірге бір шайқаста болғанда ол бізге былай деді:

(بكرروا بالصلاة في اليوم الغيم فإنه من فاتته صلاة العصر حبط عمله)

¹ «Исра» сүресі: 78

² Әл-Бұхари жеткізді

³ Ат-Тирмизи жеткізді

⁴ Әбу Дәуд жеткізді

⁵ Мүслім жеткізді

⁶ Әбу Дәуд жеткізді

«Бұлтты күні намазды ертерек оқындар! Өйткені екінді намазын өткізген кісінің амалы зая кетеді»¹.

Ақшам намазының уақыты

Уақыты күн батқанда кіреді және шапақтың жоғалуымен шығады. Абдулла ибн Ғамру ибн әл-Ғас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(وقت صلاة المغرب ما لم يغيب الشفق)

«Ақшамның уақыты шапақ кетпейінше *шықпайды*»².

Ақшам намазын күн батқанда кешіктірмей тездетіп оқу ұнамды. Ғукба ибн Ғамир, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(لا تزال أمتي بخير – أو على الفطرة – ما لم يؤخروا المغرب إلى أن تشتبك النجوم)

«Үмметімнен жақсылық кетпес үшін - немесе осы дінде жалғаса беруі үшін - ақшам намазын жұлдыздар шоғырланатын уақытқа кешіктірмеуі қажет»³.

Жолаушыға, науқасқа және дайын астан ауыз тигісі келген кісіге ақшам намазын аз уақыт кешіктіруіне болады.

Құптан намазының уақыты

Уақыты қызыл шапақтың кетуімен кіреді және таң атудан бұрын шығады.

Абдулла ибн Ғамру ибн әл-Ғас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(وقت صلاة العشاء إلى نصف الليل)

«Құптанның уақыты түн жарым болмайынша *шықпайды*»⁴.

Осы хадистің негізінде құптан намазын түн ортасынан кешіктіріп оқу мәкруһ.

Үтір намазының уақыты

Үтір намазын жатар алдында оқыған абзал. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أوصاني خليلي بثلاث: صيام ثلاث أيام من كل شهر، وركعتي الضحى، وأن أوتر قبل أن أنام)

«Сүйікті *пайғамбарым* (саллаллаһу алайһи уа саллам) маған үш нәрсені өсиет етті: әр айда үш күн ораза ұстауымды, екі рәкат дұха намазын оқуымды, жатар алдында үтір намазын оқуымды»⁵.

Таң намазының уақыты

Уақыты таң атумен кіреді және күн шыққанша жалғасады. Абдулла ибн Ғамру ибн әл-Ғас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(وقت صلاة الفجر ما لم يطلع قرن الشمس الأول)

«Таң намазының уақыты күн қалпағы көрінбей *шықпайды*»⁶.

¹ Ибн Мажа жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Әбу Дәуд жеткізді

⁴ Мүслім жеткізді

⁵ Әл-Бұхари жеткізді. Мүслім жеткізген хадисте Жәбир ибн Абдулла, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(من خاف ألا يقوم آخر الليل فليوتر أوله و من طمع أن يقوم آخر الليل فليوتر آخره فإن صلاة الليل مشهودة وذلك أفضل)

«Кім түн аяғында тұра алмауынан қорықса, үтірді түннің басында оқысын. Ал кім түн аяғында тұруды қаласа, үтірді түн аяғында оқысын. Расында, түнгі намаз айғаққа не және абзалы сол».

⁶ Мүслім жеткізді

Таң намазын азаннан кейін, жер ағараңдай бастағанша азғантай кешіктірген ұнамды. Рафиь ибн Хадиж, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(أَسْفِرُوا بِالْفَجْرِ فَإِنَّهُ أَكْبَرُ لِلْأَجْرِ)

«Таң намазын жер ағараңдағанда оқындар. Мұның сауабы - өте зор»¹.

Парыз намаздарын оқуға тыйым салынатын уақыттар

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алайһи уа саллам) хадистерінде намаз оқуға тыйым салынатын уақыттар саны үш уақыт етіп белгіленген. Сондай-ақ бұл үш уақытта мәйітті де жерлеуге тыйым салынады. Олар:

1- Шығып келе жатқан күн бір немесе екі найзаның деңгейіне көтерілмейінше. Өйткені бұл уақыт аралығында күн шайтанның екі мүйізінің арасынан көтеріледі және оған кәпірлер табынады.

2- Күн аспан биігінен еңкеймейінше. Өйткені күн аспан биігінде тұрғанда тозақ жалындап, есіктері ашылады.

3- Сарғайып батып бара жатқан күн ғайып болмайынша. Бұл уақыт аралығында да күн шайтанның екі мүйізінің арасынан батады және оған кәпірлер табынады.

Буқба ибн Ғамир, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(ثَلَاثَ سَاعَاتٍ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَنْهَانَا أَنْ نَصَلِّيَ فِيهِنَّ. أَوْ أَنْ نَقْبُرَ فِيهِنَّ مَوْتَانَا: حِينَ تَطْلُعُ الشَّمْسُ بِازْغَةِ حَتَّى

تُرْتَفِعُ وَحِينَ يَقُومُ قَائِمُ الظُّهْرِ حَتَّى تَزُولَ الشَّمْسُ وَحِينَ تَتَضَيَّفُ الشَّمْسُ لَغُرُوبِ)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) үш уақытта намаз оқуымызға және мәйіттерімізді жерлеуге тыйым салды: шығып келе жатқан күн көтерілмейінше; күн аспан биігінен еңкеймейінше; батып бара жатқан күн ғайып болмайынша»².

Имам Әбу Ханифа мен Мұхаммедтің көзқарасында бұл үш уақытта басқа парыз намаздары мен уәжіп намаздарының оқылуы және өткізіп алынған намаздардың қазаларын өтеу мүлде дұрыс емес. Парыз намазын оқып тұрған кісі үш уақыттың біріне кезіксе, бірден намазы бұзылады. Мысалы, кім таң намазын оқып тұрғанда күн шықса, намазы бұзылады. Ал нәпіл намазын оқып тұрған кісі осы үш уақыттың біріне кезіксе, нәпілін жалғастыруы мәкрүһ болғанымен, оқыған намазы дұрыс саналады. Алайда мәкрүһ уақытқа кезіккен нәпіл намазды үзіп, кейін оқыған абзал.

Әбу Юсуптің көзқарасында бұл үш уақытта парыз намаздарын оқу харам емес, мәкрүһ тахриман. Сол себептен кім екіндінің бір рәкатына күн батпай үлгерсе және күн шықпай таң намазының бір рәкатына үлгерсе, екінді намазы да, таң намазы да дұрыс болады. Оның дәлелі: Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(مَنْ أَدْرَكَ مِنَ الْعَصْرِ رَكْعَةً قَبْلَ أَنْ تَغْرُبَ الشَّمْسُ فَقَدْ أَدْرَكَ. وَمَنْ أَدْرَكَ مِنَ الْفَجْرِ رَكْعَةً قَبْلَ أَنْ تَطْلُعَ الشَّمْسُ فَقَدْ أَدْرَكَ)

«Кім күн батпай екінді намазының бір рәкатына үлгерсе, екіндіге үлгерді. Кім күн шықпай таң намазының бір рәкатына үлгерсе, таң намазына үлгерді»³.

Нәпіл намаздарын оқуға мәкрүһ уақыттар

1 - Парыз намаздарын оқуға тыйым салынатын уақыттарда нәпіл намаз оқу мәруһ.

2 - Таң атқаннан күн шыққанға дейін. Бұл аралықта таң намазының сүннеті ғана оқылады. Негізінде, бұл аралық толығымен таң намазының парызына арналады. Абдулла ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(لِيَبْلَغَ شَاهِدِكُمْ غَائِبِكُمْ لَا صَلَاةَ بَعْدَ طُلُوعِ الْفَجْرِ إِلَّا رَكْعَتِي الْفَجْرِ)

¹ Ат-Тирмизи жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Мүслім жеткізді

«Мені көргендер келмегендерге жеткізсін: таң атқан соң таң намазының екі рәкат сүннетінен басқа намаз жоқ (оқылмайды)»¹.

3 - Екінді намазынан кейін күн батқанша нәпіл намаз оқу мәкрүһ. Сол себептен бұл аралықта кісі өткізіп алған намаздардың қазаларын өтесе, жаназа намазын оқыса, тиләуат сәждесін жасаса, бұл амалдары бұзылмайды. Әбу Саъид Ал-Хұдри, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(لا صلاة بعد صلاة العصر حتى تغرب الشمس ولا صلاة بعد صلاة الفجر حتى تطلع الشمس)

«Екінді намазынан кейін күн батқанша ешқандай намаз оқылмайды және таң намазынан кейін күн шыққанша ешқандай намаз оқылмайды»².

Сол сияқты таң намазынан кейін күн бір не екі найза деңгейіне көтерілмей нәпіл намаз оқу мәкрүһ тахриман.

4 - Ақшам намазының алдында нәпіл оқу мәкрүһ. Бұл ақшам намазын әуелгі уақытынан кешіктірмес үшін. Абдулла ибн Барид, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(إن عند كل أذانين ركعتين ما خلا المغرب)

«Ақшам намазын қоспағанда, басқа парыз намаздарының алдында азан мен қаматтың арасында екі рәкат нәпіл бар (оқуға болады)»³.

5 - Жұма және айт күндері имам мінбеге көтеріліп, құтпа айтқанда нәпіл оқу мәкрүһ. Ханафи мен мәлики мәһаптарында имам құтпа айтып тұрғанда мешітке кірген кісінің мүлдем нәпіл намаз оқуына болмайды. Олардың дәлелі: Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(إذا قلت لصاحبك يوم الجمعة: أنصت، و الإمام يخطب فقد لغوت)

«Жұма күні имам хұтба айтып тұрғанда қасындағы кісіге: Сөйлемей, тыныш отыр!-деуің бос сөз(ге жатады)»⁴.

6 - Парыз намазына қамат айтылғанда нәпіл оқу мәкрүһ. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(إذا أقيمت الصلاة فلا صلاة إلا المكتوبة)

«Намазға қамат айтылған кезде парыздан басқасы оқылмайды»⁵.

Таң намазын оқуға мешітке кіргенде қамат айтылып жатса, екі рәкат сүннетін тездетіп оқып, парыз намазына қосылады. Айша анамыздан, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(ركعتا الفجر خير من الدنيا وما فيها)

«Таң намазының екі рәкат сүннеті дүние мен ондағы нәрселерден қайырлы»⁶.

Жамағат намазын өткізіп алудан қорықса, имамға бірден еріп, сүннетті оқымайды. Өйткені нәпіл парыздың мәртебесіне жетпейді.

7 - Айт намазынан бұрын мейлі үйде болсын, мейлі мешітте болсын. Әбу Саъид әл-Хұдри, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان النبي صلى الله عليه وسلم لا يصلي قبل العيد شيئا فإذا رجع إلى منزله صلى ركعتين)

¹ Әл-Байһақи жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Әл-Байһақи жеткізді

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

⁵ Мүслім жеткізді

⁶ Мүслім жеткізді

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) айт намазының алдында ешқандай намаз оқымайтын. Үйіне келгенде екі рәкат намаз оқитын»⁷.

8 - Арафа мен Мүздәлифада қосып оқылатын екі намаздың арасында нәпіл оқу мәкрүһ. Жаъфар ибн Мұхаммад, Аллаһ тағала оған разы болсын, әкесінен жеткізді деді:

(أن النبي صلى الله عليه وسلم صلى الظهر والعصر بأذان واحد بعرفة ولم يسبح بينهما وإقامتين، وصلى المغرب والعشاء بجمع بأذان واحد وإقامتين ولم يسبح بينهما)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) Арафада бір азанмен және екі қаматпен бесін мен екіндіні қосып оқыды. Екеуінің арасында нәпіл оқымады. Ал Мүздәлифада бір азанмен және бір қаматпен ақшам мен құптанды қосып оқыды. Бұл екеуінің арасында да нәпіл оқымады»².

Өткізіп алынған намаздардың қазасын өтеу

Парыз намазын уақытында оқуды «атқару» дейді. Ханафи мен ханбали мәзһаптарында белгіленген уақыты шықпаған намаздың бір бөлігіне үлгерген кісі намазды атқарған болады, мейлі үзірмен, мейлі үзірсіз кешіктірсе де. Имам сәлем бергенде ол қиямға тұрып үлгермеген рәкаттарын толықтырады. Айша анамыздан, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(من أدرك سجدة من العصر قبل أن تغرب الشمس أو من الصبح قبل أن تطلع الشمس فقد أدركها)

«Кім күн батпай екіндінің (соңғы рәкәтінің) бір сәждесіне үлгерсе немесе күн шықпай таң намазының (соңғы рәкәтінің) бір сәждесіне үлгерсе, атқаруға үлгерді»³. Әл-Бұхари жеткізген тура осындай хадистің соңында:

(فليتيم صلاته)

«Сосын намазын толықтырсын»-делінген.

Мағлұмат: Шафиғи мен мәлики мәзһаптарында «намазды атқару» үшін намаз уақыты шықпастан міндетті түрде соңғы рәкатқа толық үлгеру қажет.

Қайсыбір парыз намаз атқарылуы кезінде бұзылса, оны «қайта оқу» парыз болады. Маъбад, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) жамағатпен намаз оқып тұрады. Соқыр кісі мешітке кіргенінде кішкене шұңқырға сүрініп құлап қалады. Мұны сезіп қалған адамдар намаз үстінде қарқылдап күліп жібереді. Намаздан кейін пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дейді:

(من كان منكم فليعد الوضوء والصلاة)

«Сендерден кім қарқылдап күлсе, дәретін қайта алып, намазын қайта оқысын»⁴.

Парыз намазын уақыты шыққанда оқуды «қазасын өтеу» дейді. Қазасы өтелуімен сол намаз мойыннан түседі. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(من نام عن صلاة أو نسيها فليصلها إذا ذكرها لا كفارة لها إلا ذلك)

«Кім намазды ұйықтап қалса немесе ұмытып кетсе, есіне түскенде оқысын! Өйткені оның кінәсі басқа жолмен өтелмейді»⁵.

Негізінде, «намазды әрдайым уақытынан кешіктіру» күнәсі тәубасыз кешірілмейді. Өйткені шариғатта «намазды уақытынан кешіктіру» - үлкен күнә.

⁷ Ат-Тирмизи жеткізді

² Әбу Дәуд жеткізді

³ Мүслім, Ахмад, Ан-Насаи және Ибн Мажа жеткізді

⁴ Ад-Даракутни жеткізді

⁵ Әл-Бұхари жеткізді

Таң намазын өткізіп алған кісі оның қазасын күн бір немесе екі найза деңгейіне көтерілгенде өтейді. Кейін сүннетінің қазасын өтейді. Таң намазының қазасын бесін намазы кіргенде өтесе, сүннетінің қазасы өтелмейді. Бесіннің парызын оқып тұрған жамағатқа қосылған кісі парыз алдындағы сүннеттің қазасын парыздан кейін өтейді. Бесіннің уақыты шығып кетсе, бұл сүннеттің қазасы өтелмейді.

Намаздың қазасы қалай өтеледі?

Намаздың қазасы намаздың негізгі сипатына сай толығымен өтеледі. Тұрғылықты кісі бесін намазын өткізіп алса, қазасын төрт рәкат етіп, толығымен өтейді. Жолаушы кісінің қаза намазы қысқартылған бейнеде болса, екі рәкат етіп өтейді. Қирағатқа келсек, дауыстап оқылатын намаз дауыстап, ішінен оқылатыны ішінен оқылып өтеледі. Дауыстап оқылатын намаз жамағатпен өтелсе, имам дауыстап оқып өтейді. Жалғыз өтеуші дауыстап оқи ма, әлде ішінен оқи ма, өз ықтияры біледі.

Негізінде, өткізіп алынған намаздар реттік тәртіппен өтеледі. Абдулла ибн Масъуд, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(إن المشركين شغلوا رسول الله صلى الله عليه وسلم عن أربع صلوات يوم الخندق حتى ذهب من الليل ما شاء الله، فأمر بلالاً فأذن، ثم أقام فصلى الظهر، ثم أقام فصلى العصر، ثم أقام فصلى المغرب، ثم أقام فصلى العشاء)

«Хандақ күні мүшріктер Аллаһтың елшісін (саллаллаһу алайһи уа саллам) төрт намаздан алаңдатып, Аллаһтың қалауымен түннің біраз бөлігі өтеді. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Биләлға азан айтуын бұйырады. Ол азан айтады. Кейін қамат айтылып, бесін намазын оқиды. Кейін қамат айтылып, екіндіні оқиды. Кейін қамат айтылып, ақшамды оқиды. Кейін қамат айтылып, құптанды оқиды»¹.

Кім бір намазды қаза етіп, келесі намаздың уақыты кіргенше қазасын өтемесе, алдымен, қаза намазын өтейді. Сосын уақыты кірген намазды атқарады. Мысалы: бесін намазы қаза болып, екінді намазының уақыты кірсе, алдымен, бесіннің қазасы өтеледі. Кейін екінді оқылады. Ал екіндінің уақыты шығуға таяса, қаза болмас үшін, алдымен екіндіні атқарады. Сосын бесіннің қазасын өтейді.

Реттік тәртіп қадағаланбайтын жағдайлар

1. Уақыттың аздығы. Мысалы: Екіндінің уақыты шығып бара жатса, алдымен, екінді оқылады. Кейін бесіннің қазасы өтеледі.

2. Ұмытса. Мысалы: Екінді намазы оқылды. Сосын бесінді қаза еткені еске түсті. Бесіннің қазасын өтейді және екіндіні қайта оқымайды. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(إن الله وضع عن أمتي الخطأ والنسيان وما استكروها عليه)

«Расында, Аллаһ тағала үмметімді қателесіп істеген, ұмытып істеген және мәжбүрленіп істеген ісі үшін жазаға бұйырмайды»².

3. Қаза намаздардың саны алтау болса.

Өткізіп алынған намаздың қазасын өтеудің үкімі қандай?

1 - Фикһ ғұламаларының көпшілігі уәжіп дейді. Мұсылман өткізіп алған парыз намаздарының қазасын ғұмырының кез келген уақытында өтеуіне болады.

2- Имам Әбу Ханифа мен Әбу Юсуптің пәтуәсінде өткізіп алған намаздың қазасы дереу өтелуі уәжіп. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(من نام عن صلاة أو نسيها فليصلها إذا ذكرها لا كفارة لها إلا ذلك)

«Кім намазды ұйықтап қалса немесе ұмытып кетсе, есіне түскенде оқысын! Өйткені оның кінәсі басқа жолмен өтелмейді»³.

3 - Хайыз бен нифас кезінде намаз әйел кісінің мойнынан түседі және қазасы өтелмейді.

¹ Ат-Тирмизи жеткізді

² Ибн Мажә жеткізді

³ Әл-Бұхари жеткізді

Сол секілді кім бес намаздың уақыты шыққанша есі ауысқан немесе есінен танған жағдайда болса, бұл бес намаз мойнынан түседі және қазасы өтелмейді. Ал бұдан аз уақытта немесе бесінші намаздың уақыты шықпай сауықса, қазаларын өтейді.

Екінші бөлім: Азан мен қамат

"الأذان" - «азан» сөзінің тілдік мағынасы: хабарлау. Шарифаттағы мағынасы: парыз намаздың уақыты кіргенін білдіруге арналған зікір.

"الإقامة" - «қамат» сөзінің шарифаттағы мағынасы: парыз намазын атқаруға келген мұсылмандарды намазға тұрғызуға арналған зікір.

Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай дейді:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِذَا نُودِيَ لِلصَّلَاةِ مِنْ يَوْمِ الْجُمُعَةِ فَاسْعَوْا إِلَىٰ ذِكْرِ اللَّهِ وَذَرُوا الْبَيْعَ ذَلِكُمْ خَيْرٌ لَكُمْ إِنْ كُنْتُمْ تَعْلَمُونَ﴾

«Әй иман келтіргендер, жұма күні намазға шақырылғанда Аллаһты еске алуға асығындар және (намаз ақталғанда)сауданы қоя тұрындар. Егер білсендер, бұл өздерің үшін жақсы»¹.

Мәлик ибн ал-Хуайрис, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(فإذا حضرت الصلاة فليؤذن لكم أحدكم وليؤمكم أكبركم)

«Намаз уақыты кіргенде біреуің азан шақырсын және үлкендерің имам болсын!»².

Азанның пайда болу тарихы

Абдулла ибн Зайд, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) мұсылмандарды намазға жинау үшін даңғыраға ұруға бұйырғанда мен түс көрдім. Түсімде мені қолында даңғырасы бар бір адам айналып жүреді. Мен оған: «Әй Аллаһтың құлы, даңғыраны маған сатасың ба?»-дедім. Ол: «Онымен не істейсің?»-деп сұрады. Мен: «Онымен адамдарды намазға шақырамын»-дедім. Ол: «Саған одан жақсы нәрсені көрсетейін бе?»-деді. Мен: «Әрине!»-дедім. Ол: «Былай шақыр!»-деді:

الله أكبر الله أكبر
الله أكبر الله أكبر
أشهد أن لا إله إلا الله
أشهد أن لا إله إلا الله
أشهد أن محمداً رسول الله
أشهد أن محمداً رسول الله
حي على الصلاة، حي على الصلاة
حي على الفلاح، حي على الفلاح
الله أكبر الله أكبر
لا إله إلا الله

Кейін менен көп алыстамай: «Намазға тұрғанда былай айт»-деді:

¹ «Жұма» сүресі: 9

² Әл-Бұхари жеткізді

الله أكبر الله أكبر
 أشهد أن لا إله إلا الله
 أشهد أن محمداً رسول الله
 حي على الصلاة
 حي على الفلاح
 قد قامت الصلاة
 قد قامت الصلاة
 الله أكبر الله أكبر
 لا إله إلا الله

Таңертең Аллаһтың елшісіне (саллаллаһу алайһи уа саллам) барып, түсімді айтып бердім. Ол: «Аллаһ қаласа, әлбетте, бұл - шынайы түс. Биләлмен қатар тұрып, оған көргеніңді айтып бер. Ол мұнымен адамдарды шақырсын. Өйткені, саған қарағанда Биләлдің даусы қаттырақ»-деді. Мен Биләлмен қатар тұрып, оған түсімдегі сөздерді айта бастадым. Ол азан шақыра бастады. Омар ибн ал-Хаттаб, Аллаһ тағала оған разы болсын, азанды естігенде үйінен жүгіріп шықты. Көйлегін жолшыбай киініп: «Әй Аллаһтың елшісі! Сені ақиқатпен жіберген Аллаһ тағаламен ант етемін! Оның көргенін мен де көрдім»-деп дауыстады. Аллаһтың елшісі: «Аллаһқа мақтау!»-деді¹.

Азан мен азаншының беделіне сілтейтін хадистер өте көп. Солардың екеуіне тоқталайық: Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(لو يعلم الناس ما في النداء والصف والأول ثم لم يجدوا إلا أن يستتبعوا عليه لاستتبعوا)

«Адамдар азан мен бірінші сапта не (қандай жақсылықтың) бар екенін білсе, бұл екеуін өзара бөлісіп алудан басқа шара таппай, барлығы оған ортақ болар еді...»².

Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(الإمام ضامن والمؤذن مؤتمن، اللهم أرشد الأئمة واغفر للمؤذنين)

«Имам - (имамдық жауапкершілігін өз міндетіне алған) кепілші. Азаншы - (намаз уақытын күзетуді жауапкершілікке алған) уәкіл. Аллаһым! Имамдарды жолға қой және азаншыларды кешіре гөр»³.

Бұл хадистен шығатын тұжырым: имам мен азаншы - мұсылмандар сенім артатын тұлғалар. Имам намаздың дұрыстығына, азаншы уақыттың дұрыстығына жауап береді.

Азан мен қаматтың үкімі

Азан мен қамат - исламдағы намазға үндеу рәсімі. Екеуінің де үкімі - бекітілген сүннет. Азан мен қамат жамағатқа да, жалғыз оқушыға да сүннет. Тукба ибн Ғамир, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(يعجب ربكم من راعي غنم في رأس شظية بجبل يؤذن بالصلاة ويصلي، فيقول الله عز وجل: انظروا إلى عبدي هذا يؤذن ويقيم الصلاة، يخاف مني، قد غفرت لعبدي، وأدخلته الجنة)

Тау етегінде қой бағушы кісінің азан шақырып, намаз оқығанына Раббыларың риза болады. Сонда Үстем және Ұлы Аллаһ былай дейді: «Мына құлыма қараңдар! Азан шақырып, намазға тұрады, сондай-ақ Менен қорқады. Мен бұл құлымның күнәлерін кешірдім және оны жәннатқа кіргіздім»⁴.

¹ Әбу Дәуд жеткізді

² Әл-Бұхари жеткізді.

³ Әбу Дәуд жеткізді

⁴ Әбу Дәуд жеткізді

Әбу Саьид Ал-Хұдри, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(إذا كنت في غمك أو باديته فأذنت بالصلاة فارفع صوتك بالنداء فإنه لا يسمع صوت المؤذن جن ولا إنس ولا شيء إلا شهد له يوم القيامة)

«Қойға шыққаныңда немесе ен далада болғаныңда намазға азан шақырсаң, даусыңды көтеріп шақыр! Өйткені, азаншының даусын естіген әрбір жын, әрбір адам, әрбір зат, әлбетте, Қиямет күні оған куә болады»¹.

Азан мен қамат парыз намаздары мен жұма намазы үшін, сондай-ақ қаза намаздар үшін айтылуы бекітілген сүннет. Ал нәпіл намаздарына айтылмайды. Айт намазына, «күн тұтылу» намазына, «жаңбыр тілеу» намазына, тарауих пен жаназа намаздарына «ас-солату жамиъа» деп шақырады. Абдулла ибн Ғамру, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(لما انكسفت الشمس على عهد رسول الله صلى الله عليه وسلم نودي: الصلاة جامعة)

«Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) заманында күн тұтылғанда (күн тұтылу намазына) «ас-солату жамиъа» деп дауысталды².

Азан мен қамат басқаларды шақыру үшін дауыстап айтылатындықтан, әйел кісіге оны айтуға болмайды. Өйткені әйел кісі шарифат әдебіне сай даусын жасыруы қажет.

Азан мен қаматтың сөздері

1 - "الله أكبر" сөзі төрт мәрте айтылады және "ر" әрпі суқунмен оқылуы қажет.

2 - Куәлік сөздері екі мәртеден және үзіліспен айтылады:

أشهد أن لا إله إلا الله أشهد أن لا إله إلا الله أشهد أن لا إله إلا الله أشهد أن لا إله إلا الله أشهد أن لا إله إلا الله أشهد أن لا إله إلا الله

3 - Екі мәрте "حي على الصلاة" және екі мәрте "حي على الفلاح" сөздері айтылады.

4 - Кейін екі мәрте "الله أكبر" және бір мәрте "لا إله إلا الله" сөздері айтылады.

5 - Таң намазында "الصلاة خير من النوم" сөздерінен кейін "حي على الفلاح" сөздерінен кейін "حي على الفلاح" сөздері екі мәрте айтылады.

6 - Қамат сөздері азанға ұқсайды. Парқы "حي على الفلاح" сөзінен кейін "قد قامت الصلاة" сөзі екі мәрте айтылады.

Азан мен қаматтың шарттары

1 - Намаз уақытының кіруі. Өйткені азан намаз уақытының кіргендігін жариялайды. Уақыт кірмей азан шақыру дұрыс емес. Ал қамат сап түзетіп, намаздың басталуын білдіреді.

2 - Араб тілінде айтылуы.

3 - Сөздер арасына ұзақ үзіліс жасамау және реттік тәртіппен айту.

4 - Жамағаттан біраз адамның естуі.

5 - Азаншының ақыл-есі дұрыс, мұсылман, ер адам болуы. Кәпір мен жындыға азан шақырту дұрыс емес. Пасық адамның азан шақыруы мәкруһ тахриман.

Азан мен қаматтың сүннеттері

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

1 - Азаншы сүннет пен намаз уақыттарын жетік білетін саликалы және адал болуы қажет. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ليؤذن لكم خياركم وليؤمكم قراؤكم)

«Азанды жақсыларың шақырсын және құранды көп білетіндерің имам болсын!»¹.

2 - Дәретті болу. Өйткені азан намазбен байланысты зікір. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لا يؤذن إلا متوضئ)

«Азанды дәретті кісі айтады»².

3 - Тұрып айту. Абдулла ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(يا بلال قم فناد بالصلاة)

«Әй Биләл, тұрып, намазға шақыр»³.

4 - Құбыла жаққа бағытталу. "حي على الصلاة" және "حي على الفلاح" сөздерінде жүзді оңға және солға бұру. Бірақ дене қозғалмайды. Әбу Жухайфа, Аллаһ тағала оған разы болсын, айтады:

(رأيت بلالاً يؤذن ويدور ويبتع فاه ههنا وههنا، وإصبعاه في أذنيه)

«Биләлдің азан шақырғанын көргенімде ол жүзін оңға және солға бұратын.... Сондай-ақ екі саусағын екі құлағына кіргізетін»⁴.

5 - Екі саусақты екі құлаққа кіргізу. Әбу Жухайфа, Аллаһ тағала оған разы болсын, айтады:

(رأيت بلالاً يؤذن ويدور ويبتع فاه ههنا وههنا، وإصبعاه في أذنيه)

«Биләлдің азан шақырғанын көргенімде ол жүзін оңға және солға бұратын.... Сондай-ақ екі саусағын екі құлағына кіргізетін»⁵.

6 - Азанның әрбір екі сөзінің арасына үзіліс жасау және қаматты тез айту. Жәбир ибн Абдулла, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) Биләлға, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай дегенін жеткізді:

(يا بلال إذا أذنت فترسل في أذانك، وإذا أقمت فاحذر)

«Әй Биләл, азан шақырғанда әрбір екі сөздің арасына үзіліс жаса. Ал қаматты тездетіп айт»⁶.

7 - Азаншы даусының жақсы және қатты болуы. Абдалла ибн Зайд, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(فقم مع بلال فألق عليه ما رأيت فليؤذن به فإنه أمدى صوتاً منك)

«..Биләлмен қатар тұрып, оған түсіндегі сөздерді айтып бер. Ол онымен адамдарды шақырсын. Өйткені, саған қарағанда Биләлдің даусы - қаттырақ»-деді⁷.

8 - Азан мен қаматтың арасына үзіліс жасау. Бұл жамағаттың дәреттерін алып, дайындалулары үшін. Үзіліс жасамай, қаматты іле-шала айту мәкруһ.

¹ Әбу Дәуд және Ибн Мажа жеткізді

² Ат-Тирмизи жеткізді

³ Мүслім жеткізді

⁴ Ат-Тирмизи жеткізді

⁵ Ахмад және Ат-Тирмизи жеткізді

⁶ Ат-Тирмизи жеткізді

⁷ Әбу Дәуд жеткізді

9 - Азаннан кейін бөгеліп қалған адамдарға: «Әй, намаз оқушылар! Намаз! Намаз!»-деп шақыру.

10 - Азанды сауап үшін шақыру. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(من أذن سبع سنين محتسباً كتبت له براءة من النار)

«Кім жеті жыл сауап тілеп, азан шақырса, оған оттан құтылу жазылады»¹.

Азан мен қаматтың мәкрүһтері

1 - Әндетіп, ұзақ созу.

2 - Бой дәретсіз айту мәкрүһ тахриман.

3 - Дәретсіз айту мәкрүһ танзиһан.

4 - Ақылы толмаған сәбидің айтуы.

5 - Әйел кісінің айтуы дұрыс емес.

6 - Жұма намазын өткізіп алған кісіге бесінді оқуы үшін азан мен қамат айтуы мәкрүһ.

7 - Азан айтылғанда сөйлесу.

8 - Азаннан соң намаз атқарылмайынша мешіттен қажетсіз шығу. Әбу Шаһсә, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كنا قعوداً مع أبي هريرة رضي الله عنه في المسجد فأذن المؤذن فقام رجل من المسجد يمشي فأتبعه أبي هريرة بصره حتى خرج من المسجد فقال أبي هريرة: أما هذا فقد عصى أبا القاسم صلى الله عليه وسلم)

Әбу Һурайрамен, Аллаһ тағала оған разы болсын, бірге мешітте отырған едік. Азаншы азан айтты. Бір кісі орнынан тұрып, мешіттен шығуға бет алды. Ол мешіттен шыққанша Әбу Һурайра одан көзін алмады. Сосын Әбу Һурайра былай деді: «Мынау кісі, расында да, Әбу Қасимнің, (саллаллаһу алайһи уа саллам) тілін алмаған болды»².

Намаздан кейін мешіттен жалғыз шығу мәкрүһ емес.

9 - Азан үшін ақы алу. Осман ибн Әбу әл-Ъас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(إن آخر ما عهد إلي رسول الله صلى الله عليه وسلم أن أتخذ مؤذناً لا يأخذ علي أذانه أجراً)

«Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) менен алған ең соңғы серті - азаны үшін ақы алмайтын азаншыны тағайындауым болатын»³. Бұл хадистің негізінде имам Әбу Ханифаның көзқарасында азан үшін ақы алу мәкрүһ. Алайда кейінгі заманда ерікті азаншылардың болмауына қатысты және ислам рәсімдерін сақтау мақсатымен ханафи мәзһабінің кейінгі ғұламалары рұқсат етті.

Азан естіген мұсылманға төмендегі істерді істеуі сүннет

1 - Азаншының айтқанын қайталау. Мейлі бой дәретсіз, мейлі дәретсіз болсын.

2 - Кітап оқып отырса немесе зікір айтып отырса, оны тоқтатуы керек.

3 - " لا حول ولا قوة إلا بالله " және " حي على الفلاح " және " حي على الصلاة " -деу.

4 - Реттік тәртіп бойынша қайталау.

5 - Азан сөздерін қайталаған соң пайғамбарымызға (саллаллаһу алайһи уа саллам) салауат пен сәлем тілеу. Абдулла ибн Ғамру ибн ал-Ъас, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا سمعتم المؤذن فقولوا مثل ما يقول، ثم صلوا عليّ، فإنه من صلى عليّ صلوة صلي الله عليه بها عشرًا، ثم سئلوا الله عز وجل لي الوسيلة فإنها منزلة في الجنة لا تنبغي إلا لعبد من عباد الله تعالى، وأرجو أن أكون أنا هو، فمن سأل الله لي الوسيلة حلت عليه الشفاعة)

«Азаншыны естігенде оның айтқанын сендер де айтыңдар. Кейін маған салауат тілендер. Кім маған бір мәрте салауат тілесе, ол үшін Аллаһ тағала оған он мәрте тілейді. Кейін маған Аллаһтан «әл-уасила» сұраңдар. Расында, ол - жәннаттағы дәреже. Ол

¹ Ат-Тирмизи жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Ат-Тирмизи жеткізді

(дәреже) Аллаһтың бір құлына ғана тиесілі және мен сол құл болуды үміт етемін. Кім маған Аллаһтан «әл-уасила» сұраса, оған шапағат нәсіп болады»¹.

Кейін мына дұға оқылады:

(اللَّهُمَّ رَبِّ هَذِهِ الدَّعْوَةُ التَّامَّةُ، وَالصَّلَاةُ الْقَائِمَةُ، آتِ مُحَمَّدًا الْوَسِيلَةَ وَالْفَضِيلَةَ، وَابْعَثْهُ مَقَاماً مَحْمُوداً الَّذِي وَعَدْتَهُ)

Жабир ибн Абдулла, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай айтқанын жеткізді:

(من قال حين يسمع النداء: اللَّهُمَّ رَبِّ هَذِهِ الدَّعْوَةُ التَّامَّةُ، وَالصَّلَاةُ الْقَائِمَةُ، آتِ مُحَمَّدًا الْوَسِيلَةَ وَالْفَضِيلَةَ، ابْعَثْهُ مَقَاماً مَحْمُوداً الَّذِي وَعَدْتَهُ حَلَّتْ لَهُ شَفَاعَتِي)

Кім азан естігенде: «Аллаһым, осы кәміл шақыру мен атқарылатын намаздың Раббысы! Мұхаммедке жәннаттағы дәрежені және жоғарғы орынды сыйлашы. Оны Өзің уәде еткен мақтаулы орында тірілте гөр»-десе, оған менің шапағатым нәсіп болады»².

6 - Азан мен қаматтың арасында дұға жасау. Өйткені бұл уақытта жасалған дұға жауапсыз қалмайды. Анас ибн Мәлик, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(الدعاء لا يردّ بين الأذان والإقامة قالوا: فما نقول يا رسول الله؟ قال: سلوا الله العفو والعافية في الدنيا والآخرة)

«Азан мен қамат арасында жасалатын дұға жауапсыз қалмайды». Адамдар: «Әй, Аллаһтың елшісі, не деп жалбарынайық?»-деді. Ол: «Аллаһтан дүние мен ақиретте кешірім және саулық сұрандар»-деді³.

Үмму Салама, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(علمني رسول الله صلى الله عليه وسلم أن أقول عند أذان المغرب: "اللَّهُمَّ هذا إقبال ليالك، وإدبار نهارك، وأصوات دعائك، فاغفر لي")

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) маған ақшам намазына азан айтылғанда: **«Аллаһым! Бұл - түнің келуі және күндіздің кетуі, сондай-ақ Өзіңе жалбарынушылардың дауыстары! Мені кешіре гөрші»-деп айтуымды үйретті⁴.**

Таң намазынан кейін: **«Аллаһым! Бұл - күндіздің келуі, түнің кетуі және саған жалбарынушылардың дауыстары! Мені кешіре гөр»-делінеді.**

Саъд ибн Әбу Уаққас, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін естіді:

(من قال حين يسمع النداء: و أنا أشهد أن لا إله إلا الله وحده لا شريك له و أن محمداً رسول الله رضيت بالله ربا و بالإسلام ديناً و بمحمد صلى الله عليه و سلم رسولا غفر له ذنبه)

Кім азан естігенде: «Серіктесі жоқ жалғыз Аллаһтан басқа тәңір жоқтығына және Мұхаммед Оның елшісі екеніне мен де куәлік етемін. Аллаһтай Раббыма, исламдай дініме және Мұхаммедтей елшіме разымын»-десе, күнәсі кешіріледі⁵.

Үшінші бөлім: Намаздың парыздары

Намаздың сыртқы парыздары

Намаздың дұрыстығы оның сыртқы және ішкі парыздарына негізделеді. Демек, екеуінсіз кез келген намаз дұрыс болмайды. Намаздың заттық сипатын ішкі парыздары құрайды.

¹ Әбу Дәуд жеткізді

² Әл-Бұхари жеткізді

³ Ат-Тирмизи жеткізді

⁴ Әбу Дәуд және Ат-Тирмизи жеткізді

⁵ Мүслім жеткізді

Намаздың сыртқы парыздары

1. Кіші дәретсіздіктен және үлкен дәретсіздіктен тазару. Дәретсіздіктен тазару дәретпен, ғұсылмен және таяммуммен жасалады. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِذَا قُمْتُمْ إِلَى الصَّلَاةِ فَاغْسِلُوا وُجُوهَكُمْ وَأَيْدِيَكُمْ إِلَى الْمَرَافِقِ وَامْسَحُوا بِرُءُوسِكُمْ وَأَرْجُلَكُمْ إِلَى الْكَعْبَيْنِ﴾

«Ей иман келтіргендер! Намазға тұрар кездерінде беттеріңді және қолдарыңды шынтақтарға дейін жуыңдар. Бастарыңа мәсх жасап, аяқтарыңды тобықтарға дейін (жуыңдар)!»¹.

Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін естіді:

(لا تُقبل صلاة بغير طهور)

«Тазалықсыз намаз қабыл етілмейді»². Бұл хадистегі «тазалықсыз» сөзі «дәретсіз» деген мағына береді.

Намаз соңында жел шықса, намаз бұзылады ма? Пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(إذا فسا أحدكم في الصلاة فليصرف و ليتوضأ و ليعد صلاته)

«Намаз кезінде жел шығарған кісі барып, дәрет алсын және намазын қайта оқысын»³. Бұл хадистің негізінде мәлики, шафиғи және ханбали мәзһабінде намаз соңында жел шығарған кісінің намазы бірден бұзылады. Ал ханафи мәзһабінде бірден бұзылмайды. Алайда, жел шыққан соң намаздың бір ішкі парызы атқарылатындай уақыт өтсе, намаз бұзылады. Мысалы, намаздың соңғы отырысында отырған кісіден жел шықса, намазын аяқтауына болады. Ал төртінші рәкатті бастағанда жел шықса, бір ішкі парыздың уақыты өтетін болғандықтан, намазы бұзылады.

Намаз кезінде үзір пайда болса, мысалы, мұрын қанаса, намазы бұзылмайды. Дәретін алып келгенде намазын үзген жерінен жалғастыруына болады, әрине, егер өзімен де, ешкіммен де сөйлеспесе. Қаласа, намазды қайта бастауына болады.

2. Киімнің, дененің, орынның нәжістің барлық түрінен таза болуы. Құраннан дәлел:

﴿وَتِيَابَكَ فَطَهِّرْ﴾

«Және киіміңді тазала!»⁴.

Ибн Аббастан, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) екі қабірдің қасынан өтіп былай деді:

(إنهما ليعذبان، وما يعذبان في كبير، أما أحدهما فكان لا يستتر من البول، وأما الآخر فكان يمشي بالنميمة)

«Расында, бұл екеуі қабірлерінде азап шегуде және үлкен күнә үшін емес. Біреуі зәрінен сақтанбайтын, ал екіншісі өсек таситын»⁵.

Орынның тазалығы деп, намаз оқылатын жердің нәжістен таза болуы айтылады. Орынның көлеміне сәжде орындары кіреді. Олар: маңдай мен мұрын, екі табан, екі тізе, екі алақан тиетін жер. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Бір кісі білместіктен мешіт аумағында дәрет сындырады. Мұны көрген мұсылмандар оны қатаңсынға алады. Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) оларға былай дейді:

(دعوه وهريقوا على بوله سجلاً من ماء، أو ذنوباً من ماء، فإنما بعثتم ميسرين، ولم تبعثوا معسرين)

¹ «Маида» сүресі: 6

² Мүслім жеткізді

³ Ат-Тирмизи келтірді

⁴ «Мүддәссир» сүресі: 4

⁵ Әл-Бұхари жеткізді

«Оны қоя беріңдер! Дәрет сындырған жеріне бір үлкен шелекпен немесе кәдімгі шелекпен су төгіңдер, өйткені сендер ауырлатушы емес, жеңілдетуші етіп қана жіберілдіңдер»¹.

Орын тазалығына қатысты кейбір үкімдер:

- Намаз кезінде киімнің жердегі кебу нәжіске тиюі зиянсыз.
- Бір бұрышы нәжістенген кілемнің басқа бұрышында намаз оқуға болады.
- Намаздағы кісінің алдына немесе жайнамазға үсті нәжіс сәби отырса, киім мен жайнамазға нәжіс тиюімен намаз бұзылады.
- Киімде нәжіс бар екені естен шығып оқылған намаз еске түскенде қайта оқылады.
- Намаз оқып болған кісі киімінде нәжіс болғанын білсе, намазын қайта оқиды.
- Астары бар жайнамаздың бір беті таза болып, екінші бетіндегі нәжіс оған өтпейтін болса, оның үстіне намаз оқуға болады.

Жуылған киімде қан дағының орны қалуы нәжіс есептелмейді. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Хаула бинт Ясар, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) келіп, былай дейді:

«Әй, Аллаһтың елшісі, менің бір ғана киімім бар және еттекір кезімде былғанып қалады, не істеуім керек?». Ол: «**Тазарған кезінде оны жуып, намазыңды оқи бер**»-деп жауап береді. Ол: «Жуылса да қан кетпейді ғой?»-деп сұрайды. Ол: «**Қанның өзі жуылса жеткілікті, ал дақ зиян келтірмейді**»-дейді².

3. Әураттың жабылуы. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай дейді:

﴿يَا بَنِي آدَمَ خُذُوا زِينَتَكُمْ عِنْدَ كُلِّ مَسْجِدٍ﴾

«**Әй, Адам балалары! Әр мешіт үшін зейнеттеніңдер!**»³. Бұл аяттағы «мешітке» сөзі намазды қамтиды. Ибн Аббастың айтуынша, Аллаһ тағала оған разы болсын, «**зейнеттеніңдер**» сөзі «намаздағы киімді» білдіреді.

Айша анамыздан, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(لا يقبل الله صلاة حائض إلا بخمار)

«**Аллаһ тағала етеккірі келетін қыздың намазын орамалсыз қабыл етпейді**»⁴.

Ислам мұсылман ерге де, әйелге де, мейлі намазда болсын, мейлі намаздан тыс болсын, әуреттерін жабуын парыз етті.

Баһз ибн Хаким ибн Мұғауия әкесінен, ал ол атасынан жеткізді: Мен Аллаһтың елшісінен:

(يا رسول الله: عوراتنا ما نأتي منها وما نذر؟ قال: (احفظ عورتك إلا من زوجتك أو ما ملكت يمينك. قال: قلت يا رسول الله إذا كان القوم بعضهم مع بعض؟ قال: إن استطعت أن لا تريها أحداً فلا تريتها. قلت: يا رسول الله فإن كان أحداً خالياً؟ قال: فالله أحق أن يستحي منه من الناس)

«Әй, Аллаһтың елшісі, әуретке қатысты не айтасыз?»-дедім. Ол: «**Әуретінді әйеліңе не күңіңе⁵ болмаса, басқалардан жасыр**»-деді. Мен: «Көпшілік болған жерде ше?»-дедім. Ол: «Егер ешкімге көрсетпеуің қолдан келсе, әрине, көрсетпе»-деді. Мен: «Әй Аллаһтың елшісі, егер бізден біреу жалғыз болса ше?»-дедім. Ол: «**Адамдардан ұялуына қарағанда Аллаһтан ұялуы әлдеқайда лайықтырақ!**»-деді⁶.

- Ер кісінің әуретіне кіндік пен тізе аралығы жатады.

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Әбу Дәуд жеткізді

³ «Ағраф» сүресі: 31

⁴ Ахмад және Ибн Мажа жеткізді

⁵ Құл иеленуші замандарда біреудің мүлкіне айналған еріксіз әйел күң аталатын

⁶ Ибн Мажа жеткізді

Әбу Аюп, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін естіді:

(ما فوق الركبتين من العورة، وما أسفل من السرة من العورة)

«Екі тізенің үсті әурет және кіндіктің асты әурет»¹. Кіндіктің өзі әурет емес. Ал тізе - әурет. Әли, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтады:

(الركبة من العورة)

«Тізе әуретке жатады»².

- Әйел кісінің беті мен қолдарынан басқа денесі толығымен әурет. Қолдары дегеніміз саусақ бастары мен білезік аралығы. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай дейді:

﴿وَقُلْ لِلْمُؤْمِنَاتِ يَغْضُضْنَ مِنْ أَنْصَارِهِنَّ وَيَحْفَظْنَ فُرُوجَهُنَّ وَلَا يُبْدِينَ زِينَتَهُنَّ إِلَّا مَا ظَهَرَ مِنْهَا وَلْيَضْرِبْنَ بِخُمُرِهِنَّ عَلَىٰ جُيُوبِهِنَّ﴾

«(Әй, пайғамбар!) Иман келтірген әйелдерге айт, көздерін төмен қаратсын және жыныс мүшелерін сақтасын! Сондай-ақ көрінетін мүшелерінен басқа зейнеттерін сырт көзге ашпасын. Әрі көйлек омырауындағы ойықтарына орамалдарын жапсын!...»³. Ибн Омар мен Ибн Аббас, Аллаһ тағала оларға разы болсын, «көрінетін мүшелерінен» сөзін «бет және екі қолдың бастары» деп түсіндірді. Әйел кісінің бетіне қажеттілік тумаса, шәһуаттық сезіммен қарауға шарифатта тыйым салынады.

Абдулла ибн Масъуд, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(المرأة عورة فإذا خرجت استشرفها الشيطان)

«Әйел - әурет (қарауға тыйым салынатын зат). Әйел сыртқа шыққанда шайтан оған көңіл аударады»⁴.

Екі қолдың білезіктен саусақ бастарына дейінгі аралығы әурет емес. Екі аяқтың табаны мен үсті намазда әурет емес. Алайда біреудің оған қарауы және оны ұстауы - арам іс.

Сәби балада төртке толғанша әурет болмайды. Төрт пен он жас арасында әуреті жеңіл әуретке жатады.

Әуретті жабатын киімнің матасы терінің түсі мен жыныс мүшелерінің бейнесін білдірмейтін қалыңдықта және кеңдікте болуы қажет. Тар киімде намаз оқу - мәкруһ, бірақ намаз дұрыс болады.

Дененің кез келген мүшесінің төрттен бірі ашылса, намаз дұрыс болмайды.

Негізінде, намаз екі киімде (көйлек пен шалбар) оқылады. Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا كان لأحدكم ثوبان فليصل فيهما، فإن لم يكن إلا ثوب واحد فليتزر به ولا يشتمل اشتمال اليهود)

«Кімде екі киім болса, сол екеуінде намаз оқысын. Ал киімі біреу-ақ болса, шалбар етіп киінін»⁵ және яһудилер секілді қымтанбасын»⁶. Алайда үш киімде оқу ұнамды. Олар: көйлек, шалбар және сәлде. Әуретке жатпағанымен ер адам иықтарын ашып, намаз оқыса, мәкруһ тахриман болады. Сонымен қатар жібектен тігілген және ұрланған киімде намаз оқудың үкімі де - осылай.

Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(تصلي المرأة في ثلاثة أثواب، درع وخمار وإزار)

¹ Ад-Дарақұтни жеткізді

² Ад-Дарақұтни жеткізді

³ «Нұр» сүресі: 31

⁴ Ат-Тирмизи жеткізді

⁵ Денесінің кіндіктен тізеге дейінгі аралығын жабатындай болсын

⁶ Әбу Дәуд жеткізді

«Әйел кісі намазды үш киімде оқиды: етегі ұзын көйлек, орамал және шалбар (іштік киім)»¹.

Кімнің киіміне нәжіс тисе және оның төрттен бірі таза болса, немесе ауыстырып киетін таза киімі болмаса, сол киімде намаз оқуына болады және кейін қайта оқымайды.

4. Құбылаға бағытталу. «Құбыла» сөзі біздің тілге араб тілінің " القبلة " сөзінен енген және «бағыт», «тарап» деген мағыналарды береді.

Шариғаттағы мағынасы: намаз өзіне қарай бағыттталып оқылатын тарап. Тағы ол «михраб» деп аталады. Михраб дегеніміз - мұсылманның нәпсісімен және шайтанмен күресетін алаңы.

Исламдағы әуелгі құбыла Ақса мешіті болған. Хижрадан кейін 16 ай өткенде, яғни хижраның екінші жылы режеп айының ортасында дүйсенбі күні бесін намазының үшінші рәкәтінің басында Аллаһ тағала пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) Қағба жаққа бағытталуды бұйырады.

«Бақара» сүресінің 144-ші аяты құбылаға бағытталу намаздың сыртқы парызы екенін білдіреді:

﴿قَدْ نَرَى تَقَابُصَ وَجْهِكَ فِي السَّمَاءِ فَلَنُوَلِّيَنَّكَ قِبْلَةً تَرْضَاهَا فَوَلِّ وَجْهَكَ شَطْرَ الْمَسْجِدِ الْحَرَامِ وَحَيْثُ مَا كُنْتُمْ فَوَلُّوا وُجُوهَكُمْ

شَطْرَهُ﴾

'''

«Әрине, жүзіңнің көкке жөнелгенін көреміз. Сондықтан сені өзің ұнатқан құбылаға, міндетті түрде, қаратамыз. Енді жүзіңді Әл-Харам мешітіне қарай бұр! Қай жерде болсаңдар, жүздеріңді сол тарапқа қаратыңдар!...».

Ал-Барра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(صَلِينَا مَعَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ نَحْوَ بَيْتِ الْمَقْدِسِ سِتَّةَ عَشَرَ شَهْرًا أَوْ سَبْعَةَ عَشَرَ شَهْرًا. ثُمَّ صُرِفْنَا نَحْوَ الْكَعْبَةِ)

«Біз Аллаһтың елшісімен (саллаллаһу алайһи уа саллам) бірге он алты, не он жеті айдай намазды Ақса мешітіне қарап оқыдық. Кейін жүзімізді Қағба тарапына өзгерттік»².

Құбыла кез келген елдегі мешіттердің ішіндегі михраб арқылы анықталады. Теңіздер мен шөлдерде жұлдыздармен анықталады.

Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(تَعَلَّمُوا مِنَ النُّجُومِ مَا تَهْتَدُونَ بِهِ إِلَى الْقِبْلَةِ)

«Құбыланың қай тарапта екенін жұлдыздармен анықтауды үйреніңдер!». Білмеген кісіге құбыланың қай жақта екенін іздеп, анықтауы уәжіп. Намазды анықтаған бағытына қарап оқиды. Егер қателессе, намазын қайта оқымайды. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай дейді:

﴿فَأَيُّمًا تَوَلُّوا فَثَمَّ وَجْهَ اللَّهِ﴾

«Қайда бағытталсаңдар да, Аллаһтың жүзі сол тарапта»³.

Егер қателескені намаз үстінде анықталса, намазды үзбей, бағытын ғана өзгертеді. Құбыланы іздемей, кез келген бағытқа қарап оқылған намаз дұрыс емес, тіпті құбылаға кездейсоқ тура бағытталса да.

Бұрылуға шамасы келмейтін науқас адам, өміріне қауіп төніп тұрған адам, сапардағы адам (ұшақпен, машинамен, поезбен кетіп бара жатса) намазды мүмкіндігі келген жаққа бағыттталып оқуына болады. Ұшақтағы және поездағы жолаушы намазды тұрып оқуға шамасы келсе, тұрып оқиды. Егер қиынға айналса, отырған жерде ишарамен оқиды. Машинадағы кісі көлік өзінікі болса, тоқтап, кәдімгідей толық оқиды. Ал өзінікі болмаса, орнында отырып, ишарамен оқиды.

Кемедегі жолаушы намазды құбылаға бағыттталып, толық бейнесінде оқиды. Ишарамен оқуына мүлдем болмайды.

¹ Әл-Байһақи жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ «Бақара» сүресі: 115

Атпен немесе түйемен келе жатқан жолаушыға нәпіл намаздарды, тіпті, бекітілген сүннеттерді үстінде оқуына болады. Имам Әбу Ханифа аттың үстінен таң намазының сүннеті үшін ғана түсетін.

Қағбаның ішінде намаз оқу дұрыс па? Қағбаның ішінде оқылған намаз дұрыс болады. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын Қағбаның ішіне кіргенде өзіне Биләл, Аллаһ тағала оған разы болсын, көрсеткен орында намаз оқитын. Өйткені ол сол орында Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) намаз оқығанын көрген және Қағбаның ішінің кез келген жағында тұрып намаз оқығысы келген адам еш айыпталмайды,-деген¹. Сонымен қатар Қағбаның солтүстік жағы мен оған қарама-қарсы орналасқан доға тәрізді қабырғаның арасында тұрып намаз оқуға болады.

Уақыттың кіруі. Уақыттың кіруімен намаздың атқарылуы парыз болады. Аллаһ тағала .5
айтады

﴿إِنَّ الصَّلَاةَ كَانَتْ عَلَى الْمُؤْمِنِينَ كِتَابًا مَّوْقُوتًا﴾

«..Расында, намаз иман келтіргендерге белгілі уақыттарда парыз етілді»².

Жабир ибн Абдулла, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(فأیما رجل من أمتي أدركته الصلاة فليصل)

«..Менің үмметімнен болған адамды намаз қай жерде кезіктірсе, сол жерде оны оқысын!..»³.

Намаздың дұрыстығы үшін уақыттың нақты кіргенін білу шарт. Әйтпесе, намаз дұрыс болмайды.

6. Ниет. Ниеттің тілдік мағынасы: бел байлау. Шариғаттағы мағынасы: іс-қимылмен Аллаһ тағалаға бағынуды және жақындауды қалау.

Ниет құлшылықты әдеттен айырып, ықыласты жүзеге асырады. Ниет - жүректің амалы. Оны тілмен білдіру мустахап. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай дейді:

﴿قُلْ إِنِّي أُمِرْتُ أَنْ أُعْبَدَ اللَّهَ مُخْلِصًا لَهُ الدِّينَ﴾

«Расында, мен дінді Аллаһқа ықыласпен берілген түрде құлшылық етуге бұйырылдым,-де»⁴.

Омар ибн ал-Хаттаб, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін естіді:

(إنما الأعمال بالنيات وإنما لكل امرئ ما نوى)

«Негізінде, іс-қимылдар ниеттермен байлаулы және әркімге ниеттенгені болады...»⁵.

Ханафи, мәлики және ханбали мәзһабтарында ниет намаздың сыртқы парызына, ал шафиғи мәзһабінде ішкі парызына жатады. Сонымен қатар ханафи мен ханбали мәзһабтарында ниетті тілмен білдіру ұнамды. Мысалы, бесіннің парызын оқығанда: «Бесінге ниет еттім»-деп тілмен білдіреді. Ал шафиғи мәзһабінде парыз сөзі қосылып: «Бесіннің парызына ниет еттім»-деп білдіреді.

Ниеттің шарттары

1 - Намазға ниет етілгенде ниет пен тахрим тәкбірiнiң аралығында намаздан басқа iспен шұғылданбау.

2 - Парыз және уәжіп намаздарына тұрғанда, оның қай намаз екенін ниетпен білдіру. Мысалы, бесін немесе екінді екенін білдіру. Нәпіл намазында қай намаз екенін білдіру шарт емес.

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² «Ниса» сүресі: 103

³ Әл-Бұхари жеткізді

⁴ «Зумар» сүресі: 11

⁵ Әл-Бұхари жеткізді

3 - Өткізіп алынған намаздардың саны көп болса және олардың қазасын өтегенде қай намаз екенін және қай күнгі екенін білдіру уәжіп.

4 - Имамға ұюшы кісі имамға ұюына ниет етуі шарт. Ұюдың дұрыстығы үшін имамның имамдыққа ниет етуі шарт емес.

Намаздың ішкі парыздары

1. Тахрим тәкбірі. Тахрим тәкбірі дегеніміз - намазға кіруші адамның «Аллаһу әкбар» деп айтуы. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أَنْ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يَفْتَحُ الصَّلَاةَ بِالتَّكْبِيرِ وَالْقِرَاءَةَ بِالْحَمْدِ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) намазды тәкбірмен, ал қирағатты «әл-хамду лилләһи раббил-ъаламин»-мен ашатын»¹.

Тахрим тәкбірінсіз намазға кіруге болмайды. Бұл сөзді айтуымен мұсылман намаздан бұрын өзіне адал болған істер мен нәрселерді намазын аяқтағанша өзіне арам етіп, Аллаһ тағаланы еске алумен ғана шұғылданады. Аллаһ тағала айтады:

﴿قَدْ أَفْلَحَ مَنْ تَزَكَّى وَذَكَرَ اسْمَ رَبِّهِ فَصَلَّى﴾

«Құтылды, кім тазарса және Раббысының есімін еске алып, намаз оқыса»². Бұл аяттағы «Раббысының есімін еске алып» сөзі тахрим тәкбіріне сілтейді. Өйткені ол «намаз оқыды» сөзімен бірден байланысып тұр.

Әли, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(مِفْتَاحُ الصَّلَاةِ الطَّهْوَرُ، وَتَحْرِيمُهَا التَّكْبِيرُ، وَتَحْلِيلُهَا التَّسْلِيمُ)

«Тазалық - намаздың кілті. Тәкбір³ намазға (қасиетті мінәжатқа) кіргізеді, ал сәлем беру шығарады»⁴.

Тахрим тәкбірінің дұрыстығына қажетті шарттар

1 - Тәкбірдің ниетпен қатар айтылуы.

Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إِذَا قُمْتَ إِلَى الصَّلَاةِ فَكَبِّرْ ثُمَّ اقْرَأْ مَا تيسرُ مَعَكَ مِنَ الْقُرْآنِ)

«Намазға тұрғаныңда тәкбір айт! Сосын Құраннан жаттағаның болса, жеңілдеуін оқы!»⁵. Дәрет алғанда намазға ниет еткен кісі тахрим тәкбірін айтқанға дейін ниетін теріске шығаратын іспен шұғылданбаса, мысалы тамақ жеп, сусын ішпесе, сол ниеті намазын атқаруына әбден жеткілікті.

2 - Қиямға тұрарда немесе қиямға жақындағанда қылынуы. Рүкүғта қылынса, намаз дұрыс болмайды.

3 - Жалғыз тұрғанда өзі еститіндей дауыспен айтуы. Жамағатпен тұрғанда жамағат еститіндей дауыспен айтуы. Тахрим тәкбірін айтқанда, намазды ішінен оқығанда, сонымен қатар ташаһһудтің, зікірдің, талақ сөзінің, анттың кезінде дауыстың өзіне естілуі шарт.

4 - Имамға ұюшы кісі намазға ниет етуімен қатар имамға ұюына ниет етеді.

5 - Тәкбірді араб тілінде айту.

6 - «Аллаһ» сөзінің «һәмзә»-сі мен «әкбар» сөзінің «бә»-сін созуға болмайды.

7 - «Аллаһу әкбар» сөзін толық айту.

8 - Аллаһты ықыласпен еске алып, ұлықтау.

9 - Тәкбірмен қатар дүние сөздерінің айтылмауы.

¹ Әл-Байһақи жеткізді

² «Ағла» сүресі: 14,15

³ Тахрим тәкбірінің айтылуымен намаз сәлем берілгенше өзінен басқа адал істердің бәрін арам етеді.

⁴ Әбу Дәуд жеткізді

⁵ Әл-Бұхари жеткізді

2. Қиям (түрегеп тұру). Бұл парыз түрегеп тұруға шамасы келмейтін кісінің ғана мойнынан түседі. Қиямның парыздығын бекітетін дәлел:

﴿حَافِظُوا عَلَى الصَّلَوَاتِ وَالصَّلَاةِ الْوُسْطَىٰ وَقُومُوا لِلَّهِ قَانِتِينَ﴾

«Барлық намаздарды және ортаңғы намазды көздің қарашығындай сақтаңдар! Әрі Аллаһқа бағынған күйде тұрыңдар!»¹.

Бимран ибн Хасин, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Мен көтеумен (геморроймен) ауырған едім. Бұл жайында пайғамбардан (саллаллаһу алайһи уа саллам) сұрадым. Ол маған:

(صَلِّ قَائِمًا، فَإِنْ لَمْ تَسْتَطِعْ فَقَاعِدًا، فَإِنْ لَمْ تَسْتَطِعْ فَعَلَىٰ جَنْبٍ)

«Намазды тұрып оқы! Егер шамаң келмесе, отырып оқы. Оған да шамаң келмесе, жамбасыңа жатып оқы»-деді².

Бір аяқта тұрып намаз оқу мәкруһ. Тұрып оқуға шама келсе де, нәпіл намазын отырып оқуға болады.

Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) нәпіл намазы жайында былай деді:

(كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَصِلِي لِيَأْ طَوِيلًا قَائِمًا وَلِيَأْ طَوِيلًا قَاعِدًا، فَإِذَا صَلَّى قَائِمًا رَكَعَ قَائِمًا وَإِذَا صَلَّى قَاعِدًا رَكَعَ قَاعِدًا)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) түнде ұзақ уақыт тік тұрып намаз оқитын және түнде ұзақ уақыт отырып намаз оқитын. Түрегеп оқығанында рүкүгті тұрып жасайтын. Отырып оқығанында рүкүгті отырып жасайтын»³.

Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) нәпіл намазы жайында былай деді:

(أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يَصَلِي جَالِسًا، فَيَقْرَأُ وَهُوَ جَالِسٌ، فَإِذَا بَقِيَ مِنْ قِرَاءَتِهِ نَحْوَ مِنْ ثَلَاثِينَ أَوْ أَرْبَعِينَ آيَةً قَامَ، فَقَرَأَهَا وَهُوَ قَائِمٌ ثُمَّ يَرُكِعُ، ثُمَّ يَسْجُدُ، يَفْعَلُ فِي الرُّكْعَةِ الثَّانِيَةِ مِثْلَ ذَلِكَ)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) нәпіл намазын отырып та оқитын. Оқып отырған Құран аяттарын аяқтауына 30-40 аяттай қалғанда намазын түрегеп тұрып жалғастыратын. Сосын рүкүғ жасайтын. Сосын сәжде жасайтын. Екінші рәкатта да осылай істейтін»⁴.

Намазды себепсіз отырып оқыған адам тұрып оқығандағы сауаптың жартысына ғана ие болады. Абдулла ибн Амру, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(صَلَاةَ الرَّجُلِ قَاعِدًا نِصْفَ الصَّلَاةِ)

«Отырып оқыған кісінің намазы - жарты намаз»⁵.

3. Қирағат. Қирағат дегеніміз - Құран оқу. Намазда Құран оқу - парыз. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай дейді:

﴿فَاقْرَءُوا مَا تَيَسَّرَ مِنَ الْقُرْآنِ عَلِمَ أَنْ سَيَكُونُ مِنْكُمْ مَرْضَىٰ وَآخَرُونَ يَضْرِبُونَ فِي الْأَرْضِ يَبْتَغُونَ مِنْ فَضْلِ اللَّهِ وَآخَرُونَ يُجَاهِدُونَ فِي سَبِيلِ اللَّهِ فَاقْرَءُوا مَا تَيَسَّرَ مِنْهُ﴾

¹ «Бақара» сүресі: 238

² Әл-Бұхари жеткізді

³ Әбу Дәуд жеткізді

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

⁵ Мүслім жеткізді

«Құраннан жеңілдеуін оқындар! Араларында науқастардың бар екенін Аллаһ біледі. Тағы біреулер Аллаһтың кеңшілігін іздеп, жер кезіп жүр. Енді біреулер Аллаһ жолында күресіп жүр. Сондықтан Құраннан жеңілдеуін оқындар»¹.

Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لا صلاة إلا بقراءة)

«Құран оқылмайтын намаз жоқ»².

Аллаһ тағала: **«Құраннан жеңілдеуін оқындар!»**-деп бұйырғандықтан, имам Әбу Ханифа: «Қысқа бір аят оқылса, жеткілікті»-деді. Ал Әбу Юсуф пен Мұхаммед: «Бір ұзын аят немесе үш қысқа аят оқылуы қажет»-дейді.

Басқа мәзһабтарда намазда «Фатиха» сүресін оқу парыз болғанымен, ханафи мәзһабінде парыз емес, уәжіп. Яғни «Фатиха» сүресінің оқылмауы намаздың дұрыстығын жоққа шығармайды. Бұған дәлел: Аллаһ тағала: **«Құраннан жеңілдеуін оқындар! Араларында науқастардың бар екенін Аллаһ біледі. Тағы біреулер Аллаһтың кеңшілігін іздеп, жер кезіп жүр. Енді біреулер Аллаһ жолында күресіп жүр. Сондықтан Құраннан жеңілдеуін оқындар!»**-деді³.

Сүннеттен дәлел: Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) бір кісіге былай дегенін айтты:

(إذا قمت إلى الصلاة فأسبغ الوضوء ثم استقبل القبلة فكبر ثم اقرأ ما تيسر معك من القرآن)

«Намазға тұрарында жақсылап дәрет ал! Сосын жүзінді құбылаға қаратып, тәкбір айт! Сосын жаттаған Құраннан жаттағаныңнан жеңілдеуі оқы!»⁴.

Ханафи, мәлики және ханбали мәзһаптарында бір мәселеге қатысты жеткен екі хадистің мәтіндері қарама-қарсы болса, яғни біреуі оның істелуін бекітсе, ал екіншісі істелуін теріске шығарса, амал бекітуші хадиске негізделеді. Мысалы, Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) Қағба ішінде намаз оқығанын жеткізді, ал Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, оқымағандығын жеткізді. Бұл хадистің екеуі де сахих. Жоғарыдағы мәзһаптардың қарарымен Ибн Омардың, Аллаһ тағала оған разы болсын, хадисі алға шығады. Өйткені пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) Қағба ішінде намаз оқығанда Ибн Омар қасында болған, ал Ибн Аббас болмаған⁵.

Сол секілді **«Құранның «Фатиха»-сі оқымаған кісінің намазы жоқ»** деген хадис пен **«..Сосын жаттаған Құраннан жатағаныңнан жеңілдеуін оқы»**-деген хадистің бетпе-бет кездесуіндегі үкім де осылай. Бұл хадистің екеуі де сахих. Немесе Аллаһ тағаланың: **«Құраннан жеңілдеуін оқындар! Араларында науқастардың бар екенін Аллаһ біледі. Тағы біреулер Аллаһтың кеңшілігін іздеп, жер кезіп жүр. Енді біреулер Аллаһ жолында күресіп жүр. Сондықтан Құраннан жеңілдеуін оқындар»⁶**-деген сөзін негізге алсақ, ол тіпті алға шығады.

Имамға ұйыған адамның Құран оқуы⁷.

Имамға ұюшының Құран оқуы ханафи мәзһабінде мәкруһ тахриман. Бұның дәлелі:

1. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай дейді:

﴿وَإِذَا قُرِئَ الْقُرْآنُ فَاسْتَمِعُوا لَهُ وَأَنْصِتُوا لَعَلَّكُمْ تُرْحَمُونَ﴾

¹ «Мүззәммил» сүресі: 20

² Мүслім жеткізді

³ «Мүззәммил» сүресі: 20

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

⁵ «Ал-фикһ ал-ислами уа адиллатуһу»: 1/762. Уаһба Аз-Захили

⁶ «Мүззәммил» сүресі: 20

⁷ «Ал-фикһ ал-ислами уа адиллатуһу»: 2/832,833. Уаһба Аз-Захили

«Құран оқылғанда оны тыңдаңдар және үндемендер! Мүмкін, сендерге рахымшылық жасалар»⁸.

Ғұламалардың келіскен шешімінде бұл аяттың талабы намазға да, намаздан тыс уақытқа да қатысты. Бұл аят Құран естушіге оны тыңдауын және үндемей, мағынасына ой жүгіртуін бұйырады. Намаз дауыстап оқылғанда имамға ұюшылар оны тыңдауы қажет.

2. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إنما جعل الإمام ليؤتم به فإذا كبر فكبروا و إذا قرأ فأنصتوا)

«Негізінде, имам өзіне (жамағат) ілесу үшін ғана қойылған. Ол тәкбір айтқанда, сендер де айтыңдар. Ал Құран оқығанда үндемендер»².

Жәбир, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من صلى خلف الإمام فإن قراءة الإمام له قراءة)

«Кім имамның артында намаз оқыса, әлбетте, имамның Құран оқығаны оның да Құран оқығаны болады»³. Бұл хадистің мағынасы іштей оқылатын намазды да, дауыстап оқылатын намазды да қамтиды.

Имран ибн Хасин, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن نبي صلى الله عليه وسلم صلى الظهر. ففعل رجل يقرأ خلفه: سبح اسم ربك الأعلى. فلما انصرف قال: "أيكم قرأ" أو أيكم القارئ. فقال الرجل: أنا. فقال: لقد ظننت أن بعضكم خالجيها)

Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) бесін намазын оқығанда артта тұрғандардың бірі: «Саббихисма Раббикал-Аъла»-ні оқи бастады. Намазды аяқтағанда пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам): **«Құран оқыған қайсың?»**-деп сұрады. Бір кісі: «Мен»-деп жауап берді. Ол былай деді: **«Кейбіреуің менен намазды (имамдықты) алғалы тұр ма?»**-деп ойлады⁴. Осы хадистің негізінде имамның артында тұрған кісіге дауыстап оқылатын намаз түгіл, іштей оқылатын намазда да Құран оқуы мәкруһ.

4. **Рукуғ.** Рукуғ дегеніміз - бел бүгіп, бас пен арқаны бір деңгейде еңкейту.

Рукуғтың парыздығына дәлел:

Аллаһ тағал Құран Кәрімде айтады:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا ارْكَعُوا وَاسْجُدُوا وَاعْبُدُوا رَبَّكُمْ وَافْعَلُوا الْخَيْرَ لَعَلَّكُمْ تُفْلِحُونَ﴾

«Ей иман келтіргендер! Рабыларына бел бүгіндер, сәжде жасаңдар және құлшылық етіндер! Сондай-ақ жақсылық істендер! Мүмкін құтыласыңдар»⁵.

Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ثم اركع حتى تطمئن راکعاً)

«..Сосын белінді бүгіп, денең жайланғанша (көтерілме)..»⁶.

Бүкір адам басын еңкейтсе, жеткілікті. Намазды отырып оқушы бел бүккенде маңдайы екі тізесіне қарама-қарсы қалыпта болуы қажет.

⁸ «Ағраф» сүресі: 204

² Мүслім жеткізді

³ Әбу Ханифа жеткізді

⁴ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

⁵ «Хадж» сүресі: 77

⁶ Әл-Бұхари жеткізді

5. Сәжде. Сәжде дегеніміз - маңдайдың жерге тиюі. Аллаһтың алдында маңдайын жерге қоюымен мұсылман өзінің әлсіз әрі мұқтаж құл екенін мойындап, Оған бой ұсынады.

Сәжденің парыздығына дәлел:

Аллаһ тағал Құран Кәрімде айтады:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا ارْكَعُوا وَاسْجُدُوا وَاعْبُدُوا رَبَّكُمْ وَافْعَلُوا الْخَيْرَ لَعَلَّكُمْ تُفْلِحُونَ﴾

«Ей иман келтіргендер! Рабыларына бел бүгіндер, сәжде жасандар және құлшылық етіндер! Сондай-ақ жақсылық істендер! Мүмкін құтыласындар»¹.

Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن النبي صلى الله عليه وسلم دخل المسجد، فدخل رجل فصلى، ثم جاء فسلم على النبي صلى الله عليه وسلم، فرد النبي صلى الله عليه وسلم عليه السلام، فقال: ارجع فصل، فإنك لم تصل. فصلى، ثم جاء فسلم على النبي صلى الله عليه وسلم فقال: ارجع فصل، فإنك لم تصل ثلاثاً، فقال: والذي بعثك الحق، فما أحسن غيره، فعلمني، قال: إذا قمت إلى الصلاة فكبر، ثم اقرأ ما تيسر معك من القرآن، ثم اركع حتى تطمئن راکعاً، ثم ارفع حتى تعتدل قائماً، ثم اسجد حتى تطمئن ساجداً، ثم ارفع حتى تطمئن جالساً، ثم اسجد حتى تطمئن ساجداً، ثم اعمل ذلك في صلاتك كلها)

Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) мешітке кірді. Сол уақытта мешітке бір кісі кіріп намаз оқыды. Сосын келіп, пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) сәлем береді. Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) оған сәлем қайтарып, былай дейді: «**Бар да, намазыңды қайта оқы! Өйткені сен намаз оқымадың!**». Ол намазын қайта оқиды. Сосын пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) келіп, сәлем тілейді. Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) оған: «**Бар да, намазыңды қайта оқы! Өйткені сен намаз оқымадың!**»-деп, осылай үш мәрте айтады. Сонда ол кісі пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам): «Сені шындықпен жіберген Аллаһпен ант етемін! Мен бұдан жақсырақ істей алмаймын. Сондықтан маған үйрет»-дейді. Ол (саллаллаһу алайһи уа саллам) оған: «**Намазға тұрғаныңда тәкбір айт! Сосын жадындағы Құраннан жеңілдеуін оқы. Сосын белінді бүгіп, денең жайланғанша (көтерілме). Сосын көтеріліп, тік тұр. Сосын сәжде жасап, денең жайланғанша (көтерілме). Кейін отырыс жасап, денең жайланғанша (сәжде жасама). Сосын сәжде жасап, денең жайланғанша (қиямға тұрма). Сосын намазыңның барлық рәкәтінде осылай істе!**»-дейді².

Сәжде маңдай мен мұрынның, екі алақанның, екі тізенің, екі аяқ саусақтарының нәжіссіз таза жерге, құбылаға бағытталып қойылуымен іске асады.

Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(أمرت أن أسجد على سبعة أعظم، على الجبهة – وأشار بيده على أنفه – واليدين والركبتين وأطراف القدمين)

«Сәждені жеті мүшемен жасауым бұйырылды: қолымен мұрны көрсетіп, маңдаймен, - деді, әрі екі қолмен, екі тіземен, екі аяқтың башпайларымен..»³.

Сәжденің дұрыстығына қажетті шарттар

1- Жеті мүшемен жасалуы.

2- Маңдаймен қоса мұрынның тиюі. Әбу Хамид Ас-Саъиди, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن النبي صلى الله عليه وسلم كان إذا سجد أمكن أنفه وجهته من الأرض)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) сәжде жасағанда жерге мұрны мен маңдайын тигізетін»⁴.

¹ «Хадж» сүресі: 77

² Әл-Бұхари жеткізді

³ Әл-Бұхари жеткізді

⁴ Ат-Тирмизи жеткізді

Жағдайсыздық туғанда сәждеге бас қойылатын орын аяқ орнынан жарты шынтақ деңгейінде биік болса, сәжде дұрыс болады. Ал одан биігірек жерге сәжде жасау дұрыс емес. Жамағат қысылысқандықтан сәжде жасайтын орын болмаса, сәждені алдыңғы адамның арқасына жасауға болады. Бұл үшін алдыңғы кісінің сәждеде толық болуы шарт. Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(إذا اشتد الزحام فليسجد أحدكم على ظهر أخيه)

«Қатты қыспаққа жолыққан кісі сәждені бауырының арқасына жасасын»¹.

Мәжбүрлік жағдайда сәжде жасау үшін жерге бір алақанның, бір тізенің және бір башпайдың тиюі жеткілікті болады.

3- Рүкуғтан кейін жасалуы.

4- Екі мәрте жасалуы. Бірінші сәждеге қажетті шарттар екінші сәждеге де қатысты.

Сәжденің екі мәрте жасалуы - парыз. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) бір кісіге былай дегенін айтты: «..**Сосын сәжде жасап, денең жайланғанша (көтерілме). Кейін отырыс жасап, денең жайланғанша (сәжде жасама). Сосын сәжде жасап, денең жайланғанша (қиямға тұрма)...**»-дейді².

Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا سجد أحدكم فليضع يديه، فإذا رفع فليرفعهما، فإن اليدين تسجدان كما يسجد الوجه)

«Сәжде жасағанда әркім екі қолын жерге қойсын. Көтерілген кезде қолдарын да көтерсін. Әлбетте, беттің сәжде жасауы секілді екі қол да сәжде жасайды»³.

6. Соңғы отырыс. Соңғы отырыстың ұзақтығы тәшәһһудпен өлшенеді. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Ибн Масъудқа, Аллаһ тағала оған разы болсын, тәшәһһудті үйреткенде былай деді:

(إذا قلت هذا أو قضيت هذا فقد قضيت صلاتك، إن شئت أن تقوم فقم، وإن شئت أن تقعد فاقعد)

«Мұны (осы сөздерді) айтып болғаныңда немесе мұны аяқтағаныңда намазды тәмәмдаған болдың. Сосын тұрғың келсе, тұр. Отырғың келсе, отыр»⁴.

Ташәһһуд сөздері:

التحيات لله، والصلوات، والطيبات، السلام عليك أيها النبي ورحمة الله وبركاته، السلام علينا وعلى عباده الصالحين، أشهد أن لا إله إلا الله، وأشهد أن محمداً عبده ورسوله

Ташәһһудтың қазақша мағынасы:

«Барлық қошемет сөздер, намаздар және жақсылықтар - Аллаһ үшін. Әй пайғамбар! Саған Аллаһтан есендік, рахымы мен берекесі болсын. Сондай-ақ есендік бізге де, және Аллаһтың салиқалы құлдарына болсын. Аллаһтан басқа тәңір жоқтығына куәмін және Мұхаммед Оның құлы әрі елшісі екеніне куәмін».

Ішкі парыздардың дұрыстығына қажетті шарттар

1 - Реттік тәртіппен орындалуы. Алдымен тәкбір, сосын қиям, сосын қирағат, сосын рукуғ, сосын сәжде, сосын отырыс.

2 - Ұйықтамау.

Төртінші бөлім: Намаздың уәжіптері

¹ Әл-Байһақи жеткізді. Иснаді - сахих.

² Әл-Бұхари жеткізді

³ Әл-Байһақи жеткізді

⁴ Әбу Дәуд жеткізді

1. «Фатиха» сүресін оқу. Ыбада ибн ас-Самит, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لا صلاة لمن لم يقرأ بفاتحة الكتاب)

«Құранның «Фатиха»-сі оқымаған кісінің намазы жоқ»¹.

Бұл хадистегі «намазы жоқ» деген сөз «Фатиха»-сыз оқылған намаздың затын емес, кәмілдігін теріске шығарады. Сондықтан «Фатиха» сүресін оқымаған адамның намазы дұрыс. Негізінде, бұл хадис «ахад» дәрежесінде болғандықтан, Құрандағы: «Құраннан жеңілдеуін оқындар. Араларында науқастардың бар екенін Аллаһ біледі. Тағы біреулер Аллаһтың кеңшілігін іздеп, жер кезіп жүр. Енді біреулер Аллаһ жолында күресіп жүр. Сондықтан Құраннан жеңілдеуін оқындар»² үкімін жоя алмайды.

Сондай-ақ имам Әл-Бұхари Әбу Һурайрадан, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

«..Сосын жадындағы Құраннан жеңілдеуін оқы..».

Ханафи мәзһабінің қағидаларында «мутауатир» хадистің бұйрығы кесімді дәлелге, ал «ахад» хадистің бұйрығы болжамды дәлелге жатады. Ханафи мәзһабінде «уәжіп» үкімінің «парыз» үкімінен бөлек қаралуы осыдан. Бұйрықтың уәжіптілігі кесімді дәлелмен бекітілсе, атқарылуы **парыз** болады, ал болжамды дәлелмен бекітілсе, **уәжіп** болады. Сол себептен «Фатиха»-ны оқу - намаздың парыздарынан емес, уәжіптерінен.

Парыз намаздарының әуелгі екі рәкәтінде «Фатиха»-ның оқылуы уәжіп. Кейінгі екі рәкәтінде оқылуы адамның ықтиярында. Алайда үтір мен сүннет намаздарының барлық рәкәтінде оқылуы уәжіп.

2. «Фатиха»-дан кейін қосымша бір сүренің оқылуы. Әбу Саъид, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أمرنا أن نقرأ بفاتحة الكتاب وما تيسر)

«Бізге Құранның «Фатиха»-сын және жеңілдеу сүресін оқуымыз бұйырылды»³.

Қосымша сүре дегеніміз - бір қысқа сүре немесе үш қысқа аят. Қосымша сүре парыз намазының әуелгі екі рәкәтінде ғана оқылады. Үтір мен сүннет намаздарының күллі рәкәтінде оқылады.

3. Парыз намазының әуелгі екі рәкәтінде Құран оқу. Әбу Қатада, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم يصلي بنا فيقرأ في الظهر والعصر في الركعتين الأولىين بفاتحة الكتاب وسورتين)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) бізбен намаз оқығанда бесін мен екіндінің әуелгі екі рәкәтінде «Фатиха» мен екі қосымша сүре оқитын»⁴.

4. «Фатиха»-ның қосымша сүреден бұрын оқылуы. «Фатиха» сүресінен бұрын қосымша сүре оқып қойылса, «Фатиха» сүресі оқылып, кейін қосымша сүре қайта оқылады.

5. Мұрын мен мандайдың сәждеге қоса қойылуы. Әбу Хамид Ас-Саъиди, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن النبي صلى الله عليه وسلم كان إذا سجد أمكن أنفه وجهته من الأرض)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) сәжде жасағанда жерге мұрны мен мандайын тигізетін»⁵.

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² «Мүззәммил» сүресі: 20

³ Мүслім жеткізді

⁴ Мүслім жеткізді

⁵ Ат-Тирмизи жеткізді

6. Намаздың ішкі парыздарының реттік тәртібін қадағалау. Мына хадисте келтірілген тәртіп бойынша: «Намазға тұрғаныңда тәкбір айт! Сосын жадындағы Құраннан жеңілдеуін оқы. Сосын белінді бүгіп, денең жайланғанша (*көтерілме*). Сосын көтеріліп, тік тұр. Сосын сәжде жасап, денең жайланғанша (*көтерілме*). Кейін отырыс жасап, денең жайланғанша (*сәжде жасама*). Сосын сәжде жасап, денең жайланғанша (*қиямға тұрма*). Сосын намазыңның барлық рәкәтінде осылай істе!»-дейді¹.

7. Әр ішкі парызда дене мүшелерінің сәл жайлануын күту. Жоғарыда келтірілген хадис намаздың әр ішкі парызында: бел бүгу мен қиям арасында, қиямға көтерілгенде, сәжде мен отырыс арасында, сәждеден отырысқа оралғанда, отырыстан екінші сәждеге барғанда дене мүшелерінің сәл жайлануын күтуді талап етеді. Намаз аяқталғанша ішкі парыздар асықпай жасалады. Бұл әрекет мұсылманға намаз бойы Аллаһ тағаланы есте ұстауға көмектеседі және зейінін арттырып, намазда шатасудан сақтайды. Рифаъа ибн Рафиъ, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا فعلت ذلك فقد تمت صلاتك، وإذا انتقصت منه شيئاً انتقصت من صلاتك)

«Бұны істесең, намазың кемеліне жетті. Бұдан бір нәрсе кемітсең, намазыңның кемелін кеміткен болдың»².

8. Бірінші отырыс. Отырыстың ұзақтығы тәшәһһудпен өлшенеді. Бірінші отырыс барлық намаздарда уәжіп. Әбу Бухайна, Аллаһ тағала оған разы болсын, айтты:

(صلى فقام في الركعتين فسبحوا فمضى فلما فرغ من صلاته سجد سجدتين ثم سلم)

«Бірде Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) *төрт рәкәт парыз намазын жамағатпен оқығанда* екі рәкәттан кейін *бірінші отырысты жасамай* тұрып кетеді. *Адамдар:* «Субханаллаһи»-деп ескертеді. *Алайда* ол намазды жалғастыра береді. Намазын аяғына жеткізгенде екі сәһу сәждесін жасап, сәлем береді»³.

9. Бірінші отырыста тәшәһһудтің оқылуы. Бұған жоғарыда келтірілген хадис дәлел болады. Ибн Масъуд, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(علمنا رسول الله صلى الله عليه وسلم إذا قعدنا في الركعتين أن نقول: التحيات لله)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) бізге екі рәкәттан кейін отырып, «әт-тахийяту лилләһи...»-ді айтуымызды бұйырды»⁴.

10. Тәшәһһудтан кейін үшінші рәкәғатқа бірден тұру. Намаз оқушы бірінші отырыстағы тәшәһһудтан кейін бір ішкі парызға кететін уақыт ұзақтығындай отырып қалса, сәһу сәждесін жасайды.

11. Соңғы отырыста тәшәһһудті оқу. Ибн Масъуд, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(علمني رسول الله صلى الله عليه وسلم التشهد كقبي بين كفيه كما يعلمني السورة من القرآن قال: التحيات لله، والصلوات، والطيبات، السلام عليك أيها النبي ورحمة الله وبركاته، السلام علينا وعلى عباد الله الصالحين، أشهد أن لا إله إلا الله، وأشهد أن محمداً عبده ورسوله)

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) қолдарымды екі алақанымен қысып, Құраннан сүре үйреткені секілді ташәһһуд сөздерін үйретті⁵:

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Ат-Тирмизи жеткізді

³ Ан-Насаи жеткізді

⁴ Ат-Тирмизи жеткізді

⁵ Ахмад жеткізді

التحيات لله، والصلوات، والطيبات، السلام عليك أيها النبي ورحمة الله وبركاته، السلام علينا وعلى عباده الصالحين، أشهد أن لا إله إلا الله، وأشهد أن محمداً عبده ورسوله

12. Сәлем беру. Сәлем беру дегеніміз - намаздан шығу үшін السلام عليك-деу. Қазақша мағынасы: «Сендерге есендік болсын!». Әли, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(مفتاح الصلاة الطهور، وتحريمها التكبير، وتحليلها التسليم)

«Тазалық - намаздың кілті. Тәкбір¹ намазға (қасиетті мінәжатқа) кіргізеді, ал сәлем беру шығарады»².

13. Үтір намазында құнұт дұғасын оқу және оның алдында тәкбір айту уәжіп.

14. Айт намазының тәкбірлері уәжіп.

15. Дауыстап оқылатын намазды дауыстап, құпия оқылатын намазды құпия оқу. Дауыстап оқу дегеніміз - өзгеге естіртіп оқу. Имамға таң намазының парызын, ақшам мен құптан намаздарының әуелгі екі рәкәтін, айт намаздарын, жұма намазын, тарауих намазын және рамадан айындағы үтір намазын дауыстап оқу уәжіп.

Құпия оқу дегеніміз - өзі ғана еститіндей оқу. Имам да, жалғыз оқушы да бесін мен екіндіні толық, ал ақшамның соңғы рәкәті мен құптанның соңғы екі рәкәтін ғана ішінен оқиды. Сонымен қатар жаңбыр тілеу намазы мен күн тұтылу намазын және күндізгі нәпіл намаздарын ішінен оқу уәжіп.

Жалғыз оқушы дауыстап оқылатын парызды дауыстап оқуына да, ішінен оқуына да болады. Алайда дауыстап оқығаны абзал. Түнгі нәпіл намазын қалай оқуы - өз ықтиярында. Абдулла ибн Әбу Қайс, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

سألت عائشة كيف كانت قراءة النبي صلى الله عليه وسلم بالليل أكان يسرُّ بالقراءة أم يجهر؟ فقالت: (كل ذلك قد كان يفعل ربما أسرُّ بالقراءة وربما جهر). فقلت: الحمد لله الذي جعل في الأمر سعة.

Мен Айшадан, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) түнгі нәпіліндегі қырағаты туралы: «Құранды ішінен оқыды ма, әлде дауыстап оқыды ма?»-деп сұрадым. Ол: «Мұның барлығын істеуші еді. Кейде ішінен оқитын, кейде дауыстап оқитын»-деді. Сонда мен: «Дінде жеңілдік жасаған Аллаһ тағалаға мақтау!»-дедім³.

16. Имамға ұюшының намазды имамға еріп оқуы. Имамға ұюшы рукуғ пен сәждені имамнан бұрын жасап қойса, бірден кері қайтуы керек. Өйткені алдындағы имам ілесу үшін тұр. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إنما جعل الإمام ليؤتم به فإذا ركع فاركعوا، وإذا رفع فارفعوا)

«Негізінде, имам өзіне (жамағат) ілесу үшін ғана қойылған. Ол рүкүғ жасағанда сендер де рукуғ жасандар! Ол көтерілгенде сендер де көтеріліңдер!»⁴.

Имам бірінші отырыстан кейін үшінші рәкәтқа тұрғанда ұюшы адам тәшәһһудті әлі аяқтамаसा, тәшәһһудті аяқтап тұрады. Өйткені тәшәһһуд - уәжіп. Сосын имамға еруін жалғастырады. Қырағат кезінде ұюшы адам имамға еріп Құран оқымайды. Оқылып жатқан аяттарды үндемей тыңдап тұрады.

Бесінші бөлім: Намаздың сүннеттері

¹ Тахрим тәкбірінің айтылуымен намаз сәлем берілгенше өзінен басқа адал істердің бәрін арам етеді.

² Әбу Дәуд жеткізді

³ Ат-Тирмизи жеткізді

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

Намаздың сүннеттері дегеніміз - намаздың бейнесін әсемдейтін сөздер мен қимылдар. Істелсе - сауап, істелмесе, күнәсі жоқ. Намаз сүннеттерінің атқарылмауы намаздың дұрыстығын теріске шығармайды, бірақ тасталуы мәкруһ танзиһан. Олардың істелмей қалуы саһу сәждесін талап етпейді.

Намаздың сүннеттері

1. Тахрим тәкбірін айтарда екі қолды көтеру. Ер адам екі қолын екі құлағының деңгейіне көтереді. Әйел кісі екі қолын иықтарына жақын көтереді. Бұлай істеуі - бөтен көздерден елеусіз болуы үшін.

Қол көтерілгенде қадағаланатын нәрселер:

- Алдымен, қол көтеріледі, сосын тахрим тәкбірі айтылады. Уайіл ибн Хажар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(قدمت المدينة فقلت لأظنن إلى صلاة رسول الله صلى الله عليه وسلم فكبر ورفع يديه حتى رأيت إبهاميه قريباً من أذنيه)

Мәдинаға келгенімде: «Әлбетте, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) намазына назар аударамын»-дедім. Ол тәкбір айтып, қолдарын көтергенде екі бас бармағын екі құлағына жақын апарғанын көрдім»¹.

- Намазда қол бір мәрте көтеріледі. Ханафи мен мәлики мәзһаптарында екі қол тек тахрим тәкбірі айтылғанда көтеріледі. Ибн Масъуд, Аллаһ тағала оған разы болсын, бірде жамағатпен намаз оқырда оларға қарап, былай деді:

(ألا أصلي بكم صلاة رسول الله صلى الله عليه وسلم. فصلى فلم يرفع يديه إلا في أول مرة)

«Мен сендермен намазды Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) намазына ұқсатып оқиын ба?». Сөйтіп, намаз оқығанда қолдарын әуелгі мәртеде (тәкбірде) ғана көтерді².

- Саусақ аралары қатты ашылмайды және қатты бірікпейді, кәдімгі қалпында ұсталады. Әбу Нурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان إذا كبر رفع يديه ناشراً أصابعه)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) тәкбір айтып, қолдарын көтергенде саусақ аралары *сәл* ашық болатын»³.

- Алақандар құбылаға қарайды.

- Басты еңкейтуге болмайды.

- Имамға ұюшы тахрим тәкбірі мен қол көтеруін имамға еріп жасайды. Озып кетуіне болмайды. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إنما جعل الإمام ليؤتم به فإذا ركع فاركعوا، وإذا رفع فارفعوا)

«Негізінде, имам өзіне (жамағат) ілесу үшін ғана қойылған. Ол рүкүғ жасағанда сендер де рүкүғ жасандар! Ол көтерілгенде сендер де көтеріліңдер!»⁴.

2. Оң қолды сол қолдың үстіне қою.

Сәһил ибн Саъд, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان الناس يؤمرون أن يضع الرجل يده اليمنى على ذراعه اليسرى في الصلاة)

«Адамдарға намазда әркім оң қолын сол қолының үстіне қойсын деп бұйырылды»⁵.

Ханафи мен ханбали мәзһабтарында⁶ ер адам қолдарын кіндіктің астына қояды. Әли, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

¹ Мүслім жеткізді

² Әбу Дәуд, Ан-Насаи және Ат-Тирмизи жеткізді.

³ Ат-Тирмизи жеткізді

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

⁵ Әл-Бұхари жеткізді

⁶ «Ал-Фикһ ал-Ислами уа Адиллатуһу»: 2/874

«Намазда оң қолды сол қолдың үстіне қойып, кіндіктен төмен ұстау - сүннет»¹.

Ер адам бас бармағымен және шынашағымен сол қолының білезігін орап және қалған үш саусағын білегінің үстіне жабыстырып, осы бейнеде кіндігінің астына қояды. Әйел кісі оң қолының алақанын сол қолының сыртына қойып, омырауына перде етіп, кеудесіне қояды.

3. «Пәктеу» немесе «Намаз ашу» дұғасын оқу. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان النبي صلى الله عليه وسلم إذا افتتح الصلاة قال: سبحانك اللهم وبحمدك، وتبارك اسمك، وتعالى جدك، ولا إله غيرك)

Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) намазды бастағанда: «Аллаһым, Сені дәріптеймін және мақтаймын! Есімің Сенің - даңқты! Ұлылығың - жоғары! Сенен өзге тәңір жоқ!»-дейтін². Бұл дұға «Пәктеу дұғасы» немесе «Намаз ашу дұғасы» деп аталады.

Дауыстап оқылатын намазда имам «Фатиха»-ны бастағанда оған енді ғана ұйыған кісі «пәктеу дұғасын» оқымай, «Фатиха» сүресін тыңдайды. Өйткені «Фатиха» сүресін тыңдау - уәжіп, ал «пәктеу дұғасын» айту - сүннет. Ішінен оқылатын намазда дұғаны оқиды.

Нәпіл намаздарында бұл дұғаға сүннетте келген басқа да арнайы дұғаларды қосып айтуға болады.

4. Құран оқудан бұрын: " أعوذ بالله من الشيطان الرجيم " - деп айту.

«Әбузу билләһи минаш-шайтанир-ражим» - «Рахымнан қуылған шайтаннан Аллаһпен қорғанамын».

«Әбузу»-ді айту имамға да, жалғыз оқушыға да сүннет. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай дейді:

﴿ فَإِذَا قَرَأْتَ الْقُرْآنَ فَاسْتَعِذْ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ ﴾

«Құран оқырда қуылған шайтанға қарсы Аллаһқа жалынып, қорғаныс ізде!»³.

Әбу Саьид, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم إذا قام إلى الصلاة بالليل كبر ثم يقول: سبحانك اللهم وبحمدك وتبارك اسمك وتعالى جدك ولا إله غيرك. ثم يقول: الله أكبر كبيراً. ثم يقول: أعوذ بالله السميع العليم من الشيطان الرجيم من همزه ونفخه ونفثه)

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) түнгі намазға тұрғанда тәкбір айтатын. Сосын: «Аллаһым, Сені дәріптеймін және мақтаймын! Есімің Сенің - даңқты! Ұлылығың - жоғары! Сенен өзге тәңір жоқ!»-дейтін. Сосын: «Аллаһ өте ұлы!»-дейтін. Сосын: «Қуылған шайтаннан және оның азғыруынан, дуалауынан, сілекейінен Естуші әрі Білуші Аллаһпен қорғанамын»⁴.

Әбу Ханифа мен Мұхаммедтің көзқарасында имамға ұюшы «Әбузу»-ді айтпайды. Өйткені «Әбузу» Құран оқу үшін айтылады, ал имамға ұюшы қиямда Құран оқымайды. Әбу Юсуф, керісінше, былай деді: «Шайтанның азғыруын қақпайлау үшін имамға ұюшы «Әбузу»-ді айту керек».

5. «Бисмиллә»-ні айту. " بسم الله الرحمن الرحيم " дауыстап оқылатын намазда да, ішінен оқылатын намазда да ішінен айтылады.

«Фатиха» мен қосымша сүренің алдында «Бисмилләһир-рахманир-рахим»-ді айту - сүннет. Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(صليت خلف رسول الله صلى الله عليه وسلم وأبي بكر وعمر وعثمان رضي الله عنهم فلم أسمع أحداً منهم يجهر بيسم الله الرحمن الرحيم)

¹ Ахмад пен Әбу Дәуд жеткізді

² Ат-Тирмизи жеткізді

³ «Нахл» сүресі: 98

⁴ Ат-Тирмизи жеткізді

«Аллаһтың елшісінің де (саллаллаһу алайһи уа саллам), Әбу Бәкірдің де, Омардың да, Османның да арттарында тұрып, намаз оқығанымда біреуінің «Бисмилләһир-рахманир-рахим»-ді дауыстап оқығанын естімедім»¹.

6. «Фатиха»-ның соңында «әмин»-ді айту. "آمين" сөзінің һәмзәсі созылып айтылады. "آمين" сөзінің мағынасы: «Аллаһым! Дұғамызға жауап берші!».

«Әмин»-ді айту имамға да, оған ұюшыға да, жалғыз оқушыға да сүннет. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا أمن الإمام فأمنوا، فإنه من وافق تأمينه تأمين الملائكة غفر له ما تقدم من ذنبه)

«Имам «әмин» дегенде сендер де «әмин» деңдер! Расында, кімнің «әмині» періштелердің «әминіне» дәл келсе, өткен күнәләрі кешіріледі»².

Ханафи мен мәлики мәзһабтарында «әмин» әрдайым жасырын айтылады. Олар Ибн Масъудтің мына сөзін негізге алады:

(أربع يخفيهن الإمام: التعوذ والتسمية والتأمين والتحميد)

«Имам төрт нәрсені жасырын айтады: «әбузу»-ді, «бисмиллә»-ні, «әмин»-ді және «Раббана лака ал-хамд»-ті»³. Имамға тәкбірді, «самияллаһу лиман хамидах»-ті және сәлемді дауыстап айту сүннет.

7. «Самияллаһу лиман хамидах» пен «Раббәна ләкәл-хамд»-деп айту.

Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا قال الإمام سمع الله لمن حمد. فقولوا: اللهم ربنا لك الحمد. فإنه من وافق قوله قول الملائكة غفر له ما تقدم من ذنبه)

«Имам: «Самияллаһу лиман хамидах»-дегенде, сендер: «Аллаһумма, Раббәнә ләкәл-хамд»-деп айтыңдар! Расында, кімнің сөзі періштелердің сөзіне дәл келсе, өткен күнәләрі кешіріледі»⁴.

Имам «Самияллаһу лиман хамидах»-ті дауыстап, «Раббана лака ал-хамд»-ті ішінен айтады. Жалғыз оқушы екеуін де ішінен айтады. Имамға ұюшы «Раббәнә лака ал-хамд»-ті айтып, «Самияллаһу лиман хамидах»-ті айтпайды.

8. Екі аяқтың арасын ашып ұстау.

Ханафи мәзһабінде екі аяқтың арасы төрт бармақ көлемінде ашылуы ұнамды. Мұндағы мақсат - Аллаһ тағаланың алдында құлдың жүрегімен қатар дене қалпының бой ұсынып төмендеуі. Шафиғи мәзһабында екі аяқтың арасы бір қарыс көлемінде, ал мәлики мен ханбали мәзһабтарында орта қалыпта болуы ұнамды: тым жақындамайды және тым алыстамайды. Мұның бәрі - төрт имамның ұнамды көрген ижтиһадтары.

9. Таң және бесін намаздарында ұзын сүре, екінді мен құптанда орташа сүре, ақшамда қысқа сүре оқу.

Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(ما رأيت أحداً أشبه صلاة بصلاة رسول الله صلى الله عليه وسلم من فلان لرجل كان أميراً على المدينة قال سليمان وصليت خلفه فكان يطيل الأوليين من الظهر ويخفف الأخيرين ويخفف العصر، ويقرأ في الركعتين الأوليين من المغرب بقصار المفصل، ويقرأ في الركعتين الأوليين من العشاء بوسط المفصل، ويقرأ في الصبح بطوال المفصل)

«Мәдинаның әміршісі болған пәленше намазын Аллаһтың елшісіне (саллаллаһу алайһи уа саллам) ұқсатып оқитын. Одан басқа ұқсайтын намазды ешкімнен көрмедім. Сүлеймен ибн Ясар былай деді: Оның артында тұрып намаз оқыдым. Бесіннің алғашқы екі рәкәтін созып, кейінгі екеуін жеңілірек оқитын. Екіндіні де жеңілірек оқитын. Ақшамның алғашқы екі

¹ Ан-Насаи жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ «Фатх ал-Қадир»: 1/204. Хадисті Ибраһим Ан-Нахаъидан Ибн Әбу Шәйба жеткізді.

⁴ Мүслім жеткізді

рәкәтінде қысқа сүрелерді оқитын. Құптанның алғашқы екі рәкәтінде орташа сүрелерді оқитын. Таң намазында ұзақ сүрелерді оқитын»¹.

Ұзын сүрелер дегеніміз - «Хужурат» пен «Буруж» сүрелерінің арасындағы сүрелер. Орташа сүрелер дегеніміз - «Буруж» бен «Бәйина» сүрелерінің арасындағы сүрелер. Ал қысқа сүрелер дегеніміз - «Бәйина» мен «Нас» сүрелерінің арасындағы сүрелер.

Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان يقرأ في صلاة الصبح يوم الجمعة ألم تنزيل السجدة وهل أتى على الإنسان)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) жұма күнгі таң намазында «Сәжде» мен «Инсан» сүрелерін оқитын»².

Ескерту

- Бұл сүннетті орындағысы келген имам жолаушылардың, науқастардың, жұмысқа асыққандардың жағдайларын қадағалауы шарт. Ансарлық Әбу Мас'уд, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(جاء رجل إلى رسول الله صلى الله عليه وسلم فقال: إني لأتأخر عن صلاة الصبح من أجل فلان. مما يطيل بنا. فما رأيت النبي صلى الله عليه وسلم غضب في موعظة قط أشد مما غضب يومئذ. فقال: (يا أيها الناس إن منكم مُنْفَرِّين. فأياكم أم الناس فليوجز.

فإن من ورائه الكبير والضعيف وذا الحاجة)

Бір кісі Аллаһтың елшісіне (саллаллаһу алайһи уа саллам) келіп, шағынады: «Мен бәленшенің кесірінен таң намазын жамағаттан кешігіп оқимын. Өйткені ол таң намазын бізбен ұзақ оқиды». Бұны естіген Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) ашуланып уағыз айтқанын бұрын-соңды көрген емеспін. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) сонда былай деді: «Ей, адамдар! Араларыңда адамдарды қаштыратындарың бар екен. Кім адамдарға имам болса, намазды жеңіл оқысын! Өйткені, жамағаттың ішінде қарт, әлсіз және шұғыл істі адамдар бар»-деді.

- Имамдыққа ұсынылған адам бір сүре ғана жаттаса, оны екі рәкәтта да оқуына болады. Муаз ибн Абдулла, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن رجلاً من جهينة أخبره أنه سمع النبي صلى الله عليه وسلم (يقراً في الصبح إذا زلزلت الأرض. في الركعتين كليهما)

Жуһайна руынан болған бір кісіден таң намазының екі рәкәтінде пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) «Залзала» сүресін оқығанын естіген екен³.

10. Бірінші рәкәт екінші рәкәттан ұзағырақ болады. Әсіресе, таң намазында. Әбу Қатада, Аллаһ тағала оған разы болсын, айтты:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم يصلي بنا فيطيل في الركعة الأولى من الظهر ويقصر في الثانية. وكذلك في الصبح)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) бізбен намаз оқығанда бесіннің бірінші рәкәтін ұзақ, екінші рәкәтін қысқа оқитын. Таң намазында да осылай істейтін»⁴.

Екінші рәкәттің бірінші рәкәттан ұзағырақ болуы мәкруһ танзиһан.

11. Рүкүғ пен сәжде жасағанда және екеуінен көтерілгенде «Аллаһу әкбар»-деу. Ибн Мас'уд, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم يكبر في كل خفضٍ ورفعٍ وقيامٍ وقعودٍ وأبو بكرٍ وعمر)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) намазда еңкейген сайын және көтерілген сайын, сондай-ақ тұрған сайын және отырған сайын: «Аллаһу әкбар»-дейтін. Әбу Бәкір мен Омар да, Аллаһ тағала оларға разы болсын, осылай істейтін»⁵.

¹ Әл-Байһақи жеткізді

² Ибн Мажа жеткізді

³ Әбу Дәуд жеткізді

⁴ Ибн Мажа жеткізді

⁵ Ат-Тирмизи жеткізді

12. Рүкүфтағы сүннетер.

1 - Саусақ араларын ашып, екі қолды екі тізеге қою және шынтақтарды екі бүйірден көтеріңкі ұстау. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Анасқа, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(يا أنس إذا ركعت فأمكن كفيك من ركبتيك، وفرّج بين أصابعك، وارفع مرفقك عن جنبك)

«Әй, Анас! Екі қолыңды екі тізеңе қойып, саусақ араларын ашық ұста және шынтақтарыңды екі бүйіріңнен көтер»¹.

2 - Арқаны бүкпей түзу ұстау. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم إذا ركع استوى فلو صبَّ على ظهره الماء لاستقر)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) рүкүф жасағанда арқасын түзу ұстайтын. Егер арқасына су құйылса, су төгілмес еді»².

3 - Бас бөксе деңгейімен түзетіледі. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم إذا ركع لم يُشخص رأسه ولم يُصوّبه ولكن بين ذلك)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) рүкүфта басын (бөксе деңгейінен) жоғары көтермейтін және төмен түсірмейтін, осы аралықта ұстайтын»³.

4 - Аяқты бүкпей тік ұстау.

5 - Рүкүфта "سبحان ربي العظيم"-ды айту. Ғуқба ибн Ғамир, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(لما نزلت: ﴿فَسَبِّحْ بِاسْمِ رَبِّكَ الْعَظِيمِ﴾ قال لنا رسول الله صلى الله عليه وسلم: (اجعلوها في ركوعكم). فلما نزلت: ﴿سَبِّحْ

اسْمَ رَبِّكَ الْأَعْلَى﴾ قال لنا رسول الله صلى الله عليه وسلم: (اجعلوها في سجودكم)

﴿سَبِّحْ بِاسْمِ رَبِّكَ الْعَظِيمِ﴾ аяты түскенде Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) бізге:

«Мұны рүкүфта қылындар!»-деді. ﴿سَبِّحْ اسْمَ رَبِّكَ الْأَعْلَى﴾ аяты⁵ түскенде: «Мұны сәждеде қылындар!»-деді⁶.

Бұл сөзді ең азы үш рет айту сүннет. Жалғыз оқушыға бұдан көбірек айтса да болады. Ибн Масъуд, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا ركع أحدكم فليقل ثلاث مرات سبحان ربي العظيم وذلك أدناه، وإذا سجد فليقل سبحان ربي الأعلى ثلاثاً وذلك أدناه)

«Сендерден біреу рүкүф жасаса, үш мәрте «субхана рабби ал-азим»-десін және бұл - ең азы. Ал сәжде жасаса, үш мәрте «субхана рабби ал-әъла»-десін және бұл - ең азы»⁷.

Рукуф пен сәждеде дұға тек тәһәжжуд намазында ғана айтылады.

6 - Рукуфтан асықпай көтерілу. Сәбит былай деді:

(كان أنس ينعت لنا صلاة النبي صلى الله عليه وسلم فكان يصلي وإذا رفع رأسه من الركوع قام حتى نقول قد نسي)

Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, бізге пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) намазын бейнелеп көрсетті. Рүкүфтан ақырын көтерілгенде біз бір-бірімізге: «Рүкүфтан көтерілуді ұмытып кеткенге ұқсайды?!»-дедік⁸.

¹ «Мажмағ аз-Зауаид»: 1/271

² «Мажмағ аз-Зауаид»: 2/123

³ Мүслім жеткізді

⁴ «Хаққа» сүресі: 52

⁵ «Әъла» сүресі: 1

⁶ Ибн Мажа жеткізді

⁷ Әбу Дәуд жеткізді

⁸ Әл-Бұхари жеткізді

13. Сәжде жасағанда, алдымен тізе, сосын қол, сосын маңдай мен мұрын қойылады. Уәил ибн Хужр, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(رَأَيْتَ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا سَجَدَ يَضَعُ رِجْلَيْهِ قَبْلَ يَدَيْهِ، وَإِذَا نَهَضَ رَفَعَ يَدَيْهِ قَبْلَ رِجْلَيْهِ)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) сәжде жасағанда *жерге* тізелерін қолдарынан бұрын қойғандығын көрдім. Ал тұрғанда қолдарын тізелерінен бұрын көтеретін»¹. Ханафи, шафиғи және ханбали мәзһаптарында сәжде осылай жасалады, ал мәлики мәзһабінде керісінше.

Сәжде сүннеттері

1 - Бет екі қолдың ортасына қойылады. Уәил ибн Хужр, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(لَمَّا سَجَدَ، سَجَدَ بَيْنَ كَفْيِهِ)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) сәжде жасағанда бетін екі қолының арасына қойды»².

Әбу Хамид, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أَنَا أَعْلَمُكُمْ بِصَلَاةِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَذَكَرَ الْحَدِيثَ وَفِيهِ قَالَ: (ثُمَّ سَجَدَ فَأَمَكَنَ أَنْفَهُ وَجِبْهَتَهُ وَنَحَى يَدَيْهِ عَنِ جَنْبَيْهِ وَوَضَعَ كَفْيَهُ حَذْوَ مَنْكِبَيْهِ)

«Мен сендерге Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) намазын үйретемін»-деп, хадисті айтып берді. *Хадисе* былай делінгені бар: «..Сосын мұрны мен маңдайын жерге тигізді. Білектерін екі бүйірінен шеттетіп, алақандарын *жерге* иықтарымен қатарластыра қойды»³.

2 - Саусақтар мен башпайлардың құбылаға қарауы. Әбу Хамид, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) сәждесін сипаттап, былай деді:

(إِذَا سَجَدَ وَضَعَ يَدَيْهِ غَيْرَ مَفْتَرَشٍ وَلَا قَابِضَهُمَا، وَاسْتَقْبَلَ بِأَطْرَافِ أَصَابِعِ رِجْلَيْهِ الْقِبْلَةَ)

«Сәжде жасағанда саусақ араларын қатты ашпайтын және біріктірмейтін. Сондай-ақ аяқ башпайларын құбылаға бағыттайтын»⁴.

3 - Тізелердің арасы ашық болады. Шынтақтар екі бүйірден алшақ тұрады. Іш екі саннан көтеріңкі ұсталады. Маймуна, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا سَجَدَ لَوْ شَاءَتْ بَهْمَةَ أَنْ تَمُرَّ بَيْنَ يَدَيْهِ لَمَرَّتْ)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) сәжде жасағанда саны мен екі қолының арасынан өткісі келген қозы өтер еді»⁵.

Тамру ибн Харис, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا سَجَدَ يُجَنِّحُ فِي سَجُودِهِ حَتَّى يُرَى وَضَحَ إِبْطِيهِ)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) сәжде жасағанда білектерін жерден көтеріңкі ұстайтын, тіпті қолтықтарының ақтығы анық көрінетін»⁶.

Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(اعْتَدَلُوا فِي السُّجُودِ وَلَا يَبْسُطْ أَحَدُكُمْ ذِرَاعِيَهُ انْبِساطَ الْكَلْبِ)

«Сәждеде денелеріңді түзу ұстандар! Ешкім білегін иттің жатысындай жерге жайып ұстамасын»⁷.

¹ Ат-Тирмизи жеткізді

² Мүслім және Әбу Дәуд жеткізді

³ Әл-Байһақи жеткізді

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

⁵ Мүслім жеткізді

⁶ Мүслім жеткізді

⁷ Мүслім жеткізді

4 - Әйел кісі ішін санына тигізіп, қолдарын екі бүйіріне тигізіп ұстайды. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) намаз оқып, сәжде жасаған екі әйелдің қасынан өткенде екеуіне:

(إذا سجدتما فضا بعض اللحم إلى الأرض، فإن المرأة ليست في ذلك كالرجل)

«Сәжде жасағанда денелеріңнің біразын жерге тигізіндер. Өйткені бұл қалыпта сендер еркектермен бірдей емессіндер»-деді¹.

5 - Сәждеде "سبحان ربي الأعلى"-ны айту. Букба ибн Бамир, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(لما نزلت: ﴿فَسَبِّحْ بِاسْمِ رَبِّكَ الْعَظِيمِ﴾ قال لنا رسول الله صلى الله عليه وسلم: (اجعلوها في ركوعكم). فلما نزلت: ﴿سَبِّحْ اسْمَ رَبِّكَ الْأَعْلَى﴾ قال لنا رسول الله صلى الله عليه وسلم: (اجعلوها في سجودكم)

﴿فَسَبِّحْ بِاسْمِ رَبِّكَ الْعَظِيمِ﴾ аяты түскенде Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) бізге:

«Мұны рүкүғта қылындар!»-деді. ﴿سَبِّحْ اسْمَ رَبِّكَ الْأَعْلَى﴾ аяты³ түскенде: «Мұны сәждеде қылындар!»-деді⁴.

14. Сәждеден асықпай көтерілу.

15. Отырыста сол аяққа басылып отыру және оң аяқтың тік қойылуы. Оң аяқтың беті мен башпайлары құбылаға бағытталады. Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(من سنة الصلاة أن تنصب القدم اليمنى واستقباله بأصابعها القبلة والجلوس على اليسرى)

«Оң аяқты тік ұстап, башпайларын құбылаға бағыттау және сол аяққа басылып отыру сүннет»⁵.

Әйел кісі сол аяғын оң санының астынан шығарып, жамбасына басылып отырады.

16. Барлық отырыста екі қолдың екі санға қойылуы.

Оң қол оң санның, сол қол сол санның үстіне қойылады және саусақ ұштары тізеге жақын болады. Тізені алақанмен ұстамайды.

17. «Әттахият»-тағы «Әшһәду әллә иләһә илләллаһи» сөзінің «әллә иләһә» бөлігінде оң қолдың сұқ саусағын көтеріп, «илләллаһи» бөлігінде саусақты түсіру.

Абдулла ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, намаз оқып отырған бір кісінің қасынан өтеді. Ол кісі намаз отырысында қолымен бір ұсақтасты қозғап отырады. Намазын аяқтағанда Абдулла ибн Омар оған:

(لا تحرك الحصى وأنت في الصلاة فإن ذلك من الشيطان ولكن اصنع كما كان رسول الله صلى الله عليه وسلم يصنع قال وكيف كان يصنع قال: (فوضع يده اليمنى على فخذه اليمنى وأشار بأصبعه التي تلي الإبهام في القبلة ورمى بصره إليها أو نحوها ثم قال هكذا رأيت رسول الله صلى الله عليه وسلم يصنع)

«Намазда болғаныңда қолыңмен ұсақтасты қозғама, өйткені бұл іс - шайтаннан. Алайда, Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) істегендей істе»-дейді. Ол кісі: «Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) қалай істейтін еді?»-деп сұрайды. Абдулла ибн Омар оған: «Оң қолын оң санына қойып, сұқ саусағымен құбылаға сілтейтін және көзімен саусағының дәл өзіне немесе соның тарапына қарайтын. Сосын: «Мен Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) осылай істегенін көрдім»-дейді⁶.

Абдулла ибн Зубайр, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان النبي صلى الله عليه وسلم يشير بأصبعه إذا دعى و لا يحركها)

¹ Әл-Байһақи жеткізді

² «Хаққа» сүресі: 52

³ «Әъла» сүресі: 1

⁴ Ибн Мажа жеткізді

⁵ Ан-Насаи жеткізді

⁶ Ан-Насаи жеткізді

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) отырыста дұға жасағанда сұқ саусағымен сілтейтін және оны қозғалтпайтын»¹.

Ибн Зубайр, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان يشير بالسبابة ولا يحركها ولا يجاوز بصره إشارته)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) сұқ саусағымен нұсқайтын және оны қозғалтпайтын. Сондай-ақ назары нұсқаушы саусағынан аспайтын»².

Осы хадистердің негізінде ханафи, шафиғи және ханбали мәһәптарында сұқ саусақты қозғалтпайды.

18. Соңғы отырыста тәшәһһудтан кейін пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) салауат тілеу.

Салауаттың бейнесі:

"اللَّهُمَّ صَلِّ عَلَى مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ كَمَا صَلَّيْتَ عَلَى إِبْرَاهِيمَ وَعَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ، وَبَارِكْ عَلَى مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ كَمَا بَارَكْتَ عَلَى إِبْرَاهِيمَ وَعَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ فِي الْعَالَمِينَ إِنَّكَ حَمِيدٌ مُجِيدٌ"

«Аллаһым! Ибраһимді және оған ергендерді рахымыңа бөлегеніндей Мұхаммедті және оның дініне ергендерді рахымыңа бөлеші. Ибраһимға және оған ергендерге береке бергеніндей Мұхаммедке және оның дініне ергендерге береке берші. Расында, Сен - аса мақтаулысың және өте ардақтысың».

Намаздан тыс кезде пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) атын айтқан немесе естіген әрбір мұсылман -деп, салауат тілеуі уәжіп.

19. Салауаттан кейін дұға айту. Надла ибн Убайдулла, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا صلى أحدكم فليبدأ بتحميد الله والثناء عليه، ثم ليصل على النبي صلى الله عليه وسلم، ثم ليدع بعد بما شاء)

«Сендерден біреу намаз оқыса, алдымен, Аллаһты дәріптеп, мақтасын. Сосын маған салауат тілесін. Сосын қалаған дұғасын жасасын»³.

Дұғаның Құраннан немесе сүннеттен болғаны жөн.

Құранда келген дұғалардан:

﴿رَبَّنَا آتِنَا فِي الدُّنْيَا حَسَنَةً وَفِي الْآخِرَةِ حَسَنَةً وَقِنَا عَذَابَ النَّارِ﴾

«Раббымыз, бізге дүниеде де жақсылық бере гөр, ақыретте де жақсылық бере гөр және бізді от азабынан сақтай гөр»⁴.

﴿رَبَّنَا لَا تُرِغْ قُلُوبَنَا بَعْدَ إِذْ هَدَيْتَنَا وَهَبْ لَنَا مِنْ لَدُنْكَ رَحْمَةً إِنَّكَ أَنْتَ الْوَهَّابُ﴾

«Раббымыз, бізді тура жолға салғаннан кейін жүрегімізді одан ауытқыта көрме. Және бізге Өз қасыңнан рахым сыйлашы. Расында, Сен – берегенсін»⁵.

Сүннетте келген дұғалардан:

"اللَّهُمَّ إنا نعوذ بك من عذاب جهنم. ونعوذ بك من عذاب القبر. ونعوذ بك من فتنة المسيح الدجال. ونعوذ بك من فتنة المحيا والممات "

¹ Ахмад, Әбу Дәуд және Ан-Насаи жеткізді

² Ахмад, Әбу Дәуд, Ан-Насаи және Ибн Хиббан сахихында жеткізді

³ Ат-Тирмизи жеткізді

⁴ «Бақара» сүресі: 201

⁵ «Әли Ғимран» сүресі: 8

«Аллаһым! Біз жаһаннамның азабына қарсы Сенен пана тілейміз. Және қабір азабына қарсы Сенен пана тілейміз. Және Тажалдың арбауына қарсы Сенен пана тілейміз. Және өмір мен өлімнің арбауына қарсы Сенен пана тілейміз».

"اللهم اني أسألك الثبات في الأمر والعزيمة على الرشد، وأسألك شكر نعمتك وحسن عبادتك، وأسألك قلباً سليماً ولساناً صادقاً، وأسألك من خير ما تعلم وأعوذ بك من شر ما تعلم وأستغفرك لما تعلم "

«Аллаһым, Сенен істе табандылық және дұрыс іске шешімділік сұраймын. Нығметіңе шүкіршіл етіп, құлшылықты жақсы атқаруымды сұраймын. Сау жүрек пен шыншыл тіл сұраймын. Өзің білетін жақсылықтан сұраймын Өзің білетін жамандықтан Сенімен қорғанамын. Сондай--ақ Өзің білетін күнәләрімді кешіруінді сұраймын».

20. Сәлем бергенде басты оң жаққа және сол жаққа бұру. Ибн Масъуд, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان يسلم عن يمينه السلام عليكم ورحمة الله متى يرى بياض خده الأيمن. وعن يساره السلام عليكم ورحمة الله حتى يرى بياض خده الأيسر)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) оң жағына: «ас-саламу алайкум уа рахматуллаһи»-деп сәлем бергенде оң жақ бетінің ақтығы көрінетін, ал сол жағына: «ас-саламу алайкум уа рахматуллаһи»-деп сәлем бергенде сол жақ бетінің ақтығы көрінетін»¹. Сәлемнің сырын Қаффал аш-Шаши былай түсіндіреді: «Намазға берілуімен мұсылман айналасындағы адамдардан көңілін тоқтатады. Намазын аяқтағанда сәлем айтуымен адамдарға көңіл бөлуге кіріседі»².

21. Сәлем тілегенде қадағаланатын істер

- 1 - Оң жаққа сәлем бергенде дауыс көтеріңкі болады. Сол жаққа сәлем бергенде дауыс төмен болады.
- 2 - Имам Әбу Ханифаның көзқарасында имамға ұюшы сәлемді имамға еріп жасайды. Әбу Юсуф пен Мұхаммедтің көзқарасында имамға ұюшы имамнан кейін айтады.
- 3 - Оң жақтан басталуы.
- 4 - Сәлем бергенде амалдарды жазушы періштелерге, жамағатқа және саликалы жындарға есендік тілеу ниетінің жасалуы.
- 5 - Намаздың әуелгі рәкәтіне үлгермеген адам намазын толықтыру үшін имам екі жаққа сәлем бергенде тұрады.

22. Намаздан кейін Аллаһ тағаланы еске алу. Намаздан кейін зікір айтып, дұға жасау сүннет. Таң мен екінді намаздарынан кейін бірден кірісуге болады. Өйткені олардан кейін бекітілген сүннет намазы жоқ. Артында бекітілген сүннет намазы бар парыздан кейін бірден зікір мен дұға жасау мәкрүһ. Сол себептен бесін, ақшам және құптанның парыздары артында бекітілген сүннеттер болғандықтан, зікір мен дұғаны сүннеттерді атқарған соң жасаған ұнамды. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان النبي صلى الله عليه وسلم إذا سلم، لم يقعد. إلا بمقدار ما يقول: اللهم أنت السلام ومنك السلام. تباركت يا ذا الجلال والإكرام)

Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) сәлем берген соң: «Аллаһумма, энта ас-салам уа минка ас-салам. Табаракта йа зәл-жалали уа ал-икрам» -деп айтылатын көлемде ғана отыратын³.

¹ Ан-Насаи жеткізді

² «Мұғни ал-Мухтаж»: 1/177

³ Мүслім жеткізді

Самра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان النبي صلى الله عليه وسلم إذا صلى صلاة أقبل علينا بوجهه)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) намазын аяқтағанда бұрылып, бізге қарайтын»¹.

Саубан, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم إذا انصرف من صلاته استغفر ثلاثاً و قال: اللهم أنت السلام ومنك السلام. تباركت يا ذا الجلال والإكرام)

Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) сәлемнен кейін үш мәрте истиғфар айтатын, сосын: «Аллаһумма, энта ас-салам уа минка ас-салам. Табаракта йа зәл-жалали уа ал-икрам»-дейтін². Истиғфар дегеніміз: «Әстағфирулла»-деп Аллаһтан кешірім сұрау.

Аллаһ тағаланы еске алу сөздерінің немесе зікірлердің кейбірін мысалға келтірейік:

Муғира ибн Шуьба, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) парыз намаздарынан кейін былай зікір жасағанын айтты³:

"لا إله إلا الله وحده لا شريك له، له الملك، وله الحمد، وهو على كل شيء قدير. اللهم لا مانع لما أعطيت، ولا معطي لما منعت، ولا ينفع ذا الجند منك الجند"

«Бір Аллаһтан басқа тәңір жоқ. Оның серігі жоқ. Шексіз билік те Оған тән. Мақтау да Оған тән. Және Оның бүкіл нәрсеге құдіреті жүреді. Аллаһым, Сенің бергеніңді қайтарушы жоқ және Сенің қайтарғаныңды беруші жоқ...».

Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(جاء الفقراء إلى النبي صلى الله عليه وسلم فقالوا: ذهب أهل الدُّنور من الأموال بالدرجات الغُلا والنعيم والمقيم: يصلون كما نصلي، ويصومون كما نصوم، ولهم فضل من أموال، يحجون بها ويعتمرون، ويجاهدون ويتصدقون. قال: (ألا أحدثكم بأمر إن أخذتم به، أدركتم من سبقكم، ولم يدرككم أحد بعدكم، وكنتم خير من أنتم بين ظهرائيه، إلا من عمل مثله؟ تسبحون وتُحمدون وتكبرون خلف كل صلاته ثلاثاً وثلاثين)

Бір күні пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) пақырлар келіп: «Ауқатты байлар зор дәрежелерге иеленетін болды. Өйткені біз оқыған намазды олар да оқиды. Біз ұстаған оразаны олар да ұстайды. Тағы олардың дүниесі де біздікінен асып түседі. Онымен қажылықтың үлкеніне де, кішісіне де бара алады. Тағы олар Аллаһ жолында күреседі және садақа береді»-дейді. Ол (саллаллаһу алайһи уа саллам): «Сендерді бір іске нұсқайын да?! Оны атқарсаңдар, оларды қуып жетесіңдер. Алайда сендерді ешкім қуып жете алмайды. Оны істемейінше, араларыңда сендерден ешкім жақсырақ бола алмайды. Әр намаздың соңында Аллаһты отыз үш рет пәктендер, мақтаңдар және ұлықтаңдар»⁴.

Пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) парыз намазы мен сүннет намазының арасын зікірмен бөлгендігі жөнінде ешнәрсе бекітілмеген. Тек ақшам намазының парызынан кейін Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) басылып отырып, төмендегі хадистегі дұғаны он мәрте айтуы үшін отыратын.

Абдрахман ибн Ғанам, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Әл-Бұхари жеткізді

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

(من قال قبل أن ينصرف ويشي رجله من صلاة المغرب والصبح: لا إله إلا الله وحده لا شريك له، له الملك وله الحمد، بيده الخير، يحيي ويميت، وهو على كل شيء قدير عشر مرات، كتب له بكل واحدة عشر حسنات، ومحيت عنه عشر سيئات، ورفع له عشر درجات، وكانت حرزاً من كل مكروه، وحرزاً من الشيطان الرجيم، ولم يحل لذنب يدركه إلا الشرك، فكان أفضل الناس عملاً إلا رجلاً يفضلته، يقول أفضل مما قال)

«Кім ақшам мен таң намаздарының соңында басылып отырып: «Бір Аллаһтан басқа тәңір жоқ. Оның серігі жоқ. Шексіз билік Оған тән. Мақтау да Оған тән. Жақсылық - Оның қолында. Тірілтеді және өлтіреді. Және Оның бүкіл нәрсеге күдіреті жүреді»-деп он мәрте айтпайынша орнынан тұрмаса, оған әр мәрте үшін он жақсы іс жазылып, он жаман ісі өшіріледі. Тағы он дәрежеге көтеріліп, түрлі жамандық пен қуылған шайтаннан қорғалады. Сонымен қатар ширктен басқа күнәсі кешіріледі. Сонда ол адамдардың арасында ең абзал амал істеген болады, әрине, егер біреу одан абзалырақ айтпаған болса»¹.

Алтыншы бөлім: Намаздың әдептері

Әдеп сөзінің тілдік мағынасы: көркем мінез және өнегелі жүріс-тұрыс.

Шарифаттағы мағынасы: Аллаһтың елшісі тарапынан (саллаллаһу алайһи уа саллам) әрдайым емес, бір немесе екі мәрте атқарылған іс. Әдеп сүннетті толықтыратындықтан ұнамды іске жатады.

Намаздың әдептері

1. Тахрим тәкбірі кезінде алақанды жеңнен шығарып көтеру. Бұл әдеп көйлегінің жеңі ұзын ер кісіге ғана қатысты. Әйтпесе, әдепсіз болады. Әйел кісі, керісінше, қолдары ашылып қалмас үшін екі алақанын жасырып көтереді.

2. Қиямда көздің сәжде орнына, рүкүғта екі аяқтың үстіне, сәждеде мұрын ұшына, отырыста тізеге, сәлемде иықтарға қарау. Назардың бір жерге орнығуымен көңіл де Бір Аллаһ тағалаға беріледі. Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Жебірейіл (алайһи ас-салам) пайғамбарымыздан (саллаллаһу алайһи уа саллам) ихсан туралы сұрағанда:

(أن تعبد الله كأنك تراه، فإن لم تكن تراه فإنه يراك)

«Ихсан дегеніміз - Аллаһқа көріп тұрғанындай құлшылық етуің. Сен оны көре алмағаныңмен, әлбетте, Ол сені көреді»-деп жауап береді².

3. Себепсіз босқа жөтелмеу және кекірмеу. Әйтпесе намаз бұзылады.

4. Есінеуді қайтару. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(التأؤب في الصلاة من الشيطان فإذا تءأب أحدكم فليكظم ما استطاع)

«Намазда есінеу - шайтаннан. Кімге есінеу келсе, қолдан келгенше қайтаруға тырыссын!»³.

5. Қамат айтушы: «хаййа алал-фалах»-дегенде имам да, жамағат та намазға тұрады. Өйткені, қамат - бұйрық және оны орындау қажет.

¹ Ахмад жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Ат-Тирмизи жеткізді

6. Имам Әбу Ханифаның көзқарасында қамат айтушы: «қад қаматис-солату»-дегенде имам намазды бастайды. Әбу Юсуп пен Мұхаммедтің көзқарастарында имам намазды қамат аяқталғанда бастайды.

7. Мұсылман намазға тұрарда алдынан адамдар өтпеуі үшін, алдына белгі қойғаны дұрыс. Бұны фиқһта "الستره" - «сутра» деп атайды. Абдумәлик ибн ар-Рабиғ әкесінен, ол атасынан, Аллаһ тағала оларға разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегені жеткізді:

(إذا صلى أحدكم فليستتر لصلاته ولو بسهم)

«Сендерден біреу намаз оқыса, алдына сутра қойсын, тіпті ол садақтың оғы болса да»¹.

Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оларға разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا صلى أحدكم فليعل تلقاء وجهه شيئاً، فإن لم يجد فليصب عصا، فإن لم يكن معه عصا فليخطط خطأ ثم لا يضره ما مر أمامه)

«Сендерден біреу намаз оқитын кезде алдыңғы жағына бір нәрсе қойсын. Ешнәрсе таппаса, бір бұтақты жерге кіргізіп қойсын. Бұтақ та таба алмаса, бір сызық сызып қойсын. Сонда оның алдынан өтушілер (намаздағы күйіне) зиян тигізбейді»².

Сутраны қоюдағы мақсат:

1 - Намаз оқушының көңілін намаздан ешнәрсе бөлмеуі үшін.

2 - Аллаһтың алдында бой ұсынып тұрған құлдың мінажаттік күйін бұзбау үшін.

Намазда тұрған кісі мен сутраның арасынан өтуге болмайды. Намазда тұрған адамның алдынан біреу өтсе, күнә үш түрлі болады:

1 - Намаздың кейінгі рәкәттәріне қосылып, үлгермеген рәкәттәрін толықтырып жатқан кісінің алдынан өткен кісі күнәға ие болады.

2 - Алдына ешнәрсе қоймай оқыған адамның алдынан бір кісі мәжбүрлі түрде өтсе, онда күнә намазда тұрған адамның өзіне болады.

3 - Алдына ешнәрсе қоймай оқыған адамның алдынан бір кісі өтетін басқа жол бола тұра өтсе, күнә екеуіне болады.

Сутраның шарттары

1 - Қабырғаны немесе дуалды сутра ету абзал.

2 - Сутра кішкентай зат болса да, жарайды.

3 - Намаз оқушы сутраға жақынырақ тұруы қажет. Саһил ибн Әбу Хасама, Аллаһ тағала оларға разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا صلى أحدكم إلى السترة فليدن منها لا يقطع الشيطان عليه صلاته)

«Сендерден біреу алдына сутра қойып намаз оқыса, оған жақын тұрсын. Сонда шайтан оны намазынан бөле алмайды»³.

4 - Сутра тура алдында емес, не оңға, не солға қарай қойылуы керек.

5 - Қоятын зат табылмаса, жерге сызық сызып белгілесе болады.

6 - Имамның алдына қойылған сутра жамағат үшін жеткілікті.

7 - Алдына сутра қойылсын, қойылмасын, алдынан өтіп бара жатқан адамды итермеу ұнамды іс. Өйткені намаздың негізі - бағынышты тыныш күй. Алдына сутра қойып, намаз оқушының алдынан біреу білмей өтсе, қылығын білместігі ақтайды. Ал біліп өтсе, күнәға сол ие болады.

¹ Ахмад жеткізді

² Әбу Дәуд жеткізді

³ Әбу Дәуд жеткізді

Алдынан өтіп бара жатқан кісіні итеру - шариғат тарапынан рұқсат, алайда итермей, ишарамен немесе «субханаллаһ» сөзімен қайтару - дұрысырақ. Ишарамен қайтаруды мына хадис бекітеді: Үмму Саламаның үйінде, Аллаһ тағала оған разы болсын, баласы Умайра пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) алдынан өтпекші болғанда ол оған «тоқта» деген ишара жасап, бала тоқтайды¹.

«Субханаллаһ» сөзімен қайтаруды мына хадис бекітеді: Сәһіл ибн Саъд, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты: **«Намазда тұрғандарыңда бір нәрсе дұрыс болмаса, еркектер «субханаллаһ» десін, ал әйелдер алақан соқсын»**².

Әбу Саъид ал-Худри, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا صلى أحدكم إلى شيء يستره من الناس، فأراد أحد أن يجتاز بين يديه، فليدفعه، فإن أبي فليقاتله، فإنما هو شيطان)

«Сендерден біреу алдынан адамдар өтпес үшін сутра қойып, намаз оқығанында біреу алдынан өтпекші болса, кері қайтарсын. Егер қарсыласса, онымен ұстассын. Өйткені, ол - шайтан»³. Исламның бастапқы кезеңінде намаздағы артық қимыл есепке алынбайтын. Кейін намазда тұрған кісіге артық қимыл істеуіне тыйым салынып, «ұстасуға» рұқсат үкімі жойылды. Алдынан не өтсін, кім өтсін, намаз бұзылмайды. Имам Әбу Ханифа, имам Мәлик, имам Шафиғи және Хасан ал-Басридің көзқарастарында намазда тұрған кісінің алдынан кез келген ит, жануар өтсе, адам өтсе, мейлі мұсылман, мейлі мұсылман емес болсын, намаз бұзылмайды. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(لا يقطع الصلاة شيء)

«Намазды (алдынан өткен) ешнәрсе бұзбайды»⁴.

Негізінде, намазда тұрған кісінің алдынан білмеген немесе басқа жол таба алмаған кісі болмаса, әдейі ешкім өтпейді. Білместік қылған кісіні қатаңсынға алып, ұстасу - сүннеттен емес. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Бір кісі білместіктен мешіт аумағында дәрет сындырады. Мұны көрген мұсылмандар оны қатаңсынға алады. Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) оларға былай дейді: **«Оны қоя беріңдер! Дәрет сындырған жеріне бір үлкен шелекпен немесе кәдімгі шелекпен су төгіңдер! Негізінде, сендер ауырлатушы емес, жеңілдетуші етіп жіберілдіңдер»**⁵.

Жетінші бөлім: Намаздың мәкрүһтері

"المكروه" - «мәкрүһ» сөзінің тілдік мағынасы: ұнамсыз іс.

Шариғаттағы мағынасы: істелуіне қарағанда тасталуы артық көрінетін іс.

Қайсыбір намазда мәкрүһ тахриман істелсе, намазды қайта оқу уәжіп. Мәкрүһ танзиһан істелсе, намазды қайта оқу ұнамды.

Намаздың мәкрүһтері

1. Намаздың бір уәжібін әдейі істемеу мәкрүһ тахриман. Бір сүннетін әдейі істемеу мәкрүһ танзиһан. Мысалы: намазда имамға ілесу - уәжіп. Имамға ұюшының имамнан озып кетуі мәкрүһ тахриман. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оларға разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(أما يخشى أحدكم، إذا رفع رأسه قبل الإمام، أن يجعل الله رأسه رأس حمار، أو يجعل الله صورته صورة حمار)

¹ Ибн Мажа жеткізді

² Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

³ Әл-Бұхари жеткізді

⁴ Ад-Дарақұтти жеткізді және жеткізушілер тізбегі сахих

⁵ Әл-Бұхари жеткізді

«Сендерден біреу басын имамнан бұрын көтерсе, Аллаһ тағала оның басын есектің басындай етіп жіберуінен немесе бейнесін есектің бейнесіндей етіп жіберуінен қорықпай ма?!»¹.

2. Намазда тыныш тұрмау мәкрүһ тахриман. Бұл іс намаздағы мінәжатті бұзып, намаздан жүректің көңілін бөледі. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(إن الله تعالى كره لكم ستاً: العبث في الصلاة، والمن في الصدقة، والرفث في الصيام، والضحك عند القبور، ودخول المساجد وأنتم جنب، وإدخال العيون البيوت بغير إذن)

«Расында, Аллаһ сендер үшін алты нәрсені жек көрді: намазда тыныш тұрмау, берген садақаға міндетсіну, оразада әдепсіз сөйлеу, қабір қасында күлу, мешітке бойдәретсіз кіру және үйлерге рұқсатсыз көз сұғу»².

Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن رسول الله صلى الله عليه وسلم رأى رجلاً يعبث بلحيته في الصلاة فقال: (لو خشع قلبه خشعت جوارحه)

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) намазда қолымен сақалын сипап тұрған бір кісіні көріп, былай деді: «Егер мына кісінің жүрегі бағынышты күйде болса, дене мүшелері де бағынар еді»³.

Намазда тыныш тұрмау дегеніміз - намаз үстінде қимылдай беру. Солардың кейбіреуін атап өтейік:

1 - Намазда маңдайға жабысқан топырақты немесе шөпті түсіру. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إن من الجفاء أن يكثر الرجل مسح جبهته قبل الفراغ من صلاته)

«Намазын аяқталмаған кісінің маңдайын сүрте беру істі зая кетіруге жатады»⁴.

- Сәжде орнын тегістеп тазалау. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) сәжде орнының топырағын тегістеп жатқан бір кісіні көріп, былай деді:

(إن كنت فاعلاً فواحدة)

«Егер тегістегің келсе, бір мәрте ғана жаса!»⁵.

- Саусақтарды шықырлату. Әли, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لا تفتح أصابعك وأنت في الصلاة)

«Намазда тұрғаныңда саусақтарыңды шықырлатпа!»⁶.

- Екі қолдың саусақтарын біріктіру. Каъб ибн Тужра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن رسول الله صلى الله عليه وسلم رأى رجلاً قد شبك أصابعه في الصلاة ففرج رسول الله صلى الله عليه وسلم بين أصابعه)

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) намазда саусақтарын біріктіріп тұрған бір кісіні көрді. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) оған жақындап, саусақтарын ажыратты»⁷.

Ибн Омардан, Аллаһ тағала оған разы болсын, намазда саусақтарды біріктіру жайында сұралғанда ол былай деді:

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² «Ал-Фатх Ал-Кабир»: 1/342

³ «Ал-Фатх Ал-Кабир»: 3/44

⁴ Ибн Мажа жеткізді

⁵ Мүслім жеткізді

⁶ Ибн Мажа жеткізді

⁷ Ибн Мажа жеткізді

«Бұл – ашуға ұшырағандардың (яһудилердің) намазы»¹.

3. Жан-жаққа мойнын бұрып қарау мәкрүһ танзиһан. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Мен Аллаһтың елшісінен (саллаллаһу алайһи уа саллам) намазда жалтақтау жайында сұрағанымда:

(هو اختلاس يختلسه الشيطان من صلاة العبد)

«Құлдың намазынан шайтанның ұрлауы осылай жүзеге асады»-деп жауап берді².

Алайда көздің қозғалуы мәкрүһ емес. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان النبي صلى الله عليه وسلم يلحظ في الصلاة يمينا و شمالا ولا يلوي عنقه خلف ظهره)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) намазда тұрғанда оң жақты және сол жақты көзімен байқайтын, бірақ мойны қозғалмайтын»³.

Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Маған Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(إياك والالتفات في الصلاة فإن الالتفات في الصلاة هلكة. فإن كان لبد ففي التطوع لا في الفريضة)

«Намазда жан-жаққа қараудан сақтан. Өйткені, намазда жан-жаққа қарау құрдымға апарады. Егер мәжбүр болсаң, тек нәпіл намазында қарауға болады, ал парыз намазында болмайды»⁴.

4. Мешітте түкіру мүлде мәкрүһ. Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(البصاق في المسجد خطيئة و كفارتها دفنها)

«Мешітте түкіру - күнә және кінәсінің жуылу - көміп тасталуында»⁵.

Біреу далада намаз оқығанында түкіруге мәжбүр болса, сол жағына түкірсе болады. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا قام أحدكم إلى الصلاة، فلا يبصق أمامه، وإنما ينجي الله ما دام في مصلاه، ولا عن يمينه، فإن عن يمينه ملكاً، وليبصق عن

يساره، أو تحت قدمه، فيدفعها)

«Сендерден біреу намазға тұрса, алдыңғы жағына түкірмесін! Өйткені, ол намазын аяқтағанша Аллаһпен мінәжатта болады. Оң жағына да түкірмесін! Өйткені оң жағында періште бар. Сол жағына немесе табанының астына түкіріп, аяғымен жерге көміп тастасын»⁶.

5. Отырыста екі бөксесін жерге тигізіп, тізелерін көтеріп отыру мәкрүһ танзиһан. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(نهاني النبي صلى الله عليه وسلم عن ثلاث: نهاني عن الالتفات، وإقعاء كإقعاء الكلب، ونقر كنقر الديك)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) бізді намазда үш нәрседен тыйды: қозғалу, ит секілді отыру және тауық шоқығандай сәжде жасау»⁷.

6. Сәждеде екі қолды созып, жерге жайып ұстау. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

¹ Әл-Байһақи жеткізді

² Әл-Бұхари жеткізді

³ Ат-Тирмизи, Ан-Насаи және Ибн Хиббан жеткізді

⁴ Ат-Тирмизи жеткізді

⁵ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

⁶ Әл-Бұхари жеткізді

⁷ Ахмад жеткізді

(ينهى عن عقبه الشيطان، وينهى أن يفتش الرجل ذراعيه افتراش السبع)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) шайтанға еруімізге және намаздағы кісіге қолдарын жыртқыштар секілді жайып ұстауына тыйым салды»¹.

7. Көйлегі бола тұра, намазды тек шалбармен оқу мәкрүһ танзиһан. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا صلى أحدكم فليلبس ثوبيه فإن الله عز وجل أحق أن يزين له، فإن لم يكن له ثوبان فليأتمر إذا صلى)

«Кім намаз оқыса, екі киім кiсiн! Алдында әсемденiп тұруға ең лайықты - Аллаһ. Кiмнiң намазға тұрарда екі киiмi болмаса ғана, бар матасын шалбар етiп кiсiн..»². Әуреттi бейнелейтiн тар киiммен намаз оқу мәкрүһ тахриман.

Намазда жеңдi шынтаққа дейiн тұру мәкрүһ тахриман.

Шынтаққа жеткiзбей тұру мәкрүһ емес.

Бастың ашық болуы мәкрүһ танзиһан.

8. Ер кiсiге шашын өрiп тұруы. Әбу Рафиъ, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай дедi:

(نهى رسول الله صلى الله عليه وسلم أن يصلي الرجل وهو عاقص شعره)

«Аллаһтың елшiсi (саллаллаһу алайһи уа саллам) ер кiсiнiң намазға шашын өрiп тұруына тыйым салды»³.

9. Ер кiсiге де, әйел кiсiге де бетпердемен тұру мәкрүһ танзиһан.

10. Сәлем берген кiсiге жауап қайыру, қолмен белгi беру мәкрүһ танзиһан. Алайда, басымен ишара жасауына болады. Ибн Масъуд, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай дедi:

(لما قدمت من الحبشة أتيت رسول الله صلى الله عليه وسلم وهو يصلي فسلمت عليه فأوماً برأسه)

«Әфиопиядан келгенiмде Аллаһтың елшiсiне (саллаллаһу алайһи уа саллам) келдiм. Ол намазда тұрған болатын. Мен оған сәлем бердiм. *Маған* басымен ишара жасады»⁴.

11. Қиямнан басқа қалыпта Құран оқу мәкрүһ тахриман. Әр iшкi парызда оқуға арналған зiкiр сөздерiнен басқа сөздер айтылмайды. Қиямда оқып үлгермеген «Фатиха» сүресiн рүкүфта жалғастыру мәкрүһ тахриман.

12. Екiншi рәкатта бiрiншiге қарағанда ұзағырақ тұру мәкрүһ танзиһан.

13. Парыз намазының екi рәкәтiнде бiр сүренi қайталап оқу мәкрүһ танзиһан. Нәпiл намазында бiр сүренi қайталап оқудың оқасы жоқ.

14. Сүрелердi Құрандағы реттiк тәртiппен оқымау мәкрүһ танзиһан. Бұл iс төрт мәзһапта да мәкрүһ. Сахабалар, Аллаһ тағала оларға разы болсын, намазда сүрелердiң Құрандағы реттiк тәртiптерiне сай оқуды пайғамбардан (саллаллаһу алайһи уа саллам) мұраланды. Ибн Масъудтан, Аллаһ тағала оған разы болсын, Құранды керi тәртiппен оқитын кiсi жайында сұралғанда: «Ол жүрегi терiс адам»-деп жауап бередi.

(أنه سئل عمن يقرأ القرآن منكوساً؟ قال: ذلك منكوس القلب)

Намазға тұрған кiсi бiрiншi рәкатта «Нәс» сүресiн оқыса, екiншi рәкатта «Бақара» сүресiнен оқығаны дұрыс. Ал «Фалақ» сүресiн оқуы мәкрүһ болады.

¹ Мүслiм жеткiздi

² Әбу Дәуд жеткiздi

³ Ибн Мажа жеткiздi

⁴ Әл-Байһақи жеткiздi

15. Сәждеде башпайларды құбыладан басқа тарапқа бұру. Әбу Хамид, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) сәждесін сипаттап, былай деді:

(إذا سجد وضع يديه غير مفترش ولا قابضهما، واستقبل بأطراف أصابع رجله القبلة)

«Сәжде жасағанда саусақ араларын қатты ашпайтын және біріктірмейтін. Сондай-ақ аяқ башпайларын құбылаға бағыттайтын»¹.

16. Есінеу. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إن الله يحب العُطَّاس ويكره التثاؤب، فإذا عطس فحمد الله فحق على كل مسلم سماعه أن يشمته، وأما التثاؤب فإنما هو من الشيطان فليرده ما استطاع، فإذا قال ها ضحك منه الشيطان)

«Расында, Аллаһ құлдың түшкіргенін жақсы көреді, ал есінеуін жеккөреді. Егер құл түшкіргенде Аллаһты мақтаса, оны естіген әр мұсылманның міндеті - оған Аллаһтың рахымын тілеу. Есінеу туралы айтар болсақ, әлбетте, ол шайтананнан ғана болады. Сондықтан құл қолдан келгенше есінеуді қайтаруға тырыссын. Егер «а-а-а»-деп есінесе, шайтан оған күледі»².

17. Көзді жұму мәкрүһ танзиһан. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا قام أحدكم في الصلاة فلا يغمض عينيه)

«Сендерден біреу намаз оқыса, көзін жұмбасын»³. Намаздан көңілін бөлетін нәрселерден сақтану үшін жасаса, мәкрүһ емес.

18. Аспанға қарау. Анас ибн Мәлик, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ما بال أقوام يرفعون أبصارهم إلى السماء في صلاتهم) فاشتد قوله في ذلك حتى قال: (لَيَنْتَهَنَّ عَنْ ذَلِكَ، أَوْ لَتُحَطِّقَنَّ أَبْصَارَهُمْ)

«Намаздарында көздерін көкке көтерген адамдарға не болады екен?» Даусы күшейе-күшейе, тіпті былай деді: «Олар бұларын доғарсын! Әйтпесе, көздерінен айрылады»⁴.

Намазда көздің алаңдауымен көңіл де алаңдап, ойға басқа нәрселер кіреді. Әбу Зарр, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لا يزال الله مقبلا على العبد في صلاته ما لم يلتفت فإذا صرف وجهه انصرف عنه)

«Намазда тұрған құл жүзін басқа жаққа бұрмайынша Аллаһ тағала одан жүзін алмайды. Егер құл жүзін басқа жаққа аударса, Аллаһ тағала одан аулақтайды»⁵.

Сондықтан намаздағы кісі бағынышты күйде тұруы үшін, денесінің әр мүшесін сүннет белгілеген орынға шоғырлауы қажет.

19. Намазға жалқауланып тұру. Негізінде, құлшылыққа жалқаулық таныту - мұнапықтардың сипаты. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай дейді:

﴿ إِنَّ الْمُنَافِقِينَ يُخَادِعُونَ اللَّهَ وَهُوَ خَادِعُهُمْ وَإِذَا قَامُوا إِلَى الصَّلَاةِ قَامُوا كَسَالَى يُرَأَوْنَ النَّاسَ وَلَا يُدْكَرُونَ اللَّهَ إِلَّا قَلِيلًا ﴾

«Расында, мұнапықтар Аллаһты алдамақшы. Алайда, Аллаһ оларды алдауда. Намазға тұрғандарында жалқауланып тұрады. Адамдардың көзіне бояма жасап, Аллаһты болар-болмас еске алады»⁶.

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Әл-Бұхари жеткізді

³ «Мажмағ аз-зауаид»: 2/83

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

⁵ Ахмад, Ан-Насаи және Әбу Дәуд жеткізді

⁶ «Ниса» сүресі: 142

20. Бас киімнің маңдайды жауып тұруы мәкрүһ танзиһан. Алайда, жер суық немесе ыстық болса, мәкрүһ емес.

21. Намаз оқылатын бөлмеде адамның немесе жануардың суреті болуы мәкрүһ тахриман. Әбу Талха, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لا تدخل الملائكة بيتا فيه كلب و لا صورة)

«Ішінде ит және сурет бар үйге періштелер кірмейді!»¹.

Шариғат бойынша мұсылман періштелердің қоршауында болуы үшін, үйінде жанды нәрселердің суреттерімен әшекейленген кілемдерді еден үшін де, қабырға үшін де қолдануы мәкрүһ тахриман. Сондай-ақ олардың үстінде намаз оқу да мәкрүһ тахриман. Шариғат ережелерін білмейтін бір үйге қонақ болып түскен жағдайда еденге төселген кілемнің жанды нәрсенің суретінен және бала нәжісінен аман екендігіне көз жеткізуі шарт. Кілемде үлкен сурет болса, жайнамазды суреттің басын жабатындай етіп төсесе жеткілікті. Қабырғаға ілінген кілемдегі сурет үлкен болса, беті бүркелуі қажет. Дегенмен үкім мәкрүһ тахриман болғандықтан, намаз дұрыс саналады. Төсеніштің бір бөлігінде бейнелері айқын емес жанды нәрселердің кішкене суреттері болса, суреті жоқ бөлігінде намаз оқу мәкрүһ емес.

22. Жанды нәрсенің суреті бар киіммен намаз оқу мәкрүһ тахриман. Сурет көзге әрең ілінетін ұсақ болса немесе бейненің басы болмаса, мәкрүһ емес. Жансыз нәрселердің суретін пайдалануға рұқсат етіледі. Ер кісіге сары, қызыл және қызғылт сары түсті киім кию мәкрүһ танзиһан.

23. Сәждеге маңдай тиіп, мұрынның тимеуі мәкрүһ тахриман. Әбу Хамид Ас-Саъиди, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن النبي صلى الله عليه وسلم كان إذا سجد أمكن أنفه وجهته من الأرض)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) сәжде жасағанда жерге мұрны мен маңдайын тигізетін»².

24. Жол ортасында, моншада, қабір басында, бөтен жерде және тартып алынған жерде намаз оқу мәкрүһ тахриман. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(نهى أن يصلى في سبعة مواطن: في المذيلة والمجزرة والمقبرة وقارعة الطريق وفي الحمام وفي معادن الإبل وفوق ظهر بيت الله)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) жеті түрлі жерде намаз оқуға тыйым салды: ки үймесінде, қасапханада, қабір басында, жол ортасында, моншада, түйе қорада және Қағбаның төбесінде»³.

Киіздің немесе кілемнің үстінде намаз оқу мәкрүһ емес. Дегенмен, жерде немесе шидің үстінде оқыған абзал. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم يصلي على الخمرة)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) кілемшенің үстінде намаз оқитын»⁴.

Әбу Саъид, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن النبي صلى الله عليه وسلم صلى على حصير)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) қамыстан тоқылған өрменің (шидің) үстінде намаз оқитын»⁵.

25. Іш кепкен кезде, үлкен және кіші дәрет қысып тұрғанда, тамақ әзір болғанда намаз оқу мәкрүһ тахриман. Әбу Әмама, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

¹ Әл-Бұхари және Мүслім жеткізді

² Ат-Тирмизи жеткізді

³ Ат-Тирмизи жеткізді

⁴ Ат-Тирмизи жеткізді

⁵ Ат-Тирмизи жеткізді

(نهى أن يصلي الرجل وهو حاقن)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) кіші дәреті қысып тұрған кісіге намаз оқуға тыйым салды»¹.

Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لا صلاة بحضرة الطعام وهو يدافعه الأخبثان)

«Тамақ әзір болғанда, сондай-ақ үлкен және кіші дәрет қысқанда намаз оқылмайды»².

26. Пижамамен, жұмыс киімімен намаз оқу мәкрүһ танзиһан. Нафий, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(رأني ابن عمر وأنا أصلي في ثوب واحد. فقال: ألم أكسك. قلت: بلى. قال: فلو بعثك كنت تذهب هكذا؟ قلت: لا. قال: فالله أحق أن تزين له)

Менің жалғыз іштік шалбармен намаз оқып тұрғанымды көрген Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, маған былай деді: «Саған киім бермедім бе?»-деді. Мен: «Бұл не дегеніңіз?»-дедім. Ол: «Сені бір жерге жіберсем, осы күйіңде барар ма едің?»-деді. Мен: «Әрине, жоқ»-дедім. Ол: «Алдында әсемденіп тұруыңа ең лайықты Аллаһ емес пе?!»-деді³.

27. Имамға михрабтың ішіне кіріп және жамағаттан биіктеу жерде тұрып намаз оқуы мәкрүһ танзиһан. Сондай-ақ жамағаттың имамнан биіктеу жерде тұру үкімі де осындай.

28. Алдыңғы сапта бос орын бола тұра, екінші сап құру мәкрүһ тахриман. Әр саптағы бос орынды толтыру уәжіп. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إن الله عز وجل وملائكته عليهم السلام يُصلون على الذين يصلون الصفوف، ومن سد فرجة رفعه الله بها درجة)

«Расында, Аллаһ және Оның періштелері сап құрап намаз оқушыларға рахым тілейді. Кім бос орынды толтырса, сол үшін Аллаһ оның дәрежесін бір мәртебеге көтереді»⁴.

29. Жанып тұрған оттың алдында намаз оқу мәкрүһ танзиһан. Өйткені бұл отқа табынушылардың құлшылығына ұқсайды.

30. Парыз намаздарында «Фатиха» сүресінің орнына басқа сүрені белгілеу. «Фатиха»-ны оқу уәжіп болғандықтан орнына басқа сүрені белгілеу сүннетке қайшы келеді. Қосымша сүрелерді сүннетте келгендей белгілеп оқыса болады. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان يقرأ في صلاة الصبح يوم الجمعة ألم تنزيل السجدة وهل أتى على الإنسان)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) жұма күнгі таң намазында «Сәжде» мен «Инсан» сүрелерін оқитын»⁵.

31. Адамдар көп өтетін жерде намазды сутрасыз оқу.

Сегізінші бөлім: Намазды бұзатын нәрселер

Намазды бұзатын нәрселер деп оның дұрыстығын жоққа шығаратын істерді айтамыз. Намаз бұзылса, қайта оқылуы уәжіп.

Намазды бұзатын нәрселер

1. Сөйлеу. Намазда тұрған кісі қателесіп, байқамай сөйлесе де, біліп сөйлесе де намазы бұзылады. Ибн Масъуд, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

¹ Ибн Мажа жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Әл-Байһақи жеткізді

⁴ Ахмад жеткізді

⁵ Ибн Мажа жеткізді

(كنا نسلم على رسول الله صلى الله عليه وسلم وهو في الصلاة، فيردّ علينا، فلما رجعنا من عند النجاشي، سلمنا عليه فلم يرد علينا، فقلنا: يا رسول الله! كنا نسلم عليك في الصلاة فتردّ علينا. فقال: إن في الصلاة شُغلاً)

Әуелгі кезде Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) намазда тұрса да біз оған сәлем беретінміз және ол да бізге жауап қайыратын. Біз Эфиопиядан оралғанда, *сол әдетіміз бойынша, намазда тұрғанына қарамастан*, оған сәлем бердік. Бірақ жауап бермеді. Біз: «Әй, Аллаһтың елшісі! Намазда тұрғанда сәлем берсек, бұрын, жауап беруші едіңіз?!»-дедік. Ол: **«Расында, көңіл - толығымен намазда»**¹.

Сөйлеудің түрлері:

1 - Дүние сөзі. Мұбауия ибн ал-Хакам ас-Салами, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إن هذه الصلاة لا يصلح فيها شيء من كلام الناس، إنما هو التسبيح والتكبير وقراءة القرآن)

«Расында, намаз дегеніміз - онда дүние сөзін сөйлеу дұрыс емес. Расында, намаз дегеніміз - тек таспих жасау, тәкбір айту және Құран оқу»².

2 - Сәлемге жауап беру. Байқаусыз жауап қайырса да бұзылады. Жабир, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كنا مع النبي صلى الله عليه وسلم. فبعثني في حاجة. فرجعت وهو يصلي على راحلته. ووجهه على غير القبلة. فسلمت عليه فلم يردّ عليّ. فلما انصرف قال: (إنه لم يمنعني أن أردّ عليك إلا أنني كنت أصلي)

Біз пайғамбармен (саллаллаһу алайһи уа саллам) бірге болдық. Ол мені бір жұмыспен жіберді. Қайтып келгенімде түйесінің үстінде намаз оқып отыр екен және жүзі құбыла тарапында емес. Оған сәлем беріп едім, жауап қайырмады. Намазын аяқтағанда маған қарап: **«Сәлеміңе жауап беруімнен мені намазым ғана тоқтатты»**-деді³.

Намаздағы кісі «намазымды аяқтадым» деген оймен сәлем беріп, аяқтамағандығы бірден айқындалса, намазын бұзбай жалғастырады. Ал төрт рәкәттің екі рәкәтінен кейін «таң намазы немесе жолаушымын» деген оймен сәлем берсе, намазы бұзылады.

3 - Күрсініп «уһ»-деу, жердегі немесе үстіндегі бір нәрсені «үуф»-деп үру. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(النفخ في الصلاة كلام)

«Намазда тұрып үру - сөйлеу»⁴.

Имам оқып бастаған аятты ұмытса немесе қателесе, ұюшының оған еске түсіруі немесе қатесін түзетуі намазда сөйлегенге жатпайды. Бұл іс келесі хадиспен рұқсат етілген: Мусаууар ибн Язид, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(صلى رسول الله صلى الله عليه وسلم فترك آية فقال له رجل: يا رسول الله آية كذا وكذا قال: فهذا ذكرتها)

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) намазда бір аятты оқымай қалдырып кетті. Намаздан соң бір кісі: «Әй, Аллаһтың елшісі, осындай бір аят қалып кетті»-деді. Ол (саллаллаһу алайһи уа саллам): **«Есіме неге түсірмедің?»**-деді⁵.

2. Көп қимыл. Үш мәрте қимылдаса, намаз бұзылады. Зиянды жылан, шаян секілді жәндіктерді өлтіру үшін аз қимыл жасалса, намаз бұзылмайды. Қимыл көп болса бұзылады.

3. Кеуденің құбыла бағытынан өзгеруі.

4. Таяммуммен оқып тұрған адамның ташаһһуд оқудан бұрын суды көруі. Мұндай жағдайда дәрет алып, намазды қайта оқу уәжіп.

5. Намазда тұрғанда күн шықса, не батса, не аспан биігіне жетсе.

6. Намазда тұрғанда киімге, денеге және орынға нәжіс тисе немесе әурат ашылса.

¹ Мүслім жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Мүслім жеткізді

⁴ Сағид ибн Мансур «Сунан» кітабында кеелтірді

⁵ Әбу Дәуд және Абдулла ибн Ахмад жеткізді

7. Күлкі. Намаздағы кісі өзі ғана еститіндей күлсе, намазы бұзылады. Жабир, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لا يقطع الصلاة الكشر ولكن يقطعها القهقهة)

«Намазды күлімсіреу бұзбайды, бірақ дауыстап күлу бұзады»¹.

Егер басқалар еститіндей дауыспен күлсе, намазы да, дәреті де бұзылады. Маъбадтің айтуынша, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) жамағатпен намаз оқығанда бір кісі мешітке кіріп, көзі көрмегендіктен кішкене шұңқырға сүрініп, құлап түседі. Мұны сезген адамдар намазда қарқылдап күліп жібереді. Намаздан кейін адамдарға қарап, пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дейді:

(من كان منكم قهقهه فليعد الوضوء والصلاة)

«Сендерден кім қарқылдап күлсе, дәретін қайта алып, намазын қайта оқысын»².

8. Құранды кітапқа қарап оқу.

9. Құран оқығанда аяттың немесе аяттағы бір сөздің мағынасын өзгертіп оқу.

10. Ұюшының имамнан озып кетуі. Мысалы, рукуғ жасағанда имамнан бұрын еңкейген және одан бұрын көтерілген ұюшы бірден артқа оралмаса, намазы бұзылады.

11. Ұюшының имамнан бұрын намаз бастауы.

12. Үзірлі кісіні имам ету.

13. «Аллаһ» сөзінің «һәмза»-сін және «әкбар» сөзінің «бә»-сін созу.

14. Ұйқылы күйде жасалған ішкі парыздың қайта жасалмауы.

15. Дәреттің бұзылуы.

16. Мәсіге жасалған мәсх уақытының шығуы.

17. Әйел кісімен қатар тұрып намаз оқу. Араларында қабырға немесе перде болса, намаз бұзылмайды.

Қандай жағдайларда намазды үзуге болады?

1 - Намазда тұрған кісі ұрлықшының кіргенін сезсе. Мухарик әкесінен, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(فقاتل حتى تحرز مالك أو تقتل فتكون في شهداء الآخرة)

«Малынды аман алып қалғанға дейін күрес! Өліп кетсең, әрине, ахиреттің шейіттерінен боласын»³.

2 - Сәбидің биік жерден құлап бара жатқанын немесе отқа жақындағанын байқаса. Намазды құздың қасында оқып, соқыр кісінің құзға қарай бет алып бара жатқанын байқаса.

3 - Намазда тұрған кісі біреудің көмекке шақырғанын естісе, жәрдем беруі уәжіп. Егер мұсылманның алдында екі міндет пайда болса, - яғни Аллаһтың алдындағы міндет және адамның алдындағы міндет, - онда, алдымен, адамның құқығын атқарғаны дұрыс. Өйткені адам - мұқтаж, ал Аллаһ тағала - мұқтажсыз. Мысал: намаздың уақыты кіргенде дәрігердің алдына дереу хирургиялық операцияны қажет еткен науқасты алып келсе, ал дәрігер намазда тұрса, науқасқа көмек көрсетуі үшін намазын үзуіне тура келеді. Науқасқа жәрдем бергенше намазын кешіктіруіне рұқсат етіледі.

4 - Мұсылман парыз намазда тұрғанда әке-шешесі оны шақырса, намазды үзуіне болмайды. Әке-шешесі оны нәпіл намазда тұрғанында шақырса, намазды үзіп, жауап бергені дұрыс.

5 - Зиянды жәндікті өлтіру үшін.

6 - Кіші не үлкен дәрет қысса.

7 - Жолаушы кісі ұрлықшылар мен қарақшылардан қауіп сезсе.

¹ «Мажмағ аз-зауаид»: 1/82

² Ад-Даракутни жеткізді

³ Ахмад жеткізді

Тоғызыншы бөлім: Сәжде түрлері

Бірінші: Сәһу сәждесі

"السَّهْوُ" «сәһу» сөзінің тілдік мағынасы: алаңғасарлық, байқаусыздық, жаңылысу. Сәһу сәждесі дегеніміз - намазда тұрған кісі жаңылысып, намаздың парызы емес істерінің бірін артық істегенде немесе атқарусыз қалдырғанда соның орнын толтыру үшін жасалатын екі сәжде. Сәһу сәждесін жасау - уәжіп. Ибн Масъуд, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إِذَا شَكَ أَحَدُكُمْ فِي صَلَاتِهِ فَلْيَتَحَرَّ الصَّوَابَ، فَلْيُتِمَّ عَلَيْهِ ثُمَّ لِيَسْجُدْ سَجْدَتَيْنِ)

«Кім намазында күдіктенсе, екі ойының дұрысын ұстанып, намазын соған негіздеп толықтырсын. Сосын сәлем берсін. Сосын екі сәжде жасасын»¹.

Сәһу сәждесі намазда байқаусыздан жасалған қателіктердің орнын толтырады. Сәһу сәждесін атқарусыз тастау - күнә. Бірақ намаз бұзылмайды. Намаздағы сүннеттердің атқарусыз қалуы сәһу сәждесін талап етпейді.

Сәһу сәждесін жасау имамға және жалғыз оқушыға уәжіп. Ал имамға ұюшы кісі намазда қателесе, сәһу сәждесін жасамайды. Алайда қате имамнан болса, сәһу сәждесін имаммен қоса жасайды.

Сәһу сәждесінің жасалу жолы

Сәһу сәждесі - оң жақ сәлемнен кейін жасалатын екі сәжде. Екі сәждеден кейін ташаһһудті оқу уәжіп. Сосын сәлем беріледі. Абдулла ибн Жаъфар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(مَنْ شَكَ فِي صَلَاتِهِ فَلْيَسْجُدْ سَجْدَتَيْنِ بَعْدَ مَا يَسْلُمُ)

«Кім намазында күмәнданса, сәлем берген соң екі сәжде жасасын»².

Ибн Масъуд, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَّى الظُّهْرَ خَمْسًا فَقِيلَ لَهُ: أَزِيدُ فِي الصَّلَاةِ؟ فَقَالَ: وَمَا ذَلِكَ؟ فَقَالُوا: صَلَّيْتَ خَمْسًا فَسَجَدَ

سَجْدَتَيْنِ بَعْدَ مَا يَسْلُمُ)

Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) бесін намазын бес рәкәт етіп оқып қояды. Сонда оған: «Намазға рәкәт саны қосылды ма?»-делінді. Ол: «Бұларың не?»-деді. Олар: «Бес рәкәт оқыдыңыз»-дейді. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) сәлем берген соң екі сәжде жасады»³. Кім сәһу сәждесін сәлемнен бұрын жасап қойса, қайта жасамайды.

Қорытынды: Сәһу сәждесі оң жаққа сәлем берілген соң екі сәжде етіп жасалады. Сосын ташаһһуд оқылады. Сосын сәлем беріледі.

Сәһу сәждесінің жасалу себептері

1 - Намаздың бір уәжібі байқаусыз кешіксе, не озса, не артық жасалса, не мүлде жасалмаса.

- «Фатиха» сүресі оқылмаса.
- «Фатиха»-дан кейін қосымша бір сүре, не аят оқылмаса.
- «Фатиха» мен қосымша сүренің орындары ауысып оқылса.
- Мұрын мен маңдай сәждеге қоса қойылмаса.
- Намаздың ішкі парыздарының реттік тәртібі қадағаланбаса.
- Әр ішкі парыз асығып жасалса.
- Бірінші отырысты атқармаса.

¹ Әл-Бұхари, Мүслім, Әбу Дәуд, Ан-Насаи, Ибн Мажа жеткізді

² Әбу Дәуд жеткізді

³ Әл-Бұхари, Мүслім, Әбу Дәуд, Ан-Насаи, Ибн Мажа және Ат-Тирмизи жеткізді

- Бірінші отырыста тәшәһһуд оқылмаса.
- Тәшәһһудтан кейін үшінші рәкатқа бірден тұрмаса.
- Соңғы отырыста тәшәһһудті оқымаса.
- Сәлем бермесе.
- Үтір намазында құнұт дұғасы оқылмаса және оның алдында тәкбір айтылмаса.
- Айт намазының тәкбірлері айтылмаса.
- Дауыстап оқылатын намаз іштей, ал іштей оқылатын намаз дауыстап оқылса.

Имам немесе жалғыз оқушы бірінші отырысты ұмытып, үшінші рәкатқа түрегелген жағдайда тік тұрмастан кері қайтуы уәжіп. Сөйтіп, отырысты атқарады. Сосын үшінші рәкатқа тұрады. Намазын аяқтағанда жаңылысқаны үшін сәһу сәждесін жасайды. Егер тік тұрып қойса, кері қайтпайды және атқармағандығы үшін намазын аяқтағанда сәһу сәждесін жасайды. Мұғира ибн Шаъба, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا قام الإمام في الركعتين، فإن ذكر قبل أن يستوي قائماً فليجلس، فإن استوى قائماً فلا يجلس ويسجد سجدة السهو)

«Имам екі рәкәттан кейін отыруды ұмытып, көтерілсе, сосын тік тұрмастан есіне түсе, қайтып отырсын. Ал тік тұрып қойса, отырмайды және намаз аяғында сәһу сәжделерін жасайды»¹.

2 - Намаздың ішкі парызы ерте жасалса. Мысалы, намаз оқушы қиямда Құран оқымастан байқаусыз рүкүф жасаса, кері қайтып Құран оқиды. Кейін рүкүф жасайды. Намаздың соңында жаңылысқаны үшін сәһу сәждесін жасайды. Рүкүфтан Құран оқу үшін қиямға оралмаса, намазы бұзылады. Өйткені Құран оқу - намаздың ішкі парызы.

3 - Намаздың ішкі парызы кеш жасалса. Соңғы отырысты байқаусыз атқармай, артық рәкатқа көтерілсе және сәжде жасамай есіне түссе, кері қайтып, соңғы отырысты атқарады. Кейін соңғы отырысты өз орнынан кешіктіргендігі үшін сәһу сәждесін жасайды. Ал артық рәкаттің сәждесін жасап қойса, намазды алты рәкат етіп аяқтағаны жөн. Сөйтіп, бұл намазы парыз емес, нәпілге айналады. Өйткені соңғы отырыс атқарусыз қалды, ал оның үкімі парыз. Сондықтан парыз намазын қайта оқиды.

4 - Ішкі парыз байқаусыздан артық жасалса немесе артық бір рәкат істелсе.

Имам соңғы отырыста ташәһһудті оқып, мұны бірінші отырыс деген оймен сәлем айтпай байқаусыз бесінші рәкатқа тұрса, тік тұрған бетінде немесе қайта отырып, сәлем береді. Жамағат имамға ілесіп, бесінші рәкәтқа тұрмайды. Имам бесінші рәкәттің сәждесін жасап қойса, жамағат сәлем беріп намаздарын аяқтайды. Намаздары жағдайға сай дұрыс болады. Ал, имам болса, намазын алты рәкат етіп аяқтауы мустаһап. Негізінде, имам сәлемді кешіктіргені болмаса, соңғы отырысты атқарған болатын. Сол себептен сәлемді кешіктіргені үшін сәһу сәждесін жасайды. Сөйтіп намазы дұрыс болады да артық екі рәкәті нәпіл саналады.

Төрт немесе үш рәкәт намаздың екі рәкәтінен кейін «намазды аяқтадым деген оймен» сәлем бергенде қателескендігі есіне түссе, қиямға тұрып, қалған рәкәтін толықтырады. Кейін жаңылысқаны үшін сәһу сәждесін жасайды.

Намаздың бір ішкі парызы байқаусыз атқарылмаса және бір уәжібі әдейі атқарылмаса, бұл кемшіліктердің орнын толтыруға сәһу сәждесі мүлде жарамайды. Мұндай намаз қайта оқылады.

Қандай жағдайларда сәһу сәждесі мойыннан түседі?

- 1 - Сәһу сәждесі жасалуға тиісті таң намазының сәлемінен кейін бірден күн шықса.
- 2 - Сәһу сәждесі жасалуға тиісті екінді намазының сәлемінен кейін бірден күн қызарса.
- 3 - Сәһу сәждесін жасауға еңкейгенде дәреті бұзылса.

Имамға еріп сәһу сәждесін жасау

Жамағат сәһу сәждесін имамға ілесіп жасайды. Өйткені, имамға еру - уәжіп.

¹ Әл-Бұхари, Мүслім, Әбу Дәуд, Ан-Насаи, Ибн Мажа жеткізді

Имамға ұюшы байқаусыздығы үшін сәһу сәждесін жасамайды. Имам - жамағатқа кепіл. Сондықтан имамның намазының дұрыстығы жамағат үшін жеткілікті. Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ليس على من خلف الإمام سهو، فإن سها الإمام فعلية وعلى من خلفه السهو، وإن سها من خلف الإمام فليس عليه سهو والإمام كافيه)

«Имамға ұюшының жаңылысуы есепке алынбайды. Ал егер имам жаңылысса, имамға да, оның артындағыларға да сәһу сәждесін жасаулары уәжіп. Имамға ұюшы жаңылысса, оған сәһу сәждесі уәжіп емес. Өйткені, имамның кепілдігі оған жеткілікті»¹.

Жамағатқа кешігіп қосылған кісі, егер имам сәлемнен бұрын сәһу сәждесін жасаса, ілесіп жасайды. Ал сәлемнен кейін жасаса, ұюшы үлгермеген рәкәттәрін толықтыру үшін қиямға тұрады.

Намазда күдіктенудің үкімі

1 - Күмән әдет болмаса, намаз бұзылады және қайта оқылады. Ғибада ибн ас-Самит, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

أن رسول الله صلى الله عليه وسلم سئل عن رجل سها في صلاته فلم يدر كم صلى قال: (ليعد صلاته وليسجد سجدين قاعداً) Аллаһтың елшісінен (саллаллаһу алайһи уа саллам) намазында қанша рәкәт оқығанын білмей жаңылысқан кісі жайында сұралды. Ол: «**Намазын қайта оқысын да, отырып екі сәжде жасасын!**»-деді².

2 - Күмән намаздың оқылған, оқылмағынында болса, оқылмаған болып саналады.

3 - Соңғы отырыстың ташаһһуді оқылған соң, немесе сәлем берген соң: «Бір нәрсені тастап кеткен жоқпын ба?»-деген күмән күмәнға жатпайды. Алайда, тастап кеткендігіне сенімді болса, ережеге сай толықтырады.

4 - Қанша рәкәт оқығаны турасында ойлары қабаттасқан кісі дұрысқа жорыған ойына негізделіп, намазын толықтырады. Ойланып кідіргендігі үшін намаздың соңында сәһу сәждесін жасайды. Ибн Масыуд, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا شك أحدكم في صلاته فليتحزّ الصواب، فليتم عليه ثم ليسلم ثم ليسجد سجدين)

«Кім намазында күдіктенсе, **екі ойының дұрысын ұстанып, намазын соған негіздеп толықтырсын. Сосын сәлем берсін. Сосын екі сәжде жасасын**»³.

5 - Бірінен соң бірі келген күмән - күмән емес, шайтанның уәсуәсі (азғыруы).

6 - Дәретті екендігінде күмәндәніп, кейін дәретті екені айқындалса, дәретті болғаны. Дәретті екеніне сенімді болып, кейін дәретсіз екені айқындалса, дәретсіз болғаны.

7 - Тахрим тәкбірін айтқан, айтпағанына күмәнді болған кісі намазын қайта оқиды.

Екінші: Тиләуат сәждесі

Тиләуат сәждесі дегеніміз - Құрандағы сәжде аяттары оқылғанда оны естіген әркімнен жасалуы талап етілетін бір сәжде. Тиләуат сәждесінің үкімі ханафи мәзһабінде ғана уәжіп. Тиләуат сәждесінің үкімін уәжіп дәрежесіне көтеретін дәлел: Аллаһ тағала Құран Кәрімде сәжде жасамаушыларды сөгіп, былай дейді:

(فَمَا لَهُمْ لَا يُؤْمِنُونَ . وَإِذَا قُرِئَ عَلَيْهِمُ الْقُرْآنُ لَا يَسْجُدُونَ)

«Иман келтірмейтіндей оларға не болды?! Өздеріне Құран оқылған кезде сәжде жасамайды»⁴.

Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان يقرأ القرآن، فيقرأ سورة فيها سجدة فيسجد ونسجد معه حتى ما يجد بعضنا موضعاً لمكان جبهته)

¹ Ад-Дарақұтни жеткізді

² «Мажмаъ аз-Зауаид»: 2/153

³ Әбу Дәуд жеткізді

⁴ «Иншиқак» сүресі: 21

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) *bizge* Құран оқитын. Ішінде сәжде аяты бар сүрені оқығанында бірден сәжде жасайтын. Оған еріп біз де жасайтынбыз. Кейбіріміз, тіпті маңдайын қоюға орын таппай қалатын»¹.

Тиләуат сәждесінің беделі келесі хадисте байқалады. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

إذا قرأ ابن آدم السجدة فسجد اعتزل الشيطان بيكي. يقول: يا ويله، أمر ابن آدم بالسجود فسجد فله الجنة، وأمرت بالسجود فأبيت فلي النار

«Адам баласы сәжде аятын оқығанда сәжде жасаса, шайтан аулақ кетіп жылайды және былай дейді: (Қайғыға тап болдым. Адам баласына сәжде бұйырылып еді, бірден сәжде жасады. Енді оған - жәннат. Ал маған сәжде жасауым бұйырылғанда бағынбадым. Енді маған - тозақ)»².

Тиләуат сәждесін аятты оқушы да, естуші де жасайды. Осман және Ибн Омар, Аллаһ тағала оларға разы болсын, пайғамбардың былай дегенін жеткізді:

(السجدة علي من سمعها و علي من تلاها)

«**Тиләуат сәждесі сәжде аятын естігенге де, оны оқығанға да уәжіп**»³.

Сәжде аяты намазда оқылса, тиләуат сәждесі бірден жасалады. Оны уақытынан кешіктіру мәкрүһ тахриман. Намазда оқылған сәжде аятында тиләуат сәждесі біле тұра жасалмай, одан кейін үш аяттан артық Құран оқылса, күнә болады және намаздың аяқталуымен мойыннан түседі. Ал байқаусыздан жасамай кетіп, сәлемнен бұрын немесе сәлем берген кезде есіне түссе, алдымен, тиләуат сәждесін, кейін саһу сәждесін жасайды.

Намаздың сыртында оқылған сәжде аятына келетін болсақ, тиләуат сәждесін бірден жасау уәжіп емес, жалпы жасалуы - уәжіп. Дегенмен, оқылған уақытынан ұзаққа кешіктіру - мәкрүһ танзиһан.

Әйел кісіге хайыз бен нифас күйінде тиләуат сәждесін жасау уәжіп емес.

Уәжіптілік себебі:

Сәжде аятының оқылуы немесе біреудің оқығанын естуі. Осман және Ибн Омар, Аллаһ тағала оларға разы болсын, пайғамбардың былай дегенін жеткізді:

(السجدة علي من سمعها و علي من تلاها)

«**Тиләуат сәждесі сәжде аятын естігенге де, оны оқығанға да уәжіп**»⁴.

Сәжде аяттары Құранның он төрт жерінде келген. Олар: «Аъраф»: 206, «Раъд»: 15, «Нахл»: 49, «Исра»: 107, «Мариям»: 58, «Хадж»: 18, «Фурқан»: 60, «Нәміл»: 25, «Сәжде»: 15, «Фуссилат»: 38, «Сад»: 24, «Нәжім»: 62, «Иншиқак»: 21, «Балақ»: 19.

Тиләуат сәждесінің сыртқы парыздары:

1. Дәретті болу.
2. Әураттің жабық болуы.
3. Құбылаға бағытталу.

Тиләуат сәждесінің ішкі парыздары:

1. Ниет.
2. Сәжде.

Тиләуат сәждесінің жасалатын орны

1 - Намазда сәжде аятын оқыған кісі тәкбір айтып бірден тиләуат сәждесін жасайды. Сосын қиямға көтерілгенде екі не одан да көбірек аят оқығаны абзал. Имам жамағатпен іштей оқылатын намазды жүргізгенде сәжде аятын оқыса, жамағатты жаңылыстырмау үшін тиләуат сәждесінің орнына намаздың рүкүгін немесе сәждесін қолдануына болады. Ал дауыстап

¹ Әл-Бұхари және Мүслім жеткізді

² Мүслім және Ибн Мажа жеткізді

³ «Ал-Фикһ ал-Ислами уа Адиллатуһу»: 2/1128

⁴ «Ал-Фикһ ал-Ислами уа Адиллатуһу»: 2/1128

оқылатын намазда тиләуат сәждесін арнайы түрде жасайды. Имамға еріп жамағат та сәжде жасайды. Біле тұра тиләуат сәждесін атқарусыз қалдыру күнә болғанымен намаз бұзылмайды. Мұндай жағдайда ол намаздан кейін тиләуат сәждесінің қазасын өтемейді.

2 - Мәжілісте отырғанда уағыз айтушы сәжде аятын бірнеше мәрте қайталаса, тиләуат сәждесінің бір мәрте жасалуы - жеткілікті. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) осылай істейтін. Бір кісі намаздың сыртында сәжде аятын оқып тиләуат сәждесін жасаса, кейін намазда тұрғанында сол аятты тағы оқыса, тиләуат сәждесін қайта жасауы - уәжіп.

Тиләуат сәждесінің жасалу бейнесі

Тиләуат сәждесі тәкбірмен жасалады және одан тәкбірмен көтеріледі. Тәкбір кезінде қол көтерілмейді. Тиләуат сәждесінен бас көтергенде ташаһһуд оқылмайды. Тиләуат сәждесінде намаздағыдай үш мәрте «субхана рабби ал-әһла» айтылады. Сондай-ақ сүннетте келген мына дұғаларды қосып айтуға болады:

(سجد وجهي للذي شق سمعه وبصره بحوله وقوته)

«Жүзімді күш-қүдіретімен жаратып, бейнелеген әрі оған есту және көру мүшелерін ойып жасаған Аллаһқа жүзім сәжде жасайды»¹.

Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم يقرأ علينا القرآن فإذا مر بالسجدة كبر وسجد وسجدنا معه)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) бізге Құран оқитын. Сәжде аятын оқыған кезде тәкбір айтып, сәжде жасайтын. Онымен бірге біз де сәжде жасайтынбыз»².

Тиләуат сәждесінің әдептері

1. Айналасында отырған адамдар сәжде жасауға дайын болмаған жағдайда Құран оқып отырған кісі сәжде аятын өзгелерге естіртпей оқиды.

2. Құран оқып отырған адам сәжде аятын оқығанда, алдымен, орнынан тұрады. Сосын тәкбір айтып, сәжде жасайды.

3. Сәжде аятын оқыған және естіген кісі тиләуат сәждесін бірден жасауға дайын болмаса:

"سمعنا وأطعنا غفرانك ربنا وإليك المصير"

«Естідік те бой ұсындық. Раббымыз! Күнәлерді жасырушы - тек Сен. Әрі Саған ораламыз»- деп айтуы ұнамды болады. Кейін міндетті түрде сәждені өтейді.

Құран оқып отырған адам сәжде аятына жеткенде оны оқымай өтіп кетуі мәкруһ. Өйткені, бұл - Құран аяттарының тәртібін бұзуға жатады.

Сәжде аяты магнитофоннан немесе радиодан естілсе, тіпті оны қари кісі оқып жатса да, тиләуат сәждесін жасау уәжіп емес.

Үшінші: Шүкір сәждесі

Ханафи мәзһабінде бекіген пәтуа бойынша қуанышты хабарды сәждемен қарсы алу мустаһап. Алайда, имам Әбу Ханифаның көзқарасында Аллаһтың нығметтері шексіз болғандықтан бір ғана шүкір сәждесін жасау мәкруһ. Абзалы - шүкір ниетімен екі рәкат намаз оқу.

Әбу Юсуф пен Мұхаммедтің көзқарасында шүкір сәждесі сауапты іс. Әбу Букра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أنه كان إذ جاءه أمر سرور، أو بُشِّرَ به خَرَّ ساجداً شاكرًا لله)

«Пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) қуанышты хабар жетсе немесе сол жайында сүйінші жетсе, Аллаһқа шүкір етіп, сәждеге жығылатын»³.

Намаздан кейін шүкір сәждесін жасау мәкруһ. Өйткені намазды енді ғана үйреніп жүрген кісілер оны намаздың бір бөлігі немесе сүннеті деп ойлаулары мүмкін.

¹ Ат-Тирмизи жеткізді

² Әбу Дәуд жеткізді

³ Әбу Дәуд жеткізді

Шүкір сәждесінің жасалу бейнесі

Шүкір етуші жүзін құбылаға қаратып, алдымен, тәкбір айтады. Кейін сәжде жасап, Аллаһты мақтайды және шүкір етіп пәктейді. Кейін тәкбір айтып басын сәждеден көтереді.

Оныншы бөлім: Үтір намазы

"الوتر" - «үтір» сөзі тілде «тақ» деген мағынаны білдіреді.

Шариғатта үтір намазы дегеніміз - құптан мен таң намаздары арасында рәкәт саны тақ болып оқылатын намаз. Аллаһтың елшісі былай деді:

(يا أهل القرآن أوتروا فإن الله وتر و يحب الوتر)

«Әй, Құран иелері! Үтір намазын оқыңдар! Расында, Аллаһ тақ (жалғыз) және тақты жақсы көреді»¹.

Имам Әбу Ханифаның көзқарасында үтір намазын оқу әр мұсылманға уәжіп. Оқымау - күнә. Алайда, уәжіптілігін теріске шығарушы кәпір емес және діннен шықпайды. Ал Әбу Юсуф пен Мұхаммедтің көзқарасында үтір намазының үкімі - бекітілген сүннет. Ханафи мәзһабіндеағы дұрыс ойды шығару қағидалары бойынша имамның сөзі алға шығады.

Уәжіптілігіне дәлел

Харижа ибн Хазафа, Ыамру ибн ал-Ъас, Ыукба ибн Ыамир, Ибн Аббас, Ибн Омар, Аллаһ тағала оларға разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(إن الله تعالى زادكم صلاة. ألا و هي الوتر فصلوها ما بين العشاء إلى طلوع الفجر)

«Расында, Аллаһ сендерге тағы бір намазды қосты. Біліңдер, ол - үтір намазы. Оны құптан мен таң аралығында оқыңдар!»². Бұл хадистегі «оқыңдар» деген бұйрықты имам Әбу Ханифа уәжіп үкіміне жатқызады.

Үтір намазы уәжіп болғандықтан төмендегі нәрселерді талап етеді:

1 - Уәжіп екендігіне сену.

2 - Оқылмай қалса, міндетті түрде, қазасы өтеледі.

Үтір намазы неше рәкәт етіп оқылады?

Әбу Аюп, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(الوتر حق فمن أحب أن يوتر بخمس فليفعل, ومن أحب أن يوتر بثلاث فليفعل, ومن أحب أن يوتر بواحدة فليفعل)

«Үтір - хақ! Кім үтірді бес рәкәт етіп оқығысы келсе, оқысын. Кім үтірді үш рәкәт етіп оқығысы келсе, оқысын. Кім үтірді бір рәкәт етіп оқығысы келсе, оқысын»³.

Осы хадисте пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) ұсынған тақ рәкәттәрдің қақ ортасы - үш рәкәт. Сондай-ақ бұл ұстанымды қуаттайтын хадисті Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, жеткізеді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم يوتر بثلاث لا يسلم إلا في آخرهن)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) үтірді үш рәкәт етіп оқитын және сәлемді ең соңында ғана беретін»⁴.

Үтір намазының уақыты

Үтір намазы мен құптан намазының уақыты бірдей. Бірақ құптаннан бұрын оқуға болмайды. Намазды енді үйреніп жүрген кісі үшін немесе түнде тұруы қиын кісі үшін

¹ Әбу Дәуд жеткізді. Ат-Тирмизи сахих деді.

² Әбу Дәуд, Ат-Тирмизи, Ибн Мажа және Ал-Хаким жеткізді. Ал-Хаким бұл хадистің иснадін сахих деді.

³ Әбу Дәуд, Ан-Насаи және Ибн Мажа жеткізді

⁴ Ал-Хаким жеткізді. Ол оны Әл-Бұхари мен Мүслімнің шарты бойынша сахих деді.

үтірді құптан намазынан кейін түннің бірінші бөлігінде ұйқыдан алдын оқығаны дұрыс. Ал енді уақыт өте оны түннің соңғы бөлігінде оқу, ханафи мәзһабінде, - мустаһап¹. Бұл түсінік келесі хадиске негізделеді: Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) үтір намазы жайында былай деді:

تارة كان يوتر في أول الليل و تارة كان يوتر في وسط الليل و تارة كان يوتر في آخر الليل. ثم صار وتره في آخر عمره في آخر الليل

«Алғашқы кезде үтірді кейде түннің басында, кейде ортасында, кейде соңында оқитын. Ал ғұмырының соңында түннің соңғы бөлігінде ғана оқитын болды»².

Жабир, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

من خاف أن لا يقوم من آخر الليل فليوتر أوله، ومن طمع أن يقوم آخره فليوتر آخر الليل، فإن صلاة الليل مشهودة وذلك أفضل

«Кім түннің соңында тұра алмаймын деп қорықса, үтірді түннің басында оқысын. Ал кім түннің соңында оқуды құмартса, үтірді түннің соңында оқысын. Расында, түнгі намаздың куәләрі бар және солай *істеген абзал*»³.

Үтірді жатар алдында оқып, кейін түн ортасында тәһажжуд оқыған кісі үтірді қайта оқымайды. Талқ ибн Әли әкесінен, Аллаһ тағала оларға разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(لا وتران في ليلة)

«Бір түнде үтір екі мәрте оқылмайды»⁴.

Үтір намазының атқарылу жолы

1 - Үтір намазы үш рәкат және бір сәлеммен аяқталады. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم يوتر بثلاث لا يسلم إلا في آخرهن)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) үтірді үш рәкат етіп оқитын және сәлемді ең соңында ғана беретін»⁵.

Ибн Масъуд пен Ибн Аббас, Аллаһ тағала оларға разы болсын, былай деді:

(كان النبي صلى الله عليه وسلم لا يسلم في ركعتي الوتر)

«Пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) үтірдің екі рәкәтінде сәлем бермейтін»⁶.

2 - Әр рәкәтта «Фатиха» мен қосымша сүре оқылады. Әбу ибн Каъб, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم يوتر ب {سبح اسم ربك الأعلى} و {قل يا أيها الكافرون} و {قل هو الله أحد})

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) үтір намазында «Саббихисма раббика әл-әһла»-ні, «Қул йа әййуһал-кафирун»-ді, «Қул һуаллаһу әһад»-ті оқитын⁷.

3 - Екі рәкәттан кейін ташаһһуд оқылады. Үшінші рәкәтта «Фатиха» мен қосымша сүре оқылған соң екі қол екі құлақтың деңгейіне көтеріліп тәкбір айтылады. Кейін құныт дұғасы оқылады. Кейін рүкүғ жасалады. Әбу ибн Каъб, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

¹ «Ал-Фикһ ал-Ислами уа Адиллатуһу»: 2/1015

² Әбу Дәуд жеткізді

³ Мүслім жеткізді

⁴ Ат-Тирмизи жеткізді

⁵ Ал-Хаким жеткізді. Ол оны Әл-Бұхари мен Мүслімнің шарты бойынша сахих деді.

⁶ Ан-Насаи жеткізді

⁷ Ибн Мажа жеткізді

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) үтір намазында құныт дұғасын рүкүғтан бұрын оқитын¹. Бұл хадисті тағы Ибн Масъуд, Ибн Аббас және Ибн Омар жеткізді. Әли, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) үтір намазында тәкбір айтып қол көтергенін және құныт оқығанын айтты.

Имам Әбу Ханифаның жеке көзқарасында «Фатиха» қалай тұрып оқылса, құныт дұғасы да солай тұрып оқылады. Ал Әбу Юсуп пен Мұхаммедтің көзқарастарында екі қол алақандары аспанға қараған түрде кеуденің тұсына көтеріледі, яғни дұға кезіндегідей.

Құныт дұғасы

Құныт дұғасы үтір намазында оқылады.

Құныт дұғасының бейнесі:

"اللَّهُمَّ إِنَّا نَسْتَعِينُكَ وَنَسْتَهْدِيكَ وَنَسْتَغْفِرُكَ، وَنَتُوبُ إِلَيْكَ، وَنُؤْمِنُ بِكَ، وَنَتَوَكَّلُ عَلَيْكَ، وَنُشِيرِي عَلَيْكَ الْخَيْرَ كُلَّهُ، وَلَا نَكْفُرُكَ، وَنَخْلَعُ وَنَتْرِكُ مَنْ يَفْجُرُكَ، اللَّهُمَّ إِيَّاكَ نَعْبُدُ، وَلَكَ نَصَلِي وَنَسْجُدُ، وَإِلَيْكَ نَسْعَى وَنَخْتِئُ، نَرْجُو رَحْمَتَكَ وَنَخْشَى عَذَابَكَ، إِنَّ عَذَابَكَ الْجَدِّ بِالْكَفَّارِ مُلْحَقٌ، وَصَلَّى اللَّهُ عَلَى سَيِّدِنَا مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِهِ وَصَحْبِهِ وَسَلَّمَ"

Имам Әбу Ханифа құныт дұғасының бұл бейнесін Ибн Масъудтан жеткен хабардан алады. Сондай-ақ оны Омардан, Аллаһ тағала оған разы болсын, Әл-Байһақи жеткізеді. Қазақша мағынасы: **«Аллаһым! Сенен жәрдем, тура жол және кешірім тілейміз. Саған тәуба етеміз. Саған сенеміз және тәуекел етеміз. Бүкіл жақсылық үшін Сені мақтаймыз. Саған шүкір етіп, қарсы келмейміз. Саған бағынбайтын адамдарды тастап, байланысымызды үземіз. Аллаһым, Саған ғана құлшылық етеміз. Намаз оқып, сәжде жасаймыз. Сені мақсат тұтып, құлшылығыңа асығамыз. Рахымыңа үміттеніп, азабыңнан қорқамыз. Расында, хақ азабың кәпірлердің басына жетеді. Пайғамбарымыз Мұхаммедке, әулетіне және сахабаларына Аллаһтың рахымы мен есендігі болсын».**

Сүннетте құныт дұғасының басқа да бейнелері бар. Құныт дұғасын білмейтін адам оны үйренгенге дейін үш мәрте "اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِي"-деп айтуына болады. Яғни «Аллаһым, кешіре гөр»-деп.

Құныт дұғасына қатысты нәрселер:

- 1 - Имам да, жалғыз оқушы да құныт дұғасын іштерінен оқиды. Бұл пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам): **«Ең жақсы дұға - құпия айтылғаны»** деген хадисімен байланысты².
- 2 - Үмметтің басына ауыртпашылық түскен жағдайларда болмаса, үтірден басқа намазда құныт дұғасы оқылмайды. Ханафи мәзһаби бойынша мұсылмандардың басына қасірет түссе, дауыстап оқилатын парыз намаздарында құныт дұғасын оқу мұстахап.
- 3 - Ханафи мәзһабіндегі кісі таң намазын шафиғи мәзһабіндегі кісіге ұйып оқыған жағдайда имамға еруі абзал.
- 4 - Намаз оқушы үтір намазында құныт дұғасын айтуды ұмытса, сәһу сәждесін жасайды.
- 5 - Үтір жамағатпен оқылғанда имам құныт дұғасын оқып, руқуғ жасағанда артындағы кісі құныт дұғасын аяқтамаған жағдайда имамға ереді.
- 6 - Имам құныт дұғасын оқып болғанда жамағатқа қосылған адам қалған екі рәкәтін толықтырғанымен құныт дұғасын оқымайды.

Үтір намазынан кейін іштей айтылатын зікір мен жасалатын дұға

Үтір намазынан кейін үш мәрте «Субханал-маликил-қуддус» деп айту мұстахап. Әбу

¹ Әбу Дәуд жеткізді

² «Ал-Фиқһ ал-Ислами уа Адиллатуһу»: 2/1018

Ибн Каъб, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه و سلم إذا سلم من الوتر قال: سبحان الملك القدوس)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) үтірдің сәлемінен кейін «Субханал-Мәликил-Қуддус» дейтін¹.

Әли ибн Әбу Талиб, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) үтірді аяқтағанда былай дегенін жеткізді:

(اللهم إني أعوذ برضاك من سخطك و أعوذ بمعافاتك من عقوبتك و أعوذ بك منك لا أحصي ثناء عليك أنت كما أثنيت على نفسك)

«Аллаһым! Қаһарыңнан ризашылығыңа сиынамын. Жазаннан аман қалдыруыңа сиынамын. Сенен Саған сиынамын. Сен Өзіңді ардақтағандай мен Сені дәрежеңе лайықты етіп дәріптей алмаспын»².

Рамазан айында үтірді тарауық намазынан кейін жамағатпен оқыған абзал. Ал рамазаннан басқа айларда үтірді әркімнің жеке оқығаны дұрыс.

Он бірінші бөлім: Нәпіл намаздар

Бірінші: Парыз намазына еруші нәпіл намаздар

"النَّفْل" - «нәпіл» сөзінің тілдік мағынасы: қосымша амал.

Шариғат тұрғысында нәпіл амал дегеніміз - шариғат тарапынан міндеттелмеген, бірақ пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) парыздан бөлек өз еркімен қосымша істеген құлшылықтары. Олар бекітілген және бекітілмеген болып екіге бөлінеді. Әрбір сүннет амал нәпіл саналады. Алайда, әрбір нәпіл сүннет саналмайды.

Нәпіл намаздарының құпиясы

1 - Парыз намаздарындағы кемшіліктердің орнын толтырады. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إن أول ما يُحاسب به العبد يوم القيامة من عمله صلواته. فإن صلحت فقد أفلح وأنجح، وإن فسدت فقد خاب وخسر، فإن انتقص من فريضته شيء قال الرب عز وجل: انظروا هل لعبدي من تطوع؟ فيكّمّل بها ما انتقص من الفريضة، ثم يكون سائر عمله على ذلك)

«Қиямет күні құлдан сұралатын амалдарының әуелгісі - оның намазы. Намазы дұрыс болса, құтылып, табысқа жетеді. Намазы дұрыс болмаса, сәтсіздік пен зиянға ұшырайды. Егер парыз намазында бір кемшілік болса, Аллаһ тағала *періштелерге*: «Құлымның өз еркімен істеген нәпілі бар ма екен, қараңдар!»-дейді. Бұл нәпілмен парыз намазындағы кемшіліктің орны толтырылады. Кейін барлық амалдарымен осылай жасалады»³.

2 - Шайтанның үмітін үзеді. Ғалымдардың айтуынша парыз намазына еруші сүннет намазы шайтанның үмітін үзуге арналған. Адам баласының парыз істерді орындағанын көретін шайтан қатты қайғырады. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا قرأ ابن آدم السجدة فسجد اعتزل الشيطان يبكي. يقول: يا ويله، أمر ابن آدم بالسجود فسجد فله الجنة، وأمرت بالسجود فأبيت فلي النار)

«Адам баласы сәжде аятын оқығанда сәжде жасаса, шайтан аулақ кетіп жылайды және былай дейді: (Қайғыға тап болдым. Адам баласына сәжде бұйырылып еді, бірден сәжде

¹ Әбу Дәуд жеткізді

² Ахмад, Әбу Дәуд, Ибн Мажа, Ан-Насаи және Ат-Тирмизи жеткізді

³ Ат-Тирмизи жеткізді

жасады. Енді оған - жәннат. Ал маған сәжде жасауым бұйырылғанда бағынбадым. Енді маған - тозақ»¹.

3 - Аллаһ тағала жақындатады. Әбу һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты: Аллаһ тағала былай деді:

(من عادى لي ولياً فقد آذنته بالحرب، وما تقرب إلي عبدي بشيء أحب إلي مما افترضت عليه، وما يزال عبدي يتقرب إلي بالنوافل حتى أحبه، فإذا أحببته: كنت سمعه الذي يسمع به، وبصره الذي يُبصر به، ويدته التي يبطش بها، ورجله التي يمشي بها، وإن سألني لأعطيته، ولن استعاذني لأعيذته)

«Мен досыммен жауласқан адамға соғыс жарияладым. Құлым Маған жақындау үшін, алдымен, парыз амалынан сүйкімді амал іздемесін. Егер құлым (парыз амалдарына) қосымша нәпіл амалдарымен Маған жақындауын тоқтатпаса, оны жақсы көретін боламын. Оны жақсы көретін болсам, Мен ұнататын сөзді ғана еститін болады. Және Мен ұнататын нәрсеге ғана қарайтын болады. Және Мен ұнататын нәрсені ғана ұстайтын болады. Және Мен ұнататын жерде ғана жүретін болады. Егер Менен сұраса, сұрағанын беремін. Егер пана тілесе, пана беремін..»².

Бекітілген сүннет намаздар. Бекітілген сүннет дегеніміз пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) әрдайым істеген іс. Мұндай сүннетті біле тұра істемеу мәкрүһ танзиһан.

1 - Таң намазының алдында оқылатын екі рәкат. Бұл екі рәкаттің дәрежесі өте үлкен. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ركعتا الفجر خير من الدنيا وما فيها)

«Таң намазының екі рәкат сүннеті дүниеден және ондағы бүкіл нәрседен артық»³.

Әбу һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن رسول الله صلى الله عليه وسلم قرأ في ركعتي الفجر: قل يا أيها الكافرون، وقل هو الله أحد)

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) таң намазының екі рәкат сүннетінде «Қул йа әййуһал-кафирун» мен «Қул һуаллаһу әхад»-ті оқыды⁴.

Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن النبي صلى الله عليه وسلم كان يخفف الركعتين اللتين قبل صلاة الصبح حتى إني لأقول هل قرأ بأَم الكتاب)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) таң намазының екі рәкат сүннетін жеңіл түрде оқитын. Мен, тіпті ол жайында: «Фатиха»-ны оқыды ма?-деп, ойланып қалатынмын»⁵.

Таң намазының екі рәкат сүннетін уақыты кіре сала оқыған абзал. Таң намазының парызы мен сүннеті қаза болған жағдайда күн аспан биігіне жетпей өтеледі. Күн аспан биігінен еңкейгенде парызының қазасы ғана өтеледі.

Таң атқан кезде таң намазы оқылғанша сөйлесу мәкрүһ. Өйткені бұл уақытта Аллаһтың әмірімен ауысып жатқан түннің періштелері мен күндіздің періштелері куә болады.

Әбу Убайда, Аллаһ тағала оған разы болсын, Абдулланың, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай дегенін жеткізді:

(تتدراك الحرسان من ملائكة الله عز وجل حارس الليل وحارس النهار عند طلوع الفجر واقروا إن شئتم: "وقرآن الفجر، إن قرآن الفجر كان مشهوداً")

«Таң атқанда қорғаушы періштелер түн періштелері мен күндіз періштелері жолығады. Бұл жайында Құранда айтылған: «Таңғы Құран. Расында, таңғы Құранның куәләрі бар»⁶.

¹ Мүслім және Ибн Мажа жеткізді

² Әл-Бұхари жеткізді

³ Мүслім жеткізді

⁴ Мүслім жеткізді

⁵ Әл-Бұхари жеткізді

⁶ «Мажмағ аз-зауаид»: 1/318

2 - Бесіннің алдындағы төрт рәкат және бесіннен кейінгі екі рәкат. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن النبي صلى الله عليه وسلم كان لا يدع أربعاً قبل الظهر)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) бесін алдындағы төрт рәкат сүннетті ешқашан тастамайтын»¹.

Үмму Хабиба, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من صلى في يوم وليلة اثنتي عشرة ركعة بني له بيت في الجنة: أربعاً قبل الظهر، وركعتين بعدها، وركعتين بعد المغرب، وركعتين بعد العشاء، وركعتين قبل صلاة الفجر)

«Кім күндіз бен түндегісін қосқанда он екі рәкат (нәпіл намаз) оқыса, жәннатта оған арналып үй салынады. Олардың төртеуі бесіннің алдында, екеуі оның артында, екеуі ақшамның артында, екеуі құпанның артында және екеуі таң намазының алдында»².

3 - Жұма намазының алдындағы төрт рәкат. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان النبي صلى الله عليه وسلم يركع قبل الجمعة أربعاً لا يفصل في شيء منهن)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) жұманың алдында төрт рәкат оқитын және оны бөлмейтін»³.

4 - Жұма намазының артындағы төрт рәкат. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا صليتم بعد الجمعة فصلوا أربعاً فإن عجل بك شيء فصل ركعتين في المسجد وركعتين إذا رجعت)

«Жұмадан кейін намаз оқысаңдар, төрт рәкат етіп оқыңдар. Егер сені бір шаруа асықтырса, екеуін мешітте, екеуін қайтып келгеніңде оқы»⁴.

5 - Ақшамнан кейін екі рәкағат оқу. Бұл екі рәкат дәрежесі тұрғысынан таң намазы алдындағы екі рәкаттан кейінгі орында. Өйткені Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) бұл екі сүннетті, тіпті, жолаушы кезінде тастамаған. Ақшамның екі рәкат сүннетін ұзақ оқу ұнамды. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم يطيل القراءة في الركعتين بعد المغرب حتى يفرق أهل المسجد)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) ақшамның екі рәкат сүннетін ұзақ оқитыны соншалықты, тіпті, мешіттегі адамдар тарап кететін»⁵.

Ибн Масъуд, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان يقرأ في الركعتين بعد صلاة المغرب {قل يا أيها الكافرون} و{قل هو الله أحد})

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) ақшамның екі рәкат сүннетінде «Қул йа әййуһал-кафирун» мен «Қул һуаллаһу әхад»-ті оқитын»⁶.

6 - Құптаннан кейінгі екі рәкат. Үмму Хабиба, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Ат-Тирмизи жеткізді

³ Ибн Мажа жеткізді

⁴ Ахмад жеткізді

⁵ Әбу Дәуд жеткізді

⁶ Ибн Мажа жеткізді

(من صلى في يوم وليلة اثنتي عشرة ركعة بني له بيت في الجنة: أربعاً قبل الظهر، وركعتين بعدها، وركعتين بعد المغرب، وركعتين بعد العشاء، وركعتين قبل صلاة الفجر)

«Кім күндіз бен түндегісін қосқанда он екі рәкат (нәпіл намаз) оқыса, жәннатта оған арналып үй салынады. Олардың төртеуі бесіннің алдында, екеуі оның артында, екеуі ақшамның артында, екеуі құптанның артында және екеуі таң намазының алдында»¹.

Бекітілмеген сүннет намаздар. Бекітілмеген сүннет дегеніміз пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) бірде істеп, бірде істемеген іс. Істелуі - сауап, істелмеуі мәкруһ емес. Бекітілмеген сүннеттің басқа атаулары: мәндуп, мустахап және әдеп.

1 - Екінді намазының алдында төрт рәкағат оқу. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(رحم الله امرأ صلى قبل العصر أربعاً)

«Екінді намазының алдында төрт рәкат сүннет оқыған кісіні Аллаһ рахымына бөлесін»².

2 - Құптанның алдында төрт рәкағат оқу. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن النبي صلى الله عليه وسلم كان يصلي قبل العشاء أربعاً ثم يصلي بعدها أربعاً ثم يضطجع)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) құптанның алдында және артында төрт рәкат сүннет оқитын. Кейін ұйықтайтын»³.

Абдалла ибн Мағфал ал-Мазани, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) үш мәрте былай дегенін айтты:

(بين كل أذنين صلاة. قالها ثلاثاً. قال في الثالثة: لمن شاء)

«Әр азан мен қамат аралығында намаз оқуға болады». Ең соңғысында: «Кім қаласа»-деді⁴.

3 - Құптаннан кейін оқылатын екі рәкат бекітілген сүннетке тағы екі рәкат қосу. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(ما صلى رسول الله صلى الله عليه و سلم العشاء قط إلا صلى أربع ركعات أو ست ركعات)

«Пайғамбарымыз құптанды оқып, *менің үйіме кіргенде*, әрдайым, төрт немесе алты рәкат сүннет оқитын»⁵.

4 - Ақшамнан кейін алты рәкат оқу. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من صلى بعد المغرب ست ركعات لم يتكلم فيما بينهن بسوء عُذْلٍ له بعبادة ثنتي عشرة سنة)

«Кім ақшамнан кейін алты рәкат оқыса және олардың арасында жаман сөз айтпаса, бұл намазы он екі жылдық құлшылыққа тең»⁶.

Таммар ибн Ясир, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من صلى بعد المغرب ست ركعات غُفِرَت ذنوبه وإن كانت مثل زبد البحر)

«Кім ақшамнан кейін алты рәкат оқыса, күнәләрі кешіріледі. Күнәләрі, тіпті толқып жатқан теңіздің бетіндегі көбіктің санындай болса да»⁷.

Бекітілген төрт рәкат сүннет намазының оқылу жолы:

¹ Ат-Тирмизи жеткізді

² Ат-Тирмизи жеткізді

³ «Хашия ат-Тахтауи ала Марақи ал-Фалах»: 382.

⁴ Мүслім жеткізді

⁵ Ахмад, Әбу Дәуд және Ан-Насаи жеткізді

⁶ Ат-Тирмизи жеткізді

⁷ «Мажмағ аз-Зауаид»: 2/230

Бұл намаз бір сәлеммен оқылады. Екі рәкәттан кейін бірінші отырыс жасалып, ташаһһуд оқылады. Екінші отырыста ташаһһуд, салауат және дұғалар оқылады.

Бекітілмеген төрт рәкәт сүннет намазының оқылу жолы:

Бұл намаз екі рәкәт - екі рәкәт етіп, сәлеммен бөлініп оқылады.

Бір сәлеммен оқу үшін күндізгі нәпілді төрт рәкәттан, ал түнгі нәпілді сегіз рәкәттан асырмаған абзал. Имам Әбу Ханифаның көзқарасында күндізгі нәпілді де, түнгі нәпілді де төрт рәкәтпен бөліп оқыған абзал. Әбу Аюп, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يَصَلِّي قَبْلَ الظُّهْرِ أَرْبَعًا إِذَا زَالَتِ الشَّمْسُ لَا يَفْصَلُ بَيْنَهُنَّ بِتَسْلِيمٍ)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) күн аспан биігінен түскенде бесіннің алдында төрт рәкәт оқитын және оны (екі рәкәттан кейін) сәлеммен бөлмейтін»¹.

Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(مَا كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَزِيدُ فِي رَمَضَانَ وَلَا غَيْرِهِ عَلَى إِحْدَى عَشْرَةَ رَكْعَةً، يَصَلِّي أَرْبَعًا فَلَا تَسْأَلُ عَنْ حَسَنَتِهِ وَطَوْلِهِنَّ، ثُمَّ يَصَلِّي أَرْبَعًا فَلَا تَسْأَلُ عَنْ حَسَنَتِهِ وَطَوْلِهِنَّ ثُمَّ يَصَلِّي ثَلَاثًا)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) түнгі намазын рамазан айында болсын, басқа айларда болсын он бір рәкәттан асырмай оқитын. Алдымен, төрт рәкәт оқитын. Олардың әдемілігі мен ұзақтығын айтсаңшы! Кейін төрт рәкәт оқитын. Олардың да әдемілігі мен ұзақтығын айтсаңшы! Кейін үш рәкәт оқитын»².

Әбу Юсуп пен Мұхаммедтің көзқарасында түнгі нәпілді екі рәкәт, екі рәкәт етіп, ал күндізгі нәпілді төрт рәкәт етіп оқыған абзал.

Әбу Юсуп нәпіл намазының артықшылығын қиямның ұзақтығымен байланыстырады. Ал Мұхаммед сәжденің көптігімен байланыстырады. Сәубан, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(عَلَيْكَ بِكَثْرَةِ السُّجُودِ لِلَّهِ، فَإِنَّكَ لَا تَسْجُدُ سَجْدَةً إِلَّا رَفَعَكَ اللَّهُ بِهَا دَرَجَةً وَحَطَّ عَنْكَ بِهَا خَطِيئَةٌ)

«Аллаһқа көп сәжде жасауың қажет. Расында, жасаған әр сәжде үшін Аллаһ сені бір дәрежеге көтеріп, бір күнәнді өшіреді»³.

Екінші: Парыз намаздарына ермейтін нәпіл намаздар

Парыз намаздарына ермейтін нәпілдер екіге бөлінеді: жеке оқылатын намаздар және жамағатпен оқылатын намаздар.

Жеке оқылатын нәпіл намаздар:

1 - Мешітке сәлем намазы. Бұл - екі рәкәт намаз. Әбу Қатада, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إِذَا دَخَلَ أَحَدُكُمْ الْمَسْجِدَ فَلَا يَجْلِسُ حَتَّى يَصَلِّيَ رَكْعَتَيْنِ)

«Сендерден біреу мешітке кірсе, екі рәкәт оқымайынша бірден отырмасын»⁴. Кім мешітке намаз оқуға тиым салынған уақыттарда кірсе, оқығаны дұрыс емес. Тек қана Ал-Харам мешітінде оқуға болады. Өйткені оған сәлем намазы Қағбаны тауап етумен жасалады. Ал тауап қай уақытта болсын жасалады.

- адам таң мен екінді намаздарының уақыттары шыққаннан кейін мешітке кірсе, мешітке сәлем намазын оқымайды. Мұндай жағдайда Аллаһты зікір етуімен мешіттің қақын берген болады.

- мешітке кіргенде парыз намазының уақыты кіріп қойса, парызды атқарады. Өйткені парыз намазы мешітке сәлем намазының орнын жауып кетеді.

¹ Ибн Мажа жеткізді

² Ан-Насаи жеткізді

³ Мүслім жеткізді

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

- мешітке кірген адам уағыз естуі үшін отырса, сәлем намазын енді оқуына болмайды деген сөз жоқ. Мұндай жағдайда кейін оқығаны абзал.

- мешітке қайта-қайта кіріп жүрген адам мешітке сәлем намазын бір мәрте оқыса, бір күнге жеткілікті.

- мешітке кірерде: "اللهم افتح لي أبواب رحمتك" - «Аллаһым, маған рахым есіктеріңді аша көр»-деу, ал шығарда: "اللهم إني أسألك من فضلك" - «Аллаһым, кеңшілігіңнен сұраймын»-деу сүннет.

Әбу Асид Ас-Саьиди, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا دخل أحدكم المسجد فليسلم وليقل: اللهم افتح لي أبواب رحمتك، وإذا خرج فليقل: اللهم إني أسألك من فضلك)

«Сендерден біреу мешітке кірсе, сәлем айтып, «Аллаһым, маған рахым есіктеріңді аша көр»-десін. Ал шығарда: «Аллаһым, кеңшілігіңнен сұраймын»-десін¹.

2 - Дәрет намазы. Дәрет алған бетте екі рәкат намаз оқу сүннет. Уқба ибн Амир, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ما من مسلم يتوضأ فيحسن وضوءه ثم يقوم فيصلي ركعتين مُقبلٌ عليهما بقلبه ووجهه إلا وَجِبَتْ له الجنة)

«Жақсылап дәрет алған соң жүрегі мен жүзін беріп екі рәкат намаз оқыған әр мұсылманға жәннат уәжіп болады»².

3 - Дұха намазы. Бұл - төрт рәкат намаз. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم يصلي الضحى أربعاً. ويزيد ما شاء الله)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) дұха намазын төрт рәкат етіп оқитын және оған қалағанынша қосатын»³.

Дұха намазының уақыты күн бір найза бойындай деңгейге көтерілгенде кіріп, оның аспан биігіне жетуімен шығады. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) бұл намазда «Шәмс» пен «Дұха» сүрелерін оқитын.

Дұха намазын төрттен он екі рәкатқа дейін оқуға болады. Ең абзалы – сегіз рәкат. Үмму Һания, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن النبي صلى الله عليه وسلم دخل بيته يوم فتح مكة. فصلى ثماني ركعات. ما رأيته صلى صلاة قط أحفّ منها. غير أنه كان يتم الركوع والسجود)

«Мекке ашылған жылы пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) Үмму Һанияның үйіне кіріп, сегіз рәкат намаз оқыды. Рүкүф пен сәждені толық атқарғанымен бір намазды бұлай жеңіл оқығанын ешқашан көрген емеспін»⁴.

Әбу Зар, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(يصبح على كل سلامي من أحدكم صدقة. فكل تسبيحة صدقة. وكل تحميدة صدقة. وكل تهليلة صدقة. وكل تكبيرة صدقة. وأمر بالمعروف صدقة. ونهي عن المنكر صدقة. ويجزئ من ذلك، ركعتان يركعهما من الضحى)

«Әркім әр буыны үшін садақа беруге міндетті. Әр таспих: «субханаллаһ»-деу - садақа, әр тахмид: «әлхамдулиллаһи»-деу - садақа, әр таһлил: «лә иләһә иллаллаһ»-деу - садақа, әр тәкбир: «Аллаһу әкбар»-деу - садақа. Сондай-ақ жақсылыққа шақыру - садақа, жамандықтан тыю да - садақа. Осының бәрін екі рәкат дұха намазы алмастырады»⁵.

¹ Әл-Байһақи жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Мүслім жеткізді

⁴ Мүслім жеткізді

⁵ Мүслім жеткізді

4 - Түнгі намаз. Кейбір ғалымдар түнгі намаздың пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) парызы болғандығын пайымдап, мына аятты дәлелге келтіреді:

(يَا أَيُّهَا الْمُزَّمِّلُ {1} قُمْ اللَّيْلَ إِلَّا قَلِيلًا {2})

«Әй бүркенуші! Түннің азынан басқа бөлігін (намазда) тұр!»¹. Ал үмметі үшін түнгі намаздың үкімі мәндүп.

Түнгі намаз ең азы сегіз рәкат етіп оқылуы қажет. Түннің соңғы бөлігінде оқылғаны мустахап. Бұл намаздың артықшылығын баяндаушы хадистер өте көп. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(أفضل الصلاة بعد الفريضة صلاة الليل)

«Парызы намазынан кейінгі ең абзал намаз - түнгі намаз»².

Салман Ал-Фариси, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(عليكم بقيام الليل فإنه دأب الصالحين قبلكم وقربة لكم إلى الله عز وجل ومكفرة للسيئات ومنهاة عن الإثم مطردة عن الحسد)

«Сендер түнгі намазды оқуға тиістісіңдер! Расында, ол - алдарыңда өткен ізгілердің қасиеті. Ол сендерді Аллаһ тағалаға жақындатады, жаман істеріңді жойып, күнәдан тоқтатады және іштарлықты қуады»³.

5 - Истихара намазы. «Истихара» сөзінің мағынасы: жақсылық тілеу. Толығырақ айтқанда, мұсылман бір істі таңдағанда Аллаһ тағаладан жақсы және дұрыс таңдауға жолықтыруын тілеуі керек. Өйткені Аллаһ тағала құлдарына ненің жақсы екенін және ненің жаман екенін толық біледі.

Жәбир, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деген еді: Аллаһтың елшісі (алайһи ас-солату уа ас-салам) құран оқуды үйреткені секілді бүкіл істерімізде истихара оқумызды да үйретіп, бізге былай дейтін:

(إذا هم أحدكم بالأمر، فليركع ركعتين من غير الفريضة، ثم ليقل: اللهم إني أستخيرك بعلمك، وأستقدرك بقدرتك، وأسألك من فضلك العظيم، فإنك تقدر ولا أقدر، وتعلم ولا أعلم، وأنت علام الغيوب. اللهم إن كنت تعلم أن هذا الأمر خير لي، في ديني ومعاشي وعاقبة أمري، أو قال: عاجل أمري وآجله، فأقدره لي ويسره لي، ثم بارك لي فيه، وإن كنت تعلم أن هذا الأمر شر لي، في ديني ومعاشي وعاقبة أمري، أو قال: في عاجل أمري وآجله، فاصرفه عني واصرفني عنه، واقدر لي الخير حيث كان، ثم أرضني به. قال: ويسمي حاجته)

Сендерден біреу бір іспен мазаланса, парыздан бөлек екі рәкат намаз оқып, кейін мына дұғаны айтсын: «Аллаһым, біліміңе сай сәттілікке жолықтыруыңды сұраймын, құдіретіңе сай жақсы тағдыр жазуыңды тілеймін және орасан зор кеңшілігіңнен сұраймын, өйткені Сенің құдіретің (әр нәрсеге) жетеді, ал менің шамам жетпейді және Сен (мен үшін ненің жақсы екенін) білесің, ал мен білмеймін, әрине, Сен - өткен және болатын құпиялардың бәрін білушісің! Аллаһым, Сенің біліміңде бұл іс дініме, өміріме және соңғы сағатыма жақсылық әкелетін болса, (ерте ме кеш пе,-деді ол) дереу оны тағдырыма жаза көр, іске асуын жеңілдетіп, оны маған берекелі ете гөр! Ал Сенің біліміңде бұл іс дініме, өміріме және соңғы сағатыма жамандық әкелетін болса, (ерте ме кеш пе,-деді ол) оның бетін менен аулақ етіп, мені де одан аулақтата көр, сондай-ақ жақсылықты қайда болса да тағдырыма жазып, мені онымен қанағаттандыра көр»-деп, бұйымтайын айтсын,-деді⁴.

Мұсылман истихара намазын оқыған соң жүрегіне тыныштық қондыратын таңдауға ереді. Кейбір ғалымдардың айтуынша дұрыс таңдау әбден айқындалуы үшін истихара намазын жеті мәрте оқу қажет.

¹ «Мүззаммил» сүресі: 1

² Мүслім жеткізді

³ Мүслім жеткізді

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

6 - Мұқтаждық намазы. Бұл бір сәлеммен оқылатын екі немесе төрт, тіпті он екі рәкат намаз. Бұйымтай намазы құптаннан кейін оқылады және соңында сүннетте келген дұғалар жасалады. Абдулла ибн Әбу Ауфа, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

من كانت له إلى الله حاجة أو إلى أحد من بني آدم فليتوضأ فليحسن الوضوء، ثم ليصل ركعتين، ثم ليُثنِ على الله، وليصل على النبي صلى الله عليه وسلم، ثم ليقل، لا إله إلا الله الحليم الكريم، سبحان الله رب العرش العظيم، الحمد لله رب العالمين، أسألك موجبات رحمتك، وعزائم مغفرتك، والغنيمة من كل برّ، والسلامة من كل إثم، لا تع لي ذنباً إلا غفرتة، ولا همماً إلا فرجتة، ولا حاجة هي لك رضا إلا قضيتها، يا أرحم الراحمين

Кімнің Аллаһ тағалаға немесе бір кісіге бұйымтайы болса, жақсылап дәрет алсын, кейін екі рәкат намаз оқысын. Кейін Аллаһты дәріптесін және пайғамбарына салауат айтсын. Кейін мына дұғаны жасасын: «Аллаһтан басқа тәңір жоқ. Ол - Мейірімді әрі Жомарт. Ұлы тақтың Раббысы Аллаһ пәк. Әлемдердің Раббысы Аллаһқа мақтау тән. Аллаһым, рахымына және кешіріміңе жолықтыратын амалдарды нәсіп етші. Бүкіл ізгі амалмен олжалы етші. Бүкіл күнәдан аман сақташы. Әй рахымдылардың рақымдысы! Сен кешірмеген бір күнәм, Сен сейілтпеген бір уайымым және Сен шешпеген бір бұйымтайым қалмасыншы»¹.

Екінші дұға:

"اللهم أنت تحكم بين عبادك فيما كانوا فيه يختلفون لا إله إلا الله العلي العظيم ، لا إله إلا الله الحليم الكريم ، سبحان الله رب السموات السبع ، ورب العرش العظيم ، والحمد لله رب العالمين ، اللهم كاشف الغم ، مفرج الهم مجيب دعوة المضطرين إذا دعوك ، رحمن الدنيا والآخرة ورحيمهما ، فارحمني في حاجتي هذه بقضائها ونجاحها رحمة تغنيني بها عن رحمة من سواك"

«Аллаһым! Қайшылыққа келген нәрселерінде құлдарыңның арасына билік айтушы - Сенсің. Аллаһтан басқа тәңір жоқ. Ол - Жоғары әрі Ұлы. Аллаһтан басқа тәңір жоқ. Ол - Мейірімді әрі Жомарт. Жеті көктің Раббысы және Ұлы тақтың Раббысы Аллаһ пәк. Әлемдердің Раббысы Аллаһқа мақтау тән. Аллаһым! Сен мұңды жазушысың, уайымды сейілтушісің және қиыншылықта қалған құлдарыңның жалынып тілеген дұғаларына жауап берушісің! Дүние мен ақыреттің - Рахманы мен Рахымысың. Сенен басқаның рахымына мені мұқтаж етпейтін рахымыңмен бұл қажетімді өтеп, табысқа жеткізші».

7 - Екі рәкат намаз оқу ұнамды болатын жағдайлар:

- Өлім жазасына бұйырылған кісіге, жаза орындалудан бұрын.

- Бір үйге немесе қонақүйге тоқтаған кісіге, отырудан бұрын. Фадала ибн Абид, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم إذا نزل منزلاً في سفر أو دخل بيته لم يجلس حتى يركع ركعتين)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) сапарында бір үйге тоқтаса, немесе үйіне кірсе екі рәкат намаз оқымайынша отырмайтын»².

- Сапарға шығатын және сапардан оралған кісіге. Ибн Масғуд, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(جاء رجل إلى النبي صلى الله عليه وسلم فقال: يا رسول الله إني أريد أن أخرج إلى البحرين في تجارة. فقال رسول الله صلى الله عليه وسلم (صل ركعتين)

¹ Ат-Тирмизи жеткізді

² Ат-Табарани жеткізді

Пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) бір кісі келіп: «Әй, Аллаһтың елшісі, мен Бахрейнге сауда ісімен жолға шықпақшымын»-деді. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) оған: «Екі рәкат намаз оқы!»-деді³.

Каъб ибн Мәлик, ұзақ хадисінде былай деді:

(أن رسول الله صلى الله عليه وسلم كان إذا قدم من سفر بدأ بالمسجد فركع فيه ركعتين)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) сапардан келгенінде, алдымен, мешітке барып, екі рәкат намаз оқитын»².

- **Күнә істеп қойған кісіге.** Әбу Бәкір, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ما من رجل يذنب ذنباً فيتوضأ فيحسن الوضوء ثم يصلي ركعتين وليستغفر الله إلا غفر الله له)

«Күнә істеп қойғанда жақсылап дәрет алып, сосын екі рәкат намаз оқып, Аллаһтан кешірім сұрағанда күнәсі кешірілмейтін ешкім жоқ»³.

8 - Таспих намазы. Таспих намазын мәкруһ уақыттардан басқа кез келген уақытта оқуға болады. Күніне немесе түніне бір мәрте ме, аптасына бір мәрте ме, айына бір мәрте ме, жылына бір мәрте, өмірінде бір мәрте ме, бұл - мұсылманның өз ықтиярында. Ең маңыздысы, оқылуы - мустахап. Өйткені сауабы - шексіз. Таспих намазы - төрт рәкат, бір немесе екі сәлеммен оқылады. Әр рәкатта «Фатиха» және қосымша бір сүре оқылады. Бұл намазда үш жүз мәрте таспих айтылады. Әр рәкатта - 75 мәрте. Таспихтың бейнесі: «Субханаллаһи уәлхамду лиллаһи уә лә илаһа иллаллаһу уәллаһу әкбар». Бұл таспихтың он бесі «намаз ашу» дұғасынан кейін айтылады. Сосын қырағаттан кейін, руқұтта, руқұтан көтерілгенде, әр сәждеде, екі сәжденің арасында он-оннан айтылады. Намаздың бұл бейнесін Ат-Тирмизи өзінің «Ал-Жамиһ» кітабінде Абдулла ибн ал-Мубарактан жеткізді. Бұл намазды баяндаушы хадистер бірнеше жолмен жеткен және «хасан» дәрежесінде. Намаз ішінде айтылатын таспихтарды саусақпен санауға болмайды.

Қандай түндерді намазбен өткізу мустахап?

1 - Рамазан айының соңғы он түні. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم إذا دخل العشر الأخير أحياء الليل، وأيقظ أهله، وجدّ وشدّ المنزلة)

«Рамазанның соңғы он түні кіргенде Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) ол түндерді намазбен тірілтетін. Отбасын да оятып, байсалдылықпен, шындап кірісетін»⁴.

2 - Зулхижжа айының алғашқы он түні. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ما أيام العمل الصالح فيها أحب إلى الله عز وجل من هذه الأيام – يعني أيام العشر – قال: قالوا يا رسول الله ولا الجهاد في سبيل الله. قال ولا الجهاد في سبيل الله إلا رجلاً خرج بنفسه أو ماله ثم لم يرجع من ذلك بشيء)

«Бұл күндері істелетін ізгі амалдардан Аллаһ тағалаға сүйкімдірек болатын ешқандай амал жоқ!»-деді, - яғни зұлхижжанаың алғашқы он күні. Сахабалар одан: «Әй, Аллаһтың елшісі, ол тіпті Аллаһ жолында күресуден де сүйкімдірек пе?»-деп сұрады. Ол: «Иә, тіпті, Аллаһ жолындағы күрестен де сүйкімдірек. Алайда, біреу жаны мен малын Аллаһ тағаланың жолында құрбан ету ниетімен аттанып, сосын үйіне одан ешнәрсе оралмаса, әрине, оған тең келер еш амал жоқ»-деді⁵.

³ Ат-Табарани жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Ибн Мажа жеткізді

⁴ Мүслім жеткізді

⁵ Ахмад жеткізді

3 - Шағбан айының ортаңғы түні. Хафиз ибн Ражап айтады: «Шам елдеріндегі сахабалардан тәлім алған Халид ибн Миғдан, Лұқман ибн Ғамир секілді әйгілі табиғундар шағбан айының ортаңғы түнінде құлшылыққа беріліп, жамағатпен намаз оқитын. Бұл түннің беделі мен артықшылығын кейінгі замандағы адамдар табиғундардың амалдарынан алған»¹. Ибн Таймиядан шағбан айының ортаңғы түнінде намаз оқу жайында сұралғанда ол былай жауап береді: «Егер адам шағбан айының ортаңғы түнінде намазды оңаша немесе жамағатпен оқығысы келсе, жақсы нәрсе. Бір топ салафтардан² шағбан айының ортаңғы түнінің артықшылығын баяндайтын хадистер мен сахабалардың сөздерінде олардың намаз оқығандары туралы хабар жеткен. Және олар бұл түні намаз оқыған. Қандай бір іс салафтардан басталса, осы түннің мәселесі секілді, теріске шығарылмайды»³.

Жамағатпен оқылатын нәпіл намаздар:

1 - Тарауық намазы. Бұл намаздың үкімі - бекітілген сүннет. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن رسول الله صلى الله عليه وسلم صلى في المسجد ذات ليلة فصلى بصلاته ناس، ثم صلى من القبلة فكثر الناس، ثم اجتمعوا من الليلة الثالثة أو الرابعة فلم يخرج إليهم رسول الله صلى الله عليه وسلم، فلما أصبح قال: قد رأيت الذي صنعتم فلم يمنعني من الخروج إليكم إلا أن خشيت أن تفرض عليكم)

Бірде Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) мешітте түнгі нәпіл намазын оқығанда адамдар оған ұйып тұра қылады. Келесі күні оқығанында адамдар кешегіден әрмен көбейеді. Адамдар үшінші не төртінші түні осы намазды оқуға келгенде Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) оларға шықпайды. Сол түннің таңы атқанда оларға былай дейді: «**Сендердің мешітке келіп, менің намазға шығуымды күткендеріңді көрдім. Алайда, мені сендерге қарай шығуымнан тыйған нәрсе, бұл намаз сендерге парыз болып қала ма,-деп қорықтым**». Бұл рамазан айында болған еді⁴. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) рамазан айының түндерінің біраз бөлігін намазбен өткізуімізді қатты бұйырмаса да, былай деп қызықтыратын:

(من قام رمضان إيماناً واحتساباً غفر له ما تقدم من ذنبه)

«**Кім рамазанды иманмен және сауапқа деген үмітпен түнгі намазбен өткізсе, өткен күнәләрі кешіріледі**»⁵.

Уақыты. Тарауық намазының уақыты құптан намазы екі рәкат сүннетімен оқылған соң кіреді. Содан таң намазының уақыты кіргенше жалғасады. Тарауық намазының қазасы өтелмейді.

Тарауық намазы - жиырма рәкат.

Язид ибн Руман, былай деді:

(كان الناس يقومون في زمن عمر في رمضان بثلاث و عشرين ركعة)

«Омардың заманында рамазан айының түндерінде адамдар жиырма үш рәкат намаз оқитын»⁶.

Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان النبي صلى الله عليه وسلم يصلي في شهر رمضان في غير جماعة بعشرين ركعة والوتر)

«Пайғамбар(саллаллаһу алайһи уа саллам) рамазан айында жеке өзі жиырма рәкат және үтір намазын оқитын»⁷.

¹ «Латаиф ал-мағариф»: 263

² Салафтар дегенімізде сахабалар, табиғундар және табиғундардың ізбасарлары көзделеді

³ «Мажмуъ ал-фатауа»: 131,132

⁴ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

⁵ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

⁶ Имам Мәлік жеткізді

⁷ Әл-Байһақи жеткізді

Ибн Аббастың айтуынша Омар, Аллаһ тағала оларға разы болсын, рамазан айында адамдарға Әбу ибн Каьбті имам етіп, ол жиырма рәкат нәпіл және үш рәкат үтір оқитын¹. Әлидің заманында да, Аллаһ тағала оған разы болсын, рамазан айында адамдар имамға ұйып жиырма рәкат оқитын². Тарауық намазының жиырма рәкат жамағатпен оқылуы әділетті халифалар заманында бекіп, бүгінге дейін халифалар сүннеті болып жалғасуда. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) олардың қақында барша мұсылмандарға былай деген еді:

(فعليكم بسنتي وسنة الخلفاء الراشدين المهديين، فتمسكوا بها وعضوا عليها بالنواجذ)

«Менің сүннетім мен тура әрі әділ халифалардың сүннеттерін ұстануға тиістісіңдер. Оны берік ұстанындар және азу тістеріңмен жармасындар!»³.

Тарауық намазына қатысты мустахап істер

1 - Намаз арасында тынығу. Тарауық намазы арасында жалпы тынығу - Омар енгізген сүннет, Аллаһ тағала оған разы болсын. Зайд ибн Уәһіп, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان عمر بن الخطاب رضي الله عنه يروحنا في رمضان - يعني بالترويحيتين قدر ما يذهب الرجل من المسجد إلى سلع)

«Рамазан түндеріндегі намаз арасында Омар бізге екі тынығу жасайтын. Бұл аралықта адам қажетін өтеп келетіндей уақыт өтетін»⁴. Кейін мұсылман әлемінің көпшілік бөлігінде төрт рәкат сайын тынығу аралығында таспих айтып, дұға жасау әдетке айналды.

2 - Тарауық намазында Құранды бір ай ішінде бір мәрте толық оқып шығу. Алайда, бұл намаздың сауабын іздеп келген жұрттың имани деңгейі әртүрлі болғандықтан, имам оларды намаздан қашырып алмас үшін, олардың жағдайларын қадалағаны дұрыс. Имамға Құран аяттарын анық әрі ашық оқымауы және Құранды аз күннің ішінде қатым ету мақсатымен тез-тез оқуы мәкруһ. Өйткені Құранның мағынасын түсінбегенімен, намазға келген жұрт оның асықпай оқылған әуенімен әсерленеді, тіпті көзіне жас келеді. Ал Құран тез-тез оқылған жағдайда оның әсем әуені жоғалып, адамдар жалығып кетеді. Адамдардың жалығуы ықыластарына кері әсерін тигізеді. Сол себептен имам мұны қатты қадағалауы қажет.

3 - Мешітте жамағатпен оқылуы абзал. Айша анамыздан, Аллаһ тағала оған разы болсын, жеткен сахих хабарда пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) оны үш күн жамағатпен оқыды. Кейін үмметіне парыз болып қалуынан қорықпағанда келесі түндері де жамағатпен оқуын жалғастыратын еді. Ибн Аббастың айтуынша Омар, Аллаһ тағала оларға разы болсын, рамазан айында адамдарға Әбу ибн Каьбті имам етіп, ол жиырма рәкат нәпіл және үш рәкат үтір оқитын. Түннің алғашқы бөлігінде оқылуы абзал, өйткені Омардың кезінде түннің алғашқы бөлігінде оқылатын⁵. Әбу Зарр, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن النبي صلى الله عليه و سلم جمع أهله وأصحابه و قال: "إنه من قام مع الإمام حتى ينصرف كتب له قيام ليلة")

Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) отбасы мен сахабаларын жинап, былай деді: **«Расында, кім имаммен бірге намазды аяғына дейін тұрса, түн бойы намазда тұрды деп жазылады»⁶.**

2 - Жаңбыр тілеу намазы. Бұл намаз құрғақшылық және қуаңшылық кезде Аллаһ тағаладан жаңбыр тілеу үшін оқылады. Құрғақшылық бәлесі адамдардың басына Аллаһ тағаланы ұмытып, күнә жасауларының кесірінен келеді. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай дейді:

﴿وَلَوْ أَنَّ أَهْلَ الْقُرَىٰ آمَنُوا وَاتَّقَوْا لَفَتَحْنَا عَلَيْهِم بَرَكَاتٍ مِّنَ السَّمَاءِ وَالْأَرْضِ وَلَٰكِن كَذَّبُوا فَأَخَذْنَاهُم بِمَا كَانُوا يَكْسِبُونَ﴾

«Және ауыл (қала) тұрғындары иманға келіп, Аллаһтан қорыққандарында, әрине, оларға көктер мен жерден берекелер төгер едік. Бірақ олар иманды теріске шығарды. Сонда істеген қылықтары үшін оларды бас салдық»⁷.

¹ «Ал-фикһ ал-ислами уа адиллатуһу»:2/1089

² «Ал-фикһ ал-ислами уа адиллатуһу»:2/1089

³ Ахмад жеткізді

⁴ Әл-Байһақи жеткізді

⁵ «Ал-фикһ ал-ислами уа адиллатуһу»: 2/1091

⁶ Ахмад жеткізді. Ат-Тирмизи оны сахих деді.

⁷ «Аъраф» сүресі: 69

Мұндай жағдайда жұрт түгел жиналып, тәубаларына келіп, Раббыларынан кешірім сұраулары қажет. Аллаһ тағала Құранда былай дейді:

﴿وَإِذِ اسْتَسْقَىٰ مُوسَىٰ لِقَوْمِهِ فَقُلْنَا اضْرِبْ بِعَصَاكَ الْحَجَرَ فَانْفَجَرَتْ مِنْهُ اثْنَا عَشَرَ نَبِئًا﴾

«Мұса қауымы үшін жаңбыр тілегенде Біз оған: «Аса таяғыңмен тасты ұра қой»-деген едік. Сонда одан он екі бұлақ жарылып шыққан еді...»¹.

Құрғақшылық бәлесі келген кезде мұсылман қауым түгелімен, қариялары да, балалары да, ерлері де, әйелдері де намаз оқылатын алаңға шығып, Аллаһ тағаладан кешірім сұрайды. Дұға жасап, рахымын тілейді. Біреуінің болмаса, біреуінің дұғасына жауап келер. Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деген:

(هل تُنصرون و تُرزقون إلا بضعفائكم)

«Әлсіздерің үшін болмаса, сендерге ризық пен жәрдем келер ме еді?!»².

Имам Әбу Ханифаның көзқарасында жаңбыр тілеу үшін жамағатпен намаз оқылмайды, алайда жиналған жұрт Аллаһ тағаладан шын ықыласпен кешірім сұрап және жалынып, рахымын тілесе жеткілікті. Имамның негізге алған дәлелі: құрғақшылық келгенде Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, халықты намаз алаңына жинағанымен намаз оқымайды. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(استسقى عمر عام الرمادة بالعباس فقال: اللهم إن هذا عم نبيك صلى الله عليه وسلم نتوجه إليك به فاسقنا فما برحوا حتى سقاهم الله عز و جل)

«Құрғақшылық жылы халифа Омар Аббасты қасына алып, жаңбыр тілейді. «Аллаһым, расында, мынау - пайғамбарыңның (саллаллаһу алайһи уа саллам) немере ағасы. Сенің алдындағы дәрежесін пайдаланып, Саған жалынамыз. Бізге жаңбыр жіберші»-дейді. Сонда көп ұзамай, жаңбыр жауады»³.

Бұл көзқараста болған Әбу Юсуп пен Мұхаммед өздеріне пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) жаңбыр тілеу үшін намаз оқығандығы туралы жеткен екі хадистің негізінде имамның көзқарасынан қайтады. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) айт намазы секілді екі рәкат жаңбыр тілеу намазын оқығанын айтты⁴.

Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن النبي صلى الله عليه وسلم خطب في الاستسقاء ثم نزل فصرى ركعتين)

«Құрғақшылық кезде пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) жаңбыр тілегенде, алдымен, адамдарға құтпа айтты. Сосын төмен түсіп, екі рәкат намаз оқыды...»⁵.

Жаңбыр тілеу намазының оқылуы

Имам Әбу Ханифаның жеке көзқарасында: жұрт намаз алаңына жиналып, имамның артына құбылаға бағытталып тұрады. Имам да, жамағат та қолдарын көтеріп, дұға жасайды және өте көп кешірім сұрайды. Өйткені Аллаһ тағала Құранда білдіргендей:

﴿فَقُلْتُ اسْتَغْفِرُوا رَبَّكُمْ إِنَّهُ كَانَ غَفَّارًا {10} يُرْسِلِ السَّمَاءَ عَلَيْكُمْ مِدْرَارًا {11}﴾

«Кешірім сұрандар! Расында, Ол - кешірімді. Үстілеріңе мол жаңбыр жаудырады,- дедім»⁶.

¹ «Бақара» сүресі: 60

² Әл-Бұхари жеткізді

³ Әл-Бұхари жеткізді

⁴ Ат-Тирмизи, Ан-Насаи, Әбу Дәуд және Ибн Мажа жеткізді

⁵ Әбу Дәуд жеткізді. Тура осы мәтінді Әл-Бұхари, Мүслім және Ат-Тирмизи де жеткізді

⁶ «Нұх» сүресі: 10,11

Әбу Юсуп пен Мұхаммедтің көзқарасында: қалың жұрт сиятын арнаулы намаз алаңында жамағатпен екі рәкат намаз оқылады. Азан мен қамат айтылмайды, бірақ: «Намазға жиналыңдар!»-деп шақырылады. Намаз дауыстап оқылады. Жалпы бейнесі Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, айтқандай: «Жаңбыр тілеу намазының сүннеттері - тура айт намазының сүннеттері секілді».

Дұға жасағанда қол көтеру

Бір нәрсенің келуін сұрағанда мұсылман көкке екі қолын алақан жағымен көтереді. Ал басынан бәленің кетуін сұрағанда көкке екі қолын сырт жағымен көтереді. Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ اسْتَسْقَى فَأَشَارَ بِظَهْرِ كَفِّهِ إِلَى السَّمَاءِ)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) жаңбыр тілегенде (Аллаһтан құрғақшылық бәлесін кетіруін сұрап) көкке екі қолын сырт жақтарымен сілтеді»¹.

Құрғақшылық кезде Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) айтқан кейбір дұғалары:

(اللَّهُمَّ اسْقِ عِبَادَكَ وَبَهَائِمَكَ، وَاَنْشُرْ رَحْمَتَكَ، وَأُحْيِ بِلَدِكَ الْمَيِّتَ)

«Аллаһым, құлдарыңды және жануарларыңды суара көрші. Рахымыңды жайып, өлі жеріңді тірілте көрші»².

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) жаңбыр жауып бастағанда:

(اللَّهُمَّ طَيِّباً نَافِعاً)

«Аллаһым, жақсы және пайдалы жаңбыр тілейміз»-деп сұрайтын. Ал мөлшерден тыс жауғанда:

(اللَّهُمَّ حَوَالِنَا وَلَا عَلَيْنَا، اللَّهُمَّ عَلَى الْآكَامِ وَالطَّرَابِ وَبِطُونَ الْأُودِيَةِ وَمَنَابِتِ الشَّجَرِ)

«Аллаһым, үстімізге емес, айналамызға, жайлауларға, сайлар мен арналарға және ормандарға»-деп тілейтін.

3 - Күн және ай тұтылғанда оқылатын намаз. Бұл намаздың үкімі - бекітілген сүннет. Аллаһ тағала Құранда былай дейді:

﴿وَمِنْ آيَاتِهِ اللَّيْلُ وَالنَّهَارُ وَالشَّمْسُ وَالْقَمَرُ لَا تَسْجُدُوا لِلشَّمْسِ وَلَا لِلْقَمَرِ وَاسْجُدُوا لِلَّهِ الَّذِي خَلَقَهُنَّ إِنْ كُنْتُمْ إِيَّاهُ تَعْبُدُونَ﴾

«Түн мен күндіз, күн мен ай - Оның белгілерінен. Күнге де, айға да сәжде жасамаңдар! Алайда, оларды жаратқан Аллаһқа сәжде жасаңдар, егер Оған ғана құлшылық етуші болсаңдар»³.

Пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) Ибраһим есімді ұлы өмірден озғанда күн тұтылады. Адамдар бұл құбылысты Ибраһимнің өлімімен байланыстырады. Сонда Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) оларға былай дейді:

(إِنْ لِبَشَرٍ وَالْقَمَرِ آيَاتَانِ مِنَ آيَاتِ اللَّهِ لَا يَنْكَسِفَانِ لِمَوْتِ أَحَدٍ وَلَا لِحَيَاتِهِ فَإِذَا رَأَيْتُمْ ذَلِكَ فَصَلُّوا وَادْعُوا حَتَّى يَنْكَشِفَ مَا بِكُمْ)

«Негізінде, күн мен ай - Аллаһтың белгілерінің екеуі. Ол екеуі ешқашан біреудің өліміне немесе дүниеге келуіне сай тұтылмайды. Егер олардың тұтылғанын көрсеңдер, жарығы қайтқанша дереу намаз оқып, дұға жасаңдар!»⁴.

Бұл намаз үшін азан мен қамат айтылмайды және құтпасыз оқылады. Мешітке жақын болғандар жамағатпен оқиды. Жамағат «Намазға жиналыңдар!»-деп шақырылады. Мешіттен алыс немесе сапарда болған кісілер өздері оқиды.

Бейнесі - кәдімгі екі рәкат намаз.

¹ Мүслім жеткізді

² Әбу Дәуд жеткізді

³ «Фуссилат» сүресі: 37

⁴ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

Қубайса әл-Нилали, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) қиямды ұзақ етіп екі рәкат намаз оқыды. Намаз аяқталғанда күн ашылды. Сосын *адамдарға бұрылып* былай деді:

(إنما هذه الآيات يخوّف الله بها، فإذا رأيتموها فصلوا كأحدث صلاة صليتموها من المكتوبة)

«Расында, бұл белгілермен Аллаһ тағала құлдарына қорқыныш сезімін салады. Мұндай белгіні көрсендер, жаңа ғана оқыған парыз намаздарың секілді намаз оқындар»¹. Камал ибн Һамам: «Таң намазы секілді»-деді, өйткені сол күні күн екі найза бойына көтерілген бетте тұтылған еді.

Бұл намазда мұсылман дүниеде Раббысының алдында соңғы мәрте намаз оқып тұрғандай сезімде болуы қажет. Сумра ибн Жундап, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(فوافقنا رسول الله صلى الله عليه وسلم حين خرج إلى الناس. قال فتقدم وصلى بنا كأطول ما قام بنا في صلاة قط لا نسمع له صوته، ثم ركع بنا كأطول ما ركع بنا في صلاة قط لا نسمع له صوته، ثم سجد بنا كأطول ما سجد بنا في صلاة قط لا نسمع له صوته. قال: ثم فعل في الركعة الثانية مثل ذلك)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) адамдар жиналған жерге бара жатқанында біз оған кездесіп қалдық. Ол имамдыққа шығып, бізбен біз одан ешқашан көрмеген ұзақ қиямда тұрды. Даусын естімедік. Сосын бізбен біз одан ешқашан көрмеген ұзақ рүкүғ жасады. Даусын естімедік. Сосын бізбен біз одан ешқашан көрмеген ұзақ сәжде жасады. Даусын естімедік. Сосын екінші рәкатта да солай істеді»².

Күн немесе ай тұтылғанда оқылатын намаздың құрылысы

- Тахрим тәкбірі
- Намаз ашу дұғасы
- Аьузу
- «Фатиха» және қосымша сүре іштен оқылады (қосымша сүренің өте ұзақ болуы сүннет)
- Рүкүғ (ұзақ тұру сүннет)
- Рүкүғтан көтерілу
- Бірінші сәжде (ұзақ жасау сүннет)
- Сәждеден көтерілу
- Екінші сәжде (ұзақ жасау сүннет)
- Екінші рәкатқа тәкбір айтып тұру
- «Фатиха» және қосымша сүре іштен оқылады (қосымша сүренің өте ұзақ болуы сүннет)
- Рүкүғ (ұзақ тұру сүннет)
- Рүкүғтан көтерілу
- Бірінші сәжде (ұзақ жасау сүннет)
- Сәждеден көтерілу
- Екінші сәжде (ұзақ жасау сүннет)
- Соңғы отырыс және ташаһһуд оқу
- Сәлем беру
- Намаздан имам жамағатқа бұрылып отырып, күн ашылғанша дұға жасайды.

Осы бейнедегі намазды мұсылмандар жер сілкінгенде, үздіксіз жаңбырлар құйып, сел жүргенде, оба секілді аурулар тарағанда, тағы да басқа табиғи құбылыстарда Аллаһ тағаладан қорқып оқулары сүннет.

4 - Жамағат намазы. Жамағат дегеніміз - намазға қатысты имам мен оған ұюшылар арасындағы байланыс. Барлық мәзһаптарда ең азы екі адам, имам мен бір ұюшы жамағатты құрайды. Әбу Мұса ал-Ашъари, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(الإثنان فما فوقها جماعة)

¹ Әбу Дәуд, Ан-Насаи және Әл-Хаким жеткізді

² Әл-Хаким жеткізді

«Екі және одан көп кісі - жамағат»³.

Шариғат бекіткен құлшылықтардың кейбірі жамағаттық бейнеде атқарылады. Олар: күнделікті бес парыз, аптасына бір мәрте атқарылатын жұма намазы, жылына бір мәрте атқарылатын айт намаздары және өмірде бір мәрте атқарылатын қажылық. Мұндағы мақсат - тек жамағат намазының сауабы емес, алайда, негізгі мақсат - мұсылмандар арасындағы байланысты нығайтып, жүректеріне өзара қарайласу және жәрдемдесу сезімдерін егу. Сауаптың артықшылығы - осыда жатыр. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(صلاة الجماعة أفضل من صلاة الفرد بسبع وعشرين درجة)

«Жамағат намазы жалғыз оқушының намазынан жиырма жеті дәреже артық!»². Тағы бір хадисте: «жиырма бес дәреже»-деді³. Пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) заманында мұсылмандар Мәдинаға хижра жасаған соң парыз намаздарын жамағатпен оқулары бекітілген сүннетке айналды. Әсіресе, таң, екінді және құптан намаздарын жамағатпен оқу мұсылман үшін өте маңызды. Осман ибн Аффан, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін естіді:

(من صلى العشاء في جماعة فكأنما قام نصف الليل و من صلى الصبح في جماعة فكأنما صلى الليل كله)

«Құптанды жамағатпен оқыған кісі жарты түн намазда тұрғандай болады. Ал таң намазын жамағатпен оқыған кісі бүкіл түнді намазда тұрғандай болады»⁴.

Аллаһ тағала Құранда екінді намазын ерекше ескертеді:

﴿حَافِظُوا عَلَى الصَّلَوَاتِ وَالصَّلَاةِ الْوُسْطَىٰ وَقُومُوا لِلَّهِ قَانِتِينَ﴾

«Барлық намаздарды және ортаңғы намазды көздің қарашығындай сақтаңдар! Әрі Аллаһқа бағынған күйде тұрыңдар!»⁵.

Жамағатпен оқылатын намаздарға қатысты үкімдер

- Ер адамдарға парыз намазын жамағатпен оқу бекітілген сүннет айн.
- Тарауық намазын жамағатпен оқу сүннет кифая.
- Рамазан айында үтірді жамағатпен оқу мустахап.
- Рамазаннан басқа айда үтірді жамағатпен оқу мәкрүһ. Сондай-ақ нәпіл намаздарды жамағатпен оқу мәкрүһ.
- Жұма намазы мен айт намаздары жамағатсыз дұрыс болмайды.
- Парыз намазын жамағатпен оқуды себепсіз тастау күнә.

Жамағат намазының дұрыстығына қажетті шарттар.

Бұл шарттар имамға қатысты шарттар және ұюшыға қатысты шарттар болып, жалпы екіге бөлінеді.

1 - Имамға қатысты шарттар:

1 - Мұсылман болуы.

2 - Балиғатқа толуы.

3 - Ақыл есі дұрыс болуы.

4 - Ер кісі болуы. Әйел кісінің имамдық етуіне мүлде болмайды. Сол сияқты әйел кісілердің өз араларында намазды жамағатпен оқулары имам Әбу Ханифаның көзқарасында мәкрүһ тахриман. Мәкрүһ тахриман болса да, әйелдердің бірігіп оқыған намаздары дұрыстығын жоғалтпайды. Сондай-ақ үлкен жастағы әйелдерге болмаса, бойжеткендер мен жас келіншектердің мешіттегі жамағат намазына қатысулары, тіпті жұма намазына қатысулары мәкрүһ. Әйел кісілерге бөтен еркектің имам болуы да мәкрүһ.

³ Әбу Дәуд, Ибн Мажа, Әл-Хаким және Әл-Байһақи жеткізді

² Әл-Бұхари жеткізді

³ Әл-Бұхари жеткізді

⁴ Мүслім жеткізді

⁵ «Бақара» сүресі: 238

5 - Дәретті болуы.

6 - Қырағаты дұрыс және жақсы болуы. Құранды дұрыс оқи алмайтын және ішкі парыздарды атқаруға шамасы келмейтін кісінің имам болуы дұрыс емес. Мұндай имамға ұйыған кісі намазын қайта оқуы уәжіп болады.

7 - Үзірлі болмауы. Мұрны қанайтын, зәрі мен желі ұстамайтын кісі болмауы қажет.

2 - Ұюшыға қатысты шарттар:

1 - Имамның тәкбірімен қатар имамға ұюға ниет етуі.

2 - Жалғыз ұйыған кісі имамның алдына шықпауы қажет. Сәл артқа тұру шарт емес, қатар тұрса да намазы дұрыс болады.

3 - Нәпіл оқып тұрған кісіге ұйып, парыз оқуға болмайды.

4 - Имам мен ұюшының бір намазға ниеттенуі. Қаза намазын өтеп тұрған кісіге ұйып, парыз оқуға болмайды. Парыз оқып тұрған кісіге ұйып, нәпіл оқуға болады.

5 - Төрт рәкат парыз оқып тұрған тұрғылықты кісіге ұйыған жолаушы имамға еріп, төрт рәкат оқиды.

6 - Масбук¹ кісіге ұюға болмайды.

7 - Имам мен ұюшының арасында әйел кісілерден тізілген саптың болмауы.

8 - Мешіттен басқа жерде имам мен ұюшының арасын өзен немесе екі не одан көбірек сап сыятын жолдың бөліп жатпауы.

9 - Имам көлік үстінде, ұюшы жерде тұрмауы қажет. Сол секілді керісінше болмауы да қажет.

10 - Таяммумді кісіге ұюшы дәретті кісінің намазы дұрыс. Имамның намазы бұзылса, оған ұйығандар намаздарын қайта оқиды. Имам қысылмай оларға намазының бұзылғанын білдіруі уәжіп.

Намазды жамағатпен оқуды түсіретін себептер

1 - Нәсер жаңбырда, күн суықта және аяқ алып жүргісіз батпақта. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن رسول الله صلى الله عليه وسلم كان يأمر المؤذن إذا كانت ليلة ذات برد ومطر يقول: "ألا صلوا في الرّحال")

«Суық және жаңбырлы күндері Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) азаншыға: «Намазды орындарында оқындар»-деп айтуын бұйыратын»².

2 - Қорықса және ауырса. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من سمع النداء فلم يجبه فلا صلاة له إلا من عذر. قالوا: يا رسول الله وما العذر؟ قال: خوف أو مرض)

«Азанды естіп, оған жауап бермеген кісінің намазы жоқ, әрине, егер бір себеппен қалмаса». Олар: «Себеп дегеніңіз не?»-деді. Ол: «Қорқу және ауру»-деді³.

3 - Жұмыста немесе дәрісте болса. Өйткені еңбек етуі мен білім алуы - парыз.

4 - Қарны ашқанда тамақ әзір болса. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін естіді:

(لا صلاة بحضرة الطعام)

«Тамақ әзір болғанда намаз оқылмайды»⁴.

5 - Сапарға дайындалып жатса.

6 - Үйде қамалып қалса.

7 - Кіші немесе үлкен дәрет қысса.

8 - Сарымсақ немесе пияз жеген кісінің аузынан жағымсыз иіс кетпеген болса.

¹ Алдағы беттерде анықтамасы айтылады

² Әл-Бұхари жеткізді

³ Әбу Дәуд жеткізді

⁴ Мүслім жеткізді

Мұсылманды қандай бір амалдан себеп тоқтатқанымен, ниеті тұрақты болса, сауап жазыла береді. Әбу Баридадан - Әбу Мұса, Аллаһ тағала оларға разы болсын, Аллаһтың елшісінің былай дегенін айтты :

(إذا مرض العبد أو سافر كتب له مثل ما كان يعمل مقيماً صحيحاً)

«Біреу ауырып қалса немесе жолға шықса, тұрғылықты әрі сау кезінде істеген амалының сауабы, бәрібір, жазылады»¹.

Имамдыққа кім лайықтырақ?

Бірінші: Мешіттегі намазда:

1 - Елбасы. Әбу Саьид ал-Ансари, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لا يؤمن الرجل الرجل في سلطانه ولا يقعد في بيته على تكرمته إلا بإذنه)

«Ешбір адам сұлтанның билігінде оған имамдық ете алмайды. Сондай-ақ оның үйінде рұқсат етпейінше отыра да алмайды»².

2 - Мүфти.

3 - Мешіт имамы.

Екінші: Үйде:

Үйдің қожайыны лайықты. Егер өзінен білімді кісі болса, имамдықты соған ұсынуы мұстахап.

Үшінші: Мешіт пен үйден басқа жерлерде:

1 - Намаз үкімдерін жақсырақ білуші.

2 - Егер бәрі осы дәрежеде болса, тәжуидті білетіні және Құранды көп жаттағаны шығады.

3 - Егер бәрі осы дәрежеде болса, жасы үлкені шығады.

4 - Егер жастары бірдей болса, көркем мінездісі шығады.

5 - Егер бәрі көркем мінезді болса, даусы жақсысы шығады.

6 - Егер бәрінің даусы жақсы болса, ең таза киімдісі шығады.

7 - Егер бүкіл нәрседе бірдей болса, араларына жеребе тасталады. Бұның бәрі пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) жалпы мағынадағы хадисіне негізделеді:

(اجعلوا أئمتكم خياركم فإنهم وفدكم فيما بينكم وبين ربكم)

«Ең жақсыларыңды имам етіндер! Расында, олар - сендер мен Раббыларыңның арасындағы өкілдер»³.

Ұюшыға қатысты үкімдер

Имамға ұюшы үшке бөлінеді: мүдрик, лахиқ және масбуқ.

Мүдрик дегеніміз - намаздың бүкіл рәкәтін имаммен бірге оқыған ұюшы.

Лахиқ дегеніміз - намазды имаммен бірге бастап, кейін дәретінің бұзылуымен намаздан шыққан ұюшы.

Масбуқ дегеніміз имамға намаздың біраз бөлігі атқарылғанда келіп қосылған ұюшы. Мұндай кісі имамның сәлемінен кейін үлгермеген рәкәттәрін толықтырып оқиды. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(فما أدركتم فصلوا، وما فاتكم فاتموا)

«..Үлгерген рәкәттәріңді оқындар да үлгермеген рәкәттәріңді толтырындар»⁴.

Масбуқ үкіміндегі кісінің имамға ұюшымен үлгерген рәкәттәрі намаздың соңғы рәкәттәрі саналады. Имамның сәлемінен кейін намаздың алғашқы рәкәттәрін толтырады. Егер ол имамның рүкүфіна үлгерсе, сол рәкәтқа толық үлгерген болады. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من أدرك ركعة من الصلاة فقد أدركها قبل أن يقيم الإمام صلته)

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Әл-Байһақи жеткізді

⁴ Әбу Дәуд жеткізді

«Кім намаздың бір рәкәтіна имам рүкүфтан көтерілемей үлгерсе, сол рәкәтқа үлгерді»¹. Масбуқ кісіге басқа адамның ұюына болмайды.

- Имам сәлем бергенде ташаһһудін толық оқып үлгермеген ұюшы оны аяқтап, сосын сәлем береді.
- Сәлем бергенде имамның дәреті бұзылса, ташаһһудті оқып үлгермеген ұюшының намазы бұзылады.
- Имам сәлем бергенде ташаһһудтан кейінгі салауатты оқып отырған ұюшы имамға еріп бірден сәлем береді.
- Имам сәлем беретін кезде ұюшы имамнан бұрын сәлем беріп қойса, мәкруһ болғанымен екеуінің де намазы дұрыс болады.
- Имам үшінші рәкәтқа көтерілгенде ташаһһудті оқып бітпеген ұюшы оны аяқтап тұрады.
- Имам рүкүфтан көтерілгенде «субхана раби ал-азим» сөздерін айтып үлгермеген ұюшы бірден имамға ереді.
- Имам артық рүкүф немесе артық сәжде жасап қойса, ұюшы оған ермей күтеді. Алайда намаздың соңында имамға еріп сәһу сәждесін жасайды.
- Имам соңғы отырыстан кейін байқаусыздан түрегеп қойса, ұюшы оған «субханалла» сөзімен білдіріп, күтіп отырады. Егер имам артқа оралса, оған еруін жалғастырады. Сосын имамға еріп сәһу сәждесін жасайды және сәлем береді. Егер имам артық рәкәттің сәждесін жасап қойса, ұюшы сәлем беріп намазын аяқтайды.
- Имам соңғы отырысқа отырмай байқаусыз тұрып кетсе, ұюшы оған еріп тұрмайды. Ташаһһудті оқиды және имамға үш мәрте «субханалла»-деп білдіреді. Имам түсініп, артқа қайтса, оған еруін жалғастырады. Егер артық рәкәттің сәждесін жасап қойса, соңғы отырыс жасалмағандықтан намазы бұзылады. Бұндай жағдайда ұюшының да намазы бұзылады.

Төмендегі жағдайларда жалғыз оқушы жамағатқа қалай ілеседі?

- Қамат айтылғанда парыз намазын жалғыз оқып тұрған кісі бірінші рәкәтін сәждеге әлі жеткізбеген болса, бір сәлеммен намазын үзіп, имамға қосылады.
- Қамат айтылғанда екі рәкәттік намазды жалғыз оқып тұрған кісі бірінші рәкәттің сәждесінде болса, сәждеден кейін намазын бір сәлеммен үзіп, жамағатқа қосылады.
- Бесінге қамат айтылғанда таң намазының қазасын өтеп тұрған кісі бірінші рәкәттің сәждесінде болса, сәждеден басын көтергенде бір сәлем беріп, жамағатқа қосылады. Сол сияқты құптанға қамат айтылғанда ақшамның қазасын өтеп тұрған кісі бірінші рәкәттің сәждесінде болса, сәждеден басын көтергенде бір сәлем беріп, жамағатқа қосылады.
- Қамат айтылғанда төрт рәкәттік намазды жалғыз оқып тұрған кісі бірінші рәкәттің сәждесінде болса, намазы бекер кетпес үшін, оны екі рәкәт етіп оқиды. Сосын жамағатқа қосылады. Оқыған екі рәкәті нәпілге айналады.
- Қамат айтылғанда төрт рәкәттік намазды жалғыз оқып тұрған кісі үшінші рәкәтта тұрса, тұрған күйінде бір сәлеммен намазын үзіп, жамағатқа қосылады. Ал егер үшінші рәкәтті оқып қойса, намазын төрт рәкәт етіп жалғыз аяқтауына болады.
- Бесіннің сүннетіне тұрған кісі парызға қамат айтылса, сүннетін екі рәкәт етіп оқиды да жамағатқа қосылады. Парыздан кейін сүннетін өтейді.
- Мешітке кірген кісі қамат айтылғанда сүннет намазын да, мешітке сәлем намазын да оқымай, бірден жамағатқа қосылады. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا أقيمت الصلاة فلا صلاة إلا المكتوبة)

«Парызға қамат айтылғанда парыздан басқа намаз оқылмайды!»². Мешітке кіргенде парыз оқып тұрған жамағатқа үлгеруіне сенімді болған кісі таң намазының сүннетін оқуына болады. Сенімсіз болса, парыздан кейін оқығаны дұрыс, өйткені жамағаттың сауабы сүннет намазының сауабынан абзал. Имам сәлем айтқанға дейін жамағатқа үлгерген кісі жамағаттың сауабына үлгереді.

¹ Ад-Даракутни жеткізді

² Әбу Дәуд жеткізді

Масбуқ кісі имаммен бірге рәкәтқа қашан үлгереді?

Имамға тахрим тәкбірінен рүкүғта тұрған күйіне дейінгі аралықта келіп ұйыған кісі сол рәкәтқа үлгеруші болып саналады. Ұюшы тахрим тәкбірін айтса, жеткілікті.

Имам сәждеге барғанда ұйыған кісі бұл рәкәтқа үлгермеді және оны имамның сәлемінен кейін толықтырады. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا جئتم والإمام راعع فاركعوا، وإن كان ساجداً فاسجدوا ولا تعتدوا بالسجود إذا لم يكن معه الركوع)

«Сендер намазға келгенде имам рүкүғта болса, рүкүғ жасаңдар! Сәждеде болса, сәжде жасаңдар! Рүкүғқа үлгермесендер, сәждені рәкәт есебіне алмаңдар»¹.

Сап түзеу

1 - Имамның қасында бір адам ғана болса, ол имамның оң жағына сәл ғана шегініп тұрады. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбармен (саллаллаһу алайһи уа саллам) бірге намаз оқығанын хабарлап, былай деді:

(فأخذ برأسي أو بذؤابتي فأقامني عن يمينه)

«Ол менің басымнан ұстап, оң жағына тұрғызды»².

2 - Имамның қасындағы адам саны екі не одан көп болса, олар имамның артында сапқа тұрады. Анас ибн Мәликтің әжесі Мулайка, Аллаһ тағала оларға разы болсын, бір күні Аллаһтың елшісін (саллаллаһу алайһи уа саллам) асқа шақырады. Тамақтанған соң, пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) оларға: «Тұрыңдар, сендерге береке тілеп намаз оқиын»-дейді. Анас айтады: Мен үйімізде біраз тұрып, ескіріп қалған ши тоқыманы алып, оған су септім. Сосын оны жерге төседім. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) намазға тұрды. Мен және бір жетім бала артына сапқа тұрдық. Әжем біздің артымызға тұрды. Ол біз үшін екі рәкәт намаз оқыды. Сосын кетіп қалды»³.

3 - Адам саны көп болса, имамның артында сап тізіп тұрады. Имамға бірінші саптың ортасында тұру мәкрүһ тахриман. Ер адамдар алдыңғы саптарға, балалар кейінгі саптарға тұрады. Одан кейін әйел кісілер тұрады. Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(أتموا الصف المقدم)

«Бірінші сапты толтырыңдар!...»⁴. Бірінші сапта бос орын қалса, оны дереу толтыру қажет. Егер бірінші сап жүйеленген болса, екінші сапты бастаушы кісі қасына біреу келгенше күтіп тұрады. Біреудің келуі кешіксе, алдыңғы саптан бір кісіні артқа тартады, әрине, егер ол мұндай үкімді танитын болса. Егер олар түсінбей қала ма деп қорықса, жалғыз тұрып жамағатқа ілеседі.

Әр намазға тұрарда имам жамағатқа сап түзеулерін бұйырады. Бұлай істеуі - мустахап. Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) намаз басталарда былай дейтінін айтты:

(اعتدلوا في صفوفكم و تراصوا فيني أراكم من وراء ظهري)

«Сапқа тізіліңдер және тығыз тұтасыңдар! Шын мәнінде, мен сендерді арқа жағымнан көремін»⁵.

Әбу Мас'уд, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) намаз басталарда иықтарымызды ұстап, былай дейтін:

(استووا ولا تختلفوا فتختلف قلوبكم)

¹ Әл-Байһақи жеткізді

² Әбу Дәуд жеткізді

³ Әбу Дәуд жеткізді

⁴ Әбу Дәуд жеткізді

⁵ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

«Түзеліндер және өзгешеленбендер! Әйтпесе, жүректерің келісе алмайтын болады...»¹.

Жамағат намазындағы мәкрүһ істер

1 - Имам Әбу Ханифаның айтуынша, қалауына ергіш, пасық, надан кісіні имамдыққа шығару мәкрүһ. Әбу Нурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(الصلاة المكتوبة واجبة خلف كل مسلم براً كان أو فاجراً وإن عمل الكبائر)

«Парыз намазын әр мұсылманның артында оқу - уәжіп, мейлі ізгі, мейлі күнәқар болсын, тіпті үлкен күнәлар істесе де»².

2 - Имамға намазды ұзақ оқуы мәкрүһ. Әбу Масъуд, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(يا أيها الناس إن منكم منقرين، فأیکم أمّ الناس فليوجز، فإن من ورائه الكبير والضعيف وذا الحاجة)

«Әй, адамдар, расында, іштерінде адамдарды қашырушылар бар. Қайсыбірің адамдарға имам болса, намазды қысқа оқысын. Өйткені оның артында қарт, әлсіз және мұқтаж кісілер бар»³.

3 - Әйел кісілердің жамағатпен намаз оқуы мәкрүһ тахриман.

Намаз үстінде имамның дәреті бұзылса, жамағаттың да намазы бұзыла ма, әлде имам өз орнына бірінші саптан орынбасар шығара ма?

Намазда имамның дәреті бұзылса, өз орнына намазды әрі жалғастыруы үшін бірінші саптан орынбасар шығаруына болады. Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, намазда дәреті бұзылғанда орнына басқа кісіні шығарған. Осман да, Аллаһ тағала оған разы болсын, осылай істеген⁴.

Имам дәреті бұзылса, артқа шегініп, мұрны қанағандай қолымен мұрнын ұстап, бірінші сапта тұрғандардың бірін киімінен тартып, орнына шығарады. Орынбасарға бәрін сөзбен емес, ишарамен түсіндіреді. Қалған рәкәттің санын саусағымен көрсетеді. Орынбасар намазды имамның шыққан жерінен жалғастырады. Өзі сап шетінде ашық жер болса, сол жерден, ал болмаса, сап арасынан өтіп, дәрет алып келеді. Қайшылықтан шығу үшін немесе бұл үкімді бірінші мәрте көруші жамағат жаңылыспас үшін, намазды қайта бастап оқыған абзал.

Он екінші бөлім: Жамағатпен оқылуы парыз намаздар

1 - Жұма намазы. Жұма намазының үкімі - парыз айн. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِذَا نُودِيَ لِلصَّلَاةِ مِنْ يَوْمِ الْجُمُعَةِ فَاسْعَوْا إِلَىٰ ذِكْرِ اللَّهِ وَذَرُوا الْبَيْعَ ذَلِكُمْ خَيْرٌ لَكُمْ إِنْ كُنْتُمْ تَعْلَمُونَ﴾

«Әй, иман келтіргендер! Жұма күнінің жұма намазына азан айтылғанда дереу Аллаһты еске алуға асығыңдар және сауданы тастаңдар! Егер білетін болсаңдар, бұлай істеулерің өздерің үшін жақсы»⁵.

Жәбир ибн Абдулла, Аллаһ тағала әкесі екеуіне разы болсын, былай деді: Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) бізге былай деп, құтпа айтты:

(واعلموا أن الله قد افترض عليكم الجمعة في مقامي هذا، في يومي هذا، في شهري هذا، من عامي هذا إلى يوم القيامة، فمن تركها في حياتي أو بعدي وله إمام عادل أو جائر استخفافاً بها أو جحوداً لها فلا جمع الله له شمله ولا برك له في أمره، وألا ولا صلاة له، ولا زكاة له، ولا حج له، ولا صوم له، ولا برّ له حتى يتوب، فمن تاب تاب الله عليه)

¹ Мүслім жеткізді

² Әбу Дәуд жеткізді

³ Мүслім жеткізді

⁴ «Ал-Фикһ ал-Ислами уа Адиллатуһу»: 2/1270

⁵ «Жұма» сүресі: 9

«Аллаһтың сендерге Қиямет күніне дейін жұма намазын осы жылы, осы айда, осы күні және осы жерде парыз еткенін біліп алыңдар! Кім оны менің тірі кезімде немесе мен дүниеден озғанда әділ немесе залым имамы бола тұра, бұл намазға жеңіл қарауымен тастаса, немесе парыздығын теріске шығарса, Аллаһ оның тұтастығын шашады және ісіне береке бермейді. Тәубасына келмейінше, оның намазы да, зекеті де, қажылығы да, оразасы да, ізгілігі де пайда бермес. Ал кім тәубәсіна келсе, Аллаһ оның тәубасын қабыл етеді»¹.

Тағы бір хадисте пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(من ترك الجمعة ثلاث مرات تهاوناً بها طبع الله على قلبه)

«Кім жұма намазын селқостықпен үш мәрте тастаса, Аллаһ оның жүрегіне мөр басады»².

Жұма намазы қашан парыз болды?

Жұма намазы мұсылмандарға Хижадан бұрын парыз етілді. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Жұманы атқаруы пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) Мәдинаға хижра жасауынан бұрын бұйырылды. Алайда ол Меккеде адамдарды жинауға шамасы келмеді. Сөйтіп, Мәдинадағы өкілі Мусъаб ибн Ғумайрға былай деп хат жазды: «..Ендігі сөзім: Әй, Мусъаб! Яһудилер сенбі күндеріне дайындалып Забурді жария оқитын күнді күт. Сосын әйелдер мен балаларды жина! Сөйтіп, жұманың күндізі ортасынан ауғанда Аллаһ тағалаға екі рәкәт намазбен жақындандар!»³.

Жұма намазының артықшылығы

Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(خير يوم طلعت فيه الشمس يوم الجمعة فيه خلق آدم و فيه دخل الجنة و فيه أخرج منها و لا تقوم الساعة إلا في يوم الجمعة)

«Күн көзін көрген күндердің ең жақсысы - жұма күні. Ол күні Адам жаратылды. Сол күні жәннатқа кірді және сол күні одан шығарылды. Сондай-ақ жұма күні Қиямет орнайды»⁴.

Әбу Лубана, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(يوم الجمعة سيد الأيام و أعظمها و أعظم عند الله من يوم الفطر و يوم الأضحى)

«Жұма күні - күндердің тақсыры және ұлысы. Ол, сондай-ақ, Аллаһтың қасында Ораза айтынан да, Құрбан айтынан да ұлырақ»⁵.

Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(الصلوات الخمس و الجمعة إلى الجمعة و رمضان إلى رمضان مكفرات ما يبهن إذا اجتنبت الكبائر)

«Күнделікті бес намаз, келесі жұмаға дейінгі жұма, келесі рамазанға дейінгі рамазан өз араларындағы күнәләрді жуып кетеді, әрине, егер үлкен күнәләр болмаса»⁶.

Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) жұма күні туралы айтқанда былай деді:

(و فيه ساعة لا يصادفها عبد مؤمن و هو في الصلاة يسأل الله شيئاً إلا أعطاه إياه)

«..Ол күннің ішінде бір сағат бар. Намаз оқып тұрған мүмін құл сол сағатқа кезіккенде Аллаһ тағала оған сұраған нәрсесін бермеуі мүлде мүмкін емес»⁷.

¹ Ибн Мажа жеткізді

² Ат-Тирмизи жеткізді

³ Ад-Даракутни жеткізді

⁴ Ат-Тирмизи жеткізді

⁵ Әл-Байһақи жеткізді

⁶ Мүслім жеткізді

⁷ Мәлик, Ахмад, Әбу Дәуд, Ан-Насаи және Ат-Тирмизи

Мүслімнің Әбу Баридадан жеткізген сахих хадисінде ол сағат - имамның мінбеге отыруынан басталып, намазды аяқтауымен шығады¹.

Жұма намазына асығудың сыры

Жұма намазы шарифат тарапынан қоғамдық идеяны қолдау үшін енгізілген. Аптасына бір мәрте құлшылық аясында жиналушы мұсылмандар өзара танысып, қарым-қатынастары нығаяды. Сондай-ақ жан дүниелері бірігіп, бір имамды тыңдауды және оған бағынуға үйренеді. Апта сайын имамның құтпасынан исламның ақиқатын, оның шарифатын, үкімдерін, этикасын таниды. Дүниенің қамымен қатар ақыреттерінің қамын ойлап, білмей жүрген адамдарды жақсылыққа шақырып және жамандықтан қайтарып, Раббыларының алдындағы дағуат парызын атқаруға ұмтылады. Апта сайын уағыздың қайталанып тұруы жеке тұлға үшін, жамағат үшін де үлкен маңызын тигізеді. Міне осындай ұлы мақсаттарға дүниеде, ал сарқылмас сауапқа ақыретте қол жеткізу үшін жұма намазына асығу - әр мұсылманның жеке парызы. Азан естілгенде әрбір мұсылман жұма намазы мен оның құтпасына үлгеру үшін, одан алдандыратын саудасын, тағы басқа дүниелік әрекеттерін бірден тастауға міндетті².

Жұма намазына ұмтылыс азан шақырылғанда басталады. Жалпы, парыз - осы. Алайда бұдан да ертерек асығушыларға Аллаһтың да кеңшілігі асығады. Әбу Нурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من اغتسل يوم الجمعة غسل الجنابة ثم راح فكأنما قرب بدنة و من راح في الساعة الثانية فكأنما قرب بقرة و من راح في الساعة الثالثة فكأنما قرب كبشا أقرن و من راح في الساعة الرابعة فكأنما قرب دجاجة و من راح في الساعة الخامسة فكأنما قرب بيضة فإذا خرج الإمام حضرت الملائكة يستمعون الذكر)

«Кім жұма күні жүніптен тазарғандай ғұсыл құйынып, намазға шықса, бір түйені құрбан шалғандай болады. Кім екінші сағатта шықса, бір сиырды құрбан шалғандай болады. Кім үшінші сағатта шықса, мүйізді бір қошқарды құрбан шалғандай болады. Кім төртінші сағатта шықса, бір тауықты құрбан шалғандай болады. Кім бесінші сағатта шықса, бір жұмыртқаны құрбандық еткендей болады. Имам құтпа айту үшін мінбеге шыққанда періштелер құтпа тыңдауға кіріседі»³.

Жұма күнгі жолға шығудың үкімі

Күн аспан биігіне жетпей жолға шығуға болады. Алайда жолға шығушы қала шеңберінен азан шақырылмай асатындығына сенімді болуы қажет. Мәжбүрлік қыспаса, күн аспан биігіне жеткенде жолға шығу мәкрүһ.

Жұма намазын парыз етуші шарттар

1 - Ер кісі болу. Әйел кісілерге парыз емес.

2 - Азат болу. Тарик ибн Шиһаб, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(الجمعة حق واجب على كل مسلم في جماعة إلا أربعة: عبد مملوك، أو امرأة، أو صبي، أو مريض)

«Жұма намазын жамағатпен оқу - әр мұсылманның міндетті уәжібі. Тек төрт кісінің мойнынан түседі: құл, әйел кісі, сәби және науқас»⁴.

3 - Тұрғылықты болу. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ليس على المسافر جمعة)

«Жұма намазы - жолаушыға парыз емес»⁵.

¹ «Ал-Фикһ ал-Ислами уа Адиллатуһу»: 2/1282

²«Ал-Фикһ ал-Ислами уа Адиллатуһу»: 2/1280,1281

³ Ат-Тирмизи жеткізді

⁴ Әбу Дәуд жеткізді

⁵ Ад-Дарақұтни жеткізді

4 - Дені сау болу. Тарих ибн Шихаб, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(الجمعة حق واجب على كل مسلم في جماعة إلا أربعة: عبد مملوك، أو امرأة، أو صبي، أو مريض)

«Жұма намазын жамағатпен оқу оқу - әр мұсылманның міндетті уәжібі. Тек төрт кісінің мойнынан түседі: құл, әйел кісі, сәби және науқас»¹.

5 - Қауіпсіз болу.

6 - Көзі көру.

7 - Жүре алу.

Жұма намазының бейнесі

Жұма намазы - таң намазы секілді екі рәкат. Алдында екі құтпа айтылады.

Жұма намазын дұрыс етуші шарттар:

1 - Бесін намазының уақыты кіруі. Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) жұма намазын әрдайым күн аспан биігінен еңкейгенде оқитын. Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم يصلي الجمعة إذا مالت الشمس)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) жұма намазын күн аспан биігінен еңкейгенде оқитын»². Пайғамбарымыздан (саллаллаһу алайһи уа саллам) кейінгі әділ халифалар да осы уақытта оқитын³. Жұма намазының қазасы өтелмейді. Кім оған үлгермесе, бесін намазын оқиды.

2 - Қалада оқылуы. Сол секілді қалаға қарайтын ауылдарда оқылуы. Негізі, қала бойынша жұма намазы бір жерде орталық мешітте оқылуы қажет. Қалада мешіттер көп болса, жұма намазы ең бірінші салынған мешітте оқылғаны дұрыс. Алайда, орталық немесе көне мешіт бүкіл жамағатты сыйдыра алмаса, жұма намазы қаланың әр жеріндегі мешіттерде оқыла береді. Мешіттің ішіне сыймаған жамағат намазды сыртта оқиды. Басқа жағдайда намазды мешіттің сыртында оқу мәкрүһ.

3 - Жұма намазын, алдымен, мүфти не оның оның орынбасары жүргізуі. Не мүфти тарапынан тағайындалған имам жүргізуі.

4 - Жұма намазына баршаның қатыса алуы. Жұма намазына қатысуға ешкімге тиым салынбауы шарт.

5 - Жамағат. Тарих ибн Шихаб, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(الجمعة حق واجب على كل مسلم في جماعة إلا أربعة: عبد مملوك، أو امرأة، أو صبي، أو مريض)

«Жұма намазын жамағатпен оқу оқу - әр мұсылманның міндетті уәжібі. Тек төрт кісінің мойнынан түседі: құл, әйел кісі, сәби және науқас»⁴. Жұма намазы үшін жамағат ең азы имамнан басқа үш адамнан құралады. Жұма намазының жамағатсыз оқылуы дұрыс емес.

6 - Намаз алдында құтпа айту. Құтпа дегеніміз - діни өсиет. Ханафи мәзһабінде құтпаның араб тілінен басқа тілде айтылуы дұрыстығын жоғалтпайды. Жұма намазының құтпасыз оқылуы дұрыс емес.

Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

(يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِذَا نُودِيَ لِلصَّلَاةِ مِنْ يَوْمِ الْجُمُعَةِ فَاسْعَوْا إِلَىٰ ذِكْرِ اللَّهِ وَذَرُوا الْبَيْعَ)

«Жұма күнінің жұма намазына азан айтылғанда дереу Аллаһты еске алуға асығындар және сауданы тастандар!..»⁵. Бұл аяттағы «еске алуға» сөзі құтпаны көздейді.

¹ Әбу Дәуд жеткізді

² Ахмад, Әл-Бұхари, Әбу Дәуд және Ат-Тирмизи жеткізді

³ «Әл-Фикһ әл-Ислами»: 2/1292

⁴ Әбу Дәуд жеткізді

⁵ «Жұма» сүресі: 9

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) ешқашан жұма намазын құтпасыз оқымаған¹. Омар мен Айша анамыздың айтуынша, жұма намазы құтпа үшін екі рәкат етіп қысқартылды. Имам Әбу Ханифа: «Жұма намазының жарты сауабы құтпада»-деді².

Құтпаның парыздары

Құтпаның парызы - біреу. Ол - діни өсиет.

Құтпаның сүннеттері

1 - Құтпаны бастар алдында имам немесе құтпа айтушы мінбеге көтеріліп отырады. Екінші азан шақырылғанда ол құтпа айтуға тұрады. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان النبي صلى الله عليه وسلم يخطب خطبتين. كان يجلس إذا صعد المنبر حتى يفرغ المؤذن، ثم يقوم فيخطب، ثم يجلس فلا يتكلم، ثم يقوم فيخطب)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) екі құтпа айтатын. Азаншы азан айтып болғанша мінбеде отыратын. Кейін тұрып, құтпа айтатын. Сосын сөйлемей сәл отыратын. Сосын тұрып, құтпа айтатын»³.

2 - Құтпаны тұрып айту. Жәбир ибн Сумра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان يخطب قائماً، ثم يجلس، ثم يقوم فيخطب قائماً)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) құтпаны тұрып айтатын. Сосын отыратын. Сосын қайта тұрып құтпа айтатын»⁴.

3 - Дәретті болу және әуреттің жабық болуы. Құтпа айтушының дәреті бұзылса, құтпаны жалғастыруына болады. Өйткені құтпа - намаз емес. Мәлики және ханбали мәзһаптарында да осылай.

4 - Мінбенің үстінен айтылуы. Мінбе михраптың оң жағында бір не екі шынтақ қашықтықта болуы сүннет. Пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) мінбесінде отыратын жерінен бөлек үш баспалдағы болатын.

5 - Жамағат назарының құтпа айтушыға бағытталуы. Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) мінбеге көтерілгенде адамдар жүздерін оған қарататын⁵.

6 - Жамағатқа сәлем айту. Алайда, имам Әбу Ханифаның көзқарасында адамдардың ойын басқа әңгімеге бұрмау үшін, сәлем айтылмай, бірден құтпадан бастаған абзал.

7 - Құтпа Аллаһ тағаланың даңқын көтеруші мадақтау сөздермен, куәлік сөздерінің айтылуымен және пайғамбарымызға (саллаллаһу алайһи уа саллам) салауат тілеумен басталады. Кейін ескерту мен еске түсіру, қуандыру мен қорқыту мағыналарын қамтыған уағызбен жалғасып, өсиетпен аяқталады.

8 - Екі құтпа айту. Екінші құтпа да Аллаһ тағаланың даңқын көтеруші мақтау сөздермен, куәлік сөздерінің айтылуымен және пайғамбарымызға (саллаллаһу алайһи уа саллам) салауат тілеумен басталады. Тек уағыздың орнына мүмін ерлер мен мүмін әйелдерге, жалпы мұсылман үмметіне дұға жасалады.

9 - Екі құтпа арасында отырыс жасау. Жәбир ибн Сумра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كانت للنبي صلى الله عليه وسلم خطبتان يجلس بينهما يقرأ القرآن ويذكر الناس)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) екі құтпа айтатын. Ол екеуінің арасында отырыс жасайтын. Екі құтпада Құран аяттарын оқып, адамдарды уағыздайтын»⁶.

¹ Әл-Байһақи жеткізді

² «Әл-Фиқһ әл-Ислами»: 2/1303

³ Әл-Байһақи жеткізді

⁴ Мүслім жеткізді

⁵ Ибн Мажа жеткізді.

⁶ Мүслім жеткізді

10 - Құтпаны жамағатқа жақсы естірту үшін дауыстың көтеріңкі болуы. Жәбир, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم إذا خطب احمرت عيناه وعلا صوته واشتد غضبه حتى كأنه منذر جيش)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) құтпа айтқанда әскерге ескерту жасағандай көздері қызарып кететін, даусы көтеріліп, ашуы күшейетін...»¹.

11 - Екі құтпаның жеңіл айтылуы және екінші құтпаның біріншіден қысқарақ болуы сүннет. Аммар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إن طول صلاة الرجل، وقصر خطبته، مئنة من فقهه. فأطيلوا الصلاة واقصروا الخطبة. وإن من البيان سحراً)

«Адам намазын ұзақ, құтпасын қысқа қылуы - істің ретін білуінен. Намазды ұзақ, құтпаны қысқа қылыңдар! Расында, сөзде де сиқыр бар»².

12 - Ханафи және мәлики мәзһаптарында имам мінбеге көтерілгенде жамағат тарапынан намаз да оқылмайды, сөз де айтылмайды. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من اغتسل يوم الجمعة غسل الجنابة ثم راح فكأنما قرب بدنة و من راح في الساعة الثانية فكأنما قرب بقرة و من راح في الساعة الثالثة فكأنما قرب كبشاً أقرن و من راح في الساعة الرابعة فكأنما قرب دجاجة و من راح في الساعة الخامسة فكأنما قرب بيضة فإذا خرج الإمام حضرت الملائكة يستمعون الذكر)

«Кім жұма күні жүніптен тазарғандай ғұсыл құйынып, намазға шықса, бір түйені құрбан шалғандай болады. Кім екінші сағатта шықса, бір сиырды құрбан шалғандай болады. Кім үшінші сағатта шықса, мүйізді бір қошқарды құрбан шалғандай болады. Кім төртінші сағатта шықса, бір тауықты құрбан шалғандай болады. Кім бесінші сағатта шықса, бір жұмыртқаны құрбандық еткендей болады. Имам құтпа айту үшін мінбеге шыққанда періштелер құтпа тындауға кіріседі»³.

13 - Жамағат тыныш отырады. Салман Ал-Фариси, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ما من رجل يتطهر يوم الجمعة كما أمر ثم يخرج من بيته حتى يأتي الجمعة و ينصت حتى تقضى صلاته إلا كان كفارة لما قبله من الجمعة)

«Кім өзіне бұйырылғандай тазарып, үйінен шыққан бетте жұмаға келсе, сосын намаз аяқталғанша тыныш отырса, жұмаға дейінгі күнәсінің түгел жуылмауы мүлде мүмкін емес»⁴.

14 - Кәпірлермен күресу нәтижесінде ислам жеңіспен кірген елде имам құтпаны қылышқа немесе аса таяққа сүйеніп айтуы. Бітіммен кірген елде құтпаны ешнәрсеге сүйенбей айту. Негізінде, Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) мінбе болмағанға дейін құтпа айтқанда қылышты, не садақты, не аса таяқты сүйеніп тұру үшін пайдаланатын. Хакам ибн Хазан, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(وفدت على النبي صلى الله عليه وسلم فشهدنا معه الجمعة فقام متوكفا على سيف أو قوس أو عصا مختصراً)

«Пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) делегация болып келген кездері жұма намаздарына қатысатынбыз. Ол қылышқа, не садаққа, не аса таяққа сүйеніп тұратын»⁵. Бұл мінбе қолданбағанға дейін болған іс. Алайда, пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам)

¹ Мүслім жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Ат-Тирмизи жеткізді

⁴ Ахмад және Ан-Насаи жеткізді

⁵ Әбу Дәуд жеткізді

құтпаны мінбе үстінен айта бастаған кезде мінбеден басқа нәрсеге сүйеніп тұрғандығы жайлы мәлімет жоқ.

Құтпаның құрылымы

- Аллаһ тағаланы мақтау.
- Аллаһтан басқа тәңір жоқтығы мен Мұхаммед Оның елшісі екенін баяндайтын куәлік сөздерін айту.
- Пайғамбарға, әулетіне және сахабаларына салауат тілеу.
- Өзекті тақырыпқа кірісу: Құран аяттары мен хадистерді келтіріп, ескерту мен еске түсіру, қуандыру мен қорқыту мағыналарын қамтыған уағыз айту.
- Тақырыпқа қатысты амал істеулерін өсиет ету.
- Отырыс.
- Екінші құтпаны айту. Екінші құтпа да Аллаһ тағаланың даңқын көтеруші мақтау сөздермен, куәлік сөздерінің айтылуымен және пайғамбарымызға (саллаллаһу алайһи уа саллам) салауат тілеумен басталады. Тек уағыздың орнына мүмін ерлер мен мүмін әйелдерге, жалпы мұсылман үмметіне дұға жасалады.
- Мінбеден қамат айтылып жатқанда түсу.

Құтпаның мәкрүһтері

1 - Құтпаның ұзақ болуы. Жәбир ибн Сумра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم لا يطيل الموعظة يوم الجمعة، إنما هن كلمات يسيرات)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) жұма күні құтпаны ұзақ айтпайтын. Құтпасы жеңіл сөздерден құралатын»¹.

2 - Құтпа сүннеттерін атқарусыз қалдыру.

3 - Құтпа айтушының жан-жаққа жалтақтауы.

4 - Имамның жамағатқа сәлем беруі.

Құтпа тыңдаушыға қатысты мәкрүһ істер

1 - Ішіп-жеу.

2 - Қозғалу, жан-жаққа бұрылу, сәлем беру, сәлем қайыру, түшкірген кісіге жауап беру, сөйлеу мәкрүһ тахриман. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من قال يوم الجمعة والإمام يخطب أنصت فقد لغى)

«Жұма күні имам құтпа айтқанда бір адам қасыңдағы кісіге: «Сөйлемей, тыныш отыр!»-десе, бос сөз айтқан болады»². Сол секілді бұл уақытта таспих айту, Құран оқу, дұға жасау да мәкрүһ.

3 - Жұмаға азан айтыларда немесе айтылғанда намаз аяқталғанша жолға шығу.

4 - Сап тізіп отырған адамдардың арқаларын аттау. Бір кісі солай істегенде Аллаһтың елшісі оған: «Адамдардың мазасын алдың, отыр!»-деген³. Адамдардың арасынан өту тек имамға ғана рұқсат.

5 - Біреуді тұрғызып, орнына отыру. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لا يقيم أحدكم أخاه يوم الجمعة)

«Сендерден ешкім жұма күні бауырын орнынан тұрғызбасын!...»⁴.

Жұма намазына үлгеру

1 - Имам Әбу Ханифа мен Әбу Юсуфтың көзқарасында масбук кісі жұма намазына имам ташаһһуд оқып отырғанда қосылса, намазды жұма намазы етіп аяқтайды және үлгерген болып

¹ Әбу Дәуд жеткізді

² Ат-Тирмизи жеткізді

³ Ахмад жеткізді

⁴ Мүслім жеткізді

саналады. Ташаһхудтан кешіксе, төрт рәкат бесін етіп толықтырады. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін естіді:

(إذا أقيمت الصلاة فلا تأتوها تسعون وأتوها تمشون، عليكم السكينة، فما أدركتم فصلوا وما فاتكم فأتموا)

«Намазға камат айтылғанда жүгіріп емес, жүріп келіндер. Тыныштық күйде болуға тиістісіңдер! *Намаздарыңды* үлгерген жерден оқыңдар және өткізіп алғандарыңды толықтырыңдар!»¹.

2 - Имам Мұхаммед ибн ал-Хасанның көзқарасында имам екінші рәкәттің рүкүфінан көтерілмей қосылса, жұма етіп аяқтайды. Бұдан кешіксе, төрт рәкат бесін етіп аяқтайды. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا جئتم والإمام راکع فأركعوا، وإن كان ساجداً فاسجدوا ولا تعتدوا بالسجود إذا لم يكن معه الركوع)

«Сендер намазға келгенде имам рүкүфта болса, рүкүф жасаңдар! Сәждеде болса, сәжде жасаңдар! Рүкүфқа үлгермесендер, сәждені *рәкәт* есебіне алмаңдар»².

Жұма күні мұсылманға уәжіп істер

1 - Жұмаға қатысуға асығу. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِذَا نُودِيَ لِلصَّلَاةِ مِنْ يَوْمِ الْجُمُعَةِ فَاسْعَوْا إِلَىٰ ذِكْرِ اللَّهِ﴾

«Әй, иман келтіргендер! Жұма күнінің жұма намазына азан айтылғанда дереу Аллаһты еске алуға асығыңдар...»³.

Асығу дегеніміз - аз уақыт қалғанда аяқтың жүгіруі емес, жүректің асығуы. Яғни, үйден ертерек шығып, саудадан ертерек босап, бірінші сапқа және құтпаның басына үлгеру.

2 - Бірінші азанды естігенде сауданы тастауы. Сол секілді жұмаға және оның құтпасына үлгеруден алаңдататын кез келген істі тастау. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِذَا نُودِيَ لِلصَّلَاةِ مِنْ يَوْمِ الْجُمُعَةِ فَاسْعَوْا إِلَىٰ ذِكْرِ اللَّهِ وَذَرُوا الْبَيْعَ﴾

«Әй, иман келтіргендер! Жұма күнінің жұма намазына азан айтылғанда дереу Аллаһты еске алуға асығыңдар және сауданы тастаңдар!...»⁴.

3 - Имам бөлмесінен шыққанда тынышталып, құтпаны тыңдау. Аллаһтың елшісі былай деді:

(خروج الإمام يقطع الصلاة، وكلامه يقطع الكلام)

«Имамның шығуы намазды тоқтатады, құтпасы сөзді тоқтатады»⁵.

Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(فإذا خرج الإمام حضرت الملائكة يستمعون الذكر)

«...Имам құтпа айту үшін мінбеге шыққанда періштелер құтпа тыңдауға кіріседі»⁶.

Жұманың сүннеттері⁷

1 - Ғұсыл құйыну, әтір себу және ең жақсы киімді кию. Әбу Аюп, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Әл-Байһақи жеткізді

³ «Жұма» сүресі: 9

⁴ «Жұма» сүресі: 9

⁵ Әл-Байһақи жеткізді

⁶ Ат-Тирмизи жеткізді

⁷ «Әл-фиқһ ал-ислами уа адиллатуһу»: 2/ 1322-1328

(من اغتسل يوم الجمعة و مس من طيب إن كان عنده وليس من أحسن الثياب ثم خرج و عليه السكينة حتى يأتي المسجد فيركع إن بدا له ولم يؤذ أحدا ثم أنصت إذا خرج إمامه حتى يصلي كانت له كفارة لما بينها و بين الجمعة الأخرى)

«Кім жұма күні ғұсыл күйініп, бар болған әтірінен жақса, сосын киімінің ең жақсысын киініп, тыныш күйде мешітке келсе, сосын нәпіл оқыса және ешкімді ренжітпесе, сосын имамы шыққаннан намаз аяқталғанша тыныш отырса, осы жұма мен басқа жұманың арасындағы күнәсі түгел жуылады»¹. Ғұсылдың уақыты таң атқаннан күн аспан биігіне жеткенше жалғасады.

2 - Жұмаға ертерек шығу. Жолда Аллаһ тағаланы еске алып, тыныштық күйде болу. Имамға жақын отыру. Самра, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың былай дегенін айтты:

(احضروا الجمعة وادنوا من الإمام فإن الرجل لا يزال يتباعد حتى يؤخر في الجنة و إن دخلها)

«Жұмаға қатысыңдар және имамға жақын отырыңдар! Өйткені *имамнан немесе бірінші саптан* алыстай беруімен, тіпті жәннатқа кіретін кісінің өзі оған соңғы кіретін болады»².

3 - Сырт пішіннің көркем болуы. Әсіресе, шаш пен тырнаққа көңіл бөлу.

4 - Жұманың түнінде не күндізінде «Кәһф» сүресін оқу. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(من قرأ سورة الكهف في يوم الجمعة أضاء له من النور ما بين الجمعتين)

«Кім жұма күні «Кәһф» сүресін оқыса, оған екі жұманың арасындай нұрдан жарық болады»³.

5 - Жұманың түні мен күндізінде көп дұға жасау.

6 - Пайғамбарымызға (саллаллаһу алайһи уа саллам) көп салауат тілеу. Салауат дегеніміз - Аллаһтың рахымы мен есендігін тілеу. Оның қысқаша бейнесі: «Аллаһумма солли уа саллим ыала Мухаммад». Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(إن من أفضل أيامكم يوم الجمعة فأكثرُوا عليّ من الصلاة فيه فإن صلاتكم معروضة عليّ)

«Негізінде, күндеріңнің ең абзалы - жұма күні. Сол күні маған көп салауат тілеңдер. Әлбетте, салауаттарың маған көрсетіледі»⁴. Тағы бір хадисте былай деді:

(أكثرُوا عليّ من الصلاة ليلة الجمعة و يوم الجمعة فمن صلى عليّ صلاة صلى الله عليه بها عشرا)

«Жұма түні және жұма күні маған көп салауат тілеңдер! Кім маған бір мәрте салауат тілесе, Аллаһ тағала оған он мәрте салауат тілейді»⁵.

7 - Мүслімнен жеткен хадистер бойынша жұма намазының бірінші рәкәтінде «Жұма» сүресін, екінші рәкәтінде «Мұнафиқун» сүресін оқу сүннет. Немесе бірінші рәкәтта «Аъла» сүресін, екінші рәкәтта «Ғашия» сүресін оқу.

8 - Мүслімнен жеткен хадис бойынша жұма күнгі таң намазының бірінші рәкәтінде «Сәжде» сүресін, екінші рәкәтінде «Инсан» сүресін оқу сүннет.

9 - Жұма намазының алдында төрт рәкат және артында төрт рәкат сүннет оқу төрт мәһапта да мустаһап.

Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من كان مصليا بعد الجمعة فليصل أربعاً)

«Кім жұмадан кейін намаз оқыса, төрт рәкәт оқысын!»⁶.

(كان النبي صلى الله عليه وسلم يركع من قبل الجمعة أربعاً)

¹ Ахмад жеткізді

² Ахмад, Әбу Дәуд, Ал-Хаким жеткізді

³ Ал-Хаким жеткізді. Иснады - сахих.

⁴ Әбу Дәуд жеткізді

⁵ Әл-Байһақи жеткізді

⁶ Мүслім жеткізді

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) жұма намазының алдында төрт рәкат намаз оқитын»¹. Сахабалар да осылай істейтін².

(كان ابن مسعود يصلي قبل الجمعة أربع ركعات و بعدها أربع ركعات)

Ибн Масъуд, Аллаһ тағала оған разы болсын, жұма намазының алдында төрт рәкат және артында төрт рәкат оқитын³.

Әбу Дәудтен жеткен сахих хадисте Ибн Аббастың, Аллаһ тағала оған разы болсын, жұмадан кейін мешітте төрт рәкат оқығаны айтылған және ол: «Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) осылай істейтін»-деген.

10 - Құтпа кезінде ұйқы қысқан кісіге қасындағы көршісімен орын ауыстыруы. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін естіді:

(إذا نعس أحدكم يوم الجمعة في مجلسه فليتحول إلى غيره)

«Жұма күні кімді отырған жерінде ұйқы қысса, басқа орынға ауыссын»⁴.

2 - Екі айт намазы

«Айт» сөзі қазақ тіліне араптың "العید" сөзінен енген. Айт намазы шарифат тарапынан мұсылмандарға уәжіп етіліп һижраның бірінші жылында енгізілді. Анастың айтуынша, Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Мәдинаға келгенде мәдиналықтар тойлайтын екі күн болатын. Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам): «**Бұлар не қылған екі күн?**»-деп сұрайды. Олар: «Исламнан бұрын осы екі күнде ойнап, көңіл көтеретінбіз»-дейді. Сонда Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам): «**Расында, Аллаһ ол екеуін одан да жақсырақ мерекелерге: Құрбан айты мен Ораза айтына айырбастады**»-дейді⁵.

Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай дейді:

﴿فَصَلِّ لِرَبِّكَ وَأَنْحَرْ﴾

«**Раббың үшін намаз оқы және құрбан шал!**»⁶.

Бұл аяттың тәпсірінде Құрбан айт намазы мен құрбан шалу айтылады.

Ораза айт намазы һижраның екінші жылында енгізілді. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(شهدت صلاة الفطر مع رسول الله صلى الله عليه وسلم وأبي بكر وعمر. فكلهم يصلها قبل الخطبة)

«Ораза айт намазына Аллаһтың елшісімен де (саллаллаһу алайһи уа саллам), Әбу Бәкірмен де, Омармен де қатыстым. Олардың барлығы оны құтпадан бұрын оқитын», тағы бір сөзінде: «Пайғамбар айт намазын азансыз және қаматсыз оқитын»-деді⁷.

Жұма намазы парыз болған әр мұсылманға айт намазын оқу уәжіп. Сол секілді жұма намазын дұрыс етуші шарттар айт намазына да ортақ. Айырмашылығы, айт намазының құтпасы сүннет.

Айт намазының уақыты

Айт намазының уақыты дұха намазы секілді күн бір немесе екі найза бойындай деңгейге көтерілгенде кіріп, оның аспан биігіне жетуімен шығады. Күн шыққан соң жарым сағат өткенде кіреді. Айт намазын имаммен бірге атқаруға үлгермеген кісі оның қазасын өтемейді.

Айт намазын оқушыға сүннет істер

¹ Ибн Мажа жеткізді

² «Ал-Фикһ ал-Ислами уа Адиллатуһу»: 2/1326

³ Саъид ибн Мансур жеткізді

⁴ Ахмад жеткізді

⁵ «Ал-Фикһ ал-Ислами уа Адиллатуһу»: 2/1386

⁶ «Кәусәр» сүресі: 2

⁷ Әл-Бұхари және Мүслім жеткізді

1 - Айт түнін құлшылықпен өткізу. Әбу Үмама, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың былай дегенін айтты:

(من أحيا ليأتي العيد محتسبا لله تعالى لم يموت قلبه يوم تموت القلوب)

«Кім Аллаһ тағаладан сауап тілеп, айт түндерін намазда тұрса, жүректер өлетін күні оның жүрегі өлмейді»¹.

2 - Ораза айтында үйден шықпай тұрып үш құрма жеу. Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم لا يغدو يوم الفطر حتى يأكل تمرات)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Ораза айтында бірнеше тал құрма жемейінше үйден шықпайтын»².

Ал Құрбан айтында, керісінше, үйден дәм татпай шығып, намаздан кейін үйге қайтып келгенде шалынатын құрбандық етінен піскен тағамнан жеу сүннет. Барида, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان النبي صلى الله عليه وسلم لا يخرج يوم الفطر حتى يطعم، ولا يطعم يوم الأضحى حتى يصلي)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) Ораза айтына тамақтанбай шықпайтын. Ал Құрбан айтында намаз оқымайынша тамақтанбайтын»³.

3 - Ғұсыл құйыну. Бұл сүннет айт намазына барушыға да, бара алмаушыға да бірдей. Өйткені айт - әсемдік күні. Әл-Факиһ ибн Саъд, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن رسول الله صلى الله عليه وسلم كان يغتسل يوم الفطر ويوم النحر)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Ораза айты мен Құрбан айты күндері ғұсыл құйынатын»⁴.

4 - Әтір себініп, киімнің ең жақсысын кию. Жәбир, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان يلبس بُرْدَه الأحرر في العيدين والجمعة)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) екі айтқа және жұмаға қызыл шапанын киіп шығатын»⁵.

5 - Мәсуәкті пайдалану.

6 - Қуанышты болу. Хабиб ибн Омардың айтуынша, әкесі оған былай деді:

(لقيت وائلة يوم عيد فقلت تقبل الله منا ومنك. فقال: تقبل الله منا ومنك)

«Айт күні мен Уасилаға жолығып: «Аллаһ бізден де, сенен де қабыл етсін!»-дегенімде, ол да маған: «Аллаһ бізден де, сенен де қабыл етсін!»-деді»⁶.

7 - Садақа беру. Ораза айындағы пітір садақасы уәжіп болған кісі оны айт намазына дейін беруі қажет.

8 - Намазға ертерек және жаяу бару. Әлиден, Аллаһ тағала оған разы болсын:

(من السنة أن تخرج إلى العيد ماشياً)

«Айт намазына жаяу бару - сүннет»⁷.

9 - Барған жолынан бөлек жолмен оралу. Жәбир, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان النبي صلى الله عليه وسلم، إذا كان يوم عيد، خالف الطريق)

¹ Ибн Мажа жеткізді. Хасан хадис.

² Әл-Бұхари жеткізді

³ Ат-Тирмизи жеткізді

⁴ Ибн Мажа жеткізді

⁵ Әл-Байһақи жеткізді

⁶ «Мажмаъ аз-Зауаид»: 2/206

⁷ Ат-Тирмизи жеткізді

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) айт күні барған жолынан басқа жолмен оралатын»¹.

10 - Айт намазының алдында және артында мешітте нәпіл намаз оқымау. Үйге оралғанда нәпіл оқуға болады. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(خرج يوم أضحى أو فطر فصلى ركعتين. لم يصل قبلها ولا بعدها)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Құрбан айтында (немесе Ораза айтында) екі рәкат айт намазын оқитын. Оның алдында және артында басқа намаз оқымайтын»². Әбу Саьид әл-Хұдри, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم إذا رجع من المصلى صلى ركعتين)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) айт намазынан үйіне оралғанда екі рәкәт нәпіл оқитын»³.

11 - Құрбан айт намазын уақытынан ертерек, ал Ораза айт намазын уақытынан кешірек оқу мустаһап. Әбу Әл-Хуайрис, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбарымыздың (саллаллаһу алайһи уа саллам) Ғамру ибн Хазмға:

(عَجِّلِ الْأَضْحَى وَأَخِّرِ الْفِطْرَ)

“Құрбан айт намазын ертерек, ал Ораза айт намазын кешірек оқы!”-деп хат жазғанын айтты⁴.

Айт намазы қалай оқылады?

1 - Имам айт намазына жүрегімен ниет етіп, тілімен: «Аллаһ үшін айт намазын оқимын»-дейді. Имамға ұюшы жамағат айт намазына және имамға еруге ниет етеді. Сосын екеуі де тахрим тәкбірін айтады.

2 - Имам да, жамағат та «намаз ашу» дұғасын оқиды.

3 - Имам да, жамағат та оған еріп, үш тәкбір айтады. Тәкбірлер арасында «Субханаллаһи уа әлхамдулиллаһи уа лә иләһә илләллаһу уаллаһу әкбар» сөзінің ұзақтығындай қысқа үзіліс жасалады. Бұл үш тәкбірдің кезінде екеуі де қолдарын көтереді. Букр ибн Сауада, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(عمر بن الخطاب رضي الله عنه كان يرفع يديه مع كل تكبير في الجنازة والعيدين)

“Омар ибн Әл-Хаттаб, Аллаһ тағала оған разы болсын, жаназа намазы мен айт намаздарында әр тәкбірде қолдарын көтеретін”⁵.

4 - Имам “ағузу” мен “бисмиллә”-ні ішінен айтып, “Фатиха” мен қосымша сүрені дауыстап оқиды. Қосымша сүре бірінші рәкатта “Аъла” сүресі болу сүннет. Нұъман ибн Башир, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم يقرأ في العيدين وفي الجمعة بـ {سبح اسم ربك الأعلى} و{هل أتاك حديث الغاشية})

“Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) айт намаздары мен жұма намазында “Саббихисма раббикал - әъла” мен “Һәл әтака хадисул-ғашия”-ні оқитын”⁶.

5 - Кейін имам рүкүғ жасап, жамағат оған ереді.

6 - Кейін жамағат имамға еріп, рүкүғтан көтеріледі.

7 - Кейін кәдімгі намаздарда секілді екі сәжде жасалады.

8 - Сосын жамағат имамға еріп, екінші рәкатқа тұрады. Имам “бисмиллә”-ні іштен айтып, “Фатиха” мен қосымша сүрені оқиды. Қосымша сүре екінші рәкатта “Ғашия” сүресі болуы сүннет.

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Ал-Хаким жеткізді

⁴ Әл-Байһақи жеткізді

⁵ Әл-Байһақи жеткізді

⁶ Мүслім жеткізді

9 - Имам да, жамағат та оған еріп, рүкүгтан бұрын үш тәкбір айтады. Егер имам тәкбір санын бұдан асырып жіберсе, жамағат оның тәкбіріне еруін тоқтатпайды. Өйткені бұл мәселеге қатысты жеткен хадистерде тәкбір саны он алтыға жетсе, оқасы жоқ.

10 - Кейін имам рүкүг жасап, жамағат оған ереді.

11 - Кейін жамағат имамға еріп, рүкүгтан көтеріледі.

12 - Кейін кәдімгі намаздарда секілді екі сәжде жасалады.

13 - Сосын имам да, жамағат та оған еріп, сәлем берулерімен айт намазын аяқтайды.

14 - Айт намазынан кейін имам екі құтпа айтады. Құтпа тоғыз тәкбірмен басталады. Бірінші құтпада имам пітір садақасын әлі бермеген мұсылмандардың естеріне салады, сондай-ақ жамағатты құрбан шалу мен ташриқ тәкбірлеріне қатысты үкімдермен таныстырады. Әбу Саъид әл-Хұдри, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان النبي صلى الله عليه وسلم يخرج يوم الفطر ويوم الأضحى إلى المصلى، فأول شيء يبدا به الصلاة، ثم ينصرف فيقوم مقابل الناس، والناس جلوس على صفوفهم فيعظهم ويوصيهم)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Ораза айты мен Құрбан айтында *мешииттен бөлек* үлкен намаз алаңына барып, мерекені әуелі айт намазымен бастайтын. Сосын орнынан тұрып, адамдарға қарап, оларды уағыздайтын және өсиет айтатын. Адамдар намаз оқыған орындарында отыратын»¹.

14 - Имам екі құтпаның арасында жеңіл отырыс жасайды. Сосын екінші құтпаны айтуға тұрады. Оны жеті тәкбірмен бастайды. Убайдуллаһ ибн Абдулла ибн Ытба, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(السنة في تكبير يوم الأضحى والفطر على المنبر قبل الخطبة أن يتدئ الإمام قبل الخطبة وهو قائم على المنبر بتسع تكبيرات تترى لا يفصل بينها بكلام. ثم يخطب ثم يجلس جلسة ثم يقوم في الخطبة الثانية فيفتتحها بسبع تكبيرات تترى لا يفصل بينها بكلام ثم يخطب)

«Құрбан айт пен Ораза айтындағы сүннет - имам мінбеге көтеріліп, бірінші құтпаның алдында тоғыз тәкбір айтуы. Тәкбірлерді араларын басқа сөзбен үзбей бірінен соң бірін айтады. Сосын құтпа айтады. Сосын отырыс жасайды. Сосын екінші құтпаға тұрып, жеті тәкбірді араларын сөзбен үзбей бірінен соң бірін айтады. Сосын екінші құтпаны айтады»².

15 - Имам бірінші құтпаның алдында тоғыз, екінші құтпаның алдында жеті тәкбір айтқанда жамағат та ішінен тәкбір айтады.

Айт намазының қазасы өтеле ме?

Айт намазын өткізіп алған кісі оның қазасын өтемейді. Алайда төрт рәкат дұха намазын оқиды. Ибн Масъуд, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(من فاتته العيد فليصل أربعاً)

«Кім айт намазын өткізіп алса, төрт рәкат (дұха) намазын оқысын»³.

Айт намазын үзірсіз өз уақытынан кешіктіруге болмайды. Екінші күнге кешіктіруге болады. Әбу Ымайр ибн Анас сахабалардан болған өзінің немере ағасынан жеткізді:

(أن ركباً جاؤوا إلى النبي صلى الله عليه وسلم يشهدون أنهم رأوا الهلال بالأمس. فأمرهم أن يفتروا وإذا أصبحوا أن يغدوا إلى مصلاهم)

«Пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) бір жолаушылар келіп, кеше шәууал айы туғанын көргендерін айтты. Сонда *пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам)* адамдарға бүгін ауыз ашып, ертеңгі таңда намаз алаңына жиналуларын бұйырды»⁴.

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Әл-Байһақи жеткізді

³ «Мажмаъ аз- Зауaid»: 2/205. Сондай-ақ Ат-Табари “Ал-Кабир” кітабында келтіреді

⁴ Әбу Дәуд жеткізді

Ташрик¹ тәкбірлері

Ташрик үкімі

Аллаһ тағаланың:

﴿وَأذْكُرُوا اللَّهَ فِي أَيَّامٍ مَّعْدُودَاتٍ﴾

«Санаулы (ташрик) күндері Аллаһты еске алындар!»² бұйрығына байланысты ташрик тәкбірін айту балиғатқа толған әр мұсылманға уәжіп.

Уақыты

Ташрик тәкбірлерінің уақыты имам Әбу Ханифаның көзқарасында Арафа күнінің таңында басталып, құрбан айт күнінің екінді намазымен шығады. Әбу Юсуф пен Мұхаммедтің көзқарасында Арафа күнінің таңында басталып, он екінші зұл-хижжаның екінді намазымен шығады. Ханафи мәзһабінің ташрик тәкбірлерінің уақытына қатысты ұстанатын пәтуәсі - Әбу Юсуф пен Мұхаммедтің көзқарасына негізделеді. Жәбір, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

كان رسول الله صلى الله عليه وسلم إذا صلى الصبح من غداة عرفة يقبل على أصحابه فيقول: على مكانكم ويقول: الله أكبر،

الله أكبر، الله أكبر، لا إله إلا الله والله أكبر الله أكبر. والله الحمد. فيكبر من غداة عرفة إلى صلاة العصر من آخر أيام التشريق

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Арафа күні таң намазын оқыған соң, сахабаларына бұрылып: «**Орындарында қалындар!**»-деді және: «**Аллаһу әкбар. Аллаһу әкбар. Аллаһу әкбар. Лә иләһа иллаллаһу уаллаһу әкбар. Аллаһу әкбару уа лиллаһил-хамд**» сөздерін айтты. Осылайша, Арафа күнінің таңынан соңғы ташрик күнінің екінді намазына дейін тәкбір айтатын³.

Түйін: Ташрик тәкбірлері тоғызыншы зұлхижжаның таңғы намазынан он екінші зұлхижжаның екінді намазына дейін айтылады. Яғни жиырма үш намаздың соңында айтылады. Ораза айтында айт намазына үйден шыққанда ташрик тәкбірі іштен айтылады.

Ташрик тәкбірі қанша мәрте айтылады?

Парыз намаздарынан кейін бір мәрте айтылады. Нәпіл, үтір және жаназа намаздарынан кейін айтылуы уәжіп емес.

Кімге уәжіп?

Ташрик тәкбірін мейлі жамағатпен, мейлі жалғыз атқарылған әр парыз намазының артында ер адамдарға да, әйел кісілерге де бір мәрте айту уәжіп. Бұдан көбірек айту мустаһап. Ер адамдар тәкбірді көтеріңкі дауыспен, ал әйел кісілер іштерінен айтады. Айт намазы мен үтір намазынан кейін айтылмайды. Сол секілді тұрғылықты кісіге де, жолаушы кісіге де парыз намазынан кейін ташрик тәкбірін бір мәрте айту уәжіп. Намазға кешігіп қосылған кісі де өткізіп алған рәкәттәрін толықтырған соң тәкбір айтады. Ибн Омар мен Анас ибн Мәлик, Аллаһ тағала оларға разы болсын, Арафа күні таңертең Минадан Арафаға барғанда жолаушы бола тұра ташрик тәкбірлерін айтатын⁴.

Үмму Ыатия, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: «Тіпті етеккір күйдегі әйел кісілер айт күні үйлерінен шығып, намаз оқымаса да, ер адамдардың арт жағында тұрып, адамдармен бірге тәкбір айтатын»⁵.

Намаз аяқталғанда кімнің дәреті бұзылса, ташрик тәкбірлерін дәретсіз айтуына болады.

Ташрик тәкбірінің бейнесі:

¹ «Ташрик» деп, етті күннің көзіне жайып кептіруді айтады. Айттан кейінгі үш күнде құрбандыққа шалынған малдардың еттерін күнге кептіру әдетке айналғандықтан, бұл күндер ташрик күндері деп аталып кеткен.

² «Бақара» сүресі: 203

³ Ад-Дарақутни жеткізді

⁴ Әл-Байһақи жеткізді

⁵ Әл-Байһақи жеткізді

" الله أكبر الله أكبر لا إله إلا الله الله أكبر الله أكبر والله الحمد "

«Аллаһу әкбар. Аллаһу әкбар. Лә иләһа илләллаһу Аллаһу әкбар. Аллаһу әкбар уа лилләһил-хамд»

Бұған қосымша мына сөздерді де айтса болады:

" الله أكبر كبيرا والحمد لله كثيرا وسبحان الله وبحمده بكرة وأصيلا لا إله إلا الله وحده صدق وعده ونصر عبده وهزم الأحزاب وحده لا إله إلا الله ولا نعبد إلا إياه مخلصين له الدين ولو كره الكافرون . اللهم صل على سيدنا محمد "

«Аллаһу әкбару кабира(у) уалхамду лилләһи касира(у) уа субханаллаһи букратау-уа асила. Лә иләһа илләллаһу уахдаһу садақа уаьдаһу уа насара ьабдаһу уа һазамал-ахзаба уахдаһу. Лә иләһа илләллаһу уа лә наьбуду иллә иййаһу мухлисина ләһуддина уа ләу кариһал-кафирун. Аллаһумма салли ьала саййидина Мухаммад»

Сол секілді зүлхижжа айының алғашқы он күнінде тәкбір сөздерін айту ұнамды. Әбу Һурайра мен Ибн Омар, Аллаһ тағала оларға разы болсын, зүлхижжаның алғашқы он күнінде базарға қарай шығып, тәкбір сөздерін айтатын. Оларға еріп, адамдар да тәкбір айтатын¹.

Он үшінші бөлім: Жолаушы намазы Науқас кісінің намазы Қауіп намазы

Бірінші: Жолаушы намазы

Жолаушы намазының үкімдерімен танысар алдын, алдымен, сапар түрлерін баяндайық. Сапар түрлері:

- 1 - Құлшылық сапары. Бұған қажылық сапары мен Аллаһ жолындағы күреске аттану сапары жатады.
- 2 - Мұбах сапар. Бұған саудалық немесе демалыс сапары жатады.
- 3 - Күнәлі сапар.

Жолаушыға тән үкімдер

- 1 - Рамазан айында ауыз ашуына рұқсат.
- 2 - Мәсіге жасаған мәсх мерзімі үш тәулікке созылуы рұқсат.
- 3 - Жұма намазының, айт намаздарының және құрбан шалу уәжіптері мойнынан түседі.
- 4 - Төрт рәкат намазды екі рәкат етіп қысқартып оқуы ләзім.
- 5 - Қауіптенген жағдайда намазды соңғы уақытына кешіктіріп оқуына болады.

Намазды қысқартып оқу

Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай деді:

﴿وَإِذَا ضَرَبْتُمْ فِي الْأَرْضِ فَلَيْسَ عَلَيْكُمْ جُنَاحٌ أَنْ تَقْصُرُوا مِنَ الصَّلَاةِ إِنْ خِفْتُمْ أَنْ يَفْتِنَكُمُ الَّذِينَ كَفَرُوا إِنَّ الْكَافِرِينَ كَانُوا لَكُمْ عَدُوًّا مُّبِينًا﴾

«Және жер кезіп, сапар шеккен кездерінде кәпірлердің сендерге зиян тигізуінен қауіптенендер, намазды қысқартып оқуларыңда сендерге күнә жоқ. Әрине, кәпірлер сендерге ашық дұшпан»². Бұл аятта намазды қысқартып оқуға рұқсат ететін шарт - дұшпаннан болсын, қарақшылардан болсын қауіп сезу. Жалпы, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) бүкіл сапары қауіпті болатын. Яъла ибн Умайя Омардан: «Қазіргі жағдайымыз қауіпсіз емес пе? Намазды неге қысқартып оқимыз?»-деп сұрағанда Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, оған былай дейді: Мен бұл туралы пайғамбардан (саллаллаһу алайһи

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² «Ниса» сүресі: 101

уа саллам) сұраған едім. Сонда ол былай деді: «Бұл - Аллаһ тағаланың сендерге берген садақасы. Садақасын қабыл алындар!»¹.

Намазды қысқартып оқу дегеніміз – төрт рәкат парыз намаздарын екі рәкат етіп оқу. Айша анамыздан, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(فرضت الصلاة ركعتين ركعتين، في الحضر والسفر، فأقرت صلاة السفر، وزيد في صلاة الحضر)

«Негізінде, намаздар тұрғылықты кісіге де, жолаушы кісіге де екі рәкәттік бейнеде парыз етілді. Кейін жолаушы намазы сол бейнеде қалып, тұрғылық намазына тағы екеуі қосылды»². Сүннет намаздарын жолаушы кісі жағдайына қарай өз қалауынша оқиды. Егер сапар түрі демалыс болса, оқығаны абзал. Сапар түрі шұғыл болса, оқымауына болады. Пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) ешбір сапары демалыс үшін болмаған, керісінше бейнетке толы болатын. Сол себептен Ибн Омардың, Аллаһ тағала оған разы болсын, айтуынша: «Пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) серік болғанымда, сапарда нәпіл оқымайтын»³.

Үкімі

Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, оған былай дейді:

(فرض الله لصلاة على لسان نبيكم في الحضر أربع ركعات و في السفر ركعتين وفي الخوف ركعة)

«Аллаһ тағала пайғамбарларыңның тілімен намазды тұрғылықты жағдайда төрт рәкәт, сапарда екі рәкәт және қауіпті жағдайда бір рәкәт етіп⁴ парыз етті»⁵.

Жоғарыда айтылған хадистердің негізінде жолаушы кісіге төрт рәкат парыз намаздарын екі рәкат етіп қысқартып оқу - ханафи мәзһабінде, - уәжіп. Ал қысқартпай толық оқу - мәкрүһ тахриман.

Қысқартуды рұқсат ететін шарттар

1 - Сапар қашықтығы кәдімгі жаяу жүріспен үш тәулік болуы қажет. Бұл дегеніміз шамамен 83км. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لا تسافر المرأة ثلاثة أيام إلا مع ذي محرم)

«Әйел кісіге махрамсыз⁶ үш күндік жерге жолға шығуына болмайды»⁷. Бұл хадисте сапар ұзақтығы үш күнмен шектелуде.

2 - Сапардың нақты басталуы. Мұнысы тұрғылықты жердің шеңберінен асып кетумен жүзеге асады. Шыққан қаласының немесе ауылының көзден ғайып болуы шарт емес.

3 - Сапарға ниеттену. Ниетті дұрыс қылатын шарттар:

- Сапарға арнайы шығу. Біреуді 83км жерге шығарып салу ниетімен шыққан кісі жолаушы саналмайды.

- Балиғатқа толуы.

- Тұрғылықты жерден асу ұзақтығы 83км-ден кем болмауы.

4 - Жамағатпен атқарылатын намазда жолаушының жолаушыға немесе тұрғылықтының жолаушыға ұюы. Абдулла, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Омар ибн әл-Хаттаб, Аллаһ тағала оған разы болсын, Меккеге келгенде оларға имам болып, екі рәкат оқитын. Сосын жамағатқа: «Әй, меккеліктер, намаздарыңды толықтырындар! Өйткені біз - жолаушымыз»-дейтін⁸. Жолаушы кісі төрт рәкат намазға имам болса, оның сәлемінен кейін тұрғылықты жамағат намаздарын толықтырады.

¹ Мүслім жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

⁴ Қауіп намазына кейінірек тоқталамыз

⁵ Мүслім жеткізді

⁶ Махрам дегеніміз - әйелді көруіне және қасында жүруіне рұқсаты бар туысы.

⁷ Әл-Бұхари жеткізді

⁸ Мәлик ибн Анас жеткізді

Жолаушыға тұрғылықты кісіге ұюына, ханафи мәзһабінде, тек уақытында оқылатын намазда ғана рұқсат. Мұндай жағдайда тұрғылықты кісіге ұйыған жолаушы намазды төрт рәкәт етіп оқуы уәжіп. Ибн Омардан, Аллаһ тағала оған разы болсын:

(المسافر يدرك ركعتين من صلاة القوم يعني المقيمين. أتجزيه الركعتان؟ أو يصلي بصلاتهم؟ قال: فضحك وقال: يصلي بصلاتهم)

«Тұрғылықты жамағаттың екі рәкәтіне үлгерген жолаушының намазы жеткілікті бола ма, әлде намазын солар секілді толықтырып оқи ма?»-деп сұралғанда, ол күлімсіреп: «Солар секілді оқиды»-дейді¹.

Нафиъ былай деді:

(كان ابن عمر إذا صلى مع الإمام صلاها أربعاً وإذا صلى وحده صلاها ركعتين)

«Ибн Омар намазды имаммен бірге оқыса, оны төрт рәкәт етіп оқитын. Ал жалғыз оқыса, оны екі рәкәт етіп оқитын»².

Қаза болған намазда жолаушыға тұрғылықты кісіге ұюына болмайды. Егер ұйып қойса, намазы дұрыстығын жоғалтады. Сондықтан жолаушы өткізіп алған намазының қазасын екі рәкәт етіп өтеуі шарт.

Жолаушыға қанша уақыт намазын қысқартып оқу рұқсат етіледі?

1 - Отанына оралғанша.

2 - Барған жерінде он бес күннен кем уақыт тұрса. Егер он бес күн, не одан да көп уақыт тұруға ниет етсе, тұрғылықты үкіміне еніп, намазын толық оқиды. Ибн Аббас пен Ибн Омар, Аллаһ тағала оларға разы болсын, былай деді:

(إذا دخلت بلدة وأنت مسافر وفي عزمك أن تقيم بها خمسة عشر يوماً فأكمل الصلاة وإن كنت لا تدري متى تظعن فاقصر)

«Егер бір елге жолаушы болып кірсең және онда он бес күн тұруға бел байласаң, намазды толық оқы. Ол жерден қашан аттанарыңды білмесең, қысқартып оқы»³.

Егер барған жерінде жолаушының тұру ниеті болмаса, шаруасы әне бітер, міне бетер деген күймен сапары қанша созылса да, намазын қысқартып оқуы уәжіп. Өйткені Балқамма ибн Қайс, Аллаһ тағала оған разы болсын, Хорезмде екі жыл бойы намазын қысқартып оқыған. Анас ибн Мәлик, Аллаһ тағала оған разы болсын, Нисабурда бір не екі жыл намазын қысқартып оқыған. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Әзербайжанда алты ай бойы намазды қысқартып оқиды.

3 - Тұрғылықты жерден 83км аспай, отанына оралушы кісі отанына жетпесе де, сапарды үзгені үшін намазын толық оқиды.

4 - Кім бір елге қызмет бабымен аттанып, сонда он бес күн не одан артық уақыт тұрақтса, ондағы намазын толық оқуы уәжіп. Туған жеріне отбасын көруге келген сапарында намазын толық оқиды. Сол секілді екінші әйелі тұрып жатқан жерге соқса да, намазды толық оқиды. Осман, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін естідім:

(من تأهل في بلد فليصل صلاة المقيم)

«Кім бір елден әйел алса, ондағы намазын тұрғылықты үкімімен оқысын»⁴.

Егер туған жерінен отбасымен бірге қоныс аударса, қоныс аударған жері тұрғылықты отанына айналып, туған жері тұрғылықты үкімін жоғалтады. Сосын туған жеріне сапар қылса, тіпті онда жылжымайтын мүлкі қалса да, намазын қысқартып оқиды, егер он бес күннен аз уақыт кідірсе. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Мәдинаға отбасымен бірге көшкендіктен, Меккеге келген сапарларында намазды жолаушы үкімімен қысқартып оқитын.

Тұрғылықты жерінен бөлек бір қаладан бір қалаға қайта-қайта сапар шегуші кісінің намазының қысқаруы, қысқармауы - әр қалада қанша күн кідіретіндігіне байланысты. Егер біреуінде он бес күн не одан артық уақыт тұрақтайтыны белгілі болса, намазды толық оқиды. Егер екеуінде де он бес күннен кем уақыт кідірсе, екеуінде де намазын қысқартып оқиды.

Екі намазды қосып оқу

¹ Әл-Байһақи жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ «Ал-Фикһ ал-Ислами уа Адиллатуһу»: 2/1347

⁴ Ахмад жеткізді

Екі намазды қосып оқу «жамъ ат-тақдим» және «жамъ ат-та'хир» болып екіге бөлінеді. «**Жамғ ат-тақдим**» дегеніміз - екі намазды бірінші намаздың уақытында қосып оқу. «**Жамғ ат-та'хир**» дегеніміз - екі намазды екінші намаздың уақытында қосып оқу. Қосып оқылатын намаздар: бесін мен екінді, ақшам мен құптан.

Ханафи мәзһабінде екі намазды қосып оқу екі жағдайда ғана болады:

1 - Арафа күні Намира мешітінде қажы кісі үшін бесін мен екіндіні бесін уақытында бір азанмен және екі қаматпен қосып оқығаны дұрыс. Екеуінің арасында нәпіл намазы оқылмайды. Намазды имам немесе имамның орынбасыры жүргізгені шарт. Сондай-ақ бесін намазы дұрыс оқылуы қажет. Егер бесін намазы дұрыс болмаса, қосып оқылған екі намаз дұрыстығын жоғалтады. Жабир ибн Абдулладан, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Арафаға дейін жүріп келіп, Намира деген жерде тұрғызылған күмбездің астында тынығады. Ол жерде күн аспан биігінен еңкейгенше болады. Кейін түйесіне отырып, сайдың ортасына жеткенде адамдарға құтба айтады. Кейін Биләл азан шақырады. Қамат айтылып, бесін намазы оқылады. Кейін қамат айтылып, екінді намазы оқылады. Екі намаздың арасында басқа намаз оқымайды»¹.

2 - Қажылықтағы кісіге ақшам мен құптан намаздарын құптан уақытында Мүздәлифада бір азанмен және бір қаматпен қосып оқығаны дұрыс.

Қажылықтан басқа уақытта екі намазды қосып оқу жолаушыға да, науқасқа да болмайды. Негізінде, намаз уақыттары кесімді дәлелдермен бекіген. Және жоғарыдағы екі жағдайдан басқа уақыттарда намазды өз уақытынан еретерек немесе кешіктіріп оқуға болмайды. Ибн Масъуд, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(والذي لا إله غيره ما صلى رسول الله صلى الله عليه وسلم صلاة قط إلا لوقتها إلا صلاتين جمع بين الظهر والعصر بعرفة وبين المغرب والعشاء بجمع)

«Өзінен басқа тәңір жоқ Аллаһпен ант етемін! Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) әр намазды уақыты кіргенде ғана оқыған. Тек екі намазды қоспағанда: Арафада бесін мен екіндіні, ал Мүздәлифада ақшам мен құптанды қосып оқитын»².

Ал енді басқа мәзһаптарда екі намазды қосып оқуға рұқсат ететін хадистерге назар салайық: Нафиъ, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(خرجت مع ابن عمر رضي الله عنهما في سفر، وغابت الشمس فلما أبطأ قلت: الصلاة يرحمك الله. فالتفت إلي ومضى حتى إذا كان في آخر الشفق نزل فصلى المغرب، ثم أقام العشاء وقد توارى الشفق فصلى بنا، ثم أقبل علينا فقال: "إن رسول الله صلى الله عليه وسلم كان إذا عجل به السير صنع هكذا)

«Ибн Омармен бірге жолға шыққан едім. *Ибн Омар күн гайып болғанша намазды кешіктірді.* Мен оған: «Аллаһ тағала сені рахымына бөлесін, намаздың уақыты кірді ғой»-дедім. Ол маған бұрылып, намазды кешіктіруін жалғастырды. Шапақтың соңы тарағанда ақшамды оқыды. Шапақ мүлдем жоғалғанда қамат айтты. Бірігіп құптан оқыған соң, бізге жақындап: «Расында, Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) жол бойында асыққанда осылай істейтін»-деді³.

Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم إذا رحل قبل أن تزيغ - تميل الظهر - الشمس، آخر الظهر إلى وقت العصر ثم نزل يجمع بينهما فإن زاغت قبل أن يرتحل صلى الظهر ثم ركب)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) күн еңкеймей, яғни бесін кірмей жолға шықса, бесінді екіндінің уақытына дейін кешіктіретін. Сосын *түйесінен* түсіп, екеуін қосып

¹ Ан-Насаи жеткізді

² Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

³ Ан-Насаи жеткізді

оқитын. Ал егер жолға бесін уақыты кірген соң шықса, бесінді оқып, сосын *түйесіне* мінетін»¹.

Түйін: Бұл хадистерден түсінетініміз, көпшілік жағдайда жолаушы мазасыз, дамылсыз күйде болады. Мұндай жағдайда жолаушыға бесін намазын соңғы уақытына кешіктіруіне болады. Кейін екінді намазын уақыты кіре сала оқиды. Сондай-ақ ақшам намазын соңғы уақытына кешіктіруіне болады. Кейін шапақтың жоғалуымен қамат айтып, құптанды уақыты кірген бетте оқиды. Бұлай оқылудың сыры: намаздың уақыттарын сақтау. Өйткені намаз уақыттары мутауатир жолмен жеткен кесімді дәлелдермен бекіген. Ал екі намазды қосуға рұқсат ететін хадистер ахад жолмен жеткен. Ханафи мәзһабінан басқа үш мәзһапта сүннетте келген сахих дәлелдің негізінде жолаушы кісіге екі намазды қосып оқуға рұқсат. Екі намазды қосып оқуға мутауатир емес хадисте рұқсат етілгендіктен, мұндай дәлел ханафи мәзһабінде кесімді емес, болжамды саналады. Сондықтан ханафи мәзһабінде қажылықтан басқа кезде екі намазды қосып оқу дұрыс емес.

Екінші: Науқас кісінің намазы

Бірінші: Намаздың қиямына шамасы келмейтін науқастың намазы

1 - Қиямға мүлде тұра алмаса, немесе тұруы қиын болса, немесе білікті дәрігердің нұсқауымен түрегеп тұруы зиян болса, намазды отырып оқиды. Рүкүф пен сәждені отырып жасайды. Имран ибн ал-Хасин, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كانت بي بواسير فسألت النبي صلى الله عليه وسلم عن الصلاة فقال: (صل قائماً، فإن لم تستطع فقاعداً، فإن لم تستطع فعلى جنب)

Менің ісіктер (немесе геморрой) болатын. Пайғамбардан (саллаллаһу алайһи уа саллам) намазым жайлы сұрадым. Ол: «**Намазды түрегеп оқы. Егер шамаң келмесе, отырып оқы. Оған да шамаң келмесе, жамбасыңа жатып оқы**»-деді².

2 - Қиямға тұра алса, шамасы келгенше тұрып оқиды.

3 - Намазды жамағатпен атқару үшін шығуға шамасы келмегенмен үйінде түрегеп оқуға шамасы келсе, үйінде жалғыз оқиды.

4 - Отырып оқуы үзірінің шықпауына пайдалы болса, ал түрегеп оқуы үзіріне зиян тигізсе, отырып оқиды.

5 - Намазға тұрғанда денесі сау болып, кейін түрегеп тұруға шамасы келмей бір жері ауырса, отырып оқиды.

Екінші: Рүкүф пен сәжде жасауға шамасы келмейтін науқастың намазы

Рүкүф пен сәжде жасауға шамасы келмегенімен отыруға шамасы келген кісі намазын отырып оқиды, тіпті бір нәрсеге сүйеніп отырса да. Рүкүф пен сәжденің орнына басымен ишара жасайды. Сәжде ишарасы рүкүф ишарасынан төмендеу жасалады. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) сахабаларының бірінің көңілін сұрауға барғанда оған былай деді:

(إن استطعت أن تسجد على الأرض وإلا فأوم إيماء، واجعل سجودك أخفض من ركوعك)

«**Шамаң келсе, сәждені жерге тигізіп жаса. Ал шамаң келмесе, ишарамен жаса және сәжде ишарасын рүкүф ишарасынан төменірек жасайтын бол**»³.

Рүкүф пен сәждені ишарамен жасап жүрген кісі уақыт өте толық жасай алатынын намаз үстінде байқаса, намазын қайта бастап оқиды.

Үшінші: Сәжде жасауға шамасы келмейтін науқастың намазы

Сәжде жасай алмағанымен қиям мен рүкүф жасауға шамасы келетін кісі рүкүф пен сәждені ишарамен жасайды. Рүкүф пен сәжде ишаралары бір деңгейде жасалса, сәжденің мәні

¹ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

² Әл-Бұхари жеткізді

³ «Мажмағ аз-Зауаид»: 2/148

болмағандықтан намазы дұрыс болмайды. Сонымен қатар сәжде орнына бір нәрсені маңдайына көтеріп тигізуге болмайды. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من استطاع منكم أن يسجد فليسجد، ومن لم يستطع فلا يرفع إلى جبهته شيئاً يسجد عليه ولكن ركوعه وسجوده يومئذ إيماءً)

«Кім сәжде жасауға шамасы келсе, сәждені толық жасасын. Ал шамасы келмеген кісі сәжде орнына бір нәрсені маңдайына тигізуге көтермесін, алайда рүкүгі мен сәждесін ишарамен жасасын»¹.

Сәжде жасай алғанымен маңдайында немесе мұрнында жара болса, оны жерге тигізу шарт емес. Бұл жағдайда да ишарамен жасайды.

Төртінші: Отыруға шамасы келмейтін науқастың намазы

Отыруға шамасы келмейтін кісі намазды бір нәрсеге сүйеніп отырып оқиды. Бұған да шамасы келмесе, арқасына жатып, немесе оң жамбасына жатып, ол ауыр болса, сол жамбасына жатып намазды ишарамен оқиды. Ең абзалы - арқаға жатып оқу. Өйткені бұл қалып - намазды құбылаға бағытталып оқуға әбден қолайлы. Басының астына жастық қоюы ишара жасауға ыңғайлы болады. Әли ибн Әбу Талип, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(يُصلي المريض قائماً إن استطاع، فإن لم يستطع أن يصلي قاعداً صلى على جنبه الأيمن مستقبل القبلة، فإن لم يستطع أن يصلي على جنبه الأيمن صلى مستلقياً ورجلاه مما يلي القبلة)

«Науқас адам шамасы келсе, намазды тұрып оқиды. Егер оған шамасы келмесе, отырып оқиды. Отырып оқуға шамасы келмесе, құбылаға бағытталған күйде оң жамбасына жатып оқиды. Оң жамбасына жатып оқуға шамасы келмесе, екі аяғы құбылаға бағытталған қалыпта арқасына жатып оқиды»². Негізінде, екі аяғын құбылаға созбау үшін, намазды арқасына жатып оқитын кісі тізелерін көтеріп ұстағаны абзал.

Бесінші: Арқаға жатқанда ишара жасауға шамасы келмейтін науқастың намазы

Басымен ишара жасауға шамасы келмейтін кісі намазын біраз уақытқа күші оралғанша кешіктіреді. Бұл - бес намаздың уақыты. Егер бес намаздың уақыты шығуға айналса, амал екі пәтуәнің біріне негізделеді. Бірінші пәтуә: Есі жоғалмаса, кейін қазасын өтейді. Есі жоғалса, мойнынан түседі. Екінші пәтуә: Есі жоғалмаса да, мойнынан түседі. Екінші пәтуә «Һидая» кітабінің иесі Әл-Марғилани ғалымның сөзі. Көпшіліктің ойы да осы пәтуәге негізделеді. Басымен ишара жасауға шамасы келмейтін кісі оны көзімен де, қастарымен де, жүрегімен де жасауға шамасын жоғалтады. Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(يُصلي المريض قائماً، فإن لم يستطع فقاعداً فإن لم يستطع فعلى قفاه يومئذ إيماءً، فإن لم يستطع فالله أحق بقبول العذر منه)

«Науқас адам намазды тұрып оқиды. Оған шамасы келмесе, отырып оқиды. Оған шамасы келмесе, екі жамбасына жатып ишарамен оқиды. Оған да шамасы келмесе, оның үзiрiн қабыл ету - Аллаһтың күзiретiнде».

Егер алты намаз бойы есі кірмесе, жындылықпен ауыратын кісі мен талып қалған кісінің жағдайы да осы пәтуәге негізделеді.

Намаз бен ораза мойыннан түсетін жағдайлар

1 - Ишара жасауға шамасы келмеген кісі сол күйі өліп кетсе, мойнында қарыз болмайды. Ауру немесе сапар үшін ауыз ашып, жазылмаған күйі немесе сапардан оралмаған күйі өмірден озған кісінің жағдайы да осылай.

2 - Намаздарын үзірсіз және үзірмен өткізген кісі оның қазасын өтеуіне мүмкіндік беретін бір тәуліктен аз уақыт өтпей өмірден озса. Ауру немесе сапар үшін ауыз ашып, жазылғанына немесе сапардан оралғанына біраз уақыт өтіп, сол уақыт ішінде қазасын өтеуі мүмкін бола тұра дүниеден озған кісінің артында қалған адамдарға парыздың есесін төлеулері өсиет

¹ «Мажмағ аз-Зауаид»: 2/149

² Ад-Дарақұтни жеткізді

етіледі. Тіпті үтір намазы үшін, өйткені ол - уәжіп. Сол секілді оразаның ұсталмаған әр күні үшін.

Парыздың есесін төлеу дегеніміз - жарты сағ¹ ұнмен немесе бір сағ құрма, мейіз, арпа немесе оларды ақшалай беру жолымен мискінді тамақтандыру. Ақшалай берген абзал. Барлық қазаларының есесін бір ғана пақырға беруге де болады. Мұрагер кісі өзіне марқұм өсиет еткен мұраның үштен бірінен парыздың есесін төлейді. Төленетін ақшаның көлемі бұдан асса, асқан құнды төлеу міндет емес. Өсиет тастауға үлгермеген марқұм үшін мұрагердің өз малынан төлеген ақшасымен марқұмның мойнынан парыз түседі. Марқұм үшін оразасын немесе намазын қайтару дұрыс емес. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(لا يصلي أحد عن أحد ولا يصوم أحد عن أحد ولكن يطعم عنه مكان كل يوم مد من الحنطة)

«Ешкім біреу үшін ораза ұстамайды және ешкім біреу үшін намаз оқымайды. Алайда, оған біреудің әр күні үшін бір муд² бидаймен (пақырды) тамақтандыруы қажет»³.

Үшінші: Қауіп намазы

Қауіп намазы Құранның мәтінімен және пайғамбарымыздың (саллаллаһу алайһи уа саллам) сүннетімен бекіген. Мұндағы «қауіп» дегеніміз - қорқу емес, алайда жаудың көрінуі немесе қауіп төну.

Үкімі

Жау көрінгенде, кемені бату апатынан құтқару барысында, өрт сөндіру барысында парыз намаздарын қауіп намазы бейнесімен оқуға болады.

Аллаһ тағала Құран Кірімде айтады:

﴿وَإِذَا كُنْتَ فِيهِمْ فَأَقَمْتَ لَهُمُ الصَّلَاةَ فَلْتَقُمْ طَائِفَةٌ مِّنْهُمْ مَعَكَ وَلْيَأْخُذُوا أَسْلِحَتَهُمْ فَإِذَا سَجَدُوا فَلْيَكُونُوا مِن وَرَائِكُمْ وَلْتَأْتِ طَائِفَةٌ أُخْرَى لَمْ يُصَلُّوا فَلْيُصَلُّوا مَعَكَ وَلْيَأْخُذُوا حِذْرَهُمْ وَأَسْلِحَتَهُمْ وَذَ الَّذِينَ كَفَرُوا لَوْ تَغْفُلُونَ عَنْ أَسْلِحَتِكُمْ وَأَمْتِعَتِكُمْ فَيَمِيلُونَ عَلَيْكُمْ مَّيْلَةً وَاحِدَةً﴾

«(Әй, пайғамбар!) Олардың арасында болып, намаздарына имамдық еткенінде (екіге бөлген) топтың біреуі сенімен (қауіп намазын) оқысын. Және олар қаруларын қастарына алсын. Сәжде жасаған (намаз оқыған) соң артқа барып тұрсын. *Сосын* намаз оқымаған екінші топ келіп, сенімен намаз оқысын. Олар да сақтық жасап, қаруларын қастарына алсын. Бар күшімен сендерге тап берулері үшін, кәпірлер қаруларын мен жарақтарынды ұмытуларынды қалауда...»⁴.

Оқылу бейнесі

Мұсылмандарды жау аңдып тұрған уақыттарда пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) оқыған қауіп намазы жағдайлардың өзгешелігіне байланысты әртүрлі бейнелерде атқарылған болатын. Құранда келген бейнеге ең жақыны - келесі бейне: Жау көрінген жағдайда имам жауынгерлерді екі топқа бөледі. Бір топ қаруын қолына алып, жауды күзетеді. Олардың арттарына тұрған имам екінші топпен парыз намазын оқиды. Намаз төрт рәкат немесе ақшам болса, екі рәкәтін оқиды. Ал екі рәкат немесе жолаушы намазы болса, бір рәкат оқиды. Екі рәкат намазда имам екінші сәждеден басын көтергенде бұлар орындарынан тұрып, жауды күзету орнына барады. Ал төрт рәкат намазда бірінші ташаһһудтан кейін күзет орнына барады. Алайда, намаздары әлі аяқталмағандықтан, егер олар осы кезде көлікке мінсе немесе басқа тарапқа жүрсе, намаздары бұзылады. Бұлардың орнына, енді, бірінші топ келеді. Олар тахрим тәкбірін айтуларымен имамға қосылады. Имам бұл топпен намаздың қалған бөлігін аяқтайды.

¹ 1 сағ шамамен 3 кг 800г. Жарты сағ = 1кг 900г

² 1муд = 675г

³ Әл-Байһақи жеткізді

⁴ «Ниса» сүресі: 102

Намаз аяқталғанда имам ғана сәлем береді. Имамның сәлемінен кейін бұл топқа намаздың қалған бөлігін осы орындарында немесе күзет орнына барып толықтыруға болады. Бұлар намазға кейін қосылғандықтан, толықтыратын рәкәттәрінде Құран оқулары қажет. Екінші топқа да намаздарының қалған бөлігін не күзет орындарында, не намаз бастаған орындарына келіп толықтыруына болады. Олар намазды имаммен бірге бастағандықтан, толықтыратын рәкәттәрінде Құран оқымаса да болады. Кейін сәлемдерін беріп, бәрі майдан ісіне кіріседі. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(صلى رسول الله صلى الله عليه وسلم صلاة الخوف في بعض أيامه، فقامت طائفة معه وطائفة بإزاء العدو، فصلى بالذين معه ركعة ثم ذهبوا، وجاء الآخرون فصلى بهم ركعة، ثم قضت الطائفتان ركعة ركعة. قال: وقال ابن عمر: فإذا كان خوف أكثر من ذلك فصلّ ركباً، أو قائماً تومئ إيماءً)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) кейбір күндері қауіп намазын оқыған еді. Бір топ оған ұйып, бір топ жау тарапын күзететін. Өзімен қалған топпен бір рәкәт оқып, олар күзет орнына баратын. Сосын оған екінші топ келіп, олармен бір рәкәт оқитын. Сосын әр топ қалған рәкәттәрін өтейтін»¹.

Жау шабуылының күштілігінен намазды бұл бейнеде оқу мүмкін болмаған жағдайда мұсылмандар намазды не тұрған жерлерінде, не көліктерінің үстінде кез келген бағытқа қарап оқуларына болады.

Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿فَإِنْ خِفْتُمْ فَرِجَالًا أَوْ رُكْبَانًا فَإِذَا أَمِنْتُمْ فَأَدْكُرُوا اللَّهَ كَمَا عَلَّمَكُم مَّا لَمْ تَكُونُوا تَعْلَمُونَ﴾

«Егер қауіптен сендер, түрегеп немесе көлік үстінде (оқындар). Қашан бейбіт болсандар, Аллаһты өздеріңе білмеген нәрселерді үйреткеніндей еске алындар»².

Он төртінші бөлім: Жаназа

Жаназа дегеніміз - табыттағы мәйіт.

Өлім сәтінде жатқан кісімен не істеуіміз сүннет?

1 - Оң жағымен жатқызу. Құбылаға қарайтындай басын сәл көтеріп, арқасына жатқызуға да болады. Әбу Қатада, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) Мәдинаға келгенде адамдардан Барра ибн Маърур жайлы сұрайды. Олар: «Әй, Аллаһтың елшісі, ол дүниеден озды және сізге малының үштен бірін берілуі туралы өсиет тастады. Сонымен қатар өлім сәтінде жүзінің құбылаға бағытталуын өсиет етті»-дейді. Сонда Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(أصاب الفطرة، وقد رددت ثلثه على ولده)

«Сүннетке сай істеген екен. *Маған арнаған үштен бір бөлігін оның баласына қайтарамын*»³.

2 - Кәлимәні айтқызу. Әбу Саъид Әл-Хұдри, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لقنوا موتاكم لا إله إلا الله)

«Өлім сәтінде жатқан кісілеріңе «Лә иләһа иллаллаһу»-ді айтқызындар»⁴. «Кәлимәні айт»-деп бұйырылмайды. Алайда қасында отырған кісі, ол еститіндей, кәлиманы жиі-жиі өзі айтып отырады. Ол бұған еріп, кәлимәні өзі айтуы қажет. Өлім сәтінде жатқан кісі кәпір болса, оған кәлимәні айтуы бұйырылады. Яғни, «Әшһаду әллә иләһа илләллаһу уа әшһаду әннә

¹ Мүслім жеткізді

² «Әл-Бақара» сүресі: 239

³ Әл-Байһақи жеткізді

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

Мухаммадан расулуллаһу»-деп айтуы қажет. Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان غلام يهودي يخدم النبي صلى الله عليه وسلم فمرض فأتاه النبي صلى الله عليه وسلم يعوده فقعده عند رأسه فقال له: (أسلم، فنظر إلى أبيه وهو عنده، فقال له: أطمع أبا القاسم صلى الله عليه وسلم. فأسلم فخرج النبي صلى الله عليه وسلم وهو يقول: الحمد لله الذي أنقذه من النار)

Бір яһуди бала пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) қызмет жасайтын. Бір күні ол ауырып қалады. Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) оның көңілін сұрауға барады. Баланың бас жағына отырып: «**Исламды қабылда!**»-дейді. Бала қасында тұрған әкесіне қарайды. Әкесі оған: «Әбуқасымді (саллаллаһу алайһи уа саллам) тыңда!»-дейді. Бала исламды қабылдайды. Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) үйден шығарда былай дейді: «**Бұл баланы оттан құтқарған Аллаһқа мақтау айтамын**»¹.

3 - Оған отбасының, сол секілді кіріп шыққан туыстары мен көршілерінің қызмет көрсетуі. Шөлдесе, су ішкізуі, Сондай-ақ оған Аллаһ тағаланың рахымын есіне түсіруі. Егер Аллаһ тағалаға қатысты теріс сөйлесе, ойын дұрыстап отырулары қажет.

4 - Бас жағына жақын отырып «Йәсин» сүресін оқу. Маъқал ибн Ясар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(اقرأوا علي مواكم يس)

«Өлілеріңе (өлім үстінде жатқан кісілеріңе) «Йәсин» сүресін оқындар»^{2,3}

5 - Періштелер қатысуы үшін етеккір және жүніп күйдегі кісілердің шығып тұруы абзал.

Көз жұмған соң жасалатын сүннеттер

1 - «**Расында, барлығымыз – Аллаһтікіміз. Және барлығымыз Аллаһқа ораламыз**»-деп қабылдау. Арапша мәтіні:

(إِنَّا لِلَّهِ وَإِنَّا إِلَيْهِ رَاجِعُونَ)

2 - Жалпақ таңғышпен екі жағының астынан басына дейін таңып қою.

3 - Марқұмның көзін жұмдыру. Шаддад ибн Аус, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا حضرتم موتاكم فأغمضوا البصر، فإن البصر يتبع الروح. وقولوا خيراً، فإن الملائكة تؤمن على ما قال أهل البيت)

«Өлген кісінің қасында болсаңдар, көзін жұмдырындар. Шынында, көз (денеден шыққан) рухқа ереді. Сондай-ақ жақсы сөз айтындар. Өйткені періштелер отбасының дұғасына “әмин” айтады»⁴.

Көз жұмдырғанда мына дұға айтылады:

"بِسْمِ اللَّهِ وَعَلَى مِلَّةِ رَسُولِ اللَّهِ. اللَّهُمَّ يَسِّرْ عَلَيْهِ أَمْرَهُ، وَسَهِّلْ عَلَيْهِ مَا بَعْدَهُ، وَأَسْعِدْهُ بِلِقَائِكَ، وَاجْعَلْ مَا خَرَجَ إِلَيْهِ خَيْرًا مِمَّا خَرَجَ عَنْهُ"

«Аллаһтың атымен және Аллаһтың елшісінің сүннетіне сай. Аллаһым, ісіне жеңілдік жасап, бұдан (өлімнен) кейінгі жағдайын оңайлата көр. Сенімен кездесуі қуанышты болсын. Кірген әлемін шыққан әлемінен жақсырақ қылшы».

¹ Ат-Тирмизи жеткізді

² Ахмад, Әбу Дәуд, Ибн Хиббан және Әл-Хаким жеткізді. Хасан хадис.

³ «Әл-Фикһ әл-Ислами уа Адиллатуһу»: 2/1569

⁴ Ибн Мажә жеткізді

Үмму Салама, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Әбу Салама көз жұмғанда Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) үйге кіріп, оның көзін жұмдырды. Сосын былай деді:

"اللَّهُم اغفر لأبي سلمة وارفع درجته في المهديين واخلفه في عقبه في الغابرين. واغفر لنا له يا رب العالمين. وافسح له في قبره ونور له فيه"

«Аллаһым! Әбу Саламаны кешіріп, тура құлдарыңның арасында дәрежесін көтере гөр. Артында қалғандарға Өзің қамқор бол. Бізді де, оны да кешіре гөр. Қабірінің ішін кеңейтіп, нұрландыра гөр»¹.

4 - Марқұмның үстіне жамылғы жабу. Жамылғы жабар алдын дәрігердің шақырылғаны жөн. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(سَجِّي رسول الله صلى الله عليه وسلم حين مات بثوب حبرة)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) көз жұмғанда оның үстіне жолақ киім жабылды»².

5 - Ішіне, кеуіп көтерілмес үшін, ауыр зат қою. Анастың, Аллаһ тағала оған разы болсын, қызметшісі күн батқанда көз жұмады. Анас былай дейді:

(ضعوا على بطنه حديدة)

«Оның қарнына темір зат қойыңдар»-дейді³.

6 - Екі қолын екі жанына қою. Кітап иелері секілді қолдарын кеудесіне қоюға мүлде болмайды.

7 - Жуындыруға және кебіндеуге оңай болуы үшін, марқұмның дене буындары мен саусақтарын уқалап жұмсарту.

8 - Жаназа намазына қатысушылардың саны көп болуы үшін, өлімі жайлы адамдарға хабар беру. Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن النبي صلى الله عليه وسلم نعى زيداً وجعفرأ وابن رواحة للناس قبل أن يأتيهم خبرهم)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) Зайдтің, Жағфардің және Ибн Рауаханың Аллаһ тағала оларға разы болсын, өлімі жайлы адамдарға хабар берді»⁴.

Марқұмның туыстары мен жолдастары Аллаһтың разылығы үшін, оның мойнында қалған парыздарының есесі мен қарыздарын көтереді.

9 - Марқұмды жаназа намазы мен жерлеу рәсіміне әзірлеу ісін тездету оған көрсетілетін құрмет. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) бұған қатысты былай деді:

(وعجلوا فإنه لا ينبغي لجيفة مسلم أن تحبس بين ظهرائي أهله)

«Тездетіндер! Мұсылманның денесі отбасының ортасында жатып қалуына мүлде болмайды»⁵.

Мәйіт нәжіс саналмайды. Оны қуаттайтын дәлелдер:

Айша анамыздан, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(رأيت رسول صلى الله عليه وسلم يقبل عثمان بن مظعون وهو ميت حتى رأيت الدموع تسيل)

«Осман ибн Мазъун, Аллаһ тағала оған разы болсын, көз жұмғанда Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) оны сүйіп, көзінен жас аққанын көрдім»⁶.

Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

¹ Мүслім жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Әл-Байһақи жеткізді

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

⁵ Әбу Дәуд жеткізді

⁶ Әбу Дәуд жеткізді

«Мұсылманның тәні тірі болсын, өлі болсын, нәжіс емес»¹.

Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің былай дегенін айтты:

(لا تنجسوا موتاكم، فإن المسلم ليس بنجس حياً ولا میتاً)

«Мәйіттеріңді нәжіс көрмендер. Өйткені мұсылман тірі болсын, өлі болсын, тәні нәжіс емес»².

Мәйіттің алдындағы міндетіміз

Исламда мұсылман мәйіт екіге бөлінеді:

1 - Шаһид емес мұсылман мәйіт. Шаһид емес мұсылман мәйіт алдындағы міндетіміз - жуындыру, кебіндеу, жаназа намазын оқу және жерлеу.

2 - Шаһид мұсылман. Шаһид дегеніміз - майдан алаңында дұшпанның қолынан бірден немесе жараланған соң қаза тапқан мұсылман. Сондай-ақ дұшпанмен байланысты не байланысты емес залымдардың, қарақшылардың, тонаушылардың қолынан қаза тапқан мұсылман. Мұсылманның қолынан қастықпен әдейі өткір қарумен өлтірілген мұсылман да осы үкімге кіреді. Алайда өткір емес ауыр затпен өлтірілсе, шаһид саналмайды. Шаһид сөзінің мағынасы - куә. Сол себептен мұндай мұсылман жәннаттық екеніне куә берілгендіктен шаһид аталады.

Шаһидке қатысты үкімдер

1 - Денесі жуылмастан сол күйінде кебінделеді. Каъб, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) Ухуд шайқасы күні былай дегенін айтты:

(أنا شهيد على هؤلاء، لَقَوْهُمْ فِي دِمَائِهِمْ، فَإِنَّهُ لَيْسَ جَرِيحٌ يَجْرَحُ إِلَّا وَجَاءَ جِرْحُهُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ يُدْمَى لَوْنُهُ لَوْنُ الدَّمِ وَرِيحُهُ رِيحُ الْمَسْكِ)

«Мен мына адамдар үшін куәмін. Қанымен бірге кебіндеңдер. Аллаһ жолында жараланған әркім Қиямет күні жарасынан қаны ағып келеді. Қаны қанның түсіндей, ал иісі жұпардай болады»³.

2 - Жүніп екені белгілі болса ғана жуындырылады. Ухуд шайқасы күні періштелер шаһид болған сахаба Ханзаланы жуындырады, Аллаһ тағала оған разы болсын. Асим ибн Омар ибн Қатада, Аллаһ тағала оларға разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) сахабаларға былай дегенін айтты:

(إن صاحبكم تغسله الملائكة - يعني حنظلة - فاسألوا أهلها ما شأنه؟ فسئلت صاحبه فقالت: خرج وهو جنب حين سمع الهائعة. فقال رسول الله صلى الله عليه وسلم لذلك غسلته الملائكة)

«Періштелер бір достарыңды жуындырды, яғни Ханзаланы. Неліктен екенін отбасынан сұрандар». Отбасынан сұралғанда әйелі: «Шақыруды естігенде үйден жүніп күйінде шығып кеткен еді»-дейді. Сонда Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам): «Періштелер оны осы үшін жуындырды»-дейді⁴.

Сол секілді етеккір немесе нифас күйінде шаһид болған әйел кісі де жуындырылады. Шаһид кісі өлім сәтінде намаз оқуға кететін уақыттай шатырда немесе емханада кідірсе, немесе бір нәрсе жеп-ішсе, немесе дүние істерін өсиет етсе, жуындырылады. Ал ақирет ісін өсиет етсе, жуындырылмайды.

3 - Шаһидке жаназа намазы оқылады. Ибн Масъуд, Аллаһ тағала оған разы болсын, ұзын хадисте былай деді:

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Ад-Даракутни жеткізді

³ Әл-Байһақи жеткізді

⁴ Әл-Байһақи жеткізді

(فوضع رسول الله صلى الله عليه وسلم حمزة فصلى عليه. وحيء برجل من الأنصار فوضع إلى جنبه فصلى عليه فرفع الأنصاري

وترك حمزة، ثم جيء بآخر فوضعه إلى جنب حمزة فصلى عليه، ثم رفع وترك حمزة حتى صلى عليه يومئذ سبعين صلاة)

«..Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Хамзаның, Аллаһ тағала оған разы болсын, денесін қойдырып, оған жаназа намазын оқыды. Сосын оның қасына бір ансардың денесі әкеліп қойылды. Оған да жаназа намазын оқыды. Кейін оның денесі әкетіліп, Хамзаның денесі қалады. Сосын оның қасына тағы бір сахабаның денесі әкеліп қойылды. Оған да жаназа намазын оқыды. Кейін оның денесі әкетіліп, Хамзаның денесі қалады. Осылайша Хамзаға, Аллаһ тағала оған разы болсын, сол күні жетпіс мәрте жаназа намазын оқыды»¹.

Жәбир ибн Абдулла, Аллаһ тағала оған разы болсын, Ухуд шайқасы туралы әңгімелеген хадисінде былай деді:

(ثم جيء بحمزة فصلى عليه ثم يجاء بالشهداء فتوضع إلى جانب حمزة فيصلى عليهم، ثم ترفع ويترك حمزة حتى

صلى على الشهداء كلهم)

«..Сосын Хамзаның, Аллаһ тағала оған разы болсын, денесі әкелініп, *пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам)* оған жаназа намазын оқыды. Сосын шаһидтердің денелері Хамзаның қасына қойылып, оларға да жаназа намазын оқыды. Хамзадан басқа шаһидтердің денелері бірінен соң бірі оның қасына қойылып, сосын әкетіліп жатты. Бүкіл шаһидтерге жаназа намазы оқылмайынша, Хамзаның денесі орнынан қозғалмады»².

Мағлұмат: Мәлики, шафиғи және ханбали мәһнаптарында шаһид қандай күйде болсын, жуылмайды және оған жаназа намазы оқылмайды. Олардың дәлелі: Жәбирден жеткен хадисте, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) шаһидтерді қандарымен бірге жерлеуге бұйырды. Олар жуындырылмады және оларға намаз оқылмады³.

4 - Шаһидтің денесінен кебінге жарамайтын дулыға, сауыт, етік және қару-жарақ секілді заттар алып тасталады. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أمر رسول الله صلى الله عليه وسلم يقتلى أحد أن ينزع عنهم الحديد والجلود، وأن يدفنوا بدمائهم وثيابهم)

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Ухуд шайқасында қаза тапқандардың денелерінен темір мен былғары заттарды алып тастап, қандарымен және киімдерімен жерленуін бұйырды⁴.

Ақирет шаһидтері

- Туберкулез, эпилепсия, ішбөсір (водянка) мен оба секілді ауру түрлерінен көз жұмушы, батып кетуші, қираған құрылыстың астында қалушы, өртеніп кетуші, діни білім жолында немесе қажылықта көз жұмушы, жауыздықпен өлтірілген кісілер ақирет шаһидтері деп аталады. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(الشهداء خمسة: المطعون، والمبطون، والغرق، وصاحب الهدم، والشهيد في سبيل الله عز وجل)

«Шаһидтер бесеу: оба ауруынан көз жұмушы, ішбөсерден көз жұмушы, суға батушы, қираған құрылыс астында қалушы және Аллаһ жолындағы қаза табушы»⁵.

- Бөтен елде көз жұмған кісі де осы топқа жатады. Уқба ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(الميت بذات الجنب شهيد)

«Бөтен жерде өлуші - шаһид»⁶.

¹ Әл-Хақимнің «Мустадрак» кітабында: 3/201

² Ахмадтың «Муснад» кітабында: 1/463

³ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

⁴ Әл-Хақимнің «Мустадрак» кітабында: 2/119

⁵ Әл-Байһақи жеткізді

⁶ Мүслім жеткізді

- Босану кезінде көз жұмған нәресте мен анасы да осы топқа кіреді. Мұғауия қызы Хаснаның немере ағасы, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(النبي في الجنة، والشهيد في الجنة، والمولودة والوليدة)

«Пайғамбар жәннәтта болады. Шаһид те жәннәтта болады. Босану кезінде көз жұмған бала мен анасы да жәннәтта болады»¹.

- Отбасын, жанын және малын қорғау жолында қаза табушы кісілер де осы топқа кіреді. Сағид ибн Зайд, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من قتل دون أهله فهو شهيد، ومن قتل دون دينه فهو شهيد، ومن قتل دون دمه فهو شهيد)

«Кім отбасын қорғап өлсе, шаһид болады. Кім дінін қорғап өлсе, шаһид болады. Кім жанын қорғап өлсе, шаһид болады»².

- Құрғақшылықтан, жыртқыш аңның тырнағынан, улы жәндіктің уынанан, абақтыға әділсіз қамалуынан көз жұмған кісілер де, Аллаһ тағала қаласа, ақирет шаһидтерінен саналады. Әбу Мәлик ал-Ашғари, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін естіді:

(أو وقصته فرسه أو بعيره، أو لدغته هامة، أو مات على فراشه، أو بأي حثف شاء الله، فإنه شهيد، وإن له الجنة)

«...Немесе аты не түйесі жығып кетіп өлсе, жәндік шаққаннан өлсе, немесе төсегінде өлсе, сондай-ақ Аллаһ қалаған тағы да басқа ажал түрімен өлсе, шаһид саналады және оған жәннат болады»³.

Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من قتل دون مظلمة فهو شهيد)

«Өзіне әділсіздік жасалып, соны қайтару жолында қаза табушы шаһид саналады»⁴.

- Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алайһи уа саллам) үмбеті бұзылған заманда сүннетті ұстанушы кісіге шаһидтің сауабы жазылады. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(المتمسك بسنتي عند فساد أمتي له أجر شهيد)

«Үмбетім бұзылған заманда сүннетімді ұстанушыға шаһидтің сауабы жазылады»⁵.

Үшінші: Көз жұмған мұсылман нәрестенің алдындағы міндетіміз

1 - Егер тірі туып, сосын өлсе, тіпті бір ғана әрекет көрінсе, не даусы естілсе, аты қойылады, жуындырылады, кебінделеді, оған намаз оқылады, сосын жерленеді. Ал-Барра ибн Ғазиб, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(أحق ما صليتم عليه أطفالكم)

«Өздеріне намаз оқылуға ең лайықтыларың - балаларың»⁶.

Барра ибн Ғазиб, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(صلى رسول الله صلى الله عليه وسلم على ابنة إبراهيم. ومات وهو ابن ستة عشر شهراً)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) бір жас төрт айында көз жұмған Ибраһим баласына намаз оқиды»⁷.

¹ Ахмадтың «Муснад» кітабында: 4/157

² Ахмадтың «Муснад» кітабында: 5/409

³ Ахмадтың «Муснад» кітабында: 1/190

⁴ Ахмадтың «Муснад» кітабында: 1/305

⁵ Әбу Дәуд жеткізді

⁶ Әл-Байһақи жеткізді

⁷ Әл-Байһақи жеткізді

Босану кезінде өліп кеткен ана құрсағында бала қимылдаса, ішін жарып алынады.

2 - Ана құрсағынан өлі туылған нәрестеге ат қойылады, жуындырылмайды, намаз оқылмайды, матаға оралып жерленеді.

Төртінші: Тұтқындалған жау әскері ішінде көз жұмған баланың үкімі

1 - Жалғыз болса, мұсылмандардың қолына өтуімен мұсылман саналады. Жуындырылады, кебінделеді, намаз оқылып жерленеді.

2 - Қасында әкесі немесе шешесі болса, қиық матаға оралып, ғұсылсыз, намазсыз жерленеді. Егер әке-шешесінің бірі ислам қабылдаса, бала мұсылман саналады.

Бесінші: Мұсылманның туысы кәпір күйінде, атеистік нанымда көз жұмса

Мұсылманның туысы исламнан басқа дінде немесе атеистік нанымда адал болған күйі көз жұмса, кәпір үкімімен өледі. Өлім сәтінде мұсылман туысы оған исламды қабылдауын бұйыруы қажет. Егер қабылдаса, оның денесі өзінің діндес немесе пікірлес (атеистік) жодастарына беріледі. Ал егер оны мұсылман туысы жерлесе, ол мұсылман секілді кебінделмейді, тек бір матаға оралады. Сондай-ақ қабірі мұсылманша қазылмайды және мұсылманша жерленбейді. Денесі бататындай шұңқырға көміледі. Мұсылман туысы оған бұл дүниеде де, ақиретте де еш жәрдем бере алмайды. Сондай-ақ оған қабіріне де түсуіне болмайды. Өйткені кәпірдің қабіріне лағынет түседі.

Алтыншы: Діннен шығушы

Ешбір мұсылманға оны жуындыруға, кебіндеуге, жерлеуге болмайды. Денесі бататындай шұңқырға көміледі.

Жетінші: Мұсылмандардың әміріне және заңдарына қарсылық жасап өлген мұсылмандар

Мұсылман билігіне қарсы көтерілген қастандық әрекеттері мен соғысу барысында өлсе, жуындырылмайды және оларға намаз оқылмайды. Өйткені жаназа намазы шапағат саналады. Ал олар оған лайықты емес. Бұл өздеріне қорлық, ал басқаларға ескерту түрінде жасалады. Алайда мұсылман билігі жеңіске жетіп, оларды шарифат жазасымен өлтірсе, жуындырылады және оларға намаз оқылады.

Сегізінші: Қарақшылар

Қарақшылар әрекеттері барысында өлтірілсе, жуындырылмайды және оған намаз оқылмайды. Ал шарифат жазасымен өлтірілсе, жаза немесе қасас атқарылған болып, жуындырылады және оларға намаз оқылады.

Тоғызыншы: Нәсілдік үшін өлген кісінің жағдайы

Бұлар нәсілдік үшін көтерген әрекеттері барысында өлсе, жуындырылмайды және оларға намаз оқылмайды. Алайда әрекеттері талқандалып, оларға шарифат жазасы атқарылса, жуындырылады және оларға намаз оқылады. Әбу Дәуд жеткізген хасан хадисте Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(ليس منا من دعا إلى عصبية و ليس منا من قاتل على عصبية و ليس منا من مات على عصبية)

«Нәсілдікке шақырушы бізден емес. Сондай-ақ нәсілдік үшін соғысушы да бізден емес. Және нәсілдік үшін өлуші де бізден емес»¹.

Оныншы: Әке-шешесін өлтірген кісінің жағдайы

Әкесін немесе шешесін өлтірген кісіге шарифат жазасы атқарылса да, қорлық түрінде оған намаз оқылмайды. Өз өлімімен өлсе, оған намаз оқылады.

Он бірінші: Өзін-өзі өлтіруші кісінің жағдайы

¹ «Әл-Фикһ әл-Ислами уа Адиллатуһу»: 2/1509

Өзін-өзі өлтірген кісіге ханафи мен шафиғи мәзһаптарында ғұсыл жасалып, намаз оқылады. Оның бұл күнәсі үлкен болғанымен ол мұсылман билігіне қарсы шығушы емес, сондай-ақ өзгенің жаны мен малына қол сұғушы емес. Бар зияны әлсіздік танытып өзін өлтіруі. Пайғамбарымыздан (саллаллаһу алайһи уа саллам) жеткен сахих хадисте өзін-өзі өлтірген кісіге намаз оқымағандығы туралы айтылғанымен, дінге бірте-бірте бет бұра бастаған қазіргі қоғамның ой санасы үшін осы үкім қолайлы. Әл-Бұхаридің сахихында күпірліктен енді ғана шыққан адамдардың жағдайын есепке алушы пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) қолында билік бола тұра, Қағбаның құрылысын өз іргетасына толық тұрғызылмағанын біле тұра, оны қайта бұзып, қайта салу ісін қолға алмағаны жайында айтылады.

Мәйіттің денесін әзірлеу рәсімі мен оған қажетті қаражатын кім көтереді?

Жуындыру, кебіндеу және жерлеу рәсіміне жұмсалатын қаражат марқұмның өз малынан болуы уәжіп. Өзінің жеке қаражаты болмаса, оған жауапты туысы көтереді. Бұл істі көтеретін мұрагері болмаса, мұсылмандардың қаржы үйінен жұмсалады. Әйел кісінің денесін әзірлеуге жұмсалатын қаражат күйеуінің мойнында, егер әйелінің жеке жинағы болмаса.

Мәйіттің денесін жерлеуге әзірлеудің сауабы

Әбу Рафиъ, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من غسل مسلماً فكنتم عليه غفر الله له أربعين مرة، ومن حفر له فأجته أجره عليه كأجر مسكين أسكنه إياه إلى يوم القيامة، ومن كفته كساه الله يوم القيامة من سندس وإستبرق الجنة)

«Кім мұсылманның денесін жуып, айыбын жасырса, Аллаһ оны қырық мәрте кешіреді. Кім оның қабірін қазып, денесін соған жасырса, Қиямет күніне дейін міскінге пана бергендей сауапқа ие болады. Кім оны кебіндесе, Аллаһ оны Қиямет күні жәннәттің жұқа және қалың жібектерінен киіндіреді»¹.

Мәйіттің қақы. Мәйіттің қақы бесеу және оларды атқару үкімі - парыз кифая.

Бірінші: Жуындыру

1 - Мәйіттің денесі хош иістендірілген арнайы ғұсыл үстелінің үстіне жатқызылады. Жүзі мен аяқтары құбылаға бағытталады.

2 - Әуретінің үсті бүркеп түрде киімдері шешіледі. Әлиге, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(لا تنظر إلى فخذ حي ولا ميت)

«Тірі кісінің де, мәйіттің де сан етіне қарама»².

3 - Мәйіттің әуреті қолға шүберек оралып, перденің астынан жуылады. Перде әурет көлемін бүркеп тұрады. Абдулла ибн әл-Харис ибн Науфал, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن علياً رضي الله عنه غسل النبي صلى الله عليه وسلم وعلى النبي صلى الله عليه وسلم قميص وييد علي رضي الله عنه خرقه يتبع بها تحت القميص)

«Әли, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) денесін жуғанда оның үстінде ұзын көйлек болатын. Әли қолына шүберек орап, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) денесін көйлегінің астынан жуатын»³.

4 - Мәйітке, алдымен, кәдімгі дәрет жасалады. Тек мұрны мен аузы сулы шүберекпен сүртіледі. Егер жүніп екені белгілі болса, онда қолдан келгенше аузы мен мұрны жуылуы қажет. Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) қызының денесін жуушы әйел кісілерге былай деді:

¹ Әл-Байһақи жеткізді

² Әл-Байһақи жеткізді

³ Әл-Байһақи жеткізді

«**Оның оң жағынан және дәрет алынатын мүшелерінен бастандар**»¹. Тағы бір хадисте Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді: «**..Оған намазға секілді дәрет жасаңдар, сосын жуындырыңдар**»².

5 - Мәйіттің денесіне сидр езілген ыссы су құйылады. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Пайғамбармен (саллаллаһу алайһи уа саллам) бірге келе жатқан бір кісіні түйесі жығып кетеді. Мойны үзіліп, мерт болады. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам):

(اغسلوه بماء وسدر)

«**Оны сумен және сидрмен**»³ жуындырыңдар»-дейді⁴.

6 - Шашы бөлек жуылып, оған хош иіс жағылады.

7 - Мәйіт сол жақ қырына жатқызылып, денесінің оң жағына су құйылып жуылады. Сосын оң жақ қырына жатқызылып, денесінің сол жағына су құйылып жуылады.

8 - Мәйітті жуындырушы оның арқасын өзінің оң иығына сүйеп отырғызып, сол қолымен ақырын ішін сипалайды. Егер артқы жыныс жолынан нәжіс шықса, орны жуылады. Ғұсыл қайталанбайды.

Мәйіттің денесінде жаралар болса, қолмен жумай-ақ үстіне жақсылап су құйылады. Денесі кепкен соң кебінделеді.

Мәйіттің тырнақтары қырқылмайды.

Мәйітті жуындырған кісіге ғұсыл құйыну ұнамды болады. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من غسل ميتاً فليغتسل)

«**Кім мәйітті жуындырса, ғұсыл құйынсын**»⁵.

Мәйітті жуындыруға кім лайықтырақ?

Мәйітті ең жақын туысы жуындырады. Туыстары болмаған жағдайда сенімді тақуа кісі лайықты. Абдулла ибн Омар, Аллаһ тағала оларға разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ليغسل موتاكم المؤمنون)

«**Мәйіттеріңді сенімді тұлғалар жуындырсын!**»⁶. Жуындырушы кісінің жүніп не етеккір күйде болуы мәкрұһ.

Әйел кісіні әйел жуындырады. Ер кісіге өз әйелінің денесін жууға болмайды. Өйткені әйелі көз жұмған еркектің некесі бірден үзіледі. Алайда әйел кісіге күйеуінің денесін жууға болады. Өйткені күйеуі өлген соң әйелдің некесі ыдда күндері өтпейінше үзілмейді.

Мағлұмат: Әли Фәтиманың, Аллаһ тағала оларға разы болсын, денесін жуған хабардың негізінде басқа мәзһаптарда күйеуі әйелінің денесін, әйелі күйеуінің денесін жууына болады.

Мәйітті жуындырушыға қажетті шарттар:

1 - Мұсылман болуы. Сүйекке түсуші кісінің басқа дінде болуы немесе атеист болуы дұрыс емес.

2 - Ниет. Жамағаттың мойнындағы кифая парызды атқаруға ниет ету.

3 - Ақыл-есі дұрыс болуы.

¹ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

² Әл-Бұхари, Мүслім және басқалар жеткізді

³ Сидр дегеніміз «Набқ ағашының тамыры не жапырағы». Бұл ағашты орыс тілінде «крушина» деп атайды, ал «крушина»-ның қазақшасы - итшомырт және қасқыржеміс.

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

⁵ Ибн Мажа жеткізді

⁶ Ибн Мажа жеткізді

Екінші: Кебіндеу

Кебін жалпы үш түрге бөлінеді:

1 - Толық сүннет кебін. Жәбир ибн Абдулла, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إِذَا كَفَنَ أَحَدَكُمْ أَخَاهُ فَلْيُحَسِّنْ كَفَنَهُ)

«Кім бауырын кебіндесе, жақсылап кебіндесін»¹.

Алайда жақсылап кебіндеу дегеніміз - матаның қымбаттылығында емес. Әли, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін естіді:

(لَا تَعَالُوا فِي الْكَفَنِ، فَإِنَّهُ يُسَلَبُ سَرِيعًا)

«Кебінге (көп ақша жұмсап) шектен шықпаңдар. Расында, мәйіт (қабірге қойылған соң) одан тез айрылады»².

Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) кебіні үш киім болған еді. Айша анамыз, былай деді:

(كَفَنَ رَسُولَ اللَّهِ فِي ثَلَاثَةِ أَثْوَابٍ بِيضٍ سَحُولِيَّةٍ مِنْ كُرْسُفٍ لَيْسَ فِيهَا قَمِيصٌ وَلَا عِمَامَةٌ)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) сахулдік³ йемендік, ақ түсті үш жаңа киімге кебінделді. Оның арасында көйлек те, сәлде де болмады»⁴.

Кебін үш киімнен тұрады: қамис, изар, лифәфә.

Қамис дегеніміз - ұзындығы мойыннан табанға жететін көйлек мата.

Изар дегеніміз - ұзындығы бас төбесінен табанға дейін жететін мата.

Лифәфә дегеніміз - байлауға ыңғайлы болатындай ұзындығы изардан сәл ұзынырақ мата.

Әйел кісінің кебініне осы үш киімге тағы екі нәрсе қосылады. Олар: орамал мен омырау мата.

Орамал әйел кісінің басымен қатар бетін де бүркейді. Ал омырау матамен төсі оралады. Оның ені төстен кіндікке дейін жетуі қажет. Сөйтіп, әйел кісінің кебіні бесеу: қамис, изар, орамал, омырау мата және лифәфә. Ләйла бинт Қайф, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كُنْتُ فِيمَنْ غَسَلَ أُمَّ كَلْثُومَ بِنْتِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عِنْدَ وَفَاتِهَا. فَكَانَ أَوَّلَ مَا أُعْطَانَا رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

الْحِقَاءَ، ثُمَّ الدِّرْعَ، ثُمَّ الخِمَارَ، ثُمَّ المَلْحَفَةَ، ثُمَّ أَدْرَجَتْ بَعْدَ فِي التُّوبِ. قَالَتْ: وَرَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ جَالِسًا عِنْدَ الْبَابِ مَعَهُ كَفْنُهَا يَنَاولُنَاهَا ثَوْبًا ثَوْبًا)

«Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) қызы Үмму Күлсім көз жұмғанда оны жуындырған әйелдердің ішінде мен де болдым. Кебіндеу кезінде Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) бізге, ең алдымен, омырау матасын берді, сосын көйлекті, сосын орамалды, сосын жамылғыны (изарды), сосын бір киімге (лифәфәға) оралды. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) есік жақта отырып, қызының кебінін бізге бір-бірлеп беріп отырды»⁵.

Мәйіт ұл бала болса, бір киімге, ал қыз бала болса, екі киімге кебінделеді. Түсік кебінделмейді, бірақ матаға оралады.

2 - Кифая (жеткілікті) кебін. Бұл кебін ер кісі үшін екі киімнен тұрады: изар мен лифәфә. Ал әйел кісі үшін бұл екеуіне орамал қосылады.

Кебіннің матасы мақта, ал түсі ақ болғаны абзал. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(الْبَسُوا مِنْ ثِيَابِكُمُ الْبِيضَ فَإِنَّهَا مِنْ خَيْرِ ثِيَابِكُمْ، وَكَفِّنُوا فِيهَا مَوْتَاكُمْ)

¹ Мүслім жеткізді

² Әл-Байһақи жеткізді

³ Сахул - Йемендегі ауыл.

⁴ Мүслім жеткізді

⁵ Әбу Дәуд жеткізді

«Ақ киімдеріңді киіңдер, өйткені киімнің ең жақсысы - солар. Сондай-ақ мәйіттеріңді де ақ киімге кебіндеңдер»⁶.

Кебіннің жаңа болуы шарт емес. Жуылған кебін де жақсы саналады.

3 - Шарасыз кебін. Мәйітті кебіндеу кезінде кебіннің жоғарыда айтылған екі түрі табылмаса, бар нәрсемен шектеледі. Хамза, Аллаһ тағала оған разы болсын, бір ғана киімге кебінделді. Мусъаб ибн Ғумайр көз жұмғанда оның кебіні жайында Хубаб ибн Әрс, Аллаһ тағала оларға разы болсын, былай деді:

(فلم يوجد له شيء يكفن فيه إلا نمره، فكنا إذا وضعناها على رأسه خرجت رجلاه، وإذا وضعناها على رجله خرج رأسه. فقال رسول الله صلى الله عليه وسلم: ضعوها مما يلي رأسه واجعلوا على رجله الإذخر)

«Оны кебіндеу үшін бір матадан басқа нәрсе табылмады. Бір шетін басына қойсақ, аяқтары ашық қалады. Аяқтарын жапсақ, басы ашық қалады. Сонда Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді: **«Оны бас жағына қойыңдар да аяқтарының үстіне изхир² қойыңдар»³.**

Осылайша, кебін толық болмаған жағдайда мәйіт бар нәрсемен кебінделеді. Мұндай жағдайда кебін мәйіттің бас жағынан бастап қойылады. Сосын денесінің ашық қалған жеріне шөп қойылады.

Мәйіт қалай кебінделеді?

1 - Ер кісі.

- Мәйіт кебінделетін үстелдің үстіне, ең алдымен, лифәфә жайылады. Оған хош иісті әтір мен камфар себіледі.

- Сосын оның үстіне изар төселеді. Оған да хош иісті әтір мен камфар себіледі.

- Сосын оның үстіне қамис кигізіліп мәйіт жатқызылады.

- Сосын мәйіттің үстіне изардың сол жағы жабылады. Кейін оң жағы жабылады.

- Сосын лифәфә да осылай жабылады.

Мәйіттен нәжіс бөліну қаупі туса, кебін былағанбас үшін, дене саңылауларына мақта қойылудың оқасы жоқ.

2 - Әйел кісі.

- Лифәфә төселеді.

- Оның үстіне изар төселеді.

- Қамис кигізіледі.

- Шашы екі бұрым етіп өріліп, кеудесіне қойылады.

- Сосын орамал тағылады.

- Сосын лифәфә жабылады.

- Ең соңында омырау мата байланады. Алдымен сол жағы, сосын оң жағы тартылып бекітіледі.

Үшінші: Оған жаназа намазын оқу

Әбу ибн Каъб, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إن الملائكة غسلت آدم، وكبرت عليه أربعاً، وقالوا: هذه سنتكم يا بني آدم)

«Расында, періштелер Адамды жуындырып, оған төрт тәкбір айтып (жаназа намазын оқыды). Сосын періштелер: «Әй, Адам балалары! (Мәйіттеріңе оқитын намаздарың) осы жолмен жасалады»-деді»⁴.

Мәйітке жаназа намазын оқуға кім лайықты?

⁶ Әбу Дәуд жеткізді

² Хош иісті қамыс

³ Мүслім жеткізді

⁴ Мүслім жеткізді

- 1 - Мұсылман мемлекетінде мәйіттің қасында елбасы не орынбасары болса, солар ең лайықты болады.
- 2 - Елбасы не орынбасары болмаса, мәйіттің қасында болған облыс әкімі.
- 3 - Облыс әкімі болмаса, қасында болған қаланың бас имамы.
- 4 - Бас имам болмаса, бес уақыт намаз оқып жүрген мешіттегі имамы лайықты.
- 5 - Имам болмаған жерде жақын туыстарының таңдаулысы.

Жаназа намазының ішкі парыздары

- 1 - Қиям.
- 2 - Төрт тәкбір.

Жаназа намазының сыртқы парыздары

1 - Мұсылман болуы. Өйткені намаз шапағат. Ал кәпірге шапағат жоқ. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿وَلَا تُصَلِّ عَلَى أَحَدٍ مِّنْهُمْ مَّتَّ أَبَدًا وَلَا تَقُمْ عَلَى قَبْرِهِ إِنَّهُمْ كَفَرُوا بِاللَّهِ وَرَسُولِهِ وَمَأْوَاهُمُ فَاسِقُونَ﴾

«Олардан өлген ешкімге жаназа намазын ешқашан оқыма және қабірінің басында тұрушы болма. Расында, олар Аллаһқа және елшісіне қарсы келді және пасық күйлерінде өлді»¹.

2 - Жуындырылуы және кебінделуі.

3 - Жаназа намазына қатысушыларға намаздың ішкі парыздары шарт.

4 - Мәйіт имамның алдына қойылуы. Мәйіт имамның алдында болуы шарт болғандықтан, ханафи мен мәлики мәзһаптарында ғайб намазы оқылмайды. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Эфиопия жерінде көз жұмған христиандардың патшасы Асхама Нажашиге жаназа намазын сыртынан оқиды. Мұндай намаз ғайб намазы деп аталады. Алайда имам Әбу Ханифа мен имам Мәликтің көзқарасында пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) бұл намазы - Нажашиге көрсеткен құрметі².

Мәйіттердің саны көп болса, құбыла тарапы мен имамның арасына қатар-қатар қойылады. Мәйіттердің арасында ер кісілер де, әйел кісілер де болса, ер кісілер имамға жақын қойылады, ал әйел кісілер құбыла тарапына жақын қойылады. Мәйіттердің ең абзалы имамның алдына қойылады. Мәйіттерді сондай-ақ бірінен соң бірін ұзынынан қоюға да болады. Ең абзалы саптың басына қойылып, қалғандары имамның сол жағында қалады. Бәріне бір жаназа намазы оқылады. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, тоғыз мәйітке жаназа намазын оқыған. Олардың арасында ер кісілер де, әйел кісілер де бар болатын. Ер кісілерді имамға жақын етіп, әйел кісілерді құбыла тарапына жақын етіп, барлығы бір саппен алдына қойылған болатын³.

5 - Мәйіт денесінің бүтін болуы. Немесе денесінің жарты бөлігі басымен бірге болуы.

Мәйіт жаназа намазы оқылмай жерленіп қойылса, бірден қабірінің басына барып жаназа намазы оқылуы қажет.

(أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَّى عَلَى قَبْرِ بَعْدَ مَا دُفِنَ فَكَبَّرَ عَلَيْهِ أَرْبَعًا)

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) жаназасыз жерленіп қойылған мәйіттің қабіріне келіп төрт тәкбір айтты (жаназа намазын оқыды)⁴.

6 - Мәйіттің жерге қойылуы. Биік нәрсенің үстіне қоюға болмайды.

7 - Ниет. Мәйітке шапағат тию ниетімен оқылады. Бұл шарт имамға қатысты.

Жаназа намазының уәжіптері

¹ «Тәуба» сүресі: 85

² «Әл-Фикһ әл-Ислами уа Адиллатуһу»: 2/1532

³ Әл-Байһақи жеткізді

⁴ Мүслім жеткізді

Төртінші тәкбірден кейін сәлем беру. Төртінші тәкбір мен сәлемнің арасында басқа нәрселер айтылмайды. Екі сәлемнің арасында мәйітке де сәлем болуын ниет етеді. Тәкбірлер болмаса, сәлем қатты дауысталмайды.

Жаназа намазының сүннеттері

1 - Мәйіт ер кісі болсын, әйел кісі болсын, имам оның кеуде тұсында тұрады. Өйткені кеуде иманның орны және шапағат та иман үшін жасалады. Сондай-ақ Ибн Мас'удтің осылай істегені жеткізілген¹.

2 - Бірінші тәкбірден кейін «намаз ашу» дұғасын оқу.

3 - Екінші тәкбірден кейін пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) салауат тілеу. Бейнесі намазда оқылатын салауат:

"اللَّهُمَّ صَلِّ عَلَى مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ كَمَا صَلَّيْتَ عَلَى إِبْرَاهِيمَ وَعَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ، وَبَارِكْ عَلَى مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ كَمَا بَارَكْتَ عَلَى إِبْرَاهِيمَ وَعَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ فِي الْعَالَمِينَ إِنَّكَ حَمِيدٌ مَجِيدٌ"

«Аллаһым! Ибраһимді және оған ергендерді рақымыңа бөлегеніңдей Мұхаммедті және оның дініне ергендерді рақымыңа бөле. Ибраһимге және оған ергендерге береке бергеніңдей Мұхаммедке және оның дініне ергендерге береке бер. Расында, сен – мақтаулысың және ардақтысың».

4 - Үшінші тәкбірден кейін имам мәйітке, мұсылмандарға және өзіне дұға жасайды. Сүннетте келген дұғаларды айтқан абзал. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) мәйітке жаназа намазын оқығанда былай дұға жасады:

"اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِحَيِّنَا وَمَيِّتِنَا، وَصَغِيرِنَا وَكَبِيرِنَا، وَذَكَرْنَا وَأُنْتَانَا، وَشَاهِدِنَا وَغَائِبِنَا، اللَّهُمَّ مِنْ أَحَبِّبْتَهُ مِنَّا فَأَحْبِبْهُ عَلَيَّ الْإِيمَانَ، وَمَنْ تَوَفَّيْتَهُ مِنَّا فَتَوَفَّهُ عَلَيَّ الْإِسْلَامَ، اللَّهُمَّ لَا تَحْرِمْنَا أَجْرَهُ وَلَا تَضِلَّنَا بَعْدَهُ"

«Аллаһым, тірілеріміз бен өлілерімізді, кішілеріміз бен үлкендерімізді, ерлеріміз бен әйелдерімізді, осы тұрғандарымызды және келмегендерімізді кешіре гөр. Аллаһым, арамызда кімге өмір берсең, оған иманды өмір бер. Арамызда кімнің жанын алсаң, оны мұсылман етіп ал. Оған берілетін сыйлықтан бізді де мақрұм етпе және оның артынан біздерді адастыра көрме»².

Мүслімнің сахихінде пайғамбарымыздың (саллаллаһу алайһи уа саллам) мынадай дұға жасағаны жеткізілген: «Аллаһым, оны кешіріп, рахым ете гөр. (Күнәсінің кесірінен) құтқарып, ғапу ете гөр. Тоқтайтын қонақжайына оны құрметпен қарсы алып, кірер мекенін кеңейте гөр. Оны сумен де, қармен де, бұршақпен де жуындыра гөр. Кірден тазаланған ақ киім секілді оны қателіктерінен тазарта гөр. Болашақ үйін мұндағы үйінен де жақсырақ етіп ауыстыра гөр. Болашақ отбасын мұндағы отбасынан да жақсырақ етіп ауыстыр. Сондай-ақ оны жәннатқа кіргізіп, қабір әуресінен және от азабынан сақтай гөр». Бұл дұғаның арапша мәтіні:

"اللَّهُمَّ اغْفِرْ لَهُ وَارْحَمْهُ وَعَافِهِ وَاعْفُ عَنْهُ وَأَكْرِمْ نَزْلَهُ وَوَسِّعْ مَدْخَلَهُ وَاغْسِلْهُ بِالْمَاءِ وَالتَّلْحِجِ وَالْبُرْدِ وَنَقِّهِ مِنَ الْخَطَايَا كَمَا يَنْقِي الثَّوْبَ الْأَبْيَضَ مِنَ الدَّنَسِ وَأَبْدَلْهُ دَارًا خَيْرًا مِنْ دَارِهِ وَأَهْلًا خَيْرًا مِنْ أَهْلِهِ وَأَدْخِلْهُ الْجَنَّةَ وَقِهِ فِتْنَةَ الْقَبْرِ وَعَذَابَ النَّارِ"

Мәйіт сәби болса, оған мынадай дұға жасалады:

"اللَّهُمَّ اجْعَلْهُ فَرَطًا وَاجْعَلْهُ لَنَا أَجْرًا وَذُخْرًا وَاجْعَلْهُ لَنَا شَافِعًا مُشَفَّعًا"

¹ «Әл-Фикһ әл-Ислами уа Адиллатуһу»: 2/1524

² Әбу Дәуд жеткізді

«Аллаһым, оны алдымыздан шығатын сыйлық ет. Сондай-ақ оны бізге марапат және қазына ет. Тағы оны бізге шапағаты қабыл болатын болысушы ет».

5 - Тахрим тәкбірінде ғана қол көтеріледі. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن النبي صلى الله عليه وسلم كان يرفع يديه على الجنازة في أول تكبيرة ثم لا يعود)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) жаназа намазында қолдарын бірінші тәкбірде ғана көтеріп, сосын қайталамайтын»¹.

Жаназа намазына қатысушы масбуқ кісінің жағдайы

Жаназа намазында масбуқ кісі имамға екі тәкбірдің арасында қосылмайды. Ол имамның кезекті тәкбірін күтеді. Имам тәкбір айтқанда тәкбір айтып намазға қосылады. Сосын намаз аяқталғанша имамға ереді. Имам сәлем бергенде қалған тәкбірлерін тездетіп толықтырады. Бұл жаназаны көтеру сауабына үлгеруі үшін.

Кім жаназа намазына имам төртінші тәкбірді айтқанда келсе, намазды өткізіп алады.

Жаназа намазының мәкрүһтері

1 - Мешітті былғанудан сақтау үшін, жаназа намазын мешіт ішінде оқу мәкрүһ танзиһан. Бұл ханафи мен мәлики мәһаптарындағы үкім².

2 - Жаназа намазының көшеде немесе біреудің иелігіндегі жерде оқу.

Төртінші: Көтеру

Мәйітті қабіріне көтеріп апару оған көрсетілетін құрмет. Үкімі - парыз кифая. Жуылып, кебінделген соң, мәйіт табытқа (мәйіт салынатын носилка) жатқызылады. Жүрген кезде селкілдемес үшін, мәйіт арқасына жатқызылғаны дұрыс.

Жаназаны көтергенде атқарылатын сүннеттер

1 - Ханафи мен ханбали мәһаптарында жаназаны төрт адам көтеруі сүннет. Жол бойында басқа төртеуімен ауысып отырады. Әбу Убайда ибн Абдулла ибн Масъуд әкесінің, Аллаһ тағала оларға разы болсын, былай дегенін айтты:

(من اتبع جنازة فليحمل بجوانب السرير كلها فإنها من السنة ثم إن شاء فليطوع و إن شاء فليدع)

«Кім жаназаны көтерсе, табытты барлық қырынан көтеріп үлгерсін. Бұлай істеу - сүннет. Сосын қаласа, көтеруін жалғастырсын, қаласа, басқаға берсін»³.

Оң қадам сайын бір қырынан басқа қырына ауысып отыруымен жаназаның барлық қырынан көтеріп үлгереді. Алдымен, жаназаны бас жағының сол қырынан оң иығымен көтереді. Сосын аяқ жағының сол қырынан оң иығымен көтереді. Сосын бас жағының оң қырынан сол иығымен көтереді. Сосын аяқ жағының оң қырынан сол иығымен көтереді. Сосын басқа кісіге орнын береді.

2 - Белсенді жүріспен жүру. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(أسرعوا بالجنازة، فإنها إن تك سالحة فخير تقدمونها، وإن تك سوى ذلك فشرّ تضعونه عن رقابكم)

«Жаназаны тезірек апарыңдыр! Егер салықалы болса, ілгері жіберетін жақсылық болды. Егер салықалы болмаса, тезірек мойындарыңнан түсіретін жамандық болды»⁴.

3 - Жаназаға еру. Әл-Барра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

¹ Ад-Даракутни жеткізді

² «Әл-Фикһ әл-Ислами уа Адиллатуһу»: 2/1535

³ Ибн Мажа жеткізді

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) бізге жаназаға еруімізді, науқастың көңілін сұрауымызды, түшкірген кісіге рахым тілеуімізді, шақырушыға жауап беруімізді, жәбір көрушіге жәрдем көрсетуімізді бұйырды»¹.

Қабір басына барушылар жаназаның алдында емес, артынан жүреді. Ибн Масъуд, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(الجنّاة متبوعة ولا تتبع. ليس منا من تقدمها)

«Жаназаның алдынан емес, артынан жүріледі. Алдында жүрген кісі бізден емес»².

Мағлұмат: Бұл хадиске қайшы мәтінді хадистер де бар. Сондықтан ханафи мәзһабіндегі кісі қажылыққа немесе умраға барғанда жаназаның алдынан жүрген кісілерді көріп теріс түсінбеуі қажет. Өйткені шафиғи және ханбали мәзһаптарында көліктегі кісі болмаса, жаяу кісіге жаназаның алдында жүруіне рұқсат етіледі.

Әйел кісілердің жаназаға еруі мәкрүһ. Үмму Атия, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(نهينا عن اتباع الجنائز ولم يُعزم علينا)

«Жаназаға еруімізге тыйым салынды, бірақ тыйымы қатты емес»³.

4 - Жаназаға жолшыбай кездескен кісі: «Субхан ал-хаййил-ләзи лә йамут»-деп айтады. Төрт мәзһап бойынша жаназаны көрген кісі отырса, орнынан тұрмайды. Өйткені бұл күші жойылған сүннет. Тиббада ибн Ас-Самит, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم يقوم في الجنّاة حتى توضع في اللحد. فمر حبر(عالم) من اليهود فقال: هكذا نفعنا فجلس رسول الله صلى الله عليه وسلم وقال: اجلسوا خالفوهم)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) жаназа көрсе, орнынан тұрып, мәйіт лақатқа қойылғанша түрегеп тұратын. Бір күні солай істегенде қасынан яһудилердің бір ғалымы өтеді. Ол пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам): «Біз де осылай істейміз»-дейді. Сонда Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) қайта отырып: «**Бұларға ұқсамаңдар!**»-дейді⁴.

5 - Жаназаға ерушілер жаназа иықтардан түсірілгенше отырмайды. Әбу Саъид Әл-Хұдри, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا اتبعتم جنازة فلا تجلسوا حتى توضع)

«Жаназаға ерсеңдер, мәйіт қабіріне қойылғанша отырмандар!»⁵.

Жаназаның мәкрүһтәрі

1 - Жаназа намазы мен жерлеу рәсімін себепсіз кешіктіру.

2 - Дауыс көтерілу. Ешкімге дауыстап зікір жасауына және дауыстап Құран оқуына болмайды. Бұл уақытта әркім өлімді және өлімге не дайындағанын еске алуы керек.

3 - Әйел кісілердің жаназаға еруі мәкрүһ тахриман.

4 - Жаназа қабіріне қойылмай отыру.

5 - Ойбайлап жылау. Ибн Масъуд, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

¹ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

² Ахмадтың «Муснад» кітабында: 1/394

³ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

⁴ Әбу Дәуд, Ат-Тирмизи, Ибн Мажа және Әл-Байһақи жеткізді

⁵ Мүслім жеткізді

(ليس منا من ضرب الحدود، وشقّ الجيوب، ودعا بدعوى الجاهلية)

«Беттерін ұрғылаушылар, киімдерін жыртушылар және надандық заманнан қалған дұғаларды айтушылар бізден емес»¹.

Үмму Атийя, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أخذ علينا رسول الله صلى الله عليه وسلم مع البيعة ألا ننوح)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) бізден *бой ұсынуға* серт алғанда жоқтау айтып жыламауымызға да серт алды»².

Абдулла ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إن الله لا يعذب بدمع العين، ولا يحزن القلب، ولكن يعذب بهذا – وأشار إلى لسانه – أو يرحم)

«Негізінде, көзімізден жас шыққан үшін, жүрегіміздің қайғырғаны үшін, Аллаһ азапқа бұйырмайды. Алайда мынау үшін не азаптайды, не рахым етеді»-деп тіліне нұсқады³.

Бесінші: Жерлеу

1 - Қабір неғұрлым ұзын, кең әрі терең қазылса, жақсы болады. Ухудтың шаһидтерін жерлеу кезінде Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам):

(احفروا وأوسعوا وأعمقوا)

«Қазындар! Кең қылындар және терең етіндер»-дейді. Қабірдің ұзындығы мен тереңдігі мәйіттің бойындай, ал ені соның жартысындай болғаны жақсы.

2 - Қабірдің құбылаға қараған іргесі түбінен мәйіт қойылатын лақат ойып жасау. Мәйіт қойылған соң, лақат аузы қышпен жабылады. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(اللحد لنا والشقّ لغيرنا)

«Лақат - біздікі, ал шұңқыр - басқалардікі»⁴.

Жер қатты болса, лақат жасаған абзал. Жер жұмсақ болса, қабірдің еденінен шұңқыр қазылып, мәйіт соның ішіне қойылады. Аузы тақтайлармен, күйдірілмеген қыш тақтамен (плитамен) жабылады. Сосын қабір көміледі.

Мәйіттің құбылаға қарап жатқызылуы сүннет.

3 - Қабір басындағы кісілерге қабір көмілуден бұрын үш уыс топырақ тастау сүннет. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن النبي صلى الله عليه وسلم صلى على جنازة ثم أتى قبر الميت فحشى عليه من قبل رأسه ثلاثاً)

Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) бір жаназаға намаз оқыды. Кейін қабіріне келіп, мәйіттің бас жағына үш уыс топырақ шашты⁵.

Әбу Үмама, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(لما وضعت أم كلثوم بنت رسول الله صلى الله عليه وسلم في القبر قال رسول الله صلى الله عليه وسلم: (منها خلقناكم وفيها نعيدكم ومنها نخرجكم تارة أخرى، بسم الله وفي سبيل الله وعلى ملة رسول الله)

Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) қызы Үмму Күлсім, Аллаһ тағала оған разы болсын, қабірге қойылғанда Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді: «Сендерді одан жараттық. Және оған қайтарамыз. Және одан қайта тірілтіп шығарамыз. Аллаһтың атымен. Аллаһтың жолында және Аллаһтың елшісінің дініне сай»⁶.

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Мүслім жеткізді

⁴ Әл-Байһақи жеткізді

⁵ Ибн Мажа жеткізді

⁶ Әл-Байһақи жеткізді

4 - Қабір көмілген соң, қабір екені білінуі үшін, бір шибр¹ биіктікке көтеріледі. Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алайһи уа саллам) қабірі бір шибр көтерілген еді². Ханафи, мәлики және ханбали мәзһаптарында қабірдің бетіндегі топырақты төрт бұрышын шығарып тегістемей, түйенің өркешіндей етіп үйген абзал. Суфьян Өт-Тәммар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(رَأَيْتَ قَبْرَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَسْتَمًّا)

«Пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) қабірін түйенің өркешіндей бейнеде көрдім»³. Сахабалардың қабірлері де осындай болатын.

5 - Мәйіт қабірге құбыла тарапынан «Бисмилләһи уа ыала суннати расулуллаһи»-деп түсіріледі. Абдулла ибн Омар, Аллаһ тағала оларға разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إِذَا وَضَعْتُمْ مَوْتَاكُمْ فِي قُبُورِهِمْ فَقُولُوا: بِسْمِ اللَّهِ وَعَلَى سُنَّةِ رَسُولِ اللَّهِ)

«Мәйіттеріңді қабірлеріне қойған кездерінде: «Бисмилләһи уа ыала суннати расулуллаһи»-деңдер⁴. Яғни «Аллаһтың атымен және Аллаһтың елшісінің сүннетіне сай»-деу.

Лақаттың ішіне қойылғанда мәйіттің жүзі құбылаға қаратылады. Табид ибн Умайр әкесінен, Аллаһ тағала оларға разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегені айтылады:

(الْبَيْتُ الْحَرَامُ قِبَلْتِكُمْ أَحْيَاءَ وَأَمْوَاتًا)

«Байтул-Харам - тірілеріңнің де, өлілеріңнің де құбыласы»⁵.

Қабірге түсетін мұсылмандар сенімді, күшті әрі салықалы тұлғалар болуы шарт.

Әйел кісіні қабірге түсіріп, лақатқа қоюға күйеуі және ең жақын туыстары лайықты. Жахыш қызы Зейнеп, Аллаһ тағала оған разы болсын, көз жұмғанда Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, оған жаназа намазын оқиды. Сосын пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) әйелдеріне кісі жібертіп, оны қабіріне кім қоюға лайықты екенін сұратады. Сонда пайғамбардың әйелдері, Аллаһ тағала оларға разы болсын, былай дейді:

(مَنْ كَانَ يَدْخُلُ عَلَيْهَا فِي حَيَاتِهَا)

«Тірі кезінде үйіне кіргендер (жақын туыстары)»⁶.

Ханафи, мәлики және ханбали мәзһаптарында әйел кісі қабірге түсірілгенде қабірдің беті пердемен бүркелуі мустаһап. Лақатқа қойылғанша перде алынбайды. Бұл мәйіттің денесі ашылып қалған жағдайда басқалардың көзіне көрінбеуі үшін. Омар, Әли және т.б. сахабалар осылай істеген⁷.

6 - Қабір көмілген соң, жамағаттың оған дұға жасауы, кешірім сұрауы, Құраннан бір нәрсе оқуы және оған Аллаһ тағаладан беріктік сұрауы сүннет. Осман ибн Аффан, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(اسْتَغْفِرُوا لِمَيْتِكُمْ وَاسْأَلُوا لَهُ التَّشْيِيتَ، فَإِنَّهُ الْآنَ يُسْأَلُ)

Мәйіт жерленген соң, пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дейтін: «Мәйіттерің үшін кешірім тілеңдер және оған Аллаһтан беріктік сұраңдар. Рас, ол қазір сұралуда»⁸.

¹ Бір шибр = 22,5см

² Ибн Хиббан жеткізді.

³ Әл-Бұхари жеткізді

⁴ Әл-Байһақи жеткізді

⁵ Әл-Байһақи жеткізді

⁶ Әл-Байһақи жеткізді

⁷ «Әл-Фикһ әл-Ислами уа Адиллатуһу»: 2/1566

⁸ Әл-Байһақи жеткізді

Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, лақаттың аузы қышпен бекітіле бастағанда былай дұға жасайтын: «Аллаһым, оны шайтаннан және қабір азабынан сақтай гөрші. Аллаһым, екі жамбасынан жерді ажыратып, рухын көтере гөр. Сондай-ақ разылығыңа жолықтыра гөр»⁹.

7 - Қабір басына көк бұтақша кіргізіп қою сүннет. Өйткені ол қурап қалғанша мәйітке кешірім тілейді. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

«أن رسول الله صلى الله عليه وسلم أخذ جريدة رطبة فشقها نصفين ثم غرز في قبر كل واحدة. فقالوا يا رسول الله إن صنعنا هذا؟ فقال: لعلهما أن يخفف عنهما ما لم يببسا»

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) көк бұтақшаны алып, оны екіге бөлді. Сосын екі қабірге кіргізіп қойды. Қасындағылар: «Әй, Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам)! Мұны неге істедіңіз?»-деп сұрағанда ол: «**Мүмкін, бұл бұтақшалар қурап қалғанша мына екеуінен (біраз нәрсені) жеңілдетер**»-деп жауап берді»².

8 - Мәйіт көз жұмған жеріндегі қабірстанда жерленгені абзал. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) отбасы мен сахабаларының денелерін «Әл-Бақиъ» қабірстанында жерлейтін.

Мұсылманның денесі кәпірлердің қабірстанына жерленуіне болмайды. Сол секілді кәпірдің денесі мұсылмандар қабірстанына жерленуіне болмайды³.

Кемеде қайтыс болған мұсылман кісі жуындырылып, кебінделіп, намазы оқылады. Сосын құрлық жақын болса, оған жеткенше күтеді. Құрлық алыс болып, оған жеткенше денесі бұзылатын қауіп туса, қаттырақ байланып, табытқа салынған бойы теңіздің құбылаға қараған жағына қоя береді⁴. Хасан Әл-Басри, Аллаһ тағала оны рахымына бөлесін, былай деді:

(يغسل ويكفن ويصلى عليه ويطرح في البحر)

«Жуындырылады, кебінделеді, жаназа намазы оқылады. Сосын теңізге тасталады»⁵.

Жерлеу кезіндегі мәкрүһ істер

1 - Әйел кісілердің қабірге түсуі.

2 - Қабірстанды қоршаған дуал болған жағдайда ішіндегі қабірлерді бөлек-бөлек тағы қоршау мәкрүһ. Қоршаған дуал болмаған жағдайда жыртқыш аңдар қазып қопарып тастамас үшін, қабірдің айналасын қарапайым кірпішпен көтерудің оқасы жоқ⁶. Алайда оны сылақтауға, бояуға, әсемдеуге болмайды. Жәбир, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) қабірлерді гипстеуге (сылақтауға, бояуға), жазу жазуға және кесене көтеруге тыйым салды⁷.

Туыстарды бір жерге қатар-қатар жерлеу мустахап⁸. Сол себептен оны жоғалтып алмас үшін, қабір басына тас қоюдың оқасы жоқ. Осман ибн Мазъун, Аллаһ тағала оған разы болсын, жерленгенде пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) үлкен тасты көтеріп әкеліп, оның бас жағына қояды. Сосын былай дейді:

(أنه صلى الله عليه وسلم وضع عند رأس عثمان بن مظعون صخرة و قال: أتعلم بها قبر أخي وأدفن إليه من مات من أهلي)

«Бауырымның қабірін білуім үшін және отбасымнан көз жұмғандарды оның қасына жерлеуім үшін»⁹. Бұл туыстардың қабіріне барып шығуға және оларға көбірек рахым тілеу үшін қолайлы.

Қажеттілік туса, тасқа мәйіттің есімін ғана жазуға болады. Алайда Құран аяттарын немесе хадистерді жазу мәкрүһ.

3 - Екі мәйітті бір қабірге жерлеу.

⁹ Ибн Мажа жеткізді

² Ан-Насаи жеткізді

³ «Әл-Фикһ әл-Ислами уа Адиллатуһу»: 2/1563

⁴ «Әл-Фикһ әл-Ислами уа Адиллатуһу»: 2/1564

⁵ Әл-Байһақи жеткізді

⁶ «Әл-Фикһ әл-Ислами уа Адиллатуһу»: 2/1552,1553

⁷ Мүслім жеткізді

⁸ «Әл-Фикһ әл-Ислами уа Адиллатуһу»: 2/1548

⁹ Әбу Дәуд және Әл-Байһақи жеткізді. Хадистің иснаді жақсы.

4 - Мәйітті арақашықтығы екі мильден¹ асатын бір елден екінші елге тасымалдау. Ал жерленген соң, тіпті жақын жерге де тасымалдауға болмайды.

5 - Қабірді қазу. Алайда мәйіт ұрланған жерде жерленіп, ол жердің қожайыны талап етсе, қақысы өтелуі үшін, қабір қазылып, мәйіт басқа жерге қойылуы қажет.

6 - Қабір басында өсіп тұрған өсімдіктерді жұлу.

Көңіл айту және жұбату

Мәйіттің отбасына көңіл айтушы кісі, ең алдымен, олардың басына түскен қайғы-қасіретке өзінің ортақтастығын білдіреді. Сосын беруші де, алушы да - Аллаһ тағала екенін естеріне түсіріп, тағдырға разылықпен көнулерін және сабырлық танытуларын насихаттайды. Сосын марқұм үшін дұға жасайды. Көңіл айту рәсімі үш тәулікке жалғасады. Бұдан асырып, қайғыны жаңарта беру мәкрүһ².

Үмму Салама, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لا يحل لامرأة تؤمن بالله واليوم الآخر أن تحد على ميت فوق ثلاثة أيام إلا على زوجها أربعة أشهر وعشراً)

«Аллаһқа және ақирет күніне сенуші әйелге мәйіт үшін үш күннен артық азалы болуына болмайды. Тек күйеуі үшін төрт ай он күн аза тұтады»³.

Көңіл айтудың мустахаптары

1 - Мәйіттің отбасы мен тустарына көңіл айтып, жұбату ер кісілер үшін де, әйел кісілер үшін де мустахап. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(ما من مؤمن يعزي أخاه بمصيبة إلا كساه الله سبحانه من حُلل الكرامة يوم القيامة)

«Басына түскен қайғы-қасірет үшін бауырына көңіл айтушы мүминді Аллаһ тағала Қиямет күні абыройлы киімдерге киіндірмей қоймайды»⁴.

2 - Барлық туыстарының жиналуы мустахап.

3 - Көңіл айту сөздерінің сүннетке сай болуы. Усама ибн Зайд, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) қызының баласы көз жұмғанда, оған былай деп көңіл айтты:

"إن لله ما أخذ وله ما أعطى، وكل شيء عنده بأجل مسمى"

«Шындығында, алғаны да, бергені де - Аллаһтікі. Сондай-ақ Оның қасында бүкіл нәрсенің ажалы белгіленген»⁵.

Шаддад ибн Аус, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا حضرتم موتاكم فأغمضوا البصر، فإن البصر يتبع الروح. وقولوا خيراً، فإن الملائكة تؤمن على ما قال أهل البيت)

«Өлген кісінің қасында болсаңдар, көзін жұмдырыңдар. Шынында, көз (денеден шыққан) рухқа ереді. Сондай-ақ жақсы сөз айтыңдар. Өйткені періштелер отбасының дұғасына “әмин” айтады»⁶.

4 - Мәйіттің көршілері мен достары оның отбасы үшін аза күндері тамақ әзірлейді. Абдулла ибн Жаъфар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Жаъфар қаза болғанда Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(اصنعوا لأهل جعفر طعاماً، فإنهم قد جاءهم ما يشغلهم)

¹ Бір миль = 1848м. Екі миль = 3696м

² «Әл-Фиқһ әл-Ислами уа Адиллатуһу»: 2/1572

³ Әл-Бұхари және Мүслім жеткізді

⁴ Ибн Мажа жеткізді

⁵ Мүслім жеткізді

⁶ Ибн Мажа жеткізді

«Жаъфардің отбасына тамақ әзірлендер. Расында, оларға көңілдерін бөлетін нәрсе келді»⁷.

5 - Қасірет шегуші кісінің сабыр етуі. Аллаһ тағала Құран кәрімде айтады:

﴿وَاصْبِرُوا إِنَّ اللَّهَ مَعَ الصَّابِرِينَ﴾

«Сабыр етіңдер! Расында, Аллаһ - сабырлылармен бірге»².

Көңіл айтудың мәкрүһтәрі

1 - Мәйіт үйінде адамдардың топырлап жиналуы. Көңіл айтқан соң, мәйіт үйінде қажетсіз кідіру.

2 - Қасірет шегуші кісінің үй алдында отыруы.

3 - Мешіт ішінде көңіл айту.

4 - Бір адамның қайта-қайта көңіл айтуы.

5 - Аза күндері мәйіт үйінде қонақ болу. Алайда алыстан келген туысының мәйіт үйінде түнеуіне болады. Мәйіт отбасының келген адамдарға тамақ әзірлеуі - мәкрүһ және исламда бұрын-соңды болмаған негізсіз жаңалық.

Мәйіт үшін садақа таратып, сауабын оған сыйлау

Саъд ибн Ғибада, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Бір кісі пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) келіп:

(يا رسول الله إن أمي ماتت فينفعها إن تصدقت عنها؟ قال: نعم)

«Әй, Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам)! Менің анам өмірден озды. Анамның орнына берген садақам оған пайда бере ме?»-деп сұрайды. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам): «Иә»-деп жауап береді³.

Абдулла ибн Аз-Зубайр, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(يا رسول الله إن فريضة الله في الحج أدركت أبي شيخا كبيرا لا يستطيع أن يثبت على الراحلة فأحج عنه؟ قال: أرأيت لو كان علي

أبيك دين أكنت قضيته؟ قالت: نعم. قال: فدين الله أحق أن يقضى)

Бір әйел пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) келіп: «Әй, Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам)! Қажылық парызы әкемнің тым кәрілік кезіне жолықты. Көлік үстінде өзін ұстауға шамасы келмейді. Оның орнына қажылық атқарсам бола ма?»-деп сұрайды. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам): «Қалай ойлайсың? Әкең біреуге қарыз болса, қарызын өтер ме едің?»-дейді. Ол әйел: «Иә»-дейді. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам): «Олай болса, өтелуге ең лайықты - Аллаһтың қарызы»-деп жауап береді⁴.

Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты: «Адам дүниеден озғанда оның үш амалынан басқасы үзіледі: (пайдасы дүниеде жалғасып жатқан) үздіксіз садақа, (артында қалғандарға) пайдасы тиіп жатқан білім, оған дұға жасаушы салиқалы баласы»⁵.

Туысқан тарапынан орындалған амалдың сауабын мәйітке сыйлауға болатындығына бұл сахих хадистер дәлел болады. Ханафи мен ханбали мәзһаптарында қабір басында Құран оқу мәкрүһ емес⁶.

⁷ Ат-Тирмизи жеткізді

² «Әнфал» сүресі: 46

³ Әбу Дәуд жеткізді

⁴ Ахмад және Ан-Насаи жеткізді

⁵ Мүслім жеткізді

⁶ «Әл-Фикһ әл-Ислами уа Адиллатуһу»: 2/1580

Сол секілді мәлики мен шафиғи мәзһабтарының кейінгі ғұламалары оқылған Құран сауабының мәйітке пайда беретінінін айтады¹. Дұғаның бейнесін Ибн Ас-Салах былай бейнелейді:

"اللهم أوصل ثواب ما قرأنا لفلان"

«Аллаһым, оқығанымыздың сауабын пәленшеге жеткізе гөр»².

Маъқал ибн Ясар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(اقرأوا على مواكم يس)

«Өлілеріңе (өлім үстінде жатқан кісілеріңе) «Йасин» сүресін оқындар»^{3,4}

Ибн Таймия бұл жайында былай деген: «...Әһл ас-сунна уал-жамаға ғұламаларының көзқарасында садақа мен құл азат ету секілді ақшалай құлшылықтар сауабының мәйітке жететіндігі туралы тартыс жоқ. Сондай-ақ дұға мен истиғфар, жаназа намазы, қабірінің басында дұға жасау секілді амалдарға қатысты да ешқандай тартыс жоқ. Алайда араларындағы тартыс ораза, намаз, Құран оқу секілді құлшылықтармен байланысты. Дегенмен дұрыс көзқарас - барлық құлшылықтардың сауабы мәйітке жетеді. Бұл - Ахмад пен Әбу Ханифа мәзһаптарының, сондай-ақ Мәлік пен Шафиғи мәзһаптарындағы бір топ ғұламалардың көзқарасы⁵.

Қабірстанға бару

Рух дегеніміз - сөзді ұғатын және сөйлеу қабілетіне ие жан. Тәннің шіруімен ол шірімейді, жоғалмайды. Сондай-ақ ол елес емес, заттек. Қабір азабы мен қабір бақытын мәйіттің рухы да, тәні де сезеді.

Қабірлерге бару - ер кісілер үшін де, әйел кісілер үшін де сүннет. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(فزروروا القبور فإنها تُذكر بالموت)

«Қабірлерге барындар! Расында, олар өлімді еске түсіреді»⁶.

Әбу Барид, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(كنت نهيتكم عن زيارة القبور فزوروها، واجعلوا زيارتكم لها صلاة عليهم واستغفاراً لهم)

«Қабірлерге баруларыңа тыйым салушы едім. Енді, оған барындар. Расында, олар өлімді еске түсіреді»⁷.

Ибн Әбу Шәйба, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: «Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Ухуд шаһидтерінің қабірлеріне жылына бір мәрте барып:

(كان يأتي قبور الشهداء بأحد علي رأس كل حول فيقول: السلام عليكم بما صبرتم فنعمة عبي الدار)

«Сабыр еткендерің үшін сендерге сәлем болсын. Соңғы тұрақтарың қандай жақсы!»-дейтін.

Сол секілді Мәдинадағы «Әл-Бақиъ» қабірстанына барып:

"السلام عليكم، أهل الديار من المؤمنين والمسلمين، وأنا إن شاء الله، للاحقون. أسأل الله لنا ولكم العافية"

«Мүмин қауымның жайы, сендерге сәлем болсын! Аллаһ қаласа, сендерді қуып жетеміз. Аллаһтан өзіме де, сендерге де азаптан құтқаруын сұраймын»-дейтін⁸.

¹ «Әл-Фиқһ әл-Ислами уа Адиллатуһу»: 2/1581

² «Әл-Фиқһ әл-Ислами уа Адиллатуһу»: 2/1581

³ Ахмад, Әбу Дәуд, Ибн Хиббан және Әл-Хаким жеткізді. Хасан хадис.

⁴ «Әл-Фиқһ әл-Ислами уа Адиллатуһу»: 2/1569

⁵ Мажмуъ ал-Фатауа: 24/366

⁶ Әбу Дәуд жеткізді

⁷ Мүслим жеткізді

⁸ «Әл-Фиқһ әл-Ислами уа Адиллатуһу»: 2/1568

Әйел кісілердің қабірлерге баруы олардың қайғыларын жаңарту қаупін тудыратын жағдайда ғана мәкрүһ болады. Мұндай қауіптен аман болса, қабірлерге барулары сүннет үкімінде қала береді. Өйткені өлім туралы ойлау ер кісіге де, әйел кісіге де пайдалы. Абдулла ибн Әбу Мәлика, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Қабірлер жақтан келе жатқан Айшаны, Аллаһ тағала оған разы болсын, көріп қалып, одан:

يا أم المؤمنين من أين أقبلت. قالت: من قبر أخي عبد الرحمن بن أبي بكر فقلت لها: أليس كان رسول الله صلى الله عليه وسلم نهى عن زيارة القبور؟ قالت: نعم. كان نهى ثم أمر بزيارتها)

«Әй, мұминдердің анасы, қайдан келе жатырсыз?»-деп сұрадым. Ол: «Абдурахман ағамның қабірінен»-деді. Мен: «Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) қабірлерге баруға тыйым салмады ма?»-дедім. Ол: «Иә, тыйым салған еді. Алайда, кейін оларға баруға бұйырды»-деді¹.

Қабірге барғанда не істеледі?

1 - Қабірстанға кірген мұсылман құбылаға бағытталып, түрегеп тұрған бойы марқұм мұсылмандарға сәлем тілейді:

" السلام على أهل الديار من المؤمنين والمسلمين وإنا إن شاء الله تعالى بكم لاحقون أسأل الله لنا ولكم العافية "

«Мүминдер мен мұсылмандардан болған қабірлердің тұрғындарына сәлем тілеймін. Расында, біз Аллаһ қаласа, сендерді қуып жетеміз. Өзімізге де, сендерге де Аллаһтан құтқару сұраймын»².

2 - Қабірге барған кісіге «Йасин» сүресін оқу мустахап. Маъқал ибн Ясар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(اقرأوا على مواكم يس)

«Өлілеріңе «Йасин» сүресін оқыңдар»³.

Сол секілді «Мүлк» сүресін оқуға болады.

Қабірстанда не істеу мәкрүһ?

1 - Қабірстанда намаз оқу, отыру, ұйықтау және дәрет сындыру мәкрүһ тахриман.

(لأن يجلس أحدكم على جمرة حتى تحرق ثيابه خيرا له من أن يجلس على قبر)

«Сендерден біреу шоқтың үстіне отырып, киімінің өртеніп кетуі қабір үстіне отырғанына қарағанда жақсырақ болар»⁴.

Қабір қасында Құран оқу үшін ғана отыруға рұқсат.

2 - Қабір басындағы өсімдіктерді жұлу. Өйткені олар Аллаһ тағаланы пәктейді. Олардың таспихтарынан қабірдегі мәйіттің жағдайы жеңілдеуі мүмкін.

3 - Қабірді құшақтауға, сүйеге және сипалауға мүлде болмайды.

Ораза

Үшінші тарау: Оразалар

Бірінші бөлім: Оразаға кіріспе

¹ Әл-Байһақи жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Ахмад, Әбу Дәуд, Ибн Хиббан және Әл-Хаким жеткізді. Хасан хадис.

⁴ Ан-Насаи жеткізді

Оразаның арап тіліндегі атауы - " الصوم ". Оның тілдік мағынасы: тыйылу. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай дейді:

﴿فَقُولِي إِنِّي نَذَرْتُ لِلرَّحْمَنِ صَوْمًا فَلَنْ أُكَلِّمَ الْيَوْمَ إِنْسِيًّا﴾

«..Мен Рахман үшін ораза ұстауға серт бердім. Бүгін мүлде ешбір адаммен сөйлеспеймін»-де¹. Аллаһ тағала мұны Мариямға бұйырған еді. Бұл оразаның бейнесі - сөзден тыйылу.

Шариғаттағы мағынасы: таң атқаннан күн батқанға дейін ауыз бекіту. Яғни оразаны тоқтататын нәрселерден (ішіп-жеуден және төсек қатынасынан) тыйылу.

Шариғатқа енгізілу сыры

1 - Ораза дегеніміз, біріншіден, - Аллаһ тағалаға бой ұсыну. Ол мұсылманның бойында бұйрықты орындатып, тыйымнан қайтаратын тақуалықты егеді. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا كُتِبَ عَلَيْكُمُ الصِّيَامُ كَمَا كُتِبَ عَلَى الَّذِينَ مِن قَبْلِكُمْ لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ﴾

«Әй, иман келтіргендер, алдарыңда өткен қауымдарға парыз етілгендей сендерге де ораза парыз етілді. Мүмкін, тақуа боласындар»².

Оразаның мұсылманға берер сауабы да – шексіз. Өйткені ораза - Аллаһ тағала алдындағы ерекше құлшылық. Сондай-ақ ораза Аллаһ тағаланың мұсылман құлын тозақ азабынан құтқарып, жәннат бақшаларына «Раййан» атты арнайы есіктен кіргізеді. Сәһіл, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إن في الجنة باباً يقال له الرَّيَّانُ، يَدْخُلُ مِنْهُ الصَّائِمُونَ يَوْمَ الْقِيَامَةِ، لَا يَدْخُلُ مِنْهُ أَحَدٌ غَيْرِهِمْ، يُقَالُ أَيْنَ الصَّائِمُونَ، فَيَقُومُونَ لَا يَدْخُلُ مِنْهُ أَحَدٌ غَيْرِهِمْ، فَإِذَا دَخَلُوا أُغْلِقَ، فَلَمْ يَدْخُلْ مِنْهُ أَحَدٌ)

«Расында, жәннатта «Раййан» атаулы бір есік бар. Қиямет күні ол есіктен ораза ұстағандар кіреді. Олардан басқа ешкім ол есіктен кіре алмайды. «Ораза ұстағандар қайда?»-делінгенде олар орындарынан тұрады. Олардан басқа ешкім ол есіктен кірмейді. Олар кіріп болғанда ол есік жабылып, басқа ешкім кіре алмайды»³.

2 - Ораза – мұсылманға өнегелі мінезді үйрететін тәрбие мектебі. Оның көмегімен мұсылман өз бойындағы жағымсыз сипаттардан арыла бастайды.

3 - Ораза мұсылманның ерік күші мен шешімділігін күшейтіп, сабырлыққа үйретеді. Зейінін тазартып, жақсы ойларға итереді. Бірде Лұқман баласына былай деген екен: «Балақайым, асқазан толы болса, ойлау қабілетің ұйқыға шомады, даналық үні өшіп, дене мүшелерің құлшылыққа жарамай қалады»⁴.

4 - Ораза мұсылманға жүйелілік пен тәртіпті үйретеді. Өйткені ауыз бекіту мен ауыз ашу белгілі уақытқа бағынады. Әр жылдың рамазан айында әр мұсылман әлемнің түкпір-түкпіріндегі мұсылмандардың бір жүйені ұстанатынын, олардың бір дене екенін сезеді.

5 - Ораза мұсылманды айналасындағы аш адамдардың күйіне енгізіп, мұсылманның бойында мейірімділік, жанашырлық, бауырмашылық секілді сезімдерді оятып, оны пақырларға, жетімдерге, жесірлерге қарайласуға итереді.

6 - Ораза мұсылманның организмін жаңартуымен оның өмірін де жаңартады. Организмдегі артық және улы нәрселерді қуып шығарады. Асқазанына демалыс береді. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(صوموا تسحوا)

«Ораза ұстандар – сау боласындар!»⁵.

¹ «Мариям» сүресі: 26

² «Бақара» сүресі: 183

³ Әл-Бұхари жеткізді

⁴ «Ал-Фикһ ал-Ислами уа Адиллатуһу»: 3/1618

⁵ Әбу Наъим жеткізді. Хасан хадис.

Араб дәрігерлерінің бірі Харис ибн Калда былай деген екен: «Асқазан – дерт отаны, ал сақтық – бүкіл емнің атасы»⁶.

7 - Ораза дегеніміз, сондай-ақ нәпсімен күресу. Адамның табиғатына сай жағымсыз қасиеттердің ең қауіптісі - ішіп-жеу мен жыныстық құмары. Ораза мұсылманға ең алдымен, осы екеуімен күресуге дағдыландырады. Сосын бірте-бірте басқаларын да жеңіп шығады. Күрестің алдында нәпсісі оның әміршісі болған болса, енді, әрине, сабырлық танытса, ол нәпсісі мен құмарының әміршісіне айналады. Осының нәтижесінде, мұсылманның жамандыққа бұйырушы нәпсісі басылады, тыйылады, жуасиды. Оның көзге де, құлаққа да, тілге де, мүшеге де жаман әсері тоқтайды. Сөйтіп, нәпсі құмарлықтан аш қалғанда тән тыныштығы қалыптасады. Ал нәпсі құмарлыққа тойса, дене мүшелеріне күнәдан тыным болмайды.

Оразаның артықшылығы

Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(الصيام جنة، فلا يرفث ولا يجهل، وإن امرؤ قاتله أو شاتمه، فليقل إني صائم - مرتين - والذي نفسي بيده، لخلوف فم الصائم أطيب عند الله تعالى من ريح المسك)

«Ораза дегеніміз – қалқан. *Ораза ұстаушы* жаман сөз айтпасын және білместік жасамасын. Егер бір кісі оған төбелес ашса немесе тіл тигізсе, екі мәрте: “Негізінде, мен – оразамын”-десін. *Жаным* Өз қолында болғанмен (Аллаһпен) ант етемін! Ораза ұстаушының ауыз иісі, Аллаһтың қасында, жұпар иісінен де жақсырақ»².

Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты: «Адам баласының әр амалы еселенеді. Бір жақсылық оннан жеті жүзге шейін еселенеді. Аллаһ тағала айтады: «Алайда, оразаның сауап есебі – бөлек. Ораза – Мен үшін. Оның сыйы Өзіме байланысты. Мен үшін құмарлығы мен тамағын тастады». Ораза ұстаушы үшін екі қуаныш бар. Бір қуаныш аузын ашқанда, бір қуаныш Раббысына жолыққанда болады. Ораза ұстаушының ауыз иісі, Аллаһтың қасында, жұпар иісінен де жақсырақ»³.

Оразаны жалпы парыз ететін шарттар

1 - Мұсылман болу.

2 - Кәмелетке толу. Алайда жеті жастағы бала намазға секілді ораза ұстауға бұйырыла бастайды. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿وَأْمُرْ أَهْلَكَ بِالصَّلَاةِ وَاصْطَبِرْ عَلَيْهَا﴾

«Отбасыңа намаз (оқуларын) бұйыр! Әрі өзің де оған сабыр ет!»⁴.

Оң жасқа толғанда намаз секілді, ораза ұстамағаны үшін таяқталады. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді: «Балаларыңа намазды жеті жастарыңда бұйырыңдар және он жастарыңда намаз үшін таяқтандар, сондай-ақ оларды (бұл жаста) бөлек жатқызыңдар»⁵.

3 - Ақыл-ес дұрыс болу. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді: «Қалам үш адамның амалын жазбайды: ұйқыдағы адам, ояңғанша; кәмелетке толмаған сәби; жындылығы басылмаған кісі»⁶.

⁶ «Ал-Фиқһ ал-Ислами уа Адиллатуһу»: 3/1619

² Әл-Бұхари жеткізді

³ Мүслім жеткізді

⁴ «Таһә» сүресі: 132

⁵ Ахмад, Әбу Дәуд, Ал-Хақим және Ат-Тирмизи жеткізді

⁶ Әбу Дәуд жеткізді

Құлаққағыс: Талып қалған кісі, тіпті рамазан айы бойы ессіз болса, кейін оразаның қазасын толық өтейді. Өйткені мұндай ауруда әл-қуат әлсірегенмен, адам ақылынан айрылмайды. Рамазан айы бойы жындылығы басылмаған кісі қазасын өтемейді.

Ораза ұстауға мүмкіндік беретін шарттар

1 - Десаулық. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿فَمَنْ كَانَ مِنْكُمْ مَّرِيضًا أَوْ عَلَىٰ سَفَرٍ فَعِدَّةٌ مِّنْ أَيَّامٍ أُخَرَ﴾

«..Кім сендерден науқас немесе сапарда болса, басқа күндері қайтарады..»¹.

2 - Әйел кісінің хайыз бен нифастан тазаруы.

3 - Тұрғылықты болу. Кім сапарда болса, ұстамаған күндерін кейін қайтарады. Алайда, кім сапарға ауыз бекіткен соң аттанса, сол күні аузын ашпайды.

Оразаның дұрыстығына қажетті шарттар

1 - Ниет. Ораза ұстау үшін ниет жүректің қалауымен және шешімімен жүзеге асады. Сәресіне тұру ниет саналады. Өйткені ниетті тілмен айту шарт емес, сүннет. Омар ибн ал-Хаттаб, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін естіді:

(إنما الأعمال بالنيات، وإنما لكل امرئ ما نوى)

«Негізінде, іс-қимылдар ниеттермен байлаулы және әркімге ниеттенгені болады..»².

Ниет түнде немесе таң ата жасалуы шарт. Хафса, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من لم يبيت الصيام من الليل فلا صيام له)

«Кім оразаға таң атпастан ниеттенбесе, оның оразасы болмайды»³.

Ханафи мәзһабіндегі ерекшелік, оразаға қатысты ниет екіге бөлінеді:

ә - Түнде жасалуы шарт ниет. Мұндай ниет уақыты бекітілмеген, алайда мұсылманның мойнына қарыз үкімімен байланған оразаларға жасалады. Ниетпен қатар қай ораза екені де баяндалады. Олар: рамазан оразасының қазасы, бұзып алған нәпіл оразаның қазасы, кәффарат оразалар және мутлақ нәзір ораза кіреді. Мутлақ нәзір ораза дегеніміз - біреудің: “Егер Аллаһ тағала ауруымды жазып жіберсе, бір күн ораза ұстаймын”-деп уәде беруімен уәжіп болған ораза.

б - Түнде жасалуы шарт емес ниет. Бұл айы немесе күні бекітілген оразаларға ғана қатысты. Сондай-ақ бұл оразалардың атауы ниет кезінде баяндалуы шарт емес. Мысалы, рамазан оразасы, уақыты белгілі нәзір ораза және белгілі күндері ұсталатын нәпіл оразалар. Бұл оразаларға ниет түннен бастап, дұха уақытына дейін жасалса болады. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) бір күні үйіме кіріп:

(هل عندكم شيء؟ فقلنا: لا. قال: فإني إذن صائم)

«Жейтін бір нәрселерің бар ма?»-деп сұрады. Біз: «Жоқ»-деп жауап бердік. Ол: «Онда мен оразамын»-деді⁴.

Құлаққағыс: Ханафи, шафиғи және ханбали мәзһаптарында рамазан оразасының әр күніне жеке ниет жасалуы шарт.

2 - Бұзатын нәрседен аман болуы.

ә - Саналы түрде жеп-ішу. Кім ұмытып жесе, оразасы бұзылмайды. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

¹ «Бақара» сүресі: 184

² Әл-Бұхари жеткізді

³ Ахмад жеткізді

⁴ Мүслім, Әбу Дәуд және Ан-Насаи жеткізді

«Кім ұмытып тамақ жесе немесе су ішсе, аузын ашпасын. Расында, бұл - Аллаһтың оған берген ризығы»¹.

Сондай-ақ алдыңғы және артқы жыныс жолдарына бір нәрсенің кіруі. Әйел кісі қынабына саусағын салса, немесе еркек пен әйелдің артқы жыныс жолына қызуөлшегіш немесе басқа бір нәрсе кіргізілсе, мұрын мен құлаққа бір тамшы су кетсе, ораза бұзылады. Өйткені ораза тек қана асқазанға емес, жалпы адамның денесінің ішкі жағына ешнәрсе бармауымен қорғалады.

а - Саналы түрде жұбайымен төсек қатынасына түсу. Кім бұны ұмытып істесе, оразасы бұзылмайды.

б - Өзін-өзі құстыру. Құсық өзі келсе, ораза бұзылмайды. Алайда келген құсықты саналы түрде жұтып қойса, мысалы, адамдардан қысылып, онда ораза бұзылып, кейін сол күннің қазасы өтеледі. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من ذرعه القيء فليس عليه قضاء، ومن استقاء عمداً فليقض)

«Кімге құсық келсе, оразасының қазасын өтемейді. Ал саналы түрде өзін-өзі құстырса, қазасын өтейді»².

3 - Дұрыстығын теріске шығаратын нәрседен аман болуы.

ә - Басқа діндегі кісінің немесе атеистің ұстауы. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿لَيْنَ أَشْرَكَتَ لِيَحْبِطَنَّ عَمَلُكَ﴾

«Егер ширк³ жасасаң, күдіксіз, амалың жойылады»⁴.

а - Әйел заты үшін хайыз бен нифастан тазару. Егер таң атқан соң тазарса, бұл күнгі оразасы дұрыс болмағанымен аузын ашпайды. Бірақ кейін сол күннің қазасын өтейді. Етеккірі ақшам азанын кейін басталған әйелдің сол күнгі оразасы дұрыс болады, тіпті аз уақыт өтсе де. Хайыз бен нифастан таң атпай тұрып тазарған әйелдің оразасы дұрыс болады, тіпті ғұсыл құйынып үлгермесе де. Өйткені ғұсыл оразаның дұрыстығына қажетті шарт емес. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن رسول الله صلى الله عليه وسلم كان يدرکه الفجر، وهو جنب من أهله، ثم يغتسل ويصوم)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) таң атқанда кейде (әйелінің қасынан) жүніп күйде шығатын. Сосын ғұсыл құйынып, оразасын ұстай беретін»⁵.

Екінші бөлім: Оразаның түрлері

Үкім тұрғысынан ораза беске бөлінеді:

Бірінші: Парыз ораза

Парыз ораза екіге бөлінеді:

1 - Уақыты бекітілген ораза. Бұған рамазан оразасы мен уақыты белгіленген нәзір ораза кіреді.

2 - Уақыты бекітілмеген ораза. Бұған рамазан оразасының қазасы, уақыты белгіленбеген нәзір ораза және кәффарат оразалар кіреді.

Кәффарат оразасы дегеніміз – мұсылман кісі Аллаһтың атымен берген сертін орындамау, қателікпен кісі өлтіру, рамазан айының оразасында әйеліне жақындау секілді күнәсін жуу үшін ұстайтын ораза.

¹ Ат-Тирмизи жеткізді

² Ат-Тирмизи жеткізді

³ Ширк дегеніміз – Аллаһ тағаладан басқа нәрселерге құлшылық ету.

⁴ “Зумар” сүресі: 65

⁵ Әл-Бұхари жеткізді

Рамазан оразасы

Рамазан айы бүкіл айлардың мырзасы саналады. Бұл айда Аллаһ тағала Қасиетті Құранды түсірді. Сондай-ақ ол - адамзатты Аллаһ тағалаға жақындатып, жақсылық істететін, кешірім мен рахымға бөлейтін, есендік пен береке шашатын құлшылық айы. Бұл айда өзіне мың ай тең келмейтін қадірлі Қадір түні бар. Осы мағынада сөйлейтін кейбір хадистерге тоқталайық:

- Абдулла ибн Масъуд, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(سيد الشهور شهر رمضان و سيد الأيام يوم الجمعة)

«Айлардың мырзасы – Рамазан айы. Ал күндердің мырзасы – Жұма күні»¹.

- Әбу Масъуд Әл-Ғифари, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ولو يعلم العباد ما في شهر رمضان لتمنى العباد أن يكون شهر رمضان سنة)

«Аллаһтың құлдары Рамазан айында не бар екенін білгенде, әлбетте, олар Рамазан айының бір жылға созылуын армандар еді»².

- Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا جاء رمضان فتحت أبواب الجنة وغلقت أبواب النار وصفدت الشياطين)

«Рамазан келгенде жәннаттың есіктері ашылып, оттың есіктері жабылады. Сондай-ақ жындар кісенделеді»³.

- Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من قام رمضان إيماناً واحتساباً غفر له ما تقدم من ذنبه)

«Кім Рамазанды иманмен және сауап тілеп, (намазда) тұрумен өткізсе, ілгері кеткен күнәләрі кешіріледі»⁴.

Қадір түні

Қадір түнін күту мустахап. Өйткені ол – шарапатты, берекелі, қадірлі әрі ұлы түн. Ол түнгі жасалған дұғалар жауапсыз қалмайды. Қадір түні ақиқаты тұрғысынан да, дәрежесі тұрғысынан да, сауабы тұрғысынан да, абсолютті түрде, бүкіл түндерден артық. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿لَيْلَةُ الْقَدْرِ خَيْرٌ مِّنْ أَلْفِ شَهْرٍ﴾

«Қадір түні мың айдан артық»⁵.

Бұл түні атқарылған ғибадатқа мың ай бойы үздіксіз атқарылатын ғибадаттың сауабы жетпейді. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من قام ليلة القدر إيماناً واحتساباً غفر له ما تقدم من ذنبه)

«Кім Қадір түнін иманмен және сауап тілеп, (намазда) тұрумен өткізсе, ілгері кеткен күнәләрі кешіріледі»⁶.

Қадір түні Рамазанның соңғы он түнінің тақ түндерінің бірі болып табылады. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: «Рамазанның соңғы он түні кіргенде пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) түндерді (намазда тұруымен) тірілтетін. Отбасын да

¹ Ат-Табарани жеткізді

² Ат-Табарани және Ибн Хазима жеткізді

³ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

⁵ «Қадір» сүресі: 3

⁶ Әл-Бұхари жеткізді

(күлшылыққа) оятатын. Білегін сыбанып кірісетін еді»¹. Әбу Саъид Әл-Хұдри, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(التمسوها في العشر الأواخر من شهر رمضان في كل وتر)

«Оны Рамазан айының соңғы он түндерінің әр тақ түнінде іздендер!»².

Ғұламалардың негізге алынатын сөзі бойынша, Қадір түні Рамазанның жиырма жетінші түні саналады. Әбу Ибн Каъб, былай деді:

(والله لقد علم ابن مسعود أنها في رمضان وأنها في ليلة سبع وعشرين ولكن كره أن يخبركم فتكلموا)

«Аллаһқа серт! Ибн Масъуд, Аллаһ тағала оған разы болсын, оның Рамазанның жиырма жетінші түнінде екенін біліп қойды. Бірақ босап кетулеріңнен қорқып, оны сендерге білдіруді жек көрген болатын»³. Сондай-ақ имам Ахмад сахих хадисте Ибн Омардан, Аллаһ тағала оған разы болсын, жеткізеді:

(من كان متحريها فليتحرها ليلة سبع وعشرين)

«Кім оны іздесе, жиырма жетінші түні күтсін».

Қадір түнінің құпия болу сыры

Мұсылмандар күлшылыққа беріліп, оның сауабына деген ұмтылыстарын шындыққа шығарулары үшін. Қадір түні сүннет бойынша мына дұға жасалады:

"اللهم إنك عفو تحب العفو فاعف عني"

«Аллаһым, расында, Сен кешірімдісің және кешіруді жақсы көресің. Мені кешіре гөрші»⁴.

Қадір түнінің белгілері

Әбу Ибн Каъб, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إن الشمس تطلع في صبيحة يومها بيضاء لا شعاع لها)

«Ол күннің таңында күн аппақ болып шығады және сәулелері болмайды»⁵.

Ғибада ибн Ас-Самит, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لا حر فيها ولا برد وإنها ساكنة صاحية وقمرها ساطع)

«Ол түн ыстық та, суық та болмайды. Сондай-ақ ол тыныш әрі бұлтсыз болады. Ол түнгі ай жарық болады»⁶.

Рамазан айында болған тарихи оқиғалар

1 - Рамазан айында болған оқиғалардың ең маңыздысы - пайғамбарымыз Мұхаммедке (саллаллаһу алайһи уа саллам) Қасиетті Құранның түсуі.

2 - Бәдір шайқасы. Бұл ислам үмметінің тарихында ақиқат пен жалған арасында болған әуелгі шайқас. Бұл шайқаста ақиқатты қорғаушы мұсылмандар Аллаһтың медетімен жеңіске ие болады. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады: **«Расында, Аллаһ сендерге Бәдірде жәрдем берген еді. Сендер онда әлсіз едіңдер. Олай бола, Аллаһтан сақсыныңдар! Мүмкін, шүкір етушілерден боласындар»⁷.** Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: «Бәдір шайқасы (һижраның екінші жылында) Рамазан айының он жетінші жұлдызында жұма күні

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Әл-Бұхари және Мүслім жеткізді

³ Әл-Бұхари және Мүслім жеткізді

⁴ Ат-Тирмизи жеткізді

⁵ Ахмад, Мүслім, Әбу Дәуд және Ат-Тирмизи жеткізді

⁶ Ахмад жеткізді

⁷ «Әли Ғимран» сүресі: 123

болды. Ол күні осы үмметтің перғауыны және исламның қатты дұшпаны Әбу Жәһіл өлтірілді»¹.

3 - Меккенің алынуы. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады: «**Расында, Біз саған айқын жеңісті сыйладық**»². Бұл жеңіс хижраның сегізінші жылында Рамазан айының жиырма бесінші немесе жиырма бірінші жұлдызында жұма күні жүзеге асады. Бұл жеңістің нәтижесінде Қағбаның іші-сыртындағы пұттар халықтың өз қолымен талқандалып, Мекке пұтқа табынушылықтан тазарды.

4 - Хижраның тоғызыншы жылы Тәбук шайқасымен байланысты бірнеше оқиғалар Рамазан айында болды.

5 - Хижраның оныншы жылының Рамазан айында пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) Йеменге Әлидің басшылығымен, Аллаһ тағала оған разы болсын, әскер жіберіп, Йеменде ислам діні тарайды.

6 - Омардың заманында, Аллаһ тағала оған разы болсын, мұсылмандар мен парсылар арасында қақтығысқан Қадисия шайқасы да Рамазан айында болып, мұсылмандардың жеңісімен аяқталады.

7 - Хижраның 92 жылы Рамазан айының жиырма сегізінші жұлдызында Тарик ибн Зияд басқарған әскермен Испания алынады.

8 - Хижраның 658 жылы Рамазан айының он бесінші жұлдызында жұманың таңында Мысырдағы мәмлүктер сұлтаны Құтұз басқарған мұсылман әскерімен моңғолдар арасында Айн Жалұт сайында үлкен шайқас болады. Бұл шайқаста Аллаһтың қалауымен мұсылмандар жеңіске жетеді.

Рамазан оразасының үкімі

Рамазан оразасының үкімі: атқарушыға да, қазасын өтеушіге де парыз айн. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿ شَهْرُ رَمَضَانَ الَّذِي أُنزِلَ فِيهِ الْقُرْآنُ هُدًى لِّلنَّاسِ وَبَيِّنَاتٍ مِّنَ الْهُدَىٰ وَالْفُرْقَانِ فَمَن شَهِدَ مِنْكُمُ الشَّهْرَ فَلْيَصُمْهُ ﴾

«Рамазан айында адамдарға жетекшілік қылатын және туралықты баяндап, ақиқат пен жалғанның арасын айырып түсіндіретін Құран түсірілді. Сендерден кім бұл айда бар болса, оны ораза ұстасын...»³.

Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(بني الإسلام على خمس: شهادة أن لا إله إلا الله، وأن محمداً رسول الله، وإقام الصلاة، وإيتاء الزكاة، والحج، وصوم رمضان)

«Ислам бес нәрсеге негізделген: Аллаһтан басқа тәңір жоқтығына және Мұхаммед Аллаһтың елшісі екеніне куәлік беруге, намаз оқуға, зекет төлеуге, қажылық жасауға және Рамазан оразасын ұстауға»⁴.

Рамазан оразасы хижраның екінші жылында шағбан айының онынша жұлдызында құбыла Қағба тарапына өзгерген соң парыз етілді. Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) тоғыз жылдың тоғыз рамазанын ораза ұстап, хижраның он бірінші жылының рабиъ әл-әууәл айында өмірден озады.

Оразаны бастау үшін және аяқтау үшін айдың туған, тумағанына қарау

Шағбан айының отызыншы кешінде жаңа айдың (рамазанның) туған, тумағанына қарау үкімі жамағатқа кифая түрде уәжіп. Өйткені шағбан айы жиырма тоғыз күнмен шектелуі мүмкін. Үмму Салама, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إن الشهر يكون تسعة وعشرين يوماً)

¹ «Ал-Фикһ ал-Ислами уа Адиллатуһу»: 3/1626

² «Фатх» сүресі: 1

³ «Бақара» сүресі: 185

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

«Негізінде, ай жиырма тоғыз күн болады». Сол секілді рамазан айының отызыншы кешінде жаңа айдың (шәууәлдің) туған, тумағанына қарау жамағатқа кифая түрде уәжіп.

Айдың туғаны қазының (мүфтидің) алдында қалай расталады?

1 - Күн бұлтты болса, айдың туғаны бір ғана мұсылманның көруімен расталады. Ол мұсылман балиғатқа толған, ақыл есі дұрыс, әділ болуы шарт. Әділ кісі айды көргеніне әкімнің алдында куәлік беруі қажет. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(جاء أعرابي إلى النبي صلى الله عليه وسلم فقال: إني رأيت الهلال، فقال: أتشهد أن لا إله إلا الله؟ قال: نعم. قال: أتشهد أن محمداً رسول الله؟ قال: نعم. قال: يا بلال أذن في الناس فليصوموا غداً)

Пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) көшпелі бір кісі келіп: «Мен айды көрдім!»-дейді. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам): «**Аллаһтан басқа тәңір жоқтығына куәлік етесің бе?**»-деп сұрайды. Ол: «Иә»-дейді. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам): «**Мұхаммед Аллаһтың елшісі екеніне куәлік етесің бе?**»-деп сұрайды. Ол: «Иә»-дейді. Сонда пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам): «**Әй, Биләл! Адамдарға ертең ораза ұстасын деп жарияла**»-дейді¹.

Сондай-ақ айды сипаттары ешкімге белгісіз бір мұсылман көрсе, немесе әйел кісі, немесе құл көрсе де, айдың туғаны құпталады. Әйел кісі айды көргеніне қамқоршысының рұқсатынсыз куәлік бере алады.

Бұлтты күндері шәууәл мен басқа айлардың туғандығын растау үшін екі әділ куәнің болуы шарт. Сондай-ақ ол екеуі парыз міндеттерін атқарушы азат мұсылман болулары шарт. Немесе бір ер кісі мен екі әйел куә болуы қажет. Рабъи ибн Хараш сахабалардың бірінен жеткізді:

(اختلف الناس في آخر يوم من رمضان، فقدم أعرابيان فشهدا عند النبي صلى الله عليه وسلم بالله لأهلاً الهلال أمس عشية. فأمر رسول الله صلى الله عليه وسلم الناس أن يفطروا)

«Рамазанның соңғы күніне қатысты адамдар қайшылыққа түседі. Көшпелі екі кісі келіп, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) алдында жаңа айдың кешегі күннің кешінде туғанына Аллаһпен ант етіп, куәлік береді. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) адамдарға ауыз ашуларын бұйырады»².

2 - Аспан ашық болса, Рамазан мен Шәууәл айларының туғаны көпшіліктің көруімен ғана расталады.

Қазы немесе мүфти болмаған жағдайда Рамазан айының туғаны сенімді бір ғана кісінің көруімен расталады. Ол жаңа айды нақты көргенін сол кеште мешітке жариялайды.

Рамазан оразасы қашан ұсталады?

1 - Аспан бұлтты немесе шаң болса, рамазан оразасы шағбан айын отыз күнге толтырған соң басталады. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(الشهر تسع وعشرون ليلة، فلا تصوموا حتى تروه، فإن غمَّ عليكم فأكملوا العدة ثلاثين)

«**Ай - жиырма тоғыз түн. Оны көрмейінше ораза ұстамаңдар! Егер күн бұлтты болса, айды отызға толтырыңдар!**»³.

2 - Айдың кешкі уақытта нақты көрінуі. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(صوموا لرؤيته وأفطروا لرؤيته، فإن غمَّي عليكم فأكملوا عدة شعبان ثلاثين)

«**Айдың көрінуімен ораза ұстандар және оның көрінуімен ауыз ашыңдар! Аспандарың бұлтты болса, шағбанды отызға толтырыңдар!**»⁴.

¹ Әбу Дәуд жеткізді

² Әбу Дәуд жеткізді

³ Әл-Бұхари жеткізді

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

3 - Бір кісі жаңа айды нақты көріп, қазы (мүфти) оның куәлігін қабыл алмаса, оған ораза ұстауы парыз. Алайда басқа адамдарға ораза ұстауларын бұйырмайды, тіпті өзі имам болса да. Сол секілді шәууәл айы туғанын жалғыз өзі көрген кісіге ауыз ашуына да, адамдарға ауыз ашуларын бұйыруына да болмайды, тіпті имам болса да. Егер ауыз ашып қойса, күмән болғандықтан, сол күнгі оразасының қазасын өтейді.

4 - Айдың туғаны әлемдегі елдердің бірінде ғана расталса, басқа елдегі мұсылмандарға, ел арасы жақын болсын, алыс болсын, бәрібір, ораза ұстаулары уәжіп. Айдың астрономиялық оптикалық аспаппен көрілуі есепке алынбайды, тіпті дұрыс айтса да. Өйткені пайғамбарымыздың (саллаллаһу алайһи уа саллам) шарифаты бойынша айдың туғаны көзбен көрілу қажет.

Күмәнді күн

Күмәнді күн дегеніміз - шағбан айының жиырма тоғызыншы күнінен кейінгі күн. Бұл күн бұлтты болып, айдың туған, тумағанын растау қиынға соққандықтан, шағбан айының соңы, не рамазан айының басы болуы ықтимал. Мұндай жағдайда айдың туғанына ешкім куә бола алмайды. Бұл күннің рамазаннан емес екені анықталғанша, мүфти мұсылмандарға күн аспан биігіне көтерілгенше жеп-ішуден тыйыла тұруларын бұйыруы жақсы көрінеді.

Күмәнді күнгі оразаның үкімі

1 - Бұл күнді рамазанға санап, ораза ұстау мәкрүһ тахриман. Аммар ибн Ясир, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(من صام اليوم الذي يشك فيه فقد عصى أبا القاسم صلى الله عليه وسلم)

«Күмәнді күні ораза ұстаған кісі Әбу Қасимді (саллаллаһу алайһи уа саллам) тыңдамаған болды»¹.

2 - Бұл күні кім: «Рамазан болса, парызды ұстаған боламын, шағбан болса, нәпіл ұстаған боламын»-деген ниетпен ұстаса, үкімі мәкрүһ танзиһан. Алайда мұндай ниетпен ұсталған ораза, рамазан кіріп қойған болса, мәкрүһ бола тұра, парызға саналады. Ғабдулла ибн Хасин, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) бір кісіден:

(أن النبي صلى الله عليه وسلم قال لرجل هل صمت من سرر هذا الشهر شيئاً؟ قال: لا. فقال رسول الله صلى الله عليه وسلم:

فإذا أفطرت من رمضان فصم يومين مكانه)

«Бұл айдың (шағбанның) өліарасында ораза ұстаған күнің бар ма?»-деп сұрады. Ол: «Жоқ»-деп жауап берді. Оған Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам): «Олай болса, мұның орнына рамазан оразасын аяқтаған кезінде екі күн ораза ұста»-деді².

Күмәнді күні ұсталған ораза рамазаннан екені анықталып жатса, кейбір ғалымдардың көзқарасында абзал ораза саналады. Ал басқа ғалымдардың көзқарасында ол күні ораза ұстамаған абзал. Олардың дәлелі: Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لا تقدموا رمضان بصوم يوم ولا يومين إلا رجل كان يصوم صوماً فليصمه)

«Рамазанның алдында әдейілеп бір күн де, екі күн де ораза ұстамаңдар. Шағбан айында ораза ұстап жүрген кісіге ғана бұл күндері оразасын жалғастыруына болады»³.

Түйін: Кім күмәнді күні ораза ұстап, оразасы рамазанға тура келсе, ол күні ораза ұстағанын ешкімге хабарламағаны жөн. Өйткені бұл хабардың нәтижесінде, біріншіден, оның кеудесінде «Менің оразам абзал болды» деген ниет пайда болуы мүмкін. Екіншіден, Аммардың хадисіне сай адамдардың кеудесінде пайғамбарды (саллаллаһу алайһи уа саллам) тыңдамаушы саналуы мүмкін.

¹ Ан-Насаи жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Мүслім жеткізді

Рамазан айында ауыз ашуға қатысты жағдайлар мен үкімдер

Бірінші: Шариғат тарапынан рұқсатсыз ашылған оразаның қазасымен қатар кәффаратын өтеуді парыз ететін жағдайлар:

1 - Рамазан айында күндіз, арам екенін біле тұра, төсектік қатынасқа түсу, тіпті ешнәрсе бөлінбесе де. Мұндай жағдайда ер кісі сол күннің қазасын және күнәсін жуатын кәффаратін өтейді. Әйел кісі төсектік қатынасқа күйеуі тарапынан мәжбүрленіп жасаса, сол күннің қазасын ғана өтейді. Алайда, төсектік қатынасқа әйелі күйеуін мәжбүрлесе, кәффаратін өтеу екеуіне де уәжіп.

2 - Рамазан айында күндіз біле тұра жеп-ішу, мейлі тамақ, мейлі дәрі болсын. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) бір кісі келіп:

(إني أفطرت يوماً من رمضان. قال: من غير عذر ولا سفر؟ قال: نعم. قال: بشئ ما صنعت. قال: فما تأمرني؟ قال: أعتق رقبة)

«Мен рамазанның бір күнін ауыз ашып қойдым»-дейді. Пайғамбар: «**Себепсіз бе? Сапарға шықпадың ба?**»-деп сұрайды. Ол: «Иә, *sebensiz*»-дейді. Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам): «**Істегенің қандай жаман болған!**»-дейді. Ол: «Маған не бұйырасың?»-деп сұрайды. Пайғамбар: «**Құл азат ет!**»-дейді¹.

Шылымды тастай алмай жүрген кісінің күндіз шылым шегіп қоюы да осыған кіреді.

Кәффарат кімге жүктеледі? Бұл алты шартты қажет етеді:

- 1 - Ораза ұстаушының кәмелет жасында болуы.
- 2 - Рамазан оразасына ниетті түнде жасауы.
- 3 - Сапарда немесе науқас болмауы. Әйел кісі үшін хайыз бен нифастың келмеуі.
- 4 - Мәжбүрлі болмауы.
- 5 - Біле тұра істеуі.
- 6 - Қателеспеген және ұмытпаған болуы.

Каффарат қалай жасалады?

Рамазан оразасының бір күнін немесе бірнеше күнін біле тұра бұзған кісі бір ғана кәффарат өтейді. Яғни құл азат етеді. Оған шамасы келмесе, екі ай бойы үзбей ораза ұстайды. Оған шамасы келмесе, алпыс міскінді тамақтандырады. Кәффарат дегеніміз - шариғаттың мұсылманға қолданатын ескерту шарасы. Рамазан оразасын біле тұра бұзушы мұсылман қатесін жуу кәффаратын төмендегідей өтейді:

1 - Денесінде айыбы жоқ, дені сау құл азат ету. Құлдың мұсылман болуы шар емес. Азат ететін құлы болмаса, құлдың құнын төлейді.

2 - Құл азат етуге немесе құнын төлеуге шамасы келмесе, екі ай бойы ораза ұстайды. Яғни алпыс күн үзбей ораза ұстайды. Әйел кісі кәффаратын хайыз немесе нифас келген аралықта үзіп, сосын қайта жалғастырады.

3 - Әлсіздік пен ауруға байланысты екі ай оразаға шамасы келмесе, алпыс міскінді тамақтандырады. Тамақтандыру екі мезгіл тамақты құрайды: әр міскіннің таңғы асы пен кешкі асын көтереді. Немесе әр міскінге түскі ас екі еселеніп беріледі. Сол секілді алпыс күн бойы бір міскінді тамақтандырса да болады. Өйткені ол бүгін тамақ ішкенімен, ертең қайта мұқтаж күйге айналады. Тамақтандыру дегенде - міскінді тойғызу көзделуде. Мұның көлемі: 1кг 375,5г бидаймен (ұнмен) немесе 2кг 751г құрма не арпамен беріледі. Бұлардың орнына құны берілсе де болады.

Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Бір кісі пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) келіп:

(هلكت يا رسول الله. قال: وما أهلكك؟ قال: وقعت على امرأتي في رمضان. قال: هل تجد ما تعتق رقبة؟ قال: لا. قال: فهل

تستطيع أن تصوم شهرين متتابعين؟ قال: لا. قال: فهل تجد ما تطعم ستين مسكيناً؟ قال: لا. قال: ثم جلس؟ فأتي النبي صلى الله

¹ Әбу Яъла және Ат-Табарани жеткізді.

عليه وسلم بَعَرَ ق فِيهِ تَمْرٌ، فَقَالَ: تَصَدَّقْ بِهَذَا. قَالَ: أَفْقَرُ مِنَّا؟ فَمَا بَيْنَ لَابَتَيْهَا أَهْلُ بَيْتِ أَحْوَجَ إِلَيْهِ مِنَّا، فَضَحِكَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حَتَّى بَدَتْ أَنْيَابُهُ، ثُمَّ قَالَ: اذْهَبْ فَأَطْعِمْهُ أَهْلَكَ

«Әй, Аллаһтың елшісі! Құрыдым»-дейді. Ол: «Сені не құртты?»-деп сұрайды. Ол: «Рамазанда (күндіз) әйеліме жақындап қойдым»-дейді. Ол: «Азат ететін құл таба аламысың?»-дейді. Ол: «Жоқ»-дейді. Ол: «Екі ай бойы үзбей ораза ұстай аламысың?»-дейді. Ол: «Жоқ»-дейді. Ол: «Алпыс міскінді тамақтандыратын нәрсе таба аламысың?»-деп сұрайды. Ол: «Жоқ»-дейді. Сосын Аллаһтың елшісі біраз үндемей отырды. Сол уақытта оған біреу бір себет құрма әкеледі. Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) анау кісіге: «Мынаны садақа етіп тарат»-дейді. Ол: «Бізден мұқтажырақ адам бар ма екен? Қаламыздың екі арасында орналасқан жұрттың ішінде бұл нәрсеге бізден мұқтажырақ отбасы жоқ шығар?»-дейді. Мұны естуші пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) күледі. Тіпті ит тістері көрінеді. Сосын оған: «Бар да, отбасынды тамақтандыр»-дейді¹.

Екінші: Шариғат тарапынан рұқсатсыз ашылған оразаның қазасын ғана өтеуді парыз ететін жағдайлар:

1 - Тамаққа жатпайтын нәрсені біле тұра қабылдаса. Мысалы, дәрі қабылдаса, немесе бір дән, ұн, жемістің сүйегі, қағаз, мақта, тас, ұсақ темір, топырақ, былғары, тиын секілді заттарды аузына салып, жеп немесе жұтып қойса. Сол секілді құлағына, мұрнына, аузына, жыныс жолдарының аузына дәрі тамызса, аузына түскен жаңбыр тамшысын, қар немесе бұршақ жұтып қойса, сол күнгі оразаның қазасын өтейді.

2 - Төсектік қатынас болмағанымен, жұбайын құшақтап, сүйгендіктен немесе басқа жолдармен шәует бөлінсе.

3 - Өзін-өзі құстырса. Немесе мәжбүрлі келген құсықты жұтып қойса.

4 - Ұмытып тамақ жеген кісі үкімді білмегендіктен, оразасын бұзылған санап, тамақ жеуін жалғастырса.

5 - Біреудің тарапынан тамақ ішуге немесе жұбайы тарапынан төсектік қатынасқа мәжбүрленсе.

6 - Аузымен немесе мұрнымен әдейі кез келген түтінді тартса.

7 - Таңғы уақытта ораза болып, күндіз сапарға аттанған кісі тамақ жеп қойса, немесе әйеліне жақындасса, сол күннің қазасын өтейді.

8 - Таң әлі атпаған шығар деп бір нәрсе жеп-ішсе немесе әйеліне жақындасса, сосын өзіне таңның атып қойғаны анықталса, қазасын өтейді. Сол секілді күн батқан шығар деп, алайда күн әлі батпаған уақытта ауыз ашып қойған кісі де осылай істейді. Кім таң атпай тамақ жеп отырғанда немесе жұбайына жақындасып жатқанда таң ата бастаса, бірден тоқтаса, оразасы дұрыс болады.

9 - Ораза болған кісі күндіз ауру сезсе, сосын тамақ ішпесем зиян бола ма деп қорыққандықтан аузын ашса, алайда ешқандай ауру болмаса, кейін сол күннің қазасын өтейді.

Үшінші: Шариғат тарапынан ашуға рұқсат етілгенімен, оразаның қазасын өтеуді парыз ететін жағдайлар:

1 - Ауру. Рамазан айы туғанда нақты ауырған кісінің ораза ұстауы аурудың асқынуына, емнің кешігуіне кедергі болған жағдайда оған ораза ұстамауына болады. Оразаның ауруға зиянды екені не өзінің бұрынғы тәжірибесінен, не білікті мұсылман дәрігердің нұсқауымен анықталуы қажет. Ұстамаған күндерінің қазасын сауыққанда өтейді.

2 - Сапар. Сапардың бейнесі намазды қысқартып оқуға рұқсат ететін болуы қажет. Бұл 83 км қашықтықпен жүзеге асады. Сондай-ақ сапарға шығатыны таң атпай белгілі болуы шарт. Жолаушы кісіге рамазан айында ауыз ашуына болады. Кейін қазасын өтейді. Алайда, ораза кісі сапарға таң атқан соң шешім қабылдаса, оған сол күнгі оразасын үзуіне болмайды. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿وَمَنْ كَانَ مَرِيضًا أَوْ عَلَى سَفَرٍ فَعِدَّةٌ مِّنْ أَيَّامٍ أُخَرَ﴾

¹ Мүслім жеткізді

«..Кім сендерден науқас немесе сапарда болса, басқа күндері қайтарады..»¹.

Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(صام رسول الله صلى الله عليه وسلم في السفر وأفطر)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) сапарда ораза ұстады және аузын ашты»².

Аллаһ тағаланың Құран Кәрімдегі:

﴿وَأَنْ تَصُومُوا خَيْرٌ لَّكُمْ إِنْ كُنْتُمْ تَعْلَمُونَ﴾

«..Ораза ұстауларың өздеріңе жақсы, әрине, егер білетін болсаңдар?!»³ сөзін негізге алынса, әрине, егер зиян болмаса, сапарда ауыз ашқанға қарағанда ораза ұстаған абзал. Әбу Ад-Дарда, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

لقد رأيتنا مع رسول الله صلى الله عليه وسلم في بعض أسفاره في اليوم الحار، الشديد الحر وإن الرجل ليضع يده على رأسه من شدة الحر، وما في القوم أحد صائم إلا رسول الله صلى الله عليه وسلم، وعبد الله بن رواحة)

«Аллаһтың елшісімен (саллаллаһу алайһи уа саллам) бірге ыстық күндері болған сапарларымыздың бірінде көргенім, күннің ыстық болғаны соншалықты, бәріміз ыстықты қайтару үшін қолымызды маңдайымызға қоятынбыз. Сонда арамызда Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) мен Абдулла ибн Рауахадан басқа ораза ұстаған ешкім болмады»⁴.

Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: «Біз Аллаһтың елшісімен (саллаллаһу алайһи уа саллам) бірге сапарға шығатынбыз. Сонда арамызда ораза ұстаған кісі ораза ұстамаған кісіні, ал ораза ұстамаған кісі ораза ұстаған кісіні еш айыптамайтын»⁵. Ал қатты науқас кісіге: «Ауырсам да ұстай беремін»-деп шешім жасауын болмайды.

3 - Шайқас. Ораза кезінде шайқастың күндіз болатыны белгіленсе, онда әлсіреп қалмас үшін оразасын үзуіне болады.

4 - Жүкті немесе бала емізуші әйел. Жүкті немесе бала емізуші әйел білікті мұсылман дәрігердің нұсқауымен немесе өмірдегі тәжірибесіне сай, өзі үшін немесе баласы үшін қорықса, ораза ұстамауына болады. Кейін қазасын өтейді. Анас ибн Мәлик, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إن الله عز وجل وضع للمسافر الصوم وشطر الصلاة وعن الحُبلى والمرضع)

«Шындығында, үстем әрі ұлы Аллаһ жолаушының мойнынан ораза мен жарты намазды түсірді. Сол секілді жүкті және бала емізуші әйелдің мойнынан да»⁶.

5 - Ауыр еңбектегі кісі. Қатты шөлдеуі немесе қатты қарны ашуы нәтижесінде көзі қарауытып, әлсіздік пайда болса, басы айналса, оразасын үзуіне болады.

Ескерту: Бұл кісілердің бірі себебі тоқтаған бетте көз жұмса, қазасын өтеу мойнынан түседі. Алайда себеп тоқтаған соң қазасын өтеуге шамасы келетіндей бірнеше күн өткенде көз жұмған кісі үшін артында қалған мұрагер оның қарыз күндерінің есесін (пидия) төлейді. Парыздың есесін төлеу дегеніміз - жарты сағ⁷ ұнмен немесе бір сағ құрма, мейіз, арпа немесе оларды ақшалай беру жолымен міскінді тамақтандыру. Ақшалай беру абзал. Барлық қазаларының есесін бір ғана пақырға беруге де болады. Мұрагер кісі өзіне марқұм өсиет еткен мұраның үштен бірімен парыздың есесін төлейді. Төленетін ақшаның көлемі бұдан асса, асқан құнды төлеу міндет емес. Өсиет тастауға үлгермеген марқұм үшін мұрагердің өз малынан төлеген ақшасымен марқұмның мойнынан парыз түседі. Марқұм үшін оразасын немесе намазын қайтару дұрыс емес. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: «Ешкім

¹ «Бақара» сүресі: 184

² Ибн Мажа жеткізді

³ «Бақара» сүресі: 184

⁴ Ибн Мажа жеткізді

⁵ Әл-Бұхар мен Мүслім жеткізді

⁶ Ахмад, Ат-Тирмизи, Ан-Насаи, Әбу Дәуд және Ибн Мажа жеткізді

⁷ 1 сағ шамамен 3 кг 800г. Жарты сағ = 1кг 900г

біреу үшін ораза ұстамайды және ешкім біреу үшін намаз оқымайды. Алайда, оған біреудің әр күні үшін бір мұд¹ бидаймен (пақырды) тамақтандыруына болады»².

Төртінші: Қазасы өтелуін талап етпегенімен, қаза күндердің есесін (пидия) төлеуді парыз ететін жағдайлар:

1 - Қаусаған шал мен кемпір ораза ұстауға шамасы келмесе, оразаның әр күні үшін пидия төлейді. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһ тағаланың Құрандағы:

﴿وَعَلَى الَّذِينَ يُطِيقُونَهُ فِدْيَةٌ طَعَامُ مِسْكِينٍ﴾

«..Шамасы келгендер бір міскінді тамақтандыруы арқылы пидия төлейді»³-деген сөзіне берген тәпсірінде былай деді: «Бұл жерде ораза ұстауға шамалары келмейтін қартайған шал мен қартайған кемпір айтылуда. Олар әр күндері үшін міскінді тамақтандырады»⁴. Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, қартайған шағында бір не екі жыл ораза ұстай алмай, әр күннің орнына нанмен және етпен бір міскінді тамақтандырған еді⁵.

2 - Емделуі ауыр, созылмалы аурумен ауыратын кісі.

Бесінші: Оразаның ашылуы да, қазасы өтелуі де парыз болатын жағдайлар:

Бұл жағдай хайыз бен нифасы келген әйелге ғана қатысты. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان يصيبنا ذلك فنؤمر بقضاء الصوم ولا نؤمر بقضاء الصلاة)

«Бұл жағдайда оразаның қазасын өтеуіміз бұйырылып, намаздың қазасын өтеуіміз бұйырылмайтын»⁶.

Алтыншы: Оразаны үзбеуімен қатар қазасын өтеуі де парыз болатын жағдайлар:

1 - Таң атпады деген сеніммен сәресін таң атқанда ішкен кісі.

2 - Күн батты деген сеніммен аузын күн батпай ашқан кісі.

Бұл екі жағдайда сол күнгі ораза рамазанның қадірі үшін аяғына дейін ұсталуы және кейін қазасы өтелуі парыз. Ханзала, Аллаһ тағала оған разы болсын, Омардың, Аллаһ тағала оған разы болсын, досы болған еді. Ол былай деді:

(كنت عند عمر في رمضان فأفطر وأفطر الناس، فصعد المؤذن ليؤذن فقال: يا أيها الناس هذه الشمس لم تغرب. فقال عمر رضي الله عنه: كفانا الله شرك، إنا لم نبعثك راعياً. ثم قال عمر رضي الله عنه: من كان أفطر فليصم يوماً مكانه)

«Бірде рамазан айында Омардың қасында болдым. Күн батқанда ол ауыз ашты. Адамдар да ауыз ашты. Сонда азаншы адамдарға: «Әй, адамдар! Мына күн, әлі батпады»-деп хабар білдіреді. Мұны естіген Омар азаншыға: «Аллаһ бізді ширктен аман қылсын. Сені бақташы етіп тағайындамаған едік»-дейді. Сосын адамдарға: «Ауыз ашқандар бұл күннің орнына басқа күні ораза ұстасын!»-дейді⁷.

3 - Аузын немесе мұрнын шайғанда өңешіне байқамай жүгіріп кеткен сумен оразам бұзылды деген оймен қателесіп ауыз ашса.

4 - Мәжбүрлі түрде ауыз ашса.

5 - Бір күн толық ораза ұстағанымен, оразаға деген ниеті болмаса.

Оразаның қазасы келесі рамазанға дейін өтеліп болуы қажет. Қазасы өтелетін күндер кешіктірілмей және арасы үзілмей ұсталуы мұстахап, бірақ шарт емес.

Жетінші: Оразаны бұзбайтын жағдайлар

¹ 1 мұд = 675г

² Әл-Байһақи жеткізді

³ “Бақара” сүресі: 184

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

⁵ Әл-Бұхари жеткізді

⁶ Мүслім жеткізді

⁷ Әл-Байһақи жеткізді

1 - Ұмытып тамақ жесе, сусын ішсе, жұбайымен төсектік қатынасқа түссе. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من نسي وهو صائم فأكل أو شرب فليتم صومه، فإنما أطعمه الله وسقاه)

«Ораза бола тұра ұмытып жеп-ішсе, оразасын толықтырады. Бұл - Аллаһтың оны тамақтандыруы және қандыруы»¹. Мұндай адамды көруші кісіге оның ораза екенін есіне түсіріп, дереу тоқтатуы қажет. Есіне түсірмеу мәкрүһ тахриман.

2 - Күндізгі ұйқы кезінде шәуеттің бөлінуі. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ثلاثة لا يفطرن الصائم: القيء والحجامة والاحتلام)

«Үш нәрсе оразаны ашпайды: құсу, хижама және күндізгі ұйқыда шәуеттің бөлінуі»².

3 - Ойлау немесе қарау нәтижесінде шәует бөлінуі. Сол секілді шәует жұбайын сүйгенде бөлінсе де ораза бұзылмайды. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان النبي صلى الله عليه وسلم يقبل ويباشر وهو صائم، وكان أملككم لإربه)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) ораза бола тұра сүйетін және аймалайтын. Араларында өз қалауына ең ұстамды сол болатын»³.

4 - Терісін майласа немесе шомылса, ораза ашылмайды.

5 - Сүрме жағу. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(اكتحل رسول الله صلى الله عليه وسلم وهو صائم)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) ораза бола тұра сүрме жағатын»⁴. Сол секілді көзге дәрі тамызу да оразаны бұзбайды.

6 - Хижама жасату. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты: «Үш нәрсе оразаны ашпайды: құсу, хижама және күндізгі ұйқыда шәуеттің бөлінуі»⁵. Сол секілді саусақ басынан және тамырдан қал алдырудың үкімі де осылай.

7 - Еріксіз кірген түгін.

8 - Жолдың шаңы немесе шыбын, маса, шіркей кірсе. Сәресі кезінде қабылдаған дәрі дәмінің өңеште сезілуі.

9 - Ер кісінің мүшесі аузына укол жасалуы немесе дәрі май салынуы имам Әбу Ханифаның жеке көзқарасында оразаны бұзбайды.

10 - Мұрыннан бөлінген шырыш ауыз қуысына түсіп, жұтылса. Әрине, түкіріп тастау мустахап.

11 - Суға малтығанда немесе шомылғанда құлағына байқаусыз су кетсе.

12 - Тістерінің арасына көлемі ұсақ бұршақтан кішкентай, тұрып қалған тамақ қалдығын жұту.

13 - Тіс жұлу. Алайда ішке қан мен дәрі кетпеуі шарт.

14 - Гүлді, жұпарды иіскеу.

15 - Мәсуәкті немесе кәдімгі тіс тазалағышты қолдану. Бірақ пастамен тазалауға болмайды. Өйткені ол сілекейге араласып ішке кетуі әбден мүмкін.

16 - Өз бетінше келген құсық, тіпті ауыз толтырса да, оразаны бұзбайды. Алайда келген құсықты жұтып қойса, бұзылады.

17 - Жүніп күйінде таң атыру оразаны бұзбайды. Бірақ таң намазы үшін ғұсыл құйынуы парыз.

18 - Белгілі бір себеппен ауыз ашуға ниеттеніп, сосын бұл ниетінен қайтса, ораза бұзылмайды.

19 - Естен тану.

¹ Мүслім жеткізді

² «Мажмаъ аз-Зауаид»: 3/170

³ Әл-Бұхари жеткізді

⁴ Ибн Мажа жеткізді

⁵ «Мажмаъ аз-Зауаид»: 3/170

Екінші: Уәжіп ораза

Уәжіп ораза үшке бөлінеді:

1 - Бұзып алынған нәпіл оразасының қазасын өтеу.

2 - Бастаған нәпіл оразасын толық ұстау. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿وَلَا تُبْطِلُوا أَعْمَالَكُمْ﴾

«Амалдарыңды жоймаңдар!»¹.

3 - Нәзір иътикафтің² оразасын ұстау. Мысалы, кім бір апта бойы мешітте иътикаф жасаймын деп Аллаһ тағалаға ант берсе, оны орындауы және оразасын ұстауы уәжіп болады.

Үшінші: Сүннет ораза

Сүннет оразалардың мақсаты мұсылманның Раббысымен байланысын күшейтіп, Оған жақындату. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(من صام يوما في سبيل الله باعد الله تعالى وجهه عن النار سبعين خريفا)

«Кім Аллаһ жолында бір күн ораза ұстаса, Аллаһ тағала оның жүзін оттан жетпіс күзге (жылға) алыстатады»³.

1 - Бір күн ораза, бір күн ауыз ашу. Абдулла ибн Амру, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(أفضل الصيام صوم داود كان يصوم يوما ويفطر يوما)

«Ең абзал ораза - Дәудтің (алайһи ас-салам) оразасы. Ол бір күн ораза ұстайтын және бір күн ауыз ашатын»⁴.

2 - Хижра есебі бойынша әр айдың он үшінші, он төртінші және он бесінші күндерін ораза ұстау. Әбу Зарр, Аллаһ тағала оған разы болсын, өзіне Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا صمت من الشهر ثلاثة أيام فصم ثالث عشرة و رابع عشرة و خامس عشرة)

«Бір айда үш күн ораза ұстайтын болсаң, он үшінші, он төртінші және он бесінші күндерінде ұста»⁵.

3 - Дүйсенбі және бейсенбі оразасы. Усама ибн Зайд, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) дүйсенбі мен бейсенбі күні ораза ұстайтын. Мұның себебі жайында сұралғанда:

(تعرض الأعمال يوم الاثنين والخميس، فأحب أن يعرض عملي وأنا صائم)

«Адамдардың амалдары дүйсенбі мен бейсенбі күндері ұсынылады. Амалымның ораза болған күйде ұсынылуын ұнатамын»-деп жауап береді⁶.

4 - Шәууәл айының алты күн оразасы. Әбу Аййуп, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من صام رمضان، ثم أتبعه ستاً من شوال كان كصيام الدهر)

«Кім рамазанды ұстаса, сосын ізінше шәууәлдің алты күнін ораза ұстаса, мұнысы дәуір оразасы болады»⁷.

¹ “Мұхаммед” сүресі: 33

² Жамағатпен намаз оқылатын мешітте бірнеше күн кідіріп, құлшылыққа берілу және ораза ұстау. Иътикаф мәселесіне қатысты бұл тараудың соңында арнайы тақырып бар.

³ Әл-Бұхари және Мүслім жеткізді

⁴ Әл-Бұхари және Мүслім жеткізді

⁵ Ат-Тирмизи жеткізді

⁶ Әбу Дәуд жеткізді

⁷ Мүслім жеткізді

5 - Арафа оразасы. Бұл - ораза қажылықтағы кісілерден басқалар үшін және зұлхижжа айының тоғызында ұсталады. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(صيام يوم عرفة أحسب على الله أن يكفر السنة التي قبله والسنة التي بعده)

«Арафа күнгі оразамен Аллаһтан тілейтін сауабым - өткен жыл мен келер жылды (күнэләрін) жууы»¹. Тағы бір хадисте:

(ما من يوم أكثر من أن يعتق الله فيه من النار من يوم عرفة)

«Аллаһ басқа күндердің ешбіреуінде Арафа күніндегідей етіп, құлдарын оттан құтқармайды»².

6 - Зұлхижжа айының Арафа күнінен бұрынғы сегіз күн оразасы. Хафса, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أربع لم يكن يدعهن رسول الله صلى الله عليه وسلم صيام عاشوراء والعشر و ثلاثة أيام من كل شهر و الركعتين قبل الغداة)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) төрт нәрсені тастамайтын: Ашура оразасын, зұлхижжа айының он күнін, әр айдың үш күнін, таң намазы алдындаға екі рәкат сүннетті»³.

Зұлхижжа айының алғашқы он күнінде, жалпы, істелетін амалдардың сауабы өте ерекше. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ما من أيام العمل الصالح فيهن أحب إلى الله من هذه الأيام العشر، فقالوا: يا رسول الله ولا الجهاد في سبيل الله؟ فقال، ولا

الجهاد في سبيل الله إلا رجل خرج بنفسه وماله فلم يرجع من ذلك بشيء)

«Бұл күндері істелетін ізгі амалдардан Аллаһ тағалаға сүйкімдірек болатын ешқандай амал жоқ!»-деді. Сахабалар одан: «Әй, Аллаһтың елшісі, ол тіпті Аллаһ жолында күресуден де сүйкімдірек пе?»-деп сұрады. Ол: «Иә, тіпті, Аллаһ жолында күресуден де сүйкімдірек! Алайда, біреу жаны мен малын Аллаһ тағаланың жолында құрбан ету ниетімен аттанып, сосын үйіне одан ешнәрсе оралмаса, әрине, оған тең келер еш амал жоқ»-деді⁴.

7 - Ашура оразасы. Бұл ораза мұхаррам айының онында ұсталады. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(قدم النبي صلى الله عليه وسلم فرأى اليهود تصوم عاشوراء فقال: ما هذا؟ قالوا: يوم صالح نجى الله فيه موسى وبنى إسرائيل من

عدوهم فصامه موسى فقال: أنا أحق بموسى منكم فصامه و أمر بصيامه)

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Мәдинаға келгенде яһудилердің ашура оразасын ұстап жүргендерін байқайды. Сосын олардан: «Бұларың не үшін?»-деп сұрайды. Олар: «Бұл - игі күн. Аллаһ тағала бұл күні Мұсаны және Исраил ұрпақтарын дұшпандарынан (перғауыннан) құтқарған болатын. Мұса осы күні ораза ұстаған»-дейді. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) оларға: «Сендерге қарағанда Мұсаға мен жақынырақпын»-деп, ораза ұстайды және басқаларға да ораза ұстауларын бұйырады⁵.

Мұхаррам айының оныншы күнімен қатар тоғызыншы күнін ораза ұстау сүннет. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لئن بقيت إلى قابل لأصومن التاسع)

«Келесі жылы тірі болсам, әлбетте, тоғызыншы күнін де ораза ұстаймын»⁶. Әбу Қатада, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай

¹ Мүслім жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Ахмад, Әбу Дәуд және Ан-Насаи жеткізді

⁴ Ахмад, Әл-Бұхари, Ат-Тирмизи, Әбу Дәуд және Ибн Мажа жеткізді

⁵ Әл-Бұхари және Мүслім жеткізді

⁶ Мүслім жеткізді

дегенін айтты: «**Арафа күнгі ораза екі жылды: өткен және келер жылдарды жуады. Ал Ашура күнгі ораза өткен жылды жуады**»¹.

8 - Мұхаррам айындағы ораза. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(أفضل الصلاة بعد المكتوبة جوف الليل وأفضل الصيام بعد رمضان شهر الله المحرم)

«**Парыз намаздарынан кейін, ең абзал намаз - түнгі (нәпіл) намаз. Рамазаннан кейін, ең абзал ораза - Аллаһтың мұхаррам айы**»².

9 - Шағбан оразасы. Үмму Салама, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن النبي صلى الله عليه وسلم لم يكن يصوم من السنة شهراً تاماً إلا شعبان يصل به رمضان)

«Аллаһтың елшісі рамазанмен байланыстырып, бір жылда шағбаннан басқа айда толық ай ораза ұстамайтын»³.

Ханафи мен мәлики мәзһаптарында бұл оразалардың ішінде Ашура оразасынан басқасының үкімі бекітілмеген сүннет. Бекітілмеген сүннет дегеніміз - пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) бірде істеп, бірде істемеген іс. Істелуі сауап, істелмеуі мәкрүһ емес. Бекітілмеген сүннеттің басқа атаулары: мәндуп, мустахап және әдеп.

Нәпіл оразаларын үзу үкімі

1 - Нәпіл оразаны себепсіз үзу мәкрүһ. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا دعي أحدكم فليجب، فإن كان مفطراً فليطعم، وإن كان صائماً فليصم)

«**Сендерден кім (асқа) шақырылса, шақыруды қабыл алсын. Ораза болмаса, тамақтансын. Ал ораза болса, оразасын жалғастырсын**»⁴. Ханафи мен мәлики мәзһаптарында кім нәпіл намазға кірсе немесе нәпіл ораза ұстаса, аяғына жеткізуі ләзім. Егер бұзса, қазасын өтеуі уәжіп. Өйткені кез келген нәпіл амалдың мақсаты Аллаһ тағалаға жақындау. Олай болса, оның қадірін жоймай, қорғаған абзал. Аллаһ тағала Құран Кәрімде: «**Амалдарыңды жоймандар!**»-дейді⁵. Имам Мәлік жеткізген хабарда Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(من صام متطوعاً ثم أفطر من غير ضرورة فذلك الذي يلعب بدينه)

«Кім нәпіл ораза ұстап, сосын оны себепсіз үзсе, бұл кісі дінімен ойнап жүрген болды»⁶.

2 - Әбу Юсуптің көзқарасында нәпіл оразаларын себепті, себепсіз үзуге болады. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(دخل عليّ النبي صلى الله عليه وسلم ذات يوم فقال: (هل عندكم شيء؟ فقلنا: لا. قال: فإني إذن صائم، ثم أتانا يوم آخر فقلنا:

يا رسول الله أهدى لنا حَيْس، فقال: أرىنيه فلقد أصبحت صائماً، فأكل)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) бір күні үйіме кіріп: «**Жейтін бір нәрселерің бар ма?**»-деп сұрады. Біз: “Жоқ”-деп жауап бердік. Ол: «**Онда мен оразамын**»-деді. Басқа бір күні келгенінде біз оған: «Әй, Аллаһтың елшісі, үйімізге тоң майға араласқан құрма әкелінді»-дедік. Ол: «**Ораза болып таң атырған едім. Оны маған көрсетші**»-деп, одан жеді»⁷.

Төртінші: Мәкрүһ ораза

1 - Ашура оразасында бір ғана оныншы күнді ұстау мәкрүһ танзиһан. Яғни тоғызын немесе он бірін қосып ұстаған жөн.

2 - Жұма күні арнайы ораза ұстау мәкрүһ танзиһан.

¹ Мүслім жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Ахмад, Ат-Тирмизи, Ан-Насаи, Әбу Дәуд және Ибн Мажа жеткізді

⁴ Әбу Дәуд жеткізді

⁵ «Мұхаммед» сүресі: 33

⁶ «Әл-Фикһ ал-Ислами уа Адиллатуһу»: 3/1648

⁷ Мүслім, Әбу Дәуд және Ан-Насаи жеткізді

(لا تختصوا ليلة الجمعة بقيام من بين الليالي، ولا تَخْصُوا الجمعة بصيام من بين الأيام، إلا أن يكون في صوم يصومه أحدكم)

«Жұманың түнін басқа түндерден ерекшелеп, түнгі (нәпіл) намазға арнамаңдар! Сондай-ақ басқа күндерден ерекшелеп, жұма күні арнайы ораза ұстамаңдар! Алайда біреулерің ұстап жүрген (бірнеше күндік) ораза сол күнге келіп қалса, ұстауына болады»¹.

3 - Сенбі күні арнайы ораза ұстау мәкрүһ танзиһан. Абдулла ибн Буср әпкесінен, Аллаһ тағала оларға разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لا تصوموا يوم السبت إلا فيما افترض الله عليكم)

«Аллаһ тағала өздеріңе парыз еткен оразада болмаса, сенбі күні ораза ұстамаңдар!»².

4 - Өмір бақи ораза ұстау мәкрүһ танзиһан. Абдулла ибн Амру, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لا صام من صام الأبد)

«Өмір бақи ораза ұстаушының оразасы жоқ!»³.

5 - Күмәнді күні ораза ұстау мәкрүһ тахриман. Күмәнді күн дегеніміз - шағбан айының жиырма тоғызыншы күнінен кейінгі күн. Күн бұлтты болғандықтан, оның не шағбанның соңы екені, не рамазанның басы екені белгісіз.

6 - Уисал ораза. Уисал ораза дегеніміз - бүгінгі күнгі оразаны ауыз ашпай, сәресі ішпей келесі күннің оразасымен жалғастыру. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إياكم والوصال. قالوا: فإنك تواصل يا رسول الله. قال: إنكم لستم في ذلك مثلي. إني أبيت يطعمني ربي ويستقيني فاكلتوا من الأعمال ما تطيقون)

«Уисал жасаудан сақтаныңдар!». Сонда адамдар: «Әй, Аллаһтың елшісі! Сіз солай жалғастырасыз ғой?»-дейді. Ол (саллаллаһу алайһи уа саллам): «Бұл істе сендер мен секілді емессіңдер. Мені түнде Раббым тамақтандырып, шөлімді қандырады. Шамаларың келетін істерді атқарыңдар»-дейді⁴.

7 - Жолаушы кісіге қиналып ораза ұстау мәкрүһ тахриман. Жәбир ибн Абдулла, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ليس من البر أن تصوموا في السفر)

«Сапарда ораза ұстау жақсылық емес»⁵.

8 - Әйел кісіге күйеуінің рұқсатынсыз нәпіл ораза ұстау мәкрүһ танзиһан. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لا تصوم المرأة وبغْلِها شاهد إلا بإذنه)

«Әйел кісіге күйеуі қасында бола тұра, оның рұқсатынсыз ораза ұстауына болмайды»⁶. Біріншіден, әйел кісі әлсіз жан саналады. Екіншіден, жүкті немесе бала емізген болуы мүмкін. Үшіншіден, үй шаруасы мен балаларына қарауы одан әжептәуір күш-жігерді талап етеді. Әйел затына осы міндеттерін толық атқаруға қажетті әл-қуатын нәпіл ораза алатын болғандықтан, күйеуінің келісімінсіз ұстауына болмайды.

¹ Мүслім жеткізді

² Ат-Тирмизи жеткізді

³ Ахмад, Әл-Бұхари және Мүслім жеткізді

⁴ Мүслім жеткізді

⁵ Мүслім жеткізді

⁶ Әл-Бұхари жеткізді

9 - Сөйлемей ораза ұстау мәкрүһ танзиһан. Бұл - ислам шарифатына жат ораза. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(بينما النبي صلى الله عليه وسلم يخطب إذا هو برجل قائم، فسأل عنه فقالوا: أبو إسرائيل نذر أن يقوم ولا يقعد، ولا يستظل ولا يتكلم، ويصوم. فقال النبي صلى الله عليه وسلم: (مره فليتكلم وليستظل وليقعد وليتم صومه)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) құтпа айтып тұрғанда бір кісінің түрегеп тұрғанын көреді. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) оның отырмай түрегеп тұруының мәнісін сұрағанда, адамдар: «Ол - Әбу Исраил. Отырмай, түрегеп тұруға, көлеңке қолданбауға және сөйлеспей ораза ұстауға серт беріпті»-дейді. Сонда пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам): «**Оған сөйлесуін, көлеңкені қолдануын, отыруын және оразасын жалғастыруын бұйырындар!**»-дейді¹.

10 - Ораза айты мен Құрбан айтында ораза ұстау мәкрүһ тахриман. Әбу Саъид әл-Хұдри, былай деді:

(نهى النبي صلى الله عليه وسلم عن صوم يوم الفطر والنحر)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) Ораза мен Құрбан айт күндері ораза ұстауға тыйым салды»².

11 - Ташрик күндері ораза ұстау мәкрүһ тахриман. Нубайша Әл-Һузали, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(أيام التشريق أيام أكل وشرب)

«**Ташрик күндері - тамақ жеп, сусын ішетін күндер**»³.

Бесінші: Нәзір

Нәзір дегеніміз - Мұсылманның Аллаһ тағалаға бір істі орындауына серт беруі. Нәзірді орындаудың үкімі - парыз. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде салиқалы құлдарына берген сипаттамасында былай дейді:

﴿يُوفُونَ بِالنَّذْرِ وَيَخَافُونَ يَوْمًا كَانَ شَرُّهُ مُسْتَطِيرًا﴾

«**Олар нәзірлерін орындайды және жамандығы шашырайтын күннен қорқады**»⁴.

Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من نذر أن يطيع الله فليطعه)

«**Кім Аллаһқа бағынуға нәзір берсе, Оған бағынсын!...**»⁵.

Орындалатын нәзірдің шарттары:

1 - Намаз, ораза, қажылық секілді құлшылық болуы.

2 - Орындаушының шамасы жетуі.

Нәзірдің түрлері:

1 - **Еркін нәзір.** Бұл - «Раббым үшін екі рәкат намаз оқимын» немесе «Раббым үшін бір күн ораза ұстаймын» деген сертпен кез келген уақытта және кез келген жерде орындалуы парыз болған нәзір.

2 - **Тәуелді нәзір.** Бұл нәзір өз ішінде екіге бөлінеді:

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Әл-Бұхари жеткізді

³ Мүслім жеткізді

⁴ «Инсан» сүресі: 7

⁵ Әл-Бұхари жеткізді

Бірінші: Шарттың жүзеге асуына тәуелді нәзір. «Аллаһ тағала маған бала нәсіп етсе, он міскінді тамақтандырамын» немесе «Аллаһ тағала осы ісімді жеңілдетсе, бір апта ораза ұстаймын» деген сертпен берілген нәзірдің орындалуы шарттың жүзеге асуына тәуелді. Аллаһ тағаланың оған бала нәсіп етуі жүзеге асса, нәзірін орындауы уәжіп болады.

Екінші: Шартқа тәуелді болғанымен оның жүзеге асуын қаламайтын нәзір. «Пәленшемен сөйлеспеуге серт беремін. Егер онымен сөйлесіп қойсам, Аллаһ үшін бір ай ораза ұстаймын» деген сертпен берілген нәзірдің орындалуы пәленшемен сөйлесіп қоюына тәуелді. Егер сөйлесіп қойса, не нәзірін орындайды, не ант бұзу кәффәрәтін өтейді.

Оразаның мұстахаптары

1 - Ауыз ашуды кешіктірмеу. Саһіл ибн Саъд, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لا يزال الناس بخير ما عجلوا الفطر)

«Адамдар ауыз ашуды кешіктіру әдетін шығармайынша жақсылықта жалғаса береді»¹.

2 - Алдымен, үш құрмамен ауыз ашып, сосын ақшам намазын оқу. Салман ибн Ғамир, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا أفطر أحدكم فليفطر على تمر، فإن لم يجد فليفطر على الماء فإنه طهور)

«Сендерден кім ауыз ашса, құрмамен ашсын. Егер құрма табылмаса, сумен ашсын. Расында, су - таза»².

3 - Ауыз ашқанда дұға жасау. Абдулла ибн Амру, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إن للصائم عند فطره لدعوة ما ترد)

«Ораза ұстаушының ауыз ашарда жауапсыз қалмайтын дұғасы бар»³.

4 - Сәресі ішу. Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(تسحروا، فإن في السحور بركة)

«Сәресі ішіндер! Негізінде, сәресінде береке бар»⁴. Аз нәрсе қабылданса да, сәресі ішу сүннет. Сол секілді сәресін кешіктіріп қабылдау мұстахап. Әбу Ад-Дарда, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ثلاث من أخلاق المرسلين: تعجيل الإفطار، وتأخير السحور، ووضع اليمين على الشمال في الصلاة)

«Үш қасиет елшілерге тән: ауыз ашуға асығу, сәресін кешіктіріп қабылдау және намазда оң қолды сол қолдың үстіне қою»⁵.

5 - Жүніп кісіге таң атпай ғұсыл құйыну.

6 - Көп Құран оқу және Құран дәрістерін алу. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم أجود الناس، وكان أجود ما يكون في رمضان حين يلقاه جبريل، وكان يلقاه في كل ليلة من رمضان فيدارسه القرآن)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) ең жомарт кісі болатын. Рамазанда өзімен Жебірейіл кездескенде сондай жомарт болатын. Жебірейіл онымен рамазанның әр түнінде кездесіп, Құран дәрісін беретін»⁶.

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Ибн Мажа жеткізді

³ Ибн Мажа жеткізді

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

⁵ Ат-Табарани жеткізді. Хасан хадис.

⁶ Әл-Бұхари жеткізді

7- Отбасына және қарамағындағы адамдарға кеңшілік жасау.

8 - Көп садақа беру. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان النبي صلى الله عليه وسلم أجود الناس بالخير، وكان أجود ما يكون في رمضان)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) жақсылық жасауда ең жомарт кісі болатын. Ерекше жомарттығы рамазанда көрінетін»¹.

9 - Рамазанның соңғы он күндерінде иътикаф жасау. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم يجتهد في العشر الأواخر ما لا يجتهد في غيره)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) рамазанның соңғы он күндерінде жасаған іждағаты басқа айлардағы іждағатынан ерекше болатын»².

Оразаның мәкрүһтәрі

1 - Организмді әлсірететін болғандықтан, хижамасу, қан алдыру және ауыр жұмыс істеу. Анас ибн Мәлик, Аллаһ тағала оған разы болсын, өзінен:

(أكنتم تکرهون الحجامة للصائم؟ قال: لا، إلا من أجل الضعف)

«Ораза ұстаған кісіге хижаманы ұнатпаушы едіңдер ме?»-деп сұралғанда: «Жоқ. Тек әлсіздік келтіре ме деп, ұнатпағанымыз болмаса (жек көрмейтінбіз)»-деп жауап береді³.

2 - Тамақтың дәмін тату. Күйеуінің мінезі нашар болған әйелге тамақтың тұзын байқауына болады.

3 - Дәмсіз шайыр (смола) шайнау. Егер ауызда бірігіп тұрса, мәкрүһ болады. Ал үгітілсе, ораза бұзылады. Кейін қазасын өтейді. Үмму Хабиба анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(لا يمضغ العلك للصائم)

«Ораза ұстаушыға шайыр шайнауға болмайды»⁴. Қазіргі кездегі сағыздарда дәм болғандықтан, оны ораза кісіге мүлде шайнауға болмайды.

4 - Шәһуат сезіміне ұстамды емес кісіге жұбайын құшақтау немесе сүйу. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن رجلاً سأل النبي صلى الله عليه وسلم عن المباشرة للصائم فرخص له، وأتاه آخر فسأله فنهاه، فإذا الذي رخص له شيخ، والذي نهاه شاب)

«Бір кісі пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) келіп, жұбайын құшақтау жайында сұрайды. Аллаһтың елшісі оған рұқсат береді. Сосын тағы біреу келіп сұрайды. Оған рұқсат бермейді. Сөйтсе, өзіне рұқсат берілген кісі шал екен. Ал рұқсат берілмеген жас жігіт екен»⁵.

5 - Ауыз бен мұрынды тереңірек шаю.

6 - Ауыз ашуды әдейі кешіктіру.

7 - Ауызға сілекей жинау және оны жұту.

Ораза ұстаушыға мәкрүһ емес істер:

1 - Шәһуат сезіміне ұстамды кісіге жұбайын құшақтауы және сүйуі. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Әл-Бұхари жеткізді

⁴ Әл-Байһақи жеткізді

⁵ Әбу Дәуд жеткізді

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم يقبل وهو صائم وبياشر وهو صائم)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) ораза бола тұра сүйетін және ораза бола тұра құшақтайтын»¹.

2 - Мұртты майлау.

3 - Сүрме жағу. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(اكتحل رسول الله صلى الله عليه وسلم وهو صائم)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) ораза бола тұра сүрме жағатын»².

4 - Организм әлсіремейтін болса, хижама жасату, қан алдыру және ауыр жұмыс істеу.

5 - Мәсуек қолдану. Амир ибн Рабиъа, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(ما أحصي ولا أعد ما رأيت رسول الله صلى الله عليه وسلم يتسوك وهو صائم)

«Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) ораза бола тұра мәсуек қолданғанын қанша мәрте көргенімді санай алмаспын»³.

6 - Шомылу және ыстық күні салқындау мақсатымен суға малту немесе киімін сулап кию. Әбу Бәкір ибн Абдурахман сахабалардың бірінің былай дегенін айтты:

(لقد رأيت رسول الله صلى الله عليه وسلم بالعرج يصب على رأسه الماء وهو صائم من العطش أو قال من الحر)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) ораза бола тұра, шөл қысқандықтан, басына су құйғанын көрдім. Немесе ыстық қысқандықтан, - деді»⁴.

Екінші бөлім: Иътикаф

«Иътикаф» сөзі араптың "الاعتكاف" сөзінен алынған. Оның тілдік мағынасы: бір орында біраз уақыт болу және бір нәрсеге берілу.

Шариғаттағы мағынасы: парыз намазы жамағатпен оқылатын мешітте ораза ұстап, құлшылыққа берілу үшін, бірнеше күн мешітте болу.

Иътикафтің үкімі:

1 - Рамазан айының соңғы он күндерінде жасалатын иътикафтің үкімі сүннет. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن النبي صلى الله عليه وسلم كان يعتكف العشر الأواخر من رمضان حتى توفاه الله عز وجل)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) Мәдинаға келгеннен көз жұмғанға дейін рамазанның соңғы он күндерінде иътикаф жасайтын...»⁵.

2 - Аллаһ тағалаға берілген серттің негізінде жасалатын нәзір иътикафтің үкімі уәжіп. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде салиқалы құлдарына берген сипаттамасында былай дейді:

﴿يُؤْفُونَ بِالَّذِرِّ وَيَخَافُونَ يَوْمًا كَانَ شَرُّهُ مُسْتَطِيرًا﴾

«Олар нәзірлерін орындайды және жамандығы шашырайтын күннен қорқады»⁶.

Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من نذر أن يطيع الله فليطعه)

¹ Мүслім жеткізді

² Ибн Мажа жеткізді

³ Әл-Байһақи жеткізді

⁴ Әл-Байһақи жеткізді

⁵ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

⁶ “Инсан” сүресі: 7

«Кім Аллаһқа бағынуға нәзір берсе, Оған бағынсын..»¹.

3 - Басқа айларда кез келген уақытта иътикаф жасау мұстахап.

Иътикафтің ұзақтығы

Рамазан иътикафiнiң ұзақтығы он күн болуы шарт. Нәзір иътикафтің ұзақтығы ең азы бір күн болуы ләзім. Ораза иътикафтің шарты болғандықтан, бір күннен аз жасалуы дұрыс емес. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшiсiнiң (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенiн айтты:

(لا اعتكاف إلا بصوم)

«Оразасыз иътикаф болмайды»².

Нәпiл иътикафтің ұзақтығы имам Әбу Ханифаның көзқарасында ең азы бір күн, ал Мұхаммедтің көзқарасында бір сағат және одан асырса болады, ал Әбу Юсуптің көзқарасында күндiздiң көп бөлiгi болуы қажет.

Иътикафтің дұрыстығына қажетті шарттар

1 - Ниет.

2 - Мешiтте кiдiру (тұру). Жамағат көп келетiн мешiтте жасалуы абзал. Нәзір сөзiнде бiр мешiт белгiленген болса, бәрiбiр, қай мешiтте жасаса да, иътикафi дұрыс болады. Әйел кiсi мешiтке қарағанда өз үйiнiң жанынан иътикафқа арнап тiгiлген шатырда немесе арнайы бөлмеде жасағаны дұрыс.

3 - Ораза ұстау. Ораза тек нәпiл иътикафта ғана шарт емес.

Иътикаф жасаушыға қатысты шарттар

1 - Мұсылман болу.

2 - Ақыл есi дұрыс болу.

3 - Бойдәреттi болу.

Иътикафтің мәкрүһтәрі

1 - Сауда жасау немесе дүние iсiмен шұғылдану.

2 - Мүлде сөйлеспеу.

3 - Дүниелiк және бос сөз сөйлеу.

Иътикафті бұзатын нәрселер

1 - Мешiттен себепсiз немесе ұмытып бiр сағатқа шығу. Алайда бiлiм отырысына қатысу үшiн, науқастың көңiлiн сұрау үшiн, жаназаға қатысу үшiн, қазының шақыруымен куә болу үшiн, кенеттен ауырып қалғандықтан шығуға болады. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай дедi:

(وإن كان رسول الله صلى الله عليه وسلم ليدخل عليّ رأسه وهو في المسجد فأرجله، وكان لا يدخل البيت إلا لحاجة إذا كان معتكفاً)

«Аллаһтың елшiсi (саллаллаһу алайһи уа саллам) басын бөлмеге кiргiзгенiмен, аяқтары мешiтте болатын. Иътикаф кезiнде қажетсiз үйге мүлде кiрмейтiн»³.

2 - Себеп аяқталғанда мешiтке оралмауы.

3 - Әйел кiсi үшiн хайыз бен нифастың келуi.

4 - Төсектiк қатынасқа түсу немесе құшақтап аймалау.

Зекет

¹ Әл-Бұхари жеткiздi

² Әбу Дәуд жеткiздi

³ Әл-Бұхари жеткiздi

Төртінші тарау: Зекет

Бірінші бөлім: Зекет бөліміне кіріспе

Анықтамасы

Зекет сөзінің арап тіліндегі атауы – " الزكاة ". Оның тілдік мағынасы: тазару, өсу, өну, арту және береке.

Зекеттің шарифаттық мағынасы: Аллаһ тағалаға ықыласпен бағыну ниетімен мұсылманның өз малынан шарифат белгілеген мөлшердегі бөлігін шығарып, оны пақыр мұсылманның иелігіне беруі. Берілетін мал да зекет деп аталады. Оның пақырға берілуі арқылы мұсылманның жалпы малына береке қонады.

Зекет арқылы мұсылман күнәлерінен және сараңдық қасиетінен тазарады. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай дейді:

﴿ خُذْ مِنْ أَمْوَالِهِمْ صَدَقَةً تُطَهِّرُهُمْ وَتُزَكِّيهِمْ بِهَا ﴾

«Ей найғамбар! Олардың малдарынан садақа ал. Бұл - олардың күнәлерін кетіріп, жан дүниелерін тазарту үшін...»¹.

Зекеттің үкімі

Зекет - ислам тіректерінің бірі. Зекет төлеуге шамасы келетін әрбір мұсылманның зекет беруі парыз айн.

Құраннан дәлел:

﴿ وَأَقِيمُوا الصَّلَاةَ وَآتُوا الزَّكَاةَ ﴾

«Намазды орындаңдар және зекет беріңдер!»².

Сүннеттен дәлел:

(بنی الإسلام علی خمس: شهادة أن لا إله إلا الله، وأن محمداً رسول الله، وإقام الصلاة، وإيتاء الزكاة، والحج، وصوم رمضان)

«Ислам бес нәрсеге негізделген: Аллаһтан басқа тәңір жоқ екендігіне және Мұхаммед Оның елшісі екендігіне куәлік беруге, намазды орындауға, зекет төлеуге, шамасы келген кісіге Аллаһтың үйіне қажылық қылуына, рамазан оразасын ұстауға»³.

Аллаһ тағала ислам үмметі үшін зекеттің парыздығын шарифатқа һижраның екінші жылында шәууәл айында рамазан оразасы мен пітір садақасынан кейін Мәдинада енгізді. Оның парыздығы Құранның 82 жерінде намазбен қоса айтылған. Бұл аяттар намаз бен зекеттің бір-бірінен еш ажырамайтын берік байланыста екенін білдіреді. Шарифат үкімі орнаған елде зекеттің парыздығын жоққа шығарушы кісі кәпір саналады.

Зекеттің сыры⁴

Аллаһ тағала құлдарының арасына ризық пен қабілеттілік тұрғысынан өзгешелік жасады. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай деді:

﴿ وَاللَّهُ فَضَّلَ بَعْضَكُمْ عَلَى بَعْضٍ فِي الرِّزْقِ ﴾

¹ «Тәуба» сүресі: 103

² «Бақара» сүресі: 43

³ Әл-Бұхари жеткізді

⁴ «Әл-Фикһ ал-Ислами уа Адиллатуһу»: 3/1790,1791.

«Аллаһ ризықта біреулеріңді екіншілеріңнен артық етті»⁵.

Қоғамдағы мұсылмандар арасында өзара қарайласуды аяғына тұрғызуда және пақырлар мәселесін шешуде зекеттің рөлі өте зор. Байлардың малдарында пақырлардың қақылары бар. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай деді:

﴿وَفِي أَمْوَالِهِمْ حَقٌّ لِّلسَّائِلِ وَالْمَحْرُومِ﴾

«Сондай-ақ олардың малдарында сұраушыға да, жоқ-жітікке де лайықты үлес бар»².

Дәулетке бөлеген құлдарын малға қатысты сынау үшін, Аллаһ тағала шарифатқа зекетті парыз етіп, садақаны ерікті етіп енгізді.

Зекеттің сырына келетін болсақ, **біріншіден**, ол мал-мүлікті арам көздерден, ұрлықшылардан қорғайды. Ибн Масъуд, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(حصنوا أموالكم بالزكاة وداووا مرضاكم بالصدقة وأعدوا للبلاء الدعاء)

«Мал-мүліктеріңді зекетпен қорғандар және ауруларыңды садақамен емдеңдер, сондай-ақ бәлеге қарсы дұға әзірлендер»³.

Екіншіден, зекет пақырлар мен мұқтаждарға қолғабыс. Өздеріне берілген зекет малымен олар шаруаларын аяғына тұрғызады. Қоғам қайыршылық дертінен аман болады. Қоғамдағы дәулетті кісілер пақырлар үшін жауап береді. Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ويل للأغنياء من الفقراء يوم القيامة يقولون: ربنا ظلمونا حقوقنا التي فرضت لنا عليهم فيقول الله تعالى: وعزتي وجلالي لأدينكم و لأبعدنكم)

Қиямет күні байларға пақырлар тарапынан қайғы жетеді. Олар: «Раббымыз! Мыналар өздеріне берулері парыз етілген лайықты қақымызға әділетсіздік жасады. Сонда Аллаһ тағала: «Үстемдігіме және Ұлылығыма серт! Әлбетте, оларды төмен түсіріп, алыстатамын»-дейді⁴. Бұл хадис әлсіз дәрежеде болғанымен мағынасын мына аят қуаттайды: «Сондай-ақ олардың малдарында сұраушыға да, жоқ-жітікке де лайықты үлес бар»⁵.

Үшіншіден, зекет мұсылман адамның жан дүниесін сараңдық пен ашкөздіктен тазартып, басқалардың жағдайына қарайласуға, тек зекет берумен шектелмей, өзінде бар жақсылықты жоқ-жітіктермен бөлісе алуға дағдыландырады. Өзінің қоғамдық бұл міндетін атқаруымен, ол тіпті, мемлекетті дұшпаннан қорғау қажеттілігі туғанда кідірмей мал-мүлкімен демеу көрсетуге дайын тұрады. Жанадан дамып келе жатқан мұсылман қоғамында имани бағытта тәлім-тәрбие беретін қажетті оқу орындар мен бала-бақшалар салу мәселесі де осы дәулетті мұсылмандардың демеуімен ғана шешіледі.

Төртіншіден, зекет беру мал-мүлік нығметі үшін шүкір ету саналады.

Зекет бермеуші мұсылманның жазасы

Дүниедегі жазасы: Әбу Бәкір, Аллаһ тағала оған разы болсын, халифа болған заманда көптеген мұсылмандар өздеріне Раббылары парыз еткен міндеттерден намазды мойындап, зекет малын төлеуден бас тартады. Сонда Әбу Бәкір былай дейді:

(والله لأقاتلن من فرّق بين الصلاة والزكاة، فإن الزكاة حق المال، والله لو منعوني عنّا كانوا يؤذونها إلى رسول الله صلى الله عليه وسلم لقاتلتهم على منعها)

⁵ «Нахл» сүресі: 71

² «Зәрият» сүресі: 19

³ Ат-Табарани мен Әбу Наъим жеткізді

⁴ Ат-Табарани жеткізді

⁵ «Зәрият» сүресі: 19

«Аллаһқа серт! Әлбетте, намаз бен зекеттің арасын бөлуші әркіммен соғысамын. Расында, зекет - мал-мүліктің қақы. Аллаһқа серт! Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) болған заманда төлеп жүрген бір ешкіні менің кезімде төлеулерінен бас тартса, сол үшін, әлбетте, олармен соғысамын»¹.

Ақиреттегі жазасы: Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿وَالَّذِينَ يَكْتُمُونَ الذَّهَبَ وَالْفِضَّةَ وَلَا يَفْقَهُونَهَا فِي سَبِيلِ اللَّهِ فَبَشِّرْهُمْ بِعَذَابٍ أَلِيمٍ {34} يَوْمَ يُحْمَى عَلَيْهَا فِي نَارٍ جَهَنَّمَ فَتُكْوَى بِهَا جِبَاهُهُمْ وَجُنُوبُهُمْ وَظُهُورُهُمْ هَذَا مَا كَنْتُمْ لِأَنفُسِكُمْ فَذُوقُوا مَا كُنْتُمْ تَكْتُمُونَ {35}﴾

«Алтын мен күмісті қазына етіп жинаушыларды және оны Аллаһ жолында жұмсамаушыларды, (әй, Мұхаммед), оларды қинаушы азаппен сүйіншіле! Қазыналары жәһаннам отына қыздырылған күні: «Бұл - өздерің үшін жиған қазыналарың. Енді, жиған нәрселеріңнің дәмін татыңдар»-делініп, онымен олардың маңдайлары, жамбастары және арқалары күйдіріледі»².

Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من آتاه الله مالا فلم يؤد زكاته مثل له شجاعا أقرع له زبيبتان يطوقه يوم القيامة يأخذ بلهزمتيه يعني شذقيه ثم يقول: أنا مالك أنا كترك)

«Аллаһ тағала мал берген біреу оның зекетін төлемесе, Қиямет күні малы екі зәбибәлі³ қасқа бас жылан бейнесінде көз алдына келіп, оны орап алады және жақ сүйегімен аузына алып: «Мен - қожайыныңмын. Мен - қазынаңмын»-дейді..»⁴.

Зекет төлеуді парыз ететін шарттар

Бұл шарттар екіге бөлінеді:

1 - Мал-мүліктің иесіне қатысты шарттар.

2 - Мал-мүліктің өзіне ғана қатысты шарттар.

Бірінші: Мал-мүліктің иесіне қатысты шарттар

1 - Мұсылман болуы.

2 - Ақыл-есі дұрыс болуы. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(رفع القلم عن ثلاثة: عن النائم حتى يستيقظ، وعن الصبي حتى يحتلم، وعن المجنون حتى يعقل)

«Қалам үш адамның амалын жазбайды: ұйқыдағы адам, ояңғанша; кәмелетке толмаған сәби; жындылығы басылмаған кісі»⁵.

3 - Балиғат жасқа толуы. Сәби бала әке-шешесінен жетім қалса және дәулетке мұрагер болса, оны бағушы кісіге бұл малдан зекет төлеу парыз емес. Бұл малдың иесі сәбидің өзі болғандықтан, зекет парызын атқару одан балиғатқа толғанда ғана талап етіледі.

4 - Азат болуы. Жәбир, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(ليس في مال المكاتب ولا العبد زكاة حتى يعتق)

¹ Әл-Бұхари, Мүслім, Әбу Дәуд, Ан-Насаи және Ат-Тирмизи жеткізді

² «Тәуба» сүресі: 34,35.

³ Зәбибә деп, негізінде, мейізді айтады. Бұл жерде жыланның қасқа басында мейіз бейнесінде екі кара таңба болатындығы айтылуда. Әрине, Аллаһ тағала жақсырақ біледі.

⁴ Әл-Бұхари, Мүслім, Әбу Дәуд, Ан-Насаи және Ибн Мажа жеткізді

⁵ Әбу Дәуд жеткізді

«Мукатибтің де, құлдың да мал-мүлкінен, азат болғандарынша, зекет алынбайды»¹. Мукатиб дегеніміз - келісімді құнға азаттығын сатып алу үшін қожайынымен келісімге отырған құл.

5 - Зекет төлеуді уәжіп ететін мал-мүліктің мөлшері шариғатта нисап деп аталады. Нисабы толмаған мал-мүліктен зекет төленбейді. Мал-мүлік түрлерінің өзгешелігіне сай, олардың нисаптары да бір-бірінен өзгешеленеді. Нисаптың толуы жыл басындағы мал-мүліктің жыл соңындағы мөлшерімен есептеледі. Жыл бойы түсіп жатқан пайда нисапқа қосылып, жыл соңында барлығынан зекет малы төленеді. Пайда нисаптың өзінен түскен өнім бола ма, әлде сыйлық бола ма, әлде әке-шешесінен қалған мұра бола ма, бәрібір.

Мағлұмат: Басқа мәзһаптарда мал-мүлік иесінің ақыл-есі дұрыс болуы және балиғатқа толуы шарт емес. Оның малына кім жауапты болса, малдың зекетін сол төлейді.

Екінші: Мал-мүліктің өзіне ғана қатысты шарттар

1 - Мал-мүлік зекет төлеушінің өз қолында болуы. Жоғалған, ұрланған, бір жерге көміліп, орны ұмытылған мал-мүліктен зекет төленбейді. Сол секілді мемлекет тарапынан билеп алынған немесе тәркіленген мал-мүліктен де зекет төленбейді.

2 - Мал-мүліктің қайтару уақыты келген қарыздан аман болуы. Зекет төленетін уақыт пен қарыз қайтару уақыты қатар келіп, қайтарылатын қарыз көлемі нисапты кемітсе, зекет төленбейді. Жеміс пен көкөністер зекеті өзінен берілетін болғандықтан, оның төленуін қарыз тоқтатпайды.

3 - Нисаптың күнделікті тіршілік қажеттілігіне жұмсалатын қаражаттан артық болуы. Жәбир, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ابدأ بنفسك فتصدق عليها، فإن فضل شيء فأهلك، فإن فضل عن أهلك شيء فإلذی قرابتك شيء فهكذا وهكذا)

«Алдымен, өзіңе жұмсаудан баста. Егер артылып жатса, отбасыңа жұмса. Егер тағы артылып жатса, туысыңа жұмса. Міне, осылай, осылай жұмса»².

Үй сатып алу немесе үйлену секілді негізгі қажеттіліктер үшін жиналған қаражатқа бір жыл уақыт өтсе, оның зекеті төленеді.

4 - Нисап шариғат белгілеген мал-мүлік түрінен ғана болуы.

5 - Көкөніс пен жемістен басқа мал-мүлік нисабы, ай есебі бойынша, бір жыл айналуы. Әли, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ليس في مال زكاة حتى يحول عليه الحول)

«Қолдағы мал-мүлік бір жыл айналмайынша, одан зекет төленбейді»³.

Қолдағы мал-мүлік өсіп-өнуі үшін, шариғат бір жыл уақыт белгіледі. Ессіз адамның иелігіндегі мал-мүліктің жыл айналымы есі кірген күннен саналады. Ал сәби үшін кәмелетке толған күнінен басталады. Семіртіп сату үшін сатып алынған малдың жыл айналымы сатып алынған күнінен емес, семіртіп бастаған күнінен саналады.

6 - Мал-мүліктің өсіп, көбейіп тұруы. Яғни ақшаның құнды болуы, малдың жайылымда болуы, ал тауар үшін сауда ниетінің болуы.

Зекеттің дұрыстығына қажетті шарттар

1 - Ниет. Зекет парызын өтеу ниеті, негізінде, малдың пақырға берілуімен қатар жасалады. Мал иесі малының зекетін пақырларға үлестіру міндетіне сенімді біреуді өкіл етуіне болады. Зекет ниетін мал иесі ғана жасаса, жеткілікті болады.

2 - Зекет төлеушінің мұсылман болуы.

¹ Әл-Байһақи жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Әбу Дәуд жеткізді

3 - Зекет нисапқа бір жыл толысымен іле-шала төленуі. Зекетті кешіктіру үкімі мәкрүһ тахриман болғандықтан, күнә саналады. Мұның кесірінен пақырдың мұқтаждығы созылады. Зекет беруші мал-мүлкі зекетінің қалай берілетіндігін зекет фикһін білетін әділ кісіден сұрап, зекетінің есебін дұрыс жасауы шарт.

4 - Зекеттің лайықты кісіге берілуі. Бұл - шарифат белгілеген сегіз түрлі кісінің бірі.

5 - Зекет, міндетті түрде, пақырдың иелігіне өтуі шарт.

6 - Зекет, ең алдымен, жиналған жердегі жергілікті пақырларға үлестірілуі шарт. Басқа жердегі пақырларға апарылмай, үміттеніп күтіп жүрген өз жеріндегі пақырларға үлестіру лайықтырақ. Әрине, егер басқа жерде пақыр туыстары болса немесе бұл жерден де мұқтажырақ пақырлар болса, онда оларға апаруға әбден болады. Муаз, Аллаһ тағала оған разы болсын, Йемендегі байлардан жиналған зекеттердің біразын Мәдинадағы пақырларға жіберетін. Өйткені олар Йемендегі пақырларға қарағанда мұқтажырақ болатын.

7 - Өз жынысынан төленетін мал-мүлік, мысалы, мал мен жемістер сипаты жөнінен орташа болуы шарт. Егер зекет жинаушылар малдың жақсысын алса, мал иесі зиян шегеді. Ал жаманын алса, керісінше, пақыр зиян шегеді. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Муазды, Аллаһ тағала оған разы болсын, Йеменге жібергенде оған былай ескертеді:

(فإياك وكرائم أموالهم)

«Малдарының ең жақсысын алудан сақтан..»¹.

8 - Малдың адал болуы. Өйткені арам малдан мүлде зекет алынбайды.

Берілетін зекет малының орнына құнын төлеуге болады. Жайылымдағы малдың құны зекет берілетін күні жергілікті жердегі мал бағасымен өлшенеді. Мал айдалада болса, сол далаға ең жақын қаладағы немесе ауылдағы малдың құнымен бағаланады.

Бір пақырға бір нисаптың зекетінен артық мал берілу - мәкрүһ. Тек қарыздар пақырға қарызын қайтара алатындай етіп қана беруге болады.

Ханафи мәзһабінде мал иесі зекет беретін кезде қайтыс болса, зекет мойнынан түседі.

Екінші бөлім: Зекет төленетін мал-мүлік түрлері

1 - Жайылымдағы малдар.

2 - Алтын мен күміс.

3 - Сауда тауарлары.

4 - Пайдалы қазбалар және қазына.

5 - Егістік пен бау-бақша өнімдері.

Бірінші: Жайылымдағы малдар

Жайылымдағы малға немесе үй малына түйе, сиыр және қой-ешкі жатады.

Мал зекетін парыз ететін шарттар

1 - Түйе, сиыр және қой-ешкі секілді үй малы болуы. Жабайы малдан мүлде зекет берілмейді. Үй малы мен жабайы мал қатынасынан туған малдан зекет төлену, төленбеуі оның енесіне қатысты. Енесі үй малы болса, зекет төленеді. Ал жабайы болса, төленбейді.

2 - Нисабы толуы.

3 - Иесінің қолында бір жыл айналуы. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(ليس في مال زكاة حتى يحول عليه الحول)

«Бір жыл айналмаған малдан зекет берілмейді»².

Ханафи, шафиғи және ханбали мәзһаптарының көзқарасында нисабы толған мал-мүліктің зекетін алдын-ала төлеуге болады. Әли, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аббастың Аллаһтың

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Әбу Дәуд жеткізді

елшісінен (саллаллаһу алайһи уа саллам) зекетті уақытынан алдын төлеу үкімі жайында сұрағанда бұлай істеуіне рұқсат етілді¹.

Алайда зекетті алдын-ала төлеу келесі шарттарды қажет етеді:

- Зекет алдын-ала төленуі үшін мал-мүліктің нисапқа толуы.
- Жыл барысында және жыл соңында нисаптың кемімеуі.

4 - Жем берілмей өз бетінше жайылуы. Шарифаттың анықтамасында: сүт беруі, өсіп-өнуі, семіруі және көбеюі үшін бір немесе одан да көбірек жыл жайылған мал.

5 - Рұқсат етілген жерде жайылуы.

6 - Жайылымға жіберілуіндегі мақсат: сүт беруі, семіруі және көбеюі. Жайылымда жүк көтеруі және мінілуі үшін ұсталған малдан зекет берілмейді. Мал жайылымда сауда үшін ұсталса, мал зекеті емес, сауда зекеті беріледі. Егер де жыл барысында қожайынның саудалық мақсаты сүт алу, семірту және көбейту мақсатына өзгерсе, сол мезеттен алғашқы мақсатының жыл айналымы бұзылып, кейінгі мақсатының жыл айналымы басталады.

Түйе зекеті

Түйе малының нисабы мен одан берілетін зекет мөлшері Әбу Бәкірдің Бахрейнге әмір етіп жіберген Анасқа жазған хатында белгіленген. Оның мәтіні: «Бұл - Аллаһ тағаланың елшісіне бұйырғаны және Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) мұсылмандарға парыз еткен парыз садақасы (zeketi)... Жиырма төрттен және одан аздан қоймен беріледі. Әр бес түйеге бір қойдан беріледі. Жиырма бестен отыз беске дейінгі түйе санынан бір ұрғашы тайлақ беріледі. Отыз алтыдан қырық беске дейінгі түйе санынан бір ұрғашы інгешік беріледі. Қырық алтыдан алпысқа дейінгі түйе санынан бір ұрғашы інгенше беріледі. Алпыс бірден жетпіс беске дейінгі түйе санынан бір ұрғашы інген беріледі. Жетпіс алтыдан тоқсанға дейінгі түйе санынан екі інгешік беріледі. Тоқсан бірден жүз жиырмаға дейінгі түйе санынан екі інгенше беріледі. Жүз жиырмадан асқан түйе санынан әрбір қырық түйеден бір інгешік және әрбір елу түйеден бір інгенше беріледі. Кімнің төрт түйесі болса, әрине, қожайыны өз еркімен садақа бергісі келмесе, одан зекет төленбейді. Түйесінің саны беске толғанда одан бір қой зекет береді...»².

Түйе малының нисабы бестен басталады және одан кем түйеден зекет берілмейді. Берілетін мал ұрғашы болуы шарт.

Түйе малының нисабы мен одан берілетін зекет мөлшері төменде кестеленген бейнеде ұсынылады:

Түйе саны	Берілетін мал мөлшері	
5	1 қой	
10	2 қой	
15	3 қой	
20-24	4 қой	
25-35	1 тайлақ	Тайлақ дегеніміз 1 жасар түйенің атауы
36-45	1 інгешік	Інгешік дегеніміз 2 жасар түйенің атауы
46-60	1 інгенше	Інгенше дегеніміз 3 жасар түйенің атауы
61-75	1 інген	Інген дегеніміз 4 жасар түйенің атауы
76-90	2 інгешік	
91-120	2 інгенше	

Түйе малының саны 120-дан асса, есеп қайта басталады. Әрбір 40 түйеге 1 інгешік беріледі және әрбір 50 түйеге 1 інгенше беріледі.

¹ Ахмад, Әбу Дәуд, Ибн Мажа және Ат-Тирмизи жеткізді

² Әл-Бұхари жеткізді

Түйе саны	Берілетін мал мөлшері
121-129	3 інгешік
130-139	2 інгешік және 1 інгенше
140-149	1 інгешік және 2 інгенше
150-159	3 інгенше
160-169	4 інгешік
170-179	3 інгешік 1 інгенше
180-189	2 інгешік және 2 інгенше
190-199	1 інгешік және 3 інгенше
200-209	4 інгенше
210-219	1 інгенше және 4 інгешік
220-229	2 інгенше және 3 інгешік
230-239	3 інгенше және 2 інгешік
240-249	4 інгенше және 1 інгешік
250-259	5 інгенше

Сиыр зекеті

Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) Муазды, Аллаһ тағала оған разы болсын, Йеменге жібергенде оған әр отыз сиырдан бір тайынша бұқа не бір тана зекет алуын және әр қырық сиырдан бір құнажын сиыр зекет алуын бұйырады¹.

Сиыр малының зекет төленетін нисабы отыздан басталады және берілетін малдың ұрғашы болуы шарт емес. Отыздан аз сиырдан зекет төленбейді.

Сиыр саны	Берілетін зекет мөлшері
30-39	1 тайынша бұқа не 1 тана (бір жастан екі жасқа аттаған сиыр баласы)
40-59	1 құнажын (екі жастан үш жасқа аттаған сиыр баласы)
Сиыр саны елу тоғыздан асқанда әрбір 30 сиырға 1 тайынша бұқа не 1 тана және әрбір 40 сиырға 1 құнан бұқа не 1 ақ тамақ беріледі.	
60-69	2 тайынша бұқа не екі тана
70-79	1 құнажын мен 1 тайынша бұқа немесе 1 тана мен 1 құнан бұқа
80-89	2 құнажын
90-99	3 тайынша бұқа не 3 тана не екеуінен араластырылып беріледі
100-109	2 тана мен 1 құнажын не 2 тайынша бұқа мен 1 құнажын

Қой мен ешкінің зекеті

Әбу Бәкірдің Анасқа, Аллаһ тағала оларға разы болсын, жазған хатының мәтінінен: «...Қой-ешкі зекетіне қатысты, қырықтан жүз жиырмаға дейінгі қой санынан бір қой беріледі. Жүз жиырмадан асқанда екі қой беріледі. Екі жүзден асып, үш жүзге дейінгі қой санынан үш қой беріледі. Үш жүзден асқанда әрбір жүз қойдан бір қой беріледі. Кімнің қойы қырықтан бір қой кем болса, одан зекет берілмейді...»².

Қой мен ешкі малының зекет төленетін нисабы қырықтан басталады. Қырыққа жетпеген қой-ешкіден зекет берілмейді. Қой зекеті еркегімен де, ұрғашысымен де беріле береді. Сондай-ақ бір жасқа толықырамаса да жарайды. Алайда бір жасар болғаны жөн. Қой-ешкі аралас болған

¹ Ахмад, Әбу Дәуд, Ат-Тирмизи, Ан-Насаи және Ибн Мажа жеткізді.

² Әл-Бұхари жеткізді

жағдайда қайсысының саны көп болса, зекет сонысынан беріледі. Екеуі тең болған жағдайда қайсысынан берілуі иесінің еркінде.

Қой-ешкі саны	Берілетін зекет мөлшері
40-120	1 қой
121-200	2 қой
201-300	3 қой
Қой саны 300-ден асқанда әрбір 100 қойдан 1 қой зекет беріледі	
301-399	3 қой
400-499	4 қой
500-599	5 қой

Жылқының зекеті

Әбу Юсуф пен Мұхаммедтің көзқарасында жылқы малынан мүлде зекет берілмейді. Ал имам Әбу Ханифаның көзқарасында жылқы малы жайылымда сүт беруі, семіруі және көбеюі үшін немесе сауда мақсатымен жайылса, тағы бір шарты, еркек, ұрғашы аралас болса не тек ұрғашы болса, сондай-ақ оған бір жыл айналса, зекет беріледі. Алайда тек еркек жылқы болса, одан зекет берілмейді. Әр жылқыға бір динар немесе бар жылқысын ақшалай бағалап, әр екі жүз дирхамнан бес дирхам зекет береді. Ад-Даракутни жеткізген хабарда Омар Әбу Убайдаға, Аллаһ тағала оларға разы болсын, жылқы зекетіне қатысты жазған хатында былай дейді: «Жылқы иелерін өз еріктеріне қой! Егер олар қаласа, әр жылқы үшін бір динар төлесін. Немесе барлығын ақшалай бағалап, әр екі жүз дирхамнан бес дирхам ал!»¹.

Егер жылқы қолдан жем беріліп бағылса, сондай-ақ жүк тасымалдау, міну және соғыс үшін бағылса, одан мүлде зекет төленбейді.

Мағлұмат: Құран мен сүннет мәтіндерінде сенімді дәлел жетпегендіктен, имам Әбу Ханифаның екі шәкірті мен басқа мәзһаптардың көзқарасында жайылымдағы жылқы малынан мүлде зекет төленбейді. Тек қана сауда мақсатымен бағылған жылқы малынан сауда зекеті беріледі.

Жайылымдағы малдардың зекетіне қатысты жалпы үкімдер

1 - Қашыр мен есектен, тіпті жайылымда болса да зекет төленбейді.

2 - Малдың үлкендері қырылып қалып, құрамын тек жаңа туылған төл құраса, олардан бір жыл өтпейінше зекет берілмейді. Алайда олар үлкен малға аралас болса, нисапқа кіргізіліп, олардан зекет беріледі.

3 - Нисабына бір жыл айналған мал қырылып қалса, иесінің мойнынан зекет парызы түседі. Алайда мал қожайынның селқостығынан қырылған болса, немесе тұтынылса, немесе сатылса, ол малдың зекеті мойнына қарыз болады.

4 - Еркек-ұрғашысы аралас түйе малынан және қой малынан еркек мал зекетке берілмейді. Жоғарыдағы хадистің негізінде тек сиыр малынан ғана ұрғашысын да, еркегін де беруге болады. Ұрғашы малдың абзал болуы - сүт беруі мен көбеюінде. Нисап түгелімен еркек малдан құралған жағдайда ғана малдың барлық түрінен еркегін беруге болады.

5 - Арық, ақсақ, соқыр, кәрі, ауру малды зекетке берілмейді.

6 - Жыл барысында туған төл, сондай-ақ сырттан сатып алынған, сыйланған және мұраланған мал саны нисапқа қосылып, зекет барлығынан беріледі.

Екінші: Егістік пен бау-бақша өнімдері

Пайда табу мақсатымен егін егілген жерден шыққан әрбір өнімнен зекет берілуі қожайынға парыз. Өнім мейлі сақталуға жарамды болсын, мейлі жарамсыз болсын, бәрібір, одан зекет беріледі. Сақталуға жарамды өнімге бидай, арпа, тары секілді дәндер жатады. Ал сақталуға

¹ «Әл-Фикһ ал-Ислами уа Адиллатуһу»: 3/1929

жарамсыз өнімге жемістер мен көкөніс түрлері жатады. Егістік пен бау-бақша өнімдерінен берілетін зекет «бушр» - "العشر" деп аталады, яғни оннан бірі деген сөз.

Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай деді:

﴿وَهُوَ الَّذِي أَنْشَأَ جَنَّاتٍ مَّعْرُوشَاتٍ وَغَيْرَ مَعْرُوشَاتٍ وَالنَّخْلَ وَالزَّرْعَ مُخْتَلِفًا أَكْثُلُهُ وَالرُّمَّانَ مُتَشَابِهًا وَغَيْرَ مُتَشَابِهٍ كُلُوا مِنْ ثَمَرِهِ إِذَا أَثْمَرَ وَآتُوا حَقَّهُ يَوْمَ حَصَادِهِ وَلَا تُسْرِفُوا إِنَّهُ لَا يُحِبُّ الْمُسْرِفِينَ﴾

«Ол - сондай Аллаһ, аспалы және аспасыз бақшаларды, құрма ағаштарын, әртүрлі жемісті өсімдіктерді, бір-біріне ұқсайтын әрі ұқсамайтын зәйтүн және анар ағаштарын өсіріп шығарды. Жемістерін берген кезде олардан жеңдер және жеміс жиған күні оның тиісті үлесін беріндер. Сондай-ақ ысырап етпеңдер! Өйткені Раббыларың ысырап етушілерді жақсы көрмейді»¹.

Абдулла ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(فيما سقت السماء والعيون أو كان عثرياً العشر، وما سقي بالنضح نصف العشر)

«Жаңбыр суымен, жердегі су көздерімен және тасқын суымен суарылған өнімнің оннан бірі беріледі. Ал су қолмен тасылып, суарылған өнімнің бестен бірі беріледі»².

Жердің түрлері

Жер бушрия және харажия болып екіге бөлінеді. **Бушрия** деп, пайда табу мақсатымен мұсылманның қолымен пайдаланылып жатқан жерді айтады. Бұған мынадай жерлер кіреді:

1 - Куфаға еретін ауылдардың бірі әл-Бузэйбтән Йемен мен Аденнің қиыр шекараларына дейін созылып жатқан араб жерлері. Өйткені Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) және одан кейінгі әділетті халифалар да, Аллаһ тағала оларға разы болсын, араб жерлері үшін салық салмады.

2 - Халқы өз еркімен ислам дінін қабылдаған жерлер. Бұлар ислам жерлері саналады.

3 - Ислам дұшпандарынан жеңіп алынған және жеңіске жеткен мұсылмандардың иелігіне үлестірілген жерлер.

4 - Мұсылман адам жандандырған және мұсылманның иелігіндегі сумен суарылған жерлер. Егер салық салынған жердегі сумен суарылса, бушрия үкімінен айрылады.

Бұл жерлерден алынған өнімнің $\frac{1}{10}$ -і төленеді.

Харажия деп, өзіне салық салынған жерді айтады. Бұған төмендегі жерлер кіреді:

1 - Ислам дұшпандарынан жеңіп алынғанымен, егіншілікпен айналысулары үшін, исламды қабылдамай, өз діндерін ұстауларына мұрсат берілген жергілікті жердің тұрғындарының иелігіне қалдырылған жерлер. Кәпірлер бұл жерлер үшін мұсылмандардың қаржы мекемесіне жер салығын төлейді. Ал жандарының амандығы үшін жан салығын төлейді. Шарифатта кәпірлерден алынатын жер салығы хараж, ал жан салығы жизья деп аталады.

2 - Зимми адам жандандырған жер. Зимми дегеніміз - мұсылмандармен соғыспауға және мұсылмандарға қарсы көмек көрсетпеуге серттесіп, жер салығы мен жан салығын төлеуші кәпірлер.

3 - Салық салынған жердегі кәпірлердің қолымен қазылған құдық суымен суарылатын мұсылманның жері.

4 - Ислам дұшпандарынан олжаланған мұсылмандар басшысының зимми кісіге бөліп берген жері.

Бушрдың төленуіне ислам ғана себеп болады және ол құлшылыққа жатады. Ал хараж дегеніміз - мұсылман еместерге жаза ретінде жер үшін салынатын салық.

Бушр мен хараждың паркы

¹ «Әнғам» сүресі: 141

² Әл-Бұхари жеткізді

Бушр дегеніміз

- 1 - Ол - құлшылық. Өйткені, зекет - ислам дінінің тіректерінен.
- 2 - Оны төлеу тек мұсылманға ғана парыз.
- 3 - Ол егістік пен бау-бақша өнімдерінен ғана алынады.
- 4 - Егістік пен бау-бақша өнімдерінен зекет беру өнім жиналған күні ғана парыз болады.

Хараж дегеніміз

- 1 - Ол - құлшылық емес, жаза. Бұл жазаны шынайы дінді қабылдаудан бас тартқан кәпірлер үшін шариғат белгіледі.
- 2 - Ол мұсылман еместерге жер үшін салынатын салық.
- 3 - Оны зимми кісі өзіне пайдалануға берілген жер үшін төлейді.
- 4 - Мұндай жерге егін егілмесе де хараж төленеді.

Егістік пен бау-бақша өнімінен зекет төленуін парыз ететін шарттар:

- 1 - Өнім алынатын жер ышрия болуы шарт. Бұл шарт тек ханафи мәзһабінә тән.
- 2 - Жердің өнім беруі. Өйткені зекет - осы өнімнің оннан бірі.
- 3 - Өнімнің дәнді дақыл, немесе жеміс, немесе көкөніс болуы. Отынға, қамысқа, пішенге және үй қасындағы ағаш жемісінен немесе үй бақшасындағы жемістен зекет берілмейді.
- 4 - Жер жаңбыр суымен, жердегі су көздерімен немесе тасқын суымен суарылған болуы шарт. Шелекпен немесе бөшкемен су тасып, қолмен суарылған жердің өнімінен бестен бірі беріледі. Жарты жыл жердегі су көздерімен және жарты жыл қолмен суарылған жерден жиналған өнімнің $\frac{1}{10}$ -дің жартысы немесе $\frac{3}{4}$ -ші беріледі.

Мысал: Жиналған өнімнің салмағы 5000кг. Алдымен, оның $\frac{1}{10}$ -ін шығарайық: $5000 * \frac{1}{10} = 500$ кг. Оның жартысы: $500/2 = 250$ кг. Ал енді оның $\frac{3}{4}$ -шін есептеп шығарайық: $500 * \frac{3}{4} = 1500/4$ кг = 375кг.

Зекет төленетін мал-мүлік түрлерінің ішінде егістік пен бау-бақша өнімінен алынатын зекеттің дұрыстығына төмендегі шарттар қажет емес.

1 - Толық бір жылдың айналуы. Өйткені жер жылына бінеше рет өнім беруі мүмкін. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтқандай: «...**Жемістерін берген кезде олардан жеңдер және жеміс жиған күні оның тиісті үлесін беріңдер...**».¹

2 - Нисаптың толмауы. Егістік өнімі аз болсын, көп болсын, бәрібір зекет беріледі. Бұл шарт тек Имам Әбу Ханифаның көзқарасында қажет емес. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿ يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا أَنْفِقُوا مِنْ طَيِّبَاتِ مَا كَسَبْتُمْ وَمِمَّا أَخْرَجْنَا لَكُمْ مِنَ الْأَرْضِ ﴾

«Әй, иман келтіргендер! Тапқан жақсы нәрселеріңнен, сондай-ақ сендер үшін жерден шығарған нәрселерімізден де жұмсаңдар!..»².

Әбу Юсуп пен Мұхаммедтің және басқа мәзһаптарда нисаптың толуы шарт. Оларда егістік нисабының көлемі бес уаск³. Әбу Саьид әл-Хұдри, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ليس فيما دون خمسة أوسق صدقة)

«Бес уасқтан кем нәрседен зекет алынбайды»⁴.

3 - Қожайынның ақыл-есі дұрыс болуы және балиғатқа толуы шарт емес.

4 - Өнім беретін жер қожайынның өз меншігі болуы шарт емес. Жерді пайда табу мақсатымен жалдаған кісі өнімін жиған кезде зекетін береді. Жерді егін егілгенмен әлі өнім бермеген күйде сатып алған кісі өнім жиған кезде оның зекетін шығарады.

5 - Оның төленуін қарыз тоқтатпайды.

¹ «Әнғам» сүресі: 141

² «Бақара» сүресі: 267

³ 5 уаск = 653 кг.

⁴ Әл-Бұхари, Мүслим, Әбу Дәуд, Ан-Насаи және Ат-Тирмизи жеткізді

Егістік зекеті кімге парыз?

Жерге пайда табу мақсатымен егін егіп, өнім алған әрбір мұсылманға оның зекетін төлеу парыз. Егер ол меншігіндегі жерді біреуге жалға берсе, онда зекет жалға алған кісіге парыз болады. Егер жерді біреуге уақытша тегін пайдалануға берсе, онда зекет жерді пайдаланған кісіге парыз болады. Кім қожайыннан егістікті өнім алынбай тұрып сатып алса, онда оның зекетін сатып алушы өнім алған кезінде береді. Егер ол жерді өнім түскен соң сатып алса, оның зекетін төлеу сатушыға парыз. Бірлесіп істеген егістікте егілген дән қожайындыкі болса, зекетті қожайын төлейді. Дән жұмысшыныкі болса, зекетті екеуі бөліп төлейді.

Өнім жиналған соң жұмсалып қойылса, оның зекеті қожайынның мойнына қарыз болады. Осы қарызбен өмірден озса, артында қалған мал-мүлкінен алынып, тиісті орнына беріледі.

Балдың зекеті

Ханафи мен ханбали мәзһаптарының көзқарасында балдан да зекет беріледі. Бал зекетінің үкімі егістік пен бау-бақша өнімдерінен берілетін зекеттің үкіміне ереді.

Жібек құртынан алынатын жібектен зекет берілмейді. Өйткені ол жапырақтармен қоректенеді, ал жапырақтарға зекет берілмейді.

Балдан берілетін зекет мөлшері

Ханафи мәзһабінде бал зекетіне нисаптың толуы мен жыл айналымы шарт емес. Екі мәзһаптың арасындағы айырмашылық мынада: ханафи мәзһабінде нисап шарт емес. Ал ханбали мәзһабінде нисап шарт және оның көлемі он фарқ¹. Имам Әбу Ханифаның көзқарасында ышрия жерінде қоректенген араның балынан өнім аз болсын, көп болсын $\frac{1}{10}$ -і беріледі. Абдулла ибн Амру, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты: «Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) балдан $\frac{1}{10}$ -ін алатын»². Әбу Саййара, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінен:

(يا رسول الله إن لي نحلا, قال: فأد العشور)

«Мен омарташымын»-деп сұрағанында, ол: «**Оның оннан бірін бер!**»-деді³.

Үшінші: Алтын мен күмістің зекеті

Нисабы толған алтын мен күмістің құймаларынан, олардан жасалған зергерлік бұйымдар мен ыдыс-аяқтардан зекет төленуі парыз.

Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿وَالَّذِينَ يَكْنِزُونَ الذَّهَبَ وَالْفِضَّةَ وَلَا يُنْفِقُونَهَا فِي سَبِيلِ اللَّهِ فَبَشِّرْهُمْ بِعَذَابٍ أَلِيمٍ {34} يَوْمَ يُخْمَىٰ عَلَيْهَا فِي نَارٍ جَهَنَّمَ فَتُكْوَىٰ بِهَا جِبَاهُهُمْ وَجُنُوبُهُمْ وَظُهُورُهُمْ هَذَا مَا كَنْزْتُمْ لِأَنفُسِكُمْ فَذُوقُوا مَا كُنْتُمْ تَكْنِزُونَ {35}﴾

«Алтын мен күмісті қазына етіп жинаушыларды және оны Аллаһ жолында жұмсамаушыларды, (әй, Мұхаммед), оларды қинаушы азаппен сүйіншіле! Қазыналары жәһаннам отына қыздырылған күні: «Бұл - өздерің үшін жиған қазыналарың. Енді, жиған нәрселеріңнің дәмін татындар»-делініп, онымен олардың мандайлары, жамбастары және арқалары күйдіріледі»⁴.

Үмму Салама, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كنت ألبس أوضاحاً من ذهب فقالت: يا رسول الله - صلى الله عليه وسلم - أكنز هو؟ قال: (ما بلغ أن تؤدى زكاته فزكي فليس بكنز)

¹ 1 фарқ = 10 кг. 10 фарқ = 100 кг.

² Ибн Мажа жеткізді

³ Ахмад, Ибн Мажа, Әбу Дәуд және Әл-Байһақи жеткізді

⁴ «Тәуба» сүресі: 34,35.

Мен алтыннан жасалған әшекейлерді тағынатынмын. «Әй, Аллаһтың елшісі! Мұным қазына ма?»-дедім. Ол: «**Нисабы толғанда одан төленуге тиісті зекетін шығарсаң, қазына жинағанға жатпайды**»¹.

Алтынның нисабы 20 мысқал немесе 20 динар. 1 динардың салмағы 1 мысқал. Динар мен мысқалға қатысты өлшем бірлігі Ирак пен Хижазда әртүрлі болғандықтан, ханафи мәзһабінде ирактік 1 мысқал дегеніміз - 5 гр. Ал басқа мәзһаптарда 1 мысқал дегеніміз 4,186 гр. Осы есеппен ханафи мәзһабінде 20 мысқалдың салмағы 100 гр. Ал басқаларда 20 мысқалдың салмағы 83,72 гр. Алайда бүгінгі күні ислам әлемінде сақтық шарасы тұрғысынан осы екі көрсеткіштің ортасы ұсталады. Сонда 1 мысқал дегеніміз - 4,25гр, ал 20мысқал немесе 20 динар - шамамен 85 гр болады.

Күмістің нисабы 200 дирхам. Ханафи мәзһабінде 1 дирхам дегеніміз - шамамен 3,5 гр. Ал басқа мәзһаптарда 3,208 гр. Осы есеппен ханафи мәзһабінде 200 дирхамымыз 700 гр, ал басқаларда 641,6 гр болады. Алайда бүгінгі күні ислам әлемінде сақтық шарасы тұрғысынан осы екі көрсеткіштің ортасы ұсталады. Сонда 1 дирхам дегеніміз - 2,975гр, ал 200 дирхамымыз - шамамен 595 гр болады.

Әли, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

﴿إِذَا كَانَتْ لَكَ مِائَتَا دِرْهَمٍ وَحَالَ عَلَيْهَا الْحَوْلُ فَفِيهَا خَمْسَةٌ دِرْهَمًا، وَلَيْسَ عَلَيْكَ شَيْءٌ - يَعْنِي فِي الذَّهَبِ - حَتَّى يَكُونَ لَكَ عِشْرُونَ دِينَارًا، فَإِذَا كَانَ لَكَ عِشْرُونَ دِينَارًا وَحَالَ عَلَيْهَا الْحَوْلُ فَفِيهَا نِصْفُ دِينَارٍ﴾

«**Сенде 200 дирхам болса және оған бір жыл айналса, одан бес дирхам төленеді. Сөйтіп, сенде 20 динар болмайынша, бұдан басқа нәрсе төлеуің саған жүктелмейді. Ал қашан сенде 20 динар пайда болса және оған бір жыл айналса, одан жарты динар төленеді**»².

Жәбир, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

﴿لَيْسَ فِيمَا دُونَ خَمْسِ أَوْاقٍ مِنَ الْوَرَقِ صَدَقَةٌ﴾

«**200 дирхамнан аз күмістен зекет төленбейді**»³.

Негізінде, алтын мен күміс зекетінде есепке алынатын нәрсе әрқайсысының жеке салмағы. Алтын да, күміс те жеке-жеке өлшеніп, әрқайсысының зекеті салмақ жүзінде жеке шығарылады. Сондай-ақ алтын мен күміс зекетін бір-біріне қосып та берсе болады. Мұндай жағдайда зекет салмақпен емес, екеуінің жалпы құнынан беріледі. Алтын мен күміс жеке-жеке өлшенгенде салмақтары нисапқа жетпесе, екеуі қосылып, зекет жалпы құннан беріледі. Екеуінің салмағы жеке-жеке өлшегенде нисапқа толса, екеуінің зекеттері жеке-жеке шығарылады.

Жеке өлшенген алтынның немесе күмістің нисабын толтыру үшін, бірін-біріне қосылуы секілді тауарлардың да ақшалай құны оларға қосылады. Зекет олардың салмақтарынан емес, құндарынан есептеп алынады. Мысалы, бір кісиде 100 дирхам және құны 100 дирхам болатын 5 мысқал болса, жеке түрде екеуінің салмағы нисапқа толмайды. Алайда бір-біріне қосса, нисап шығады. 100 дирхам + 5мысқал = 100 дирхам + 100 дирхам = 200 дирхам. Екеуінің жалпы құны 200 дирхамнан 5 дирхам зекет беріледі.

Алтын мен күмістен берілетін мөлшер

Алтын мен күмістен берілетін мөлшер 2,5%.

¹ Әбу Дәуд жеткізді

² Әбу Дәуд және Әл-Байһақи жеткізді

³ Мүслім жеткізді

20 мысқал алтын (20 динар) шамамен 85гр. Кімде 85гр алтын болса және оған бір жыл айналуымен нисап кемімесе, одан берілетін зекеттің мөлшері 2,125 гр. Бұл 85 грамм алтынның 2,50%-і.

200 дирхам күміс шамамен 595гр. Кімде 595 грамм күміс болса және оған бір жыл айналуымен нисап кемімесе, одан берілетін зекеттің мөлшері 14,875 гр. Бұл 595 грамм күмістің 2,50%-і.

Нисап толмаған немесе артқан жағдайдағы зекет үкімі

85 граммға (20 динарға) толмаған алтыннан және 595 граммға (200 дирхамға) толмаған күмістен мүлде зекет берілмейді. Өйткені бұл екі көрсеткіш зекетті парыз ететін шариғат белгілеген нисап. Әли, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты: «**Сенде 200 дирхам болса және оған бір жыл айналса, одан бес дирхам төленеді. Сөйтіп, сенде 20 динар болмайынша, бұдан басқа нәрсе төлеуің саған жүктелмейді. Ал қашан сенде 20 динар пайда болса және оған бір жыл айналса, одан жарты динар төленеді**»¹.

Алтын мен күмістің көлемі шариғат белгілеген нисап көрсеткішінен асқан жағдайда имам Әбу Ханифаның көзқарасында нисап үстіндегі сан 40 дирхамға толмайынша, одан ешнәрсе берілмейді. Нисаптың үсті 40 дирхамға толса, сол 40 дирхамнан 1 дирхам беріледі. Әл-Хасан әл-Басриден жеткен хабарда Омардың Әбу Муса әл-Ашъариға, Аллаһ тағала оларға разы болсын, жазған хатында былай делінген:

(فما زاد على المائتين ففي كل أربعين درهماً درهم)

«200 дирхамнан асқан әрбір 40 дирхамнан 1 дирхам беріледі»².

Осы дәлелге негізделген имам Әбу Ханифаның көзқарасында күмістің нисабы 200 дирхамнан (595г) асқанда әрбір 40 дирхамнан 1 дирхам зекет беріледі. Нисап үсті 200 дирхамға толғанша осылай беріледі.

Мысал: 280 дирхамнан зекет былай беріледі: $200 + 40 + 40 = 5+1+1=7$ дирхам зекет беріледі. Мұның жеңіл жолы былай: 280 дирхамнан 2,5%-і беріледі. Бұл - 7 дирхам.

Алтын мен күмістен жасалған зергерлік бұйымдардың зекеті

Мәлики, шафиғи және ханбали мәзһаптарында алтын мен күмістен жасалған зергерлік бұйымдар саудалық мақсатпен ұсталса ғана олардан зекет беріледі. Ал ханафи мәзһабінде мейлі сауда, мейлі әшекей үшін ұсталса да зекеті беріледі. Өйткені алтын мен күміс жаратылысынан сауда көзіне айналған және әрдайым өсіп тұратын мал-мүлік.

Бір күні Аллаһтың елшісіне (саллаллаһу алайһи уа саллам) бір әйел келеді. Қасында қызы болады және оның қолында үлкен екі алтын білезік бар екен. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) одан:

(أتعطين زكاة هذا؟ قالت: لا. قال: أيسرك أن يسورك الله بهما يوم القيامة سوارين من نار؟ قال: فخلعتهما فألقتهما إلى النبي صلى الله عليه وسلم وقالت: هما لله عز وجل ولرسوله)

«**Мыналардың зекетін бересің бе?**»-деп сұрайды. Қыз: «Жоқ»-деп жауап береді. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам): «**Қиямет күні Аллаһ Тағала ол екеуінің орнына саған оттан жасалған екі білезікті тағуын қалайсың ба?**»-дейді. Қыз екі білезігін шешіп пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) қарай тастайды да: «Бұл екеуі Аллаһ тағалаға және Оның елшісіне (саллаллаһу алайһи уа саллам)»-дейді³.

Інжулер мен бағалы тастардан зекет төлене ме?

Әшекей үшін ұсталған інжулер мен бағалы тастардан, тіпті олар тым бағалы болса да, зекет төленбейді. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(ليس في حجر زكاة إلا ما كان لتجارة من جوهر ولا ياقوت ولا لؤلؤ ولا غيره إلا الذهب والفضة)

¹ Әбу Дәуд және Әл-Байһақи жеткізді

² Әл-Байһақи жеткізді

³ Әбу Дәуд жеткізді. Әлсіз хадис.

«Алтын мен күмістен басқа бағалы тастарға гауһар болсын, жақұт болсын, інжу болсын, одан басқасы болсын, мүлде зекет төленбейді. Тек сауда үшін ұсталса ғана төленеді»¹.

Қарыздағы малдың зекеті

Имам Әбу Ханифаның көзқарасында қарыз үш түрде қарастырылады:

- 1. Үлкен қарыз.** Бұған қарызға сатылған саудалық тауар жатады. Мұндай қарыздан қолға қайтып келген ақшаның көлемі нисаптың бестен бірін құраса, яғни 200 дирхамның 40 дирхамын (119гр күмісті) құраса, жылдық айналымы ескеріле отырып, 1 дирхам (2,975гр күміс) зекет береді.
- 2. Орташа қарыз.** Саудалық мақсаттан тыс қарызға сатылған үй, жиһаз секілді тіршілік қажеттіліктерінің бірі. Жыл айналымы сатылған күннен басталады. Бір жыл айналуымен қолына қайтқан қарыз көлемі нисапқа толса ғана зекет төленуі парыз. Нисапқа толмаса, ешнәрсе төленбейді.
- 3. Жеңіл қарыз.** Бұған мирас, маһр секілді нәрселер жатады. Мұндай нәрселердің көлемі нисапты толық құраса, иесінің қолына нақты түсуімен және оған бір жыл айналуымен беріледі. Көлемі нисапты құрамаса, одан зекет төленбейді.

Ақша зекеті

Ақша нисабы және одан төленетін зекеттің мөлшері алтын мен күмістегідей 2,5% төленеді. Егер мұсылманның иелігінде 85г алтынның құнына тең ақша болса, оның 2,5%-ін төлейді. Мысалы: 1гр алтын 1500 теңге болса, 85г алтын 127500 теңге болады. Оның 2,5%-і 3187,5 теңге болады.

Айырбас бағамы

Зекет берілетін күні ақшаның нисап мөлшері алтынның немесе күмістің сол күнгі жергілікті айырбас бағамымен өлшенеді. Өйткені айырбас бағамы әлем бойынша әрдайым өзгеріп отыруда.

Құнды қағаздар

Акциялар мен вексельдер секілді құнды қағаздардан зекет төленеді.

Акция дегеніміз - белгілі бір тұлғаның акционерлік қоғамның капиталына ақша қосқанын айғақтайтын құнды қағаз. Сондай-ақ акциялар дегеніміз - сауда жолымен айналуға бейім, құндары бірдей және бір-бірінен бөлінбейтін құжаттар. Оларды әртүрлі құнға ие етіп шығаруға болмайды. Бірдей құн дегеніміз - шыққан акцияда заң тарапынан белгіленген атаулы құн. Акцияның атаулы құны оның саудалық құнынан да, шынайы құнынан да өзгеше болады.

Саудалық құн дегеніміз - акцияның нарықтағы немесе биржадағы құны. Бұл құн ұсыныс пен сұранысқа қатысты, сондай-ақ нарық жағдайы мен бірлестіктің атағына байланысты өзгеріп отырады. **Шынайы құн** дегеніміз - бірлестік тараған кездегі акцияның мүлдіктік құны. Сөйтіп, акция дегеніміз - акционерлік қоғам шығаратын құнды қағаз. Ол қағаз акционерлерге сол акционерлік бірлестіктің ісін жүргізуге және одан дивиденд алуға құқық береді. Сондай-ақ бірлестік тараған жағдайда олар мүлдіктен үлес алу құқығына да ие. Дивиденд ақшамен не құнды қағазбен беріледі.

Вексель дегеніміз - алған қарыз ақшаны белгілі мерзімде төлеуге берілетін міндеттеме қағаз. Вексельдің акцияға ұқсас жері - екеуінің де атаулы құны бар және екеуі де саудалық жолмен айналуға бейім. Акция мен вексель арасындағы негізгі өзгешелік, акция - акционерлік бірлестіктегі дивиденд, анығырақ айтқанда, акцияның иесі бірлестіктегі серіктес. Ал вексель болса, ол қожайыны тарапынан бірлестікке берілген қарыз.

Акцияның қожайыны акционерлік бірлестік пайда тапқанда ғана пайда көреді. Ал вексельдің қожайыны бірлестік пайда тапса да, таппаса да жыл сайын тұрақты пайда көреді.

Түйін: Шарифат бойынша акциямен істесуге болады. Өйткені акционерлер бірлестіктің серіктестері және олар бірлестік пайда тапса ғана пайда көреді. Ал вексельмен істесуге шарифат тиым салады. Өйткені вексель қожайындары бірлестік пайда тапсын, таппасын, бәрібір, жыл сайын өсімқорлық жолмен тұрақты пайда көреді. Акция мен вексель секілді

¹ Әл-Байһақи жеткізді

құнды қағаздар зекеті сауда тауарлының зекеті секілді төленеді. Жыл аяғында жалпы құннан 2,5% зекет беріледі. Вексельдің зекеті тек негізгі капиталынан ғана беріледі. Ал үстіндегі пайда арам болғандықтан, одан зекет берілмейді.

Төртінші: Пайдалы қазбалар мен қазына зекеті

Пайдалы қазбалар дегеніміз - Аллаһ тағала жермен қоса жаратқан пайдалы қазбалар. Ал қазына дегеніміз - ышрия, харажия, таулы немесе шөлді жерлерде кәпірлер көміп, кейін не мұсылман не зимми кісі тауып алған қазыналар.

Пайдалы қазбалар үшке бөлінеді:

- 1 - Темір, мыс, қорғасын, мырыш, алтын және күміс секілді отқа балқып, қалыпқа құйылуға бейім қатты заттар.
- 2 - Гипс және әк секілді отқа балқымайтын қатты заттар.
- 3 - Мұнай секілді сұйық заттар.

Берілетін мөлшері:

1 - Жердің астынан табылған қазба жоғарыда аталған пайдалы қазбалардың бірінші түрінен болса немесе жаһилият уақытында көмілген қазына болса, ханафи мәзһабінде бұл олжа саналады. Қазынадағы пұт, крест секілді белгілер оның жаһилият уақытында көмілгенін білдіреді. Оның бестен бірі мұсылмандардың қаржы мекемесіне төленеді. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿وَأَعْلَمُوا أَنَّمَا غَنِمْتُمْ مِّن شَيْءٍ فَإِنَّ لِلَّهِ خُمُسَهُ وَلِلرَّسُولِ وَلِذِي الْقُرْبَىٰ وَالْيَتَامَىٰ وَالْمَسَاكِينِ وَابْنِ السَّبِيلِ﴾

«Естеріңде болсын, қайсыбір олжаға ие болсаңдар, оның бестен бірі - Аллаһқа, елшісіне, туыстарға, жетімдерге, міскіндерге және жолда қалғандарға..»¹.

Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(وفي الركاز الخمس)

«..Және қазынадан бестен бірі беріледі»².

Бестен бірінен қалғаны жердің иесінде қалады, тіпті жердің иесі зимми кісі болса да. Кім үйінің қасынан тауып алса, одан ешнәрсе төлемейді, ал өзінің ышрия немесе харажия жерінде тауып алса, бестен бірін төлейді. Мұсылман көмген қазынадан бестен бірі төленбейді.

2 - Кәпірлердің жеріне бейбіт кірген мұсылман олардың біреуінің үйінің алаңынан қазына тапса, одан бестен бір бөлігі алынбайды және олжа үй иесіне беріледі. Ал ешкімге тәуелсіз далада тауып алса, олжа бүтіндей өзіне тиесілі болады.

3 - Таулы немесе шөлді жерлерде табылған бағалы тастардан ешнәрсе берілмейді.

4 - Табылған қазынада ислам белгілері болса, одан бестен бірі берілмейді. Өйткені ол олжа емес, табыс. Иесіне бір жылдай іздеу салынады. Иесі табылмаған жағдайда қазына тауып алушы кісінің пайдасына беріледі, әрине, егер ол кедей болса. Тауып алушы кісі бай болса, олжаны садақа етеді.

5 - Жердің астынан табылған нәрсені кімнің көмгені белгісіз болса, оған жаһилият уақытында көмілді деген үкім беріледі. Және тауып алушы бестен бірін береді. Ал қалғаны жердің иесіне беріледі. Жер иесіз болса, тауып алушыға беріледі.

6 - Пайдалы қазбалардың соңғы екі түрі сауда тауарына айналмайынша, олардан зекет берілмейді. Сұйық заттардың ішінде тек сынаптан қана бестен бірі беріледі.

7 - Пайдалы қазбалардың бірінші түрінен және қазынадан бестен бірі табылған күні беріліп, кейін нисапқа толуымен бір жыл айналғанда 2,5%-і беріледі.

Бесінші: Сауда тауарларының зекеті

¹ «Әнфал» сүресі: 41

² Әл-Бұхари, Мүслим, Ибн Мажа, Әбу Дәуд, Ан-Насаи және Ат-Тирмизи жеткізді

Сауда тауарлары дегеніміз - жылжымайтын мүліктер, үй малдары, киім-кешек, тұрмыс жабдықтары секілді сатуға ұсынылған тауарлар. Самура ибн Жундәп, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(إن رسول الله صلى الله عليه وسلم كان يأمرنا أن نُخْرِجَ الصدقة من الذي نعد للبيع)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) сатуға дайындаған заттарымыздан зекет беруімізді бұйыратын»¹.

Сауда тауарлары зекетін парыз ететін шарттар:

1 - Тауардың саудаға нақты қойылуы. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ليس في العروض زكاة إلا ما كان للتجارة)

«Саудаға қойылмаған тауарлардан зекет берілмейді»².

2 - Тауар құны алтын мен күмістің нисабын құрауы.

3 - Тауарды біреуден тіршілікке пайдалану үшін емес, сауда жасау ниетімен сатып алу.

4 - Нисапқа толған тауарға бір жыл айналуы.

Сауда тауарының зекеті қалай беріледі?

Қолдағы сауда тауарлары бір-біріне қосылып алтын немесе күмістің нисабы бойынша бағаланады. Құны алтынның немесе күмістің нисабын құраған тауар бір жыл айналғанда, жалпы соманың 2,5%-і төленеді. Зекет кедейлерге аймақтағы ең өтімді ақшамен берілгені дұрыс.

Саудаға ұсынылған тауарлардың иесі екі түрлі болады:

1 - Мудир. Мудир деп, сатып алған тауарының қымбаттауын күтпей, сата беретін саудагерді айтады. Өзінің белгіліп қойған бір айы бар. Әр жылдың сол айында қолдағы бар ақшасына тауарларының құнын қосып, алдымен, қарыздарынан құтылады. Сосын қалған малы нисапты құраса, одан зекет береді.

2 - Мухтакир. Мухтакир деп, сатып алған тауарының қымбаттауын күтуші саудагер. Мұндай тауардың зекеті жыл айналымы есепке алынып, сатылғанда бірақ беріледі.

Жалға берілген үйлердің зекеті

Жалға беруге дайындалған жылжымалы мүліктің, малдың және көліктің өз құнынан зекет төленбейді. Зекет тек жалдан түскен пайдадан беріледі. Ол үшін пайда нисапты құрауы қажет және оған бір жыл айналуы шарт.

Өндіріс заттарына берілетін зекет

Өндірісте пайдаланылып жатқан құрал-жабдықтар мен станоктардың өз құнынан зекет берілмейді. Өйткені олар саудалық мақсаттағы заттар емес. Зекет өндірісте саудаға шығарылатын тауарлардан ғана төленеді.

Үшінші бөлім: Зекет берілетін адамдар

Аллаһ тағала «Тәуба» сүресінің 60-шы аятында зекетке лайықты адамдардың сегіз түрін белгіледі:

﴿إِنَّمَا الصَّدَقَاتُ لِلْفُقَرَاءِ وَالْمَسْكِينِ وَالْعَامِلِينَ عَلَيْهَا وَالْمُؤَلَّفَةِ قُلُوبُهُمْ وَفِي الرِّقَابِ وَالْغَارِمِينَ وَفِي سَبِيلِ اللَّهِ وَابْنِ السَّبِيلِ فَرِيضَةً مِّنَ اللَّهِ وَاللَّهُ عَلِيمٌ حَكِيمٌ﴾

«Расында, садақалар тек пақырларға, міскіндерге, оны жинап үлестірушілерге, жүректері келісімге келгендерге, құлдарға, қарызға батқандарға, Аллаһ жолындағыларға және жолда қалғандарға ғана беріледі. Бұл - Аллаһтың парыз еткен үкімі. Сондай-ақ Аллаһ - бәрін білуші және өте дана».

¹ Әбу Дәуд жеткізді

² Әл-Байһақи жеткізді

Бұл аяттың бұйрығымен зекеттер, кәффарат садақалар, пітір садақасы, нәпіл садақалар тек қана осы адамдарға беріледі.

1 - Пақыр. Ханафи мен мәлики мәзһаптарында пақыр дегеніміз - кәсібі мен денсаулығы бола тұра иелігіндегі малы өз қажетінен аспайтын кісі. Оның табысы нисапқа жетуі де мүмкін, алайда тапқаны пәтеракысы мен күнделікті тіршілік қажеттіліктерін ғана көтереді. Шафиғи мен ханбали мәзһаптарында мұндай кісіні міскін деп атайды.

2 - Міскін. Ханафи мен мәлики мәзһаптарында міскін дегеніміз - ешнәрсесіз жарлы адам. Шафиғи мен ханбали мәзһаптарында мұндай кісіні пақыр деп атайды. Имам Әбу Ханифаның көзқарасында пақыр дегеніміз - сұрамайтын адам, ал міскін - сұрайтын адам.

Мағлұмат: Ханафи мен мәлики мәзһаптарында міскіннің жағдайы пақырдан төмен саналса, шафиғи мен ханбали мәзһаптарында пақырдың жағдайы міскіннен төмен саналады.

3 - Зекетті жинаушы және үлестіруші. Бұл - имам тарапынан зекеттерді жинауға тағайындалған адам. Оның сенімді және зекет фикһін білген болуы шарт. Оның міндеті - ауқаттылардан зекеттерді жинау және тиісті адамдарға үлестіру. Олардың құрамына зекет жинаушы, оны жазушы, оны сақтаушы және оны тиісті адамдарға үлестіруші тұлғалар кіреді. Сондай-ақ зекетті жинау мен үлестіру ісіне қажетті әркім осы сыныпқа кіреді. Бұл адам бай болуы да мүмкін. Оған зекет мұқтаждығы үшін емес, өзін осы іске арнағаны үшін еңбегін ақтайтындай мөлшерде беріледі.

4 - Жүректері келісімге келгендер. Бұл сынып, жалпы, мұсылмандар және кәпірлер болып екіге бөлінеді:

Бірінші: Мұсылмандар.

а) Исламды қабылдағанымен оны толық ұстану ниеті әлсіз мұсылман. Материалдық жағдайының әлсіздігінен дінін тастап қоймауы үшін, және қашан дінде бекігенінше оған зекет беруге болады.

б) Өз қауымында қадірі мен беделі бар мұсылманға. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) қарсыластарының жүрегін исламға шақыру үшін, Әбу Суфиянға және тағы да басқа өз қауымында беделі бар тұлғаларға зекеттен үлес берген еді.

в) Кәпірлердің жерімен шекаралас жатқан жердегі жаңа мұсылмандар. Кәпірлердің жамандығын тосулары үшін, оларға зекеттен үлес берілетін.

Амру ибн Тағлиб, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: «Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) өзіне әкелінген олжаға түскен малды бір адамдарға бөліп берді. Өздеріне ешнәрсе берілмегендердің оны айыптағандары туралы хабар жеткенде Аллаһты мақтап және пәктеп, былай деді: «Бұдан әрі айтарым, Аллаһпен ант етемін. Расында, мен біреулерге беремін және біреулерге бермеймін. Бермеген адамым берген адамыма қарағанда маған сүйкімдірек. Алайда менің бір адамдарға беруім - олардың жүректерінде маза жоқтығын және қорқыныш байқауымның себебінен. Ал енді бір адамдарға бермейтінім - оларды жүректеріндегі қанағат пен жақсылыққа тапсырамын. Олардың бірі - Амру ибн Тағлиб». Сонда мен: «Аллаһпен ант етемін, Алаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) сөзінде айтылуым мен үшін бағалы қызыл түйелерден де сүйкімдірек»¹.

Екінші: Кәпірлер. Мұсылмандарға зиян тигізуі мүмкін болған кәпірлердің зияны мен жамандығын қайтару үшін және жүректерін исламға жақындату үшін, Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) оларға зекеттен үлес беретін. Бұл жайында Мүслимнің сахихында айтылған².

Ескерту: Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) дүниеден озып, Әбу Бәкр, Аллаһ тағала оған разы болсын, халифа болғанда сахабалардың шешімімен бұл үкімнің күші жойылды: «Аллаһ Тағала исламды үстем етті. Енді жүректерді келісімге тарту қажет емес. Қаласандар, исламға кіріңдер. Бізге зиян тигізуді қаласандар, онда біз бен сендердің арамызда қылыштан басқа нәрсе болмайды». Бұдан түсінетінміз, ислам діні үстем болған заманда бұл

¹ Ахмад және Әл-Бұхари жеткізді

² «Әл-Фикһ ал-Ислами уа Адиллатуһу»: 3/1954

сыныпқа зекет берілмейді. Ал әлсіз болғанда кәпірлердің зиянын қайтарып, жүректерін жақсылыққа бұру үшін, жағдай қажеттілікке сай оларға зекеттен беруге болады.

5 - Құл. Құлдар деп, бұл жерде мукатабтар айтылуда. Мукатаб дегеніміз - белгілі бір сомаға өз азаттығын сатып алу үшін, қожайынымен келісімге отырып, ақша іздеп жүрген адам. Әлем бойынша құлдық жойылғандықтан, бүгінгі заманда бұл сынып зекет алушылар қатарынан мүлде түсуде.

6 - Қарыздар адам. Бұл - қарызға алған ақшасын иесіне қайтарып беруге шамасы келмей жүрген адам. Қарыз басқандықтан, бұл адамға зекет беру пақырға беруден абзалырақ. Бұл адамға берілетін зекет мөлшері қарызын толық жабатындай болуы қажет.

7 - Аллаһтың жолына. Бұл сыныпқа ислам дінін дұшпан ықпалынан қорғау мен үстем ету жолында күресушілер жатады. Ханафи мәзһабінде күресуші кедей болса ғана беріледі. Ал басқа мәзһаптардың көзқарасында бай болса да беріледі. Ханафи мен ханбали мәзһаптарында қажылық парызын атқару да Аллаһ жолына шығуға жатады. Қажылыққа барғысы келеген кісі пақыр болса, оған зекеттен беруге болады. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أَنْ رَجُلًا جَعَلَ نَاقَةَ فِي سَبِيلِ اللَّهِ فَأَرَادَتْ امْرَأَتُهُ الْحَجَّ فَقَالَ لَهُ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: ارْكَبِيهَا فَإِنَّ الْحَجَّ مِنْ سَبِيلِ اللَّهِ)

«Бір кісі Аллаһ жолына бір түйесін жұмсайды. Оның әйелі қажылыққа барғысы келеді. Мұны байқаған пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) оның әйеліне: «Сен осы түйеге мін! Расында, қажылық Аллаһ жолына жатады»-дейді¹.

8 - Жолда қалған адам. Еліне, үйіне, жанұясына жетуге шамасы келмей тұрған жолаушы. Мұндай жағдайда пақыр да, бай да қалуы мүмкін. Бұл адамға үйіне жетуіне жетерліктей зекеттен мал беріледі.

Зекет берілмейтін адамдар

1 - Нашим руының ұрпақтарына. Оларға пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) және оның әулеті кіреді. Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алайһи уа саллам) әулетіне: Аббастың, Әлидің, Ақилдің, Жағфардың және Харис ибн Абдул-Мутталибтің әулеттері кіреді. Аллаһтың көрсеткен құрметі бойынша пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) мен әулетіне садақа арам етіліп, олжадан ғана беріледі. Олжаның бестен бірінің бесінші бөлігі беріледі. Әбу Рафиъ, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إِنَّ هَذِهِ الصَّدَقَاتُ إِنَّمَا هِيَ أَوْسَاخُ النَّاسِ، وَإِنَّهَا لَا تَحِلُّ لِمُحَمَّدٍ وَلَا لِآلِ مُحَمَّدٍ)

«Расында, бұл садақалар - адамдардың кірлері. Әрі олар Мұхаммедке және Мұхаммедтің әулетіне арам етілді»².

2 - Байларға. Абдулла ибн Амру, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لَا تَحِلُّ الصَّدَقَةُ لَغَنِيٍّ)

«Байдың садақа алуына болмайды...»³.

Шариғатта бай үш түрлі:

а) Күнделікті азығы мен киімі бар кісі. Мұндай кісіге зекет алуға болғанымен, қайыр тілеуге мүлде болмайды.

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(مَنْ سَأَلَ وَعِنْدَهُ مَا يَغْنِيهِ، فَإِنَّمَا يَسْتَكْثِرُ مِنَ النَّارِ. فَقَالُوا: يَا رَسُولَ اللَّهِ وَمَا يَغْنِيهِ؟ قَالَ: قَدْرُ مَا يَغْدِيهِ وَيَعِشِيهِ)

¹ Әбу Дәуд жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Әбу Дәуд жеткізді

«Кім өзінде байлығы бола тұра адамдардан қайыр сұраса, онда ол өзі үшін көбірек от сұрауда». Сонда сахабалар: «Әй, Аллаһтың елшісі! «Байлығы бола тұра»-деген сөзіңіздің мағынасы не?-дейді. Ол: «**Таңғы және кешкі азығы бола тұра**» - деп жауап береді¹.

б) Иелігіндегі мал-мүлкі нисапты құрағанымен күнделікті тіршілік қажеттілігіне жұмсалыуымен артпайды да, кемімейді де. Оған сұрауға да, алуға да болмайды. Мұндай кісі пітір садақасын беруі және құрбан шалуы уәжіп.

в) Иелігіндегі мал-мүлкі нисапты құрайды және артуда. Мұндай кісі зекет пен пітір садақасын береді және құрбан шалады.

3 - Мұсылман еместерге мүлде зекет беруге болмайды. Алайда зимми үкіміндегі кісілерге нәпіл садақаларын беруге болады. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай дейді:

﴿ لَا يَنْهَاكُمُ اللَّهُ عَنِ الَّذِينَ لَمْ يُقَاتِلُوكُمْ فِي الدِّينِ وَلَمْ يُخْرِجُوكُم مِّن دِيَارِكُمْ أَن تَبَرُّوهُمْ ﴾

«Сендермен дін үшін соғыспаған және үйлеріңнен қуып шығармаған адамдармен жақсы қарым-қатынаста болуларыңа Аллаһ тиым салмайды..»².

4 - Әке мен атаға, ана мен әжеге, бала мен немереге зекет берілмейді. Ал аға мен ініге, әпке мен қарындасқа, әке мен шешенің ағалары мен әпкелеріне беруге болады. Бұлар, тіпті туысқан еместерге қарағанда тым лайықтырақ.

5 - Әйеліне зекет беруге болмайды. Әйеліне зекет берген кісі өзіне пайда тигізуде. Күйеуі оны зекетсіз-ақ асырауға міндетті.

Ханафи мен ханбали мәзһаптарында бай әйел күйеуіне зекет беруіне болмайды. Өйткені күйеуі асырау міндетін атқаруы арқылы бұл зекетті әйеліне жұмсайды. Сонда әйелі берген зекет әйелінің өзіне тиетін пайда болады³.

Әбу Юсуп пен Мұхаммедтің көзқарасында әйелі күйеуіне де, балаларына да зекет беруіне болады. Өйткені шарифат әйел кісіге күйеуін асырауды міндеттемейді.

Ибн Масъудтің әйелі, Аллаһ тағала оларға разы болсын, пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) келіп зекет бергісі келетіндігі туралы айтады:

﴿ يَا نَبِيَّ اللَّهِ، إِنَّكَ أَمَرْتَ الْيَوْمَ بِالصَّدَقَةِ، وَكَانَ عِنْدِي حَلِي لِي، فَأَرَدْتُ أَنْ أَتَصَدَّقَ بِهِ، فَرَعِمَ ابْنُ مَسْعُودٍ: أَنَّهُ وَوْلَدُهُ أَحَقُّ مِنْ تَصَدَّقْتَ بِهِ عَلَيْهِمْ، فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: صَدَقَ ابْنُ مَسْعُودٍ، زَوْجُكَ وَوَلَدُكَ أَحَقُّ مِنْ تَصَدَّقْتَ بِهِ عَلَيْهِمْ ﴾

«Ей пайғамбар! Сен бүгін зекет беруге бұйырдың. Менде бағалы әшекейлер бар. Солардан зекет төлеуді қалаған кезімде Ибн Масъуд: «Оны алуға күйеуің мен балаң басқаларға қарағанда лайықтырақ»-деп пайымдады. Сонда пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам): «Ибн Масъуд дұрыс айтты. Оны алуға күйеуің мен балаң басқаларға қарағанда лайықтырақ»-деді⁴.

Мемлекетке төленетін салық зекеттің орнын жаба ма?

Салық мүлде зекеттің орнын жаппайды. Өйткені зекет - Аллаһ тағаланың мал нығметіне шүкір етіп, Оған жақындау үшін мұсылманға парыз етілген құлшылық. Ал салық дегеніміз адамның мойнына жүктелген құлшылыққа ешқандай қатысы жоқ таза материалдық борыш. Зекет Аллаһтан келген ақиқат және оның мөлшерін Өзі белгіледі. Ал салық адам шығарған заң тарапынан бекітілген міндет және оның мөлшері үкімет тарапынан бекітілген. Зекет шарифатта белгіленген сегіз түрлі кісіге үлестіріледі. Ал салық мемлекеттің жалпы талаптарына жұмсалады. Зекеттің салықтан тағы бір айырмашылығы, зекет өз бойында рухани, этикалық және гуманитарлық қоғамдық мақсаттарды көтереді.

Зекеттің әдептері

¹ Әбу Дәуд жеткізді

² «Мумтахина» сүресі: 8

³ «Әл-Фикһ ал-Ислами уа Адиллатуһу»: 3/1969

⁴ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

1 - Таза көңілмен беру. Кім зекет бергендігін пақырға міндетсінсе және бергенін сөз етіп тіл тигізсе, зекетінің қабыл болмау қаупі бар. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿ يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا لَا تُبْطِلُوا صَدَقَاتِكُمْ بِالْمَنِّ وَالْأَذَى كَالَّذِي يُنْفِقُ مَالَهُ رِئَاءَ النَّاسِ وَلَا يُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ ﴾

«Әй, иман келтіргендер! Аллаһқа және Қиямет күніне иман келтірмей, адамдарға көз бояушылық жасап, мал жұмсағандар секілді берген садақаларыңды міндет қылумен және жазғырыумен (ренжітумен) жоймаңдар!...»¹.

2 - Ең жақсы малдан берілуі.

3 - Жақсы мал бергені көпшіліктің көзінен жасырын болуы.

4 - Мақталмас үшін, біреуді өкіл етуі.

5 - Зекетті берерде дұға жасауы.

6 - Зекеті үшін не тақуа, не білімді, не пақырлығын жасырушы, не туыс мұсылманды іздеу. Өйткені олар бұл малды Аллаһ тағалаға бағыну жолына пайдаланады. Дегенмен шариғатта басқаларға беруге болмайды деген сөз жоқ.

7 - Ешкім есіне түсірместен, зекетін төлеуге өзі бірінші ұмтылуы.

8 - Пақырға зекетті қайыр сұраудан тоқтататындай көлемде беру.

9 - Пақырға беріліп жатқан малдың зекет екенін білдіру қажет емес.

Төртінші бөлім: Пітір садақасы

Пітір садақасы зекеттен бұрын ораза парыз болған жылы хижраның екінші жылында шаъбан айында шариғатқа уәжіп үкімімен енді. Бұл үкімге қарсы келуші кәпір болмайды. Бұған Ибн Омардың төмендегі сөзі дәлел болады:

(فرض رسول الله صلى الله عليه وسلم زكاة الفطر من رمضان على الناس صاعاً من تمر أو صاعاً من شعير على كل حر أو عبد ذكر أو أنثى من المسلمين)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) мұсылманнан болған әрбір ер кісіге де, әйел кісіге де, мейлі азат, мейлі құл болсын құрмадан бір сағ немесе арпадан бір сағ көлемде рамазанның пітір садақасын беруін парыз етті»². Бұл хадис мутауатир болмағандықтан, ондағы «парыз етті» сөзі ханафи мәзһабінде «уәжіп» үкімін береді.

Уәжіп болуындағы сыры

Пітір садақасы рамазан айында ұсталған оразадағы ақаулықты (кемшілікті) жөндеу үшін, оның орнын толтыру үшін уәжіп етілді. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(فرض رسول الله صلى الله عليه وسلم زكاة الفطر طهرة للصائم من اللغو والرفث وطعمة للمساكين)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) пітір садақасын мұсылманның оразасын айтып қойған бос сөзі мен жаман сөзінен тазарту үшін, сондай-ақ міскіндерге азық болуы үшін парыз етті»³.

Сондай-ақ пітір садақасы айт күні пақырлар мен міскіндерді қайыр тілеуден құтқарып, олардың көңілдерін көтереді. Уакиъ ибн Жаррах былай деді: «Рамазан айының пітір садақасы - намаздағы сәһу сәждесі секілді. Сәһу сәждесі намаздың кемшілігін жөндесе, пітір садақасы оразаның кемшілігін жөндейді»⁴.

Пітір садақасының уәжіп болуы келесі шарттарды қажет етеді:

1 - Мұсылман болу. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

¹ «Бақара» сүресі: 264

² Әл-Бұхари және Мүслім жеткізді

³ Әбу Дәуд жеткізді

⁴ «Әл-Фикһ ал-Ислами уа Адиллатуһу»: 3/2037

(فرض رسول الله صلى الله عليه وسلم زكاة الفطر من رمضان على الناس صاعاً من تمر أو صاعاً من شعير على كل حر أو عبد ذكر أو أنثى من المسلمين)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) мұсылманнан болған әрбір ер кісіге де, әйел кісіге де, мейлі азат, мейлі құл болсын құрмадан бір сағ немесе арпадан бір сағ *көлемде* рамазанның пітір садақасын беруін парыз етті»¹.

2 - Азат болу. Негізінде, аталмыш хадисте: «..мейлі азат, мейлі құл болсын құрмадан бір сағ немесе арпадан бір сағ...»-делінген. Бұл хадистің жалпы мағынасына негізделуші тек ханбали мәзһабі. Ал ханафи, шафиғи және мәлики мәзһаптарында құлдың иелігінде ешнәрсе болмағандықтан, ол пітір садақасын төлемейді.

3 - Күнделікті тіршілік қажеттіліктерінен тыс және қарыздан аман нисап көлеміне ие болу. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لا صدقة إلا عن ظهر غنى)

«Садақа тек мұқтаж емес жағдайда беріледі»².

Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(خير الصدقة ما كان عن ظهر غنى)

«Садақалардың ең жақсысы - мұқтаж емес жағдайда берілгені»³.

Құлаққағыс: Есті болуы, кәмелетке толуы шарт емес. Сәбидің де, жындының да малынан пітір садақасын төлеу уәжіп. Егер ол екеуінің қамқоршысы пітір садақасын шығармаса күнәқар болады. Қашан жынды кісінің есі оралса және сәби кәмелетке толса өздерінің төлеулері уәжіп болады.

Пітір садақасы кім үшін төленеді?

Ханафи мәзһабында мұсылман кімді өз қарамағына толық қамқорлыққа және толық асырауға алса, ол үшін пітір садақасын шығарады.

Мұсылман пітір садақасын, алдымен, өзі үшін, сосын қарамағында асырап отырған әркім үшін төлейді, әрине, егер олардың ешқандай табысы болмаса. Мысалы, отағасы өзі үшін, кәсіппен шұғылдануға жасы жетпеген балалары үшін, құлы үшін (тіпті кәпір болса да) төлейді. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(ليس على المسلم في عبده صدقة إلا صدقة الفطر)

«Мұсылман иелігіндегі құлы үшін пітір садақасын ғана болмаса, басқа садақа төлемейді»⁴.

Отағасы жеке табысы бар әйелі үшін және қарамағында тұрып жатқан аға-інілері, әпке-қарындастары және туыстары үшін пітір садақасын шығармайды. Сондай-ақ кәсіппен шұғылдануға шамасы келгенімен үйде отырған үлкен балалары үшін және жеке табыстары бар әке-шешесі үшін пітір садақасын төлеу отағасына уәжіп емес.

Әкелерінен айырылған ұл балалар үшін кәмелетке толғанша пітір садақасын аталары төлейді. Бай әйелге пітір садақасын өзі үшін ғана төлеуі уәжіп. Ол балалары мен күйеуі үшін ешнәрсе төлемейді.

Берілетін мөлшер

Ханафи мәзһабінде пітір садақасы төрт нәрседен беріледі: бидай, арпа, құрма және мейіз. Саълаба ибн Сабыр, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Аллаһтың елшісі (саллаллаһу

¹ Әл-Бұхари және Мүслім жеткізді

² Ахмад жеткізді

³ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

⁴ Мүслім жеткізді

алайһи уа саллам) бізге құтпа айтып, былай деді:

(أدوا عن كل حر و عبد نصف صاع من بر أو صاعا من تمر أو صاعا من شعير)

«Әр азат үшін және әр құл үшін жарты сағ бидай, немесе бір сағ құрма, немесе бір сағ арпа беріндер»¹.

Пітір садақасы берілетін нәрсе	Берілетін мөлшер
Бидай	0,5 сағ = 1 кг 900г
Арпа	1 сағ = 3 кг 800г
Құрма	1 сағ = 3 кг 800г
Мейіз	1 сағ = 3 кг 800г

Ханафи мәзһабінде пітір садақасын бұл нәрселердің өзімен де, құнымен де беруге болады. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) айтқандай:

(أغنوهم عن المسألة في مثل هذا اليوم)

«Мұндай күндері оларды қайыр тілеуден құтқарындар!», пітір садақасының мақсаты - пақырды мұқтаждықтан құтқару. Ал мұқтаждықтан құтқару заттың өзін емес, құнын берумен жүзеге асады². Сол себептен молшылық уақытта заттың құнын, ал таршылық уақытта заттың өзін берген абзал.

Мағлұмат: Басқа мәзһаптарда бидайдан да бір сағ беріледі. Сондай-ақ оларда аталмыш нәрселердің құны емес, өздері берілуі қажет.

Берілетін уақыты

Пітір садақасы берілетін уәжіп уақыт - айт күнінің таңғы уақыты. Пітір садақасын алдын-ала төлеу, мейлі рамазан айы кіргенде болсын, мейлі айт күнінен бұрын болсын, мәкрүһ емес. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كانوا يعطونها قبل الفطر بيوم أو يومين)

«Сахабалар пітір садақасын Ораза айтынан бір не екі күн алдын беретін»³.

Алайда айт күнінен кешіктіріп беру мәкрүһ. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(فرض رسول الله صلى الله عليه وسلم زكاة الفطر طهرة للصائم من اللغو والرفث وطعمة للمساكين فمن أداها قبل الصلاة فهي زكاة مقبولة و من أداها بعد الصلاة فهي صدقة من الصدقات)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) пітір садақасын мұсылманның оразасын айтып қойған бос сөзі мен жаман сөзінен тазарту үшін, сондай-ақ міскіндерге азық болуы үшін парыз етті. Кім оны намаздан бұрын төлесе, онда ол - пітір садақасы. Ал кім намаздан кейін төлесе, онда ол - жай садақалардың бірі»⁴.

Дегенмен пітір садақасының айт күнінен кешігуімен оның уәжіптілігі мұсылманның мойнынан мүлде түспейді. Ол оны кешіктірсе де беруі қажет. Әйтпесе мұсылманның мойнында қарыз болып қала береді.

Пітір садақасы айт күнінің таңынан айт намазына жеткізбей берілуі мустаһап.

Пітір садақасы кімге беріледі?

Негізінде, Аллаһ тағала зекет пен садақа түрлерін «Тәуба» сүресінің 60-шы аятында жинақы «садақалар» атауымен атады:

¹ Әбу Дәуд жеткізді

² «Әл-Фикһ ал-Ислами уа Адиллатуһу»: 3/2044

³ Әл-Бұхари жеткізді

⁴ Әбу Дәуд және Ибн Мажа жеткізді

﴿إِنَّمَا الصَّدَقَاتُ لِلْفُقَرَاءِ وَالْمَسْكِينِ وَالْعَامِلِينَ عَلَيْهَا وَالْمَوْلَىٰ فَهُمُومٌ وَفِي الرِّقَابِ وَالْغَارِمِينَ وَفِي سَبِيلِ اللَّهِ وَأَبْنِ السَّبِيلِ فَرِيضَةً مِّنَ اللَّهِ وَاللَّهُ عَلِيمٌ حَكِيمٌ﴾

«Расында, садақалар тек пақырларға, міскіндерге, оны жинап үлестірушілерге, жүректері келісімге келгендерге, құлдарға, қарызға батқандарға, Аллаһ жолындағыларға және жолда қалғандарға ғана беріледі. Бұл - Аллаһтың парыз еткен үкімі. Сондай-ақ Аллаһ - бәрін білуші және өте дана». Осы аяттың негізінде пітір садақасы да зекет берілетін адамдарға беріледі.

Бесінші бөлім: Нәпіл садақалар¹

Бірінші: Нәпіл садақасының үкімі

Нәпіл садақалардың үкімі - мустахап және кез келген уақытта беруге болады. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿مَنْ ذَا الَّذِي يُقْرِضُ اللَّهَ قَرْضًا حَسَنًا فَيُضَاعِفَهُ لَهُ أَضْعَافًا كَثِيرَةً﴾

«Аллаһқа жақсы қарыз бергісі келетін кім екен? Ол оған оны бірнеше есе еселеп қайтарады...»².

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(من أطلع جائعا أطمعه الله من ثمار الجنة و من سقى مؤمنا على ظمأ سقاه الله عز و جل يوم القيامة من الرحيق المختوم و من كسا مؤمنا عاريا كساه الله من خضر الجنة)

«Кім аш кісіні тамақтандырса, Аллаһ оны жәннат жемістерімен тамақтандырады. Кім мүміннің шөлін қандырса, Қиямет күні Аллаһ оны ар-рахик ал-махтумнан суғарады. Кім киімсіз мүмінді киіндірсе, Аллаһ оны жәннат киімімен киіндіреді»³.

Екінші: Рамазан айында және жасырын берілуі

Жасырын берілген садақа ашық берілген садақадан абзал. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿إِنْ تُبْدُوا الصَّدَقَاتِ فَنِعِمَّا هِيَ وَإِنْ تُخْفَوْهَا وَتُؤْتُوهَا الْفُقَرَاءَ فَهُوَ خَيْرٌ لَّكُمْ وَيُكَفِّرُ عَنْكُمْ مِّنْ سَيِّئَاتِكُمْ وَاللَّهُ بِمَا تَعْمَلُونَ خَبِيرٌ﴾

«Садақаларды ашық берсеңдер, бұларың қандай керемет! Ал оны пақырларға жасырын берсеңдер, бұл - өздерің үшін жақсы, әрі жаман істеріңді жуады. Аллаһ істеп жатқандарың жайлы хабардар»⁴.

Қиямет күні Аллаһ тағала Өз көлеңкесінің астына алатын жеті түрлі адамның бірі Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) айтқандай:

(و رجل تصدق بصدقة فأخفاها حتى لا تعلم شماله ما تنفق يمينه)

«..оң қолының не бергенін тіпті сол қолына білдірмей садақа берген кісі»⁵.

Садақаның рамазан айында берілуі басқа айлардан гөрі абзалырақ. Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(سئل رسول الله صلى الله عليه و سلم: أي الصدقة أفضل؟ قال: صدقة في رمضان)

Аллаһтың елшісінен (саллаллаһу алайһи уа саллам): «Қандай садақа абзал?»-деп сұралғанда ол: «Рамазан айындағы садақа»-деп жауап береді⁶. Өйткені пақырлар бұл айда ораза ұстауларымен қатты әлсіреп, кәсіп қылулары да ауыр болады. Сондай-ақ бұл айда жақсы істер еселеніп жазылады.

¹ «Әл-Фикһ ал-Ислами уа Адиллатуһу»: 3/2051-2060

² «Бақара» сүресі: 245

³ Әбу Дәуд және Ат-Тирмизи жеткізді

⁴ «Бақара» сүресі: 271

⁵ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

⁶ Ат-Тирмизи жеткізді

Үшінші: Бүкіл малды садақа ету

Мұсылман қоғамын экономикалық дағдарыс қысқанда немесе мемлекеттен дұшпан шапқыншылығын қайтару жолында мұндай амал әр мұсылманнан талап етіледі. Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) бізге садақа беруімізді бұйырды. Бұл бұйрық шығуы менде мал пайда болуына сай келді. Мен: «Егер Әбу Бәкірден озатын күнім бар болса, ол осы күн шығар?!»-дедім. Мен оған (саллаллаһу алайһи уа саллам) жарты малымды әкелдім. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) маған: «**Отбасыңа қалдырдың ба?**»-деп сұрады. «Оларға осы көлемде қалдырдым»-дедім. Әбу Бәкір оған бүкіл малын әкелді. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) оған: «**Отбасыңа не қалдырдың?**»-деп сұрайды. Ол: Аллаһты және елшісін қалдырдым»-дейді. Сонда мен: «Бұдан кейін мен сенімен еш нәрседе жарыспаймын»-дедім¹. Міне, бұл Әбу Бәкірдің күшті иманы мен зор тәуекеліне негізделген керемет артықшылығы. Сондай-ақ ол табыс тілін жақсы білетін саудагер еді.

Кімнің табыс түсірер кәсібі болмаса, иманы мен тәуекелі әлсіз және өзіне сенімсіз болса, кәсібі көтерілгенше біраз уақыт жоқтыққа сабыр ете алмаса, мұндай іске баруы мәкрүһ².

Төртінші: Садақа берушінің жағдайы қандай болуы қажет?

Негізінде, мұсылман садақаны өзінің және асырап отырған адамдарының күнделікті қажеттіліктерінен артылып тұрған малдан бергені жақсы. Өйткені пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам):

(خير الصدقة ما كان عن ظهر غنى وابدأ بمن تعول)

«Садақалардың ең жақсысы - мұқтаж емес жағдайда берілгені. Асырап жатқандарыңнан баста!»-деді³.

Садақа беремін деп, асырап отырған адамдарды аш қалдыруы күнә болады. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(كفى بالمرء إثماً أن يضيع من يقوت)

«Қамқорлығындағы кісіні құртып алуы адам үшін жеткілікті күнә саналады»⁴.

Бесінші: Жеңіл болған нәрсемен садақа беру

Мұсылман өзіне жеңіл болған нәрсемен садақа бергені мустахап. Сондай-ақ оны азсынып садақа беруден тоқтауына болмайды. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай деді:

﴿فَمَنْ يَعْمَلْ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ خَيْرًا يَرَهُ﴾

«Кім шаң тозаңындай салмақта жақсылық жасаса, (ақиретте) оны көреді»⁵.

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(اتقوا النار ولو بشق تمر)

«Жарым құрмамен болса да оттан қорқыңдар!»⁶.

Алтыншы: Садақаны салиқалы адамдарға беру. Мұсылман садақа беруі үшін пақырлығын білдірмейтін салиқалы кедейлерді іздегені мустахап.

Жетінші: Садақа кімге беріледі?

¹ Ат-Тирмизи жеткізді

² «Әл-Фиқһ ал-Ислами уа Адиллатуһу»: 3/2053

³ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

⁴ Әбу Дәуд және Ан-Насаи жеткізді

⁵ «Залзала» сүресі: 7

⁶ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

1 - Туысқандар. Садақаны алуға ең лайықтылар - туысқандар. Сосын көршілер. Садақа, алдымен, ең жақын туыстарға және есігі жақын көршіге, сосын одан кейінгілерге беріледі. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(الصدقة على المسكين صدقة وهي على ذي الرحم اثنين: صدقة وصله)

«Міскінге берілген садақа - бір садақа. Ал туысқа берілгені екі амал: садақа және туыстық байланыс»¹. Тағы бір хадисте пайғамбарымыздан (саллаллаһу алайһи уа саллам): «Менің екі көршім бар. Екеуінің қайсысына берейін?»-деп сұралғанда ол:

(إلى أقربهما منك بابا)

«Қайсысының есігі саған жақын болса, соған бер»-дейді².

2 - Өте мұқтаж адамға. Аллаһ тағала Құранда міскінді топырақтан басқа ешнәрсесі жоқ түрінде сипаттап, былай дейді:

﴿أَوْ مِسْكِينًا ذَا مَتْرَبَةٍ﴾

«Топыраққа былғанған міскінді»³.

Сегізінші: Қарыздар адамның садақасы

Қарызды өтеу уәжіп болғандықтан, қарыздар адам қарызынан құтылғанша садақа бермегені дұрыс.

Тоғызыншы: Арам жолмен табылған малдың садақасы

Ханафи мәзһабінде күнәләрді өзіне адал етуіне қарамастан, Аллаһ тағалаға жақындау ниетімен мүлде арам табыстан садақа беру немесе мүлде арам ақшаға мешіт тұрғызу күпірлікке жатады.

Садақаға қатысты тиымдар, мәкрүһтәр және мүстахаптар.

- Малы мен кәсібі бола тұра қайыр тілеу. Мұсылманға Аллаһтың жүзін атап тек қана жәннәтті сұрауына болады. Бұдан басқасын Аллаһтың жүзімен сұрау және бұлай сұрағанға бермеу мәкрүһ болады.

- Берген садақасын міндет қылу садақаның сауабын жояды.

- Арам малдан садақа беруге мүлде болмайды.

- Нашар нәрсені саналы түрде садақаға беру жеккөрінішті іс. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿لَنْ تَنَالُوا الْبِرَّ حَتَّى تُنْفِقُوا مِمَّا تُحِبُّونَ وَمَا تُنْفِقُوا مِنْ شَيْءٍ فَإِنَّ اللَّهَ بِهِ عَلِيمٌ﴾

«Жақсы көретін нәрселеріңнен жұмсамайынша, игілікке мүлде жетпейсіңдер. Не жұмсаған болсаңдар, Аллаһ оны жақсы біледі»⁴.

- Таза көңілімен беру мустахап. Өйткені сауаптың еселену себебі - осы.

Қажылық және умра

Бірінші тарау: Қажылық

Бірінші бөлім: Қажылық бөліміне кіріспе

Қажылықтың анықтамасы

Араб тілінде қажылық "الحج" деп айтылады. "الحج" сөзінің тілдік мағынасы - ұлық тұтқан нәрсеге талпыну және ниеттену, оны мақсат тұту.

"الحج" сөзінің шарифаттағы мағынасы: Шарифат тарапынан белгіленген уақытта арнайы құлшылық рәсімдерін атқару үшін Қағбаны ғана мақсат етіп жолға шығу. Шарифат тарапынан

¹ Ахмад, Ибн Мажа және Ат-Тирмизи жеткізді

² Әл-Бұхари жеткізді

³ «Балад» сүресі: 16

⁴ «Әли Ғимран» сүресі: 92

белгіленген уақыт дегеніміз - қажылық айлары: шәууәл, зүлқаъда, зүлхижжа және зүлхижжа айының алғашқы он күні. Қажылықтың әр рәсімі үшін арнайы уақыт белгіленген.

Қажылықтың шарифатқа енген жылы

Қажылық хижраның тоғызыншы жылының соңғы күндерінде Аллаһ тағаланың мына аятымен парыз етілді:

﴿وَلِلَّهِ عَلَى النَّاسِ حِجُّ الْبَيْتِ مَنِ اسْتَطَاعَ إِلَيْهِ سَبِيلًا وَمَنْ كَفَرَ فَإِنَّ اللَّهَ غَنِيٌّ عَنِ الْعَالَمِينَ﴾

Бұл аяттың қазақша мағынасы: «Аллаһ алдында Қағбаны қажылық ету - адамдарға парыз етілді, әрине, кімнің оған амал табуға шамасы келсе. Ал кім қарсы келсе, әлбетте, Аллаһ әлемдерге мұқтаж емес»¹.

Қажылық пен умраның исламдағы орындары

Қажылық - ислам негіздерінің бірі. Аллаһ тағала оны атқаруға шамасы келетін мұсылманға парыз етті. Умра да сол секілді атқарылатын құлшылық. Ханафи мен мәлики мәзһабінде умра қажылығының үкімі бекітілген сүннет. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) өз ғұмырында бір мәрте қажылық және төрт мәрте умра жасаған. Бірінші умраны хижраның алтыншы жылында Худайбиядан жасады. Екінші умраны хижраның жетінші жылында жасады. Үшінші умраны Мекке алынған жылы, хижраның сегізінші жылы жасады. Төртінші умраны қажылықпен бірге хижраның оныншы жылында жасады. Алғашқы үш умра зүлқаъда айында, ал соңғысы қажылықпен бірге зүлхижжа айында жасалды².

Қажылық жиһадтан абзал ма?

Амалдардың бір-бірінен артықшылығын баяндайтын хадистердің мәтіндері әртүрлі. Бір хадисте жиһад абзал, біреуінде иман абзал, тағы біреуінде намаз абзал, ал енді біреуінде қажылық абзал делінген. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(سئل رسول الله صلى الله عليه وسلم: أي الأعمال أفضل؟ قال: إيمان بالله ورسوله, قيل: ثم ماذا؟ قال: ثم الجهاد في سبيل الله, قيل: ثم ماذا؟ قال: ثم حج مبرور)

Аллаһтың елшісінен (саллаллаһу алайһи уа саллам): «Қандай амал ең абзал?»-деп сұралды. Ол: «Аллаһқа және елшісіне деген иман»-деді. «Сосын қайсы?»-делінді. Ол: «Сосын Аллаһ жолында жиһад жасау»-деді. «Сосын қайсы?»-делінді. Ол: «Сосын игі қажылық»-деді³. Тағы бір хадисте былай делінген:

(العمره إلى العمرة كفارة لما بينهما والحج المبرور ليس له جزاء إلا الجنة)

«Умра мен умра өз араларындағыны (күнәні) жуып кетеді. Ал игі қажылық үшін жәннаттан басқа сыйақы берілмейді»⁴.

Хадистерде келген «игі қажылық» дегеніміз - қабыл болған қажылық. Имам ән-Науауи «игі қажылық»-ты ешқандай күнә араласпаған қажылық деп түсіндіреді.

Имам аш-Шауканидің айтуынша сахабалар тарапынан қойылған «Қандай амал ең абзал?»-деген сұраққа пайғамбарының (саллаллаһу алайһи уа саллам) әртүрлі жауап беруі олардың жағдайларының өзгешелегімен байланысты. Жиһадқа лайықты сипаты бар кісі сұраса, оған жиһад дейтін. Ауқатты бола тұра қажылықты кешіктіріп жатқан кісі сұраса, оған қажылық деп жауап беретін. Жағдайларының өзгешелігіне сай Аллаһтың елшісінен (саллаллаһу алайһи уа саллам) еститін жауаптары да әртүрлі болатын⁵. Сондай-ақ әркімнің ақсап жатқан амалы да Аллаһтың елшісіне (саллаллаһу алайһи уа саллам) белгілі болатын.

¹ «Әли Ғимран» сүресі: 97

² «Ал-фикһ ал-ислами уа адиллатуһу»: 3/2066

³ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

⁴ Әл-Бұхари, Мүслім, Ан-Насаи, Ибн Мажа және Ат-Тирмизи жеткізді

⁵ «Әл-Фикһ ал-ислами уа Адиллатуһу»: 3/2067

Шариғатта орын алуындағы сыры¹

Қажылық пен умра арқылы мұсылмандар тарапынан әр жылы Қағбаны құлшылықпен жандандыру парызы атқарылуда. Бұл - кифая парыз. Сондай-ақ мұсылманның Раббысы үшін туған жерін қиюға, Оған жақындау үшін малы мен күшін жұмсауға талпындыру. Бұл сынақтан шамасы келген әркім ғұмырында бір мәрте өтуі парыз.

Игі қажылықтың мұсылманның жеке басына берер пайдасы және қоғамдық пайдасы да өте көп.

Жеке пайдалары:

- күнәні жояды;
- нәпсіні күнә әуестігінен тазартады;
- иманды күшейтіп, Аллаһ тағаламен байланысты нығайтады;
- шынайы тәубәға көмектеседі;
- ережелерді сақтау мен ұстануға, қиыншылыққа сабыр етіп, шыдамдылық танытуға дағдыландырады;
- Аллаһ үшін жан қиюға үйретеді.

Қажылық пен умра жасауымен мұсылман өзіне Раббысы берген мал-мүлік нығметі мен денсаулық нығметіне шүкір етеді. Жан дүниесі шынайы құлшылықпен және толық бой ұсынумен рухтанады. Аллаһ тағаланың діні мен шариғатына бағынады.

Қоғамдық пайдалары:

- Аллаһ тағаланың дидарын іздеп әлем тарапынан төгілген алуан түрлі ұлт өкілдерінен болған мұсылмандармен, олардың отандарымен және тілдерімен танысу;
- әлемдегі мұсылмандардың жағдайларымен танысу;
- бүкіл әлемнің Аллаһқа ғана құлшылық жасау үшін жаратылғандығын білу;
- ұлттарына, тілдеріне және түстеріне қарамастан мұсылмандардың бауыр және бір дене екенін түсіну;
- бәрінің де ортақ мақсаты - елдеріне оралғанда Аллаһтың дінін таратуға берілуді білу.

Қажылықтың үкімі

Қажылық денсаулығы мен материалды тұрғыдан шамасы келуші әрбір мұсылманға парыз айн. Құраннан дәлел: Аллаһ тағала айтады:

﴿وَلِلّٰهِ عَلَى النَّاسِ حِجُّ الْبَيْتِ مَنِ اسْتَطَاعَ اِلَيْهِ سَبِيْلًا وَمَنْ كَفَرَ فَاِنَّ اللّٰهَ غَنِيٌّ عَنِ الْعَالَمِيْنَ﴾

«Аллаһ алдында Қағбаны қажылық ету - адамдарға парыз етілді, әрине, кімнің оған амал табуға шамасы келсе. Ал кім қарсы келсе, әлбетте, Аллаһ әлемдерге мұқтаж емес»².

Сүннеттен дәлел: Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(بنی الإسلام علی خمس: شهادة أن لا إله إلا الله، وأن محمداً رسول الله، وإقام الصلاة، وإيتاء الزكاة، والحج، وصوم رمضان)

«Ислам бес нәрсеге негізделген: Аллаһтан басқа тәңір жоқтығына және Мұхаммед Аллаһтың елшісі екеніне куәлік беруге, намаз оқуға, зекет төлеуге, қажылық жасауға және Рамазан оразасын ұстауға»³.

Негізінде, қажылықтың ғұмырда бір мәрте ғана жасалуы парыз. Әбу Нурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(خطبنا رسول الله صلى الله عليه وسلم فقال: (أيها الناس، قد فرض الله عليكم الحج فحجوا، فقال رجل: أكل عام يا رسول

الله؟ فسكت، حتى قالها ثلاثاً، فقال رسول الله صلى الله عليه وسلم: لو قلت نعم لوجبت، ولما استطعتم)

¹ «Әл-Фикһ ал-Ислами уа Адиллатуһу»: 3/2067-2070

² «Әли Ғимран» сүресі: 97

³ Әл-Бұхари жеткізді

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам): **«Әй, адамдар, Аллаһ сендерге қажылықты парыз етті, қажылық жасаңдар!»**»-деп құтпа айтты. Бір кісі: «Әр жылы ма, Аллаһтың елшісі?»-деп сұрады. Ол кісі сұрағын үш қайталағанша Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) үндемеді. *Сосын* Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді: **«Иә»-деп жауап бергенімде (әр жылы жасау) парыз болатын еді де оған шамаларың келмес еді!»**¹.

Ханафи, мәлики және ханбали мәзһаптарында қаражат пен денсаулығы тұрғысынан мүмкіншілігі бар мұсылман қажылық парызын сол жылынан кешіктірмей өтеуі парыз. Бұған қатысты ескертуші хадистердің бәрі әлсіз болғандықтан, қажылықты кешіктіру Аллаһ тағаланың алдында үлкен болмаса да, кіші күнә саналады. Сол хадистердің бірі: Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді: **«Аллаһтың үйіне (Қағбаға) жеткізер қаражаты мен көлігі бол тұра қажылық жасамаған кісіге тек яһуди немесе христиан болып қана өлуіне болады»**².

Намаз оқымайтын және рамазан оразасын ұстамайтын мұсылман қажылыққа барса, қажылығы дұрыс болады. Ал қабыл болу, болмауына келетін болсақ, тіпті намаз оқушы мұсылманның қажылығы қабыл болды ма, болмады ма, оны бір Аллаһ тағала біледі. Ал енді арам жолмен табылған қаражатпен жасаған кісінің қажылығы дұрыс па, дұрыс емес пе дегенде, ханафи, шафиғи және мәлики мәзһаптарында оның қажылығы дұрыс.

Қажылықты парыз ететін шарттар

1 - Мұсылман болуы. Кәпір кісінің қажылық жасауы дұрыс емес. Кім атеистік сенімде бола тұра қажылық жасаса, сосын біраз уақыттан кейін мұсылман болса, қажылықты қайта жасауы парыз.

2 - Ақыл есі дұрыс болуы. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(رفع القلم عن ثلاثة، عن النائم حتى يستيقظ، وعن الصبي حتى يحتلم، وعن المجنون حتى يعقل)

«Қалам үш адамның амалын жазбайды: ұйқыдағы адам, оянғанша; сәби, кәмелетке толмайынша; жын ұрған кісі, есі оралмайынша»³.

3 - Балиғатқа толуы. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(أیما صبي حج، ثم بلغ الحنث، فعليه أن يحج حجة أخرى)

«Қайсыбір сәби (әке-шешесімен бірге) қажылық жасаса, сосын балиғатқа толса, қажылықты тағы жасауы парыз»⁴. Бұл хадистің негізінде имам Әбу Ханифаның көзқарасында балиғатқа толмаған баланың жасаған қажылығы дұрыс емес және дұрыс болғанында парыз болар еді.

4 - Азат болуы. Қажылық жасау үшін қажетті бос уақыт, қаражат және көлік секілді нәрселер құлдың иелігінде болмағандықтан, азат болғанша және қажетті қаражатқа иелегенше оған қажылық парыз емес.

5 - Мүмкіндіктің болуы. Ханафи мәзһабінде мүмкіндік үшке бөлінеді:

1 - Денсаулық мүмкіндігі. Денсаулығы әлсіз, науқасқа, соқырға, параличке, мүгедекке, тіпті жетекші табылса да уәжіп емес. Сондай-ақ көлікке өзі мініп, өзі түсе алмайтын қартқа, қамаудағы адамға да уәжіп емес. Өйткені Аллаһ тағала қажылық парызы үшін мүмкіндіктің болуын шарт қылды.

2 - Материалды мүмкіндік. Материалды мүмкіндік дегеніміз - қажылық сапарында жол азығы мен көлік қызметін көтеруге жеткілікті қаражаттың болуы. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: **«Аллаһ алдында Қағбаны қажылық ету - адамдарға парыз етілді,**

¹ Мүслім жеткізді

² Ат-Тирмизи жеткізді. Хадистің тізбегінде әлсіздік бар.

³ Әбу Дәуд жеткізді

⁴ Әл-Байһақи жеткізді

эринe, кiмнiң оған амал табуға шамасы келсе..» аятқа қатысты Аллаһтың елшiсiнен (саллаллаһу алайһи уа саллам): «Амал табу»-деген не?-деп сұралғанда ол:

(الزاد والراحلة)

«Жол азық пен көлiк»-деп жауап бередi¹.

Қажылыққа аттанушы кiсi қажылықтан оралғанша артында қалатын отбасының күнделiктi қажеттiлiктерiн жеткiлiктi етiп қамтамас етуi қажет. Егер оларды қамтамасыз етпей кетсе, күнға ие болады. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшiсiнiң (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенiн айтты:

(كفى بالمرء إثماً أن يضيع من يقوت)

«Қамқорлығындағы кiсiнi құртып алуы адам үшiн жеткiлiктi күнә саналады»².

3 - Қауiпсiздiк мүмкiндiгi. Қауiпсiздiк мүмкiндiгi дегенiмiз - жолдың қауiп-қатерден аман болуы. Әйел кiсi үшiн қауiпсiздiк мүмкiндiгi дегенiмiз - қасында ақыл есi дұрыс және балиғатқа толған махрамның болуы.

Әйел кiсiге ғана қажеттi шарттар

1 - Әйел кiсiнiң қасында күйеуi немесе махрамы болуы шарт. Бұл екеуiнiң бiрi болмаған жағдайда оған қажылық парыз болмайды. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшiсiнiң (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенiн айтты:

(لا تسافر المرأة ثلاثاً إلا مع ذي محرم)

«Қасына махрам ермеген әйел кiсi үш күннен астам уақытқа жолға шықпайды»³. Тағы бiр хадисте былай делiнедi:

(لا تحجن امرأة إلا معها زوج)

«Қасында күйеуi болмаған әйел қажылық жасамайды»⁴.

Сапарға қатысты махрам дегенiмiз - әйел кiсiнiң атасы, әкесi, туған ағасы, iнiсi. Әйел кiсiнiң күйеуiнсiз немесе махрамсыз қажылық немесе умра жасауы мәкрүһ тахриман және игi қажылық саналмайды. Дегенмен құлшылығының дұрыстығы жойылмайды. Махрамның қаражатын қажылық жасаушы әйел көтередi. Махрам табылса, күйеуi әйелiн қажылық парызын жасауынан тоқтата алмайды. Өйткенi қажылық әйелге де парыз. Алайда әйел кiсiнiң күйеуiнен рұқсат сұрауы ұнамды. Күйеуi рұқсат бермесе, қажылық парызын атқаруға рұқсатсыз аттана бередi. Алайда нәпiл оразалары мен умраны күйеуiнiң рұқсатынсыз мүлде атқаруына болмайды.

2 - Ғидда кезiнiң болмауы. Ғидда дегенiмiз - әйел кiсiнiң талақ себебiмен немесе күйеуiнiң өлу себебiмен күту аралығы. Бұл аралықта әйел кiсiнiң үйден шығуына Аллаһ тағала Құран Кәрiмде тиым салады:

﴿ لَا تُخْرِجُوهُنَّ مِنْ بُيُوتِهِنَّ وَلَا يَخْرُجْنَ ﴾

«Оларды үйлерiнен шығармандар және өздерi де шықпасын»⁵. Талақпен немесе күйеуiнiң өлуiмен байланысты әйел кiсiге ғидда аралығының өтуiн күту парыз.

Қосымша түсiндiрмелер:

1 - Қаражаты бар кiсiнiң алдында зекет беру, кәффарат өтеу және қажылық парыздары тұрса, алдымен, қажылық жасалады.

2 - Кiмнiң артық үйi, артық көлiгi болса және оның құны қажылық қаражатына жеткiлiктi болса, оны сатып қажылық жасауы уәжiп болмағанымен абзал. Сондай-ақ қымбат көлiгi болып, оның құнына бiрнеше көлiк алуға болса, да осылай iстегенi абзал, бiрақ уәжiп емес.

3 - Қаражаты бар кiсiнiң үйлену ниетi қажылық уақытына сай келсе, алдымен, қажылық жасайды.

¹ Әл-Байһақи жеткiздi

² Әбу Дәуд және Ан-Насаи жеткiздi

³ Әл-Бұхари мен Мүслiм жеткiздi

⁴ Ад-Даракутни жеткiздi

⁵ «Талақ» сүресi: 1

Қажылықтың уақыты

Қажылық парызы үшін шарифатта арнайы уақыт белгіленген. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿ الْحَجُّ أَشْهُرٌ مَّعْلُومَاتٌ ﴾

«Қажылық - бұл белгілі айлар»¹. Ханафи мен ханбали мәзһаптарында қажылық айлары дегеніміз - шәууәл, зүлқаджа және зүлхиджа айының алғашқы он күні ғана. Зүлхиджа айының он күнінің өтуімен қажылықтың уақыты аяқталады. Бұл он күннен кейінгі күндер қажылық айларына жатпайды. Құрбан шалынатын күні тауап, тас лақтыру, құрбан шалу, шаш қырқу секілді қажылықтың көптеген ішкі парыздары атқарылады. Ибн Масъуд, Ибн Аббас, Ибн Омар және Ибн Зубайр, Аллаһ тағала оларға разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(يوم الحج الأكبر: يوم النحر)

«Үлкен қажылықтың күні - құрбан шалынатын күн»².

Қажылық пен умраның миқаты

Миқат араптың "الميقات" сөзінен алынған және тілдік тұрғыдан шекара, шеп, аралық жер деген мағыналарды береді. Ал шарифаттық тұрғыдан миқат дегеніміз - қажылық пен умраның атқарылуы басталатын орын мен уақыт. Қажылық пен умраға ниеттенуші миқаттан ихрамсыз асуына болмайды. Егер бұлай істесе, қатесін жуу үшін миқатқа қайта оралуы қажет немесе қой шалуы қажет. Шарифатта ихрамға миқатқа жетпей кіруге де болады. Бұл, тіпті ханафи мәзһабінде абзал көрінеді, әрине, егер ихрамға кіруші ихрамды сақтауына сенімді болса. Әлемдегі елдердің Меккеге қараған бағыттарының өзгешелігіне байланысты, әр елден келуші қажылардың да ихрамға кіру миқаттары әртүрлі.

Бірінші: Меккеліктердің миқаты. Меккедегі адамдардың қажылыққа шығатын миқаты - Меккенің өзі. Ал умраға шығатын ең абзал миқат, ханафи мен ханбали мәзһаптарының көзқарасында «Танъим» деген орын. Өйткені пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) Әбу Бәкірдің баласы Абдрахманға Айша анамызды «Танъим»-нан умра жасатуын бұйырған³. Танъимнан кейін Жиърана, Жиъранадан кейін Худайбия абзал саналады.

Екінші: «Әһлул-хилл» үкіміндегілердің миқаты. Бұлар - үйлері Мекке сыртында орналасқан бес миқаттың қасындағы тұрғындар. Ханафи мәзһабінде бұлардың қажылық пен умраға шығатын миқаттары - тұрғылықты жерлерінің шеңбері немесе соны мен Меккенің арасындағы жер.

Үшінші: «Әһлул-афак» үкіміндегілердің миқаты. Бұлар - үйлері миқаттардың арғы бетінде орналасқан тұрғындар. Бұл миқаттарды Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) солардың үстімен басқа елдерден қажылық пен умра жасау үшін өтетін әркімге белгіледі. Бұл миқаттар - бесеу. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

وقت رسول الله صلى الله عليه وسلم لأهل المدينة ذا الحليفة، ولأهل الشام الجحفة، ولأهل نجد قرن المنازل، ولأهل اليمن يلملم. فهن لهن، ولمن أتى عليهن من غير أهلهن لمن كان يريد الحج والعمرة، فمن كان دونهن فمهلتهن من أهله، وكذلك حتى أهل مكة يهلون منها

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Мәдина тұрғындары үшін Зул-хулайфаны, Шам тұрғындары үшін Әл-Жухфаны, Нежд тұрғындары үшін Қарн ал-Маназилді, Йемен тұрғындары үшін Яламламді миқат етіп белгілеп, былай деді: «Бұл миқаттар қажылық бен умраны қалаған өз тұрғындары үшін, әрі оның үстімен өткен бөтен ел адамдары үшін.

¹ «Бақара» сүресі: 197

² Әбу Дәуд жеткізді

³ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

Ал кім олардан төмен орналасса, ихрамға өз жерінде кіреді. Сол секілді Мекке тұрғындары да ихрамға өз жерінде кіреді»¹.

Бұл жерде төрт миқаттың орындары мен аттары аталды. Ал бесінші миқат «Зәту Ырқ» деп аталады. Жәбир, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ومهل أهل العراق من ذات عرق)

«...Ирак тұрғындарының ихрамға кіретін жері - Зәту Ырқ»².

Бұл бес миқат Мекке тұрғындарынан басқалар үшін белгіленген және Меккенің түрлі тарапында орналасқан. Әлемнің түрлі тарапынан қажылық пен умраны қалаушы әрбір мұсылманға бұл миқаттардан мүлде ихрамсыз асуына болмайды.

Миқаттар:

1 - Зул-хулайфа. Бұл - Мәдина тұрғындарының миқаты және Мәдинадан 6 миль³, ал Меккеден 460 км қашықтықта. Меккеден ең алыс орналасқан миқат осы.

2 - Әл-Жухфа. Бұл - Шам елдері, Мысыр және Марокко тұрғындарының миқаты. Меккеден 187км қашықтықта.

3 - Қарн ал-Маназил. Бұл - Нежд, Кувейт, Біріккен Араб Әмираттары және Тайф тұрғындарының миқаты. Бұл Меккеден 89 км ақшықтықта орналасқан тау.

4 - Яламлам. Бұл - Йемен, Тихама және Үндістан тұрғындарының миқаты. Яламлам - Меккенің оңтүстігінде шамамен 89 км қашықтықта орналасқан тау.

5 - Зәту Ырқ. Бұл - Ирак пен Шығыс елдерінің миқаты. Зәту Ырқ Меккенің солтүстік шығысынан шамамен 89 км қашықтықта орналасқан ауыл.

Қажылыққа немесе умраға құрлықпен, теңізбен, әуемен шыққан жолаушының жолы қай миқатқа жақын болса, соған қарама-қатар өткен жерінен ихрамға кіреді. Кімнің жолы екі миқаттың арасынан өтіп, екеуіне де жақын болса, қайсысы Меккеден алыс болса, ихрамға сол жерден кіреді. Ал енді жолына жақын миқатты анықтау қиынға соқса, миқаттан аспай тұрып, сақтық ниетімен алдын-ала ихрамға кіреді, өйткені ихрамға миқатқа жетпей кіруге болады.

Ихрамға миқатта кірген абзал ма, әлде тұрғылықты жерден кіргені абзал ма?

Қажылық пен умраға аттанушы мұсылман ихрамға тұрғылықты жерінде кіргені абзал, әрине, егер ихрамдық күйді сақтауына сенімді болса. Үмму Салама, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من أحرم من المسجد الأقصى إلى المسجد الحرام بحج أو عمرة غفر له ما تقدم من ذنبه و ما تأخر أو وجبت له الجنة)

«Кім Ақса мешітінен Әл-Харам мешітіне қажылық пен умра үшін ихрамға кірсе, оның өткен күнәсі дә, кейінгі күнәсі дә кешіріледі немесе оған жәннат уәжіп болады»⁴. Бұл хадис әлсіз болғанымен Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Илияда (Қудста) ихрамға кіреді. Сондай-ақ ол үйінен ихрамға кірген Даби ибн Маъбадқа:

(هديت لسنة نبيك صلى الله عليه وسلم)

«Пайғамбарыңның (саллаллаһу алайһи уа саллам) сүннетімен істедің»-дейді⁵. Дегенмен жол бойы кездесетін түрлі пітнәларға қарсы өзіне сенімді болмаған кісіге ихрамға миқатта кіргені абзал.

Екінші бөлім: Қажылықтың ішкі парыздары

Бірінші ішкі парыз: Ихрам

¹ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ 1миль шашамен 1848 м

⁴ Әбу Дәуд және Ахмад жеткізді

⁵ Әбу Дәуд және Ан-Насаи жеткізді

Бұл салтты орындауымен мұсылман бұдан бұрын өзіне адал болған істер мен нәрселерді қажылығын аяқтағанша арам етеді және Аллаһ тағаланы еске алумен ғана шұғылданады. Мұны ихрамға кіру дейді. Негізінде, ихрам қажылықтың сыртқы және ішкі парызы саналады.

Ихрамның шарттары:

1 - Ниет. Бұл дегеніміз - қажылықты немесе умраны бастауға ниеттену. Омардан, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

إنما الأعمال بالنيات و إنما لكل امرئ ما نوى)

«Шындығында, іс-қимылдар - ниеттермен байлаулы және әркімге ниетіндегі болады..»¹. Ниетті: «Қажылыққа ниет еттім және Аллаһ тағала үшін ихрамға кірдім»-деп тілмен білдіру мустахап. Сондай-ақ ниетті: «Аллаһым, қажылыққа ниет еттім. Оны маған жеңілдете гөр және менен қабыл алғай»-деп дұғамен жанастыру да мустахап. Талбия кезінде ниетін: «Ләббайка умратан уа хажжан»-деп білдіру сүннет. Мұның қазақша мағынасы: «Аллаһым, қажылық пен умраны атқару үшін алдында тұрмын». Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін естіді:

" لبيك عمرة وحجاً "

«Ләббайка умратан уа хажжан»².

2 - Тәлбия айту. Тәлбия дегеніміз - «Ләббайкаллаһумма ләббайк. Ләббайка лә шәрика ләка ләббайк. Иннал-хамдә уан-ниъматә ләка уал-мулк. Лә шәрика ләк»³ сөздерімен Аллаһ тағаланы зікір ету.

Бұл зікірдің арапша мәтіні:

" لبيك اللهم لبيك، لبيك لا شريك لك لبيك، إن الحمد والنعمة لك والملك، لا شريك لك "

Қазақша мағынасы: «Міне, алдыңа келдім, Аллаһым, алдыңа келдім. Міне, алдыңа келдім, Сенің ортағың жоқ, алдыңа келдім. Расында, мақтау да, нығмет те, билік те Саған тән. Сенің ортағың жоқ».

Тәлбияның осы бейнеде ниетпен қатар айтылуы шарт. Арап тілінде айтылуы абзал, бірақ шарт емес.

Тәлбиянің сүннеттері:

1 - Көтеріңкі дауыспен айту. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

أتاني جبريل فأمرني أن آمر أصحابي أن يرفعوا أصواتهم بالإهلال والتلبية)

«Маған Жебірейіл періште келіп, сахабаларыма тәлбия сөздерін дауыстап айтуларын бұйыруыма әмір берді»⁴.

2 - Қайта-қайта айту. Жәбир, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ما من محرم يضحى لله يومه، يلي حتى تغيب الشمس إلا غابت ذنوبه فعاد كما ولدته أمه)

«Күн батқанға дейін Аллаһ үшін тәлбия айтумен күнін қиған ихрамдағы кісінің күнәсі жойылып, анасынан жаңа туғандай оралады»⁵.

Ихрамның уәжіптері:

Бірінші: Ихрамға миқатта кіру.

Екінші: Ихрамның тыйымдарын сақтау.

Ер кісінің ихрамына қатысты тыйымдар:

1 - Кәдімгі тігілген киімдердің ешқайсысын киюіне болмайды.

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Әл-Бұхари жеткізді

⁴ Ат-Тирмизи жеткізді

⁵ Ибн Мажа жеткізді

2 - Шәркейден басқа аяқкиім киюіне болмайды.

3 - Қолғап киюіне болмайды.

4 - Бас пен бетті жабуына болмайды. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إحرام المرأة في وجهها وإحرام الرجل في رأسه)

«Әйелдің ихрамы жүзінде, ал ер кісінің ихрамы басында»¹.

Тағы бір хадисте былай делінеді:

(ما فوق الذقن من الرأس فلا يُخمره المحرم)

«Ирамдағы кісі иегінен басына дейін ешнәрсе бүркемейді»².

Осы хадистердің негізінде ихрамда ер кісі басына ешнәрсе кимейді.

Ихрамдағы кісі қайтыс болса, оның бетін бүркеуге болады, өйткені оның өлімі ихрамы күйін тоқтатады.

Әйел кісінің ихрамына қатысты тыйымдар:

Ер кісіден өзгеше, ихрамда әйел кісіге күнделікті шарифат киімін киюіне болады. Алайда ниқап тағуына және қолғап киюіне болмайды. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ولا تنتقب المرأة المحرمة ولا تلبس القفازين)

«Ихрамдағы әйел ниқап тақпайды және қолғап кимейді...»³.

Еркек пен әйелге ортақ тыйымдар:

1 - Шашын кесуіне, қырқуына және денесіндегі қылды алуына болмайды. Сондай-ақ оған біреудің шашын алуына да болмайды. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿وَلَا تَحْلِقُوا رُؤُوسَكُمْ حَتَّىٰ يَبْلُغَ الْهَدْيُ مَحَلَّهُ﴾

«...Құрбандық малы өз орнына жетпейінше шаштарыңды алмаңдар...»⁴.

Шаш ұйпалақтанған болса да қажылықтың көркі саналады. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(قام رجل إلى النبي صلى الله عليه وسلم فقال: ما الحاج؟ قال النبي صلى الله عليه وسلم: (الشَّعِثُ النَّفِيلُ)

Бір кісі пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) келіп: «Қажылық дегеніміз не?»-деп сұрады. Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) оған: «Қажылық дегеніміз - жағымсыз иісті, ұйпалақтанған шаш»-деді⁵.

2 - Әтір қолдануы. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن رجلاً قال: يا رسول الله ما يلبس المحرم من الثياب؟ قال رسول الله صلى الله عليه وسلم: (... ولا تلبسوا من الثياب شيئاً مسه الزعفران أو الورد)

Бір кісі: «Әй, Аллаһтың елшісі, ихрамдағы кісі қандай киім киеді?»-деп сұрайды. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам): «...Запырангүлмен хош иістенген және сары түске боялған киімдердің ешқайсысын кимендер»-дейді⁶.

Сол секілді ихрамды кісіге хош иісті нәрселерді иіскеуге және хош иіс араласқан сусын ішуге де болмайды. Жәбир ибн Абдулла, Аллаһ тағала оған разы болсын, өзінен:

(أنه سئل عن الريحان أيشمه المحرم، والطيب، والدهن، فقال: لا)

«Ихрамдағы кісінің райханды, әтірді және хош иісті майды иіскеуге бола ма»-деп сұралғанда ол: «Жок»-деп жауап береді⁷.

¹ Ад-Дарақутни жеткізді

² Муатта: 224

³ Әл-Бұхари жеткізді

⁴ «Бақара» сүресі: 196

⁵ Әл-Байһақи жеткізді

⁶ Әл-Бұхари жеткізді

⁷ Әл-Байһақи жеткізді

3 - Хош иіс пен әсемдік үшін пайдаланылатын майларды ихрамдағы кісі шашы мен денесіне жағуға болмайды. Емдік заттар мен вазелин секілді нәрселерді қолдануға болады.

4 - Тырнақ алуға болмайды. Ихрамдағы кісіге өз тырнағын да, біреудің тырнағын да алуға болмайды. Тек қана сынған тырнақты алып тастауға болады. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, ихрамдағы кісіге қатысты былай деді:

(وَإِذَا انْكَسَرَ ظَفْرُهُ طَرَحَهُ)

«...Егер тырнағын сындырып алса, оны алып тастасын»¹.

5 - Төсек қатынасқа түсу және ол туралы адамдарға, әсіресе әйелдерге айту. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿فَلَا رَفَثَ وَلَا فُسُوقَ وَلَا جِدَالَ فِي الْحَجِّ﴾

«**Қажылықта төсек қатынасына түсуге, сондай-ақ пасықтық жасауға және дауласуға болмайды.**»².

Қажы кісі жұбайымен төсектік қатынасқа Арафадағы тұрысқа дейін түссе, қажылығы бұзылады. Қажылығы бұзылуымен қатар сахабалардан жеткен хабардың негізінде бір қой шалуы уәжіп. Кім төсектік қатынасқа Арафадағы тұрыстан кейін, шаш қырқудан бұрын түссе, «**Қажылық дегеніміз - Арафа**» деген хадистің негізінде оның қажылығы бұзылмайды, алайда қателігін жуу үшін түйе шалуы уәжіп.

Кім төсектік қатынасқа түспей, құмарлықпен жұбайын ұстаса, құшақтаса, сүйсе немесе аймаласа, нәтижесінде шәует бөлінсе де, бөлінбесе де қажылығы бұзылмайды. Бірақ кәффаратын өтейді.

6 - Пасықтық жасау. Пасықтық дегеніміз - Аллаһ тағалаға бой ұсынудан жалтару, шариғат ережелерін ұстанудан бұлтартып, күнә жасау. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ومن حج هذا البيت فلم يرفث ولم يفسق رجع كيوم ولدته أمه)

«**Бұл үйге (Қағбаға) қажылық жасаушы кісі төсек қатынасына түспесе, сондай-ақ пасықтық жасамаса, анасынан туған күндегідей оралады**»³.

7 - Дауласу. Ихрамдағы кісі қасына еріп шыққан адамдармен болсын, бөтен адамдармен болсын, мүлде таласуына, дауласуына, ұрысуына болмайды. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿فَلَا رَفَثَ وَلَا فُسُوقَ وَلَا جِدَالَ فِي الْحَجِّ﴾

«**Қажылықта жыныстық қатынасқа түсуге, сондай-ақ пасықтық жасауға және дауласуға болмайды.**»⁴.

8 - Құрлықтағы аң-құстың еті желінетінін аулауға, ал еті желінбейтінін өлтіруге болмайды. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿أَحَلَّ لَكُمْ صَيْدَ الْبَحْرِ وَطَعَامَهُ مَتَاعًا لَكُمْ وَلِلسَّيَّارَةِ وَحَرَّمَ عَلَيْكُمْ صَيْدَ الْبَرِّ مَا دُمْتُمْ حُرْمًا وَاتَّقُوا اللَّهَ الَّذِي إِلَيْهِ تُحْشَرُونَ﴾

«**Балық аулауларың және теңіз тағамы рақаттануларың үшін сендерге: тұрғылықтыларыңа да, жолаушыларыңа да адал етілді. Сондай-ақ ихрамнан босағандарыңша, құрлықта аңшылық жасауларың арам етілді**»⁵.

Тағы бір аятта былай делінеді:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا لَا تَقْتُلُوا الصَّيْدَ وَأَنْتُمْ حُرْمٌ﴾

¹ Әл-Байһақи жеткізді

² «Бақара» сүресі: 197

³ Әл-Бұхари жеткізді

⁴ «Бақара» сүресі: 197

⁵ «Мәида» сүресі: 96

«Әй, иман келтіргендер, ихрам кездерінде аң-құс өлтірмендер!...»¹.

Ихрамдағы кісіге жай кісінің аңшылығына көмектесуіне немесе аң-құстың тарапына жол сілтеуіне болмайды. Алайда оған жай кісі аулаған аң-құстың етінен жеуге болады. Әбу Қатаданың баласы Абдулла былай деді:

(كان أبو قتادة في نفر محرمين وأبو قتادة محل. واقتصر الحديث وفيه "أنه اصطاد حمار وحش فسألوا رسول الله صلى الله عليه وسلم عن أكله" قال: (هل أشار إليه إنسان منكم أو أمره بشيء، قالوا: لا يا رسول الله. قال: فكلوا)

«Әбу Қатада бір топ ихрамдағы кісілердің арасында болады. Әбу Қатада өзі ихрамда емес. Ол аңшылық жасап, бір құланды қолға түсіреді. Сонда ихрамдағы адамдар Аллаһтың елшісінен (саллаллаһу алайһи уа саллам) оны жеу үкімі жайлы сұрайды. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) олардан: «**Сендерден біреу оған аңға жол сілтеді ме? Немесе сендерден біреу оған бұйырды ма?**»-деп сұрайды. Олар: «Әй, Аллаһтың елшісі, жоқ»-дейді. Ол: «**Онда жей беріндер**»-дейді»².

9 - Жәндіктерді өлтіруге болмайды. Алайда бүргені, кенені, шыбынды, жыланды, шаянды, тышқанды, қасқырды, қарғаны және лашынды өлтіруге болады. Өйткені бұлар зиянкестер қатарынан саналады. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(خمس فواسق يُقتلن في الحلال والحرم: الحية والغراب الأبقع والفأرة والكلب العقور والحديا)

«Бес нәрсе - зиянкестерден. Оларды кәдімгі жағдайларында да, ихрамда да өлтіріңдер. Олар: жылан, теңбіл қарға, тышқан, қабаған ит және лашын»³.

10 - Меккенің ағаштарын кесуге және сындыруға болмайды. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Мекке алынған соң Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) адамдардың алдына шығып, Аллаһ тағаланы пәктеді және мадақтады. Сосын былай деді: «Аллаһ тағаланың тиым салуымен Меккеге (*Абраха әкелген*) піл де кіре алмады. Алайда бұл қалаға елшісі мен мүміндердің кіруіне рұқсат етті. Менен бұрын ешкімге Меккеде соғысуы адал етілмеді. Тек маған ғана Меккеде күндіздің бір ғана сағат уақытын соғысуға рұқсат етілді. Бұл рұқсат, енді ешкімге берілмейді. Бұл жерде аңшылық жасауға және тікенекті сындыруға болмайды. Бұл жерде біреудің жоғалған мүлкі табылса, оны тек табылғанын жариялау үшін ғана алуға болады. Мұнда біреудің туысы өлтірілсе, зардап шегуші тарап екі шешімнің бірін қабылдай алады». Бұл кезде пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) немере ағасы Аббас былай деді: «Әй, Аллаһтың елшісі, бұл тыйым изхирден басқасына айтылсын. Біз оны қабірлерге және үйлеріміздің төбелерін жабуға пайдаланымыз». Ол (саллаллаһу алайһи уа саллам): «**Изхирден басқасына**»-деді⁴.

Ихрам кезінде рұқсат етілетін нәрселер

1 - Теңізден балық және басқа нәрселерді аулау. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿أَجَلٌ لَّكُمْ صَيْدُ الْبَحْرِ وَطَعَامُهُ مَتَاعًا لَّكُمْ وَلِلسَّيَّارَةِ وَحَرَّمَ عَلَيْكُمْ صَيْدَ الْبَرِّ مَا دُمْتُمْ حُرْمًا وَاتَّقُوا اللَّهَ الَّذِي إِلَيْهِ تُحْشَرُونَ﴾

«Балық аулауларың және теңіз тағамы рақаттануларың үшін сендерге: тұрғылықтыларыңа да, жолаушыларыңа да адал етілді...»⁵.

2 - Түйе, сиыр және қой-ешкі сойып жеу. Өйткені бұлар аңшылық олжасына жатпайды.

3 - Жеңіл-желпі жуыну. Негізінде, бой дәретсіздіктен тазару үшін ғана жуынғаны дұрыс. Дененің бастан өзгешелігі - басын жуғанда бір тал шашы түспеуі қажет. Сол себептен шаштарының арасын тырнақтарымен қатты ысқылап жууға мүлде болмайды. Өйткен

¹ «Мәида» сүресі: 95

² Мүслім жеткізді

³ Мүслім жеткізді

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

⁵ «Мәида» сүресі: 96

пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) айтқандай: «Қажылық дегеніміз - жағымсыз иісті ұйпалақтанған шаш»¹. Ысқылау нәтижесінде түскен бір немесе бірнеше тал шаш үшін қалауына сай садақа беруі қажет.

4 - Күнге қарсы үйдің ішін, шатырдың астын немесе ағаштың көлеңкесін пайдалану. Қолшатыр секілді нәрсені пайдалануы болмаса, басына ешнәрсе бүркеуге болмайды.

5 - Қару асынуы және мәжбүрлік қысқанда жаумен соғысуы.

6 - Сүндетке отыру, хижамасу, тіс жұлдырту, денені қасу, жараны орау және сынықты салу. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن النبي صلى الله عليه وسلم احتجم وهو محرم)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) ихрам күйінде хижамасу дегенді»².

7 - Айнаға қарау.

8 - Зиянды жәндіктерді өлтіру.

9 - Ақша салатын белбеу.

10 - Сөйлесу. Дегенмен ихрамдағы кісіге қажетті және пайдалы сөз болмаса, көп сөйлемегені абзал.

Ихрамға кіруші кісі үшін сүннет болатын істер:

1 - Тырнақтарын алуы, мұртын қысқартуы және қолтық пен мүшедегі қылдарды қыруы.

2 - Ғұсыл құйынуы және дәрет алуы. Харижа ибн Зайдтың айтуынша оның әкесі, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) қажылықты бастауға беріліп, ғұсыл құйынғанын көрген³. Сондықтан етеккір немесе нифас күйдегі әйел кісіге ғұсыл құйынып, дәрет алуы мұстахап болады. Жәбир, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) қажылығын сипаттай отырып, былай деді:

(فخرجنا معه حتى أتينا ذا الحليفة. فولدت أسماء بنت عميس محمد بن أبي بكر. فأرسلت إلى رسول الله صلى الله عليه وسلم كيف أصنع؟ قال: اغتسلي، واستتفري بثوب وأحرمي)

«Онымен бірге қажылық жасау үшін жолға шығып, Зұл-хулайфаға келіп тоқтағанда Мұхаммед ибн Әбу Бәкір Ғамистің қызы Асма босанады. Асма Аллаһтың елшісіне (саллаллаһу алайһи уа саллам): «Не істеймін?»-деп хабар жібереді. Ол: «Ғұсыл құйын және астыңа киім ора, сосын ихрамға кір»-дейді⁴.

3 - Изар⁵ мен ридә киюі. Бұл екеуі жуылған, жаңа, ақ және таза болуы қажет. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ليحرم أحدكم في إزار ورداء ونعلين)

«Сендерден әркім ихрамға кіру үшін изар, ридә және шәркей киіні»⁶.

Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(البسوا من ثيابكم البيضاء، فإنها من خير ثيابكم)

«Киімдеріңнің ақ түстісін киіңдер, расында, олар киімдеріңнің ең жақсысы»⁷.

4 - Денесіне әтірді ихрамнан бұрын жағуы. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كنت أطيّب رسول الله صلى الله عليه وسلم لإحرامه قبل أن يحرم)

¹ Әл-Байһақи жеткізді

² Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

³ Ат-Тирмизи жеткізді

⁴ Мүслім жеткізді

⁵ Негізінде, изар дегеніміз - іштік киім. Қажы кісі үшін изар дегеніміз - ұзындығы мен ені денесінің кіндіктен балтырға дейінгі бөлігін орап жабуға жеткілікті мата. Ридә дегеніміз - сырт киім. Қажы кісі үшін ридә дегеніміз - иықтарына тасталатын ұзындығы мен ені изар секілді мата.

⁶ Ахмад жеткізді

⁷ Ат-Тирмизи жеткізді

«Аллаһтың елшісіне (саллаллаһу алайһи уа саллам) ихрамы үшін әтірді ихрамға кірмей тұрғанда жағатынмын»¹.

Ихрамнан бұрын жағылған әтірдің бірнеше күнге созылған әсері ихрамға ешқандай зиян тигізбейді.

5 - Ғұсылдан кейін және ихрамнан бұрын ихрам сүннеті ниетімен екі рәкат намаз оқу. Нафиъ былай деді:

(كان ابن عمر رضي الله عنهما إذا أراد الخروج إلى مكة ادهن بدهن ليس له رائحة طيبة، ثم يأتي مسجد ذي الحليفة فيصلي ثم يركب، وإذا استوت به راحلته قائمة أحرم ثم قال: هكذا رأيت النبي صلى الله عليه وسلم يفعل)

Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Меккеге аттанарында хош иісі әлсіздеу майдан жағынды. Сосын Зү ал-хулайфа мешітіне келіп, (екі рәкат) намаз оқыды. Сосын *шөккен түйесіне* мінді. Түйесі тік көтерілгенде ихрамға кірді. Сосын былай деді: «Пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) тура осылай істегенін көрдім»². Сүннет бойынша бірінші рәкәтта «Кәфирун» сүресі, екінші рәкәтта «Ықылас» сүресі оқылады.

6 - Тәлбияні көбірек айту. Жәбир, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم يلي إذا رأى ركباً أو سعد أكمة، أو هبط وادياً، وفي إدار المكتوبة، وآخر الليل)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) салт аттыны көрсе, төбеге көтерілсе, алқаптан түссе, парыз намаздарының соңында және түннің ақырғы уақытында тәлбия айтатын».

Сонымен қатар тәлбияні көтеріңкі дауыспен айту да сүннет. Әбу Бәкір, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Пайғамбардан (саллаллаһу алайһи уа саллам):

(سئل أي الحج أفضل؟ قال: (العجُّ والشَّجُّ)

«Қандай қажылық абзал?»-деп сұралғанда ол: «Көтеріңкі дауыспен тәлбия айту және құрбан шалу»-деп жауап береді³.

Екінші ішкі парыз: Арафада тұру

Абдрахман ибн Яъмар ад-Дайли, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(الحج عرفة)

«Қажылық дегеніміз - Арафа»⁴.

Бұл хадистің мағынасы, Арафада тұратын уақытты кім өткізіп алса, тауап пен саъи жасап, ихрамнан шығады. Сосын келесі жылы қажылығының қазасын өтейді.

Арафаның аумағы

Негізінде, Арафаның аумағы Мушриф тауынан Ыурананың үстімен өзіне қарама-қарсы орналасқан тауларға шейін, ал одан Ыамир әулетінің бақшаларына дейін созылады. Қажылар үшін оңайластырылып, бүгінгі күні оның шекаралары белгіленіп көрсетілген. Жабал ар-Рахманың етегінде жатқан үлкен тастардың қасында жүзді құбылаға қаратып тоқтау мустахап. Жәбир, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن النبي صلى الله عليه وسلم جعل بطن ناقته القصواء إلى الصخرات وجعل منها حبل المشاة بين يديه واستقبل القبلة)

«..Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) Қасуа атты түйесін үлкен тастардың қасына шөктірді. Ізімен келе жатқан қажылардың сабы оның алдыңғы жағынан көрінді және өзі құбылаға қараған қалыпта тоқтады...»⁵.

¹ Әбу Дәуд жеткізді

² Әл-Бұхари жеткізді

³ Ат-Тирмизи жеткізді

⁴ Ат-Тирмизи, Әбу Дәуд, Ибн Мажа және Ан-Насаи жеткізді

⁵ Мүслім, Әбу Дәуд, Ан-Насаи және Ад-Дарими жеткізді

Арафада тұрылатын орын

Жәбірден жеткен хадисте пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(ووقفت ههنا، وعرفة كلها موقف)

«Мен мына жерге тоқтадым. Сондай-ақ Арафаның кез-келген жерінде тоқтауға болады»¹.

Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(كل عرفة موقف، وارتفعوا عن بطن عرنة)

«Арафа, бүтіндей, - тұру орны. Алайда Батн Ыуранадан түрегеліндер..»².

Бұл хадистерден түсінетініміз, қажы кісіге Арафаның Батн Ыуранадан басқа кез келген жерінде тоқтауына болады. Сонымен қатар Арафаның ең абзал жері - Жабал ар-Рахма. Алайда Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) жасаған умралары мен қажылығында Арафаға тоқтағанда оның әртүрлі жерінде тоқтаған болатын. Сондықтан қажыларға бір жерге таласпай, әдеп сақтап, оның кез келген жерінде тоқтағандары жөн. Батн Ыуранада тоқтауға болмайтын себеп, ол шайтан аңғары саналады³.

Арафа тұрудың шарты

Арафада тұрудың жалпы шарты - Арафада тұруға шарифат тарапынан белгіленген уақыт аралығында тұру. Кім бұл уақытты Арафадан басқа жерде өткізсе, Арафада тұрудың дұрыстығы түгіл, жалпы қажылықтың дұрыстығын бұзып алады. Ханафи, мәлики және шафиғи мәзһаптарында Арафада тұру уақыты Арафа күні, яғни зұлхижжаның тоғызында тал түстен кейін басталып, құрбан шалынатын күннің таңы атуымен аяқталады. Кім осы аралықта Арафада тұруға үлгерсе, онда қажылыққа үлгерген саналады. Жәбір, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(فأجاز رسول الله صلى الله عليه وسلم حتى أتى عرفة فوجد القبة قد ضربت له بنمرة، فنزل بها، حتى إذا زاغت الشمس أمر بالقصواء فرحلت له، فأتى بطن الوادي فخطب الناس..... ثم ركب حتى أتى الموقف فجعل بطن ناقته القصواء إلى الصخرات وجعل منها جبل المشاة بين يديه واستقبل القبلة، فلم يزل واقفا حتى غربت الشمس، وذهبت الصفرة قليلا حتى غاب القرص وأردف أسامة خلفه ودفع رسول الله صلى الله عليه وسلم وقد شقق للقصواء الزمام)

«..Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) (Мүздәлифадан) өтіп, Арафаға келді. Намирада өзіне тігілген шатырды көріп, сонда тоқтады. Күн тал түстен шалқайғанда Қасуа атты түйесін орнынан тұрғызып, оған мінді. Ыурана сайының ортасына келіп, адамдарға құтпа айтты.... Сосын түйесіне мініп, тұратын орынға келді. Қасуа атты түйесін үлкен тастардың қасына шөктірді. Ізімен келе жатқан қажылардың сабы оның алдыңғы жағынан көрінді және өзі құбылаға қараған қалыпта тоқтады. Содан күн батып, сарғыштығы сәл тарағанша және күн шарасы батқанша түрегеп тұрды. Усама пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) түйесіне мінгесті. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) түйесінің тізгінін тартып, Арафадан Муздалифаға қозғалды...»⁴

Ханафи, мәлики және ханбали мәзһаптарында қажы кісі Арафада түннен де, күндізден де үлес алуы үшін, онда күн батқанша тұруы уәжіп. Өйткені Жәбірден жеткен хадисте пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) Арафада күн батқанға дейін тұрды. Сондай-ақ Әли мен Усамадан жеткен хадисте пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) Арафадан күн батқанда кеткені айтылады⁵. Егер қажы кісі Арафадан күннің батуын күтпей кететін болса, Ат-Тирмизиден жеткен сахих хадистің негізінде Арафада тұру парызын атқарған саналады. Бірақ ханафи мен ханбали мәзһаптарында күннің батуын күтпей кеткені үшін қой шалуы уәжіп.

¹ Әбу Дәуд және Ибн Мжа жеткізді

² Хаким және Ат-Табарани жеткізді

³ «Әл-Фикһ ал-Ислами уа Адиллатуһу»: 3/2233

⁴ Мүслім жеткізді

⁵ «Әл-Фикһ ал-Ислами уа Адиллатуһу»: 3/2235

Арафада тұрған кісінің кіші дәретсіздігі мен үлкен дәретсіздігінің бұзылуы зиян тигізбейді. Өйткені Арафада тұру үшін дәретті болу шарт емес. Қажылық кезінде Айша анамыздың, Аллаһ тағала оған разы болсын, етеккірі келгенде пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) оған:

(افعلي كما يفعل الحاج، غير أن لا تطوفي بالبيت حتى تطهري)

«Қажы кісі істейтін нәрселердің бәрін істей бер және тазарғаныңша Қағбаны тауап етпесең болды»-дейді¹.

Арафада тұрғанда жасалатын сүннеттер

1 - Ғұсыл құйыну. Абдрахман ибн Язид былай деді:

(اغسلت مع ابن مسعود يوم عرفة تحت الأراك)

«Арафа күні Ибн Масъудпен бірге Арак ағашының² астында ғұсыл құйындым»³.

2 - Құрбан шалынатын күні күн шыққан соң Жамрат ал-Ақабаны атқарғанша тәлбия айтуды тоқтатпау. Фадл ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن رسول الله صلى الله عليه وسلم لتي حتى رمى جمرة العقبة)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Жамрат ал-Ақабаға тас лақтырғанша тәлбия айтуын тоқтатпады»⁴.

3 - Беріліп дұға жасау. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(أفضل الدعاء يوم عرفة، وأفضل ما قلت أنا والنبيون من قبلي: لا إله إلا الله وحده لا شريك له)

«Ең абзал дұға - Арафа күні. Сондай-ақ мен және менен бұрынғы пайғамбарлар айтқан сөздердің ең абзалы - Лә иләһә иллаллаһу уахдаһу лә шәрикә ләһу»⁵.

Әли, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أكثر ما دعا به النبي صلى الله عليه وسلم يوم عرفة في الوقوف: "اللهم لك الحمد كالذي نقول وخيرا مما نقول، اللهم لك صلاتي ونسكي ومحياي ومماتي وإليك مآبي ولك ربي ترائي")

Пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) Арафа күні ең көп жасаған дұғасы: «Аллаһым, Саған біз айтқан секілді мақтаулар болсын, сондай-ақ біз айтқаннан да жақсырағы болсын! Аллаһым, менің намазым, құрбаным, өмірім және өлімім Саған арналады. Сондай-ақ Саған ораламын және мұрам да - Сенікі»⁶.

4 - Қажы кісінің ораза ұстамауы, ал басқалардың ораза ұстауы сүннет. Үмму Фадл, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(شك الناس يوم عرفة في صوم النبي صلى الله عليه وسلم فبعثت إلى النبي صلى الله عليه وسلم بشراب فشربه)

«Арафа күні адамдардың ойында пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) ораза ұстағаны, ұстамағаны күмәнді болды. Сонда мен пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) сусын жіберген едім. Ол оны ішіп алды»⁷.

5 - Күн аспан биігінен шалқайған соң Намира мешітіне бесін намазын оқуға түсу. Намаз алдында имам сүннет бойынша жұманыкі секілді екі құтпа айтады. Бұл құтпада имам қажыларға қажылық рәсімдерін хабарлайды. Жәбірден жеткен хадисте пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) Намирада жиналған жұртқа құтпа айтқандығы айтылады:

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Арак - мәсуәк алынатын ағаш.

³ Әл-Мажмаъ аз-Зауаид: 3/253

⁴ Әбу Дәуд жеткізді

⁵ Әл-Байһақи жеткізді

⁶ Ат-Тирмизи жеткізді

⁷ Әл-Бұхари жеткізді

(إن دماءكم وأموالكم حرام عليكم كحرمة يومكم هذا في شهركم هذا في بلدكم هذا، ألا كل شيء من أمر الجاهلية تحت قدمي موضوع..)

«Расында, қандарың мен мал-мүліктерің осы қаланың, осы айдың, осы күннің қасиеттілігіндей сендерге қол сұғылмайтындай арам етілді. Біліңдер, жәһилият істерінің барлығы аяқтарымыңның астына түсіп жойылды...»¹.

6 - Бесін намазы мен екінді намазын бір азанмен және екі қаматпен жинап оқу. Жәбир, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(ثم أذن، ثم أقام فصلى الظهر، ثم أقام فصلى العصر ولم يصل بينهما شيئاً)

«..Сосын азан айтты. Сосын қамат айтып, бесінді оқыды. Сосын қамат айтып, екіндіні оқыды. Сондай-ақ ол екеуінің арасында ешнәрсе оқымады..»².

Имам жолаушы болса, бесін мен екіндіні екі рәкәт етіп оқиды. Имам Әбу Ханифаның көзқарасында қажы кісіге екі намазды қосып оқу үшін төрт шарт қажет. Олар: 1)ихрамға кіруі; 2)Арафада тұрғанда; 3)намаз жамағатпен оқылатын болса; 4) намазды бас имам не орынбасары жүргізуі.

7 - Жабал ар-Рахманың етегіндегі үлкен тастардың қасында түрегеп тұрып дұға жасау. Дұғаны тек тәлбия үшін үзу сүннет. Сондай-ақ тәлбиядан кейін қайта дұға жасауға берілу. Жәбир, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(ثم ركب حتى أتى الموقف فجعل بطن ناقته القصواء إلى الصخرات وجعل منها حبل المشاة بين يديه واستقبل القبلة، فلم يزل واقفا حتى غربت الشمس وذهبت الصفرة قليلا حتى غاب القرص)

«..Сосын түйесіне мініп, тұратын орынға келді. Қасуа атты түйесін үлкен тастардың қасына шөктірді. Ізімен келе жатқан қажылардың сабы оның алдыңғы жағынан көрінді және өзі құбылаға қараған қалыпта тоқтады. Содан күн батып, сарғыштығы сәл тарағанша және күн шарасы батқанша түрегеп тұрды...»³.

Пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) бұл амалға рухтандыратын хадисін Айша анамыздан, Аллаһ тағала оған разы болсын, Мүслім жеткізді:

(ما من يوم أكثر من أن يعتق الله عبداً فيه من النار من يوم عرفة، وإنه ليدنو ثم يباهي بهم الملائكة فيقول ما أراد هؤلاء؟)

«Аллаһ басқа күндердің ешбіреуінде Арафа күніндегідей етіп, құлдарын оттан құтқармайды. Расында, Аллаһ (Арафада тұрған) құлдары жөнінде: «Мыналар не қалауда?»-деп, оларды періштелерге мақтан етеді». Тағы бір хадисінде Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді: «Арафа күнгі оразамен Аллаһтан тілейтін сауабым - өткен жыл мен келер жылды (күнәні) жууы»⁴.

Күн батуға таяғанда келесі дұғаны жасау мустахап:

"اللهم لا تجعله آخر العهد بهذا الموقف، وارزقنيه ما أبقيتني، واجعلني اليوم مُفلحاً مرحوماً مستجاباً دعائي، مغفورة ذنوبي، يا أرحم الراحمين"

«Аллаһым, бұл жерде тұрған тұрысымды соңғы қылмашы және тірі болғанымша тағы келуімді нәсіп ет. Сондай-ақ мені бүгін азаптан құтылушы, рахымыңа бөленуші, дұғасы қабыл етуші және күнәсі кешірілуші құлың ете гөр. Әй, рақымдылардың ең рақымдысы».

8 - Арафадан имаммен бірге күн батқанда кету. Жәбир, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

¹ Мүслім жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Мүслім жеткізді

⁴ Мүслім жеткізді

(فلم يزل واقفا حتى غربت الشمس، وذهبت الصفرة قليلا حتى غاب القرص وأردف أسامة خلفه ودفع رسول الله صلى الله عليه وسلم وقد شق للقواء الزمام)

«...Содан күн батып, сарғыштығы сәл тарағанша және күн шарасы батқанша түрегеп тұрды. Усама пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) түйесіне мінгесті. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) түйесінің тізгінін тартып, *Арафадан Муздалифаға қозғалды...*»¹. Арафадан имамнан бұрын кетуге болмайды.

9 - Арафадан кетіп бара жатқанда көп истиғфар² айту.

10 - Ақырын жүру және тыныштық сақтау. Әли, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) Арафадан Муздалифаға жылжығанда жұртқа былай дегенін айтты:

(يا أيها الناس عليكم السكينة)

«Әй, адамдар, тыныштық сақтандар!»³.

11 - Пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) салауат айту.

Үшінші ішкі парыз: Тауаф ал-Ифада

Тауаф ал-Ифада - ихрам мен Арафада тұру секілді қажылықтың ішкі парыздарының үшіншісі. Бұлай аталуы оның Минадан Меккеге түскенде жасалуына байланысты. Сондай-ақ ол Тауаф аз-Зияра (кіріп шығу тауафы) деп те аталады. Өйткені қажылар Минадан Меккеге Қағбаны тауаф етуге келіп, сосын Меккеде тұрақтамай қайтадан Минаға аттанады. Бұл тауафтың үкімі - парыз және онсыз жасалған қажылық дұрыс емес. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿وَلِيَطَّوَّفُوا بِالْبَيْتِ الْعَتِيقِ﴾

«Олар көне үйді (Қағбаны) тауаф етсін»⁴. Аятағы «**ятиқ**» сөзінің бір мағынасы: көне. Тағы бір мағынасы: тәуелсіз, еркін. Екі мағынасын қосып айтқанда Қағба - Аллаһ тағаланың ежелден бері Өзіне ғана тәуелді етіп, құлдарының тауаф етуіне арнаған үйі.

Тауаф ал-Ифаданың жасалу уақыты

Тауаф ал-Ифада құрбан шалынатын күні зұлхижжаның оныншы күні таң атқанда басталады және одан кейінгі екі күнге жалғасады. Осы үш күнде жасалуы уәжіп. Оны бірінші күнінен кешіктіру мәкрүһ танзиһан. Бұл күннен ерте жасап қойған кісі оны өз уақытында қайта жасауы уәжіп. Құрбан шалынатын күндерден тауафты себепсіз кешіктіріп жасаған кісі қатесін жуу үшін қой шалуы уәжіп.

Тауафтың шарттары

1 - Мұсылман болу.

2 - Ихрамда болу.

3 - Тауафтан бұрын Арафада тұру.

4 - Өз орнында жасалуы. Тауаф Қағбаны айналып жүру арқылы жасалады. Тауафты Ал-Харам мешітінің төменгі қабатынан да, үстіңгі қабатынан да жасауға болады.

5 - Қажының өзі жасауы. Біреуге жасатуына болмайды.

6 - Өз уақытында жасауы.

7 - Шамасы келген кісіге тауафты жаяу жүріп жасау. Ал жүруге шамасыз және науқас адамның тауафына келер болсақ, әл-Бұхаридің сахихында Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) соңғы қажылықтағы тауафын түйенің үстінде отырып жасағаны айтылады.

8 - Тауаф ниетінің болуы.

¹ Мүслім жеткізді

² Истиғфар дегеніміз - Аллаһ тағаладан күнәлар үшін кешірім сұрау

³ Ат-Тирмизи жеткізді

⁴ «Бақара» сүресі: 197

Тауафтың уәжіптері

1 - Әуреттің жабық болуы. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ألا يحج بعد العام مشرك، ولا يطوف بالبيت عريان)

«Бұл жылдан кейін мүшрік кісі қажылық жасамасын және Қағбаны жалаңаш адам тауаф етпесін»¹.

2 - Кіші дәретсіздік пен бой дәретсіздіктен таза болу. Қажылық кезінде Айша анамыздың, Аллаһ тағала оған разы болсын, етеккірі келгенде пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) оған: «Қажы кісі істейтін нәрселердің бәрін істей бер және тазарғаныңша Қағбаны тауап етпесең болды»-дейді².

Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) қажылығын сипаттаған хадисінде былай деді:

(أن أول شيء بدأ به حين قدم مكة أنه توضأ ثم طاف بالبيت)

«Меккеге келгенінде оның бірінші бастаған ісі - дәрет алды, сосын Қағбаны тауаф етті...»³.

Тауаф жасаушының дәреті бұзылса, дәретін жаңартып, үзген жерінен жалғастырады. Жүніп күйінде тауаф жасаған кісінің тауафы дұрыс болуы үшін бір ірі қара (түйе не сиыр) шалуы уәжіп. Кіші дәретсіз тауаф жасаған кісі қой шалуы уәжіп.

3 - Қағбаның оң жағынан айналып жүру. Бұл дегеніміз - тауаф жасаушы Қағбаны сағат тіліне қарсы бағытпен айналады.

4 - Тауафты қара тастың қасынан бастау. Қағбаның басқа бұрышынан басталған тауаф дұрыс болмайды. Жәбир, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن رسول الله صلى الله عليه وسلم لما قدم مكة أتى الحجر فاستلمه، ثم مضى على يمينه)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Меккеге келгенде қара тасқа таяп, оны сүйді. Сосын Қағбаның оң жағымен жүрді»⁴.

5 - Қағбаның қасындағы «Хижра» дуалын қоса айналу. Өйткені ол - Қағбаның бір бөлігі. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(سألت النبي صلى الله عليه وسلم عن الجدر أمن البيت هو؟ قال: نعم)

Аллаһтың елшісінен (саллаллаһу алайһи уа саллам) дуал жайында: «Ол Қағбаның бөлігі ме?»-деп сұрадым. Ол: «Иә»-деді⁵.

6 - Қағбаны жеті мәрте айналу. Әр айналым қара тастың қасынан басталып, қара тастың қасынан аяқталады. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(قدم النبي صلى الله عليه وسلم فطاف بالبيت سبعاً)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) Меккеге келгенде Қағбаны жеті мәрте айналды...»⁶. Қанша мәрте айналғанынан жаңылысқан кісі тауафты қайта бастайды. Қайта жасау парыз және уәжіп тауафтарында ғана талап етіледі. Алайда нәпіл тауафта жаңылысқан адам тауафты қайта жасамай, ойындағы ең аз санға негізделіп толықтырады.

7 - Өз уақытында атқарылып бітуі. Яғни 10,11,12 зұлхижжа күндерінен кешіктірмеу. Кім оны уақытынан кешіктіріп атқарса, қой шалуы уәжіп.

8 - Тауафтан кейін Мақамның артында екі рәкат намаз оқу. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Әл-Бұхари жеткізді

³ Әл-Байһақи жеткізді

⁴ Әл-Байһақи жеткізді

⁵ Әл-Бұхари жеткізді

⁶ Әл-Бұхари жеткізді

(قدم النبي صلى الله عليه وسلم فطاف بالبيت سبعاً وصلى خلف المقام ركعتين)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) Меккеге келгенде Қағбаны жеті мәрте айналды және Мақамның артында екі рәкат намаз оқыды¹. Бұл екі рәкәттә «Кафирун» мен «Ихлас» сүрелерін оқу сүннет.

Тауафтың сүннеттері

1 - Тауафқа ниет жасаларда қара тастың қасына келу. Оны қолмен ұстау және сүю. Жәбир, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن رسول الله صلى الله عليه وسلم لما قدم مكة أتى الحجر فاستلمه)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Меккеге келгенде қара тасқа таяп, оны сүйді...»².

2 - Қара тасты қолмен ұстау, сүю және оған маңдайын тигізу. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(رأيت عمر بن الخطاب رضي الله عنه قبله وسجد عليه ثم قال: رأيت رسول الله صلى الله عليه وسلم فعل هكذا ففعلت)

«Хаттаб ұлы Омардың қара тасты сүйгенін және оған маңдайын тигізгенін көрдім және былай дегенін естідім: «Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) осылай істегенін көрдім және солай істедім»³.

Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(قَبَّلَ عمر بن الخطاب الحجر ثم قال: أما والله لقد علمت أنك حجر، ولولا أنني رأيت رسول الله صلى الله عليه وسلم يقبلك ما قبلتك)

«Хаттаб ұлы Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, қара тасты сүйіп былай деді: «Аллаһпен ант етемін, сенің тас қана екеніңді білемін. Сені Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) сүйгенін көрмегенімде сені мүлде сүймес едім⁴. Сүннет бойынша қара тас әр айналымның басында және тауафтың соңында ұсталады және сүйіледі.

Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله لا يدع أن يستلم الركن اليماني والحجر في كل طوفة)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Қағбаның йемендік қабырғасы мен қара тасты ұстауын ешбір тауафында тастамаған⁵.

Бұл хадистің негізінде сүннет бойынша әр айналымның соңында Қағбаның йемендік қырын ұстауға болады. Бірақ сүюге және маңдайын тигізуге болмайды.

Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أنه صلى الله عليه وسلم كان لا يستلم إلا الحجر والركن اليماني)

«*Пайғамбар* (саллаллаһу алайһи уа саллам) Қағбаның тек қана қара тасы мен йемендік қабырғасын ұстайтын»⁶.

Ескерту: Бұл сүннетті атқару ісі адам саны аз болса ғана оңай түседі. Адамдардың көптігінен қыспақ болғанда қара тасты ұстау үшін айналасындағы адамдарды итеріп кіруге болмайды. Өйткені бұл адамдарға зиян тигізуге жатады. Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) оған былай дегенін айтты:

(يا عمر، إنك رجل قوي لا تراحم على الحجر فتؤذي الضعيف إن وجدت خلوة وإلا فهلل وكبر)

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Әл-Байһақи жеткізді

³ Әл-Байһақи жеткізді

⁴ Мүслім жеткізді

⁵ Әбу Дәуд және Ан-Насаи жеткізді

⁶ Әл-Бұхари және Мүслім жеткізді

«Әй, Омар! Сен - күшті адамсың. Тасты ұстау үшін қыспақ жасама! Әйтпесе, әлсіз кісіге зиян тигізесің. Бос орын тапсаң (тасты ұста). Әйтпесе «Лә иләһа илләллаһу» мен тәкбір айтуың да жеткілікті»¹.

Адамдарды итеріп, оларға зиян тигізіп, күшпен өтудің нәтижесінде қара тасты сүю күнә саналады. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا أمرتكم بأمر فأتوا منه ما استطعتم)

«Сендерге бұйырған нәрселерімнен шамаларың келетінін істендер»².

Қара тасқа жақындауға шамасы келмеген кісі қара тасқа қолын немесе қолындағы нәрсесін сілтесе де болады. Әбу ат-Туфайл, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(رأيت رسول الله صلى الله عليه وسلم يطوف بالبيت، ويستلم الركن بمحجن معه ويقبل المحجن)

«Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) Қағбаны айналғанын және қара тасқа аса таяғын тигізіп, аса таяғын сүйгенін көрдім»³.

3 - Дұға жасау. Әли, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) қара тасты ұстағанда: **«Аллаһым, Өзіңе деген иманмен, кітабыңды растаушы сеніммен, Өзіңе берген сертімді орындауыммен, сондай-ақ пайғамбарың Мұхаммедтің сүннетіне еруіммен»**-дейтін.

Бұл дұға әр айналымның басында айтылуы сүннет. Бұл дұғаның арапша мәтіні:

"اللهم إيماناً بك، وتصديقاً بكتابك، ووفاء بعهدك، واتباعاً لسنة نبيك محمد صلى الله عليه وسلم"

Қағбаның есігіне қарама-қарсы тұрғанда мына дұғаның айтылады:

"اللهم إن البيت بيتك، والحرم حرمك، والأمن أمنك، وهذا مقام العائذ بك من النار"

«Аллаһым! Расында, Қағба да - Сенікі, Ал-Харам да - Сенікі, қауіпсіздік те - Сенікі. Сондай-ақ бұл жер - отқа қарсы Сенен пана тілеушінің тұрған орны».

Қағбаның йемендік қабырғасына қарама-қатар болғанда мына дұға айтылады:

"ربنا آتنا في الدنيا حسنة وفي الآخرة حسنة وقنا عذاب النار"، "رب قنعي بما رزقتني وبارك لي فيه، واخلف عليّ كل غائبة لي بخير"

«Раббымыз, дүниеде жақсылық бер және ақиретте жақсылық бер және от азабынан сақтай гөр», «Раббым, берген нәсібіңе қанағатты қыл және оны маған берекелі ете гөр. Сондай-ақ қандай бір нәрседен айрылған болсам, оны артынан маған жақсылық бере гөр».

Қағбаның йемендік қырының қасында мына дұға жасалады:

"اللهم اجعله حجاً مبروراً وسعيّاً مشكوراً وعملاً مقبولاً وتجارة لن تبور، يا عزيز، يا غفور"

«Аллаһым, мұнымды игі, әрі кең, әрі мақтарлық қажылық ете гөр. Сондай-ақ оны қабыл етілуші амал және пайдасы таусылмайтын сауда ете гөр, әй, Үстем, әй, Кешірімді (Аллаһым)».

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Әл-Бұхари және Мүслім жеткізді

³ Мүслім жеткізді

Жалпы тауафтың кезінде жасалатын дұға:

"اللهم إني أعوذ بك من الشرك والشك والنفاق والشقاق وسوء الأخلاق وسوء المنقلب في الأهل والمال والولد"

«Аллаһым, расында, ширктен, күмән келтіруден, нифақтан, қарсы келуден, жаман мінезден, сондай-ақ отбасыма, мал-мүлкіде және балама қатысты жаман өзгеріске ұшыраудан Саған сиынамын».

Дұға жасау осы дұғалармен ғана шектелмейді. Сонымен қатар қажы кісі Аллаһтың елшісінен (саллаллаһу алайһи уа саллам) жеткен дұғалардан жадында жаттағаны болса, нұр үстіне нұр. Ал жаттаған дұғалары болмаса, Құран оқыса болады. Өйткені Құран оқу - зікірлердің ең абзалы. Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) құдси хадистерінің бірінде Аллаһ тағала былай дейді:

(من شغله ذكرى عن مسألتي أعطيته أفضل ما أعطي السائلين وفضل كلام الله تعالى على سائر الكلام كفضل الله تعالى على سائر خلقه)

«Менен сұрай берудің орнына Мені еске алумен шұғылданған құлыма сұраушыларға беретінімнен де абзалырағын беремін. Аллаһ тағаланың қадір-қасиеті бүкіл жаратылған нәрселерден қаншалықты артық болса, Аллаһ тағаланың сөзінің де қадір-қасиеті бүкіл сөздерден соншалықты артық тұрады»¹.

4 - Ер адамдардың алғашқы үш айналымды тез жүрулері, ал қалған төртеуін кәдімгі жүріспен жүрулері сүннет. Әйел кісілер жеті айналымды да кәдімгі жүріспен жүреді. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) мен сахабалары Меккеге келгенде Мәдинаның ыстығынан әбден әлсіреп қалған болатын. Олардың келе жатқанын естіген мүшріктер: «Ертең сендерге Мәдинаның ыстығынан әлі кетіп, әбден болдырған адамдар келеді»-деп, оларды мазақ қылу үшін «Хижр» дуалына қарама-қарсы отырады. Мүшріктер мұсылмандардың төзімділігін көрулері үшін, пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) сахабаларына алғашқы үш айналымды тез жүрулерін...бұйырады. Сонда мүшріктер бір-бірлеріне: «Ыстықтан әлсіреді,-деп пайымдаған кісілерің мыналар ма? Мыналарың пәленшеден де, пәленшеден де төзімдірек қой»-дейді².

5 - Ер адам алғашқы үш айналымның кезінде оң иығын ашық ұстауы сүннет. Бұл үшін үстіндегі ридәнің оң жағын оң қолының астынан өткізіп, сол иығының үстіне тастайды. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن النبي صلى الله عليه وسلم وأصحابه اعتمروا من الجعرانة فرملوا بالبيت وجعلوا أروبيتهم تحت آباطهم ثم قدفوها على عواتقهم اليسرى)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) мен сахабалары Жиъранадан умра жасағанда Қағбаның айналып тез жүреді және ридаларын қолтықтарынан өткізіп, сол иықтарының үстілеріне тастады»³.

6 - Айналымдар арасында себепсіз үзіліс жасамау сүннет. Тауафты парыз намазы үшін, немесе жаназа намазы үшін, немесе дәрет алу үшін үзуге болады. Кейін үзген жерінен жалғастырады.

7 - Ер адамның, әрине, егер мүмкін болса, Қағбаға жақын жүруі. Бұл қара тасты ұстауы мен сүюіне оңайлық тудырады. Алайда бұл үшін итерісіп, қыспақ тудыруына мүлде болмайды.

8 - Тауаф пен (Мақам артында оқылатын) екі рәкат намаз арасында үзілістің болмауы. Екі рәкат намазды кешіктіру мәкрүһ танзиһан.

¹ Ат-Тирмизи жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Әбу Дәуд, Ибн Мажа және Ат-Тирмизи жеткізді

9 - Зікір мен дұғадан басқа сөздің айтылмауы. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من طاف بالبيت سبعاً، ولا يتكلم إلا بسبحان الله والحمد لله ولا إله إلا الله والله أكبر ولا حول ولا قوة إلا بالله، محيت عنه عشر سيئات وكتبت له عشر حسنات، ورفع له بها عشرة درجات)

«Кім Қағбаны жеті мәрте айналса және «Субханаллаһи, әл-хамду лиллаһи, лә иләһә иллаллаһу, Аллаһу әкбар, Лә хаула уа лә қууата илла билләһи»-ден басқа сөз сөйлемесе, оның он жамандығы өшіріліп, оған он жақсылық жазылады. Сондай-ақ он дәрежеге көтеріледі»¹.

Тауафтың әдептері

1 - Қағбаның йемендік қырын ұстау, бірақ сүймеу.

2 - Мақам артындағы екі рәкат намаздан кейін зәмзәмға бару.

3 - Қағбаның қара тас орныққан қыры мен есігінің арасындағы қабырғаға жабысу. Тамру ибн Шуьайб әкесінен, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(طفت مع عبد الله، فلما جئنا دُبر الكعبة قلت: ألا تتعوذ، قال: نعوذ بالله من النار، ثم مضى حتى استلم الحجر، وأقام بين الركن والباب، فوضع صدره، ووجهه، وذراعيه، وكفيه هكذا، وبسطهما بسطاً، ثم قال: هكذا رأيت رسول الله صلى الله عليه وسلم يفعل) Абдулламен бірге тауаф жасадым. Қағбаның артқы бұрышына жеткенімізде мен оған: «Аллаһтан пана тілемейсің бе?»-дегенімде ол: «Отқа қарсы Аллаһтан пана тілейміз»-деді. Сосын қара тасты ұстауға келгенше жүрісін жалғастырды. Қара тас орныққан қыр мен есік арасындағы қабырғаға кеудесімен, жүзімен, қолдарымен және екі алақанымен, былай, жабысты»-деп алақандарын жайып көрсетті. Сосын маған: «Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) осылай істегенін көрдім»-деді².

Үшінші бөлім: Қажылықтың уәжіптері

Қажылықтың уәжіптері бесеу: Сафа мен Маруа арасында жасалатын жеңіл жүгіріс, Муздалифада тоқтау, шайтанға тас лақтыру, шаш қырқу (немесе шаш алу) және қоштасу тауафы.

Бірінші: Сафа мен Маруа арасында жасалатын жеңіл жүгіріс (Сағи)

Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿إِنَّ الصَّفَا وَالْمَرْوَةَ مِنْ شَعَائِرِ اللَّهِ فَمَنْ حَجَّ الْبَيْتَ أَوْ اعْتَمَرَ فَلَا جُنَاحَ عَلَيْهِ أَنْ يَطَّوَّفَ بِهِمَا﴾

«Расында, Сафа мен Маруа - Аллаһтың діннен еткен белгілері. Кім Қағбаға қажылық немесе умра жасаса, ол екеуінің (Сафа мен Маруаның) арасын жүріп өтуі күнә емес...»³. Сафа мен Маруа ал-Харам мешітінің шығыс тарапында орналасқан төбешіктер.

Жасалатын уақыты. Бұл уәжіп тауаф ал-ифададан кейін жасалады.

Сағидің уәжіптері:

1 - Жеңіл жүгіріс Сафа тарапынан басталады. Жәбир, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) қажылығын сипаттаған хадисте былай деді:

(فلما دنا من الصفا قرأ: {إن الصفا والمروة من شعائر الله} أبداً بما بدأ الله به فبدأ بالصفا)

«..Сафаға таяғанда пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам): «Расында, Сафа мен Маруа - Аллаһтың құлшылық үшін бекіткен белгілері. Кім Қағбаға қажылық немесе умра жасаса, ол екеуінің (Сафа мен Маруаның) арасын жүріп өтуі күнә емес» аятын оқып:

¹ Ибн Мажа жеткізді

² Әбу Дәуд жеткізді

³ «Бақара» сүресі: 158

«Аллаһ бастаған нәрседен бастаймын»-деп Сафадан бастады»¹. Керісінше бастаған кісінің сағиі есепке алынбайды.

2 - Сағидің жеті мәрте жасалуы. Сафадан - Маруаға, Маруадан - Сафаға, Сафадан - Маруаға, Маруадан - Сафаға, Сафадан - Маруаға, Маруадан - Сафаға, Сафадан - Маруаға.

Абдулла ибн Әбу Ауфа, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أتى الصفا والمروة فسعى بينهما سبعاً)

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Сафа мен Маруаға келіп, олардың арасында жеті сағи жасады»².

3 - Жаяу жасалуы.

Жеңіл жүгірістің сүннеттері:

1 - Тауафты аяқтағанда қара тасты ұстау және сүю. Сосын Сафа мен Маруаның арасында сағи жасау үшін Сафа есігінен кіру.

2 - Сафа мен Маруаға Қағбаны көретіндей биіктікте көтерілу. Сафа мен Маруаға көтерілмеу мәкрүһ танзиһан.

3 - Сафа мен Маруаның үстіне көтерілгенде: «Расында, Сафа мен Маруа - Аллаһтың құлшылық үшін бекіткен белгілері. Кім Қағбаға қажылық немесе умра жасаса, ол екеуінің (Сафа мен Маруаның) арасын жүріп өтуі күнә емес» аятын оқу. Аяттың арапша мәтіні жоғарыда келтірілген.

4 - Жеңіл жүгірісті бастарда екі қолын иықтарының деңгейіне көтеру.

5 - Сафа мен Маруаға көтерілгенде Қағбаға қарап, көтеріңкі дауыспен мына дұғаны айту:

"اللَّهُ أَكْبَرُ، اللَّهُ أَكْبَرُ، لا إِلَهَ إِلاَّ اللَّهُ، وحده لا شريك له، له الملك وله الحمد يحيي ويميت وهو حي لا يموت بيده الخير وهو على كل شيء قدير. لا إِلَهَ إِلاَّ اللَّهُ ولا نعبد إلا إياه مخلصين له الدين ولو كره الكافرون. لا إِلَهَ إِلاَّ اللَّهُ أهل التكبير والتحميد والتلهيل. لا إِلَهَ إِلاَّ اللَّهُ وحده، أنجز وعده، ونصر عبده، وهزم الأحزاب وحده. فله الملك وله الحمد"

«Аллаһ ұлы! Аллаһ ұлы! Бір Аллаһтан басқа тәңір жоқ! Оның серігі жоқ! Билік те Оған тән, мақтау да Оған тән! Тірілтеді және өлтіреді. Ол мәңгі тірі, өлмейді. Бүкіл жақсылық Оның қолында және Оның әр нәрсеге құдіреті жетеді. Аллаһтан басқа тәңір жоқ! Одан өзгеге құлшылық етпейміз. Кәпірлер жеккөрсек де дінді Оған ықыласпен беріліп ұстанамыз. Ұлықтауға, мақтауға және жалғыз тәңір тұтылуға лайықты Аллаһтан басқа тәңір жоқ! Бір Аллаһтан басқа тәңір жоқ! Уәдесін орындады және құлына жәрдем берді. Сондай-ақ кәпірлердің топтарын Бір Өзі талқандады. Билік те Оған тән, мақтау да Оған Тән!»

Сафа мен Маруадан түскенде айтылатын дұға:

"اللَّهُمَّ يسِّرْ لي البسرى وجنّتي العسرى، واغفر لي في الآخرة والأولى"

«Аллаһым, маған жәннатқа апаратын амалдарды атқаруымды жеңілдеші. Және мені тозаққа апаратын амалдарды істеуімнен алыстатшы. Сондай-ақ мені ақиретте және дүниеде кешіре гөрші»

Сафа мен Маруаның арасында жүргенде мына дұғаны жасау:

"رب اغفر وارحم وتجاوز عما تعلم إنك أنت الأعز الأكرم"

¹ Мүслім жеткізді

² Әбу Дәуд жеткізді

«Раббым, мені кешіріші және рахым етші. Мен жайында білетініңді кешіре гөрші. Расында, Сен - ең айбындысың және өте жомартсың»

6 - Көп зікір жасау. Негізінде, сағи кезінде Аллаһты көп зікір ету сүннет. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إنما جعل الطواف بالبيت وبين الصفا والمروة ورمي الجمار لإقامة ذكر الله)

«Қағбаны тауаф ету, Сафа мен Маруаның арасындағы сағи және *Минада* тас лақтыру Аллаһты зікір ету үшін ғана арналған»¹.

7 - Сафа мен Маруаның ортасындағы жеңіл жүгіріп өтетін аралық бар. Пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) заманында ол аралық сай болатын. Қазіргі күні Сафа мен Маруаның арасындағы жердің беті теп-тегіс. Жеңіл жүгіріп өтілетін аралық дуалдың іргесіне жасыл түсті екі сызықпен белгіленген. Осы екі сызықтың арасын жеңіл жүгіріп өту сүннет. Жәбірден, Аллаһ тағала оған разы болсын:

(ثم نزل إلى المروة حتى إذا انصبت قدماه رمل في بطن الوادي، حتى إذا صعد مشى حتى أتى المروة، فصنع على المروة مثل ما صنع على الصفا)

«...Сосын *Сафадан* Маруаға қарай түсті. Аяқтары сайдың ортасына жеткенде жеңіл жүгіріс жасады. Сайдан көтерілгенде Маруаға дейін кәдімгі жүріспен келді. Маруаның үстінде Сафада істегенін қайталады...»².

8 - Тауафты аяқтағанда сағи үзіліссіз бірден жасалуы сүннет. Үзіліс жасамау уәжіп болмағандықтан, шаршаған кісіге сәл тынығып барып, жасауына болады. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(قدم النبي صلى الله عليه وسلم، فطاف بالبيت سبعاً، وصلى خلف المقام ركعتين، فطاف بين الصفا والمروة سبعاً)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) Меккеге келіп, Қағбаны жеті мәрте тауап етті. Мақам артында екі рәкат намаз оқыды. Сафа мен Маруаның арасында жеті мәрте айналып жүрді»³.

9 - Дәретті болуы.

Ескерту: Сафа мен Маруа арасындағы жүрісті өз уақытынан кешіктіріп жасаған кісі ешнәрсе өтемейді. Кім оны жасамастан еліне оралса, уәжіпті мойнынан түсіру үшін қой шалуы уәжіп. Егер Меккеге қайта келуге бел байласа, қой шалуы уәжіп емес. Алайда Меккеге кіру үшін ихрамға жанадан кіруі шарт. Өйткені бұрынғы ихрамы тауаф ал-ифаданы аяқтауымен жарамсыз болады.

Сағи кезінде парыз намазына қамат айтылса, жамағатпен парыз намазын оқыды. Сосын сағиді үзген жерінен жалғастырады.

Екінші: Муздалифада тұру

Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿ فَإِذَا أَقَضْتُمْ مِنْ عَرَفَاتٍ فَأَذْكُرُوا اللَّهَ عِنْدَ الْمَشْعَرِ الْحَرَامِ ﴾

«Арафадан (Мүздәлифаға) қозғалған кездерінде ал-Машъар ал-Харамда Аллаһты еске алыңдар!»⁴. Бұл аяттағы ал-Машъар ал-Харам дегеніміз - Мүздәлифаның екінші атауы. Сондай-ақ оның «Жамъ» деген тағы бір атауы бар.

Сүннеттен дәлел: Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(من شهد صلاتنا هذه ووقف معنا حتى ندفع وقد وقف بعرفة قبل ذلك ليلاً أو نهاراً فقد تم حجه)

¹ Әбу Дәуд жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Әл-Бұхари жеткізді

⁴ «Бақара» сүресі: 198

«Кім осы намазымызға¹ қатысса және осы жерден кеткенімізше бізбен бірге тұрса, сондай-ақ мұның алдында Арафада түннің немесе күндіздің бір бөлігін тұрса, қажылығы атқарылған болды...»².

Мүздәлифада тұруға белгіленген уақыт - зұлхижжаның онында таң атқанда басталып, күн шыққанда аяқталады. Өйткені Жәбир мен Ибн Омардың хадисінде пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) Мүздәлифадан күн шығардан бұрын кеткен. Мүздәлифада бір сағат көлемінде тұрумен уәжіп мойыннан түседі. Мүздәлифада тұру оныншы зұлхижжада таң сәрі қараңғылығында имаммен бірге таң намазы оқылған соң жасалғаны абзал. Кім оны атқармаса, қой шалуы уәжіп.

Жәбирден, Аллаһ тағала оған разы болсын:

ثم ركب القصواء حتى أتى المشعر الحرام فاستقبل القبلة فدعا وكبره وهلله ووحده فلم يزل واقفا حتى أسفر جدا فدفع قبل أن تطلع الشمس

«..Сосын Қасуаға мініп, ал-Машғар ал-Харамға келіп тоқтады. Құбылаға бағытталып, дұға жасады. Аллаһ тағаланы ұлықтау және бірлеу сөздерін айтып, әбден жарық түскенше тұрды. Сосын (Мүздәлифадан) күн шықпай тұрып қозғалды...»³.

Мүздәлифа Мина мен Арафаның аралығында орналасқан. Мүздәлифа мен Минаның арасында «Батн Мухассир» атты сай жатыр. Мүздәлифаның осы сайдан басқа кез-келген жерінде тұруға болады. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты: «Арафа бүтіндей тұруға болатын орын, бірақ Батн Ыуранадан түрегеліндер. Мүздәлифа да бүтіндей тұруға болатын орын, бірақ Мухассир сайынан түрегеліндер»⁴.

Мүздәлифада тұрудың сүннеттері

1 - Арафадан Мүздәлифаға келген түнді, яғни зұлхижжаның онына қараған түнді Жабал Қузах деген жерде өткізу.

2 - Ақшам мен құптан намазын «жамъ ат-та'хир» сипатында қосып оқу. Жәбирден, Аллаһ тағала оған разы болсын:

حتى أتى المزدلفة فصلى بها المغرب والعشاء بأذان واحد وإقامتين ولم يسبح بينهما شيئا ثم اضطجع رسول الله صلى الله عليه وسلم حتى طلع الفجر وصلى الفجر حتى تبين له الصبح بأذان وإقامة

«..Мүздәлифаға келді. Онда ақшам мен құптанды бір азанмен және екі қаматпен оқыды. Ол екеуінің арасында нәпіл оқымады. Сосын Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) таң атқанша сонда түнеді. Таңның атқаны айқындалғанда азан мен қамат айтып таң намазын оқыды»⁵. Әбу Дәуд жеткізген хадисте Ибн Омардың, Аллаһ тағала оған разы болсын, Мүздәлифада ақшам мен құптанды бір қаматпен оқығаны айтылады.

3 - Мүздәлифада атбас бұршақ көлеміндей жетпіске жуық ұсақ тас жинау. Оның жетеуі жамараттарға құрбан айт күні, ал алпыс үші ташриқ күндері лақтырылады. Тастың атбас бұршақтың көлемінен үлкен болуы мәкрүһ.

4 - Аллаһ тағаланы көп зікір ету, истиғфар айту және дұға жасау. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай деді:

﴿... فَإِذَا أَقَضْتُمْ مِنْ عَرَفَاتٍ فَأَذْكُرُوا اللَّهَ عِنْدَ الْمَشْعَرِ الْحَرَامِ...﴾ {198} ثُمَّ أَفِضُوا مِنْ حَيْثُ أَفَاضَ النَّاسُ وَاسْتَغْفِرُوا اللَّهَ إِنَّ اللَّهَ غَفُورٌ رَحِيمٌ {199} ﴿﴾

¹ Таң намазы айтылуда

² Ахмад, Әбу Дәуд, Ан-Насаи, Ибн Мажа және Ат-Тирмизи жеткізді

³ Мүслім жеткізді

⁴ Хаким және Ат-Табарани жеткізді

⁵ Мүслім жеткізді

«Арафадан (Мүздәлифаға) қозғалған кездерінде Ал-Машъар ал-Харамда Аллаһты еске алындар...(198). Сосын адамдар қозғалған жерден (Айт күнінің таңында Мүздәлифадан) қозғалындар және Аллаһтан кешірім сұрандар, расында, Аллаһ өте кешірімді әрі аса мейірімді(199)»¹.

Мүздәлифада ақшам мен күптан намаздарынан бұрын айтылатын дұға:

"اللّٰهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ أَنْ تَرْزُقَنِي جِوَامِعَ الْخَيْرِ، وَأَنْ تَجْعَلَنِي مِمَّنْ سَأَلَكَ فَأَعْطَيْتَهُ، وَدَعَاكَ فَأَجَبْتَهُ، وَتَوَكَّلَ عَلَيْكَ فَكَفَيْتَهُ، وَأَمَّنْ بِكَ فَهَدَيْتَهُ"

«Аллаһым, бәрін қамтушы жақсылықты нәсіп етуінді сұраймын. Сондай-ақ Өзіңнен сұраса болды, Сен оған беретін, Өзіңе дұға жасаса болды, Сен оған жауап беретін, Өзіңе тәуекел етсе болды, Сен оған жеткілікті болатын, Өзіңе иман келтірсе, Сен оны тура жолға түсіретін құлдарыңнан етуінді тілеймін».

Намаздан кейін айтылатын дұға:

"اللّٰهُمَّ حَرِّمْ لِحْمِي وَشَعْرِي وَدَمِي وَعَظْمِي وَجَمِيعَ جِوَارِحِي عَلَى النَّارِ، يَا أَرْحَمَ الرَّاحِمِينَ"

«Аллаһым, етім мен шашымды, қаным мен сүйегімді және бүкіл дене мүшелерімді отқа арам ете гөр. Әй, рақымдылардың рақымдысы».

Таң намазынан кейін тәлбия, тәкбір, тәһлил айтылған соң жасалатын дұға:

"اللّٰهُمَّ أَنْتَ خَيْرَ مَطْلُوبٍ وَخَيْرَ مَرْغُوبٍ إِلَيْهِ، إِلَهِي لِكُلِّ وَفَدٍ جَائِزَةٍ وَقِيْرِي، فَاجْعَلِ اللّٰهُمَّ جَائِزَتِي وَقِيْرَايَ فِي هَذَا الْمَقَامِ أَنْ تَتَقَبَلَ تَوْبَتِي وَتَتَجَاوَزَ عَنِّي خَطِيئَتِي وَتَجْمَعَ عَلَيَّ الْهَدَىٰ أَمْرِي. اللّٰهُمَّ ارْحَمْنِي، وَأَجْرِنِي مِنَ النَّارِ، وَأَوْسِعْ عَلَيَّ الرِّزْقَ الْحَلَالَ. اللّٰهُمَّ لَا تَجْعَلْهُ آخِرَ الْعَهْدِ بِهَذَا الْمَوْقِفِ، وَارْزُقْنِيهِ أَبَدًا مَا أَحْيَيْتَنِي بِرَحْمَتِكَ يَا أَرْحَمَ الرَّاحِمِينَ"

«Аллаһым! Сен - қажетті нәрселердің ең жақсырағысың! Сондай-ақ сүйіктілердің де ең жақсырағысың! Тәңірім, әр қонақ үшін сыйлық пен қонақжайлық бар ғой. Аллаһым, тәубамды қабыл етуің, қателіктерімді кешіруің және ісімді туралықпен жарастыруың - осы тұрған жерімде маған берілетін сыйлығың мен қонақжайлығың болсын. Аллаһым, мені рақыма бөлесі, оттан құтқаршы және адал ризықты молынан береші. Аллаһым, бұл жерде тұрған тұрысымды соңғы қыла гөрме және тірі болғанымша тағы келуімді нәсіп ет. Әй, рақымдылардың ең рақымдысы».

5 - Мүздәлифадан қозғалғанда тыныштық сақтау.

6 - Мүздәлифадан Минаға қозғалғанда, Жамрат ал-Ақабаға тас лақтыру үшін, қыспаққа жолықпау мақсатымен, алдыға әйел кісілер мен әлсіз адамдарды жіберу.

Үшінші: Тас лақтыру

Тас лақтыру рәсімінің сыры. Тас лақтыру рәсімі дегеніміз - күнәлі істерді әсемдеу тәсілімен адамдарды Аллаһ тағалаға бағынбауға шақыратын азғырушы шайтанға күрес жариялау рәмізі. Аллаһ тағала Ибраһимге (алайһи ас-салам) баласы Исмайылды (алайһи ас-салам) құрбандыққа шалуын бұйырғанда азғырушы шайтан оларды бұл бұйрықты орындаудан қайтаруға талпынады. Сонда Ибраһим, Исмайыл және Һажар үшеуі оның азғыруын өздеріне жақындатпас үшін, оны ұсақ тастармен атқылайды. Сөйтіп, өздеріне Раббылары бұйырған әмірді орындауға бой ұсынады. Олардың бой ұсынушылықтарын кейінгі ұрпақтарға өнеге ету үшін, олардың шайтанға тас лақтырған орындарын Аллаһ тағала қажылыққа келген құлдарына құлшылық рәсімі етіп бекітуді қалады. Негізінде, шайтанның азғыруын мұсылман адам күнделікті қайтарып отыруы қажет. Әйтпесе, оның Аллаһ тағалаға бой ұсынуының оңдалуы

¹ «Бақара» сүресі: 198,199.

мен тұрақталуы қиынға соғады. Сол себептен қажылықта шайтанға лас лақтыруымен мұсылман шайтанға деген дұшпандығын жаңартады. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿ إِنَّ الشَّيْطَانَ لَكُمْ عَدُوٌّ فَاتَّخِذُوهُ عَدُوًّا إِنَّمَا يَدْعُو حِزْبَهُ لِيَكُونُوا مِنْ أَصْحَابِ السَّعِيرِ ﴾

«Расында, шайтан - сендердің дұшпандарың. Сондықтан сендер де оны дұшпан көріңдер! Расында, ол өз тобын тек тозақ тұрғындарынан болуларына шақырады»¹.

Минаның аумағы

Мина - Мухассир сайы мен Жамрат ал-Ақабаның арасында ұзындығы екі мильге созылып жатқан сай.

Тас лақтыруға арналған орын үшеу. Реттік тәртіппен айтқанда олар: Кіші жамрат, Орта жамрат және Үлкен (Ақаба) жамраты. Кіші жамрат Ибрахим мешітіне жақын. Ибрахим мешіті Меккеден бір мильге жетпейтін қашықтықта орналасқан. Үлкен жамрат Минаның Мекке тарапындағы соңғы бетінде. Үлкен жамрат Орта жамраттан 155м қашықтықта орналасқан.

Тас лақтыратын уақыт

1 - Ақаба жамратына тас лақтыру уақыты. Ханафи мен мәлики мәзһаптарында Ақаба жамратына тас лақтыратын уақыт айт күні күн шыққанда басталады. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(لا ترموا الجمره حتى تطلع الشمس)

«Күн шыққанша жамратқа тас лақтырмандар!»². Ең абзал уақыт аралығы - күн шыққаннан бесінге дейінгі аралық. Кім тас лақтыруды түскі уақыттан кеш түскенге дейін кешіктірсе, бұған рұқсат бар. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن رجلاً قال للرسول صلى الله عليه وسلم: رميت بعد ما أمسيت، فقال: لا حرج)

«Бір кісі Аллаһтың елшісіне (саллаллаһу алайһи уа саллам) келіп: «Мен кеш түскенде тас лақтырдым»-деді. Ол: «Оқасы жоқ»-деді³. Кім бұл уақыт аралығынан кешіктірсе, қой шалуы уәжіп болады.

2 - Ташриқ күндері жамараттарға тас лақтыру. Ташриқ күндері дегеніміз - Минада тас лақтыратын күндер: зұлхижжа айының он бірінші, он екінші және он үшінші күндері. Осы күндердің әрқайсысында қажы кісі тал түстен кейін Кіші жамратқа, сосын Орта жамратқа, сосын Үлкен (Ақаба) жамратқа тас лақтырады. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(رمى رسول الله صلى الله عليه وسلم الجمار حين زالت الشمس)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) тал түстен кейін тас лақтырды»⁴.

Тас лақтыру уақыты күн батқанша созылады. Тас лақтыруды негізгі уақытынан түнге дейін кешіктіріп алған кісі оны таң атқанда істеуі мәкрұһ болғанымен, істелуі қажет.

Асыққан кісіге бұл рәсімді үш емес, екі күнде аяқтаса да болады. Аллаһ тағала Құранда бұл жайында былай дейді:

﴿وَاذْكُرُوا اللَّهَ فِي أَيَّامٍ مَّعْدُودَاتٍ فَمَنْ تَعَجَّلَ فِي يَوْمَيْنِ فَلَا إِثْمَ عَلَيْهِ وَمَنْ تَأَخَّرَ فَلَا إِثْمَ عَلَيْهِ لِمَنِ اتَّقَىٰ وَاتَّقُوا اللَّهَ وَاعْلَمُوا أَنَّكُمْ إِلَيْهِ تُحْشَرُونَ﴾

«Белгіленген *ташриқ* күндері *Минада болғандарыңда* Аллаһты еске алыңдар! Сонда кім асыққан болса, екі күнде аяқтауында күнә жоқ және (үшінші күнге) қалған кісіге де күнә жоқ, әрине, егер *қажылықта және үйлеріне оралғанда* тақуалық қылса. Аллаһтан қорқындар және Оның алдына жиналатындарыңды біліңдер!»⁵.

¹ «Фатыр» сүресі: 6

² Ахмад, Әбу Дәуд, Ибн Мажа, Ан-Насаи және Ат-Тирмизи жеткізді

³ Әл-Бұхари жеткізді

⁴ Ахмад, Ибн Мажа және Ат-Тирмизи жеткізді

⁵ «Бақара» сүресі: 203

Ибн Аббас, Аллах тағала оған разы болсын, бұл аяттағы «күнә жоқ» деген сөздің мағынасын «күнәсі кешірілді»-деп түсіндіреді.

Тас лақтырудың дұрыс атқарылуына қажетті шарттар

1 - Лақтырылатын заттың тас болуы.

2 - Әр күні әр жамратқа жеті тастан лақтыру. Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) сүннетіне сай әр тастың жеке-жеке лақтырылуы шарт. Бір мәртеде жетеуін лақтыру дұрыс емес.

3 - Үш жамараттың реттік тәртібінің сақталуы. Тас, алдымен, Кіші жамаратқа, сосын Орта жамаратқа, сосын Үлкен жамаратқа лақтырылады. Әр жамаратқа жеті тастан болғанда әр күні жиырма бір тас лақтырылады. Сонда үш күнде лақтырылатын тастың жалпы саны - алпыс үш. Айша анамыз, Аллах тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن النبي صلى الله عليه وسلم كان يرمي الجمرَةَ إذا زالت الشمس، كل جمرَةَ بسبع حصيات)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) күн тал түстен шалқайғанда әр жамаратқа жеті тастан лақтырды...»¹.

Тас лақтырудың сүннеттері

1 - Тастың көлемі атбас бұршақтай болуы. Ибн Аббас, Аллах тағала оған разы болсын, былай деді:

(قال لي رسول الله صلى الله عليه وسلم غداة العقبة وهو على راحلته: هات ألقط لي، فلقطت له حصيات هن حصي الجَدْفِ

فلما وضعتهن في يده قال: بأمثال هؤلاء وإياكم والغُلُوُّ في الدين، فإنما أهلك من كان قبلكم الغلو في الدين)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Ақаба күнінің таңында түйесінің үстінде отырып маған: «Маған жерден тас теріп берші»-деді. Мен оған екі саусақпен лақтыруға ыңғайлы ұсақ тастан теріп, оны алақанына салдым. Ол: «**Лақтыратын тастарың осы секілді болсын. Дінде шектен шығудан сақ болыңдар! Сендерден бұрынғыларды дінде шектен шығулары ғана құртқан еді**»-деді»².

2 - Тастарды саусақ ұштарымен лақтыру. Тас оң қолдың бас бармағы мен сұқ саусағы арасына қыстырылып ұсталады.

3 - Тас лақтырушы мен жамараттың арасы екі зираь³ не одан көбірек болуы.

4 - Ақаба жамратына тас лақтырғанда сайдың ортасына кіруге тырысу және Мекке сол жақта, Мина оң жақта, ал Ақаба алдында болатындай бағытта тұру. Абдулламен бірге қажылық жасаған Абдрахман ибн Язид былай деді:

(فرمى الجمرَةَ بسبع حصيات وجعل البيت عن يساره ومنى عن يمينه وقال: هذا مقام الذي أنزلت عليه سورة البقرة)

«Жамаратқа жеті тас лақтырғанда Қағба сол жағында, ал Мина оң жағында болатындай етіп тұрды. Сосын: «Бұл - «Бақара» сүресі түскен орын»-деді⁴. Ақаба жамратына тас лақтырған соң ол жерде дұға айту үшін тұрмай, кетіп қалу сүннет.

5 - Бірінші тасты лақтырарда тәлбия айтуды тоқтату. Ибн Аббас, Аллах тағала оған разы болсын, өзіне Фадылдың, Аллах тағала оған разы болсын, былай дегенін айтты:

(أن النبي صلى الله عليه وسلم لم يزل يلبي حتى رمى جمرَةَ العقبة)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) Ақаба жамратына тас лақтырғанша тәлбия айтуын тоқтатпады»⁵.

6 - Әр тасты лақтырғанда тәкбір айту. Айша анамыз, Аллах тағала оған разы болсын, былай деді:

¹ Әбу Дәуд жеткізді

² Ан-Насаи жеткізді

³ Бір зираь шамамен 61,2см. Екі зираь 122,4см.

⁴ Мүслім жеткізді

⁵ Мүслім жеткізді

(أن النبي صلى الله عليه وسلم (كان يرمي الجمره إذا زالت الشمس، كل جمرة بسبع حصيات، يكبر مع كل حصاة)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) күн тал түстен шалқайғанда әр жамаратқа жеті тастан лақтырды және әр тасты лақтырғанда тәкбір айтты...»¹.

Ибн Масъуд пен Ибн Омар, Аллаһ тағала оларға разы болсын, тас лақтырғанда: «Аллаһым, мұнымды игі қажылық, әрі кешірілген күнә және шүкірлі амал ете гөр»-деп айтатын². Бұл дұғаның арапша мәтіні:

"اللهم اجعله حجاً مبروراً و ذنباً مغفوراً و عملاً مشكوراً"

7 - Жеті тасты арасын үзбей кезек-кезек лақтыру.

8 - Терілген тастардың тазалығында күмән болса, оларды жуу. Ибн Омардың, Аллаһ тағала оған разы болсын, тастарының жуғаны жайында хабар бар³.

9 - Кіші жамарат пен Орта жамаратқа тас лақтырғанда екеуінің әрқайсысына тас лақтырып болған соң Аллаһты зікір етіп, дұға жасау сүннет. Ал Ақаба жамратына тас лақтырған соң зікір мен дұға жасау үшін тұрмау сүннет. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن النبي صلى الله عليه وسلم (كان يرمي الجمره إذا زالت الشمس، كل جمرة بسبع حصيات، يكبر مع كل حصاة، ويقف عند

الأولى والثانية فيطيل القيام ويتضرع، ويرمي الثالثة ولا يقف عندها)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) күн тал түстен шалқайғанда әр жамаратқа жеті тастан лақтырды және әр тасты лақтырғанда тәкбір айтты. Бірінші мен екінші жамараттан кейін түрегеп тұрды. Аллаһ тағалаға жалынып ұзақ тұрды. Ал үшінші жамараттан кейін оның қасында мүлде тұрмады»⁴.

10 - Жамараттарға, әсіресе, Кіші жамарат пен Орта жамаратқа жаяу барып, жаяу қайту. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, құрбан шалынатын күннен кейін ташриқ күндерінің үшеуінде де жамараттарға жаяу барып, олардан жаяу оралатын. Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) осылай істеген деп хабарлайтын⁵.

Минада қону

Зұлхижжаның сегізінші күніне қараған түні Минада қону сүннет. Сонымен қатар Минада зұлхижжаның он бірінші мен он екінші күндеріне қараған түндері қону үкімі де сүннет. Кім бұл сүннетті толық атқарса, жақсы істеген болды. Ал атқарусыз қалдырса, күнә емес.

Тас лақтырудың мәкрүһтәрі

1 - Ақаба жамратына тасты сайдың үстінен лақтыру.

2 - Тасты лақтырылған жерден теру. Өйткені ол тастар қажылығы қабыл етілмеген кісілердікі. Әбу Саъид ал-Худри, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің былай дегенін айтты:

(ما تقبل منها يرفع ولولا ذلك لرأيتها مثل الجبال)

«Тастардың қабыл етілгені көтеріледі. Әйтпесе, оларды тау болып үйілгенін көрер едің»⁶.

Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(وكل به ملك ما تقبل منه رفع، وما لم يتقبل ترك)

«Бұл іске жауапты періште бекітілген. Қабыл етілгені көтеріледі. Ал қабыл етілмегені орнында қалады»⁷.

¹ Әбу Дәуд жеткізді

² «Ал-фикһ ал-ислами уа адиллатуһу»: 3/2261

³ «Ал-фикһ ал-ислами уа адиллатуһу»: 3/2250

⁴ Әбу Дәуд жеткізді

⁵ Әбу Дәуд жеткізді

⁶ Әл-Байһақи жеткізді

⁷ Әл-Байһақи жеткізді

3 - Ұсақ тас жасау үшін, үлкен тасты алып сындыру.

4 - Лақтыруға нәжістенген тасты пайдалану.

Тас лақтыруды біреуге тапсырудың үкімі

Кім тас лақтыруға шамасы келмейтіндей ауырса, орнына басқа адамның тас лақтыруына болады. Біреудің орнына тас лақтырушы кісі, алдымен, үш жамаратқа өзінің тастарын лақтырған болуы шарт. Ал, енді себепсіз, біреуге тапсыруға мүлде болмайды. Кім мұны себепсіз істесе, қой шалуы уәжіп болады.

Төртінші: Шаш қыру немесе шаш қидыру

Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай деді:

﴿لَقَدْ صَدَقَ اللَّهُ رَسُولَهُ الرُّؤْيَا بِالْحَقِّ لَتَدْخُلَنَّ الْمَسْجِدَ الْحَرَامَ إِنْ شَاءَ اللَّهُ آمِنِينَ مُحَلِّقِينَ رُؤُوسَكُمْ وَمُقَصِّرِينَ لَا تَخَافُونَ﴾

«Расында, Аллаһ елшісі көрген түсті ақиқат тұрғысынан растады. Әлбетте, сендер шаштарыңды қырып және шаштарыңды қидырып, аманшылықпен және қорқынышсыз ал-Харам мешітіне кіресіңдер...»¹.

Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن رسول الله صلى الله عليه وسلم أتى منى، فأتى الجمرة فرماها، ثم أتى منزله بمنى ونحر. ثم قال للحلاق خذ وأشار إلى جانبه الأيمن والأيسر)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Минаға келіп, жамаратқа барып тас лақтырды. Сосын Минадағы шатырына келіп, құрбан шалды. Сосын шаш қиюшыға: «**Шашымды ал**»-деп, шашының оң жағы мен сол жағына сілтеді...»².

Ер кісілерге шаштарын қырулары қысқартуларынан абзал. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن رسول الله صلى الله عليه وسلم قال: "اللهم ارحم المحلقين"، قالوا: والمقصرين يا رسول الله؟ قال: "اللهم ارحم المحلقين". قالوا: والمقصرين يا رسول الله؟ قال: "والمقصرين")

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам): «**Аллаһым, шаштарын қырғандарды кешіре гөр**»-деді. *Адамдар*: «Әй, Аллаһтың елшісі! Шаштарын қысқартқандарға да тіле»-деді. Ол тағы: «**Аллаһым, шаштарын қырғандарды кешіре гөр**»-деді. *Адамдар тағы*: «Әй, Аллаһтың елшісі! Шаштарын қысқартқандарға да тіле»-деді. Ол: «**Шаштарын қысқартқандарды да**»-деді³.

Ибн Хиббан өзінің сахихында пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(لكل من حلق رأسه بكل شعرة سقطت نور يوم القيامة)

«**Шашын қырған әрбір кісіге жерге түскен әр тал шашы үшін Қиямет күні нұр болады**»⁴.

Әйел кісі сүннет бойынша шашын қырмайды, тек қысқартады. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ليس على النساء حلق، إنما على النساء التقصير)

«**Әйел кісілерге шаштарын қырулары уәжіп емес. Расында, әйелдерге шаштарын қысқартулары ғана уәжіп**»⁵.

Хаттаб ұлы Омардан, Аллаһ тағала оған разы болсын, «Әйел кісі шашынан қанша қысқартуы қажет?»-деп сұралғанда ол: «Мұнша»-деп саусағының ұшын көрсетеді⁶.

¹ «Фатх» сүресі: 27

² Ахмад, Мүслім және Әбу Дәуд жеткізді

³ Әл-Бұхари және Мүслім жеткізді

⁴ «Ал-фикһ ал-ислами уа адиллатуһу»: 3/2268

⁵ Ад-Даракутни және Әбу Дәуд жеткізді

⁶ «Ал-фикһ ал-ислами уа адиллатуһу»: 3/2268

Ер кісі шашын қырмай, тек қысқартатын болса, саусақ ұшынан сәл көбірек қысқартады. Шашы өспейтін кісі басының үстінен ұстараны жүргізіп өтуі уәжіп. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا أمرتكم بأمر فأتوا منه ما استطعتم)

«Сендерге бұйырған нәрселерімнен шамаларың келетінін істеңдер»¹. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(من جاء يوم النحر ولم يكن على رأسه شعر أجرى موسى على رأسه)

«Құрбан шалынатын күні кімнің басында қыратын шашы болмаса, басының үстіне ұсатараны жүргізсін»².

Шаш алдыратын уақыт

Шаш алу рәсіміне уақыты мен орны белгіленген. Уақыты - құрбан шалынатын күндер. Орны - ал-Харам территориясы. Кім бұл рәсімді өз уақытынан кешіктірсе немесе өз орнында жасамаса, қой шалуы уәжіп. Өйткені Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) шашын құрбан шалынатын күні ал-Харам территориясында алды.

Шаш алуға, тауаф жасауға және сағи жүруге арналған уақыттың басталу уақыты - құрбан шалынатын күн.

Кім шашын Мина күндерінен кешіктіріп алса немесе тас лақтырудан бұрын алса, немесе құрбан шалу мен тауафты тас лақтырудан бұрын жасаса, мал шалуы уәжіп емес.

Мағлұмат: Қажы кісі шашын алуымен ихрамнан жартылай шығады. Енді оған ихрамда тыйым салынған істердің барлығы рұқсат етіледі де, тек әйеліне жақындауына болмайды. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا رميتم وحلقتم فقد حل لكم الطيب والثياب وكل شيء إلا النساء)

«Тас лақтырып, шаш алдырғандарыңнан кейін сендерге әтір себіну мен кәдімгі киімдеріңді киюлерің рұқсат етіледі. Сондай-ақ әйелге жақындаудан басқа нәрселердің бәрін істеулеріңе болады»³.

Шаш алуға қатысты сүннеттер

1 - Шашты толық алу.

2 - Аллаһты еске алу: «Аллаһым, міне менің кекілім. Менің әр тал шашыма Қиямет күні нұр берші, әй, рақымдылардың рақымдысы». Дұғаның арапша мәтіні:

"اللهم هذه ناصيتي فاجعل لي بكل شعرة نوراً يوم القيامة، يا أرحم الراحمين"

3 - Оң жақтан бастап алдыру. Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: «Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Минаға келіп, жамаратқа барып тас лақтырды. Сосын Минадағы шатырына келіп, құрбан шалды. Сосын шаш киюшыға: «Ал»-деп, шашының оң жағы мен сол жағына сілтеді...»⁴.

4 - Алынған шашты жерге көму.

5 - Шаш алдырған соң мұртты басып, тырнақ алу мустахап. Ибн Омардың, Аллаһ тағала оған разы болсын, қажылық пен умрада шашын алдырғанда сақалы мен мұртынан да алғаны туралы хабар бар.

Бесінші: Қоштасу тауафы

¹ Әл-Бұхари және Мүслім жеткізді

² «Ал-фиқһ ал-ислами уа адиллатуһу»: 3/2268

³ «Ал-фиқһ ал-ислами уа адиллатуһу»: 3/2271

⁴ Ахмад, Мүслім және Әбу Дәуд жеткізді

Бұл тауафтың қоштасу деп аталу себебі - қажы кісі бұл тауафты жасауымен Қағбамен қоштасып, еліне оралады. Бұл тауаф Меккелік еместерге ғана уәжіп. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أَمَرَ النَّاسَ أَنْ يَكُونَ آخِرَ عَهْدِهِمْ بِالْبَيْتِ، إِلَّا أَنَّهُ خُفِّفَ عَنِ الْحَائِضِ)

«Адамдарға ең соңғы міндет етіліп Қағбаны тауап етулері әмір етілді. Бұл әмір етеккірі келген әйелге ғана жеңілдетілді»¹.

Қоштасу тауафының уәжіптілігі алғашқы төрт айналымның жасалуымен мойыннан түседі. Кейінгі үшеуінің жасалуы сүннет. Оны жасамастан жолға шыққан кісі миқаттан аспаған болса, оны жасау үшін қайта оралуы уәжіп. Егер миқаттан асып кетсе, орнына қой шалуы уәжіп. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, қоштасу тауафын жасамай Заһран деген жерге жеткен бір кісіні қоштасу тауафын орындап, Қағбамен қоштасуы үшін Меккеге қайтарады².

Қоштасу тауафын уәжіп ететін шарттар

1 - Меккелік болмауы.

2 - Әйел кісінің етеккір мен нифастан таза болуы. Етеккірі келген әйелге бұл уәжіпті орындамағаны үшін мал шалуы уәжіп емес.

Қоштасу тауафын дұрыс ететін шарттар

1 - Ниет.

2 - Оның алдында тауаф ал-ифаданың жасалған болуы.

Қоштасу тауафының жасалу уақыты

1 - Қажылық амалдары толық жасалып болған соң жасалады.

2 - Жасалуы мүмкін уақыт. Сапарға асыққан кісіге қоштасу тауафын тауаф ал-ифададан кейін жасауына болады. Егер ол бұдан кейін сапарын біраз күнге кешіктірген болса да қоштасу тауафы, бәрібір, дұрыс болады. Оның дұрыстығына ниеті жеткілікті болады.

3 - Жасалуы мустахап уақыт. Сапарға аттанарда жасалуы. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Адамдар (қажылықтарын жасаған соң) жан-жаққа тарай бастады. Сонда оларға Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дейді:

(لَا يَنْفِرُونَ أَحَدٌ حَتَّى يَكُونَ آخِرَ عَهْدِهِ بِالْبَيْتِ)

«Қағбаны тауап етуі ең соңғы міндеті болмайынша ешкім (үйіне) кетпесін»³.

Қоштасу тауафының сүннеттері

1 - Жеті айналым жасау.

2 - Зәмзәм суын ішуі. Зәмзәм ішкенде ниеттің сүннетке сай болуы: Жәбир, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің былай дегенін айтты:

(مَاءٌ زَمْزَمٌ لِمَا شَرِبَ لَهُ)

«Зәмзәм суы қандай ниетпен ішілсе, сол ниет орындалады»⁴.

3 - Қағбаның қара тас орныққан қыры мен есігінің арасындағы қабырғаға жабысу. Тамру ибн Шуьайб әкесінен, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Абдулламен бірге тауаф жасадым. Қағбаның артқы бұрышына жеткенімізде мен оған: «Аллаһтан пана тілемейсің бе?»-дегенімде ол: «Отқа қарсы Аллаһтан пана тілейміз»-деді. Сосын қара тасты ұстағанша жүрісін жалғастырды. Қара тас орныққан қыр мен есік арасындағы қабырғаға кеудесімен, жүзімен, колдарымен және екі алақанымен, былай, жабысты»-деп алақандарын жайып көрсетті. Сосын маған: «Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) осылай істегенін көрдім»-деді⁵.

Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

¹ Әл-Бұхари және Мүслім жеткізді

² Саьид ибн Мансур өзінің «Сунан» кітабында

³ Ахмад, Мүслім, Әбу Дәуд, Ибн Мажа жеткізді

⁴ Әл-Байһақи жеткізді

⁵ Әбу Дәуд жеткізді

(استقبل رسول الله صلى الله عليه وسلم الحجر واستلمه، ثم وضع شفتيه عليه بيكي طويلاً، فالتفت فإذا عمر بيكي فقال: يا عمر ههنا تسكب العبرات)

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) қара тасқа келіп, оны ұстады (сүйді). Сосын оған еріндерін тигізіп, ұзақ жылады. Мойнымды бұрсам, Омар да жылап тұр. Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді: «Әй, Омар, көз жасы төгілуге лайықты жер осы!»¹.

Қажылықтың алтыншы уәжібі: Қарин қажылығы мен таматтуь қажылғын жасаушыға қой шалуы

Қажылықтың жетінші уәжібі: Тас лақтыру, шаш алдыру және құрбан шалу рәсімдерінің арасындағы реттік тәртіпті сақтау

Төртінші бөлім: Қажылықтың сүннеттері

1 - Ихрамға ғұсыл құйынып кіру және екі рәкат ихрам намазын оқу.

2 - Ихрамға кіргенде және әр намаздың соңында тәлбия айту. Күндіз бен түн ауысқан уақыттарда, көлікке мінгенде, көліктен түскенде, биікке көтерілгенде, төмен түскенде тәлбия айту. Ал-Харам мешітінде көп намаз оқу.

3 - Келу тауафы. Келу тауафы Меккеге қажылық немесе умра жасау үшін келген кісіге сүннет. Меккеліктер мен микаттардың қасында тұратындар келу тауафын жасамайды. Бұл тауафтың сыры - Қағбаға сәлемдесу. Сол себептен ол сәлем тауафы деп те аталады.

Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, айтуынша пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) Меккеге келгенде ең бірінші атқарған нәрсесі, дәрет алып, тауаф жасады»². Бұл сүннеті орындаусыз қалдыру мәкрүһ.

4 - Зұлхижжаның сегізінші күніне қараған түні Минада қону. Ол түндері Минадан басқа жерде қону мәкрүһ танзиһан. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(لم يرخص النبي صلى الله عليه وسلم لأحد أن يبيت بمكة إلا للعباس من أجل السقاية)

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) Меккеде түнеуге ешкімге рұқсат етпеді. Адамдарға су беруі үшін Аббасқа ғана (Меккеде қонуына) рұқсат етті»³. Зұлхижжаның сегізінші күні бес намазды Минада оқу сүннет.

5 - Құрбан шалынатын күнге қараған түні Мүздәлифада қону және таң атып жарық түскенше сонда болу.

6 - Ташриқ күндеріне қараған түндері Минада қону.

7 - Минадан Меккеге қозғалғанда Мухассаба сайында сәл кідіріп дұға жасау. Нафиьтің айтуынша Ибн Омар Мухассабта тұруды сүннет көретін⁴.

8 - Қажылықты ташриқ күндерінің соңғы күнінде аяқтау. Аллаһ тағала Құранда бұл жайында былай дейді: «Белгіленген *ташриқ* күндері *Минада болғандарыңда* Аллаһты еске алыңдар! Сонда кім асыққан болса, екі күнде аяқтауында күнә жоқ және (үшінші күнге) қалған кісіге де күнә жоқ, әрине, егер (қажылықта және үйлеріне оралғанда) тақуалық қылса. Аллаһтан қорқыңдар және Оның алдына жиналатындарыңды біліңдер!»⁵. Бұл аят қажы кісіге екі нұсқаның біреуін таңдауына ерік береді. Әрине, абзалы - екінші нұсқа.

9 - Зәмзәм суынан ішу. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن رسول الله صلى الله عليه وسلم جاء إلى السقاية فاستسقى، فقال العباس: يا فضل، اذهب إلى أمك، فأت رسول الله صلى

الله عليه وسلم بشراب من عندها. فقال: اسقني. قال: يا رسول الله، إنهم يجعلون أيديهم فيه. قال: اسقني. فشرب منه، ثم أتى

زمنم، وهم يسقون ويعملون فيها، فقال: اعملوا، فإنكم على عمل صالح)

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) су берілетін орынға келіп, су сұрады. Сонда Аббас: «Әй, Фадыл, анаңның қасына барып, Аллаһтың елшісіне (саллаллаһу алайһи уа саллам)

¹ Ал-Мустадрак: 1/454

² Әл-Бұхари жеткізді

³ Ибн Мажа жеткізді

⁴ Мүслім жеткізді

⁵ «Бақара» сүресі: 203

сусын әкел»-деді. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам): «Мына суыңнан берші»-деді. Аббас оған: «Әй, Аллаһтың елшісі, адамдар оған қолдарын салады ғой»-деді. Ол: «Су берші»-деді. Аббастың берген суын ішіп, зәмзәмға барды. Оның қасындағылар адамдарға зәмзәм ішкізіп, еңбек етіп жатыр екен. Ол оларға: «Еңбек етiңдер, расында, сендер салиқалы амал жасаудасыңдар»¹.

Зәмзәм ішкенде демді үш үзіп және Қағбаға қарап ішу мустахап. Осман ибн Әсуад, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(جاء رجل إلى ابن عباس - رضي الله عنهما - فقال: "من أين جئت؟ فقال: شربت من زمزم. فقال له ابن عباس: أشربت منها كما ينبغي؟ قال: وكيف ذاك يا أبا عباس؟ قال: إذا شربت فاستقبل القبلة واذكر اسم الله وتنفس ثلاثاً وتصلع منها فإذا فرغت فاحمد الله، فإن رسول الله صلى الله عليه وسلم قال: (آية بيننا وبين المنافقين أنهم لا يتصلعون من زمزم)

Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, өзіне келген бір кісіден: «Қайдан келесің?»-деп сұрады. Ол: «Зәмзәм суын іштім»-деді. Ибн Аббас одан: «Оны дұрыстап іштің бе?»-деп сұрады. Ол: «Әй, Ибн Аббас, дұрыстап ішуің қалай?»-деді. Ибн Аббас: «Зәмзәм ішкеніңде Қағбаға қарап, Аллаһтың атын айт. Деміңді үш үзіп, көкірегің толғанша іш. Ішіп болғаныңда Аллаһты мадақта. Расында, Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді: «**Бізді мұнафықтардан ажырататын белгі - олар зәмзәмді кеуделері толғанша ішпейді**»².

Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің былай дегенін айтты:

(ماء زمزم لما شرب له، فإن شربته تستشفى به شفاك الله، وإن شربته مستعيذاً عاذك الله، وإن شربته ليقطع ظمأك قطعه)

«Зәмзәм суы қандай ниетпен ішілсе, сол ниет орындалады. Егер оны шипа тілеп ішсең, Аллаһ саған шипа береді. Егер оны зиянға қарсы сақтық тілеп ішсең, Аллаһ сені сақтайды. Егер оны шөліңді қандыру үшін ішсең, шөліңді басады»³.

Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, зәмзәм ішкенде:

"اللهم أسألك علماً نافعاً ورزقاً واسعاً وشفاء من كل داء"

«Аллаһым, Сенен пайдалы білім, мол нәсіп және бүкіл дертке қарсы шипа тілеймін»-дейтін⁴.

10 - Имамның үш құтпа айтуы.

- **Бірінші құтпа** зұлхижжаның жетінші күні бесін намазынан кейін Қағбаның қасында айтылады. Бұл бір ғана құтпа етіп айтылады. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم إذا كان قبل التروية خطب الناس فأخبرهم بمناسكهم)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) таруиядан⁵ бұрын құтпа айтқанда адамдарға қажылық амалдарын білдіретін»⁶.

- **Екінші құтпа** Арафа күні бесін намазынан бұрын Намирада екі құтпа етіп айтылады. Жәбир, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(فأجاز رسول الله صلى الله عليه وسلم حتى أتى عرفة فوجد القبة قد ضربت له بنمرة، فنزل بها، حتى إذا زاغت الشمس أمر بالقصواء فرحلت له، فأتى بطن الوادي فخطب الناس)

«..Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) (Мүздәлифадан) өтіп, Арафаға келді. Намирада өзіне тігілген шатырды көріп, сонда тоқтады. Күн тал түстен шалқайғанда Қасуа атты түйесін орнынан тұрғызып, оған мінді. Турана сайының ортасына келіп, адамдарға құтпа айтты...»⁷

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Ал-Мустадрок: 1/472

³ Ал-Мустадрок: 1/473

⁴ Ал-Мустадрок: 1/473

⁵ Зұлхижжаның сегізінші күнінің атауы

⁶ Әл-Байһақи жеткізді

⁷ Мүслім жеткізді

Бұл құтпаның бірінші бөлігінде имам қажыларға Арафада тұру уақыты, одан Мүздәлифаға қозғалу уақыты, Мүздәлифада қону, тас теру секілді қажылық амалдарының үкімдерімен таныстырады.

- **Үшінші құтпа** зұлхижжаның он бірінші күнінде Минада бір құтпа етіп айтылады. Бұл құтпада қажылықты ташриқ күндерінің екі күнінде тездетіп аяқтағысы келгендерге тездетіп атқару, асықпай атқару, қоштасу тауафы секілді амалдармен байланысты үкімдер айтылады. Бәну Бәкір руынан болатын екі кісі былай деді:

(رأينا رسول الله صلى الله عليه وسلم يخطب بين أوسط أيام التشريق، ونحن عند راحلته. وهي خطبة رسول الله صلى الله عليه وسلم التي خطب بمنى)

«Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) ташриқ күндерінің ортасында адамдарға құтпа айтқанын көрдік. Сол кезде біз оның түйесінің қасында тұрдық»¹.

Қажылықтың әдептері

1 - Қажылыққа шығардан бұрын тәубә келтіру.

2 - Отбасымен қоштасу және қамқоршысынан сұрану. Хаттаб ұлы Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, умраға бару үшін пайғамбардан (саллаллаһу алайһи уа саллам) рұқсат сұрайды. Сонда Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) оған:

(أي أخي أشركنا في دعائك ولا تنسنا)

«Әй, бауырым, бізді дұғадан мақрұм қалдырма және бізді ұмытпа»-дейді².

3 - Қажылыққа бейсенбі күні шығу. Каъб ибн Мәлік, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(قلما كان رسول الله صلى الله عليه وسلم يخرج في سفر إلا يوم الخميس)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) кейбір сапарында болмаса, жолға көбінесе бейсенбі күні шығатын»³.

4 - Дәретті сақтау.

5 - Қаражатты мол жұмсау.

6 - Көп садақа беру.

Бесінші бөлім: Қажылықтың түрлері

Негізінде, шариғатта қажылықтың үш түрі заңды. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(خرجنا مع رسول الله صلى الله عليه وسلم عام حجة الوداع، فمننا من أهل بعمرة، ومننا من أهل بحجة وعمرة، ومننا من أهل

بالحج، وأهل رسول الله صلى الله عليه وسلم بالحج، فأما من أهل بالحج، أو جمع الحج والعمرة، لم يحلوا حتى كان يوم النحر)

«Қоштасу қажылығы атқарылатын жылы Аллаһтың елшісімен (саллаллаһу алайһи уа саллам) бірге жолға қажылық үшін жолға шықтық. Арамызда біреулер ихрамға умра үшін ғана кірді, енді біреулер ихрамға қажылық пен умраны бірге атқару үшін кірді. Тағы біреулер ихрамға қажылық үшін ғана кірді. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) ихрамға қажылық үшін кірді. Қажылық үшін ихрамға кіргендер де, қажылық пен умраны қосқандар да құрбан шалынатын күнге дейін ихрамнан шықпаған еді»⁴.

Бірінші: Ифрад қажылығы

"الإفراد" - «ифрад» сөзінің тілдік мағынасы: бөлектеу, жекелеу. Ал шариғаттық тұрғыда ифрад қажылығы дегеніміз - ихрамға қажылықты ғана атқару үшін кіру. Ифрад қажылығын орындаушы кісі қажылығын толық аяқтамайынша умра жасамайды.

¹ Әбу Дәуд және Ад-Даракутни жеткізді

² Ат-Тирмизи жеткізді

³ Әбу Дәуд жеткізді

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

Жасалу жолы

Ифрад қажылығына ниет еткен кісі ихрамға кірудің алдында:

- Ғұсыл құйынады немесе дәрет алады. Әрине, дәретке қарағанда ғұсыл құйынғаны абзал.
- Сосын жаңа немесе жуылған ихрам киімін киініп, әтір себінеді.
- Сосын екі рәкат ихрам намазын оқиды. Намаз мәкрүһ емес уақытта оқылуы қажет. Намаз оқыған соң: «Аллаһым, қажылықты атқаруға ниет етемін. Маған оны жеңіл атқаруымды нәсіп етіп, оны менен қабыл ала гөр. Аллаһым! Қажылықты атқаруым үшін алдыңда тұрмын»-дейді. Бұл сөздің арапша мәтіні:

"اللَّهُمَّ إِنِّي أُرِيدُ الْحَجَّ فَيَسِّرْهُ لِي وَتَقَبَّلْهُ مِنِّي لِيَبِّكَ اللَّهُمَّ بِحَجَّةٍ"

- Ниеттеніп тәлбия айтуымен ихрамға кіреді. Енді оған қажылығын аяқтағанша қажылықты бұзатын сөздер мен істерден мүлде тыйылуы парыз.
- Меккеге кіргенде қолындағы заттарын қауіпсіз жерге тапсырып, ал-Харам мешітіне бет алады. Меккеге кіргенде жасалатын дұға: «Аллаһым, бұл - Сенің құлдарыңа арнаған қасиетті және қауіпсіз орның. Мені отқа арам етіп, құлдарыңды қайта тірілтетін күні мені азабыңнан аман алып қалшы. Сондай-ақ мені достарың мен бой ұсынушы құлдарыңнан қылшы». Дұғаның арапша мәтіні:

"اللَّهُمَّ هَذَا حَرَمُكَ وَأَمْنُكَ فَحَرِّمْ عَلَيَّ النَّارَ وَأَمْنِي مِنْ عَذَابِكَ يَوْمَ تَبْعَثُ عِبَادَكَ وَاجْعَلْنِي مِنْ أَوْلِيَائِكَ وَأَهْلِ طَاعَتِكَ"

Меккеге кірген соң Аллаһ тағаланың алдына келгенін есінен шығармай ал-Харам мешітіне жуасыған және бой ұсынған күйде кіреді. Қағба көзіне көрінген бетте үш мәрте тәкбір және тәһлил¹ сөздерін айтып, Аллаһ тағаладан қалаған дұғасын тілейді. Өйткені бұл жағдайда дұғаның қабыл болуы үміт етіледі.

- Сосын келу тауафын жасайды. Мұнысы - Қағбаға сәлемдескені. Тауафы қара тастың тұсынан басталады. Қара тасқа бағытталған қалыпта намаз кезінде секілді қолдарын көтеріп, тәкбір және тәһлил сөздерін айтады. Сосын алақандарын қара тасқа тигізеді және сүйеді. Бұл істерді қолдан келгенше орындауы қажет. Айналасындағы адамдарға зиян тигізуі күнә саналады. Сосын Қағбаны қара тастың тұсынан сағат тіліне қарсы бағытта айналуын бастайды. Қағбаны жеті мәрте айналады. Қағбаны айналғанда оның Ирактік қыры мен Сириялық қырына қарама-қарсы орналасқан Хижр дуалының сыртынан айналады. Өйткені Хижр дуалы Қағбаның бөлігі саналады. Әр айналымның кезінде қара тас пен йемендік қырға қолдарын тигізеді. Тауафты қара тастың тұсында бастағанындай қара тастың тұсында оны ұстауымен аяқтайды. Сосын «Мақам ал-Ибраһим»-нің артында екі рәкат намаз оқиды. Адамдардың көптігінен оның артында намаз оқуы мүмкін болмаса, оны басқа қолайлы жерде оқуына болады. Кім келу тауафын жасамастан Арафаға барып тұрса, келу тауафы мойнынан түседі және бұл үшін ешнәрсе өтемейді.

- Сосын Сафа мен Маруа арасындағы жүрісті атқарады. Сафа мен Маруа арасындағы әрі-бері жасалатын жүрістердің жалпы саны - жетеу. Сафа мен Маруаның әрқайсысына жеткен кезде оларға көтеріледі. Қағбаға бағытталып, тәкбір және тәһлил айтады, дұға жасайды. Сондай-ақ пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) салауат тілейді. Сафа мен Маруа арасында белгіленген екі жасыл сызықтың арасында жеңіл жүгіріс жасайды. Сафа мен Маруа арасындағы жүрісі Сафадан басталып, Маруада аяқталады.

- Сосын Меккеде тұрақтайды. Қолдан келгенше Қағбаны қайта-қайта тауап етуіне болады.

- Зұлхижжаның сегізінде Минаға барып, сонда қонады. Бесін, екінді, ақшам, құптан және таң намаздарын Минада оқиды.

- Зұлхижжаның тоғызында Арафаға қозғалады. Бесін азаны шақырылған соң имамның құтпасын тыңдайды. Сосын бесін мен екінді намаздарын тақдим сипатында қосып оқиды. Әрқайсысына қамат жеке айтылып, екеуі де қысқартылып оқылады. Арафадағы тұрысқа кірісерден бұрын ғұсыл құйынғаны мустахап. Сосын Арафадағы тұрыс орнына барады. Аллаһ тағаланы зікір етуімен және Оған жалбарынумен онда ұзақ тұрады.

- Күн батқанда адамдар имаммен бірге асықпай Мүздәлифаға қозғалады. Мүздәлифаға келгенде Қузах тауының қасында тоқтаған мустахап. Мұнда имам адамдармен бірге бір

¹ Тәкбір дегеніміз - «Аллаһу әкбар», ал тәһлил дегеніміз - «Лә иләһа иллаллаһ»-деп айту

азанмен және бір қаматпен ақшам мен құптанды та'хир сипатында қосып оқиды. Құптан намазы қысқартылып оқылады.

- Құрбан шалынатын күннің таң намазын имам адамдармен таң сәріде (ертеректеу) оқиды. Өйткені Мүздәлифада тұру уақыты таң атқанда басталады. Сосын таң атқаннан күн шыққанша адамдармен бірге Мүздәлифада тұрып, тәкбір және тәһлил айтады. Тәлбия айтып дұға жасайды. Пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) салауат тілейді. Сосын Мүздәлифадан жетпіс ұсақ тас теріп алады.

- Сосын күн шықпастан имам адамдармен бірге Минаға қозғалады. Минаға келгенде сайдың ортасында түсіп Ақаба жамратына терген тастарының жетеуін жеке-жеке лақтырады. Бірінші тасты лақтырарда тәлбия айтуын тоқтатады. Әр тасты тәкбір айтып лақтырады. Тас лақтырған соң онда тұрмайды.

- Сосын еркі қаласа, мал шалады.

- Сосын шашын толық алады немесе саусақ ұшындай мөлшерде шашын қысқартады. Шашын толық алдырғаны абзал. Бұдан кейін қажылық кезінде тыйым салынған нәрселердің бәрі, әйеліне жақындаудан басқасы, рұқсат етіледі.

- Сосын айт күні Меккеге келіп, Қағбаны жеті мәрте айналуымен тауаф ал-ифаданы орындайды. Оның алғашқы үш айналымын ер адам оң иығын ашық ұстап, жеңіл жүгіріспен орындайды. Сосын Сафа мен Маруа арасындағы жүрісті атқарады, әрине, егер оны келу тауафынан кейін атқармаған болса. Тауафты зұлхижжаның он бірінші, он екінші және он үшінші күндерінен кешіктіру мәкрүһ. Кім тауафты бұл күндерден кешіктіріп атқарса, қой шалуы уәжіп.

- Сосын Минаға оралады. Минада қалған тастарын үш жамаратқа лақтыру үшін тоқтайды. Тас лақтыру уақыты он екінші зұлхижжаның тал түсінен кейін кіреді. Алдымен, кіші жамаратқа жеті тас лақтырады. Оның қасында тұрып дұға жасайды. Сосын орта жамаратқа барып, оған жеті тас лақтырады. Оның қасында да тұрып дұға жасайды. Сосын Ақаба жамратына жеті тас лақтырады. Мұнда тұрмайды.

- Сосын он үшінші зұлхижжада тал түстен кейін тас лақтыру рәсімін жалғастырады. Үш жамаратқа жеті тастан лақтырады және кіші жамарат пен орта жамараттың қасында дұға жасайды. Бұдан кейін оған асыққан болса, Меккеге түсуіне болады. Асықпаған болса, келесі күнге қалып, тал түстен кейін қалған тастарын лақтырады. Сосын Меккеге түсерінде Мухассаб сайында сәл тұрып дұға жасауына болады.

- Сосын еліне оралуды қаласа, Қағбаны жеті мәрте айналуымен қоштасу тауафын атқарады. Бұл тауафты орындауы уәжіп. Осылайша қажылықты аяқтап, еліне оралады.

Ескерту: Әйелдер ер кісілер секілді тауафтың алғашқы үш айналымы мен Сафа мен Маруа арасындағы екі жасыл сызықтың арасында жеңіл жүгіріс жасамайды. Сондай-ақ тәлбия айтқанда дауыстарын көтермейді. Шашын толық алмайды, тек саусақ ұшындай көлемін қысқартады. Ер кісілерден тағы бір айырмашылығы, олар ихрамда тігілген киім және аяқкиім киеді. Қажылық кезінде етеккірі келген әйелдер тауафты қоспағандағы қажылықтың бүкіл амалдарын жасауына болады.

Екінші: Таматтуь қажылығы

"التمتع" - «таматтуь» сөзінің тілдік мағынасы: ыңғайлы жағдайды пайдалану, қажетіне жарату, рақаттану. Ал шарифаттық тұрғыда таматтуь қажылығы дегеніміз - қажылық атқарылатын айда умра жасау. Сосын қажылық басталатын күнге дейін Меккеде тұрып, қажылықты атқару.

Дәлелі: Жәбир, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Пайғамбармен (саллаллаһу алайһи уа саллам) бірге қажылыққа бардым. Ол өзімен түйе малын айдап әкелді. Адамдар ифрад қажылығы үшін ихрамға кіріп қойған еді. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) оларға:

أَحِلُّوا مِنْ إِحْرَامِكُمْ بِطَوَافِ الْبَيْتِ وَبَيْنَ الصَّفَا وَالْمَرْوَةِ، وَقَصَرُوا، ثُمَّ أَقِيمُوا حَلَالًا، حَتَّى إِذَا كَانَ يَوْمَ التَّرْوِيَةِ فَأَهْلُوا بِالْحَجِّ، وَاجْعَلُوا
التي قدمتم بها متعة)

«Қағбаны тауаф етумен және Сафа мен Маруа арасындағы жеңіл жүрісті атқарумен, сосын шаштарыңды алуларыңмен бұл ихрамдарыңнан шығындар да тәруия күніне дейін (Меккеде) тұрындар. (Таруия күні) қажылық үшін ихрамға кіріңдер. Сөйтіп, алдында жасағандарың мутъа (таматтуъ) болсын»¹.

Таматтуъ қажылығының жасалу жолы

- Миқатта умра үшін ихрамға кіреді.
- Меккеге кіргенде умра тауафын жасайды. Тауафты бастауымен тәлбия айтуын тоқтатады.
- Сосын Сафа мен Маруа арасындағы жеңіл жүгірісті атқарады.
- Сосын шашын толық алдырады немесе қысқартады. Осы амалдарды атқаруымен умраның ихрамынан шығып, зұлхижжаның сегізінші күніне дейін Меккеде тұрақтайды.
- Зұлхижжаның сегізінші күні ал-Харам территориясында қажылық ихрамына кіреді. Ихрамға миқатта емес, ал-Харамда кіруінің себебі - таматтуъ қажылығын атқарушы Меккеде тұруымен меккелік үкіміне кіреді. Ал меккеліктердің миқаты - ал-Харам.
- Сосын қажылық амалдарын ифрад қажылығындағыдай атқарады.

Таматтуъ қажылығын жасаушы кісі өзімен бірге құрбандық малын әкелген болса, умраның тауафы және Сафа мен Маруа арасын жүруімен шектеліп, шашын алмайды және зұлхижжаның сегізіне дейін умраның ихрамында болуын жалғастырып, қажылық ихрамына кіреді. Сөйтіп, қажылығын аяқтағанда екі ихрамнан бірге шығады.

Таматтуъ малын шалу

Төмендегі шарттардың орындалуымен таматтуъ қажылығын атқарушы кісінің шүкір ретінде «таматтуъ малын» шалуы уәжіп:

1 - Умрасы қажылық айында жасалуы.

2 - Алдымен умраны, сосын қажылықты атқаруы.

Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай дейді:

﴿فَمَنْ تَمَتَّعَ بِالْعُمْرَةِ إِلَى الْحَجِّ فَمَا اسْتَيْسَرَ مِنَ الْهَدْيِ﴾

«..Кім умраны атқаруымен қажылыққа дейін ермек етсе, мал түрінен мүмкіншілігі жеткенін шалсын..»². Бұл аяттағы «ермек етсе» дегеніміз - таматтуъ қажылығын атқарушы кісі қажылық айында умрасын атқаруымен зұлхижжаның сегізіне дейін ихрамнан шығып, әйелімен көңіл көтеруіне және басқа да рұқсат етілген ермек түрлерімен алдануына болады. Негізінде, әйелімен көңіл көтеру және жалпы рұқсат етілген ермек түрлерімен алдану - ихрамдағы кісіге мүлде арам. Сол себептен оның атқарған умрасы мен атқаратын қажылығы біртұтас кәміл болуы үшін және Аллаһ тағаланың оған қажылық ихрамына дейін умра ихрамынан шығуына рұқсат еткені үшін Аллаһ тағалаға шүкір ретінде таматтуъ малын шалуы уәжіп. Бұл малдың шалынуымен қажылық пен умрасының толық атқарылуы жүзеге асып, кемшіліктердің орындары жабылады. Таматтуъ малы Минада Ақаба жамратын тас лақтырылған соң және шаш алдырудан бұрын айт күні шалынады. Таматтуъ малын шалуға мүмкіншілігі жетпеген кісі үш күн ораза ұстайды. Ең абзалы зұлхижжаның 5,6,7 күндері ұстауы. Сондай-ақ 6,7,8 күндері ұстаса да болады. Қажылық кезінде әлсіздік басуынан қауіптенген кісіге бұл үш күнді умра ихрамына кіргенінде бастап, араларын үзіп ұстауына да болады. Әйтеуір Арафа күніне жеткізбеуі мустахап. Сосын еліне оралғанда тағы жеті күн ораза ұстап, оразасын он күнге толтырады. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай деді:

﴿فَمَنْ لَّمْ يَجِدْ فَصِيَامُ ثَلَاثَةِ أَيَّامٍ فِي الْحَجِّ وَسَبْعَةٍ إِذَا رَجَعْتُمْ تِلْكَ عَشْرَةٌ كَامِلَةٌ﴾

«..Кім (мал) таба алмаса, қажылықта үш күн ораза және (елге) оралғандарыңда жетеуін ұстаңдар. Толық он күн - осы..»³.

Аллаһ тағала: «..қажылықта үш күн ораза..» -дегендіктен кім бұл оразасының алғашқы үшеуін қажылық күндерінен кешіктіріп алса, бұл қателігін орнына қой шалумен ғана өтейді. Сөйтіп оған енді екі мал шалуы уәжіп болады. Біріншісі - таматтуъ малы, өйткені оразаны

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² «Бақара сүресі»: 196

³ «Бақара сүресі»: 196

кешіктіруімен оның орнын жаба алмады. Екіншісі мал шалмастан ихрамнан шыққаны үшін шалынады.

Құлаққағыс: Қажылық айларында умраны атқарған соң қажылық басталатын күнге дейін Меккеде тұрып, қажылықты атқарған кісінің қажылығы таматтуу болады да оған мал шалуы уәжіп болады. Умраны аяқтаған соң қажылық басталғанша Мәдинаға барса, сосын қажылықты атқарса, таматтуы дұрыс болады және оған мал шалуы уәжіп. Кім умраны атқарған соң еліне барып келіп қажылықты атқарса, таматтуы дұрыс болмайды да таматтуу малын шалу уәжібі мойнынан түседі. Атқарған қажылығы ифрад үкімінде болады.

Үшінші: Қиран қажылығы

"القران" - «қиран» сөзі тілде «екі нәрсені қосу» деген мағына береді. Шариғаттағы мағынасына келсек, қиран қажылығы дегеніміз - бір сапарда қажылық пен умраны бірге жасау. Қиран қажылығы меккеліктерден басқаларға ғана арналған.

Қажылық түрлерінің абзалы - қиран қажылығы. Хаттаб ұлы Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(سمعت النبي صلى الله عليه وسلم بوادي العقيق يقول: (أتاني الليلة آتٍ من ربي فقال: صلّ في هذا الوادي المبارك، وقل: عُمره في حجة)

Пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) Ақиқ сайында былай дегенін естідім: «Түнде маған Раббымнан келген келуші: Осы берекелі сайда намаз оқып: «Қажылық ішіндегі умра»-деп айт,-деді¹.

Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің былай дегенін естіді:

(لييك بعمره وحج)

«Аллаһым, қажылық пен умраға ниет етіп, алдында тұрмын»².

Сондай-ақ ғұламалардың іштерінде ифрад қажылығын да, таматтуу қажылығын да абзал деушілер бар.

Қиран қажылығының сипаты

- Миқатта екі рәкәт ихрам намазын оқыған соң умра мен қажылықты бірге атқару үшін: «Аллаһым, қажылық пен умра жасауға ниет етемін. Маған ол екеуін жеңіл атқаруымды нәсіп етіп, менен қабыл ала гөр. Аллаһым, умра мен қажылықты бірге жасау үшін, алдында тұрмын»-деп қиран қажылығының ихрамына кіреді. Бұл сөздің арапша мәтіні:

"اللهم إني أريد الحج والعمرة فيسرهما لي وتقبلهما مني. لبيك اللهم بعمره وحجة معاً"

- Меккеге кіргенде умра үшін тауаф жасап, Сафа мен Маруа арасындағы жүрісті атқарады.

- Сосын қажылық амалдарын орындауды бастайды: келу тауафын жасап, Сафа мен Маруа арасындағы жүрісті атқарады. Умра амалдарын әрдайым қажылық амалдарының алдында орындайды. Умраның шаш алу рәсімін ғана атқарусыз қалдырады. Өйткені қиран қажылығында шаш құрбан шалынатын күні бірақ алынады. Өйтпесе шаш алуымен қажылық ихрамын бұзып алады. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(خرجنا مع رسول الله صلى الله عليه وسلم عام حجة الوداع، فأهللنا بعمره. ثم قال رسول الله صلى الله عليه وسلم: من كان معه

هدي فليهل بالحج مع العمرة، ثم لا يحل منهما جميعاً)

«Қоштасу қажылығы атқарылатын жылы Аллаһтың елшісімен (саллаллаһу алайһи уа саллам) бірге жолға қажылық үшін жолға шығып, умра үшін ихрамға кірдік. Сосын Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді: «Өзімен бірге құрбандық малын әкелген кісі ихрамға қажылық пен умраны бірге атқару үшін кірсін. Екеуін толық атқарып болмайынша, (умра) ихрамынан шықпасын»³.

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Мүслим жеткізді

³ Мүслим жеткізді

Қиран малын шалу

Таматтуу қажылығын атқарушыға таматтуу малын шалуы уәжіп болғандай қиран қажылығын атқарушыға да шүкір ретінде қиран малын шалуы уәжіп. Қиран малын шалуға мүмкіншілігі жетпеген кісі қажылықта үш күн, еліне оралғанда жеті күн ораза ұстайды.

Қажылықты аяқтау немесе ихрамнан шығу

Қажы кісі ихрамнан екі мәрте шығады. Бірінші мәрте ихрамнан жартылай шығады. Ал екінші мәрте ихрамнан толық шығады. Ифрад қажылығын атқарушы қажы Ақаба жамратына тас лақтыру мен шаш алдыру рәсімдерінің атқарылуымен жартылай ихрамнан шығады. Сосын ифада тауафын атқаруымен толық ихрамнан шығады. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا رميتم الجمره فقد حللتهم من كل شيء كان عليكم حراماً إلا النساء، حتى تطوفوا بالبيت)

«Тас лақтырып болғандарыңда *шаш алуларыңмен* сендерге арам етілген нәрселердің бәрі өздеріңе енді адал етілген болды. Алайда Қағбаны тауаф етпегендеріңше әйелдеріңе *жақындауларыңа болмайды*»¹.

Қажы кісіге ихрамнан толық шыққанына қарамастан, жамараттарға қалған тастарын лақтырып болғанға дейін әйеліне жақындасу рұқсат етілсе де, оны кешіктіре тұруы мустахап.

Таматтуу пен қиран қажылығын атқарушы кісі Ақаба жамратына тас лақтыру мен шаш алудың арасында мал шалады. Осы үшеуі атқарылғанда жартылай ихрамнан шығады. Кейін ифада тауафын атқаруымен толық ихрамнан шығады.

Алтыншы бөлім: Біреу үшін қажылық жасау

Бұл тақырып алты мәселені қамтиды:

Бірінші мәселе: Құлшылықтың қандай түрін біреудің орнына жасауға болады және қандай түрін жасауға болмайды?

Құлшылықтар үшке бөлінеді:

1 - Мал-мүлікпен ғана жасалатын құлшылық. Бұған зекет, кәффарат төлеу және құрбандық шалып тарату секілді құлшылықтар жатады. Мұндай құлшылықтарды біреу арқылы барлық жағдайларда атқаруға болады.

2 - Дене мүшелерімен ғана жасалатын құлшылық. Бұған намаз және ораза секілді құлшылықтар жатады. Мұндай құлшылықтарды біреу біреудің орнына атқаруына мүлде болмайды.

3 - Дене мүшелерімен және мал-мүлікпен жасалатын құлшылық. Бұған қажылық секілді құлшылықтар жатады. Ханафи, шафиғи және ханбали мәзһаптарында мұндай құлшылықты біреу арқылы тек мәжбүрлі жағдайларда ғана атқаруға болады.

Мәлики мәзһабінде қажылық пен умраны марқұм кісінің орнына ғана жасауға болады.

Екінші мәселе: Амалдардың сауабын мәйітке сыйлау

Ғұламалардың келісімді көзқарасында дұғаның, садақаның, құрбандықтың сауабы мәйітке жетеді. Әбу Һурайрадан, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегені айтылады:

(إذا مات الإنسان انقطع عمله إلا من ثلاث: صدقة جارية أو علم ينتفع به وولد صالح يدعو له)

«Адам дүниеден озғанда оның үш амалынан басқасы үзіледі: (пайдасы дүниеде жалғасып жатқан) үздіксіз садақа, (артында қалғандарға) пайдасы тиіп жатқан білім, оған дұға жасаушы салиқалы баласы»².

Әһл ас-сунна уа ал-жамаға ғұламаларының көбісінің көзқарасында мұсылман істеген амалының: намазының, оразасының, оқыған Құранының сауабын: «Аллаһым, істеген

¹ Әл-Байһақи жеткізді

² Мүслім жеткізді

амалымның сауабын пәленшеге бере гөр»-деп басқа біреуге арнауына болады. Айша анамыз бен Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оларға разы болсын, былай деді:

(أن النبي صلى الله عليه وسلم ضحى بكبشين أحدهما عن نفسه والآخر عن أمته ممن أقر بوحدانية الله تعالى وشهد له بالبلاغ)

«Пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) құрбандыққа ноғала екі қошқар шалып, біреуін өзі үшін, екіншісін Аллаһтың бірлігін мойындап, елшілігіне куә болған үмметі үшін шалады»¹.

(أن رجلا سأل النبي صلى الله عليه وسلم فقال: كان لي أبوان أبرهما حال حياتهما فكيف لي ببرهما بعد موتهما فقال له عليه الصلاة والسلام: إن من البر: أن نصلي لهما مع صلاتك وأن تصوم لهما مع صيامك)

Бір кісі пайғамбардан (саллаллаһу алайһи уа саллам): «Мен көзі тірісінде әке-шешеме жақсылық жасаушы едім. Енді оларға дүниеден озған соң қалай жақсылық жасауыма болады?»-деп сұрағанда ол: «*Игіліктен соң* игілік жасауың - өзің үшін намаз оқуыңмен қатар ол екеуіне де намаз оқуың және өзің үшін ұстаған оразаңмен қатар ол екеуіне де ораза ұстауың»-деп жауап береді².

Үшінші мәселе: Біреудің орнына қажылық жасаудың заңдылығы

Төрт мәһаптің келісімді көзқарасында марқұм үшін біреудің қажылық жасауына болады. Қажылық парызын атқара алмаған марқұм орнына біреудің қажылық жасауы туралы өсиет тастаса, орнына қажылық жасаушы адамның жол азығы мен көлік қажеттілігіне тастаған малының үштен бірінен беріледі. Сондай-ақ созылмалы аурумен ауыратын науқас немесе қайраты кеткен әлсіз мұсылман қажылық парызын көтеретін қаражаты болса, өзі атқара алмаса да, парызды мойнынан түсіру үшін қажылықты басқа адамға жасатуына міндетті. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن امرأة من خثعم قالت: يا رسول الله، إن أبي أدركته فريضة الله في الحج شيخا كبيرا لا يستطيع أن يستوي على ظهر بعيره؟ قال: فحجي عنه)

Хасъам руынан болған бір әйел пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам): «Әй, Аллаһтың елшісі, қажылықтың парыз етілуі әкемнің қатты қартайған шағына сай келуде. Ол түйесінің арқасында өзін мүлде ұстап отыра алмайды»-деді. Ол (саллаллаһу алайһи уа саллам): «*Олай болса, оның орнына қажылық жаса!*»-деді³.

Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن امرأة من جهينة جاءت إلى النبي صلى الله عليه وسلم فقالت: إن أمي نذرت أن تحج فلم تحج حتى ماتت أفأحج عنها؟ قال: نعم، حجي عنها، رأيت لو كان على أمك دين أكنت قاضيته؟ اقضوا الله، فإن الله أحق بالوفاء)

Жуһайна руынан болған бір әйел пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) келіп: «Менің анам тірі кезінде қажылық жасауға серт берген еді. Сосын оны орындамастан дүниеден озды. Оның орнына қажылық жасайын ба?»-деді. Ол (саллаллаһу алайһи уа саллам): «*Әрине, оның орнына қажылық жаса! Қалай ойлайсың, егер анаң біреуге қарыз болса, оны өтер ме едің? Аллаһтың қарызын өтеңдер! Аллаһ - уәдесінің өтелуіне ең лайықтырақ*»-деді⁴.

Біреудің орнына қажылық жасаушы адам, алдымен, өзі үшін қажылық жасаған болуы шарт. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن النبي صلى الله عليه وسلم سمع رجلا يقول: ليك عن شبرمة، قال: من شبرمة؟ قال: أخ لي، أو قريب لي، قال: حججت عن نفسك؟ قال: لا، قال: حج عن نفسك ثم حج عن شبرمة)

¹ Ибн Мажа жеткізді

² Ад-Даракутни жеткізді

³ Ахмад, Әл-Бұхари, Мүслім, Әбу Дәуд, Ибн Мажа, Ан-Насаи және Ат-Тирмизи жеткізді

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) бір кісінің: «Шубраманың атынан ләббайка»-дегенін естіп, одан: «**Шубрама дегенің кім**»-деп сұрайды. Ол кісі: «Бауырым не жақыным»-дейді. Ол одан: «**Өзің үшін қажылық жасаған ба едің?**»-деп сұрайды. Ол кісі: «Жок»-дейді. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) оған: «**Алдымен, қажылықты өзің үшін жаса, сосын Шубрама үшін жаса**»-дейді¹.

Төртінші мәселе: Біреу үшін жасалған қажылыққа ақы алу

Ханафи мәзһабінің әуелгі ғалымдарының көзқарасында қажылық үшін, азан үшін, Құран мен фикһ үйрету үшін ақы алуға болмайды, өйткені бұлар - Аллаһ тағалаға жақындатушы амалдар. Әбу ибн Каъб, Аллаһ тағала оған разы болсын, бір кісіге Құран үйрететін. Ол кісі оған сол үшін садақ сыйлайды. Ол пайғамбардан (саллаллаһу алайһи уа саллам) бұның үкімін сұрайды. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) оған:

(إن سرك أن تتقلد قوسا من نار فتقلدها)

«Егер оттан жасалған садақты асынуың өзіңе ұнаса, онда оны асып ал»-дейді².

Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) Осман ибн Әбу ал-Ъасқа, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай дейді:

(واتخذ مؤذنا لا يأخذ علي أذانه أجرا)

«**Шақырған азанына ақы алмайтын азаншыны ал**»³.

Ханафи мәзһабінің кейінгі ғұламаларының көзқарасында бұл амалдар үшін ақы алуға болады. Олардың дәлелі: Пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) мына хадисіне негізделеді: «

(إن أحق ما أخذتم عليه أجره كتاب الله)

Ақы алуларына ең лайықты нәрсе - Аллаһтың кітабы»⁴.

Сахабалар, Аллаһ тағала оларға разы болсын, Құран аяттарымен дем салғандары үшін ақы алатын және пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) бұл істерін дұрыс көретін⁵.

Бесінші мәселе: Біреудің орнына жаслатын қажылықтың шарттары

Бұл мәселе уәкіл етуші (өз орнына жіберуші) мен уәкілмен (оның орнына жасаушымен) байланысты.

1 - Уәкіл кісі ихрамға кіргенде уәкіл етуші үшін ниет етеді. Ең абзалы, «Пәленшенің орнына қажылық жасауға ниет еттім. Осы ниетіммен Аллаһ тағала үшін ихрамға кірдім және пәленше үшін ләббайка жасаймын»-деп тілмен ниет ету.

2 - Уәкіл етушінің қажылықты өзі жасауына қаражаты болғанымен денсаулығы тұрғысынан нақты шамасыз болуы. Немесе марқұм кісі болуы шарт.

3 - Уәкіл етушінің қайратсыздығы мен ауруы созылмалы болуы. Егер уақытша болса, мүлде оның орнына қажылық жасауға болмайды.

4 - Уәкіл етушіге қажылықтың парыз болуы.

5 - Уәкілдің сапары мен жол азығына қажетті қаражаттың түгелін немесе көп бөлігін уәкіл етуші өзі көтереді. Ал басқа біреудің қаражатына жіберсе, қажылық парызы оның мойнынан түспейді.

6 - Уәкіл ихрамға өзіне уәкіл етуші тапсырған миқатта кіруі қажет. Марқұм кісі орнына қажылық жасалуын өсиет етіп, өсиетінде қаражаты мен миқатты белгілеп кетсе, уәкіл белгіленген жерден ихрамға кіреді. Егер белгілемесе, уәкіл ихрамға өзіне жөн көрінген миқатта кіреді.

¹ Әбу Дәуд және Ибн Мажа жеткізді

² Ибн Мажа жеткізді

³ Әбу Дәуд және Ибн Мажа жеткізді

⁴ Әл-Бұхари жеткізді

⁵ Ахмад, Әл-Бұхари, Мүслім, Әбу Дәуд, Ибн Мажа және Ат-Тирмизи жеткізді

7 - Уәкіл етушінің рұқсаты. Уәкіл етушінің рұқсатынсыз ешкім оның орнына қажылық жасауына болмайды. Тек қана мұрагер мұра тастаушы марқұмның орнына оның рұқсатынсыз қажылық жасай алады.

8 - Уәкіл етуші орнына жіберетін уәкілді ақы үшін жалдауына болмайды. Сондай-ақ уәкіл де өз еңбегіне ақы сұрамауы қажет. Уәкіл етушіні қажылық парызын өзі атқаруынан тоқтатқан нәрсе - денсаулығының немесе қайратының болмауы. Олай болса, уәкіл оның орнын денсаулығы мен қайраты тұрғысынан ғана айырбастайды. Және Аллаһ тағаланың разылығы үшін айырбастайды. Дегенмен, ханафи мәзһабінің кейінгі ғұламаларының көзқарасында уәкілге ақы беруге болады. Өйткені ол бұл парызды атқаруы үшін өз жұмыстарын тоқтатады, өз отбасының қажеттіліктерін тастайды. Сол себептен уәкіл сапардан оралғанша отбасының қажеттіліктерін көтеру үшін, уәкіл етушіден ақы алуы адал болады. Олардың дәлелі, алдыңғы бетте айтылғандай, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) мына хадисіне негізделеді: **«Ақы алуларына ең лайықты нәрсе - Аллаһтың кітабы»**¹.

9 - Уәкілдің қажылық жасауға лайықты сипаттарының болуы. Яғни, ақыл-есі дұрыс және балиғатқа толған мұсылман болуы.

10 - Уәкіл етуші қажылыққа көлікпен аттануы. Ханафи, шафиғи және ханбали мәзһаптарында қажылыққа көлікпен аттану уәжіп.

11 - Уәкіл кісі қажылыққа уәкіл етушінің отанынан аттануы қажет. Марқұмның орнына жасалатын қажылыққа аттанушы уәкіл де, алдымен, өз отанынан оның отанына келуі қажет, әрине, егер марқұм тастаған мұраның үштен бірі бұл сапардың қаражатын көтере алса. Қаражат тек қажылық сапарына ғана жететіндей көлемде болса, уәкіл өз отанынан аттанады.

12 - Марқұм өсиетінде бір кісіні арнайы уәкіл етіп тандаса, қажылықты сол кісінің жасауы шарт. Егер өсиетте: «Не өзің, не басқа біреуді жібер»-делінсе, онда уәкіл басқа біреуді жіберуіне болады.

13 - Уәкілдің қажылықты дұрыс атқаруы және бұзып алмауы. Егер уәкіл қажылықты бұзып алса, қажылық уәкіл етушінің мойнынан түспейді.

14 - Уәкіл етуші қажылықтың қай түрін бұйырса, уәкіл дәл соны атқаруы қажет. Егер уәкіл қажылықтың басқа түрін жасап қойса, қажылық уәкіл етушінің мойнынан түспейді.

15 - Уәкіл ихрамға бір қажылықты атқару үшін кіруі шарт. Уәкіл ихрамға кіруімен уәкіл етуші үшін бір қажылықты және өзі үшін бір қажылықты атаса, қажылық дұрыс болмайды. Қажылықты тек уәкіл етуші үшін атауы қажет.

Екінші тарау: Умра

Бірінші бөлім: Умраға кіріспе

Умраның анықтамасы

Араб тілінде умра "العمره" деп айтылады. "العمره" сөзінің тілдік мағынасы - бір жерге барып шығу. "العمره" сөзінің шариғаттағы мағынасы: Құлшылық жасау үшін Қағбаға барып қайту. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай дейді:

﴿وَأْتِمُوا الْحَجَّ وَالْعُمْرَةَ لِلَّهِ﴾

Бұл аяттың қазақша мағынасы: «Аллаһ үшін қажылық пен умраны толық атқарыңдар!...»².

Умраның үкімі

Ханафи мен мәлики мәзһаптарында ғұмырда бір мәрте жасалуы бекітілген сүннет. Ал бірнеше мәрте қайталануы, шамасы келген мұсылманға мустаһап. Өйткені екі умра араларында болған кіші күнәні өшіреді. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² «Әли Ғимран» сүресі: 97

«Умра мен умра өз араларындағыны (яғни күнәні) жуып кетеді»¹.

Жәбир, Аллах тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن أعربيا جاء إلى رسول الله صلى الله عليه وسلم فقال: يا رسول الله، أخبرني عن العمرة، أو أجابة هي؟ فقال: لا، وأن تعتمر خير لك)

Бір көшпелі арап Аллаһтың елшісіне (саллаллаһу алайһи уа саллам) келіп: «Әй, Аллаһтың елшісі, умра жайында айтып берші, оның үкімі парыз ба?»-деп сұрайды. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) «**Жоқ! Алайда умра жасауың өзіне жақсы**»-дейді².

Мағлұмат: Шафиғи мен ханбали мәзһабінде қажылық секілді умраның да ғұмырда бір мәрте жасалуы парыз. Олардың мұндай көзқарасы Аллаһ тағаланың: «**Қажылық пен умраны толық атқарыңдар!**»³-деген сөзіне негізделеді. Сондай-ақ Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінен (саллаллаһу алайһи уа саллам): «Әй, Аллаһтың елшісі, әйел кісілерге жиһад жасаулары парыз ба?»-деп сұрағанда ол: «**Әрине, соғыссыз жиһад жасаулары парыз. Ол: қажылық пен умра**»-деп жауап береді⁴.

Умраның уақыты

Умраның үлкен қажылықтан өзгешелігі, оны жылдың кез келген айында: қажылық айларында және басқа айларда жасауға болады. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) ғұмырында төрт умра жасаған. Айша анамыздың айтуынша, алғашқы үшеуін зұлқада айында, ал соңғысын қажылықпен бірге зұлхижжа айында жасаған болатын⁵.

Сондай-ақ рамазан айында жасалатын умра сауабы тұрғысынан қажылықпен теңеледі. Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(عمرة في رمضان تعدل حجة)

«**Рамазан айында жасалатын умра - қажылыққа тең**»⁶.

Арафа күні, құрбан шалынатын күні және ташриқ күндері умра жасау мәкрүһ тахриман.

Умраның миқаты

Меккеге умраны атқару үшін келген кісі миқаттан Меккеге ихрамсыз асуына болмайды. Егер бұлай істесе, қатесін жуу үшін миқатқа қайта оралуы уәжіп. Қайта оралмаса, орнына қой шалуы уәжіп. Ихрамға миқатқа жетпей кіруге болады. Бұл, тіпті абзал көрінеді.

Бірінші: Меккеліктердің миқаты. Меккедегі адамдардың умраға шығатын миқаты - Мекенің өзі. Алайда олар үшін ең абзалы, ханафи мен ханбали мәзһаптарының көзқарасында умра ихрамына Айша мешітіне жақын орналасқан «Танъим» деген орыннан кірулері. Өйткені пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) Әбу Бәкірдің баласы Абдрахманға Айша анамызды «Танъим»-нан умра жасатуын бұйырған болатын⁷. Танъимнан кейін абзалы - Жиърана. Жиъранадан кейін Худайбия абзал саналады.

Екінші: «Әһлул-хилл» үкіміндегілердің миқаты. Бұлар - үйлері Мекке сыртында орналасқан бес миқаттың қасындағы тұрғындар. Ханафи мәзһабінде бұлардың қажылық пен умраға шығатын миқаттары - тұрғылықты жерлерінің шеңбері немесе соңы мен Меккенің арасындағы жер.

Үшінші: «Әһлул-афак» үкіміндегілердің миқаты. Бұлар - үйлері миқаттардың арғы бетінде орналасқан әлемнің түкпір-түкпіріндегі тұрғындар. Бұл миқаттарды Аллаһтың елшісі

¹ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

² Ат-Тирмизи жеткізді

³ «Бақара» сүресі: 196

⁴ Ибн Мажа жеткізді

⁵ Әбу Дәуд жеткізді

⁶ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

⁷ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

(саллаллаһу алайһи уа саллам) солардың үстімен басқа елдерден қажылық пен умра жасау үшін өтетін әркімге белгіледі. Бұл миқаттардың саны бесеу. Олар: Зул-хулайфа, Әл-Жухфа, Қарн ал-маназил, Яламлам және Зәту Ырқ. Бұл бес миқат Мекке тұрғындарынан басқалар үшін белгіленген және Меккенің түрлі тарапында орналасқан. Әлемнің түрлі тарапынан қажылық пен умраны қалаушы әрбір мұсылманға бұл миқаттардан мүлде ихрамсыз асуына болмайды.

Умраның шарттары

Умраның сыртқы парызы - ихрам. Ішкі парызы - тауаф. Тауафтың төрт айналымы ішкі парызды мойыннан түсіреді.

Умраның уәжіптері

- 1 - Айналым санын жетіге толтыру.
- 2 - Сағи.
- 3 - Шашты толық алу немесе қысқарту.
- 4 - Ихрамға миқаттан кіру.
- 5 - Ихрамның тыйымдарын сақтау.

Умраның бұзылуы

Тауаф атқарылмастан төсектік қатынасқа түсумен умра бұзылады. Бұзған кісінің қой шалуы және умрасының қазасын өтеуі уәжіп.

Екінші бөлім: Ереже бұзушылық

Бірінші: Ал-Харам территориясымен байланысты ереже бұзушылық

Ал-Харам территориясында аң аулау немесе ағаш сындыру қылмыс саналады. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Мекке алынған соң Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) адамдардың алдына шығып, Аллаһ тағаланы пәктеді және мадақтады. Сосын былай деді:

(إن الله حبس عن مكة الفيل وسلط عليها رسوله والمؤمنين , ألا وإنها أحلت لي ساعة من النهار , ألا وإنها ساعتني هذه حرام , لا يخنلئ شوکها ولا يعضد شجرها , ولا يلتقط ساقطنها إلا منشد , ومن قتل له قتيل فهو بخير النظرين : إما أن يقتل وإما أن يفادي أهل القتيل)

«Расында, Аллаһтың тиым салуымен Меккеге *Абраха әкелген* піл де кіре алмады. Алайда бұл қалаға елшісі мен мүміндердің кіруіне рұқсат етті. Менен бұрын ешкімге Меккеде соғысуы адал етілмеді. Тек маған ғана Меккеде күндіздің бір ғана сағат уақытын соғысуға рұқсат етілді. Бұл рұқсат, енді ешкімге берілмейді. Бұл жерде аңшылық жасауға және тікенекті сындыруға болмайды. Бұл жерде біреудің жоғалған мүлкі табылса, оны тек табылғанын жариялау үшін алуға болады. Мұнда біреудің туысы өлтірілсе, зардап шегуші тарап екі шешімнің бірін қабылдай алады: қылмыскер не өлтіріледі, не өлтірілген кісінің отбасына төлем төлейді...»¹.

Ал-Харамда аң аулап қойған кісінің жазасы сол аңның құнын садақа етіп ақшалай пақырларға үлестіреді. Орнына ораза ұстауға болмайды. Міндетті түрде ақшамен төленуі шарт. Аулаған аң өлексе саналады. Етін жеуге де, сатуға да болмайды.

Сонымен қатар ал-Харамда өсіп тұрған ағаштарды кесу мен өсімдіктерді жұлуды қылмыс саналады. Сындырған немесе жұлған өсімдіктің құны пақырларға садақа етіледі.

Екінші: Ихраммен байланысты ереже бұзушылық

Ихрам кезіндегі қылмыстар:

1 - Төсек қатынасы. Кім Арафадағы тұрысынан бұрын төсек қатынасына түсіп қойса, қой шалуы және бұзылған қажылығын аяғына жеткізуі уәжіп. Сосын келесі жылы қажылығының

¹ Әл-Бұхари жеткізді

қазасын өтейді. Кім әйелімен Арафадағы тұрысын атқарған соң және шашын алғанға дейін төсек қатынасына түсіп қойса, бір түйе не сиыр шалып, қажылығын толық аяқтайды. Кім шашын алған соң төсек қатынасына түсіп қойса, ифада тауафын атқаруға ихрамының жалғасуы үшін бір қой шалады.

2 - Жұбайын құмарлықпен ұстау, аймалау, құшақтау және сүю. Нәтижесінде шәует бөлінсе де, бөлінбесе де бір қой шалады.

3 - Кім шәуетті қол әркетімен шығарса, бір қой шалады. Кім құмарлықпен біреуге қараса не ойланса, ешнәрсе өтемейді.

4 - Кім дене мүшелеріне әтір жақса немесе бір күн бойы әтір себілген киім кесе, бі қой шалады.

5 - Кім бүкіл денесіне толық немесе бір мүшесіне май жақса, бір қой шалады.

6 - Кім бір күн бойы тігілген киім кесе немесе басын бүркесе, қой шалады. Бір күннен аз уақыт болса, садақа береді. Сол секілді бетін бүркеген әйел кісі де осылай істейді.

7 - Шаштан, сақалдан, қолтықтан және мүшеден төрттен бірі қырылса, қой шалады. Бұдан аз болса, бидайдан жарты сағ (1900г) садақа береді.

8 - Кім бір отырғанда барлық тырнағын алса, бір қой шалады. Кім бірнеше мәрте отырып алса, әр бес саусақтың тырнағы үшін бір қойдан шалады. Кім бес саусақтан аз алса, бидайдан жарты сағ садақа береді.

Себепсіз әтір себінген, шашын алған, тігілген киім киген кісінің еркінде: не бір қой шалады, не алты міскінге үш сағ көлемінде тамақ береді, не үш күн ораза ұстайды. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай деді:

﴿وَلَا تَحْلِقُوا رُؤُوسَكُمْ حَتَّىٰ يَبْلُغَ الْهَدْيُ مَحَلَّهُ فَمَن كَانَ مِنكُم مَّرِيضًا أَوْ بِهِ أَذًى مِّن رَّأْسِهِ فَغَدِيَّةً مِّن صِيَامٍ أَوْ صَدَقَةً أَوْ نُسْكَ﴾

«Құрбандық малы өз орнына жетпейінше шаштарыңды алмаңдар. Кім сендерден науқас болса не басынан зиян шексе (басы ауырса не биттесе), онда оны ораза ұстауымен, не садақа беруімен, не мал шалуымен өтейді...»¹.

Каъб ибн Ыажараның, Аллаһ тағала оған разы болсын, айтуынша Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Худайбия кезінде оның қасынан өтіп:

(آذاك هوام رأسك. قال: نعم. فقال له النبي صلى الله عليه وسلم: (احلق رأسك ثم اذبح شاة نسكاً أو صم ثلاثة أيام أو أطعم ثلاثة أصع من تمر على ستة مساكين)

«Басыңдағы бит мазанды алды ма?»-деп сұрайды. Ол: «Иә»-деп жауап береді. Сонда пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) оған: «Шашыңды алып таста. Сосын бір қойды құрбан шал. Не үш күн ораза ұста. Не болмаса, алты мәскінді үш сағ құрмамен тамақтандыр»-дейді².

Мал Ал-Харам территориясында шалынуы шарт. Басқа жерде шалынса, пидья (төлеу) жүзеге аспайды. Ал ораза мен садақа елге оралғанда атқарылса да болады.

9 - Аң аулау. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай дейді:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا لَا تَقْتُلُوا الصَّيْدَ وَأَنْتُمْ حُرْمٌ وَمَن قَتَلَهُ مِنْكُم مُّتَعَمِّدًا فَجَزَاءٌ مِّثْلُ مَا قَتَلَ مِنَ النَّعَمِ يَحْكُمُ بِهِ ذَوَا عَدْلٍ مِّنكُمْ هَدْيًا بَالِغَ الْكَعْبَةِ أَوْ كَفَّارَةٌ طَعَامُ مَسَاكِينَ أَوْ عَدْلٌ ذَلِكْ صَيَّامًا لِّيُذَوَّقَ وَبِالْأَمْرِ اللَّهُ عَمَّا سَبَلَفَ وَمَنْ عَادَ فَيَنْتَقِمِ اللَّهُ مِنْهُ وَاللَّهُ عَزِيزٌ ذُو انْتِقَامٍ﴾

«Әй, иман келтіргендер, ихрамда болғандарыңда аң өлтірмеңдер. Сендерден кім оны біле тұра өлтірсе, оның жазасы тура сондай (құнды) мал төлеуімен өтеледі. Қағбаға³ жететін құрбандық малдың (құнына қатысты) үкімді екі әділ кісі береді. Немесе кінәсін өтеу үшін міскіндерді тамақтандырады. Немесе орнына ораза ұстайды. Бұның бәрі - ісінің

¹ «Бақара» сүресі: 196

² Мүслім жеткізді

³ «Қағбаға» деген сөзбен Ал-Харам территориясындағы құрбан шалынатын жер көзделуде.

кесірін тату үшін. Өткенді Аллаһ кешірді. Кім тағы қайталаса, Аллаһ оған сазайын тартқызады. Аллаһ - үстем әрі жазалаушы»⁴.

Бұл аяттың негізінде ихрам кезінде еті адал аң өлтірген кісі тура сондай құнды мал шалады. Немесе малдың құнын міскіндерге садақа етеді. Әр міскінге 3800г құрма не арпа, немесе 1900г бидай береді. Немесе әр міскінге берілетін тамақтың орнына бір күн ораза ұстайды. Кім ихрам кезінде еті арам аңды өлтірсе, жазасы бір қойдан аспайды. Сол секілді кім құс-жануардың жүнін жұлса, жұмыртқасын сындырса, құнын төлейді.

Үшінші: Тауафпен байланысты ереже бұзушылық

1 - Ифада тауафын дәретсіз атқарған кісі бір қой шалады. Ал жүніп немесе етеккір күйінде атқарса, түйе немесе сиыр шалады.

2 - Кім умра тауафын толық немесе көп бөлігін дәретсіз немесе жүніп күйінде атқарса, бір қой шалады.

3 - Келу тауафы мен қоштасу тауафын дәретсіз атқарған кісі садақа береді. Ал жүніп күйінде атқарған кісі бір қой шалады.

4 - Кім нәпіл тауафын дәретсіз атқарса, садақа береді.

5 - Кім ифада тауафының үш не одан да аз айналымын атқарусыз қалдырса, бір қой шалуы уәжіп. Кім оның төрт айналымын атқарусыз қалдырса, тауафты толық атқармайынша ихрамнан мүлде шыға алмайды.

6 - Кім қоштасу тауафын толық немесе оның төрт айналымын атқарусыз қалдырса, бір қой шалады. Ал кім оның үш айналымын атқарусыз қалдырса, садақа беруі уәжіп.

Ескерту: Меккеден әлі шықпаған болса, екі жағдайда да ең абзалы - тауафты дәретпен қайта орындауы. Өйткені тауафын дәретпен қайта орындаған кісінің мойнынан мал шалу уәжібі түседі.

Төртінші: Қажылық уәжіптерінің бірін атқарусыз қалдыру немесе парыздарын кешіктіру

1 - Кім Сафа мен Маруа арасындағы жүрісті атқарусыз қалдырса, бір қой шалуы уәжіп. Сонымен қажылығы атқарылған болады.

2 - Кім Арафадан имамнан бұрын және күн батпай қозғалса, күн батпай қайта оралуы уәжіп. Әйтпесе бір қой шалуы уәжіп болады.

3 - Кім Мүздәлифада тұруды атқарусыз қалдырса, бір қой шалуы уәжіп.

4 - Кім мүлде тас лақтырмаса немесе бір күнді тас лақтырусыз қалдырса, бір ғана қой шалады. Үш жамараттың бірін тас лақтырусыз қалдырса, садақа береді.

5 - Кім Ақаба жамаратын тас лақтырусыз қалдырса, бір қой шалады.

6 - Кім шаш алуды құрбан шалынатын күндерден кешіктірсе, бір қой шалуы уәжіп. Сол секілді ифада тауафын кешіктірген кісінің де жазасы осылай.

Үшінші бөлім:

Қажылық пен умраны атқаруды тоқтататын кедергілер

1 - Миқатта ихрамға кірген кісінің дұшпан кесірінен Меккеге кіре алмауы. Меккеге кіре алмаған кісі қажылықтың екі ішкі парызын: Арафада тұру мен ифада тауафын атқара алмайды.

2 - Ихрамға кірген кісінің кенеттен қатты науқастануы.

3 - Ихрамдағы кісінің қайтыс болуы.

4 - Қаражаттың жоғалуы және соның себебінен қажылықты атқара алмау.

5 - Әйел кісі күйеуінің рұқсатынсыз ихрамға кірсе, күйеуі оны бұдан тоқтатып, ихрамнан шығара алады.

Бірінші: Меккеге кірмей тұрып пайда болған кедергіге қатысты үкімдер

⁴ «Маида» сүресі: 95

1 - Мұндай кедергіге жолыққан кісі ал-Харамға құрбандық малын жіберуі уәжіп. Құрбандық малы ал-Харамға жетіп, шалынғаны өзіне айқындалғанда ихрамнан шығады. Бұл амал мына аятқа негізделеді:

(وَأْتُوا الْحَجَّ وَالْعُمْرَةَ لِلَّهِ فَإِنْ أُخْصِرْتُمْ فَمَا اسْتَيْسَرَ مِنَ الْهَدْيِ)

«Аллаһ үшін қажылық пен умраны толық атқарындар. Егер (оларды атқаруларыңа) кедергі пайда болса, мал түрінен мүмкіншілігі жеткенін шалыңдар...»¹.

Малды пәлен күні шалуын жіберген кісісімен келісіп алып, сол күні ихрамнан шыға береді. Сондай-ақ мал құрбан шалынатын күннен бұрын шалынса да болады. Малдың ал-Харамнан басқа жерде шалынуы дұрыс емес. Қиран қажылығына ниет еткен кісі екі мал шалады.

2 - Келер жылы қазасын өтеуі уәжіп. Ансарлық Хажжаж ибн Амру, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من كَسِرَ أو عَرَجَ فَقَدْ حَلَّ وَعَلَيْهِ الْحَجُّ مِنْ قَابِلٍ)

«Кім бір мүшесін сындырып алса немесе ақсаңдап қалса, ихрамнан шыққан болды. Және қажылықты келер жылы атқаруы уәжіп»².

Кімнің ниетінде умра болса, келесі келгенінде умра атқаруы ғана уәжіп. Кімнің ниеті қажылық болса, келесі келгенде қажылық пен умра атқаруы уәжіп. Кімнің ниетінде қиран қажылығы болса, қажылық пен екі умра атқаруы уәжіп. Екі жағдайда да бір умраның қосылу себебі - қажылықтың парыздарын атқарусыз өткізіп алған қажы ихрамнан умра амалдарын атқаруымен шығады. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Худайбия жылында бастаған және толық атқара алмаған умрасынан Худайбияда ихрамнан шыққанымен келер жылы оның қазасын өтейді және ол умрасы «қаза умра» деп аталады³.

Екінші: Арафадағы тұрыс атқарылған соң пайда болған кедергіге қатысты үкімдер

1 - Кедергі дұшпан болса, қажылықтың әр уәжіп амалы үшін қой шалады да қажылығы дұрыс болады.

2 - Кедергі ауру не өлім болса, «Қажылық дегеніміз - Арафа» деген хадистің негізінде қажылығы дұрыс саналады.

Үшінші: Меккенің ішінде пайда болған кедергіге қатысты үкім

Арафадағы тұрыс пен ифада тауафын кедергінің себебінен атқарусыз өткізіп алған кісі қой шалуымен ихрамнан шығады.

Төртінші: Кедергінің жойылуына қатысты үкім

Қажы кісі ихрамнан шықпай кедергі жойылса және ол қажылық күндері Меккеге жетіп үлгерсе, қажылықты толық атқарады. Бұл жағдайда кедергінің себебінен ал-Харамға жіберген құрбандық малын шалмаса да болады. Кедергі қажылық күндері өтіп кеткенде жойылса, ихрамнан құрбандық малын шалуымен шығады.

Төртінші бөлім: «Һади» малы

Һади малы арап тілінде "الهدى" деп айтылады. Һади малы малы дегеніміз - қажы кісінің ал-Харамға жетектеп апарып, сонда шалатын малы. Қажы кісіге ал-Харамда шалатын һади малын жетектеп апару үкімі сүннет. Сондай-ақ қажылыққа барушылар һади малын өздерімен апармай Меккеде сатып алуларына болады. Оған түйе, сиыр және қой малдары кіреді. Бір адам бір қой шалады. Жеті кісі қосылып бір түйе немесе бір сиыр шалуларына болады. Аллаһтың елшісіне (саллаллаһу алайһи уа саллам) қажылықты атқаруына Худайбияда дұшпан тарапынан тосқауыл қойылғанда ихрамнан шығу үшін ол түйе малын шалған. Осы сүннеттің негізінде һади малының ең абзалы - түйе. Сосын сиыр, сосын қой, сосын ешкі.

¹ «Бақара сүресі»: 196

² Әбу Дәуд жеткізді

³ «Ал-фикһ ал-ислами уа адиллатуһу»: 3/2354

Шалынатын жері

Ғади малы ал-Харамда шалынуы шарт. Өйткені ал-Харам территориясынан басқа жерде шалынған мал ғади малы емес. Мал шалынатын ең абзал орын - Мина. Жәбир, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(نحرت ههنا ومنى كلها منحرفانحروا في رحالكم)

«Мен малды мына жерді шалдым. Мина - бүтіндей мал шалынатын орын. Минадағы тұрған орындарында шала беріндер»¹.

Ғади малының түрлері

1 - Уәжіп ғади. Уәжіп ғадиге нәзір малы, қиран және таматтуь малдары кіреді. Сондай-ақ олардың қатарына қажылықтың атқарылуысыз қалған уәжіп амалдарының орындарын толтыру үшін және ихрам тыйымдарын бұзып қойғандығы үшін шалынатын малдар кіреді. Кім қажылыққа барғанда Аллаһ тағала үшін мал шалуға ант берсе, қажылықта мал шалуы уәжіп болады. Бұл нәзір малы деп аталады.

2 - Нәпіл ғади. Нәпіл ғади дегеніміз - Аллаһ тағалаға жақындау үшін қажы кісінің өз еркімен Минада шалатын малы. Әл-Бұхари мен Мүслімнің сахихтарында Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) ал-Харамға жүз түйе жетектеп әкелгені мен шалғаны айтылады. Осы сүннеттің негізінде қажылықты немесе умраны атқару үшін Меккеге келген әр мұсылманның мұндай ниетпен мал шалуы мустахап. Сондай-ақ шалынатын малдың семіз және жақсы мал болуы мустахап. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай дейді:

﴿ ذَلِكُمْ وَمَنْ يُعْظَمَ شَعَائِرَ اللَّهِ فَإِنَّهَا مِنْ تَقْوَى الْقُلُوبِ ﴾

«Бұл дегеніміз, кім Аллаһтың діннен еткен белгілерін ұлықтаса, онысы - жүректердің тақуалығынан болғаны»².

Бұл аяттың тәпсіріне қатысты Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: «Малдың семізін, жақсысын және үлкенін таңдау да Аллаһтың діннен еткен белгілерін ұлықтауға жатады».

Шалынатын уақыты

1 - Нәпіл, таматтуь және қиран малдары Құрбан айт күндерінің үш күнінің ішінде және одан кешікпей шалынуы шарт.

2 - Ихрамдағы ереже бұзушылықпен, кәфарат өтеумен және кедергімен байланысты шалынатын малдар айт күндерінен ертерек немесе кешігіп шалынса да болады. Әрине, жасалған қателіктен көп кешікпей шалынғаны абзал.

Ғади малының шарттары

1 - Ғади малының жасы, мысалы, түйе малы бес жасар, сиыр малы екі жасар, ал қой малы бір жасар және ешкі малы екі жасар болуы шарт.

2 - Малдың екі көзі де сау болуы шарт. Сондай-ақ құлағы кесілген, арық және соқыр болмауы шарт. Әбу Хасиннің айтуынша Ибн Зубайр, Аллаһ тағала оған разы болсын, өзіне сатып әкелінген ғади малы түйенің бір көзі жоқ екенін көріп:

(إن كان أصابها بعدما اشتريتها فأمضوها وإن كان أصابها قبل أن تشتريها فأبدلوها)

«Егер көзіне зиян сатып алынған соң тисе, жетектей беріндер. Алайда көзіне зиян сатып алуларыңнан бұрын тисе, басқасын айырбастандар»-дейді³.

3 - Ереже бұзушылықтың жазасы мен кәфарат ретінде шалынған малдың етінен дәм татуға болмайды. Тауыс пен Саьид ибн Жабир, Аллаһ тағала оларға разы болсын, былай деді:

(لا يأكل من جزاء الصيد ولا من الفدية)

«Аң өлтіріп қойған үшін шалынатын жаза малы мен пидья малының етінен жеуге болмайды»⁴.

¹ Мүслім жеткізді

² «Хадж» сүресі: 32

³ Әл-Байһақи жеткізді

⁴ Әл-Байһақи жеткізді

Нәпіл, таматтуь және қиран малдарының еттерінен жеуге болады. Жәбир, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(كنا لا نأكل من لحوم بدننا فوق ثلاث منى، فأرخص لنا رسول الله صلى الله عليه وسلم فقال: كلوا وتزودوا فأكلنا وتزودنا)

«Шалған түйелеріміздің еттерінен үш күндей жемедік. Сосын пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) жеуімізге рұқсат етіп: **«Жеңдер және қамданыңдар»**-деді. Біз одан жеп, қамданып алдық¹.

4 - Һади малын бауыздаушы және мүшелеуші қасапшыға берілетін ақы құрбандық малының етінен берілмейді.

Әли, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) маған жетектеп әкелген түйелерін шалуға тұруымды және олардың еттері мен терілерін бүтіндей міскіндерге үлестіріп беруімді және қасапшыға одан ешнәрсе бермеуімді бұйырды да: **«Біз оған өз қасымыздан төлейміз»**-деді².

Һади малына қатысты мустахап істер

1 - Малды қажы кісінің өзі бауыздауы. Жәбир, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(ثم انصرف إلى المنحر فنحر ثلاثاً وستين بيده)

«..Сосын Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) құрбан шалынатын орынға барып, алпыс үш түйені өз қолымен бауыздады..³».

Өзі бауыздай алмай біреуге бауыздатса, қасында тұруы мустахап. Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) Фатимаға, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(احضري أضحيته يغفر لك بأول قطرة من دمها)

«Құрбандық малыңның қасында тұр. Одан аққан қанның бірінші тамшысымен саған кешірім нәсіп болады»⁴.

2 - Малдың мойнына һади малы екендігіне сілтейтін жіп байлау. Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(فَتَلْتُ القلائد لهدى رسول الله صلى الله عليه وسلم. فيقلد هديه ثم يبعث به)

«Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) құрбандыққа арнаған һади малдарына алқалар өретінмін. Ол оларды һади малдарының мойындарына тағып, айдалуға жіберетін»⁵.

Бұл сүннет тек нәпіл, қиран, таматтуь және нәзір малдарына ғана жасалады.

3 - Минада бауыздалуы. Жәбир, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(نحرت ههنا ومنى كلها منحر فانحروا في رحالكم)

«Мен малды мына жерді шалдым. Мина - бүтіндей мал шалынатын орын. Минадағы тұрған орындарыңда шала беріндер»⁶.

Бесінші бөлім: Құрбандық малы

Құрбандық малы дегеніміз - Құрбан айт күндері Аллаһ тағалаға жақындау ниетімен ихрамнан тыс мұсылмандар шалатын мал. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай дейді:

﴿ فَصَلِّ لِرَبِّكَ وَأَنْحِرْ ﴾

«Раббың үшін намаз оқып, құрбан шал!»⁷.

Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(ضحى النبي صلى الله عليه وسلم بكبشين أملحين أقرنين، ذبحهما بيده، وسمى وكبر ووضع رجله على صفاحهما)

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Мүслім жеткізді

⁴ «Ал-фикһ ал-ислами уа адиллатуһу»: 3/2370

⁵ Мүслім жеткізді

⁶ Мүслім жеткізді

⁷ «Кәусар» сүресі: 2

«Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) құрбандыққа мүйіздері үлкен екі боз қошқарды қырымен жатқызып: «**Бисмилләһи уаллаһу әкбар**»-деп өз қолымен бауыздады»¹.

Құрбан шалудың артықшылығы

Айша анамыз, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ما عمل ابن آدم يوم النحر عملا أحب إلى الله تعالى من إراقة الدم إنها لتأتي يوم القيامة بقرونها وأظلافها وأشعارها وإن الدم ليقع من الله عز وجل بمكان قبل أن يقع على الأرض)

«Адам баласы құрбан айт күні Аллаһ тағаланың алдында құрбан шалудан сүйкімідірек амал істей алмайды. Шалған құрбаны Қиямет күні мүйіздерімен, тұяқтарымен және жүндерімен келеді. Құрбаннан тамған қан жерге түсерінен бұрын Аллаһтың қасындағы бір орынға түседі..»².

Үкімі

Имам Әбу Ханифаның көзқарасында жылына бір мәрте құрбан шалу ер кісіге де, әйел кісіге уәжіп. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من وجد سعة فلم يضحّ معنا فلا يقربن مصلانا)

«**Кім мүмкіншілігі бола тұра бізбен бірге құрбан шалмаса, (айт) намаз оқитын жерімізге жақындамасын**»³.

Бұл хадисте мүмкіншілігі келе тұра құрбан шалмаған мұсылманға пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) сөгіс жариялағандығы көрініп тұр. Уәжіп болмаса, неге сөгіс айтылады?!

Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من كان ذبيح قبل الصلاة فليعد)

«**Кім намаздан бұрын құрбан шалып қойса, қайта шалсын**»⁴.

Бұл хадисте дұрыс шалынбаған малдың қайта шалынуы бұйырылуда. Уәжіп болмаса, неге қайта шалынуы бұйырылсын?!

Михнаф ибн Сулайм, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Аллаһтың елшісімен (саллаллаһу алайһи уа саллам) бірге тұрған едік. Сонда оның былай дегенін естідім:

(يا أيها الناس على كل أهل بيت في كل عام أضحية)

«**Әй, адамдар, әр отбасы әр жылы құрбан шалулары керек..**»⁵.

Әбу Юсуп пен Мұхаммедтің көзқарастарында құрбан шалудың үкімі бекітілген сүннет. Үмму Салама, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا رأيتم هلال ذي الحجة وأراد أحدكم أن يضحى فليمسك عن شعره وأظفاره)

«**Зұлхижжа айының туғанын көрген кездерінде біреулерің құрбан шалуды қаласа, шашы мен тырнақтарын алмай қоя тұрсын**»⁶.

Құрбан шалуды уәжіп ететін шарттар

1 - Мұсылман болуы.

2 - Азат болуы.

3 - Тіршілік қажеттіліктерінен тыс мал-мүлкі өспесе де (зекет төленетін) нисапты құрауы.

¹ Мүслім жеткізді

² Әл-Хақим, Ибн Мажа және Ат-Тирмизи жеткізді

³ Әл-Хақим жеткізді

⁴ Мүслім жеткізді

⁵ Ахмад, Ибн Мажа және Ат-Тирмизи жеткізді

⁶ Мүслім жеткізді

4 - Тұрғылықты болуы. Жолаушы кісіге уәжіп емес. Әбу Бәкір мен Омар, Аллаһ тағала оларға разы болсын, жолаушы кездерінде құрбан шалмайтын¹.

Имам Әбу Ханифа мен Әбу Юсуфтің көзқарастарында құрбан шалуды уәжіп ететін көлемде мал-мүлкі бар сәби құрбан шалуы уәжіп. Құрбандық малын қамқоршысы баланың қаражатынан алып шалады.

Қайсыбір мұсылман құрбан айт күндерінен басқа күндері Аллаһ үшін құрбан шалуға нәзір серт берсе, құрбан шалуы уәжіп, тіпті пақыр болса да. Сонымен қатар кім малды құрбан шалу ниетімен сатып алса, оны құрбандыққа шалуы уәжіп, тіпті пақыр болса да.

Құрбандық малы аталған уақытта туып қойса, немесе одан кейін жүкті болсын, баласы қоса шалынады. Ол малдың сүтін қожайынына ішуге болмайды.

Кім құрбандық малын жоғалтып немесе ұрлатып алса, орнына басқасын сатып алып шалады. Егер жоғалғанын тауып алса, екеуін де шалғаны абзал.

Құрбан шалудың дұрыстығына қажетті шарттар

1 - Шалынатын мал түйе, сиыр, қой және ешкі болуы. Мал ішінде түрі тұрғысынан құрбандыққа ең абзалы - қой малы, ал салмағы тұрғысынан ең еттісі. Сондай-ақ түсі тұрғысынан құрбандық малының ең абзалы - ағы, сосын сарысы, сосын бозғылты, сосын қызылы, сосын шұбары, сосын қарасы. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) құрбандыққа ақ қошқар шалғандықтан, қой малында құрбандыққа ең абзалы - қошқар. Ешкі, түйе және сиыр малдарында, салмақтары тең келсе, еркектеріне қарағанда ұрғашылары абзал. Өйткені ұрғашы малдың еті жақсы болады.

Сиыр мен түйе малына қатысты құрбандықты бірнеше адам бірігіп шалуларына болады, алайда кісі саны жетеуден аспауы шарт. Бірігіп шалуға жетеуі малды сатып алардан бұрын келісулері қажет. Жәбір, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(نَحْرَنَا مَعَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَامَ الْحَدِيثِ الْبَدَنَةِ عَنْ سَبْعَةٍ، وَالْبَقْرَةَ عَنْ سَبْعَةٍ)

«Худайбия жылы Аллаһтың елшісімен (саллаллаһу алайһи уа саллам) бірге бір түйені жеті кісі бірігіп және бір сиырды жеті кісі бірігіп құрбан шалдық»².

Алайда жеті кісі бірігіп сиыр немесе түйе шалғанға қарағанда әркім қой шалғаны абзал. Бірігіп құрбан шалушы жеті кісінің де ниеті Аллаһ тағала жақындау болуы шарт. Егер олардың бірінің ниетінде ет үйіне арналған болса, жетеуінің шалғаны құрбандық саналмайды³.

2 - Түйе малы бес жасар, сиыр малы екі жасар, ешкі малы бір жастан асқан болуы шарт. Құрбандыққа қой малының бір жасарын, тіпті жеті айға аттағанын да шалса болады. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(يَجُوزُ الْجَذَعُ مِنَ الضَّأْنِ أَضْحِيَّةً)

«Қойдың алты айдан асқаны құрбандыққа болады»⁴.

3 - Құрбандық малы түрлі аурулардан және айыптардан аман болуы шарт. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(أَرْبَعٌ لَا تَجُوزُ فِي الْأَضْحَايِ: الْعَوْرَاءُ بَيْنَ عَوْرَاهَا، وَالْمَرِيضَةُ بَيْنَ مَرَضِهَا، وَالْعَرَجَاءُ بَيْنَ ظُلْعِهَا، وَالْكَسِيرُ التِّي لَا تُنْقَى)

«Төрт түрлі мал құрбандыққа жарамайды: бір көзі анық жоқ мал, ауруы анық мал, ақсақтығы анық мал және жілік майы жоқ (арық) мал»⁵.

Сонымен қатар құлағының, мүйізінің және құйрығының үштен бірі кесілген мал да құрбандыққа жарамайды. Әлидің, Аллаһ тағала оған разы болсын, айтуынша Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) құлағы мен мүйізі кесілген малдың құрбандыққа шалынуына тыйым салды⁶.

Тістері жоқ және нәжісті жерде жайылған мал да құрбандыққа жарамсыз.

¹ «Ал-фикһ ал-ислами уа адиллатуһу»: 4/2711

² Мүслім жеткізді

³ «Ал-фикһ ал-ислами уа адиллатуһу»: 4/2713

⁴ Ибн Мажа жеткізді

⁵ Әбу Дәуд жеткізді

⁶ Әбу Дәуд жеткізді

4 - Өз уақытында шалынуы. Құрбан шалынатын уақыт құрбан шалынатын күндердің біріншісінде айт намазынан кейін басталып, үшінші күні күн батар алдын тоқтайды. Ал-Барра, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(خطبنا النبي صلى الله عليه وسلم يوم النحر قال: إن أول ما نبدأ به في يومنا هذا أن نصلّي، ثم نرجع فنحمر)

Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) бізге Құрбан айт күні құтпа айтып: «**Бұл күні ең бірінші атқаратын ісіміз - намаз оқуымыз. Сосын намаздан қайтып, құрбан шаламыз**»- деді¹.

Құрбан шалынатын күндер - зұлхижжаның оныншы, он бірінші және он екінші күндері. Ең абзалы - зұлхижжаның онында айт намазынан кейін шалынуы. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(الأضحى يومان بعد يوم الأضحى)

«Құрбан айт күнінен кейінгі екі күн де - құрбан шалынатын күндер»².

Құрбан шалуы уәжіп болған кісі құрбандық малды сатып алғанымен оны белгіленген уақытынан өткізіп алса, малды тірідей садақа етеді. Ал әлі сатып алмаған кісі уақытты өткізіп алса, бір қойдың құнындай садақа беруі уәжіп. Кім айт күні құрбан шалмастан дүниеден озса, уәжіп мойнынан түседі.

5 - Мұсылман кісінің бауыздауы. Малды мұсылман емес кісіге бауыздатуға болмайды.

Құрбан шалумен байланысты мустахап істер

1 - Құрбандық малын құрбан айт күнінен бұрын Аллаһ тағалаға жақындау ниетімен және шын көңілімен сатып алып, қорада ұстау. Бұл үшін үлкен сауапқа ие болады.

2 - Құрбандық малының ақ түсті қошқар болуы. Сипаты тұрғысынан семіз және жақсы мал болуы. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай дейді: «**..Кім Аллаһтың діннен еткен белгілерін ұлықтаса, онысы - жүректердің тақуалығынан болғаны**»³. Бұл аяттың тәпсіріне қатысты Ибн Аббас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: «Малдың семізін, жақсысын және үлкенін таңдау да Аллаһтың діннен еткен белгілерін ұлықтауға жатады».

3 - Зұлхижжаның оныншы күні кіргенде құрбан шалушы кісі малды бауыздамайынша шашы мен тырнақтарын алмауы мустахап. Алайда алып қойса, мәкрүһ емес. Үмму Салама, Аллаһ тағала оған разы болсын, пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты: «**Зұлхижжа айының туғанын көрген кездерінде біреулерің құрбан шалуды қаласа, шашы мен тырнақтарын алмай қоя тұрсын**»⁴.

4 - Малды құрбан шалушы кісінің өзі бауыздауы. Өйткені Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) құрбандыққа арнаған малдарын өзі бауыздаған. Мал бауыздауды білмейтін кісі малды қинамауы үшін және әйел кісі басқа мұсылманға бауыздатуына болады. Бауыздаған кезде малдың қасында тұрулары мустахап. Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) Фатимаға, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: «**Құрбандық малыңның қасында тұр. Одан аққан қанның бірінші тамшысымен саған кешірім нәсіп болады**»⁵.

5 - Бауыздаушы кісінің жүзі құбылаға қарауы. Сол секілді құрбандық малы да құбылаға бағытталып, жерге сол қырымен жатқызылады. Сосын: «Аллаһтың атымен. Аллаһ ұлы. Аллаһым, бұл Сенен және Саған»-делініп мал бауыздалады. Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: «Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) құрбандыққа мүйіздері үлкен екі боз қошқарды қырымен жатқызып: «**Бисмилләһи уаллаһу әкбар**»-деп өз қолымен бауыздады»⁶. Сонымен қатар Әбу Дәуд жеткізген хадисте айтылғандай: «**Жүзімді көктер мен жерді жаратқан Аллаһқа нағыз мұсылманша жөнелттім. Расында, намазым, құрбаным,**

¹ Әл-Бұхари жеткізді

² Имам Мәлик жеткізді

³ «Хадж» сүресі: 32

⁴ Мүслім жеткізді

⁵ «Ал-фикһ ал-ислами уа адиллатуһу»: 3/2370

⁶ Мүслім жеткізді

өмірім және өлімім әлемдердің Раббысы Аллаһ үшін. Оның серігі жоқ. Маған осылай істеуім бұйырылды және мен мұсылмандар қатарынанмын. Аллаһтың атымен және Аллаһ ұлы. Аллаһым, бұл - Сенен және Саған»-деу мустахап. Арапша мәтіні:

"وجهت وجهي للذي فطر السماوات والأرض حنيفاً مسلماً، اللهم منك ولك، بسم الله، الله أكبر"

Бұған қосымша: «Аллаһым, Ибраһимнен қабыл алғанындай қабылдай гөр»-деуге болады.

6 - Пышақтың өте өткір болуы. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді: «Расында, Аллаһ әр нәрсені өте жақсы атқаруларыңды уәжіп (заңды) етті. (Соғыста дұшпанды) өлтіретін болсаңдар, өте жақсы жолмен өлтіріңдер. Сондай-ақ мал бауыздасандар, өте жақсылап бауыздандар. Әркім пышағын өте жақсылап қайрасын да бауыздайтын малын қинамастан рақатына батырсын»¹.

7 - Құрбандық малының етінен жеу және садақа ету. Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай деді:

﴿فَكُلُوا مِنْهَا وَأَطْعِمُوا الْبَائِسَ الْفَقِيرَ﴾

«..Одан жендер және бейшара пақырды тамақтандырыңдар»².

Құрбан шалғанда істелуі мәкрүһ істер

1 - Малдың терісін өзінде қалдыру немесе сату. Маъқал ибн Ясар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من باع جلد أضحيته فلا أضحية له)

«Кім шалған құрбандығының терісін сатқан болса, құрбандығы жүзеге аспады». Осы хадистің негізінде шалған малының терісін пайдаланып немесе сатып қойған кісі құрбандығы жойылмас үшін, терінің құнындай садақа беруі уәжіп. Сол секілді құрбандық малының жүнін қырқу мәкрүһ. Егер туған болса, сүтін ішу мәкрүһ.

2 - Құрбандық малын міну, шаруаға пайдалану және жалға беру мәкрүһ.

3 - Қасапшының ақысы құрбандық етінен берілуі. Алайда қасапшы пақыр болса, оған ақы ретінде емес, үлесі ретінде беріледі. Ал ақысы үлесінен бөлек қаражатпен берілуі қажет. Әли, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أمرني رسول الله صلى الله عليه وسلم أن أقوم على بُدنه، وأن أتصدق بلحمها وجلودها وأجنتها، وأن لا أعطي الجزار منها. قال:

نحن نعطيهِ من عندنا)

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) маған жетектеп әкелген түйелерін шалуға тұруымды және олардың еттері мен терілерін бүтіндей міскіндерге үлестіріп беруімді және қасапшыға одан ешнәрсе бермеуімді бұйырды да: «Біз оған өз қасымыздан төлейміз»-деді³.

Алтыншы бөлім:

Пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) мешітіне бару

Мәдина мешітінің көлемі

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алайһи уа саллам) мешіті Мәдина қаласында. Оны Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Меккеден Мәдинаға һижра жасаған жылы сахабаларымен бірге тұрғызған. Кейін Омардың, Османның және Маруан ұлы Абдулмәликтің кездерінде кеңейтіледі. Соңғы кеңейту амалы Субуд әулетінен болған король Абдулазиздің кезінде жүзеге асады. Қажылық кезінде жиналатын қалың жұртты сыйдыру үшін батыс жағындағы үлкен территория мешітке қосылған. Қазіргі аумағы ежелгі Мәдина қаласындай көлемді алып жатыр.

¹ Мүслім жеткізді

² «Хадж» сүресі: 28

³ Мүслім жеткізді

Мәдина мешітінің артықшылығы

Мәдина мешітінде атқарылатын намаз, ал-Харам мешітін есепке алмағанда, кез келген басқа мешіттегі намаздан мың есе артық. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(صلاة في مسجدي هذا أفضل من ألف صلاة فيما سواه إلا المسجد الحرام)

«Бұл мешітімде атқарылатын бір намаз, Ал-Харам мешітін есепке алмағанда, кез келген мешіттегі мың намаздан абзал»¹.

Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(وصلاة في المسجد الحرام أفضل من مئة ألف صلاة)

«Ал-Харам мешітіндегі бір намаз басқа мешіттегі жүз мың намаздан абзал»².

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(لا تشد الرحال إلا إلى ثلاثة مساجد: المسجد الحرام ومسجدي هذا والمسجد الأقصى)

«Құлшылық ниетімен тек үш мешітке ғана сапар жасалады: Ал-Харам мешіті, менің осы мешітім және Ал-Ақса мешіті»³.

Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من صلى في مسجدي أربعين صلاة لا تفوته صلاة كتب له براءة من النار ونجاة يوم القيامة)

«Кім менің мешітімде бір парыз намазын өткізбеген түрде қырық намаз оқыса, оттан аман қалуы және жалпы Қияметте құтылуы уәжіп болады»⁴.

Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) мешітіне бару үкімі

Мәдина мешітіне сапар шегу мустахап амал. Өйткені ол - құлшылық ниетімен өзіне сапар шегуге шарифат заңды еткен ұлы үш мешіттің бірі. Мәдина мешітіне барумен қатар пайғамбарымыздың (саллаллаһу алайһи уа саллам) қабіріне бару амалының үкімі де мустахап.

1 - Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алайһи уа саллам) қабіріне барудың заңдылығы мына хадиске негізделеді: Ибн Хазима өзінің сахихында Ибн Омардан, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін жеткізді:

(من زار قبري وجبت له شفاعتي)

«Қабіріме келген кісіге шапағатым уәжіп болады».

Тағы бір хадисінде:

(من صلى علي عند قبري وكل الله به ملكا يبلغني وكفي أمر دنياه وآخرته وكنيت له شفيعا أو شهيدا يوم القيامة)

«Кім маған қабірімнің қасында салауат тілесе, Аллаһ оған бір періштені өкіл етіп, періште оны маған жеткізеді. Оның дүниесі мен ақиреті мұңсыз болады. Сондай-ақ оған Қиямет күні шапағатшы не куәгер боламын»-деді⁵.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алайһи уа саллам) қабіріне бару - Аллаһ тағалаға жақындатар амалдардың бірі. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(من زارني بعد موتي فكأنما زارني في حياتي)

¹ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

² Ахмад жеткізді

³ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

⁴ Ат-Табарани жеткізді

⁵ Әл-Бұхари жеткізді

«Кім маған қайтыс болған соң келсе, маған тірі кезімде келген секілді болады»¹.

2 - Пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) қабіріне Аллаһ тағалаға жақындау ниетімен бару. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿وَلَوْ أَنَّهُمْ إِذْ ظَلَمُوا أَنفُسَهُمْ جَاءُوكَ فَاسْتَغْفَرُوا اللَّهَ وَاسْتَغْفَرَ لَهُمُ الرَّسُولُ لَوَجَدُوا اللَّهَ تَوَّابًا رَّحِيمًا﴾

«..(Әй, пайғамбар!) Егер олар өздеріне зиян жасаған кездерінде саған келіп, Аллаһтан кешірім сұраса еді, елші де оларға кешірім сұрап, әлбетте, Аллаһты тәубаларын қабыл етуші әрі рахымды түрде табар еді»².

3 - Пайғамбардың (саллаллаһу алайһи уа саллам) қабіріне бару сапарында Аллаһтың елшісіне көп салауат тілеу мустахап. Әсіресе, Мәдинаға жақындаған кезде.

4 - Мәдинаға кірерде ғұсыл құйынып, таза киім кию мустахап.

5 - Мәдинаға кіргенде оның Меккеден кейінгі артықшылғы мен дәрежесін сезіну.

6 - Мәдина мешітіне кіргенде Раудаға бет алу. Рауда дегеніміз - Мәдина мешітінің ішіндегі мінбе мен пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) қабірінің ортасындағы орын. Рауда сөзі қазақ тіліндегі мағынасы - бақша. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ما بين بيتي ومنبري روضة من رياض الجنة)

«Үйім³ мен мінбемнің арасындағы жер жәннат бақшаларының бірі (саналады)..»⁴.

Мешітке сәлем намазы сол жерде мінбенің қасында оқылады. Раудада сәлем намазы оқылған соң осы нығмет үшін Аллаһ тағалаға шүкір айтады. Дұға жасап, сапарының қабыл болуын тілейді. Сосын пайғамбарымыздың (саллаллаһу алайһи уа саллам) қабіріне жақындайды.

7 - Қабірге жақындағанда ішінен: «Ас-саламу ыалайка, әй, Аллаһтың елшісі. Ас-саламу ыалайка, әй, пайғамбар. Ас-саламу ыалайка, әй, Аллаһтың таңдаулысы. Саған және әулетіңе, әйелдеріңе, ұрпақтарыңа және сахабаларыңа есендік болсын! Елшілікті толық жеткізгеніңе, аманатты толық атқарғаныңа, үмметіңе адал болғаныңа, қараңғылық пердесін кетіріп, ақиқатты түсіндіргеніңе, Аллаһ жолында лайықты күрескеніңе, өзіңе ажал келген сәтке шейін дінді орнатқаныңа куәлік етемін. Аллаһым, оған жәннаттағы дәрежені және жоғарғы орынды сыйлашы. Оны Өзің уәде еткен мақтаулы орында тірілте гөр». Арапша мәтіні:

"السلام عليك يا رسول الله، السلام عليك يا نبي الله، السلام عليك يا صفى الله، السلام عليك وعلى أهل بيتك الطيبين الطاهرين، أشهد أنك قد بلغت الرسالة، وأديت الأمانة، ونصحت الأمة، وكشفت الغمة، وأوضحت الحجة، وجاهدت في سبيل الله حق جهاده، وأقمت الدين حتى أتاك اليقين، اللهم وآته الوسيلة والفضيلة وابعثه مقاما محمودا الذي وعدته وآته "

Сосын оң жағына қарай кішкене жылжып Әбу Бәкірге, Аллаһ тағала оған разы болсын, сәлем тілейді. Тағы кішкене жылжып, Омарға, Аллаһ тағала оған разы болсын, сәлем тілейді. Сосын пайғамбарымыздың (саллаллаһу алайһи уа саллам) қабірінің басына қайта оралып, сол тұстан жүзін құбылаға қаратады. Аллаһ тағалаға мақтаулар айтып, шүкір етіп, өзіне, ата-анасына, отбасына, туыстарына, бауырларына және жалпы мұсылмандарға дұға тілейді. Сосын Раудаға келеді.

¹ Әл-Байһақи жеткізді

² «Ниса» сүресі: 64

³ «Үйім» сөзінде пайғамбарымыздың (саллаллаһу алайһи уа саллам) Айша анамызбен тұрған үйі көзделуде. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) дүниеден озғанда сол жерде жерленеді. Кейін қасындағы жерге Әбу Бәкір мен Омар жерленеді.

⁴ Мүслім жеткізді

8 - Раудаға келгенде мінбеге жақынырақ тұрып Аллаһқа көп жалбарынады. Сосын Әбу Лубаба¹ бағанасының қасына барады. Бағананың қасында екі рәкат намаз оқып, Аллаһ тағалаға тәуба келтіреді. Сосын Ханана бағанасына² келеді.

9 - Мәдинада тұрақтаған күндері бүкіл намазды Мәдина мешітінде оқылуы қажет. Мәдинадан кетер кезде екі рәкат намаз оқып:

«Аллаһым, пайғамбарымыздың (саллаллаһу алайһи уа саллам) мешітіне келген бұл сапарымды соңғы қыла гөрме және тірі болғанымша тағы келуімді нәсіп ет. Дүние мен ақиретте кешірім мен азаптан құтылуымды нәсіп ете гөр»-деп дұға жасайды.

"اللهم لا تجعله آخر العهد بحرم رسولك وسهل لي العود إلى الحرمين سهلة وارزني العفو والعافية في الآخرة والدنيا وردنا إليه

سالمين غانمين"

10 - Пайғамбарымыздың қабірін құшақтауға, сүйеге, айналуға, оған жалбарынуға шариғатта мүлде болмайды. Мұндай істерден үмметіне ескерту жасап Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) Раббысына былай жалбарынған еді:

"اللهم لا تجعل قبوري وثنا يعبد"

«Аллаһым, қабірімді ғибадат қылынатын пұт жасай көрме».

Жетінші бөлім:

Мәдинаның көрікті орындарын аралау

1 - «Қуба» мешітіне бару. Қуба мешіті Мәдинаның оңтүстік батысында орналасқан. Сондай-ақ ол Мәдинада салынған әуелгі мешіт. Асид ибн Захир, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(صلاة في مسجد قباء كعمرة)

«Қуба мешітіндегі намаз умра секілді»³.

Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(كان رسول الله صلى الله عليه وسلم يأتي مسجد قباء راكبا وماشيا فيصل في فيه ركعتين)

«Аллаһтың елшісі Қуба мешітіне көлікпен де, жаяу да келіп екі рәкат намаз оқып кететін»⁴.

Тағы бір сахих хадисте пайғамбарымыздың (саллаллаһу алайһи уа саллам) Қуба мешітіне сенбі күні келіп тұрғандығы айтылады⁵.

2 - «Ғамама» мешітіне бару. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) мұнда айт намаздарын оқитын.

3 - «Фатх» мешітіне бару. Бұл мешіт қаланың солтүстік тарапында Саль тауының бір бөлігінде орналасқан.

4 - Екі құбыла мешітіне бару. Бұл - Мәдинаның солтүстік батысында Тақиқ сайының түбінде орналасқан кішкене мешіт. Екі құбыла мешіті деп аталу себебі - онда екі құбыла бар. Біреуі

¹ Ол бағанаға Әбу Лубаба, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісіне (саллаллаһу алайһи уа саллам) бір істе тілазарлық қылғанда өзін осы бағанаға байлап қояды. Сосын Аллаһ оның тубасын қабыл етіп, жіпті пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) шешпейінше осы қалыпта тұра беретіндігіне ант береді.

² Онда пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) үстіне шығып құтпа айтқан құрманың түбірі бар. Кейін пайғамбарымызға (саллаллаһу алайһи уа саллам) үстіне шығып құтпа айтатын арнайы мінбе жасалады. Сонда әлгі құрманың түбірі Аллаһтың елшісіне (саллаллаһу алайһи уа саллам) сағынышын білдіріп, мұнайады.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уа саллам) мінбеден түсіп, түбірді құшағына алғанда ол тынышталады.

³ Ат-Тирмизи жеткізді

⁴ Әл-Бұхари және Мүслім жеткізді

⁵ «Ал-фикһ ал-ислами уа адиллатуһу»: 3/2405

солтүстік жағында Палестинадағы Қудс қаласына қараса, екіншісі оңтүстік жағында Меккеге қарайды.

5 - «Бақиъ» қабірстанына бару. Ол пайғамбарымыздың (саллаллаһу алайһи уа саллам) мешітінің шығыс тарапында орналасқан. Онда жерленген сахабалар саны оң мыңнан асады. Олардың іштерінде Бәдір мен Ұхытта қаза тапқан шаһидтер бар. Негізінде, оған бейсенбі не жұма күні барған дұрыс. Барған кісі былай дейді:

"السلام عليكم دار قوم مؤمنين وإنا إن شاء الله بكم لاحقون اللهم اغفر لأهل بقيع العرقد اللهم لنا و لهم"

«Ас-саламу ыалайкум, әй, мүміндер қауымының тұрағы. Аллаһ қаласа, біз де сендердің арттарыңнан барамыз. Аллаһым, Бақиъта жатқандарды кешіре гөр. Аллаһым, бізді де, оларды да кешіре гөр».

Сегізінші бөлім:

Қажылыққа барушы және оралушы кісіге қатысты әдептер

Бірінші: Қажылыққа барушы кісіге қатысты әдептер

1 - Кеңесу. Қажылыққа барушы кісі білімді, сенімді діндар кісіден насихат сұрап, ақылдасуы мустахап.

2 - Истихара намазын оқуы мустахап.

3 - Тастай алмай жүрген күнәлі істерді тастап, Аллаһқа таза тәуба келтіруі.

4 - Біреуге зұлымдық жасаған болса, барып кешірімін алуы. Біреуге қарыздар болса, барып қарызын қайтаруы. Тапсырылған аманаттар болса, иелеріне толық қайтаруы.

5 - Ата-анасын және жұбайын разы етіп қалдыруы.

6 - Қажылыққа қажетті қаражаттың адал жолмен табылған болуы.

7 - Қолдан келсе, жол азығы мен мал шалуына жететін, сондай-ақ пақырларға беретін садақаны көтерітіндей көп қаражат алуы.

8 - Сауда кезінде тайталаспауы.

9 - Арада түсініспеушілік тумас үшін, бірнешеу болып барған кісілер жол азықтары мен қаражаттарын ортаға қоспауы.

10 - Көліктің жақсы болуы. Жан қинап жаяу немесе жүгіріп бару - сүннеттен емес, өйткені Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) қажылық пен уамраға түйесіне мініп барған.

11 - Қажылықтың қалай атқарылатынын білу. Үкімдерін білмей атқарылған кез келген құлшылық дұрыстығын жоғалтады. Істен бұрын білімнің маңыздылығын сілтеп Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай дейді:

﴿ اقرأ باسم ربك الذي خلق ﴾

«Оқы! Жаратқан Раббыңның атымен»¹.

12 - Қасына жақсылыққа ұмтылып, жамандықтан алшақ тұратын серік алуы. Бұл пайғамбарымыздың (саллаллаһу алайһи уа саллам) мына хадисіне байланысты:

(الراكب شيطان والراكبان شيطانان والثلاثة ركب)

«Бір салт жолаушы - шайтан. Сондай-ақ екі салт жолаушы - екі шайтан. Ал үш салт жолаушы - керуен»².

Саны үшке толған немесе одан асқан жолаушылар араларынан ең абзал біреуін әмір етулері қажет. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(إذا كانوا ثلاثة فليؤمروا أحدهم)

«Егер үшеу болса, араларынан біреуін әмір етсін»³.

¹ «Балак» сүресі: 1

² Ахмад, Әбу Дәуд және Ат-Тирмизи жеткізді

³ Әбу Дәуд жеткізді

13 - Өзін толығымен ықыласты құлшылыққа арнау. Тыйым салынбаса да, қажылықты аяқтамайынша саудамен мүлде шұғылданбағаны ұнамды. Өйткені сауда оның ойы мен жүрегін таза ықыластан алдандырады. Аллаһ тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿ يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا لَا تُلْهِكُمْ أَمْوَالُكُمْ وَلَا أَوْلَادُكُمْ عَنْ ذِكْرِ اللَّهِ وَمَنْ يَفْعَلْ ذَلِكَ فَأُولَئِكَ هُمُ الْخَاسِرُونَ ﴾

«Әй, иман келтіргендер, малдарың да, балаларың да Аллаһты еске алудан алдандырып жүрмесін! Кім бұлай істесе, олар - зиянға ұшраушылар»¹.

14 - Сапарға бейсенбі күні және ертемен шығу. Каъб ибн Мәлик, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(إذ قلما خرج رسول الله صلى الله عليه وسلم في سفر إلا يوم الخميس)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) кейбір сапарында болмаса, жолға көбінесе бейсенбі күні шығатын»². Сахр ал-Ғамади, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

"اللهم بارك لأمتي في بكورها"

«Аллаһым, үмметіме берекені таң сәрілерде бер»³.

15 - Үйден шығарда екі рәкат сапар намазын оқу және мына дұғаны жасау:

"اللهم إليك توجهت وبك اعتصمت اللهم اكفني ما أهمني وما لم أهتم به اللهم زدني التقوى واغفر لي ذنبي"

«Аллаһым, Саған қарай бет алдым және Сенімен қорғанамын. Аллаһым, мені мұңайтқан нәрсеге қарсы және білмеген нәрсеме қарсы маған жеткілікті болшы. Аллаһым, мені тақуалықпен қамдандыршы және күнәмді кешірші». Бұл дұға Анастан, Аллаһ тағала оған разы болсын, жеткен⁴.

16 - Оны сапарға отбасының, көршілерінің, туыстарының және достарының шығарып салуы мустахап. Сүннет бойынша олардың әрқайсысы оны сапарға былай деп шығарып салады:

"أستودع الله دينك وأمانتك وخواتيم عملك, زدك الله التقوى وغفر ذنبك ويسر لك الخير حيث كنت"

«Дініңді, аманатыңды және ісіңнің нәтижелерін Аллаһқа тапсырамын. Аллаһ сені тақуалықпен қамдасын және күнәңді кешірсін, сондай-ақ қайда болсаңда да жақсылыққа жолығуыңды жеңілдетсін».

17 - Үйден шығарда мына дұға тілеуі:

"بسم الله توكلت على الله لا حول ولا قوة إلا بالله"

«Аллаһтың атымен. Аллаһқа тәуекел еттім. Аллаһтан басқа күш те, қуат та жоқ».

18 - Көлікке (ұшаққа, пойызға, кемеге) мінгенде: «Бисмиллаһи»-деп мінеді. Көлік қозғалғанда:

"سبحان الذي سخر لنا هذا وما كنا له مقرنين وإنا إلى ربنا لمنقلبون"

«Мынаны бізге бағындырған Аллаһ кемшілік сипаттардан пәк! Біз бұған жақындай алмайтынбыз. Сондай-ақ Оған ораламыз»-дейді. Сосын үш мәрте «Әл-хамду лилләһи» және үш мәрте «Аллаһу әкбар»-дейді. Сосын:

"سبحانك اللهم إنني ظلمت نفسي فاغفر لي فإنه لا يغفر الذنوب إلا أنت"

«Сен пәксің, Аллаһым, расында, мен өзіме әділетсіздік жасадым. Мені кешіре гөрші. Расында, күнәләрді Сенен басқа ешкім кешірмейді»-дейді.

Сосын:

¹ «Мунафиқун» сүресі: 9

² Әбу Дәуд жеткізді

³ Әбу Дәуд және Ат-Тирмизи жеткізді

⁴ «Ал-фиқһ ал-ислами уа адиллатуһу»: 3/2410

"اللهم إنا نسألك في سفرنا هذا البر والتقوى ومن العمل ما تحب وترضى, اللهم هون علينا سفرنا واطو عنا بعده, اللهم أنت الصاحب في السفر والخليفة في الأهل والمال, اللهم إنا نعوذ بك من وعناء السفر وكآبة المنقلب وسوء المنظر في الأهل والمال والولد"

«Аллаһым! Осы сапарымызда Сенен игілік пен тақуалық, сондай-ақ Өзің жақсы көретін және разы болатын амалдан сұраймыз. Аллаһым, бізге сапарымызды жеңілдет және алыстығын қысқарта гөр. Сен - сапар кезінде серіксің және артта қалған отбасы мен мал-мүлікке өкілсің. Аллаһым, тауқыметті сапар мен мұнды өзгерістен, сондай-ақ отбасының, мал-мүліктің, бала-шағаның жаман оқиғаға тап болуынан Саған сиынамыз»-дейді.

19 - Сапарға түнде шығу. Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(عليكم الدلجة فإن الأرض تطوى بالليل)

«Жолға түнде шығуларың қажет. Өйткені түн жолды кеседі»¹.

20 - Жолда кездесетін ермек түрлерінен, өте дәмді тамақтардан және ойын-күлкілерден өзін-өзі тежеп, төзімділік таныту. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(قام رجل إلى النبي صلى الله عليه وسلم فقال: ما الحاج؟ قال النبي صلى الله عليه وسلم: (الشَّعْبُ النَّفْلُ)

Бір кісі пайғамбарға (саллаллаһу алайһи уа саллам) келіп: «Қажылық дегеніміз не?»-деп сұрады. Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) оған: «Қажылық дегеніміз - жағымсыз иісті ұйпалақтанған шаш»-деді².

21 - Адамдарға жылы сөз сөйлеп, көркем мінез көрсетуі. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

(من حج فلم يرفث ولم يفسق خرج من ذنوبه كيوم ولدته أمه)

«Кім қажылықты атқаруында әдепсіз сөз айтпаса және күнә істемесе, анасынан туған күндегідей күнәлерінен тазарып шығады».

22 - Биікке көтерілгенде тәкбір айту және төмен түскенде таспих айту. Жәбир, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: «Біз биікке көтерілгенімізде: «Аллаһу әкбар»-деп, ал төмен түскенімізде: «Субханаллаһи»-деп айтатынбыз»³. Тәкбір, таспих және басқа мақтау сөздер дауыс көтерілмей айтылауы сүннет. Әбу Муса Ал-Ашғари, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Аллаһтың елшісімен (саллаллаһу алайһи уа саллам) бірге шыққан бір жорығымызда биікке көтерілгенімізде «Лә иләһа иллалла» мен «Аллаһу әкбар»-ді қатты дауыспен айтқан едік. Біраз уақыттан соң пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) бізге: «Әй, адамдар, өздерінді аясандаршы! Расында, сендер саңырау және жоқ болған біреуге жалбарынып жатқан жоқсындар ғой. Әрине, Ол сендермен бірге. Және Ол - естуші әрі жақын»⁴.

23 - Көздеген жері көрінген уақытта мына дұғаны жасайды:

"اللهم إني أسألك خيرها وخير أهلها وهير ما فيها وأعوذ بك من شرها وشر أهلها وشر ما فيها"

«Аллаһым! Мен Сенен мына жердің жақсылығын, әрі тұрғындарының жақсылығын да, әрі ондағы жақсы нәрсені сұраймын. Сондай-ақ оның жамандығынан, әрі тұрғындарының жамандығынан, әрі ондағы жаман нәрседен Саған сиынамын».

24 - Қайсыбір жерге немесе үйге тоқтаса мына дұғаны айтады:

¹ Әбу Дәуд, Ал-Хаким және Әл-Байһақи жеткізді

² Әл-Байһақи жеткізді

³ Әл-Бұхари жеткізді

⁴ Әл-Бұхари және Мүслім жеткізді

"أعوذ بكلمات الله التامات من شر ما خلق"

«Аллаһтың жаратқан нәрселерінің жамандығынан Оның мүлтіксіз кемел сөздерімен қорғанамын». Мүслім жеткізген хадистің негізінде аялдап тоқтаған үйге осы дұғаны оқып кірген кісіге ол жерден кеткенінше ешнәрсе зиян тигізе алмайды.

25 - Түн кіргенде Аллаһқа жалбарыну. Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді: Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) сапарда болғанында түн кірсе, былай дейтін:

"يا أرض، ربي وربك الله، أعوذ بالله من شرك وشر ما فيك وشر ما خلق فيك وشر ما يدب عليك، وأعوذ بالله من أسد وأسود، والحية والعقرب، ومن ساكن البلد ومن والد وما ولد"

«Әй, жер! Сенің де Раббың, менің де Раббым - Аллаһ. Сенің жамандығыңнан, ішіндегі жамандығыңнан, ішінде жаратылған нәрселердің жамандығынан, арқанда жорғалап жүрген нәрселердің жамандығынан Аллаһқа сиынамын. Арыстан мен «Қара» лақапты кісілерден, жыланнан, шаяннан, жерді паналаған жыннан, туушы мен туылғаннан Аллаһқа сиынамын»¹.

26 - Қауіп төнгенде Аллаһқа жалбарыну. Әбу Мұса ал-Ашғари, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(اللهم إنا نجعلك في نحورهم ونعوذ بك من شرورهم)

Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уа саллам) бір қауымнан қауіп сезгенде былай дейтін: «Аллаһым, олардың алқымдарына Сені тосамыз және жамандықтарынан Саған сиынамыз»².

27 - Кемеге мінген кісі мына дұғаны айтады:

"بسم الله مجريها ومرساها، إن ربي لغفور رحيم"

«Жүзүі де, аялдауы да Аллаһтың атымен. Расында, Раббым - тым кешірімді әрі аса мейірімді».

28 - Жалпы сапар бойы көп дұға жасау. Өйткені жолаушының дұғасы жауапсыз қалмайды. Әбу Һурайра, Аллаһ тағала оған разы болсын, Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай дегенін айтты:

(ثلاث دعوات مستجابات لا شك فيهن: دعوة المظلوم ودعوة المسافر ودعوة الوالد على ولده)

«Үш дұға жауапсыз қалмайды және мұнда күмән жоқ: жәбір көрушінің дұғасы, жолаушының дұғасы, әке-шешенің баласына қарғыс дұғасы»³.

29 - Жол бойы нда және аялдаған жерлерінде дәрет пен намазға сақтық қылу.

Екінші: Қажылық сапарынан оралумен байланысты әдептер

1 - Ибн Омар, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أن رسول الله صلى الله عليه وسلم كان إذا قفل من غزو أو حج أو عمرة كبر على كل شرف من الأرض ثلاث تكبيرات، ثم يقول: لا إله إلا الله وحده لا شريك له له الملك وله الحمد وهو على كل شيء قدير آيونا تائبون عابدون ساجدون لربنا حامدون، صدق الله وعده ونصر عبده وهزم الأحزاب وحده)

Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) шайқастан, қажылықтан немесе умрадан оралғанда қайсыбір төбеге көтерілсе, үш мәрте тәкбір айтып, сосын былай дейтін: «Бір Аллаһтан басқа тәңір жоқ! Оның серігі жоқ! Билік те Оған тән, мақтау да Оған тән! Оның әр нәрсеге құдіреті жетеді. Раббымызға оралушымыз, тәубаға келушіміз,

¹ Әбу Дәуд жеткізді

² Әбу Дәуд және Ан-Насаи жеткізді

³ Әбу Дәуд және Ат-Тирмизи жеткізді

құлшылық етушіміз, сәжде жасаушымыз және мақтау айтушымыз. Уәдесін орындады және құлына жәрдем берді. Сондай-ақ кәпірлердің топтарын Бір Өзі талқандады»¹.

2 - Ауылына жақындағанда отбасыларының үстілеріне қапылыста түспеу үшін, келе жатқандығы туралы оларға хабар білдіруші кісі жіберу.

3 - Ауылы көрінгенде мына дұғаны айтуы:

" اللهم إني أسألك خيرها وخير أهلها وهير ما فيها وأعوذ بك من شرها وشر أهلها وشر ما فيها ", " اللهم اجعل لنا بها قرارا ورزقا حسنا "

«Аллаһым! Мен Сенен мына жердің жақсылығын, әрі тұрғындарының жақсылығын да, әрі ондағы жақсы нәрсені сұраймын. Сондай-ақ оның жамандығынан, әрі тұрғындарының жамандығынан, әрі ондағы жаман нәрседен Саған сиынамын», «Аллаһым, мұнда бізге тұрақты тұрақ және жақсы ризық бер».

4 - Ауылына келгенде отбасының есігін түн ортасында емес, таңғы немесе кешкі уақыттарда қағу. Анас, Аллаһ тағала оған разы болсын, былай деді:

(أنه صلى الله عليه وسلم كان لا يطرق أهله ليلا وكان يأتيهم غدوة أو عشية)

«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) отбасына түнгі уақытта кірмейтін. Ол оларға таңғы немесе кешкі уақыттарда кіретін»².

5 - Ауылына кіргенде, ең алдымен, мешітке барып екі рәкат намаз оқу. Сосын үйіне кіргенде тағы екі рәкат намаз оқу сүннет.

6 - Қажылықтан оралған кісіге мына дұғаны айту:

" قبل الله حجك وغفر ذنبك وأخلف نفقتك "

«Аллаһ қажылығыңды қабыл етсін, күнәңді кешірсін және жұмсаған қаражатыңның орнын толтырсын».

Ибн Омар мен Әбу Һурайрадан, Аллаһ тағала оларға разы болсын, Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алайһи уа саллам) былай деді:

" اللهم اغفر للحاج ولمن استغفر له "

«Аллаһым, қажыға кешірім жаса және қажы үшін кешірім сұраған кісіге де кешірім жаса»³.

7 - Үйге кіріп, отбасымен көріскенде Ибн Аббастан жеткен хабар бойынша мына сөздерді айту сүннет:

"توباً توباً, لربنا أوباً لا يغادر حوباً"

«Раббымызға оралып, толық тәубаге келдік. Күнә қалдырмас толық тәубаға келдік»⁴.

8 - Қажылықтан оралғандағы мінез-құлқы мен жүріс тұрысы бұрынғы қалпына қарағанда жақсы жаққа өзгеруі. Өйткені жақсы жаққа өзгеріп, жақсылығының арта беруі қажылығының қабыл болу белгілерінің бірі саналады.

¹ Әл-Бұхари мен Мүслім жеткізді

² Мүслім жеткізді

³ Әл-Хаким жеткізді

⁴ «Ал-фикһ ал-ислами уа адиллатуһу»:3/2416

